Қазіргі уақытқа дейінгі мұрағат деректеріндегі табылған құжаттарға негіздей отырып, біздің есептеуіміз бойынша 1844-1867 жылдар аралығында Орынбор Неплюев кадет корпусында 100 жуық қазақ баласы оқыған. Олардың құрамы шамамен алғанда Бөкей Ордасынан 40-тан аса, Кіші жүздің Шығыс бөлігінен 26 бала, Батыс бөліктен 21 бала, Орта бөліктен 11 бала. Әрине, бұл әзірше табылған құжаттар дерегі негізінде.

Орынбор Неплюев кадет корпусын бітіргендер: 1831 жылы бітірген: 1) Құшағали Шығаев; 2) Қарауылқожа Құмболсын; 1841 жылы бітірген: 3) Шукеев Досмухаммед хорунжий; 4) 1846 жылы бітірген: Ноғайбақов Сұлтанкерей зауряд хорунжий; 5) 1848 жылы бітірген: Сұлтан Таубаев зауряд хорунжий; 6) 1851 жылы бітірген Арсланкерей Бөкейханов хорунжий; 7) Сұлтан Шалабаев зауряд хорунжий; 8) Мұхаммедсалық Бабажанов хорунжий; 9) Мұхамеджан Бекмухаметов зауряд сотник; 10) Мырзағали Саңғырықов зауряд хорунжий; 11) Зұлхарнай Нұралыханов хорунжий; 12) Сұлтанмахмұд Жантөрин хорунжий; 13) Жүсіп Ниязов сотник; 1855 жылы бітірген: 14) Жәңгір Айшуақов хорунжий; 15) Сейдхан Жантөрин сотник; 16) Тілеумұхаммед Сейдалин прапорщик; 17) Әлмухамед Сейдалин прапорщик; 18) Қуанышғали Орманов хорунжий; 19) 1857 жылы бітірген: Тілеуқұлақ Жаныбеков хорунжий; 20) 1859 жылы бітірген: 21) Салихаддин Шығаев хорунжий; 22) Мұхамедғали Табулдинзауряд хорунжий; 23) 1861 жылы бітірген: Есенғазы Бәбен сотник; 24) Хусейн Үмбетовзауряд хорунжий; 25) 1863 жылы бітірген: Шарифаддин Шығаев прапорщик; 26) 1865 жылы бітірген: Әділ Нүрекин прапорщик; 27) Азаматкерей Айшуақов прапорщик; 28) Халид Бабажанов прапорщик; 29) Жәңгір Хашаев прапорщик; 1867 жылы бітірген: 30) Бахтыкерей Бөкейханов хорунжий; 31) Ниямұхамед Құлжанов прапорщик; 32) Махмуд Шөкин прапорщик; 33) Жәңгір Батыршин юнкер; 34) Ахметкерей Бейжанов юнкер; 35) 1869 жылы бітірген: Мұхаммедкерей Бейжанов прапорщик шендерінде бітірді.

Жәңгір ханның балаларының ішінде мұрағат қорларына сүйенсек Неплюев кадет корпусына 1833 жылы Зұлхарнай Бөкеев, 1847 жылы Ахмедгерей Бөкеев, Ғұбайдолла Бөкеев, 1848 жылы Ысмайыл Бөкеев түскен. Ж.Қ.Қасымбаев Жәңгір ханның балаларының ішіндегі Сақып-керей, Ибрагим, Ғабайдулла, Ахметкерей оқуларын Санкт-Петербургтегі Пажеск корпусында жалғастырып, аяқтады – деп көрсетеді [15, 196-б]. Мұрағат құжаттарына сүйенсек Жәңгір ханның баласы Неплюев кадет корпусының шәкірті Ысмайыл Бөкеев 1850 жылы 19 тамызда қайтыс болған. Шекара комиссиясының төрағасы Бөкей Ордасының Уақытша Кеңесіне Жәңгір ханның баласы Ысмайылды жерлеу үшін, Шығыс бөліктің сұлтаны Ахмет Жантөриннің 255 рубль өз қаражатынан шығарғанын, кейін ақшаның оған қайтарылуына байланысты, канцелярияға 255 рубльді тез жеткізуін талап еткен [16, 1-б].

Алғашқы кезде Неплюев әскери училищесіне орыс тілін мүлдем білмейтін, орысша сауат аспаған қазақ балалары оқуға түсті. 1857 жылдан кейін ғана олар оқу орнына емтихан тапсырып түсе бастады. Орысша сауаты болмағандықтан қазақ балаларына әскери училищеде оқу көп қиындық туғызды. Сондықтан да оқуды тастап кету фактілері жиі орын алып отырды. Мұрағат деректеріне сүйенсек, 1848 жылы Бекболат Айшуқов, 1849 жылы Биғал Әшімов, 1852 жылы Мұхаммедғали

Күшікбаев, 1855 жыл Мұхаммед Жәнібеков, 1861 жылы Жәңгір Тұнғашин, 1864 жыл Дауылбая Бекмұрзин, 1865 жылы Жүсіпқали Өзбекәлиев, Ысқақ Шыңғысов және тағы да басқалароқуды тастап кеткен. Мысалы, 1865 жылғы Жүсіпқали Өзбекәлиевтің оқу үлгеріміне қатысты құжатта оның арифметика сабағынан 2 балл алғанымен, қалған сабақтардан үлгерімі жақсы, орташа болған, орыс тілінен 7 балл, географиядан – 9 балл, татар тілінен – 11 балл, оның тек арифметикадан үлгерімі төмен болған [17,106-б].

1857 жылы оқуға емтихан тапсырып түсу кезеңінен кейін, Орынбор Неплюев кадет корпусында оқи алмаған қазақ шәкірттерін оқудан қатаң түрде шығарып отырды. 1857 жылы Орынбор Неплюев кадет корпусының директоры Бөкей Ордасының Уақытша Кеңесіне 19 жастағы Керей Исмайловты оқу үлгерімінің төмен болуына байланысты оқудан шығарылатын және жасының үлкендігіне байланысты оқыған сыныбында қайта оқи алмайтыны жөнінде хабарлады [18, 13-б]. Керей Исмайлов 1851 жылы 13 жасында Орынбор Неплюев кадет корпусына түскен болатын, яғни корпуста оқыған 6 жылдан кейін ол оқудан шығарылды. Уақытша Кеңес оның оқуын жалғасыруына өтініш білдіргенімен, Орынбор Неплюев кадет корпусының директоры жасының ересектігіне байланысты оқуын жалғасыруға мүмкіндік бермеді. Оқудан шыққан Керей Исмайловты Уақытша Кеңеске аудармашы ретінде қызметке қабылдады [18, 13-б]. 1857 жылы Керей Исмайловтың орнына вакансиялық орынға Мұхаммед Керей Бөкейханов оқуға қабылданғанымен, бірақ ол кадет корпусына бармаған.

Неплюев кадет корпусында оқи алмаған, немесе науқастануына байланысты оқи алмаған шәкірттердің орнына басқа шәкірттерді қабылдап отырды. Мысалы, 1864 жылы оқудан шыққан Дауылбай Бекмурзиннің орнына Рахим Ертілеуов қабылданады [17, 72-б].

Шәкірттер арасында оқуын ауруына немесе қайтыс болуына байланысты жалғасыра алмағандар да болды. 1864 жылы Орта бөлік сұлтанының баласы Дәулет Шерғазиев шешек ауруымен ауырып, 2 сәуірде кадет корпусының лазаретінде қайтыс болған [17, 37-б]. Өзбекқали Зұлқарнайын да қайтыс болуына байланысты оқуын жалғасыра алмаған. 1865 жылы Жаһанкерей Бөкеевтің ауырып оқуын жалғастыра алмауына байланысты, оның орнына Бөкей ордасының сұлтаны Ахмедкерей Хансұлтановтың баласы Сағадаткерей Хансұлтанов оқуға қабылданады [19, 2-б].

1867 жылдан кейін Орынбор Неплюев әскери училищесінің құрылуына байланысты, 1866 жылы оқу орнында оқып жатқан Әбілсат Жаныбеков, Атанбоз Жантөрин, Ахмет Жүзбаев, Байырғали Батырбеков, Бердалы Батырбеков, Сағаткерей Хансұлтанов, Рахим Ертілеуов, Салауаткерей Шығаевты сабақ үлгерімдерінің төмен болуына байланысты оқудан шығарып, мектепке ауыстыру жөнінде шешім қабылдаған. Неплюев әскери гимназиясының директоры Павел Васильевич Домерщикова гимназияда оқуын жалғасыруға Мұхамедхалық Арынғазиев, Мұратбай Көшербаевқа рұқсат берген [17,172-б].

Орынбор Неплюев кадет корпусының тарихында 1831 жылы Неплюев әскери училищесінің алғашқы түлегі Құшақғали Шығаевтың баласы Шарифаддин Шығаев та осы оқу орнын 1863 жылы бітіріп шығады.

Орынбор Неплюев кадет корпусының тарихын зерттей келе мынадай қорытындыларға келдік: біріншіден, 1825-1845 жылдар аралығында Неплюев әскери училищесіне қазақтар балаларын көп бермеді, қазақтарда Ресейлік оқу орындарына деген алғашқы кезде сенім болмады; екіншіден, балаларды кадет корпусына оқуға тартуда Жәңгір хан, Ахмет Жантөриннің ролдері жоғары болды; үшіншіден, кадет корпусының түлектері орыс билігіндегі қазақ шенеуліктерін қатарын қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Витевский В.Н., И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Историческая монография В.Н. Витевского. Т.3.-Казань. «Типо-Литография В.М.Ключникова. – 1897. – С. 980.*

2. *Севастьянов С.Н. Князь Г.С. Волконский как инициатор памятнику Неплюеву-Неплюевского училища, ныне Неплюевского кадетского корпуса //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.3. – Оренбург. – 1897. – С. 158-161*

3. *Юдин П.Л. Григорий Федорович Генс, первый директор Оренбургского кадетского корпуса //Русская старина. – 1899. – № 8. – С. 363-373*

4. *Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург «Типо-Литография П.Н. Жаринова». – 1896. – С. 72 .*

5. Матвиевская Г.П. Оренбургский Неплюевский кадетский корпус. Очерк истории: монография. – М.: Издательский дом Академии Естествознания, 2016 – С. 174.
6. Семенова В.Г., Семенова В.П. Оренбургский Неплюевский кадетский корпус история в лицах.- Оренбург. – 2017. – С.591.
7. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начале XX вв). – Уфа; РИО РУНМЦ. Госкомнауки РБ. – 2002. – С.120.
8. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX- начале XX вв /Исторический аспект/Автореферат... д.и.н – Семей – 2010. – С. 56.
9. Митурич П.В. Очерк истории Оренбургского Неплюевского военного училища и Оренбургского Неплюевского кадетского корпуса от основания их до последних преобразований //Справочная книжка Оренбургской губерний на 1870 г. – Оренбург. – 1870. – С. 193-216.
10. Полное собрание законов Российской империи с 1649 года.Т.XXXIX. – 1824.«Печатано в типографии II отделение Собственной Его Императорского Величества канцелярии .– 1830. – С. 691.
11. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архив/ҚРОМА /4-қор, 1-тізбек, 2156-іс.
12. ҚРОМА, 78-қор,2-тізбек, 4762-іс.
13. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах. – Т.8. – часть 2. – Алматы «Дайк-Пресс. – 2006. – С.959.
14. ҚРОМА, 4-қор,1-тізбек, 310-іс.
15. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств в XVIII –первой половины XIX вв. Т.4. Жангир хан (1801-1845 гг).(Личность во взаимодействии с номадным обществом и сопредельными регионами) – Алматы. 2001.– С.348.
16. ҚРОМА, 4-қор, 1-тізбек, 4620-іс.
17. ҚРОМА, 4-қор, 1-тізбек, 4005- іс.
18. ҚРОМА,78-қор, 2 тізбек, 4708-іс.
19. ҚРОМА, 78-қор, 1-тізбек, 446-іс.

ӘОЖ 94(574):343.264
МРНТИ 11.25.45

С.С. Қасымова¹

¹т.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің доценті,
Қарағанды қ, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРЫЛҒАН КОРЕЙЛЕР

Аңдатпа

Мақала сталиндік депортация кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған корейлер мәселесіне арналған. Күштеп қоныс аударудың себептері мен мақсаты, сонымен қатар оның кезең-кезеңмен қалай іске асырылғандығы ашылған. Қарағанды облысының мұрағаты құжаттарына сүйене отырып, Орталық Қазақстан аумағына қоныс аударылған корейлердің таралып орналасуына, еңбекке тартылуына талдау жасалған, оларға мемлекет тарапынан жасалған әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жетістіктері мен кемшіліктері ашып көрсетілген.

Сондай-ақ қазіргі кезеңдегі қазақстандық корейлердің қоғамдық-саяси және мәдени дамуындағы жетістіктер көрсетілген.

Тірек сөздер: депортация, Қиыр Шығыс, «жапонтыңшылары», Посьет ауданы, Орталық Қазақстан, шекара маңы аудандары

Касимова С.С.¹

¹к.и.н., доцент, Карагандинского государственного технического университета,
г. Караганда, Казахстан

НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ КОРЕЙЦЕВ В КАЗАХСТАН

Аннотация

Статья посвящена проблеме насильственного переселения корейцев в Казахстан во времена сталинских депортаций. Раскрыты цели и причины насильственной депортации, а также поэтапная реализация данного процесса. Опираясь на архивные документы Карагандинской области, автором сделан анализ расселения и трудоустройства депортированных на территорию Центрального Казахстана корейцев, раскрыты успехи и недостатки социально-экономических и бытовых условий предоставленных им со стороны государства.

Помимо этого, показаны общественно-политические, культурные достижения казахстанских корейцев на современном этапе.

Ключевые слова: депортация, Дальний Восток, «японские шпионы», Посыетский район, Центральный Казахстан, приграничные районы

S.S. Kassimova¹

¹C.h.s, associated professor of Karaganda state technical university,
Karaganda, Kazakhstan

FORCIBLE DEPARTATION OF THE KOREANS TO KAZAKHSTAN

Abstract

The article is dedicated to problem of forcible migration of the Koreans to Kazakhstan during the period of Stalin deportation. Author analyzes aim, reasons of the Koreans forcible deportation and its realization step by step. Based on documents from archive of Karaganda region, author shows peculiarities of distribution and settlement of the Koreans onto territory of Central Kazakhstan; it was determined success and lack of social-economical medium of their life which was given by our government.

Also, author studied social-political, cultural achievements and opportunities of the Koreans in Kazakhstan nowadays.

Keywords: deportation, Far East, «Japanese spies», Posyet region, Central Kazakhstan, boundary regions.

Корейлердің күштеп қоныс аударылуы туралы айтқанда бірден 1937 жыл көрсетіледі, себебі осы жылы олар «жапон тыңшылары» ретінде Қиыр Шығыстан Қазақстан мен Өзбекстанға көшірілді. Десек те, деректер бұл үрдістің оларда ертерек басталғанын көрсетеді.

Корейлердің Қиыр Шығыс өлкесіне қоныстануы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырлар тоғысында Ресейдің Қиыр Шығысында экономикалық дамудың белсенді жүруімен байланысты. 1910 жылы туған Отанына Жапонияның үстемдігі орнағаннан кейін корейлердің көрші Ресей аумағына иммиграциясы күрт өсті. 1897-1914 жылдарда Приморье өлкесінің оңтүстігіндегі корейлер саны 61,7 мың адамға дейін жетсе, 1926 жылғы КСРО-дағы жаппай халық санағы бойынша Қиыр Шығыс өлкесінде 169 мың корей өмір сүрді [1, 34 б.]. Мұншама өсу олардың 1917 жылғы оқиғалардан кейін жаппай Приамурье және Приуссурье аудандарына қоныс аударуы нәтижесінде болды.

Жекелеген уездерде, мысалы Посыет ауданында халықтың 80-90% корейлер болды, Сучан ауданында да олар басымдық танытты. Корейлер ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысты, күріш екті, балық аулады. Қиыр Шығыс өлкесіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысына жуығын негізінен осы корейлер өндіріді. Солай болғанымен де, орыстарға қарағанда корейлерге берілген ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер көлемі төмен, аз болды, сөйтіп олардың арасында шиеленіс, келіспеушіліктер туды. Бұл жағдай Кеңестік билікті корейлерді көшіру туралы 1926, 1928 жылдары жоспар жасауда рөл атқарды, дегенмен бұл жоспарлар іске асырылған жоқ.

Келесі 1930-1932 жылдары 2 мыңға жуық адам шекарадан алыс солтүстікке, Хабаровск өлкесіне күштеп көшірілді, одан әрі бұл үрдіс біраз жылдарға тоқтады [1, 35 б.].

1930 жылдардың ортасына қарай халықаралық жағдайдың шиеленісуі, 1936 жылы 25 қазанда Германия мен Италияның арасында «Берлин-Рим осі» әскери-саяси келісімінің жасалуы, сондай-ақ, 1936 жылы 26 қарашада Германия мен Жапонияның «Антикоминтерндік пактіге» қол қоюы әлемге жаңа соғыс қаупін туғызды. Әсіресе бұдан КСРО қатты қауіптенді. Билік КСРО-ға шабуыл жасау қауіпінің бар екенін үнемі қайталап айтып отырды.

1937 жылы жазда Кеңес Одағы Қиыр Шығыста жапон әскерінің Қытайға шабуыл жасауына байланысты анағұрлым күрделі қатерге кезікті. КСРО-ға Жапонияның әскери күшін әлсіретіп, соғыс қаупін азайту, шиеленісті бәсеңдету қажет болды. Кеңес Одағының басшылары КСРО-мен шекараға жақын және шекарамен шектес аймақтарда бақылауды күшейтіп, ерекше назарға алды. Шекара маңында тұратындарға кеңестік жүйеге қарсы элемент деп күдікпен қарап, оларды басқа жерлерге, елдің ішкергі аймақтарына көшіруді мақсат етті.

Жалпы, этностарды депортациялау ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңынан басталды, ал 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап өзінің шырқау шегіне жетті. 1937 жылы депортацияның негізгі аймағы Қиыр Шығыс болды.

Бұдан сәл бұрынырақ, 1936 жылдың басында Саяси Бюро «Қиыр Шығыс өлкесінің шекара маңы аудандары туралы» қабылдаған қаулыда былай делінді: «Согласно которому НКВД разрешалось выслать в административном порядке из приграничных районов Дальнего Востока в другие края до 1500 бывших коммунистов, вычищенных из партии и подозреваемых в шпионаже: вторыми среди перечисляемых подкатегорий – вслед за белогвардейцами и перед троцкистами и зиновьевцами – идут... корейцы!» [1, 80 б.].

Осылайша, депортацияға алғашқылардың бірі болып 1937 жылы Ресейдің Қиыр Шығыс ауданындағы корейлер ілікті.

КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-нің 1937 жылғы 21 тамыздағы «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарындағы корей тұрғындарын көшіру туралы» №1428-326 бұйрығы бойынша «Қиыр Шығыс өлкесіне жапон тыңшыларының енуін тоқтату» мақсатында 23 шекаралық аудандардағы барлық корей қоныстарын Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі ауданына, Балқашқа және Өзбек КСР-іне көшіру туралы шешім шығарылды [1, 83 б.].

Құжатта әрі қарай былай деп көрсетілді: көшіру жұмысына Посъет ауданынан бастап жедел кірісіп, 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтау; көшірілген корейлерге өздерімен бірге шаруашылық құралдарын алуға рұқсат ету; көшірілгендерге қалдырып кеткен жылжымайтын және жылжымалы мүліктерінің, егістіктерінің құнын өтеу; көшірілген корейлерге олар шетелге шығуға тілек білдірген жағдайда шекарадан өтудегі жеңілдетілген тәртіпті қолдана отырып кедергі жасамау; КСРО Ішкі Істер халық комиссариатына көшіру үрдісі кезінде корейлер тарапынан тәртіпсіздіктер болған жағдайда шара қолдана жүктелді.

1937 жылдың қазан айы бойына Қазақ КСР-інің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Гурьев облыстарына 12000 корей шаруашылықтарын көшіруге қаулы алынды [1, 89 б.].

Көшірілетін корейлердің өз шаруашылықтарындағы барлық мал басын мал дайындау пункттеріне, қолдарындағы астықтарын астық дайындау орындарына тапсыру керектігі және олар жаңа жерге көшіріліп әкелінгеннен кейін сол шығындардың барлығы өтелетіндігі көрсетілді. Корей мектептерінің жабдықтарын, кітапханаларды, корей тіліндегі кітаптар мен көрнекі құралдарды қоса тасу белгіленді.

Бірінші кезекте «аса қауіпті тыңшылар» деп саналған 11807 адам көшірілді. Тұтастай алғанда қыркүйек айы бойынша 74500 корей көшірілді. 1937 жылы 25 қазанға қарай Қиыр Шығыстан 124 эшелонмен 36442 корей шаруашылықтары немесе 171781 адам көшірілді. Көшірілген корейлердің әлеуметтік құрамы да әр түрлі болды, олардың арасында шаруалар мен жұмысшылар, түрлі саладағы қызметкерлер бар еді.

Құрлықтың бір шетіндегі Қиыр Шығыстан Орта Азия аймағына дейінгі жол алыс, ұзақ және аса ауыр болды. Көшірілгендердің негізгі бөлігі Қазақстанға келді, көшіру қажет деп белгіленген 12000 шаруашылықты басқаша айтқанда, бұл яғни, 20170 отбасы немесе 95526 адам болды. Солардың ішінде күздің ызғарлы суығында Солтүстік Қазақстанға 9300 адам орналасты. Қалған 16272 отбасы немесе 76525 адам көрші Өзбекстан республикасына табан тіреді. Қалғандары Орта Азияның басқа да республикаларына, шағын бөлігі Сталинград облысына орналасты.

КСРО ХКК 1937 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысында Қазақ және Өзбек КСР-іне орналасатын корей шаруашылығының әрқайсысына, орташа алғанда бір отбасына 6 мың сом ақша бөлінді [1, 87 б.].

Алайда көшірілген халыққа көрсетілетін жағдайлар толығымен жасалды деп айту қиын. Олардың көпшілігі жаңа жерлерге келісімен бірден оңай орналасып кете алмады, көптеген қиыншылықтар мен кедергілерге кездесті. Қоныс аударғандарды бір жағынан қысқы қақаған суық, қатаң климат титықтатса, екінші жағынан жергілікті басшылар көшіп келушілердің өміріне немқұрайлы қарады, өздерінің жауапкершіліктерін сезінбеді. Мысалы, 1937 жылдың желтоқсан айында Қостанайға тұрақтаған 4000 корей азаматтарына апта бойы жергілікті басшылық ешқандай көңіл бөлмеді, тұрғын-жайдың болмауы, азық-түлік пен дәрі-дәрмектің жоқтығы тіпті аштық қаупін туғызды. 1937-1938 жылдың қысында асығыс, сапасыз салынған жертөлелерде тұрған корей отбасыларында әсіресе жас балалар мен қарттардың өлімі көп болды.

Осыған орай 1937 жылы 5 қарашада КСРО Ішкі істер халық комиссариаты төрағасының орынбасары Чернышевтың КСРО ХКК төрағасының орынбасары В.Я. Чубарьға «құпия» белгімен жолдаған хатында көшіріліп әкелінген жұмыс күшін (жұмысшылар мен қызметкерлер – авт.) жұмыспен қамтуда барлық қолдан келген шараларды жасау, жұмысқа орналастырып болғанға дейін жұмысшы-қызметкерлердің әрқайсысының отбасына колхозшылармен тең дәрежеде жәрдемақы немесе қарыз беруге рұқсат ету туралы КСРО үкіметіне өтініш жасаған [1, 94 б.].

Әрине, бұл қаулы да бірден шешімін тапқан жоқ. Көшірілген халықтың ішіндегі жұмысшылар мен қызметкерлердің көпшілігінің жағдайы еңбек құралдарын өздерімен бірге ала келген колхозшыларға қарағанда ауыр болды, жұмыссыз күн кешті. Өйткені, басшы органдар колхозшылармен олар көшіп келгенге дейін азық-түлік, ақша түрінде есеп айырысқан болатын. Ал жұмысшылар мен қызметкерлерде бұл үрдіс баяу әрі ауыр жүрді, келесі жылдың көктеміне дейін созылды, іс жүзінде 1938 жылдың күзіне дейін аяқталған жоқ. Кейіннен жағдай біртіндеп жақсара бастады, қоныс аударушыларға жергілікті қазақ отбасылары қамқорлық, жәрдемдерін аямады.

Осы жерде көшірілген корейлерді орналастыруға арналған нақты талаптар болғанын айту керек. Біріншіден, олардың шекара аймағына орналасуларына тыйым салынды; екіншіден, олардың үстінен бақылау жүргізу оңай болу үшін үлкен топтармен немесе колхоздармен біріктіріп қонысқа орналастыру керек болды. Сондай-ақ олар тұратын жерлер темір жолдар бойынан аулақ болуға тиіс еді. Мұндай ережелердің барлығы корейлерге деген «қашып кетуі мүмкін», «сезікті» «тыңшылықпен айналысуы мүмкін» деген күдіктен туған еді. Шынына келсек, олар саяси репрессияға ұшырағандар емес еді, оларға тағылған саяси айыптар жоқ. Сондықтан мұны адам құқығын аяққа таптау, социалистік жүйенің қылмысы десек, корейлер оның құрбандары болды.

Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттары да қоныс аударған корейлердің өмірлері әрі қарай қалай жалғасты деген сұраққа жауап беруімізге көмектеседі.

Қарағанды облыстық атқару комитеті еңбекшілер депутаттарының төрағасы Сеитова КСРО ХКК қоныс аудару бөлімінің басшысы Донцоваға 1940 жылғы 19 қаңтарда жазған хатында Қарағанды облысындағы корейлердің саны туралы мынадай мәлімет береді:

«Согласно сведений полученных от Карагандинского Облуправления НКВД в Карагандинской области находится 4312 человек переселенцев корейцев, из них от 18 лет и выше – 2683, ниже 18 лет – 1679 чел.

Из общего числа проживает в городе Караганда 2384 чел. В колхозах области находится переселенцев корейцев всех возрастов:

1. Тельманский район – 1807 чел.
2. Балхашский район – 141 чел.
3. Ворошиловский район – 38 чел.
4. Жана-аркинский район – 42 чел.» [2, 14-16 Б.].

Деректер көрсетіп отырғандай, Қарағанды облысына барлық Қазақстанға қоныс аударған корейлердің 20% қоныс тепті. Көшіп келушілерді облыс аумағына орналастыруда жоғарыда айтылған қиыншылықтар мен кедергілер мұнда да кездесті. Темір жолдарда айға жуық ұзақ жолды бастан өткеріп келгеннен кейін алдымен оларды алдын-ала санитарлық тексеруден өткізу қажет болды. Тексеру нәтижелері айғақтағандай дәрігерлердің әр түрлі жұқпалы аурулар туралы ескертулеріне қарамастан мемлекет тарапынан ешқандай белсенді шаралар қолданылмады. Сонымен қатар қоныс аударушылардың жеке мүліктері болған жоқ, мұның алдында айтып кеткендей, Қиыр Шығысөңірінен көшіргенде талап етілген тәртіп бойынша корейліктер барған жерінде қайтарып

алатын болғандықтан мемлекетке барлық мүлкін, малын, азық-түлігін тапсырған болатын. Осындай жайларды растайтын құжаттардың түбіртегінің бірінің мазмұны мынадай: «Қарағанды облысындағы «Сталин» колхозы Қиыр Шығыстағы Бикинск, Хабаровск аудандарынан қоныс аударушы корейлерден құрылған. Қоныс аударғанға дейін олар 63 мың рубль көлеміндегі мүліктерін: 130 га күріш, 47 жылқы, ауылшаруашылық мүлкінт.б. мемлекетке тапсырған»[3, 30 б.].

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қоныс аударушылар барған аудандарға тез арада барлық азық-түлікті беруді бұйырды. Қоныс аударушылардың жаңа орында ең төменгі төлем түрінде азық-түлік, мал алып, ал тәуліктік жәрдем ақыны алмағанын, сонымен бірге олардың бұрынғы тұрған жерлерінде корейлер көшірілетін болған соң өндірістік жоспарды орындамады деген сылтаумен оларға тиесілі жеңілдетілген жәрдемнің берілмегенін растайтын құжаттар да кездеседі.

Сондай құжаттың бірі Қарағанды облыстық атқару комитетіне жолданған. Онда Қарағанды облысы Тельман ауданының №13 Настай кентінде тұратын Пак Фрол, Нам Ян Сон, Ким Сун Сан, Ким Чер Хо деген корейлердің жазған арызында былай делінген: «Мы, бывшие жители Поповского ключа Сучанского района Приморской области Дальневосточного края искатели корня женьшеня заявляем о том, что во время переселения из ДВК в Казахстан нам не выдали ни выходных, ни пособий, мотивируя тем, что мы не выполнили производственной нормы. Мы со своей стороны считаем решение Сучанской районной комиссии по переселению, возглавляемой Тропаком неправильным, ибо согласно существующего положения о льготе переселенцам, нам должны были выдать таковые. Мы убеждены в том что такие же рабочие соседней станции Тигровая того же района, все как один получили пособие, несмотря на то, что большинство из них не выполнили производственного плана. Мы уверены в том, что комиссия по переселению жителей станции Тигровая поступила правильно.

Настоящим просим Вас расследовать действие переселенческой комиссии Сучанского района Приморской области ДВК, выдать нам выходное пособие и суточные на всех членов семей, согласно существующего положения о льготах переселенцам. Просим Вас не оставить нашей просьбы»[4, 20 б.].

1937 жылы 5 қарашадағы есепке сәйкес 2026 жұмысқа жарамды қоныс аударушы корейлер мамандығына қарай былайша жіктелді: 723 тау-кен жұмысшылары, 183 жай жұмысшы, 247 құрылысшы, 66 тігінші, 92 балықшы, 213 әскери қызметкер, 189 колхозшы және т.б [5, 42 б.]. Дейтұрғанмен, осындай мамандардың болғанына қарамастан, олардың барлығы бірдей жұмыс тауып кете алмады. Бұл дегеніміз қоныс аударушылар жұмыс жасағысы келмеді деген сөз емес, керісінше кейбір құжаттарда отбасын асырау үшін жұмыс сұраған өтініштерді кездестіруге болады. Бірақ корейлер қоныс тепкен жерлердің халқы тығыз болуына байланысты жұмысқа тұру өте қиын болды. Мысалы, 1937 жылы Қарағанды қаласының №13 шаруа кентінің комендантының хабарламасында былай делінген: «Кентке бірінші топпен 1808 адам (444 отбасы) корейліктер, кейін тағы 5565 адам (1059 отбасы) көшіріліп әкелінді. Кент толық, отбасыларға тұратын баспана ретінде мектеп және клуб үйлерін алуға тура келеді. Барлық қоныс аударушыларды жұмыспен қамтамасыз ету мүмкін емес»[6, 33 б.].

Бұл жерде мына жағдайды ескерген дұрыс. Қарастырылған кезеңде Қазақстанда индустрияландыру бағыты қарқынды жүріп жатты және болашақтағы Кеңес Одағының үшінші көмір ошағы Қарағанды көмір бассейнін дамыту басты міндеттердің бірі болды. Осы мақсатта Қарағандыға КСРО-ның түкпір-түкпірінен жүздеген әр түрлі ұлт өкілдері келіп орналасты. Танымайтын жат жерге жаңадан келген жұмысшы мамандарын да баспана, тұрғын-жаймен қамту керек болды. Қала халқы уақыт өткен сайын арта түскендіктен осылармен бір кезеңде келген корейлерге баспана, жұмыс мәселесінің шешілмеу себептерінің бірі осында деуге болады.

1938 жылы қоныс аударушылардың көп болуына байланысты корей колхоздарына 3257 тұрғын үй, 524 шаруашылық құрылысын салу, 824 құдық қазу жоспарланды. 1939 жылы 1 ақпанда уәделенген тұрғын үйдің 92%, құдықтың 40%, шаруашылық құрылыстарының 83% дайын болды. Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің бұйрығымен мектептер салуға 9 млн. сом көлемінде қаражат бөлінді. 280 орындық 11 мектеп және 160 орындық 32 мектеп, корей педагогикалық институтын салуға шешім қабылданды. Осы құрылыстарды салуға 9 млн. сомның 8 млн. 292 мыңы жұмсалып, қалған 708 мыңы корейлер көшіп барған елді мекендердегі бұрынан жұмыс істеп тұрған мектеп үйлерін жөндеуге босатылды.

Алайда белгіленген жұмыстардың барлығы бірдей аяғына дейін жетпегенін айту керек. Мысалы, 1938 жылы Қызылордада корей пединститутының құрылысы басталды. Бірақ пединститут та және

сол жылы салына бастаған мектептердің көпшілігінде құрылыс жұмыстары аяқсыз қалды. Құрылыс жұмыстарының бітпегеніне қарамастан күздекейбір мектептер сол қалыпта сабақ бастауға мәжбүр болды.

1938-1939 жылдары медициналық мекемелер құрылысын салу белгіленіп, 4 аурухана, 8 акушерлік пункт және шағын 2 акушерлік пункт құрылысына деп 10 млн. сом қаржы бөлінді. Қаражаттың жеткіліксіздігінен бұл құрылыстар толық салынып бітпеді.

Қарағанды қаласында қоныс аударушылардың әлеуметтік жағынан әр түрлі топтары орналасты. «Кулактар» деп аталған әлеуметтік топтың құрамы орыстар, украиндар, поляктар, татарлар, еврейлер, белорустар, армяндар, литвалықтар т.б ұлт өкілдерінен тұрды. Солардың қатарында корейлер де бар.

Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің бұйрығымен 1937 жылдың 9 қазанында Қарағанды облысына Қиыр Шығыстың Сучан, Артемовский және Владивосток аудандарынан келген 2558 корей отбасылары № 12,13,14,15/19, 16/20,17,18 шахта, Горбачев атындағы шахта аудандарында және Компанейск, Майқұдық, Зеленая Балка, Миньковка кенттеріне орналастырылды [7, 54 б.]. Сондай-ақ Ақмоланың Зеленый рай, Раздальный, Островной, Интернациональный кенттері де корей отбасыларын қабылдады.

Көшіп келген корейлер Қарағанды қаласындағы әр түрлі мекемелерде, шахталарда, жаңадан салынып жатқан зауыт-фабрикаларда, құрылыс саласында еңбек етті. Келесі бір құжат медициналық қызмет көрсету саласында жұмыс атқарған қарағандылық корейлер туралы ақпарат береді: Цой Екатерина Васильевна – вендиспансер дәрігері, Цой Владимир – есеп жүргізуші, Майқұдық ауруханасы, Пак Алексей Алексеевич – тіркеуші, Горбачев шахтасы, Ким Мария Михайловна – амбулатория қызметкері, Жаңа қала, Хан Капитолина Ивановна – 2-ші рудникте медбике, Ли Матвей Николаевич – облыстық денсаулық сақтау орталығының іс қағаз жүргізушісі. Тен Мук Бен- Тельман кенті ауруханасында аула сыпырушы, Ли Тун-Сун - Тельман кенті ауруханасында еден жуушы, Цой Мей – аула сыпырушы, Тей Он Хи – кір жуушы, Ли Сун Ай – акушер дәрігер, Нигай Н.Н – санитарлық нұсқаушы, Нам Чун-Хи – фельдшер [8, 18 б.].

Сөйтіп, Қазақстанға көшіріліп әкелген корейлер бір жағынан өздеріне саяси пана тапса, екінші жағынан жаңа жерге орныққан соң жергілікті халықпен, басқа да өздері сияқты тағдыр кешкен ұлт өкілдерімен қоян-қолтық еңбекке араласты. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда жанқиярлық еңбектің үлгісін көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлес қосты.

Солай болғанымен, корейлерге деген сенімсіздік көзқарас одан кейінгі жылдарда да сақталды. Соның айғағы 1947 жылы 3 наурызда КСРО Ішкі істер министрі С.Н. Кругловтың директивасында корейлерге жаңа төлқұжат алуға рұқсат етілді, бірақ тек қана Орта Азия мен Қазақстанның территориясында тұруға шешім шығарылды, шекараға жақын аудандарда тұруға қатаң тыйым салынды [1, 83 б.].

Қазір Қазақстанда 99665 корей бар, оның 14097-і Қарағанды облысында. 1989 жылдың қыркүйегінде Қарағанды облыстық корей мәдени орталығы ашылды. Қоғамдық ұйымның негізгі міндеті – корей халқының тілі мен дәстүрін, мәдениетін ұмытпауға септігін тигізу, дамыту, жетілдіру, қазақстандық қоғамның демократиялануына үлес қосуға тәрбиелеу. Өзінің құрылған күнінен бастап бұл орталық үлкен уақыт сынынан өтті деуге болады, үлкен тәжірибе жинады, тек қана корей ұлтын ғана емес, басқа ұлттарды да өзінің төңірегіне ұйыстырып, достық пен бірліктің ордасы болып отыр. Орталықтың басты табыстары ұрпақтар сабақтастығын орнықтыратын, аға ұрпаққа, ана тілі мен мәдениетіне құрмет көрсетуге тәрбиелейтін дәстүрлерді сақтайтындығында. «Қарттарым – асыл қазынам» демекші, «Өмірдің күзі» мерекесі қариялар күніне арналған.

Орталық өз жұмысының басты байлығы – адам, оның қабілетін дамыту деп санайды. 2003 жылы «Мугунхва» фольклорлық ансамблінің «халық ансамблі» атағын алуы ұлттық салт-дәстүрді, фольклорды дамытудың айғағы болып табылады. Қарағанды қаласындағы үш мектеп пен екі жоғары оқу орнында Қазақстан корейлері қауымдастығының Қарағанды филиалының көмегімен корей тілін оқыту жүзеге асырылады. Жұмыстың сапасын сабақ беруге Корей Республикасынан келген еріктілердің тартылуынан көруге болады. Сонымен қатар Орталықтың жанында ардагерлер хоры, «Киппым» би тобы жұмыс жасайды. Ұжым мүшелері қалалық, облыстық, республикалық ұлттық мәдени фестивальдердің белсенді қатысушылары [9].

Тағдыр жазуымен Қазақстанды екінші Отанына айналдырған корей халқы республикамыздың дамуына өз үлестерін қосты. Солардың арасында есімдері тарихта қалған корей халқының келесі өкілдерін мақтанышпен айтуға болады:

Ким Ман Сам – (1883-1964 жж.) 1937 жылы отбасымен Қызылорда облысының Шиелі ауданына қоныс аударған ол корейлердің күріш өсіретін «Авангард» колхозын ұйымдастырды. Ұлы Отан соғысы жылдарында астықтың осы түрінен жоғары өнім алып, дүние жүзілік рекорд жасады. Социалистік Еңбек Ері, үшінші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың иегері.

– (1948 ж. туған) қоғам қайраткері, кеңестік, қазақстандық бокс жаттықтырушысы, Қазақстан, КСРО спортының дамуына зор үлес қосқан тұлға. Серік Қонақбаев, Кәрімжан Абдрахманов сынды әйгілі былғары қолғап шеберлерін тәрбиелеп шығарды, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кеңесінің мүшесі.

Кан Георгий Васильевич – (1956 ж. туған) белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, «Қазақстандағы корей халқының тарихы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған, қазақ, орыс, корей тілдерін еркін меңгереді.

Тен Денис Юрьевич – (1993-2018 жж.) қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы, Қазақстан тарихында спорттың мәнерлеп сырғанау түрінен тұңғыш 2014 жылы Сочиде өткен қысқы Олимпиадалық ойындардың қола жүлдегері, 2015 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, VII қысқы Азия ойындарының чемпионы, Қазақстанның бес дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.

Қазіргі таңдағы қазақстандық корейлер ертеңіне мол сеніммен қарайды және біліміне іскерлік пен ізденімпаздықты, еңбексүйгіштікті серік еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Сталинские депортации. 1928-1953 / Под общ. ред. акад. А.Н. Яковлева; (Россия. XX век. Документы). Москва., 2005. – С.902.*
2. *Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағаты – ҚОММ. 27 - қор, 1 - тізбе, 1 - іс, 14,16 – нн.*
3. *ҚОММ, 18 - қор, 1 - тізбе, 10 - іс, 30 - н.*
4. *ҚОММ, 18 - қор, 1 - тізбе, 165 - іс, 20 - н.*
5. *ҚОММ, 18 - қор, 1 - тізбе, 165 - іс, 42 - н.*
6. *ҚОММ, 18 - қор, 1 - тізбе, 164 - іс, 33 - н.*
7. *ҚОММ, 18 - қор, 1 - тізбе, 164 - іс, 54 - н.*
8. *ҚОММ. 27 - қор, 1 - тізбе, 1 - іс, 18 - н.*
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

ГРНТИ 03.20
ӘОЖ 94 (574.42)

А.К. Булғынбаева¹

*¹С.Аманжолов ат.ШҚМУ, Қазақстан тарихы кафедрасынаң аға оқытушысы, тарих магистрі,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
E-mail: bak_ayauly@mail.ru*

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ ШАРУАЛАРДЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Аңдатпа

Біз XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы шаруаларға қатысты кеңестік үкіметтің мемлекеттік саясаты туралы айтып отырмыз. Дауыс беру құқығынан айыру туралы ережелер ауылдық кеңестерге сайлауда дауыс беру құқығын жоғалтудың заңнамалық, құқықтық және саяси негіздері болып табылады. Мақала 1918 және 1925 жылдардағы РСФСР Конституциясының ережелерін, Кеңестерге сайлау және қайта сайлау туралы нұсқаулықты салыстырады, азаматтардың сайлау құқықтарын

қалпына келтіруге және осы үдерістің заңдылығының бұзылуына қатысты шағымдарын қарау тәртібін түсіндіреді. Тарихи фактілерді талдау сайлау құқығынан айырылу жаңа үкіметке шаруа қожалығының маңызды бөлігін бейтараптандыруға мүмкіндік беріп, ауылдағы мәселелерді күштеп шешу саясатын бірте-бірте енгізуді және ауыл тұрғындарына қарсы репрессивтік шараларды жасау үшін жағдай жасайтынын тұжырымдайды.

Түйінді сөздер: сайлау жүйесі, кеңестік билік, сайлау құқығы, сайлау құқығынан айыру, қоғамның бөтен элементі, сайлау, нұсқаулық, эксплуататор.

Булғынбаева А. К.¹

*¹Докторантка 3 курса по специальности «6ДО20300 – История»,
г. Усть-Каменогорск*

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА КАСАЮЩИЕСЯ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ КРЕСТЬЯН В 20 – 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация

Речь идёт о государственной политике советской власти в отношении крестьян в 20–30-е годы XX века. Рассматриваются положения, касающиеся лишения избирательных прав: законодательные, правовые и политические основания утраты права голоса на выборах в сельские Советы. В статье проводится сравнение положений Конституций РСФСР 1918 и 1925 гг., инструкций о выборах и перевыборах в Советы, выясняется порядок рассмотрения обращений граждан для восстановления в избирательных правах и нарушений законности этого процесса. Анализ исторических фактов приводит к выводу о том, что лишение избирательных прав позволило новой власти нейтрализовать значительную часть крестьянства, сделало возможным постепенное введение политики силового решения вопросов в деревне и в конечном итоге создало условия для применения репрессивных мер в отношении сельского населения в дальнейшем.

Ключевые слова: избирательная система, советская власть, избирательные права, лишение избирательных прав, чуждый элемент общества, выборы, инструкция, эксплуататор.

A. K. Bolganbaeva¹

*¹The person, 3 course specialty "6DO20300-History",
Ust-Kamenogorsk*

STATE POLICIES CONCERNING THE DEPRIVATION OF THE PEASANTS' ELECTORAL RIGHTS IN THE 20S – 30S OF THE 20TH CENTURY

Annotation

We are talking about the state policy of the Soviet government towards the peasants in the 20-30s of the XX century. The provisions concerning the deprivation of voting rights are considered: legislative, legal and political grounds for the loss of the right to vote in elections to village councils. The article compares the provisions of the Constitutions of the RSFSR of 1918 and 1925, instructions on elections and re-elections to the Soviets, clarifies the procedure for considering citizens' appeals for restoration of electoral rights and violations of the lawfulness of this process. Analysis of historical facts leads to the conclusion that the deprivation of electoral rights allowed the new government to neutralize a significant part of the peasantry, made possible the gradual introduction of a policy of forceful resolution of issues in the village and eventually created the conditions for the repressive measures against the rural population in the future.

Keywords: electoral system, Soviet power, electoral rights, deprivation of electoral rights, an alien element of society, elections, instruction, exploiter.

Отандық тарихи ғылым үшін соңғы онжылдық шынында да бетбұрысты болды. Бір кездері қатал әрі айқын түсіндірме беретін Қазақстанның (кейін КСРО-ның) революциядан кейінгі тарихының көп бөлігі ой елегіне радикалды түрде қайта өткізуге ілігуде. Бұл сайлау құқығынан айыру тақырыбына толығымен жарамды. Соңғы ресми кеңестік тарихнама арқылы «эксплуатациялық кластарды жою» табиғи процесін сүйемелдеуші шаралар ретінде түсіндірілді. Заманауи зерттеушілер сайлау құқығынан (және кеңінен таралған азаматтық құқықтардан) айыру бір жағынан, кемсітушілік саясат құралы және жаппай мемлекеттік репрессияның бастамасы ретінде, бір жағынан қоғамның әлеуметтік құрылымының саяси құрылымын мәжбүрлеп өзгертудің құралы ретінде, бұл жаңа ауқымды маргиналды топтардың пайда болуына әкелді және олар «айырылған» санатында болды.

Сталиндік дәуірдің «айырылған» мәртебесін, оның мінез-құлқы мен қызметіне зерттеу жүргізумен байланысты ретроспективті талдаудың ғылыми, танымдық және әлеуметтік маңыздылығына қосымша. Зерттеу тақырыбы Қазақстанда да, бұрынғы КСРО-ның басқа республикаларының аумақтарында этникалықтан дінге дейін әртүрлі себептер бойынша халықтың жекелеген топтары мен топтарының кемсітушілігін тереңдетіп жатқан қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайы үшін өзекті болып табылады.

1917 жылғы 26 қазанда кешке жұмысшылар мен сарбаздар Кеңестерінің Бүкілресейлік Конгрессінің ашылуы «Уақытша үкіметтің күшін жойды. Уақытша үкімет мүшелерінің көпшілігі сол кездің өзінде тұтқындалды» және «съезд шешімі: барлық билік шынайы революциялық тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс жұмысшылар, сарбаздар мен шаруалар депутаттарының Кеңестеріне өтеді» делінді. [1, 11-12 бб]. Осы сәттен бастап, жергілікті және орталық үкіметтегі басымдық Кеңеске беріледі, бұл өз кезегінде жаңа мемлекеттік жүйенің негізіне айналады. Қоғамдағы революция және революциялық қатынастар Кеңес Одағының қалыптасуына серпін берді: фабрика, ауылдық, қалалық, аудандық және басқаларға. Шаруалар ауылдық және болыстық кеңестерге сайлауда дауыс беру құқығына ие болды. Жағдай жаңа билікті орнатудың алғашқы жылдары өзгеріп отырады, ол шаруаларды сайлау құқығынан айыру үдерісін бастады. Осы үдерістердің себептері мен салдары осы кезеңді түсіну және ел тарихындағы кейінгі құбылыстарды түсіндіру үшін маңызды.

1918 жылы 10 шілдеде Бүкілресейлік Бүкілодақтық Кеңес съезінде мақұлданған РКФСР Конституциясының қабылдануы кеңестік сайлау заңнамасын дамытуда маңызды рөл атқарды. Қоғамдағы контрреволюциялық көңіл-күйді және олардың кез келген көріністерін барынша азайту үшін билік белгілі бір санаттағы тұлғаларды қалалық және ауылдық кеңестерге сайлау және сайлану құқығынан айырды. Конституцияның 23-бабында былай делінген: «Жұмысшы таптың мүдделерін басшылыққа ала отырып, Кеңес Одағы социалистік революцияның мүдделеріне зиян келтіретін жеке тұлғалар топтарын белгілі бір құқықтарынан айырады» [2, 673 б.].

Конституцияның 65-бабында сайлауға қатысуы жас Кеңес өкіметін құптай алмаған адамдар тікелей көрсетілген: «пайда табу мақсатында жалдамалы еңбекті пайдаланған адамдар; капиталдан алынатын пайыздарға, кәсіпорындардан түскен табыс, мүліктен түскен табыс; жеке саудагерлер, сауда және коммерциялық делдалдар; монахтар мен шіркеулер мен діни ғибадат етушілердің діни қызметшілері; бұрынғы полиция қызметкерлері мен агенттері және т. б.» [2, 677 б.]. Осылайша, Кеңес өкіметінің бірінші жылында еңбек етуге емес, қоғамның пайдаланушы бөлігіне жататын тұлғалар, жамалы еңбектен, капиталдан табыс алған тұлғалар сайлау құқығына ие болды. Конституцияның 7-бабында «пайдаланушылар билік органдарының бірде-бірінде орын бола алмайды. Билік тұтас және тек қана еңбек етуші массаға және олардың өкілетті өкілдігіне – жұмысшылар, сарбаздар және шаруа депутаттарының кеңестеріне тиесілі болуы тиіс» [2, 671 б.]. Эксплуатерлердің санатына билік әлеуметке қауіпті, салынып жатқан социалистік қоғамның жат элементтеріне жататын жұмыс істеп тұрған ауылдың бөлігі кірді.

1917 жылдың аяғында большевиктер партиясының басшылары – 1918 жылдың бірінші жартысында өз сөздерінде және баспа жұмыстарында «кешегі азаматтар» саяси құқықтарындағы шектеу тақырыбына жиі жүгінетін болды, оларды билік жаңа шындықты бұрынғы капиталистік қоғамның элементтері ретінде көргісі келмеді. Бұл туралы В.И. Лениннің бірқатар еңбектері дәлелдейді. 1918 жылғы сәуірде жазылған «Кеңес өкіметінің келесі міндеттері» деген мақалада ол: «Кеңестік демократияның социалистік сипаты, яғни пролетариат, оның берілген өтінішінде біріншіден, жұмыс істейтін және эксплуатирланған массалар, буржуазияны алынып тасталды...» [3, с. 203]. Бүкілодақтық Кәсіподақтар Орталығының 1919 жылғы пленумында баяндамада Ленин былай деді: «Біз өтпелі уақытта, құтырма күрес кезінде, біз еркіндікті оңға және солға уәде беріп қана

қоймай, Социалистік революцияға кедергі келтіретін азаматтарды құқықтарынан айыратын боламыз деп алдын-ала айтып отырмыз», – деп ашық мәлімдеді [4, 294 б.]. Мемлекеттік органдар қалыптастыру және кеңестік заңнаманың негіздерін құру мәселесі мемлекеттегі сайлау жүйесіне жақындаған кезде маңызды болды. Бүкілресейлік орталық атқарушы комитетінің 1918 жылғы 11 маусымдағы «Ауылдағы кедейлерді ұйымдастыру және жеткізу туралы» қаулысы: «1918 жылғы аштық жылы азық-түлік мәселесін шешу үшін партия байлармен күресу үшін кедейлердің комитеттерін құруға шақырды» [5, 522 б.]. Бай шаруалар ауылды социалистік идеологияға және ауылдық буржуазияға қарсы күресте толығымен бағындыруға кедергі болды. Кедейлер комитеті ауылдық кеңестерге сайланғанға дейін ауылда билік етуге қабілетті ең кедей және еңбектегі шаруалар ұйымы ретінде құрылғаны белгілі.

Бірақ Кеңес үкіметі ауылды жерлерде әрекет жасайтын күштерді қажет етіп, ауылдық қорларды бұзып, одан әрі түбегейлі шараларды жүзеге асыру кезінде өмір сүру әдісін бұзды. Бұл күш ауыл шаруашылық жұмысшыларына, кедейлерге, кедейлердің комитеттеріне және орталық үкіметтің қолындағы қару-жараққа айналды. Жаңа шындыққа келуді қаламаған ауқатты шаруалар ауылдық жерлердегі революциялық тәртіпті дамытуға нақты қауіп төндіріп, саяси дауыс беру құқығынан айырылған саяси үрдістер диірмен тасына түсіп кетті.

Қажетті саясатты қысқа мерзімде жүзеге асыру үшін ауылдық және болыстық қайта сайлаулар жүргізу қажет болды, сондықтан елде жұмысшылар мен шаруалар үкіметінің күшті және біртұтас аппараты тез құрылды. Сондықтан 1918 жылғы 2 желтоқсанда Орталық атқару комитетінің қаулысы «Болыстық және ауылдық Кеңестерді қайта сайлау тәртібі туралы» бірінші нұсқаулықты жариялайды. Айта кетейік, «ауылдық Кеңестер – ауылдықтар мен болыстықтар – социалистік революция әлі ауылға жетпеген уақытта сайланған. Сондықтан жақын арада олар байлардың қолында немесе олардың күшті ықпалында болды [3, 582-584 б.]. Бұған ауылдық кеңестерді қайта сайлау арқылы ғана қол жеткізуге болады. Қайта сайлау үдерісінде кедейлердің комитеттері қайта сайлану үдерісін басқаруда айрықша рөл атқарды, соған орай күрес басталды, ал Кеңестер тек жалғыз билік болып қалды.

1918 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен нақты ауылдық басқару органының, ауылдық кеңестің құрылуына және кедейлер комитетінің жойылуына негіз болған, кедейлердің комитеттері ауылда социализмді орнатуда, билік орындарының қолдауымен ауылда көршілерін қарақшылықпен тонаумен айналысқаны себеп болды.

Бірақ билік ауылдың – біртұтас организм, сыртқы әлем – олар үшін қарсылас күш, сондықтан кедейлер комитеттеріне ауылдағы біртұтастықты шайқалту міндеті қойылып, ауылды бай шаруалармен күресуге итермеледі. Ленин 1919 жылдың басында колхоз шаруашылығының мәселесі басқа бірдей емес екендігін айтып, айтқанындай, шайқастар табысқа жете алмады. Кедейлер комитеті тапсырманы орындай алмады, бұл туралы 1919 жылдың басында Ленин өзінің сөйлеген сөзінде айтты, колхоздар туралы мәселе кезекті болып тұрмағанын айтты. Нұсқаулықта «революция үдерісінде өз мүлкінен айырылған барлық эксплуататорлық элементтер, жер иелері, кулактар және діндар адамдар сайлауға ешқандай ықпал етпеуі керек» деп айтылған. Кешегі эксплуататорлар Кеңестер сайлауға қатыса алмайды» [6, 582-584 б.]. Бұл нұсқаулар, сондай-ақ кейінгі нұсқалары, ауылдық Кеңестердің ауылдық байлардың санын қысқартуға бағытталған. Сайлауға арналған жеңілдіктердің басым бөлігі ауылдық жерлердегі кедейлер мен орташа жұмыс істейтін шаруалар болды.

Ауыл мен болыстық Кеңестерге қайта сайлану үшін кедейлер комитетінің мүшелерінен тұратын сайлау комиссиясы құрылды. Өз кезегінде, ол құқығы бар адамдарға РКФСР Конституциясының 64 және 65-баптарына сәйкес дауыс беруге мүмкіндік берілуін қамтамасыз етті. Алдағы төрт жылда «Болыстық және ауыл Кеңестерін қайта сайлау тәртібі туралы» нұсқаулық сайлауға қатысу тәртібін және дауыс беруге және сайлау құқығы бар адамдардың, сондай-ақ сайлау құқығынан айырылғандар шеңберін қалыптастыратын түсіндірме нормативтік құжат болды.

1920 жылғы 29 желтоқсандағы «Кеңестік құрылыс туралы» Сегізінші Бүкілресейлік Съезд шешімі 1918 жылғы Конституцияның 57-бабына сілтеме жасайды және ауыл, болыс, қаланың және басқа да Кеңестердің кезекті қайта сайлануы, сондай-ақ Кеңестердің съездерін жүйелі түрде, белгіленген уақытта өткізу қажеттілігін атап өтті. Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Президиумының 1921 жылғы 8 ақпандағы «Кеңестердің кезекті қайта сайлауы және Кеңестердің съезін шақыру туралы» дөңгелек қаулысында Облыстық, губерниялық және уездік съездердің шақыру шарттары талқыланды.

1918 жылғы Кеңестерге қайта сайлану туралы нұсқаулармен салыстырғанда, 1922 жылғы 31 тамыздағы нұсқау дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың тізімдерін жасау тәртібін, осы тізімдерді тексеру және көрінетін жерге орналастыруды белгілеген бірқатар құрылымдық өзгерістерді қамтиды. Тізімдер салыстырмалы түрде біркелкі құрастырылды. Тізімдерді қайта қарау үшін арнайы айлықтар өткізілген кездер де болған. Бірақ сол жылдың 14 қыркүйегінде Кеңес Одағының бай элементінің нығайту қаупі туралы айтылып, Орталық Комитеттің циркуляры жарияланды. Бұл құжат сайлаушылар тізімін құрастыруға ерекше назар аударуды талап етті, байлармен күресте ауылды нығайту үшін, қаладан келген кеңес өкіметіне адал болған жергілікті коммунисттерден болашақ үміткерлерді жекелеп таңдады.

Жоғарыда талқыланған кеңес ауылының өміріндегі тыйымдарды екі құжаттың пайда болуынан көруге болады: Бүкілресейлік орталық атқарушы комитетінің 1922 жылдың 22 мамырындағы «РКФСР-мен танылған және РКФСР соттары қорғайтын негізгі жеке меншік құқығы туралы» қаулысы, сол жылдың 30 қазанындағы Жер кодексі. Бірінші құжат еліміздің өндірістік күштерін дамытуға қатысқан қауымдастықтарға және заңды тұлғаларға заңмен белгіленген тәртіпте өздерінің құқықтық қабілеттерін шектемейтін барлық азаматтарға үкіметтің өнеркәсіптік және коммерциялық кәсіпорындар ұйымдастыру мүмкіндігін ұсынады. Жер кодексінің II және III бөлімдері билік бұрын тыйым салынған жалдау және жалдану құқығын беретінін, сондай-ақ Конституциямен тыйым салынған егістік және егін жинау жұмыстарына жалдауды заңды деп санайды. Әрине, бұл еркіндіктерді шаруалар пайдаланды, бірақ бұл оларды эксплуататорлардың санатына алып келді және олар дауыс беру құқығынан айырылды. Осы үдерістің келесі ремиссиясы 1924 жылғы 11 тамыздағы нұсқауларда бекітілді, онда дауыс беруге қатысу құқығынан айырылған адамдардың кейбір санаттарына сайлауды өткізудің лимитін алып тастау туралы шешім қабылданды. Оларды дауыс бергенге дейін оның иесі өзгенің еңбегін пайдаланбағанына, өзінің жеке еңбегімен тапқан қаражатқа тұрғанына сендірген құжатты көрсеткеннен кейін жіберуі мүмкін болды. Бұл антикеңестік үгіт желісі бойынша дауыс беру құқығынан айырылған шаруа топтарының, интеллигенция топтарының бір бөлігіне қатысты болды. Сайлаушылардың сайлауға қатысуы шамалы болды. Сайлау комиссиясының қайта сайлау туралы нұсқауларын бұзғаны туралы көптеген шағымдар келіп түсті, соның ішінде ережелердің бұзылуы және сайлау құқығынан айыру. Кейінірек айтылғандай, партия мен мемлекет көшбасшыларының бірі Л.М. Каганович, 1924 жылғы сайлауда «кулактар ретінде, қандай да бір себептермен әкімшілік тарапынан ұнамаған орта шаруалар дауыс беру құқығынан айырылды [7]. Конституциядан ауытқулар байқалды, ауылдық кеңестердің орнына жалпы ауылдық жиналыстардың өкілдері болыстық съездге сайланды.

«Сайлау құқығынан айыру» саясаты осы құқықтарды қалпына келтіру туралы көптеген шағымдар мен мәлімдемелерге әкелді. Сондықтан 1925 жылғы 16 қаңтардағы қайта сайлау туралы нұсқаулық азаматтардың сайлау құқығын қалпына келтіру туралы шағымдарын қарау тәртібін қамтиды. Шағым бірнеше жағдайларда: ауылдық сайлау комиссиясынан болыстыққа дейін болған. Егер шағымды дауысты комиссияда оң бағытта талдаса, ол ауылдық сайлау комиссиясына жіберілді. Егер бұл болмаса, ол округтік сайлау комиссиясына жіберілді. Шағымдарды қарастыру үшін әрбір данаға екі күн тағайындалды. Соңғы кассациялық шағым ОАК президиумы болды. Мәскеуден келген барлық ескертулер мен талаптарға қарамастан, сайлау кезінде жергілікті биліктің өзін-өзі қалауы болды. Бұл туралы 1925 жылғы 6 сәуірдегі КСРО ОАК циркулярында жергілікті билік органдары Конституцияның баптарын түсіндіруді жалғастырып, дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың санаттарын айқындағаны айтылған.

1925 жылдың жазында РСФСР жаңа Конституциясы қабылданды. 1925 жылғы Конституцияның 14-бабы 1918 жылғы Конституцияның 23-бабының тұжырымдамасын шын мәнінде қайталап, мемлекет оларды жеке және әлеуметтік топтардың құқықтарын олардың қолданыстағы социалистік шындықтың мүдделеріне зиян тигізуге тыйым салуға мүмкіндік берді. 69-бапта мемлекетпен дауыс беру құқығынан айырылған қатарына жататын тұлғалардың санаттары көрсетілген, олар іс жүзінде бұрынғы Конституциямен бірдей [8].

Кеңестердің қызметін жандандыру және елдегі ағымдағы жағдайды жалғастыру жөніндегі үгіт-насихат науқаны 1925 жылдың шілдесінен бастап жаңа сайлау туралы нұсқаулықта басталды. Негізгі мақсаттар қатарында халықтың белгілі бір топтары есебінен олардың құқықтарынан айырылған сайлаушылар шеңберін кеңейту болып табылады. Кеңестерді қайта сайлау туралы нұсқаулықтың соңғы нұсқасы 1925 жылғы 13 қазанда мақұлданды. 1925 жылдың соңында - 1926 жылдың басында өткізілген, қайта сайлану кеңестік билік тарихында ең «еркін» болды. Сайлау науқанына ауылдық

және қалалық тұрғындардың кең тараған бөліктері, ұсақ жәстік буржуазиясының жақтастары қатысты. Бұл коммунистер көптеген кеңестерде, әсіресе ауылдық кеңестерде, азаматтардың қалыптасқан жоғары сайлау белсенділігінде өздерінің озық ұстанымдарын жоғалтуына әсер етті. Сталиннің қайта сайлану нәтижесін кейіннен қатаң сынауы В.М. Молотов басқарған Орталық Комиссияның құрылуына әкелді. Комиссияның міндеттері 1925 жылғы нұсқаулықты қайта қарауға және дауыс беру құқығына ие тұлғалардың ауқымын айтарлықтай кеңейтетін сәттерді жоюға қатысты болды.

Нәтижесінде, 1926 жылғы 28 қыркүйекте КСРО Орталық сайлау комиссиясы Кеңестерге сайлау туралы жаңа жалпы одақтық нұсқаулық бекітті. Кіріспеде «1926 жылғы Кеңестерге сайлау ... Кеңестерді одан әрі эксплуатациялық элементтерден қорғау» міндеті қойылды [9, 702 б.]. «Кеңестікке қарсы элементтер» деп аталатындар өздерінше әрекет ете бастады. Бүкілресейлік Орталық атқарушы комитетінің 1926 жылғы 5 қаңтардағы «РКФСР Кеңестерінің сайлау науқанының барысы туралы» баяндамасында кейбір ауылдарда кулак пен антикеңестік элементтерді іріктеуге тырысады, сондай-ақ белсенділерді пара беру және дәнекерлеу арқылы жол ашуға тырысады. Бұл нұсқаулық дауыс беру құқығынан айырудың ортақ себептерінің санын он екіге дейін көбейтті. Жекелеген нұсқаулық пункті айырылған отбасы мүшелеріне қатысты болды.

1926 жылдың 4 қарашасында Орталық атқару комитеті сайлаудың жаңа нұсқауын бекітті. Дауыс беру құқығынан айыру және оны қалпына келтіру тәртібі туралы секциялар осы мәселелерге қатысты Одақтық нұсқаулықтың негізгі ережелеріне қатысты болды. 1926 жылғы нұсқаулар елдегі сайлау туралы заңнаманың негізі болып 1930 жылдардың ортасына дейін жасалды. Осы кезеңде шығарылған сайлау актілерінің қалған бөліктері осы құжаттарды нақтылап, толықтырды.

1930 жылғы 3 қазанда ауылдық кеңестерге қайта сайлану туралы жаңа нұсқа шығарылды. Оған бірқатар өзгерістер енгізілді: бастысы - сайлау құқығынан айыру үшін негіздердің санын көбейту. 1934 жылы 2 қазанда Орталық атқару комитеті жаңа сайлау туралы нұсқау қабылдады. Дауыс беру құқығынан айыруды ұйымдастыруға арналған бөлімге өзгерістер енгізілді. Осылайша, бұл құқықтардан айырылған әлеуметтік санаттар тізімінде алғаш рет «кулактар» деп аталды: «... бұрыннан өмір сүрген ауылдар мен елді мекендерден антикеңестік және антиколхоз әрекеттері үшін шығарылған кулактар ...» [10, 736б.]. Ерекше нұсқаулық пункті депортацияланған кулактар мен олардың балаларының дауыс беру құқығын қалпына келтіру тәртібі анықталды. Алайда, 1934-35 жж. сайлау науқанының басынан бастап, барлық өткен жылдардағыдай, жергілікті биліктің Конституция мен нұсқаулардың өрескел қателіктеріне және тәртіп бұзушылықтарына шағымдар легін түсірді.

Кеңеске қайта сайланудың үкіметтік саясаты азаматтардың жекелеген санаттары үшін дауыс беру мүмкіндігін берді. Бұл санаттардың тізімі 1918 және 1925 жылдардағы РКФСР Конституциясына енгізілген. Халықтың билік органдары сайлауда бір себеппен немесе басқа себептермен көргісі келмейтін топтары басқа топқа кетті – олар дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың тізімдеріне енгізілді. Сайлау қалай өткізіліп жатқандығына және нәтиже қалай болғанына байланысты билік жергілікті сайлау комиссияларының негізгі құжаты болатын нұсқаулықтар арқылы өзгертулер енгізді. Нұсқауды дұрыс емес түсіндіру жергілікті сайлау комиссияларының дауыс беру құқығынан айыруға жататын тұлғалар тізімінде заңға сәйкес осы құқықты пайдаланатындарды қате енгізілуіне әкелді. Ауыл кеңестері мен сайлау комиссиялары адамдар тізімін жасауда өздігінен әрекет етті.

Азаматтардың экономикалық, әлеуметтік, саяси себептерге байланысты сайлау құқығынан айыруы, сондай-ақ «өзіміздің» және «бөтен» адамдарға бөлінуі ауыл тұрғындарының өмір сүрудің жаңа ережелерін енгізу саясатын жүргізу үшін халықтың көпшілігін бейтараптандыруға мүмкіндік берді. Сайлау құқығынан айыру ауыл шаруашылығындағы кейінгі репрессиялық әрекеттерді қолданудың бастапқы кезеңі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т. 2. 1917-1924 гг. – М.: Политиздат, 1970. – С. 543.*

2. *Конституция Российской Социалистической Федеративной Советской Республики, принятая V Всероссийским съездом Советов в 3 съезда Советов рабочих, крестьянских, казачьих и красноармейских аседаний от 10 июля 1918 года. № 582 //Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и крестьянского правительства. Отд. I. – 1918 (20 июля). – С. 671-682.*

3. Ленин В.И. *Очередные задачи Советской власти* // Полн. собр. соч. Т. 36 (март – июль 1918). – М.: Политиздат, 1969. – С.203.
4. Ленин В.И. *Речь на Пленуме ВЦСПС* // Полн. собр. соч. Т. 38: Март – июнь 1919. – М.: Полит. литература, 1969. – С.579.
11. *Собрание узаконений и распоряжений рабочего и крестьянского правительства за 1917-1918 гг.* / Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1942.
5. *О порядке перевыборов волостного и сельских Советов: инструкция от 2 декабря 1918 года* // Собрание узаконений и распоряжений рабочего и крестьянского правительства за 1917–1918 гг. / Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1942.
6. Каганович Л.М. *Партия и перевыборы Советов.* – М.; Л.: Госиздат, 1928. – С.64.
7. Конституция Российской Социалистической Федеративной Советской Республики (утверждена постановлением XII Всероссийского депутатов 11 мая 1925 года). № 79 // Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и крестьянского правительства. Отд. 1. – 1925 (1 июня). – С. 603.
8. *Собрание узаконений и распоряжений рабочего и крестьянского правительства за 1926 г.* / Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1942. – № 66. – С. 500, 501.
9. *Собрание узаконений и распоряжений рабочего и крестьянского правительства за 1934 г.* / Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1948. – № 50. – С. 395.
10. Саламатова М.С. *Всероссийская Центральная избирательная комиссия: истоки создания (1925–1926 годы)* // Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 7 (262).
11. Ивницкий Н.А. *Репрессивная политика советской власти в деревне (1928–1933 гг.)* / Ин-т рос. Истории РАН. – М., 2000. – С.350.
12. *О выборах в Советы: инструкции от 28 сентября 1926 г.* // Собрание законов и распоряжений Рабоче-крестьянского правительства Со.

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

УДК 794: 11
ГРНТИ 03.09.21

Nesipbayeva K.R.¹

*professor of department of World History of the Abay Kazakh National pedagogical university,
doctor of historical sciences. E-mail: neskak@mail.ru
Republic of Kazakhstan, Almaty*

REVIVAL OF CHINA AS WORLD POWER

Annotation

Today China turned from the regional power into global and is irreversible is involved in rivalry with the USA. Sooner or later there will be a situation at which the policy of Russia will appear in a shadow of this global rivalry. At the beginning of the 2000th all prerequisites for an exit of China to the world scene as the full-fledged great power which is actively participating in the solution of world problems ripened. China learned to work very effectively in the conditions of global economy, to play by rules of "a world game" with benefit for itself. As a result to the country investments, and from the country - final goods began to flow. The main factor here - stability of an internal situation in the legislation and in economy. Creation of attractive and steady conditions for business, including foreign, - here that distinguishes modern China. In this article these and other aspects problems are considered.

Keywords: region, power, rivalry, situation, world problems, world game, global economy, goods, stability

Қ.Р. Несіпбаева¹

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Әлем тарихы кафедрасының
профессоры, тарих ғылымдарының докторы. E-mail: neskak@mail.ru
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

ҚЫТАЙДЫҢ ІРІ ӘЛЕМДІК МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ

Аңдатпа

Бүгінде Қытай аймақтық мемлекеттен ірі жаһандық мемлекетке айналып, АҚШ-пенен қайтымсыз бәсекелестікке шығып отыр. Ерте ме, кеш пе, Ресей саясаты осы жаһандық бәсекелестіктің көлеңкесінде болатындай жағдайға әкеледі. 2000 жылдардың басында Қытайдың әлемдік аренаға шығуы үшін бүкіл әлемдегі мәселелерді шешуге белсенді қатысатын толыққанды ұлы держава ретінде барлық алғышарттар жетіле бастады. Қытай жаһандық экономикада өзінің пайдасына орай «әлемдік ойын» ережелері бойынша өте тиімді әрекет етуге үйреніп алды. Нәтижесінде, мемлекетке инвестиция құйылып, дайын тауарлар шығарыла басталды. Басты факторлардың бірі – ішкі жағдайдағы заңнаманың және экономиканың тұрақтылығы болып табылады. Бизнес үшін, әсіресе соның ішінде шетелдіктерге тартымды және тұрақты жағдай жасау, қазіргі Қытайды ерекшелендіретін нәрселердің бірі. Бұл мақалада осы және басқа да көптеген мәселелер қарастырылады.

Түйін сөздер: аймақ, ірі мемлекет, бәсекелестік, жағдай, әлемдік мәселелер, әлемдік ойын, жаһандық экономика, тауар, тұрақтылық

Несипбаева К.Р.¹

*¹профессор кафедры Всемирной истории Казахского Национального педагогического университета им. Абая, доктор исторических наук. E-mail: neskal@mail.ru
Республика Казахстан, г. Алматы*

ВОЗРОЖДЕНИЕ КИТАЯ КАК МИРОВОЙ ДЕРЖАВЫ

Аннотация

Сегодня Китай превратился из региональной державы в глобальную и необратимо втягивается в соперничество с США. Рано или поздно возникнет ситуация, при которой политика России окажется в тени этого глобального соперничества. В начале 2000-х гг. созрели все предпосылки для выхода Китая на мировую арену в качестве полноценной великой державы, активно участвующей в решении мировых проблем. Китай научился весьма эффективно действовать в условиях глобальной экономики, играть по правилам "мировой игры" с выгодой для себя. В результате в страну потекли инвестиции, а из страны – готовые товары. Главный фактор здесь – стабильность внутренней ситуации в законодательстве и в экономике. Создание привлекательных и устойчивых условий для бизнеса, в том числе иностранного, – вот что отличает современный Китай. В данной статье рассматриваются эти и другие аспекты проблемы.

Ключевые слова: регион, держава, соперничество, ситуация, мировые проблемы, мировая игра, глобальная экономика, товары, стабильность

Growth of China is about 9% a year, and the quality and cost of its goods and services quickly grow. On the contrary, the USA and Europe got bogged down in approximately zero "growth" in 2007-2012. Innovative scientific and technical shots of China already steadily acquire the newest inventions of the West (and Japan) and improve them, thereby reducing product cost. China forced out the controlled USA and Europe "the international financial institutions" (the IMF, the World Bank, the Inter-American Development Bank) as the main creditor of Latin America. China continues to be in the lead as the main investor in energy and mineral resources of Africa. China forced out the USA as the main market for oil of Saudi Arabia, Sudan and Iran, and will replace the USA as the main market of oil products of Venezuela soon. Today China is the world's largest producer and the exporter of industrial goods, dominating even in the market of the USA, and playing a role of financial life support as holds bonds of the U.S. Treasury on more than 1.3 trillion dollars for the USA.

Conceding to the growing pressure from the workers, farmers and peasants, governors of China began to develop domestic market by increase in the salary and social expenses to balance the economy and to avoid threat of social instability. On the contrary, in the USA the salary and the vital social expenses were sharply cut down in absolute and relative expression [1].

Preceding from the current historical trends it becomes clear that China will replace the USA as the leading world economic power within the next decade if the empire of USA does not strike back and if deep class inequality in China does not lead to large social shocks.

Growth of modern China as world power encounters serious resistance. Unlike historical emergence of China on the world scene, growth of modern economic power of China in the world is not followed by any imperialistic adventures. China seriously lagged behind the USA and Europe on ability to wage wars of aggression. It, perhaps, allowed China to direct the state resources to increase in economic growth, but at the same time made China vulnerable in the face of military superiority of the USA in terms of their huge arsenal, their chain of the advanced bases and geostrategic military positions directly at the Chinese coast and in adjacent territories.

In the nineteenth century the British imperialism destroyed global positions of China the military superiority, having occupied the ports of China as China counted upon the "trade superiority".

Conquest of India, Burma and the most part of Asia allowed England to create colonial bases and to hire native hired armies. British and their mercenaries - "allies" surrounded and isolated China, having paved the way for destruction of the markets of China and imposing on it pernicious terms of trade. Military presence of the British Empire dictated to China what to it to import (more than 50% of the English export in 1850 were the share of opium), and undermined competitive advantages of China by means of customs policy.

Today the USA pursues similar policy: the navy of the USA patrols and controls commercial maritime routes and offshore oil resources of China through the bases abroad. The White House of Obama and Clinton is in process of creation of forces of quick military response with participation of bases in Australia, Philippines and other countries of Asia. The USA intensifies the efforts to undermining access of China to foreign strategic resources, supporting "national" separatists and "insurgents" in the Western China, Tibet, Sudan, Burma, Iran, Libya, Syria and other countries. Military agreements of the USA with India and establishment of the obedient puppet mode in Pakistan strengthened strategic isolation of China. While China adheres to policy of "harmonious development" and "non-interference to internal affairs of other countries", it did not counteract when the engirdled fighters of an imperialism of the USA and Europe attacked a number of trade partners of China, having in essence nullified peaceful trade expansion of China.

The absence at China abroad served the political and ideological strategy capable to protect its economic interests as an incentive for the USA and NATO to organize the coups hostile to China. Libya where the USA and NATO arranged intervention for the purpose of overthrow of the independent government headed by the president Gaddafi with whom China signed multi-billion agreements on trade and investments became the most accurate example. Bombings of NATO of the Libyan cities, ports and oil industry forced China to evacuate 35,000 Chinese oil producers and construction workers within several days. The same occurred in Sudan where China invested billions of dollars in development of oil industry. The USA, Israel and Europe armed South Sudanese rebels to break supply of oil and to attack the Chinese oil industry workers [52]. In both cases China passively allowed soldiery of imperialists of the USA and Europe to attack the trade partners and to destroy the capital investments.

At Mao Tse Tung China conducted active policy of counteraction of imperialistic aggression, supporting revolutionary movements and the independent governments of the countries of "the third world". And present capitalist China has no active policy of support of the governments and movements capable to protect bilateral trade and investment agreements of China. The inability to resist to the growing wave of military aggression of the USA against the economic interests is connected with deep structural problems of China. The foreign policy of China is formed by the large commercial, financial and industrial capital which relies upon the "economic competitiveness" to receive the share of the market, but has no idea of need to protect global economic positions by forces of military and state securities. The political class of China is under strong influence of the new class of billionaires having strong communications with the western direct investment funds and which noncritical swallowed western "cultural values". The certificate to that is their tendency to send the children to the elite universities of the USA and Europe. They seek "to get on with the West" what it costed.

This total absence of understanding of strategic military construction of the empire leads to the fact that they inefficiently and inconsistently react to each attack of imperialists undermining their access to resources and the markets. Perhaps, the policy "business first of all" worked in China when he was an insignificant player in world economy and builders of the empire of USA considered "discovery of China for capitalism" as an opportunity it is easy to occupy the state enterprises and to plunder economy of China. However when China (unlike the former USSR) decided to retain control of capital flow and to develop carefully verified "industrial policy" pursued by the state sending the western capital and the transfer of technology to the state enterprises which effectively got on the domestic and foreign markets of the USA in Washington began to row and started talking about punishment.

The huge surplus of China in trade with the USA caused the dual answer in Washington: he sold to China the huge volume of bonds of the U.S. Treasury... and began development of global strategy of blocking of development of China. As the USA has no economic levers capable to turn back the decline, they use only "comparative advantage" - the military hegemony leaning on the global system of military bases of attack, network of the foreign puppet modes, helpers of military aggression, "non-governmental" provokers, "intellectuals" and the armed mercenaries [2]. Washington used the huge obvious and secret device of state security for elimination of trade partners of China. Washington uses the traditional ties with the corrupted governments, dissidents, journalists and medial magnates to provide powerful propaganda cover for conducting the military operations against the global interests of China.

China practicing policy of "non-interference" has nothing to oppose to the global "device of safety" of the USA. Even in the conditions of far come imperialistic approach of the West China undertook only separate diplomatic initiatives, such as financing of the mass media representing his point of view in English, use of the veto in the UN Security Council, counteracting the intrigues of the USA directed to overthrow of the independent government of Assad in Syria and introduction of tough sanctions against Iran. It gave a

strict rebuff to the U.S. Secretary of State Hillary Clinton in response to its boorish attacks to legitimacy of the Chinese state when it voted against the American resolution in the UN preparing attack on Syria.

The Chinese military strategists are much more informed and alarmed the growing military threat to China. They successfully demanded 19% of annual growth of military expenses within the next five years (2011-2015). But even at such increase military expenses of China all the same will be less, than the one fifth part of the military budget of the USA, and China has no military base abroad that sharply contrasts with more than 750 US bases around the world. Prospecting operations of China are abroad scanty and inefficient. Its embassies the narrow-minded shopkeepers for the benefit of shopkeepers who do not understand at all the cruel policy of NATO which organized a coup in Libya need to bring to Beijing value of these events for the Chinese state direct.

There are two more structural defects which undermine formation of China as the world power. First, it is very westernized intellectuals which noncritical swallowed economic promotion of the USA about the free markets and in an emphasis does not see their militarized economy. These Chinese "intellectuals" on-popugayski repeat promotion of the USA about "democratic advantages the" of presidential campaigns costing billions of dollars and at the same time agitate for financial deregulation which would lead to merger of the Chinese banks and savings by Wall Street predators. Many Chinese business consultants and teachers got an education in the USA and are under the influence of the communications with the scientific USA and the international financial institutions directly depending on the Wall Street and the London City. They made outstanding career of highly paid consultants, having received prestigious positions in the Chinese institutions [3]. For them by definition "the liberalization of the financial markets promoting deepening of connections with the global markets" is "developed economy", and not the so main source of the current global financial crisis. These westernized "intellectuals" are similar to the comprador predecessors of the 19th century the fact that they underestimate and even deny long-term negative consequences of penetration of the western imperialism. They are not able to understand how financial deregulation in the USA aggravated the current crisis and as deregulation would lead to capture by the West of a financial system of China, redistribution of internal savings of China on unproductive activity (speculation in the real estate), acceleration of financial crisis and eventually blasting the leading world positions of China will be a consequence of what.

These Chinese "yupp" – cosmopolitans imitate all worst – the western consumer lifestyle, and their political views are formed by this way of life and identification with the West that excludes any feeling of solidarity with the working people of the country.

There is also an economic basis of westernized moods of these Chinese neo-compradors. They transferred billions of dollars to accounts in foreign banks, got luxurious houses and apartments in London, Toronto, Los Angeles, on Manhattan, in Paris, Hong Kong and Singapore. They remained one leg in China (where a source of their wealth), and another stepped to the west (where they consume and hide the riches).

Westernized compradors deeply took roots in the economic system of China, having family relations with the political management in the office of party and state. Their communications with military and in the growing social movements are weakest though dissidents' students and "activists of the movement for democracy" get support from the western imperialistic NGO. As compradors strengthen the influence, they weaken force of the public economic institutions, being initiators of formation of China as world power just as they did it in the 19th century, acting as intermediaries of the British imperialism [4]. Under the slogan of liberalism in the 19th century the English opium made addicts more than 50 million Chinese less than in one decade. Under the slogan of "democracy and human rights" warships of the USA patrol at coast of China now. The transformation of China into the world economic power directed for the benefit of elite created scandalous inequality between thousands of new billionaires and multimillionaires at the highest levels and hundreds of millions of poor workers, peasants and migrant workers in bottoms.

Fast accumulation of wealth and the capital became possible thanks to intensive exploitation of workers of China who were deprived of former social protection and protection of the working conditions guaranteed at communism. Millions of Chinese families are exposed to expropriation for the benefit of "investors" now - speculators who then on this earth build office skyscrapers and luxurious apartments for native and foreign elite. This brutal cruelty of the getting stronger Chinese capitalism caused merge of fight of mass of the people for jobs and living space which accrues every year. The slogan of "investors" - speculators "to grow rich - it is fine!" lost the force to deceive people. In 2011 more than 200,000 national protests which captured the industrial cities and villages of the coast took place. Association of this fight in new national social movements on the basis of class requirements of system recovery of national health care and education

existing at communists and also the requirement of a bigger share of richness of China will be the following step which surely will come. Present requirements of increase in salary can lead to requirements of bigger democracy in a workplace. In response to these requirements of the people of China new westernized liberal compradors do not decide to point to "sample" - the empire of USA where there is a process of deprivation of the American working those social guarantees which the Chinese workers try to return themselves.

China which is torn apart by the going deep class and political conflicts which are not able to hold the course in the direction of global economic leadership. The elite of China cannot resist to the growing global imperialistic military threat from the USA having comprador helpers in the environment of the liberal elite of China when the country represents deeply divided society with more and more hostile working class. Time of impetuous exploitation of workers of China has to end that the country could resist to encirclement of China by the military vehicle of the USA conducting economic diversions in its foreign markets. China possesses huge resources. Having more than 1.5 trillion US dollars in a reserve, China can finance the comprehensive system of national health care and education through the whole country [5].

China is able to afford to carry out intensive state programs of housing construction for 250 million migrant workers who live in city slums now. China can introduce the progressive taxation system of profits of new billionaires and millionaires and to finance small family country cooperatives and cottage industry to balance economy. And its program of development of alternative energy sources, such as solar batteries and wind generators are a promising beginning of the solution of serious problems of environmental pollution. Degradation of the environment and the related problems for health became already a subject of concern of tens of millions of people.

Finally the stable political regime based on social justice for hundreds of millions and foreign policy of support of foreign anti-imperialist movements and modes which independence is vital for the interests of China will be the best protection of China against encroachments of imperialists. The active policy based on mutually advantageous economic activity together with military and diplomatic solidarity is necessary. And now the small, but influential group of the Chinese intellectuals brought up a question of the growing military threat from the USA and stated "no" them to diplomacy of gunboats.

Modern China has enough resources and opportunities which were inaccessible to China in the 19th century when it was subdued by the British Empire. If the USA continues to force the aggressive militaristic policy against China, then Beijing can arrange them serious financial crisis, having brought to market bonds of the U.S. Treasury for several hundreds of billions of dollars. China as the nuclear power has to give a hand to the neighbor - Russia which is exposed to similar military threat to reflect and neutralize aggressive cries of the U.S. Secretary of State Hillary Clinton. The President of Russia Putin promises to increase military expenses from 3% to 6% of GDP within the next ten years for counteraction by the arranged Washington on borders of Russia to bases of offensive rockets and for prevention of the coups started by Obama of coups in the countries allies, such as Syria [6].

China has the powerful retail, financial and investment chain stores covering all globe and also strong economic partners. These communications became decisive for further development of many countries in all developing world. At the conflict with China the USA should face opposition of numerous strong market elite around the world. To few what countries and elite is dreamed to connect the future destiny with economically unstable empire founded on militarism and destructive colonial conquests.

In other words, modern China as the world power is incomparably stronger, than it was at the beginning of the 18th century. The USA has no those colonial levers which the ascending British Empire had in anticipation of opium wars. Moreover, many Chinese intellectuals and the vast majority of citizens intend not to allow the current westernized compradors to betray the country. Nothing will accelerate political polarization of the Chinese society and the beginning of the second Chinese social revolution is stronger, than the weak-willed management which will allow the West to begin the new period of imperialistic robbery.

Список использованной литературы:

- 1 Jones R., King R., Klein M. The Chinese economic area: economic integration without a free trade agreement // Economics Department Working Papers No. 124, OECD. Paris 1992;*
- 2 World Bank. Global economic prospects and the developing countries. Washington 1993. P. 66-67.*
- 3 Бергер Я.М. Китайская модель развития и «Большой Китай» // Китай на пути к рынку: модель развития, демография, образование. М., 1996.*

4. Ларин А.Г. «Большой Китай» – замыслы и реальность //Проблемы Дальнего Востока. 1993. № 5.;

5. Берлин Е.В. Строительство «Большого Китая» в контексте китайского национализма // Ученые записки 2001. Дип. Акад. М., 2002 ;

6. Салицкий А.И. Китай –новая система в мировом хозяйстве //Восток. 1999. № 1.

ӘОЖ 930.85

ҒТАМР 03.09.25

Нұрлан Оразхан¹

¹ *Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы*

ВИЗАНТИЯ-ҚАРАХАН МӘДЕНИ СҰХБАТЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа

Мақалада қазақ өркениетінің маңызды кезеңдерінің бірі ретінде Қарахандар мемлекеттілігінің тарихы Византия қоғамындағы құндылықтық бағдарлардың қалыптасуымен тарихи типологиялық салыстырулар жүргізіледі. Аталған мемлекеттердің қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірінің тәжірибесінде қалыптасқан құндылықтардың ерекшеліктері жіктеліп, айырмашылықтары айқындалады.

Осы мәселеге байланысты әл-Фарабидің философиялық трактаттары, Жүсіп Баласағұнның моральдық-этикалық жырларындағы және византиялық тарихшы Михаил Пселлдың шығармаларындағы құндылыққа қатысты ойлар талданады.

Түйін сөздер: құндылықтар, Қарахан мемлекеті, Византия, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Михаил Пселл, қазақ өркениеті

Нурлан Оразхан¹

¹ *преподаватель Международного казахско-турецкого университета*

ЦЕННОСТИ КУЛЬТУРНОГО ДИАЛОГА ВИЗАНТИЯ-КАРХАНИДЫ

Аннотация

В статье проводится историко-типологическое сравнение истории одного из важных периодов развития казахской цивилизации – Каракханидского государства с формированием ценностных ориентаций в византийском обществе, проводится классификация и выделяются различия в особенностях ценностей, сформировавшихся на опыте общественно-политической и социальной жизни этих стран.

По данному вопросу был сделан анализ мыслей и идей о ценностях, представленных в философских трактатах Аль-Фараби, в морально-этических поэмах Юсуфа Баласагунского и произведениях византийского историка Михаила Пселла.

Ключевые слова : ценности, государство Каракханидов, Византия, Аль-Фараби, Юсуф Баласагунский, Михаил Пселл, казахская цивилизация

Nurlan Orazhan¹

¹ *Lecturer at the International Kazakh-Turkish University*

VALUES OF CULTURAL DIALOGUE BYZANTIA-CARCHANIDS

Annotation

The article provides a historical and typological comparison of the history of one of the most important periods in the development of Kazakh civilization, the Karakhanid state, with the formation of value orientations in Byzantine society, classifies and distinguishes differences in the peculiarities of values generated from the experience of the sociopolitical and social life of these countries.

On this issue, an analysis was made of thoughts and ideas about the values presented in the philosophical treatises of Al-Farabi, in the moral and ethical poems of Yusuf Balasagunsky and in the works of the Byzantine historian Mikhail Psellos.

Keywords: values, Karakhanid state, Byzantium, Al-Farabi, Yusuf Balasagunsky, Mikhail Psello, Kazakh civilization

Соңғы жылдардағы ғылыми ойда қазақ ұлтының әлемдік қауымдастықтағы орны мен даралығын айқындайтын «қазақ өркениеті» деген тұжырым орнықты. Оның мәні – «ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алып (сақ, үйсін, ғұн, орта ғасырлардағы түркілік дала империялары, Алтын орда, Ақ орда, т.б.), кейінгі қазақ хандығы уақытында қалыптасқан түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этно-мәдени бірлестік» [1, б. 113]. Қазақ өркениеті тарихын хронологиялық және рухани-ділдік негіздерде қарастыра отырып, он екі хронологиялық кезеңге топтастырғанда реттік саны бойынша алтыншы кезеңде Қарахандар мемлекеттілігі аталады [2, 135, б. 277-278]

Демек, қазақ өркениетінің маңызды кезеңдерінің бірі ретінде Қарахандар мемлекеттілігінің тарихын хронологиялық сәйкестігіне қарай Византия қоғамындағы құндылықтық бағдарлардың қалыптасуымен тарихи типологиялық салыстырулар жүргізе аламыз.

Тарихи үдерістерде қазақ өркениетінің Византия мәдениетімен арадағы мәдени сұхбатының болғандығы оның ұлттық тарихтың дәстүрлі деректері – ежелгі жыр-аңыздарда осы сұхбаттың сұлбасы «Ұлың кетті Ұрымға, қызың кетті Қырымға» немесе «Балқан, Балқан, Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген мазмұнда сақталып келгендігін айтсақ болады. Ал Алтын орда дәуірінде Византия мемлекетімен дипломатиялық байланыстар жасалып, елшілік, сауда-саттық қатынастары орнағандығын тарихи деректер айғақтайды. Біздің мақсатымыз, осы мәдени сұхбаттың құндылықтық даму бағдарларына салыстырмалы талдау жасау болғандықтан да мәселенің тарихи қатпарларын арнайы қарастырмаймыз.

Қазақ өркениетінде мемлекеттік құрылыс пен саяси билік мәселесі үлкен маңызға ие болғандығы жөнінде Н.Келімбетов «Ежелгі түркі дастандарының ту етіп көтерген негізгі идеясы – елдің тәуелсіздігі үшін жан аямай күреске шығу болды» [3, б.16] деген тұжырым жасайды. Саяси құндылықтың өзегі ретінде ел тәуелсіздігі Күлтегін, Тоныкөк, Қорқыт жырларынан басталып, әл-Фарабидың трактаттарында ғылыми мазмұн алса, Жүсіп Баласағұнда, Махмұд Қашқари еңбектерінде дүниетанымдық ой-сана көрінісі ретінде шындала түсті. Н.Назарбаев тарихи ойлармен өрілген еңбегінде «сол замандағы оның рухани аспанында жарқырап жүрген үш жарық жұлдыз – Сыр бойында әл-Фараби, Жетісуда Жүсіп Баласағұни және Махмұд Қашғари» [2, б. 277-278] сияқты алыптардың болғандығын атап көрсетеді.

Әбу Насыр әл-Фараби де елдің бірлігі мен тұтастығы, елдігі мен кемелдігі, азаматтығы мен адамгершілік ізгі мұраттары жайындағы көзқарастары топтастырылған трактаттарында «ел болу» деген идеяның бүтін құрылымы жүйеленіп, жеке мемлекет, кемел қоғам құру сияқты іргелі мәселелердің алғышарттары айқындық тапқанын аңғарамыз.

Әл-Фарабидің қайырымды қала туралы тұжырымында елдік идея тұғыры «... адамдар бәріне ортақ жерге қоныстанып, біріксе, онда бәріне ортақ қоныс қайырымды қала болып табылады» [4, б.410] деген мазмұнда айрықша нақтылық сипат алады. Қонысты ортақ етпей, бытыраңқылыққа ойысқан халықты әулама «бұратана» санатына қосып, оларды «бақытсыздыққа ұшырағандар» қатарына жатқызады. Әл-Фарабидің түсінігінде парасаттылықтың шыңына тек қайырымды қоғамда қол жеткізуге болады. Осылайша, қайырымдылық құндылығы қоғамның дамуында ең өзекті факторға айналдырылады.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» трактатында биліктің киелілігі туралы тұжырымдарын өзі арман еткен қайырымды қоғамды басқарушы әділетті билеуші бейнесін сомдау арқылы негіздейді. Ол «басқа біреудің басшылығын мүлдем керек етпейтін ғылымдары мен білімдерінің мүлдем жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде жетілген адам. басқалардың бәріне тамаша басшылық етуге қабілетті» [4, б. 426] деп, қайырымды қаланы басқарудың тізгінін рухани кемелденген, ізгі әрі көреген тұлғаға ұстатумен ғылымы ақылымен басқарылатын, берік те іргелі қоғамға, елдікке деген аңсары сезіліп тұрады.

Әл-Фараби биліктің кемелділігін арттыруда ізгілікті билеушінің қоғамды басқарудағы қызметінің мәнін «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» трактатында жан-жақты атайды. Мұнда ол билеуші қызметін дәрігер еңбегіне ұқсатады. Айталық, «Жалпы саулығына немесе көзқарастарына қарай мемлекет қайраткері немесе әмірі бүтін жанды, оның бөлшектерін, жанға және оның әрбір бөлшегіне зиян келтіретін кемшіліктер мен кеселдерді, олардың қайдан және қалайша не себеп салдардан

туатынын білуі керек» [4, б. 512] деп қайырымды қала тұрғындарының әрбір игілікті істерді атқарғандағы жай-күйлерін, қайырымдылықты қалай нығайтудың жолдарын көрсетеді.

Әрине, құндылықтар ауқымды категория болғандықтан ол салыстырмалы бағалауды қажет етеді. Әл-Фараби де осы тәсілге жүгініп, қайырымды қала тұжырымына нақтылық беру үшін оған қарама-қарсы надан қала, адамгершіліксіз қала, адасқан қала туралы ұғымдарға да тоқталады. Осы сипаттағы қала тұрғындарының кемшіліктерін санамалап береді. «...әдемі бастамаға сеніп, бақытты қиялдап, соған сеніп, бақытқа жеткізетін әрекеттерді басшылыққа алып, оларды біле, сене тұрып, бірақ сол әрекеттердің бірде бірін орындамайтын, сый-құрметіне, жеңіске және сондайларға жетуге бейім тұратын, өздерінің барлық әрекеттерін және қабілеттерін соған бағындырып, жалған түсініктер мен бақыт туралы шын бақытқа сәйкес келмейтін түсініктер қалыптастыратын» [4, б. 425] тұрғындардың мақсатқа жете алмайтындығын айқындап, елдіктен айыратын бұндай жалған құндылықтардың жетегіндегілерді бодандық сана иелері деп бағалайды. Осындай қоғамның басшыларын әлеуметтік-психологиялық сипаты бойынша «... жұрт қадірлесін, құрметтесін деп, дүниені үсті-үстіне жинай беруді, басқа ешбіреуге емес, тек өзіне ғана тән заттармен өзін-өзі зор тұтады... анағұрлым қатал, аяусыз келеді. Бұлар қала жұртының көз алдында өз байлығына масаттанады, ойын-күлкіге, тамашаға беріледі» [4, б. 424] деп сомдайды.


Реті келгенде «қала-мемлекеттер» ұғымына түсінік бере кетейік. Осы ұғымға айқындық беруде «Қарахандар мемлекеті дегеніміз, Қарлық мемлекетінің іштей дамуының нәтижесі, яғни жаңа дамыған бытыраңқы қала-мемлекеттерге ұласуы» деген тұжырым жасай отырып С.Сыздықов – әл-Фараби осы мемлекетті жетілдіру мақсатында «Қайырымды қала» атты философиялық трактатын жазды. «Мемлекет» емес «қала» деп атауы да осы қала мемлекеттерге байланысты» деген болжам жасайды [5, Б. 180-181].

Әдетте «мұсылман ренессансы» туралы сөз болғанда түркі халықтарының атқарған рөлі жөнінде ештеңе айтыла қоймайды – дей келіп, С.Сыздықов «араб-мұсылман елдерінің зор ықпалын теріске шығаруға болмайды. Алайда біз сөз етіп отырған әуелгі ортағасырда түркі халқы тамаша мәдени жетістіктерге жеткені және олар мұсылман – «араб әлемі» мәдениетіне үлес қосып қана қоймай, оны өзінің туып, дамуына белгілі бір дәрежеде алғышарттар дайындағандығын баса атап өту қажет» [5, б.235] деп тұжырымдайды. Түркі-ислам өркениетіне осындай ықпал жасаған Қарахан мемлекеті «ХІ-ХІІ ғасырларда өлкенің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында болған этникалық-саяси үдерістер қазақ халқының құрылуында елеулі рөл атқарды» [6, б.404].

Византия мен Қарахан мемлекетінің қоғамдық-саяси дамуына салыстырмалы талдау жасағанымызда алыс тарихымызда орын алған осындай сабақтастықты негізге аламыз.

Кесте № 2

Византия мен Қарахан мемлекетіндегі жер иелену түрлері



Византия мен Қарахан мемлекетінің әлеуметіне құрылымындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау мақсатында түзілген кесте әлеуметтік жіктелудің өзегіне айналған жер қатынастарының қалай шешілгендігін айғақтайды. Кестеден көріп отырғанымыздай екі мемлекеттің жер иелену

түрлері өте ұқсас. Әйтсе де олардың ерекшелігі жерге деген меншіктік қатынастардан туындайды. Византияда осы кезеңде жеке меншік институтының қалыптаса бастауына сай жер сатылатын және сатып алынатын тауарға айнала бастады. Осылайша жер иелену нарықтық қатынастардың өзегін құрады. Ал қарахандықтар қоғамында жер иемденген «Муктадарлар иктаны өздеріне мәңгі мұрагерлікке бекітіп алуға тырысқанымен» [5, б.186] олардың әрекеті жерге жеке меншікті қуаттамаған мемлекет тарапынан қолдау таба алған жоқ. Нарықтық қатынастардың батыстық және шығыстық үлгілерінің жолайрық сәті деп бағалауға болатын осы құбылыс қоғамның әлеуметтік құрылымдарына да ықпал жасағандығын аңғарамыз. Батыстық үлгіде нарықтық қатынастар құқықтық негізде орнығып, дамыған болса, шығыстық үлгіде моральдік-этикалық негіз үстемдік алды. Міне, экономикадағы осы басты ерекшелік рухани құндылықтардың да екі түрлі бағытта өрбуіне негіз болды.

Әл-Фараби қоғам дамуындағы құндылықтық бағдарлар туралы білім жүйесін сол заманда жоғары деңгейге көтерді. Оның философиялық және әлеуметтік сипаттағы ғылыми еңбектері түркі-ислам ақыл-ойының биік шыңы болғандығын айта отырып, ғұламаның бұл деңгейге өзіне дейінгі антиктік мәдениет жетістіктерін тану және оны дамыту арқылы қол жеткізгендігін атап айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда әл-Фарабидің даналығын ежелгі мәдениеттің жаңа қоғамдық-саяси жағдайда жаңғырып, түрленуімен бірге оны ақыл-ойдың жаңа деңгейі деп бағалаймыз. Оның қоғамдық құндылықтар жүйесін ғылыми жіктеп, оларға мазмұндық айқындық берген еңбектері түркі өркениетінің биік жетістігі ретінде әлемдік ақыл-ойға үлкен үлес болып қосылуымен бірге ата-жұрты түркі халықтарының мәдени-рухани дамуында дәстүрлі түрде жалғасын тапты.

Әл-Фараби философиясының бір жетістігі – оның зиялы адамның идеялық үлгісін жасағандығы. Ол «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы атты» трактатының «Ізгі қала басшыларының қадір-қасиеті туралы» тарауында ел басшысы боларлық абзал азаматтың қандай болуы қажет деген мәселені шешуге ұмтылады.

Араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басшылары әміршісі «сегіз қырлы бір сырлы» – білім парасаты, мінез-құлқы барынша кемел азамат болуы бірінші шарт болып қойылған [7, б.148]. Ғұлама ойшыл бұл мәселені тереңнен тарқатып, ізгі адамдарға лайықты асыл қасиеттерді тәптіштеп талдайды. Әл-Фараби бұл тұрғыда «басшы адам өз бойына туа біткен он екі қасиетті ұштастыра жетілуі қажет» деген тұжырымдар мен қағидалар ұсынады. Солардың арасында билеуші «жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет» [7, б.149] екендігін атап өтеді. Бұл тұжырымдар мен қағидалар билеуші тұлғасына қойылатын талап әрі болашақ әміршіні тәрбиелеудің өлшемдері.

Оның X ғасырда айтқан ойлары бір-біріне тікелей ықпалы бола қоймаған XI ғасырдағы византиялық ағартушы, педагог Михаил Пселлдың педогогикалық ойлары мен әрекетінде жалғасын табуын кездейсоқтық деп емес, құндылықтық бағдардың ортақтығы заңдылығынан деп тануымыз керек.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадұғу білік» еңбегінде ел билеушісінің қандай болуы мәселесіне баса мән берген. Оның көзқарастарында Фердоуси «Шахнамасының» кейіпкерлері Анушерван, Зохан, Феридун, Рүстем, Афрасиаб (Алып Ер Тоңа) және т.б. тұлғалардың өнегесі ізгілік жасаушылар ретінде сомдалады да ол ізгілік құндылықтың өлшемдері әділдік, мейірбандық, ержүректік болып айқындалады және билеушінің асыл қасиеттері ретінде дараланады.

Жүсіп Баласағұнның этикалық көзқарастарынан Ибн-Синаның мемлекеттің тәрбиелік қызметі, қоғамды саламаттандыру жағдайы ретінде ізгілік нұрын себегін билеуші тәрізді және өзге де әлеуметтік мәселелерді жан-жақты терең зерделегенін көруге болады [8, б.180].

Зайырлы-рационалистік этикадағы әділдік құндылығы – елді басқарудың ең басты шарты болмақ. Осыған байланысты Жүсіп Баласағұн

Бектік берік – әділ заңның жөнімен,

Бектік тегі – әділдікпен көрінер,

Бек елінде тура заңды ұстаса,

Бар тілекке қолы жетер намыспен (820 бәйіт), [9, б.149] деп жырға қосады.

Ол әділдік құндылығы билеуші үшін бәрінен де жоғары екендігін Күнтудының атымен былай тұжырымдайды:

Ұлым ба, әлде жақын ба, алыс па,

Кештеу жүрген жекжат па, әлде таныс па?

Заң алдында бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, болмайды ешбір келісім.
Біл, әділ заң - басшылықтың тұғыры,
Бегі әділ ме? Берік елдің жұлыны! [9, б 149].(815 бәйіт)

Бұл жерде аталып отырған Бек – елдің билеушісі, мемлекет басшысы.

Жалпы, Византия қоғамында қалыптасқан жалпыадамзаттық құндылықтық бағдарлар – антиктік мәдениеттің философиялық ақыл-ойын сақтап, оны одан әрі дамытқан арабтілді философияға едәуір дәрежеде тәуелді болғандығы белгілі. Адамзаттың рухани әлемінде қалыптасқан және дамыған идеялар мен құндылықтарға әлеуметтік өмірдің әртүрлі маңыздылықтары мен мағыналы дүниелеріне терең маңыз аударып, олардың өз заманына ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ пен өркениетке де өзектілігі зор екендігін атап көрсетіп, бағамдап беріп отыратын көрнекті тұлғалар болады. Солардың қатарына әл-Фарабиді жатқызамыз. Ол материалдық Ғалам мен Рухани дүниедегі, ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, ерекше қасиеттерді, айрықша сипаттарды рухани құндылық ретінде өрнектей білген жасампаз жан [8, б .101].

Әл-Ғазали, ибн Сина, ибн Рушд, ибн Баджа, ибн Туфеиль сияқты мұсылмандық дүниенің және ортағасырлық христиандық ортаның кейбір ойшылдары әл-Фарабидің мұрасымен таныс болған және оны одан әрі өрбіткен. Дегенмен, XI ғасырдағы Византия ойшылдары, соның ішінде Михаил Пселлдің әл-Фараби мұраларымен тікелей танысқандығы жөнінде деректер жоқ. Әйтседе, олардың философиялық ойларында ұқсастықтар мен сабақтастықтарды кездестіруге болады.

Біз, зерттеуімізде Византия қоғамындағы құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы мен тарихи үдерістегі атқарған рөлі бойынша талдау жасауды мақсат тұтқандықтан да әл-Фарабидің шығармашылығына оның құндылыққа қатысты ойларына ғана тоқталдық. Айталық, ол өзінің әлеуметтік-этикалық трактаттарында адам мен қоғам ізгі мақсаттарға жету үшін ізгілікті игіліктерге, шынайы құндылықтарға арқа сүйеуі қажеттілігін баса айтады [10, б.333].

Жалпы түркілік ділдің танымдық және әрекеттік басымдылығын білдіретін этикалық ұстанымдарды сараптау барысында әл-Фарабидің этикалық жүйесінде аксиологиялық ұғымдардың жетекші рөл атқаратынын байқаймыз. Осыған орай кемелденудің, жетілудің адам тұлғасына қатысты тетігін байыптауда «ықтиярлылық» ұғымының маңыздылығы айқындала түседі. Ықтиярмен қадам жасау – шын мәнінде адам еркіндігінің ғажап көрінісі, ол тұлғалық жасампаздықтың, шығармашылықтың қайнар бастауы. Ықтиярлылық шектелген жерде табиғи инстинктер ауқымының логикасы ғана жұмыс істей алады. Әл-Фарабидің діни антропологиясы осы мағынадағы түсініктерге қарай бағытталған интенциясымен құнды [8, б.104].

Осы жерде атап өтетін бір мәселе, түркі руханияты – ғасырлар бойы қордаланған әлемді рухани игерудің өзіндік тәжірибесі. Оның ерекше дүниеге қатынас сипатында қалыптасуына және тұтастанған жүйе ретінде көрініс беруіне негіз болған дүниетанымдық эмбебаптардың рухани құндылықтар қатарына еркіндік пен әділеттілікке деген түркілік менталитеттің ұмтылысын жатқызамыз. Осы этикалық-аксиологиялық іргетас, жалпытүркілік рухани болмыстың негізін қалады, оның тарихында талай ойшылдардың дүниеге келуіне арқау болды. Түркі руханилығы әл-Фарабидің шығармашылығы арқылы исламдық іліммен астаса отырып, көне антикалық рухани мұраға назар аударады. Бұл тарихи кезең мұсылмандық білім беру мен ағартушылықтың гүлденуімен сипатталады.

Құндылықтарды өзіне жақын қабылдайтын адам және оны іс жүзінде тәжірибеде қолданатын кісі үнемі рухани даму жолында болатындығы әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұнилардың тұлғалық, шығармашылық сабақтастығынан танылады. Олардың әрекеті әлеуметтік кеңістік пен уақыттан орын алуы, сол кезеңнің ғана құндылықтарын мойындауымен шектелмейтіндігіне айғақ болады.

Қорытынды ретінде айтарымыз, XI ғасырдағы Византия қоғамында мемлекеттік құрылыс пен саяси билікте болған өзгерістер ескі мен жаңаның синтезі ретінде көрініс тапты. Осы өзгерістердің табиғатын қоғамдағы құндылықтық бағдарлардың ауысуы арқылы жете түсінуге болады. Саяси билік ауысқанымен қоғамдық өмірдің дамуына ықпал жасап келген құндылықтық бағдардың өзгеріске түсе қоймауы, сол сияқты қоғамдағы озық және өміршең құндылықтық бағдарды ұстанған саяси билік қоғам дамуында жақсы нәтижелерге жеткендігі аңғарылады. Қоғамдағы құндылықтық бағдарлар саяси конюнктураға ықпал етіп, тұрақты сипат алған. Бұл жағдай қоғам дамуының болашақ бағдарын айқындады. әл-Фараби мен Михаил Пселл жазбаларына талдау жасай отырып антиктік мәдениеттің негіздері Византия және түркі-ислам мәдениетінде трансформацияланып, құндылықтық

бағдарларына сай екі бағытта дамығандығына көз жеткіземіз. Саяси құндылықтар Византия қоғамында құқықтық негізде орнықса, түркі-ислам әлемінде этикалық-әлеуметтік нормалар сипатында қалыптасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік /құрастырған Т.Ғабитов, А.Құлсариева және т.б.– Алматы: Паритет, 2004. – 320 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б
3. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Алматы, 1998
4. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы: Арыс баспасы, 2000
5. Сыздықов С.М Қарлық-Қарахан мемлекеті: Саяси тарихи және мәдени мұрасы. Монография.- Астана: «Фолиант, 2015. – 328б
6. Қазақстан тарихи (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010, - 544б.
7. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі, жетекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 2002. – 176 б.
8. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір /З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен, – Алматы: ҚРБҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. 400 б.
9. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік (көне түркі тілінен аударған, алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. -640 б
10. әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары туралы //әл-Фараби.әлеуметтік-этикалық тарктаттар. – Алматы: Ғылым, 1975-420 б.

УДК 11.25.40:
ГРНТИ 03.01.17

Ж.Қ. Идрышева¹,

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан,
idrysheva7@gmail.com

А.Т. Кульбаева²

²әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан,
kulbaevaa700@gmail.com

**БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІ
(XX ғ. екінші жартысы)**

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы, ЕО көші-қон үдерісі мәселесі, оның ішінде кезеңдері, түрлері, сипаты қарастырылған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропаның өнеркәсіпті дамыған елдері иммиграция аудандарына айналды. Миграциялық үдерістердің дамуында үнемі маңызды рөл атқарушы экономикалық факторлармен қатар миграция бағыттарын анықтауда енді саяси факторлар маңыз ала бастайды. Ғылыми-техникалық төңкеріс халық қозғалысының күшеюіне, яғни миграцияның өзіндік жаңа түріне –жоғарғы дәрежеде мамандандырылған мамандарды өзіне тартуға әкелді. Еуропаға шетелдік жұмысшы күші ағылуының күшеюіне байланысты оңшыл және ультрарадикалды партиялар ықпалының өскенін көруге болады. Миграция әлеуметтік-экономикалық сипаттағы құбылыс. Өркениетті түрдегі миграция экономикалық жағынан тиімді болмақ. Егер, бұл үрдіске қатысушы азаматтар әлеуметтік жағынан берік қорғалса, онда ол екі жақты пайдалы болмақ. Иммиграция - қажетті, табиғи, заңды үдеріс.

Түйін сөздер: миграция, иммиграция, эмиграция, көші-қон үдерісі, Еуропа, Еуропалық Одақ

Идрышева Ж.Қ.¹

*¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
idrysheva7@gmail.com*

Кульбаева А.Т.²

*²Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
kulbaevaa700@gmail.com*

МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В СТРАНАХ ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЫ (вторая половина XX в.)

Аннотация

В данной статье рассмотрена проблема миграционных процессов в Западной Европе, странах ЕС во второй половине XX века, в том числе его этапы, типы и характер. После Второй мировой войны промышленно развитые страны Западной Европы стали зонами иммиграции. Наряду с экономическими факторами политические факторы в развитии миграционных процессов становятся все более значимыми. Научно-техническая революция привела к усилению народного движения - нового типа миграции, а именно к высокой степени привлечения специализированных специалистов. Поскольку поток иностранных рабочих в Европу увеличился, можно увидеть возрастание влияния правых и ультранационалистических партий. Миграция – это социально-экономическое явление. Цивилизованная миграция будет экономически выгодна. Если граждане, участвующие в процессе, социально защищены, это будет выгодно обеим сторонам. Иммиграция-необходимый, естественный, закономерный процесс

Ключевые слова: миграция, иммиграция, эмиграция, миграционный процесс, Европа, Европейский Союз

Idrysheva Zh.K.

*Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan
idrysheva7@gmail.com*

Kulbayeva A.T.

*Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan
kulbaevaa700@gmail.com*

MIGRATION PROCESSES IN COUNTRIES OF WESTERN EUROPE (second half of the 20th century)

The article considers the problem of the EU migration process in Western Europe in the second half of the 20th century, including its stages, types and character. After World War II, the industrialized countries of Western Europe became immigration zones. Along with economic factors, political factors in the development of migration processes are becoming increasingly important. The scientific and technological revolution led to the strengthening of the national movement – a new type of migration, namely, to a high degree of involvement of specialized specialists. As the flow of foreign workers to Europe has increased, one can see an increase in the influence of right-wing and ultranationalist parties. Migration is a socio-economic phenomenon. Civilized migration will be cost-effective. If the citizens participating in the process are socially protected, it will be beneficial to both parties. Immigration is a necessary, natural, logical process.

Keywords: migration, immigration, emigration, migration process, Western Europe, European Union

Қазіргі әлемде өз елінен заңды түрде кетуге – тұратын жерін ауыстыру құқы – барлық жерде дерлік фундаментальды адам құқықтарының бірі болып танылады. Адамдардың еркін қозғалысы тауар, қызмет көрсету, капиталдың еркін қозғалысымен бір қатарда қарастырылады. Миграция өзінің табиғи қозғалысымен қатар халықты өндірудің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Елдегі аймақтың әкімшілік шекаралары арқылы адамның тұрақты мекенін ауыстыруы деп анықтауға болады.

Американы жаулап ала бастаған кезден бастап Еуропа дәстүрлі эмиграция континенті болды. 1850-1960 жж. Батыс Еуропадан 1910 ж. оның халқының 18 пайызын құрайтын шамамен 55 млн. адам кетті. Алайда екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропаның өнеркәсіпті дамыған елдері иммиграция аудандарына айналды. 80-ші жж. ортасында иммигранттар халықтың Швейцарияда-14.4% , Бельгияда- 9.1%, Францияда-8.1%, Швецияда – 7.8%, ГФР-де-7.1%, Ұлыбританияда – 7%, АҚШ-та – 6% құрады [1 – 6, С. 60.].

XX ғ. екінші жартысында Батыс Еуропадағы националистік феноменнің эволюциясы бірінші кезектегі бірнеше факторлардың әсерімен өтті. Солардың бірі – иммиграция болып табылады. 50-60-шы жж. ЕО мүше-мемлекеттер үшінші әлем елдерінен шыққандардың жаппай ағылуы социомәдени шок туғызды және бірінші кезекте мемлекетті құраушы этнос деңгейінде (француз, неміс, ағылшындар және т.б.) ұлттық реакцияны туғызды. Еуропалық емес иммигранттар өте осалдау келеді және осыдан келіп дәстүрлі – ұлттық агрессияның нысанына айналады. 90-жж. басына қарай ЕО елдеріндегі заңды иммигранттардың саны 17 млн. (Еуропалық Одақ халқының шамамен 5%) адамға жетті [2 - 137, 1992, ноябрь-декабрь, С. 13.]; иммиграция ұлттық белсенділік мотивациясының негізгі элементтерінің бірі болып қалып отыр: 1997ж. Еуропалық Одақ (орташа) халқының 85% елдерінде тұратын шетелдіктердің саны өте үлкен деп (оның 45% тым үлкен деп пайымдаған) санаған [3 - 135, 1997, №48, Р. 71].

Иммиграция - қажетті, табиғи, заңды процесс. Еуропадағы иммиграцияның мынадай кезеңделуін беруге болады: 50-ші – 60- шы жж. аяғы – еңбек иммиграциясына “мемлекеттік тапсырыс”; 60-шы жж. аяғы – 70-ші жж. аяғы – иммиграциялық контингентті қысқарту қадамы; 80-ші жж. – “тепетеңдік” саясаты; 90-шы жж. басы – иммиграциялық саясаттың “каталдануы”; 90-шы жж. екінші жартысы – иммиграция болашақтың саясаты ретінде.

Батыс Еуропадағы өнеркәсіпті дамыған елдердегі шетелдік жұмысшылардың ұйымдастырылған уақытша жалдау жүйесі (СОВН-система организованного временного найма) қарастырылуы көлемді күрделілігімен ерекшеленеді және өзіндік белгілері бар: біріншіден, барлық өнеркәсіпті дамыған елдер түрлі типтегі миграцияға тап болды («гастарбайтер», отарлардан келген шетелдік жұмысшылар, өнеркәсіпті дамыған елдерден келген мамандандырылған шетел жұмысшылары, босқындар); екіншіден, барлық елдер ерте ме кеш пе уақытша контрактацияны басынан өткізді; үшіншіден, барлық өнеркәсіпті дамыған елдер шетелдік жұмысшылардың елге енуіне тыйым салу сатысынан да шамамен бір мезгілде өтті (негізінен 1973 ж. мұнай дағдарысынан кейін және одан кейінгі төмендеуде); төртіншіден, бірде бір өнеркәсіпті дамыған елдер – реципиент шетелдік жұмысшылар уақытша шетелдік жұмысшылар сол елдің тұрақты тұрғыны болып қалатынын күтпеген еді. Оның үстіне сол елдегі билік пен кәсіпкерлер уақытша жұмысшы күшінің икемді қайнар көзіне мүдделі болды.

ЕЭҚ құрылғаны туралы Рим келісім-шартының 48-51 баптарында Қоғамдастықтың барлық еңбекшілері еңбекке құқылы және ЕЭҚ-ға мүше-елдердің кез-келгенінде бола алатындығы, еңбекшілерді ұлттық белгісіне қарай, жұмыспен қамтамасыз етуде және әлеуметтік қамсыздандыруда қандай да бір болмасын кемсітушілікті жою қарастырылған [4 - 111, С.132-133.]. ЕЭҚ министрлер кеңесінің 28-ші сессиясында (1960 жылдың басы) ортақ нарық шеңберінде жұмысшы күшінің еркін қозғалысын енгізу туралы айтылады.

Бірінші кезеңде (1961 жылдың мамырынан 1964 жылдың сәуіріне дейін) қозғалыстың жекелеген еркіндігі қарастырылады. ЕЭҚ мүше-мемлекеттер азаматтары Қауымдастықтың белгілі бір еліне жұмыс берілгені туралы құжаттың негізінде визасыз шыға алды, алайда осы аталған кезеңде жергілікті жұмысшылардың басымдылығы сақталынды. Еңбекші-мигранттар келген елінде тек 3 жыл еңбек еткеннен кейін ғана мамандығын өзгерте алды, ал жергілікті жұмысшылардың негізінде кез-келген жұмысқа тұруы тек 4 жыл өткеннен кейін ғана мүмкін болды. Олар кәсіпорынның басшылық органдарына сайлануға және кәсіподақ қызметін атқаруға құқылы болмады.

Екінші кезеңде (1964 жылдың мамырынан – 1968 жылдың шілдесіне дейін) жергілікті жұмысшылардың Қоғамдастық елдерінен келген иммигранттардың алдындағы артықшылықтары незігінен жойылды. Шетелдік жұмысшылар жағдайларының құқықтық аспектілері де біршама жақсарды десе болады. Вакансия жөніндегі ақпараттар бірінші орынға қойылуы туралы Ереже енгізілді (иммиграция елі Қоғамдастықтың басқа мүшелерін құлақтандырғаннан соң тек 15 күннен кейін ғана «3-ші» мемлекетке ақпарат беру). Бұрынғы фронтальерлер мен маусымдық жұмысшыларға да таралды.

Үшінші кезеңде (1968 жылдың шілде – қазан) ЕЭҚ елдерінің еңбекші мигранттары жалдану, жалақы және еңбек жағдайларына қатысты жергілікті жұмысшылар құқықтарымен теңестірілді. Бұдан басқа олар ЕЭҚ министрлер кеңесінің қаулысына сай кәсіподақтарға қатысу, салықтық жеңілдіктер және әлеуметтік қамтамасыз ету, оқу мен біліктілігін жетілдіру, иммиграция еліне жанұя мүшелерін бірге алып келу, баспанаға ие болу құқықтарын алды. ЕЭҚ-ның бір елінен екінші еліне қоныс аудару үшін (кем дегенде 5 жылға) сол елде тұруына рұқсат етілген құжаты болса болғаны.

Шетелдік жұмысшылардың келуінің бірінші толқыны 50-ші жылдарға келеді, яғни Батыс Еуропадағы миграцияның жағымда сальдосы 500 мың адам болады. Екінші толқын кезеңінде (1964-1983) аймақтағы сальдо 2.32 млн. адамды құрайды. Бұл кезеңдегі шетелдік жұмысшылар ағымы Франция халқының 37% және ГФР халқының 90% өсуін қамтамасыз етті. Мысалға, көп дайындықтан кейін 1955 жылы желтоқсанда ГФР Италиямен итальян жұмысшы күшін пайдалану туралы келісімге қол қояды. 1960 ж. бұндай келісімдер Испания және Грециямен, 1961 ж.Түркиямен, 1964 ж.Португалиямен, 1968 ж.Югославиямен жасалды [5 - 4, С. 79.].

ГФР,Франция,Нидерланды және Бельгия елдері дағдарыс жағдайында шетелдік жұмысшылардың отандарына өз еріктерімен қайтуына қолдау көрсетті. Австрия,Швейцария және ГФР елдері үкіметтері шетелдік жұмысшылар жалдау бойынша қысқа мерзімдік контрактілеріне бақылау орнатты.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда халық көші-қонының сипаты біршама өзгерді. Миграциялық үрдістердің дамуында үнемі маңызды рөл атқарушы экономикалық факторлармен қатар миграция бағыттарын анықтауда енді саяси факторлар маңыз ала бастайды (жаңа мемлекеттердің құрылуы, шекаралардың өзгеруі,ұлт-азаттық күрес, түрлі елдердегі саяси-экономикалық өзгерістер және т.б.). Кейде миграция ұлттық және діни мотивтермен байланысты. Халық миграциясы екінші дүние жүзілік соғыс кезінде кең көлемге ие болды. Жаппай қоныс аудару ұйымдастырылмаған қашумен және соғыс болып жатқан аудандардан бейбіт тұрғындардың эвакуациясын ұйымдастырумен байланыстырады. Соғыстан кейінгі жылдары осы қоныс аударушылардың басым бөлігі өздерінің бұрынғы қоныстарына қайта оралды. Сонымен қатар әскери тұтқындардың, фашистік оккупацияға уақытша ұшыраған аудандардан гитлершілердің күшпен әкеткен адамдарының басым бөлігі отандарына қайтып оралады. Батыс Еуропада тек қоныс аударушы топтар ғана қалды (негізінен Шығыс Еуропа елдерінен), кейіннен көпшілігі АҚШ,Австралия, Канадаға және т.б. еуропалық емес елдерге (Еуропада негізінен Ұлыбритания,Франция,Бельгия және ГФР 200 мың адам қоныс аударушы немесе олардың жалпы санының шамамен 15%) қоныс аударды.

Фашистік Германияның жеңілісінен кейін Польша мен Чехословакиядан 10 млн. дерлік немістер ГДР мен ГФР және Батыс Берлинге қоныс аударуы ұйымдастырылды. Осыған сәйкес немістер босатқан аудандарда шамамен 5 млн. поляктар мен 2.3 млн. чехтар қоныс тепті [6 - 96, С. 46-47.].

Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі жылдары қоныс аударушылар үшін тартымды – АҚШ,Канада,Австралия, Жаңа Зеландия, Оңүстік Американың кейбір елдерінде иммиграцияны шектейтін заңдық шаралар қабылдана бастайды. Мысалы, шетелдік Еуропадан 1921-1930 жж. 5.9 млн.адам, 1931-1939 жж.тек 1.2 млн.адам, ал екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі жылдары 11 млн.дерлік адам эмиграцияланады. Еуропалық мигранттардың негізгі бөлігі Америка елдеріне қарай бағыт алды: 1946-1982 жж. АҚШ-қа 3.3млн.(негізінен ГФР,Ұлыбритания,Италиядан), Канадаға-2 млн.адам (Ұлыбритания, Италия, ГФР, Нидерланды), Аргентинаға-1 млн.(Италия, Испаниядан), Бразилияға-800 мың (Португалия, Испания, Италия), Венесуэлаға-500 мың (Италия, Испаниядан).Сонымен қатар Еуропадан басым көпшіліктің Австралияға (1946-1982 жж.-1.7 млн. – негізінен Ұлыбритания, Италия, ГФР-дан) және Жаңа Зеландияға (260 мың) қоныс аударды [7 - 139, С. 48.].

БатысҮндістаннан негрлер мен мулаттардың (басым бөлігі Ямайкадан) және Батыс Африка негрлері, сонымен бірге Ұлыбританияға бұрынғы ағылшын отарларынан үндістер мен басқа да топтардың, солтүстік Африка елдерінен арабтардың Францияға, Ұлыбритания, Нидерланды және ГФР тұрғындарының Оңтүстік Африка Республикасына, жапон, қытай, индонезия, филиппиндіктер және басқа да Азия елдерінен шыққандар АҚШ-қа ағылуы белгілі бір көлемде маңыз алды.

Сонымен қатар соғыстан кейінгі жылдардағы саяси өзгерістер Еуропаның кейбір елдеріне кеткеннен гөрі мигранттар көбірек келді. Мысалы, бұрынғы отарлық иеліктерден ағылшындардың (Үндістан,Пәкістан және басқа да елдерден), голландықтардың (Индонезиядан), француздардың (Алжир мен Мароккодан), итальяндықтардың (Эфиопия,Ливия және Африканың басқа да елдерінен),

португалдықтардың (Ангола, Мозамбик, Гвинея-Бисаудан) басым бөлігі өз отандарына қайтып оралды.

Жалпы алғанда 80-ші жж. Нидерландыда 560 мың иммигрант, яғни жалпы халық (14 млн.) санының 4% құрайды. Олардың: 200 000 – Суринамдіктер, 150 000 – Түркиядан, 110 000 – Марокко, 40 000 – Антиль аралдарынан, 40 000 – Индонезиядан, қалғандары – Италия, Тунис, Греция (әр елден 20 мыңға жетер-жетпес) және басқа елдерден келгендер. Ұлттық азшылықтар үлесі қалаларда көбірек. Мысалы: Амстердамда-20%, Роттердам және Гаагада-12%. Суринам мен Антиль аралдарынан шыққандарды Нидерланд ұлттық азшылықтары тізімінен шығарып тастау қате пікір дегенді айтады [8 - 8, С. 93-94.].

Ғылыми-техникалық төңкеріс халық қозғалысының күшеюіне, яғни миграцияның өзіндік жаңа түріне – жоғарғы дәрежеде мамандандырылған мамандарды өзіне тартуға (негізінен АҚШ-қа) әкелді.

Соғыстан кейінгі жылдары ішкі континенталдық және ішкі мемлекеттік миграцияның бірден өсуі байқалды. ГФР, Франция, Бельгия, Швейцария иммиграция елдері болды. Мұнда қоныс аударушы мамандандырылмаған жұмысшылардың саны әр жылдары 10-14 млн. жетіп отырды. Бұл жұмысшылар экономикасы төмен дамыған және оның үстіне әлдеқайда жоғары табиғи өсімімен ерекшеленетін Оңтүстік Еуропа-Италия, Греция, Югославия, Испания, Португалия, сонымен бірге Түркия елдерінен келгендер. Мысалы, Француз зерттеушісі М.Трибала ГФР-дегі шетелдіктер иммиграциясының дамуын қарастыра келе оның кезеңдерін және ерекшеліктерін: 1) 60-шы жж. бірінші жартысы иммигранттардың ішінде итальяндықтардың, 2) 70-ші жж. - ЮСФР (СФРЮ) жұмысшыларының, 3) 80-ші жж. басы (максималды деңгейі-1980ж.)-түріктердің үлес салмағының басым болуы деп атап көрсетеді [9 - 5, С.90.].

Батыс Еуропа елдеріндегі иммигранттар әлдеқайда төмен жалақы төленетін, құқықтары шектелген еңбекшілердің бөлігі болып табылады. Жақсы табыс іздеп келгендердің көпшілігі бірнеше жылдардан кейін өз отандарына оралады. 60-70-ші жж. Батыс Еуропаға күніне 1 млн. дейін жұмысшылар келіп жатты [10 – 129, С.4.]. Францияда 1972 жылы шетелдік жұмысшылар саны – 1,6 млн., яғни барлық жалдамалы жұмысшы күшінің 10 пайызын құрады. Ал 1974 жылы оның саны – 2.5 млн., үлесі 18 пайызға өсті. 1968 жылы құрылыста және қоғамдық жұмыстарға 504 мың жұмысшылар, яғни 37,8 пайызы тартылды. 1975 жылдың ортасында ГФР-дегі «гастербайтерлердің» («қонақ жұмысшылар») саны 2,5 млн. жетті, елдің барлық жалдамалы жұмысшы күшінің 9,4 пайызын құрады. Жұмысшы-иммигранттар мұнда негізінен металлургия, тоқыма, химия, тамақ өнеркәсібі және құрылыс салаларында орналасты [11 – 166, С. 9.]. Франциядағы 1984 жылғы 17 шілдедегі иммигранттар жағдайын реттеуші заң ұлтына, шыққан еліне және еуропалық елдердегі еңбекшілер үшін салдарларына да қарамастан шетелдік жұмысшыларға жалпы тұрақтылық режимін береді. Сонымен қатар Франция, ЕО жұмысшыларын және 2 млн. шетелдік жұмысшыларды жұмыспен қамтамасыз етудегі елдің жұмыспен қамту потенциалын қарастырды [12 – 171, С. 75.].

1975 жылы желтоқсанда Ұлыбритания мен Германия үкіметтерінің бастамасымен құрамында мүше-мемлекеттердің ішкі істер министрлері бар үкімет аралық ТРЕВИ (TREVİ group) құрылады. ТРЕВИ-дің толық атауы «халықаралық терроризм, радикализм, экстермизм, күштеу. (terrorism, radikalisme, extremism, violence internationale). Бұл топ алғашында халықаралық құқық нормаларына сүйене отырып лаңкестікке қарсылық көрсетумен айналысты, кейіннен оның қызметі кеңейіп иммиграцияны, виза саясатын, шекаралық бақылауды реттеуге, есірткінің таралуына қарсылық көрсетуге дейін таралды.

Біртұтас Еуропалық Актінің ішкі шекаралардың алынуын жариялаушы 13-ші бабына қосымша екі декларация жасалынған. Құжатта ЕО мүше-мемлекеттер Қауымдастық территориясына үшінші елден келгендердің қозғалысы, болатын уақытына, сонымен қатар лаңкестік, қылмыс және есірткі таратумен күрес мәселелерінде ЕО институттарының араласуынсыз үкімет аралық негізде ынтымақтасатындықтарын куәләндіреді. Қауымдастық құзырынан тыс формальды емес құрылымдардың құрылуын осымен түсіндіруге болады, мысалы, жоғарыда аталған ТРЕВИ, 1986 ж. қазанда Лондонда ЕО мүше-мемлекеттердің ішкі істер министрлерінің кездесуінде құрылған иммиграция бойынша арнайы топ.

Иммиграциялық мәселелермен айналысатын топтардың құрылуы иммиграциялық толқындар ағымының өсуін реттеу және жана ұлттық азшылықтарды құрып үлгерген ЕО мемлекеттерінде заңды түрде тұрып жатқан иммигранттарды интерграциялау қажеттілігінен туындаған еді. ЕО халқының құрамы туралы мәліметтерге қарайтын болсақ, 90-шы жылдардың аяғына қарай ЕО халқы, сонымен бірге ЕО мүше-мемлекеттердің басым бөлігі көбінесе табиғи өсім арқылы иммигранттардың есебінен

өскен. Табиғи құлдырау жағдайында бірқатар елдер (Германия, Италия, Швеция) тек иммигранттар есебінен ғана өскен.

90-шы жж. басына қарай ЕО барлық елі дерлік (Ирландиядан басқа) өзіне иммигранттар қабылдады, атап айтқанда 1989 жылдан бастап мұнда 2 млн. адам келді. Ең өте үлкен ағым Германияның еншісіне тиді, оның ішінде негізінен этникалық мигранттар және саяси баспанаға үміт артқандар болды. Бұл мәселені либералды герман заң шығаруы 1993 жылдың ортасына қарай қатаңдатты. 1991 ж. ЕО 13 млн. жуық шетелдіктер тіркелді. [13 – 47, С. 194.]. Жалпы Германия (7,3 млн) 2003жылғы мәліметтер бойынша Канада, Австралия және Жаңа Зеландия сияқты иммиграцияның классикалық елдерін артқа тастап иммигранттардың саны жағынан АҚШ (занды иммигранттар саны 3,5 млн.) пен Ресейден (13,3 млн.) кейінгі үшінші орынды иеленді және қозғалыс және қоныс тебу еркіндігі Германияның Ата заңының 11-ші бабымен кепілдендірілген, ал 23-ші бабында: Біріккен Еуропа мақсаттарын іске асыруда ФРГ Еуропалық Одақ дамуына қатысады және Германия шеңберінде тек немістер ғана емес алдағы кеңею толқынын қоса есептегендегі барлық ЕО азаматтары қозғалыс еркіндігіне ие деп көрсетілген. Сонымен қатар, Германияда шетелдіктердің келуі мен кетуін реттейтін көптеген ережелер мен актілер іске қосылған [14 - 87, С. 64.]

70-ші жылдары Батыс еуропалық мемлекеттердің көпшілігінде саяси баспана беру сирек кездесетін. Енді осы мемлекеттердің үкіметтері осы салада белгілі бір шектеулердің болмауын қалады. Сонымен, 80-ші жылдары жағдай мүлде өзгерді: 1989-1992 жылдар аралығында ЕО 570 мың өтініш алған 1992 жылға келді. Осыдан кейін барып олардың саны азая бастады. Германияда саяси босқындарды қабылдау тәртібін қатаңдатқаннан кейін, олардың ағымы 1960-1975 жылдары шетелдік жұмысшы күшін пайдаланушылар тізімін басқарған, ЕО әлдеқайда дамыған елдері Нидерланды, Ұлыбритания және Францияға қарай бағытталды. Нақ осы жәйт іс жүзінде иммиграцияның экономикалық себептерінің тоқтағанынан саяси иммигранттардың елді таңдауын түсіндіреді. Сонымен бірге, босқындардың белгілі бір мөлшерін қабылдауға Бельгия мен Данияда мәжбүр болып отыр.

Конвенция мәтіні үшін негіз болған екі маңызды құжаттардың – саяси баспана беру туралы өтініштерді қарауға жауапты мемлекеттерді анықтайтын (1990 ж. Дублин конвенциясы) және сыртқы шекараны кесіп өтудің тәртібі туралы Конвенция, яғни 1989 жылы жасалған «Пальма Бағдарламасы» (бағдарлама авторының аты бойынша). Дублин конвенциясы бойынша саяси баспана сұрағандар тек Еуропалық Одақ мемлекеттерінің біріне ғана өтініш беру құқығын алды, яғни бұл олардың санын шектеу үшін жасалған. Өтініш қабылдаған мемлекет оны қарауға міндеттеме алды. Дублин Конвенциясы саяси баспана беру саласындағы саясатты үйлестіру қажеттілігінен туындағанымен, іс жүзінде күшіне енгеннен кейін қолдануға келгенде іске жарамдылығы шамалы болды. Ратификация процесі жеті жылға созылды, Конвенция тек 1997 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмыс жасай бастады.

Коммунитарлық деңгейде иммиграциялық саясаттың бірқатар аспектілерін жасауда күштерді біріктірудің ниеті 1998 ж. Страсбургте өткен ЕО саммиті барысында көрініс берді. ЕО туралы Германия, Нидерланды және Италия тараптарынан жасалды. Ұлыбритания бұл салада ұлттық суверенитеттің сақталуын талап етті.

Еуропаға шетелдік жұмысшы күші ағылуының күшеюіне байланысты оңшыл және ультрарадикалды партиялар ықпалының өскенін көруге болады. Мысалы, Франциядағы президент сайлауының нәтижелері, сонымен қатар Голландиядағы парламент сайлауындағы оңшыл күштердің жеңісін келтіруге болады. Еуропа елдері үшін шетел жұмысшы күшінің иммиграциясы мәселесі жаңа мәселе емес. Соғыстан кейінге жылдар алғашында еуропалық қоғамның естілер естілмес, ал кейіннен әлдеқайда ашық қарсылығын білдіретін шетелдік жұмысшы күшінің ағылуымен сипатталады. Өткен кезеңдермен салыстырғанда қазіргі жұмысшы күшінің ағылуы өзінің темпі, саны және сапасымен ерекшеленеді.

Бұрынғы кездері иммиграция ішкі еуропалық сипатта болған еді, яғни Франция және Германия сияқты Еуропаның түрлі елдеріне отандарында өмір сүру деңгейі төмен, жоғары жұмыссыздық дәрежесі бар португал, испан, гректер жасырын түрде (заңсыз) еніп, қоныстануға тырысты. Одан кейін еуропалық мемлекеттердің бірқатарына жұмыс пен көлемді жалақы іздеген латин-американдықтар ұмтылды. Отарлар тұрғындарына келсек олар отарлар болған кезде де және деколонизация үрдісінен кейін де метрополияға емін-еркін шыға алды. Мұның барлығы ескі иммиграция құрылысын құрайды. Еуропа елдеріне мұсылман елдерінен жұмысшы күштерінің ағылуы жаңа құбылыс болып табылады. Бұл өз кезегінде мүлде жаңа мәселелер туғызады. Еуропалық

Одақ ашық қоғам тұжырымдамасын басшылыққа алғандықтан жақсы өмір іздеген мұсылман елдерінен шыққандар осында қарай ағылды. Еуропалық Одақ елдерінде мұсылман елдерінен шыққандардың көбеюіне байланысты жер шарының осы аймағына исламның таралуы кеңейді. Еуроислам деген мүлде жаңа ұғым пайда болады. Ислам фундаментализмі канондарынан тазартылған еуроисламның мақсаты – еуропалықтарды ислам өркениетінің мазмұнымен таныстыру. Осындай ұғымдағы еуроислам исламға өтуді немесе исламды уағыздау дегенді білдірмейді. ЕО мұсылман елдерінен келетіндер санын азайтуға тырысуда.

Соғыстан кейінгі жылдарда Еуропа өзінің экономикасын қайта қалпына келтіру үшін қарапайым жұмысшы күшіне мұқтаж болған еді. Ал қазірде басқа уақыт, басқа талаптар. Техникалық революцияға байланысты қазіргі Еуропа жоғарғы дәрежедегі мамандарды қажетсінеді. Оның үстіне Еуропалық Одақтың Орталық және Шығыс Еуропа елдері есебінен кеңеюіне (2004 жылдан бастап) байланысты Еуропалық Одақ үшін «ақ иммиграция» мәселесі туындады, яғни Батыс Еуропаға жаңа елдерден жақсы өмір іздегендердің ағылуы. Әрине, Батыс Еуропаның халқы «ақ иммиграцияға» қарсылығын білдірмейді. Өйткені бұл мүлде басқа сипаттағы және басқа сападағы иммиграция.

Өнеркәсіпті дамыған мемлекеттердің көпшілігі құрылымдық жұмыссыздықтан және оның үстіне шетел жұмысшыларының арасында жаппай жұмыссыздықтың орын алуынан зардап шегуде. Сонымен бірге халық шаруашылығында шетелдіктер санының көбеюі барлық жерде байқалады. Жергілікті тұрғындар бұны басқаша бағалайды: елде болған кездегі шығындар жергілікті халықтың мойнына түскендіктен еңбек нарығында иммигранттардың интеграцияланбауы сынға алынуда. Егер иммигранттар еңбек нарығына интеграцияланып жатса да, оларды бәсекелес ретінде қабылдайды. Бүкіл әлемде мамандандырылған және жоғары мамандандырылған жұмыс күші миграциясы өсуде. Потенциалды мигранттардың көпшілігі жоғары білімді және жұмысшылардың шәкірттері мен мамандандырылған жұмысшылар мен техниктерге бәсекеге түсуі мүмкін [2 - 137. Апрель, 14, 1999, С.14.].

XX ғ. 80-ші жж. соңы — 90-шы жж. басы Батыс пен Шығыс өзара қарым-қатынасындағы жаңа қадамдармен және шекаралардың ашылуымен өмірге жаңа үлкен миграциялық ағылуды әкелген Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі түпкілікті саяси және экономикалық өзгерістермен сипатталады. 1990 жылы өз елінен 1,3 млн. адам кетті, яғни Еуропа екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі адамдар қозғалысының ең көлемдісіне куә болды [15 - 56, С. 65.].

Сонымен миграция мәселесі ЕО үшін өткір проблема болуда. Күрделі иммиграция мәселесінің табысты шешілуі ЕО экономикасына қомақты дивиденд әкелмек: бүгінде Батыс Еуропаның табиғи қартаюының салдарынан жұмыс істеушілер мен зейнеткерлер ара-салмағында алшақтық басым.

Кеңістік, уақыт және шекаралар маңызының жойылуы ғаламдық деревняның құрылуына мүмкін ықпалдастық ететін шығар, бірақ барлық адамдарға оның азаматы болуына кепілдік бермейді. Бұл тұрғыда әлемдік кәсіптік элита шекара асудан қиындықтар көрмейді, ал миллиондаған адамдар үшін бұл алынбас қамалмен тең.

Өркениетті түрдегі миграция экономикалық жағынан тиімді болмақ. Егер, оның үстіне бұл үрдіске қатысушы азаматтар әлеуметтік жағынан берік қорғалса, онда ол екі жақты пайдалы болмақ. Бұдан миграцияның әлеуметтік-экономикалық сипаттағы құбылыс екеніне көз жеткізуге болады. Оны тиімді реттеу - мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік стратегиясының бөлігі. Сондықтан бұл проблеманы тек экономикалық емес, сонымен бірге белгілі бір себептермен Отанынан тысқары жерде қалған азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғайтын әлеуметтік шаралар арқылы шешу қажет.

Еуропаның қартаюына байланысты жұмысшы күшінің келуіне мұқтаж. Еуроодақ халқының орта жасы - 38, 2025 жылы – 45, 8 болса, 2050 жылы – 48,5, ал американдықтардың орта жасы – 35,5, 2050 жылы тек бір пунктке ғана көтеріледі екен. Егер әлем халқы тез қартайса, Еуропа тұрғындары өте тез қартайды. Иммиграция Еуропалық Одақтың этникалық бейнесіне үлкен әсер етеді.

Осыдан келіп, Еуропалық Одақ елдері заңды иммиграцияға бағытталған шаралар қабылдады. Иммигранттардың белгілі бір бөлігінің ағылуы этникалық мәселені өткірлете түсті. Қазіргі кезде миграция мәселесі Еуропалық Одақ және оның жеке мүше-мемлекеттерінің жағымсыз салдарларын жөндеуге ұмтылумен сипатталатын ғаламдық сипат алууда. XX ғ. 50-60-шы жж. тоғысында басталған Еуропалық Одақтың үшінші әлем елдерінен жаппай ағылуы бүгінгі күнде де жалғасын табуда. Иммигранттар үшін оларды тартушы негізгі орталықтар Еуропалық Одақтың жайлы елдері – Германия, Ұлыбритания, Франция, Дания, Швеция. Дамыған елдерге иммигранттар ағылуының

күшеюінің басты себебі осы мемлекеттердің әлеуметтік тартымдылығы, сонымен қатар әлеуметтік өлшемге ерекше көңіл бөлетін Еуроодақтың саяси және экономикалық тұрақтылығы болып қалуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Терборн Г. Миграции населения и Западная Европа: старый мир становится новым//Социально-экономические проблемы международной миграции рабочей силы. Реферативный сборник.-М.,1988.– С.96-105.
2. Иммиграционная волна // Европа 1992, ноябрь-декабрь, – С. 13.
3. Eurobarometer. Public opinion in the EU. – Luxemburg,1997-2003
4. Договор об учреждении Европейского экономического сообщества //Договоры об учреждении европейских Сообществ-М: Международная группа «Право»,1994-Т.1.– С.392.
5. Эльснер Л. Иностранцы рабочие и иммиграционная политика в ФРГ (1955-1988)//Миграции и мигранты в мире капитала: исторические судьбы и современное положение. Сборник научных трудов. – Киев, 1990. – С. 78-90.
6. Сапанов С.Ж. Права человека и проблема вступления новых членов в ЕС//Европейская интеграция и права человека – Алматы,1998. – С.82-86.
7. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник – М,1986.– С. 828.
8. Зоест А. Иммиграция в Нидерланды //Социально-экономические проблемы международной миграции рабочей силы. Реферативный сборник.– М., 1988.– С. 106-115.
9. Трибала М. Миграция иностранцев в ФРГ//Социально-экономические проблемы международной миграции рабочей силы. Реферативный сборник.-М.,1988. -С. 90-95.
10. Токаев К.К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы, 2003. – С.656.
11. Пришлые трудящиеся и интернационализация рабочей силы//Национальные меньшинства и иммигранты в современном капиталистическом мире. – Киев,1984 – С.188.
12. Моттин Ж. Иммигранты и занятость //Социально-экономические проблемы международной миграции рабочей силы. Реферативный сборник. – М., 1988. С. 68-79.
13. Быховский С. Расширение ЕС на Восток//ЕС на пороге XXI века: выбор стратегии развития./Под ред. Ю.А. Борко и О.В. Буториной. – М.: Эдиториал УРСС, 2001.– С. 298-322.
14. Губайдуллина М.Ш. Расширение ЕСи проблемы миграции на современном этапе (прогностический анализ)//Расширение ЕС: перспективы и реалии.– Алматы,2003. – С.20-27.
15. Гольдин Г.Г. Современная иммиграционная политика западных государств.– М.: «Интердиалект», 1998.– С.180.

УДК 94(560)
ГРНТИ 03.09.03

*Р.С. Мырзабекова*¹

¹ *т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті myrzabekovaryskeldy@gmail.com*

*М.С. Мырзабеков*²

² *т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті moldahmet1964@gmail.com*

ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОСМАН ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІН «ЕУРОПАШЫЛДАНДЫРУ» ИДЕЯЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада ХІХ ғасырда Түркияда болған реформаторлық өзгерістер және өзгерістердің алғышарты мен нәтижелері туралы баяндалады. Реформалар отыз жылдан аса уақытқа созылып, «игілікті реформалар» деп аталды. Танзимат реформалары елдің дамуындағы объективті қажеттіліктер тарапынан пайда болды. Батыстық үлгі бойынша реформа жасамаса, Осман мемлекеті прогрес жолы бойынша дамымайтын болды. Осман мемлекеті билігінде отырған мемлекеттік қайраткерлер тарапынан жүзеге асырылған реформалар, осман қоғамы үшін мазмұны жаңа, тұлғалық құндылықтар туралы, өмір мен жеке меншікке қол сұғылмау туралы, заң алдында империя құзырындағы мұсылмандар мен мұсылман еместердің теңдігі туралы түсініктер орын алып, елдің ағартушылығы мен мәдениетінің дамуында із қалдырды. Реформалардың жаңа сатысы 1830 жылы еуропада өмір сүрген, танымал саясаткер, дипломат Мустафа Рашид-паша есімімен байланысты.

Кілт сөздер: Түркия, танзимат, реформа, Гюльханей, хроника, ағартушылық, улем

*Myrzabekova R.S.*¹

¹ *Candidate of Historical Sciences, Acting Professor al-Farabi Kazakh National University, Department of the World History, Historiography and Source Studies, myrzabekovaryskeldy@gmail.com*

*Myrzabekov M.S.*²

² *Candidate of Historical Sciences, Acting Professor al-Farabi Kazakh National University, Department international relations and world economy moldahmet1964@gmail.com*

IDEAS OF EUROPEANIZATION IN THE SOCIO-POLITICAL AND CULTURAL LIFE OF THE OTTOMAN SOCIETY IN THE EPOCH OF TANZIMATE

Annotation

Tanzimat – “streamlining”, “code” – the basic laws of Turkey, disclosed the Sultan Abdul-Majid 3 November 1939. Known integral part is the Gulkhane Manifesto, which was to reform the political life of Turkey. It was manifest that determined the principles, which are intended to follow the government. Objectively, all these measures contributed to the clearing of the ways in capitalist development of the country, degradation of traditional institutions, the wider introduction of achievements of European civilization. In the process of implementing the reforms created new bodies that meet the needs of the time. A new stage of reforms in Turkey is associated with the well-known politician and diplomat Mustafa Rashid Pasha, who in mid 1930s lived in Europe.

Keywords: Turkey, Tanzimat, reform, Gulhane, Chronicle, Enlightenment, Ulem.

Мырзабекова Р.С.¹

¹, к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, кафедра Всемирной истории, историографии и источниковедения myrzabekovaryskeldy@gmail.com

Мырзабеков М.С.²

² к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, кафедра международных отношений и мировой экономики moldahmet1964@gmail.com

ИДЕИ ЕВРОПЕИЗАЦИИ В СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ ОСМАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА

Аннотация

В статье рассматриваются реформаторские преобразования в Турции XIX века, а также ее предпосылки и результаты. Танзимат – «упорядочение», «уложение» – основные законы Турции, обнародованные султаном Абдул-Меджидом 3 ноября 1839 года. Известной составной частью является Гюльханейский манифест, который должен был реформировать политическую жизнь Турции. Это был манифест, определявший принципы, которым намеревалось следовать правительство. Объективно все эти меры способствовали расчистке путей для буржуазного развития страны, разложению традиционных институтов, более широкому внедрению достижений европейской цивилизации. В процессе осуществления реформ создавались новые органы, которые соответствовали потребностям времени. Новый этап реформ в Турции связан с известным политиком и дипломатом Мустафой Решид-пашой, который в середине 1830 гг. жил в Европе.

Ключевые слова: Турция, танзимат, реформа, Гюльханей, хроника, просвещения, улем

Мазмұны

Түркия, Қытай және Жапония сияқты бірқатар Шығыс елдері үшін XIX ғасыр реформалар нышаны аясында өтті. Оларды зерттеу бүгін де өзекті мәселелердің бірі. Мұндай тәжірибе қазіргі адамзаттың реформаторлық ұмтылуларын сараптау үшін қажет. Әсіресе, экономикалық және ғылыми техникалық үдерістің жылдам қағидасымен анықталатын жағдайлар үшін ерекше құнды болатыны сөзсіз. Түркияда болған реформаторлық өзгерістерге, әсіресе, «игілікті реформалар» деп аталып, отыз жылдан аса уақытқа созылған (1839-1876 жж.) «Танзимат и хайрийе» реформаларын терең зерттеуге деген қызығушылық та осыдан туындап отыр.

Түркиядағы реформалардың жаңа сатысы, белгілі дипломат, саясаткер, 1830 жылдары Еуропада өмір сүрген, Парижде, Лондонда Түркия елшісі болған, Еуропаның саяси өмірімен жақсы таныс Мустафа Решид-пашаның есімімен байланысты. 1839 жылы осы кісінің қатысуымен Абдул Меджид сұлтанның атынан реформа бағдарламасы жарияланды. 3 қараша 1839 жылы сұлтанның Гюльхан сарайының алдында сұлтан бұйрығы жарияланып, түркияда «игілікті өзгерістер» – танзимат-и-хайрийе орын алатындығы айтылды. Араб тілінен аударылғанда, танзим – реттеу деген мағына береді. Бұл Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең – танзимат – қайта ұйымдастырулар аталған реформалар дәуірін бастап берді. «Гюльхане хатт-и шериф» үш негізгі жаңарту мақсатын жария етті: 1) діни сенімдеріне қарамастан империяның барлық бағынышты халықтарының өмірін, ар-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) салықтарды дұрыс жинау және әділетті бөлу; 3) әскери қызмет мерзімін қысқарту.

Танзимат реформалары осман қоғамындағы ең маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістерге себепші болды. «1839 жылғы 3 қарашада жарияланған «Гюльханей» деп аталған Декларация туралы бүкіл әлем өз пікірлерін білдірді», - деп жазды XIX ғ. 40-50 жылдарында Кіші Азияға келген орыс саяхатшысы Петр Чихаев [1]. – «Бұл манифест Түркия тарихында жаңа дәуірдің негізін қалап, Түркия үшін Қайта Өркендеу дәуірінің басталғанын жариялады» [2].

Сол жылдардағы оқиғалар қазіргі тарихнамада Түркияның «еуропалануы» деп анықталып жүрген үрдістің бастауы болып, оның мәні, ұзақ онжылдықтарға созылған Осман мемлекетінің әлемдік капиталистік жүйеге интеграциялануында болды.

Осман империясының әлеуметтік-экономикалық тарихы мен оның мәдени дамуына ғылыми сипаттама берілген кеңес шығыстанушылары, олардың ішінде А.Д. Желтяков, Е.И. Маштакова,

М.С. Мейер, А.Ф. Миллер, А.Д. Новичев, Ю.А. Петросян, А.С. Тверитинова сияқты ғалымдардың еңбектерін атап айтқан абзал [3].

Мақаланың деректік негізі орыс, түрік және батысеуропалық деректерге негізделеді. Сонымен қатар, Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатының жарияланған материалдары мен Ресей сыртқы саясатының мұрағатының жарық көрген деректері және Стамбул қаласының кітапханаларынан, оның ішінде, Стамбулдағы Исламтану орталығының кітапханасынан алынған құжаттар қалыптастырады.

Танзимат реформалары елдің дамуындағы объективті қажеттіліктерден пайда болды.

Әлеуметтік-экономикалық артта қалушылығына байланысты Осман империясы Еуропаның аграрлы шикізат көзіне айналды. Англия, Франция, Австрия сияқты еуропалық мемлекеттер Осман империясынан жібек, жүн, тері, май өнімдерін, зәйтүн майын, темекі, жаңғақ, опиум сияқты шикізаттарды алып отырды. Осман империясының ішіне кіргізетін тауарлардың қатарын мақта-мата өнімдері, жүннен жасалған маталар, метал мен шыныдан жасалған өнімдер, дәрі-дәрмек, өңделген тері өнімдері құрады. Сұлтан иеліктерінің шикізат көзі мен капиталистік елдердің тауар өткізу нарығына айналуы ауыл шаруашылығының құлдырауына, өндірістің төмендеуіне, жалпы экономиканың әлсіреуіне алып келді.

Еуропада XIX ғасырдың бірінші жартысында өнеркәсіп төңкерісі аяқталғаннан кейін, қала көлөнерінің дамуына мүмкіндік күрт азайып, көптеген салалар құлдырауға ұшырады. Анатолияда дамыған өндіріс орталықтары зиян шекті. Бурса, Анкара, Диарбакыр, Амасья, Токаттағы мақта-мата, жүн, тері, жібек, метал өңдеу орталықтары құлдырап кетті.

XIX ғасырдың 30-шы жылдары Кіші Азияның экономикалық жағдайын зерттеген орыс саяхатшысы М.П. Вронченко, Анкарада жүн өңдейтін станоктардың саны 2000-нан 100-ге қысқарғанын көрсетеді, Себебі, еуропалық ангор жүнінен дайындалған өнімдер екі есе арзан тұрған [4].

Сауданың одан ары қарай дамуы мен қалыптасуына, біртұтас ішкі нарықтың болмауы, феодалдық тәртіптердің үстемдік етуі, империяның экономикалық жағдайының тұрақсыздығы ықпал етті.

Осман экономикасының біржақтылығына, баяу дамуына әлеуметтік процестер де өз ықпалын тигізді. Империяның біртіндеп әлемдік экономикалық жүйенің шектері аймағы болу, жергілікті буржуазияның қалыптасуына қиындық туғызды.

Тауар-өндіріс кәсіпкерлігі саласындағы кедергілер, осман қоғамының ауқытты адамдарын жериелену саласына итермеледі. Сипахий жүйесінің жойылуымен, ірі жер иелігі қалыптасты, іс жүзінде бұндай жерлер мемлекет меншігі болып есептелді. Феодалдық абсолюттік тәртіптің қалыптасуы, бұл топтың саяси қуатының өсуіне кедергі келтірді, оның экономикалық билігінің тамырларына ықпал еткен жоқ. Феодалдық топтардың қолында жерге бақылау шоғырланғандықтан, ауылдық жерлерде феодалдық тәртіптер сақталды.

Осман империясындағы мемлекет тұжырымдамасы тек діни сипатта болды. Дін саяси басшылықтың заңдылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, дін Осман империясының орталығы мен шеткі аймақтарын байланыстырушы буын болып табылды. Осман империясындағы бүкіл жергілікті басқару ислам дінбасыларының қамқорлығында болды. Олар барлық басқару элементтерінің қызметтерін бақылап отырды. Осман бюрократиясы екі бюрократиялық құрылымнан тұрды. Оның біріншісі азаматтық бюрократия, ал екіншісі медресе оқыған адамдардан құралған «діни бюрократия» болды. «Діни бюрократтар» мен улемдер үш маңызды саланың, яғни, білім беру жүйесі, сот жүйесі және шарифатты түсіндіру салаларының қызметтеріне жауапты болды.

Діни тұғырнамада тұрған феодал-шенеуніктерге сүйенген түрік сұлтаны (халиф) елді күйреуге ұшыратты. Бір кездердегі мықты мұсылман елі басқарушы таптың, яғни, түрік сұлтаны мен діни тұғырнамада тұрған феодал-шенеуніктердің саясатының салдарынан жойылды. Түрік сұлтаны исламның негізінде қуатты, дамыған мемлекет құруды жалғастырудың орнына, дінді билікті ұстап тұру мен өз халқын тонау құралы ретінде пайдаланды. Мұндай саясаттың салдарынан Осман империясы ғылыми-техникалық прогресске сүйенетін қуатты өнеркәсіп құра алмады.

Осман империясын басқарған элитаның ең көреген өкілдері, әсіресе, Батыс Еуропада болып, ондағы саяси жүйемен, экономикалық және мәдени өмірдің ахуалымен танысқандары, Осман мемлекеті батыстық үлгі бойынша реформа жасамаса, прогресс жолында даму мүмкіндігінен айырылады деген ойға келді.

XIX ғасырдың бірінші сұлтаны III Селим (1789-1807 жж.) басталған реформалардың одан әрі қарай жылғасуы мен жүйеленуіне мүмкіндік туғызды. Реформалармен ауыртпалықтар да қатар жүрді. III Селим билігіндегі үшінші жылы, 1788-1792 жж. орыс-түрік соғысы, Яссин бітімімен аяқталды, ол Осман империясының территориясындағы христиандарды қорғау деген сылтаумен, Қырымның Ресейге қосылуына алып келді.

Танымал батыс тарихшылары Б.Льюис және Ст.Шоу III Селимнің жаңалықтарын әртүрлі бағалайды. Б.Льюис Осман империясының барлық жағын қамтыған реформаларға үлкен мән берсе, Ст.Шоу бұл өзгерістерді «дәстүрлі реформизм» деп бағалады. Өзгерістердің нәтижелерін өзге империялардағы өзгерістердің нәтижелерімен салыстыра келе, екінші көзқарасты көптеген батыс еуропалық авторлар қолдайды [5].

II Махмуд (1808-1839 жж.) тұсындағы реформалардың маңызы мен нәтижелері құндырақ. Бұл сұлтанның тұсында модернизация процесі барлық империялық құрылымдарды қамтыды. Сондықтан, оның билеу кезеңін тарихшылар «вестернизация» кезеңі деп атайды [6].

II Махмудтың билікті орталықтандыру жолындағы алғашқы бастамасы 1808 жылғы Сенед-и иттифак (Одақтастық пакт) қызметінен басталды. Ол аяндардың ықпалын азайту үшін күрестен басталды. Оларды Батыс Еуропалық ірі феодалдармен салыстыруға болады, бірақ, олардың өмір сүруін сұлтанның өзі заңдастырған. Уақыт өте келе, аяндар институты мемлекетті орталықтандыру жолындағы негізгі кедергі болды. Ұзақ күрестен кейін, аса ірі аяндардың ықпалы азайтылып, сұлтан беделі қайта қалпына келтірілді.

Осман империясындағы еуропалық мемлекеттердің ықпалынан азайту үшін, ең алдымен, әскери салада реформа бастады. Жаңа әскери бөліктер Низам-и джедид, «жаңа секбандар» отряды (Секбан-и джедид), II Махмуд тұсында «Женімпаз әскердің» қалыптасуы батыс мамандары мен кеңесшілерінің көмегімен қалыптастырылды. Әскери теңіз, әскери инженерлік мектептердің қалыптасуы да осындай жолмен іске асырылды. Батыспен жақындасуға мүмкіндік жасаған тағы бір қадам, еуропа мемлекеттерінің астанасында Осман империясының тұрақты елшіліктерінің ашылуы. 1826 жылы әскердегі қайта құруларға наразы болған янычарлар II Махмуд сұлтанға қарсы шықты. Улем кеңесі, янычарларды өлім жазасына кесілуге тиісті көтерілісшілер деп жариялады. 17 маусым күні 500 жылдық тарихы бар янычарлар корпусы таратылды.

II Махмудтың билігінің соңғы жылдары модернизациялық өзгерістердің белсендірілуімен сипатталады. Ол әскери істер ғана емес, қаржы және мемлекеттік басқару саласында да көрініс алды. 1831 жылы тимар жүйесі жойылды, ол әлеуметтік-экономикалық құрылымды анықтады да, Осман империясында жаңа жер қатынастарының негізін қалады. Осыдан кейін ескірген везират институтының орнына незарет институты, өзгеше айтқанда, министрліктер жүйесі қалыптасты. Мәжіліс сияқты әртүрлі кеңесші органдардың ұсыныстары жаңа реформалардың негізіне жатқызылды. II Махмудтың билігінен бастап, сұлтанның самодержавиясы еуропалық мемлекеттер жүйесінің сипатын біртіндеп қабылдай бастады.

II Махмуд реформалары монархтың жеке билігінің күшеюіне алып келді, түрік қоғамының прогресіне аз үлес қосты. Түріктер өздерін бұрынғыдай империяның қожайынымыз деп есептеді, бірақ іс жүзінде, экономикалық, мәдени, этникалық жағынан дамудан тек еуропа халықтарынан ғана емес, өз қол астындағы халықтардың өкілдерінен де қалып кету, біртіндеп барлық салалардың түріктердің ықпалынан шығып бара жатқанын байқатты.

II Махмудты ауыстырған оның үлкен ұлы Абдулмеджид (1839-1861 жж.) 17 жасында таққа отырды. Ол осман тарихында француз тілін білетін бірінші билеуші еді. Ол реформаларды өткізуге деген шешуші қимылымен емес, батыс ықпалын қолдаушылығымен тарихта қалды. Алғаш рет, билеуші элитада консервативті қанат қалыптасты, ол қанаттың мүшелері батыстық өзгерістерге қарсы болды.

Қарастырылып отырған мәселе шеңберінде әкімшілік басқарудың әртүрлі бөліктерін жаңашылдандыру, соның ішінде, еди-и вахит жүйесін, салық салу, ақы төлеу, қылмыстық құқық сияқты мәселелерді жаңартуды ерекше айту керек. Сонымен қатар, Стамбулдағы шет елдік елшілердің жеке басының қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз ету, яғни, елшінің құқығының қолсұғылмаушылығы да өзгеріске ұшырады. Ферман деп аталатын құжат арқылы шет мемлекеттің елшілерінің қолсұғылмаушылығы қамтамасыз етілді. «Ферман» бағытын алу, Осман мемлекетіндегі өзгерістерді еуропалықтар өз бақылауына алады дегенді білдіретін еді. Танзимат дәуірінің көрнекті қайраткері Фуад-паша осы мәселе туралы былай дейді: «Мемлекетте екі күш бар. Күштің біреуі жоғарыдан әрекет етсе, екіншісі, төменнен әсер етеді. Біздің елімізде жоғарыдағы күш біздің

ұсыныстарымызды бейтараптандырады. Халықтың күшін сезіну мүмкін емес, сондықтан біз, сыртқы күшті пайдалануға мәжбүрміз. Елшіліктер сыртқы күш болып табылады» [7].

Қоғамды реформалаумен қатар, сұлтан указы өзге мәселелерді де қамтыды. Бұл жерде отансүйгіштік тәрбие беру туралы алғаш рет айтылды.

Танзимат реформасының өзі екі кезеңді, біріншісі 1839-1856 жылдарды, ал екіншісі 1856-1871 жылдар аралығын қамтыды.

1856 жылғы Танзимат дәуірінің екінші сатысында 9 министрлік – теңіз, сыртқы істер, юстиция, қаржы, халық ағарту, полиция, сауда, қоғамдық жұмыс, вакуф құрылды. Ұлы уәзір канцеляриясы ішкі істер министрлігінің қызметін алды. Ұлы уәзірмен бірге министрлер, империяның Жоғарғы Кеңесін қалыптастырды, олар апта сайын жиналып отырды. Жоғарғы Кеңестің төрағасы сұлтан, ол жоқ кезде Ұлы уәзір болды. Осы кезеңде реформаны жүргізгендер – Али Паша мен Фуад Паша. Жаңа қылымыстық Кодекс енгізілді, оның көп тұстары француздардан алынды. 1844 жылы астанада 800 мың адам өмір сүрді, 30 жылдан кейін олардың саны 1 миллион 200 мың болды. Олардың 620-сы мұсылмандар, 580-і мұсылман еместер еді [8]. Стамбулда әскери-медициналық училище ашылды, алғашқы бастауыш зайырлы мектептер ашылды. 1874-1875 жылдары Стамбулда 264 бастауыш мектеп, 25 қыз балаларға арналған мектеп жұмыс істеді. 1868 жылы Стамбулда бірінші зайырлы орта мектеп – Галатасарай лицейі ашылды. Ол түрік интеллигенциясының қалыптасуына үлес қосты. 1869 жылы жалпыға бірдей білім алу туралы заң шықты. 1900 жылы Стамбулда алғашқы үш факультеті бар университет ашылды. Университеттің алғашқы жұмыс істеу жылдары II Абдулхамид кезеңіне келеді. Қалыптасқан цензура ғылым мен оқытушылық қызметтің дамуына кедергі келтірді. 1831 жылы түрік тілінде алғашқы ресми газет - «Оқиғалар күнтізбесі» түрік және француз тілінде шықты. 1876 жылы Стамбулда түрік тілінде 13 газет болды [9].

1865 жылы Стамбулда «Жаңа Османдар қоғамы» деп аталатын жасырын ұйым құрылды. Оның құрамына негізінен интеллигенция мен шенеуніктердің арасынан шыққан 250 адам кірді. Қоғам империяда реформаның шешуші түрде іске асуын қолдады. Ұйым мүшелері либералдық көзқарастарымен танылған Мұрадты таққа отырғызуды көздеді. 1867 жылы жаңа османдар – Намык Кемаль, Зия Бей Лондонға эмиграцияға кетіп, осында «Еркіндік» деген газет шығарды. Газет арқылы конституциялық монархияны талап етті. Газет үкіметті танзимат реформасының сәтсіздігі үшін сынады. Елде ағартушылықтың жылдам іске асуын талап етті. Тағы бір ерекшелік, «жаңа османдар» аз ұлттардың азаттық қозғалысына, оларға автономия беруге қарсы болды. Жас түріктердің османизм идеологиясы бойынша, Осман империясының барлық мүшелерінің бір отаны бар, сондықтан, өзін-өзі басқаруға ұмтылудың қажеті жоқ.

XIX ғасырдың аяғында түрік интеллигенциясының саны артты. Дәрігерлер, заңгерлер, шенеуніктер, офицерлер әртүрлі компаниядағы қызметкерлер саны көбейтілді. Олардың идеялық көзқарастарында және қоғамдық іс-әрекеттерінде сол кезеңдегі түрік қоғамындағы болып жатқан өзгерістер анық байқала бастады. XIX ғасыр Осман империясы тарихында еуропалық мемлекеттердің өркениетіне, зайырлы мемлекет сипатына ұмтылумен сипатталады.

Танзимат реформалары Осман империясының қоғамына маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер алып келді. Түркияның буржуазиялық жолға біртіндеп ауысуына, ескімен жаңаның күресі нәтижесінде өркениеттің жаңа бетін ашуға мүмкіндік алды.

Батыстан алынған буржуазиялық идеялар әртүрлі салалардан көрініс алды. Атап айтқанда, құқықтан, мемлекеттік басқарудан, ағарту саласынан.

Ал қоғамда реформалық әрекеттерді одан әрі тереңдетуді қоштаған либералдық топ – саудагерлер, кәсіпкерлер еуропалық біліммен тәрбиеленген қызметкерлер мен әскерлер болды. Олар 1865 жылы «Жаңа османдар» дейтін жасырын ұйым құрды. Оның жетекшісі белгілі жазушысы Намык Кемал болды. 1876 жылы бұл ұйымның күшімен либералдар сұлтан Абдул Азизді тақтан түсірді. Сөйтіп, сұлтандық билікке II Абдул Хамит келді. Ол 1876 жылы желтоқсанда конституцияны және екі палаталы парламентті бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялады. Конституция мемлекеттік тіл – түрік тілі, мемлекеттік дін – ислам діні деп жарияланды.

Түркиядағы стратегиялық теорияның болмауына байланысты Давутоғлу Түркияның халықаралық ұстанымын тарихи түрде таныстыруға тырысып, Түркияның «тарихи тереңдігінің» тұжырымдамасын алға тартады. Оның айтуынша, тарихи фонды уақыт өлшемінде қоғамның позициясын анықтайтын іргелі фактор болып табылады. Осылайша, Давутоғлу бұл мәселені Османлы дәуірінен бастап іздейді және сол кезден бастап ХХІ ғасыр басына дейін қазіргі түрік мемлекетінің халықаралық позициялау процесін бағалауға тырысады. Давутоғлу осы тарихи үдерісте «қырғиқабақ соғыстың» аяғына ерекше назар аударды. Оның айтуынша, «қырғи-қабақ соғыс» дәуірінен кейінгі кезеңдер жинақталған ауқымдылықты және Түркияның жаһандық және аймақтық кеңею үшін стратегиялық емес және стратегиялық тұрғыдан дайын еместігі Түркияның халықаралық позициясын қайта анықтауды және мәдени, географиялық, экономикалық, саяси және стратегиялық

параметрлерге сәйкес қайта қаралды. Содан кейін Давутоғлу қырғиқабак соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық ұстанымның сыртқы және ішкі параметрлерін зерттейді. Халықаралық жағдайдың сыртқы параметрлері «мемлекеттерді» санаттарға жатқызуға тырысатын елдер үшін әрекет/қозғалыстың үлкен саласын «және халықаралық жағдайдың ішкі параметрлерін ескеретін» негізінен өткенді қалпына келтіруді білдіреді және Түркияның орталық аймақтағы рөлін талап етеді [2, 45 б].

Тараудың соңғы бөлімінде Давутоғлу Түрік мемлекетінің тарихи тереңдігінің заманауи интерпретациясын сынап, қайта түсіндірудің ықтимал оң нәтижелері туралы кейбір кеңестер береді. Бір жақты және бір осьтіге қалыптастыру саяси мәдениеті мен байланысты сыртқы саясат Түркия, түрлі сценарийлер бейімделу және көп бағытты Түркия мәні іске асыру мүмкіндігін саяси және дипломатиялық позициясын дамытуға мүмкіндік бермейді деп, осы мәселе бойынша, Давутоғлу жазады.

Кітаптың екінші тарауында Давутоғлу географиялық құрылымды ұсынады. Ол әдебиетте ұсынылған геосаяси теорияларды зерттеп, геосаяси риторика кеңінен қолданылғанына қарамастан, түрік мемлекетінің өзінің геосаяси жағдайын дұрыс пайдаланбау қабілетсіздігін сынап, Түркияның сыртқы саясатына жаңа геосаяси теорияны ұсынады. Давутоғлдың айтуынша, Түркияның геосаяси түсінігі әртүрлі кезеңдердегі динамикалық түсіндірмелердің жетіспеуіне байланысты өте тар және статистикалық сипатқа ие, ал соғыстан кейінгі дәуір – бұл Түркияның геосаясатының қайта қарастыруын талап ететін кезеңдердің бірі ретінде көрсетеді.

Давутоғлу үш геосаяси аймақты анықтайды, ішкі өңірлер Түркияның жаһандық позициясын нығайтуға бағытталған сыртқы саяси стратегиясының геосаяси негізі ретінде анықталады. Бұл ішкі аймақтар Балқан, Таяу Шығыс және Кавказдан құралатын көрші бассейндері; Қара, Жерорта және Каспий теңіздері және Парсы шығанағынан тұратын теңіз бассейні; Еуропа, Солтүстік Африка, Оңтүстік Азия, Орталық және Шығыс Азияны қамтитын құрлықтық бассейн.

Давутоғлының осы салаларға қатысты ой-пікірлерін қысқаша баяндау үшін, көрші аймақтардан бастап жаһандық салаға дейін прогрессивті тәсілді ұсынғанын айта аламыз. Давутоғлдың айтуынша, Түркия тарихи және географиялық жағынан іргелес жер бассейнінің ажырамас бөлігі болып табылады және Түркияның халықаралық позициясы осы шалғай аймақтағы оның ықпалы мен тиімділігіне байланысты болады. Сондықтан Давутоғлу «Түркияның аймақтық ықпалы көршілермен қарым-қатынастарын қайта құрудан тәуелді болады, өйткені көршілерімен үнемі дағдарысқа ұшыраған мемлекет үшін аймақтық және жаһандық саясатты әзірлеу мүмкін емес». Давутоғлу сондай-ақ бірқатар саяси ұсыныстар жасайды. Мысалы, Давутоғлу «Түркия, бір жағынан, көрші жердегі бассейнде аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастық саласындағы ізашар болуға тиіс, ал екінші жағынан, экономикалық және мәдени салалардағы өзара байланысты нығайтатын қадамдар жасау керек» деп жазады [3].

Давутоғлу, теңіз бассейніне қатысты, Түркияның теңіздермен және су жолдарымен ұзақ мерзімді және үйлестірілген стратегиясы жоқ деп мәлімдейді, бұл 3 теңізбен қоршалған және су жолдарының, ішкі теңіздер мен бухтардың қиылысында орналасқан. Қара теңіз бассейніне қатысты Давутоғлу Қара теңізді Шығыс және Солтүстік Еуропаға, Кавказ мен Орталық Азияға, сондай-ақ Шығыс Еуропа мен Азия далаларын Таяу Шығыс пен Үнді мұхитімен байланыстыратын көлік саясатының құралы ретінде дамыту керек. Афро-еуразиялық континенттің стратегиялық торабы ретінде анықталған қиындықтарға қатысты Давутоғлу Түркияның икемді дипломатиялық әдісті дамытулары керек және қиындықтарды бақылаудың құқықтық негізін нығайтуы керек деп пайымдайды. Түркияның ең күрделі теңіз қатынастары, яғни Эгей теңізі проблемасы және Кипр мәселесі сияқты Шығыс Жерорта теңізі бассейніне келетін болсақ, Давутоғлу Эгей теңізінің басқа теңіз бассейндерімен байланыстыратын және Кипр мәселесіне кешенді көзқарас танытатын белсенді және шабуыл саясатын қолдайды.

Парсы шығанағы мен үнді бассейні Давутоғлуның шеңберінде «Түркияның аймақтық әсерін континентальдыққа айналдыру» тұрғысынан өте маңызды. Соңында, «Каспий бассейні - Түркияның Орталық Азияға кіруі үшін негізгі теңіз бассейні», - деп жазады [1, 10 б]. Ол Кавказ-Каспий-Орталық Азияның түрік саясатының үш іргелі тактикалық қағидаларын қолдайды: Каспий мен Қара теңіз арасындағы байланыстарды қамтамасыз ету мақсатында Ресей Федерациясы аумағында Солтүстік Кавказ мемлекеттерінің мәртебесін нығайту; Орталық Азия мен Кавказдағы Ресейдің ықпалын теңгеру үшін экономикалық ынтымақтастықтың серпінді және ұтымды схемасы шеңберінде Иранмен қарым-қатынастарды жандандыру және нығайту керектігіне тоқталып, сонымен қатар Орталық Азия

мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың барлық түрлерін насихаттау қажеттілігінің маңызын ашты.

Еуропа, Солтүстік Африка, Оңтүстік Азия, Орталық және Шығыс Азиядан құралған континенттік бассейн Давутоғлуның географиялық құрылымының соңғы элементі болып табылады. Давутоғлуның айтуынша, Түркия үшін құрлықтық бассейннің анықтамасы аймақтық және жаһандық саясат арасындағы өтуді қамтамасыз ететін континенттік байланыстармен анықталады. Давутоғлу сондай-ақ «Түркияның континенттік бассейннің жаңа тұжырымдамасын анықтауы еуропалық жүйеде екінші роль атқаратын түрік сыртқы саясатының шешілуіне маңызды альтернатива береді. Түркия сияқты бір ел бір жақты, бір жақты халықаралық ұстанымды іздей алмайтындығын көрсетті.

Үшінші негізгі тарауда Давутоғлу стратегиялық құралдарға, яғни халықаралық және аймақтық ұйымдарға және Балкан, Таяу Шығыс, Орталық Азия және Еуропадағы аймақтық саясатқа назар аудара отырып, алдыңғы тарауларда ұсынылған кең тұжырымдамалық және теориялық түсініктердің орындалуын қарастырады. Егжей-тегжейлі талқыланғаннан кейін, осы тарауда осы ұйымдар мен салалар бойынша Түркияның сыртқы саясатына арнайы ұсынымдар берілетіні мойындалады. Давутоғлуның айтуынша, «Түркия «қырғиқабақ соғыстың» нақты жағдайларында қалыптасқан альянстың қарым-қатынасына негізделген сыртқы саяси құралдарының өзгеруін қажеттілігін айтады. Сондықтан Давутоғлу Түркияның НАТО-мен, ЕҚЫҰ-мен, ИЫҰ-мен және G-20-мен қарым-қатынасын қазіргі жай-күйін бағалайды, сондай-ақ Түркия үшін аймақтық және аймақтық ынтымақтастықты кеңейту жолында кейбір жол карталарын ұсынады.

Соңғы тармақта көрші елдердегі Түркияның саясатын қабылдау және Түркияның көршілермен қарым-қатынасын қайта қарастыру қажеттілігі айтылады.

Давутоғлу ұсынған «стратегиялық тереңдік» тұжырымдамасы ұлттық және халықаралық академиялық топтарда да, саяси топтарда да танымал болды деп айтуға болады. Сондықтан, ӘДП-ның сыртқы саяси көзқарасын нақты көрсету үшін оны қабылдау және түсіндіру жолдарын қарастырған жөн.

Дискуссия. 2001 жылы Давутоғлу бұл терминді ұсынғанымен және жан-жақты талқыланғандығына қарамастан, көптеген ғалымдар Түркия «қырғиқабақ соғыстан» кейін оның тереңдігін түсіну процесіне кіргенін айтады. Мысалы, олардың айтуынша Түркияның Озал кезіндегі сыртқы саясаты қазіргі ӘДП-ның сыртқы саясатының негізі деп саналады дейтіндер де жеткілікті.

Түркияның Батыстың тыс жерлерімен қарым-қатынасын кеңейту және тереңдету процесі «Ақ партия» билікке келгенге дейін көп уақыт бұрын басталған болатын. Мысалы, Озалдың басшылығымен Түркия Орталық Азиямен тығыз байланыс орнатуға бағытталған күш-жігер жұмсады. Түркияның қарым-қатынастарын тарихи және мәдени байланыстары бар жерлермен кеңейтуге бағытталған ұмтылыс «Ақ партия» аясында күшті серпінге ие болды және А. Давутоғлу әзірлеген Стратегиялық тереңдік доктринасына қатты әсер етті.

«Стратегиялық тереңдіктің» перспективасы болатын сыртқы саясат тұрғысынан көптеген ғалымдар Түркияның сыртқы саясатының балама нұсқаларын әртараптандырады және қоршаған аймақпен, әсіресе іргелес жердегі бассейнмен қарым-қатынастарын тереңдетеді.

Данфорттың пікірінше «Түркияның Батыста, Таяу Шығыста, Балқандағы және Орталық Азияда бірнеше «геомәдени бассейндері» орналасқан және Түркия осы бассейндерді кеңінен пайдалану қажет деп есептейді [4, 84 б].

Партиялық бағдарламада ӘДП Түркияның геосаяси орналасуын қырғи-қабақ соғыстан кейінгі кезеңнің динамикалық жағдайында қайта қарайды, бұл «қырғи-қабақ соғыс» дәуіріндегі қатал, статикалық жағдайдағы Түркияның геосаяси қмтылысына қарама-қайшы келетіндігі айтылған. Ең алдымен, партияның бағдарламасы «Соғыстан кейінгі кезеңінен туындаған динамикалық өзгерістер, сыртқы саясатты дамыту үшін бірнеше альтернативалармен лайықты ортаны құрды» деп айтады. Осы мәлімдеме аясында партиялық бағдарлама Түркияға «энергетикалық орталықтармен қарым-қатынасты баламалы, икемді және көптеген бағыттармен қайта құру және құру» ұсынады.

Демек, партия бағдарламасынан «қырғиқабақ соғыстан» және жаһанданудан туындаған жаңа жағдайларға байланысты Түркияның халықаралық қатынастарды әртараптандыруы және сыртқы саяси мүмкіндіктері өңірлермен жаңа қарым-қатынас орнатуы керектігі көрсетіледі. Мақала бастында талданатын «стратегиялық тереңдік» түсінігін ескере отырып, бұл мәлімдемелер Давутоғлуның көзқарастары мен ұсыныстарына толығымен сәйкес келетінін айтуға болады.

Партиялық бағдарламада айтылған тағы бір маңызды мәселе - халықаралық және аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығы. Бұл партияның бағдарламасының бірінші бабы. Осы бапқа сәйкес,

«Түркиядағы геосаяси ахуал көптеген ынтымақтастық жобалары үшін тартымды аймақ бола алады». Дегенмен ынтымақтастықты дамыту үшін қауіпсіздіктің және тұрақтылықтың маңыздылығына назар аударылып, «Түркия жақын арада қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күш-жігерін жұмсайтын болады, бұл оның көршілерімен жақсы қарым-қатынастарды диалог негізінде сақтауға бағытталған әрекеттерін күшейтеді.

Партиялық бағдарламаның бұл мәлімдемесінен басқа, Түркияның аймақтағы қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсенді қатысатындығын және дағдарысты шешуге және жанжалдарды шешудегі күш-жігеріне үлес қосуға шешім қабылдауға дайындығы айтылады. Партия бағдарламасына сәйкес, «Түркияға жақын аймақтардағы дағдарыс аудандарында үлкен бастаманы қолға алып, дағдарыстарды шешуге нақты үлес қосуға тырысуы керек» делінген.

Көрші мемлекеттермен қарым-қатынас тұрғысынан алғанда, сайлау манифесті «көршілермен нөлдік проблемалар» принципі негіз болып табылады және қолданылатын әдіс «тұрақты байланыс» деп анықталады. Бұл қағида «орталық ел» болудың басты мақсаты болып табылады. Көрші аймақтарға келетін болсақ, бұл партиялық бағдарламада және 2002 жылғы сайлау манифестінде айтылған көзқарасты растайды, бұл дағдарыстың таралуын болдырмау үшін Түркия осы өңірлердегі жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге ұмтылатын болады.

Давутоғлуның халықаралық және аймақтық ұйымдарға қатысты ұсыныстарының көрінісі ретінде, сайлау манифесті «Ақ партия» халықаралық ұйымдар мен форумдардағы қатысу, өкілдік ету және тиімділікті арттыру үшін жұмыс істейтін болады» делінген.

«Ақ партия» сыртқы саясатын анықтайтын қағидаларды түсінірудің тағы бір әрекеті Ахмет Давутоғлу тарапынан қайтадан жасалды. 2008 жылы жарияланған телевизиялық бағдарламада Давутоғлу алғаш рет ЭДП сыртқы саясатының принциптерін жариялады. Кейінгі жылдары ол өзінің позициясын дамытты және сыртқы саясат журналы үшін жазылған соңғы мақаласында қағидаларды анықтады. Осы мақалаға сәйкес түркиялық сыртқы саясатты анықтайтын үш әдістемелік және бес қағидалар бар.

Бірінші әдіснамалық қағида «дағдарысқа бағдарланған» орнына «көзқарасқа бағдарланған/көрнекі» сыртқы саясаттың көзқарасы болып табылады, яғни дағдарыс жағдайында әр нақты жағдайда есепке алудың орнына, Түркия жағдайларды дамыған интеграцияланған көзқарасқа сәйкес бағалауды бастады.

Давутоғлуның айтуынша, түрік көзқарасы Таяу Шығыстан Кавказға дейінгі барлық мәселелер бойынша, климаттың өзгеруінен саяси экономикаға дейін болады. Давутоғлу алыс көзқарасты қолданудың нәтижесінде: Түркия барлық аймақтардағы тәртіпті орнататын ел рөлін атқаруы керек деді [1, 11 б].

Осыған байланысты Давутоғлу Түркияның үш тірегі бар екенін айтты. Бірінші Давутоғлуның айтуынша, Түркия қауіпсіздік пен еркіндік арасындағы баланс пен тепе-теңдік бар, әлемдегі ең гүлденген елдердің бірі болады. Екінші көзқарас көрші аймақтар мен бассейндерге қатысты, оған сәйкес Түркия «нөлдік проблемалардан» көршілерімен «ең көп пайда/ынтымақтастыққа» ауысады, ал Түркия қоршаған аймақтағы «тәртіпті орнату» үшін жауапты болады.

Енді жаһандық қауымдастықтың Түркияны «көптеген аймақтық және халықаралық мәселелерді мұқият қадағалайтын» елге айналғанын мойындау қажетігі туындады.

Давутоғлу ұсынған екінші әдіснамалық қағидасы түрік сыртқы саясатының бүкіл әлемдегі «дәйекті және жүйелі» жұрылымға негізделуі. Бұл принцип келісілген схемадағы түрлі мәселелер бойынша идеялардың тұтастығын қамтамасыз етеді деп айтуға болады.

Давутоғлуның үшінші әдіснамалық қағидаты – «жаңа дискурс пен дипломатиялық стильді қабылдау». Түркия аймақтағы ең ірі әскери держава болғанына қарамастан көршілергі немесе аймақтағы жағдайды ұшықтыруға өз күшін жұмсамайтындығы. Керісінше түрік дипломаттары мен саясаткерлері Түркияның экономикалық мүмкіндіктеріне басымдық беретін өңірлік және халықаралық саясатта жаңа тілге қол жеткізу кернектігін атап өтті.

Давутоғлу бұл құралды «жұмсақ күш» деп атайды. Осы мәселе бойынша Озлу «Давутоғлу түрік сыртқы саясатындағы кезеңде» деп аталатын мақаласында Давутоғлу тәсілде қолданылатын құралдардың бес жұмыс қағидасына қосымша ұстаным ретінде ескертіп, «Давутоғлуның мектебінде екінші тараптың іргелі сенімділігі бар тарту және дәлелдеу арқылы, сондай-ақ әскери емес құралдарды қосымша ретінде тану. Дегенмен, бұл сәттің жеткілікті түрде түсіндірілмегені, бірақ онымен тығыз және терең болуы керек деп айтуға болады. Осылайша, бұл мақала «Ақ партия»-ның сыртқы саясатындағы жұмсақ күштің рөлін іздестіруге қарапайым үлес болады.

Әдіснамалық принциптерді жасай отырып, Давутоғлу Түркияның сыртқы саясатын анықтайтын операциялық қағидаларды түсіндіруді жалғастырды. Операциялық бірінші принцип - «қауіпсіздік пен демократия арасындағы тепе-теңдік». Бұл принцип түркиялық және шетелдік домендер арасындағы байланыстарды қамтамасыз етеді. Давутоғлының айтуынша, «егер елде қауіпсіздік пен демократия арасындағы теңдестік болмаса, оның айналасында ықпал ету аймағын құруға болмайды. Кез-келген саяси режимнің заңдылығы оның азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетінен туындайды; бұл қауіпсіздік елдегі бостандықтар мен адам құқықтарына зиян тигізбеуі керек» [5, 71 б].

Екінші принцип - «көршілерге қатысты нөлдік проблемалар» - академиялық және журналистік салаларда ең танымал болды. Бұл қағиданы саяси, экономикалық және мәдени тұрғыда қалыпқа келтіріп, тереңдетуге бағытталған – Түркияның көрші елдермен қарым-қатынасы.

Қолданыстағы үшінші қағида дағдарыстың пайда болуына дейін және сыни деңгейге жетуден бұрын шара қолдануды көздейтін «бейбітшілік және бейбіт дипломатия» [6, 35 б]. Көзқарасқа бағдарланған көзқарастың табиғи жалғасы ретінде Түркия аймақтық және жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда мүмкіндігінше барынша әрекет жасауға тырысады, өйткені Түркиядағы дағдарыстар мен қақтығыстар ішкі саясат үшін теріс салдары болады. Сондықтан Түркия дағдарыстың күрт деңгейге көтерілуіне жол бермеу және оларды бейбіт жолмен тиімді араласуға қатысатын барлық тараптар үшін қанағаттанарлық шешім қабылдауға бағытталған барлық қажетті шараларды қабылдауға ниетті.

Қорытынды. Давутоғлының айтуынша, «көп векторлы сыртқы саясатқа бейілділік» Түркияның сыртқы саясатының төртінші қағидасы. Давутоғлының Түркияның «үйлесімді жаһандық қарым-қатынастар» болуы керек деген тұжырым жасалуы мүмкін. Бұл дегеніміз, алдағы қарым-қатынастар бұрынғыға қайшы келмеуі керек және Түркияның баламалы сыртқы саясатын кеңейту жөніндегі бастамалары түсінілмеуі керектігі. Давутоғлының айтуынша, «Түркияның басқа әлемдік ойыншылармен қарым-қатынасы бәсекеге қабілетті емес, жіне қосалқы болып келеді». Осы мәлімдемеден осы принцип екінші әдіснамалық қағидаттың «тұрақты және жүйелі негізі» болып көрінетініне көз жеткізуге болады.

Давутоғлу ұсынған Түркияның сыртқы саясатының бесінші принципі – «Түркияны халықаралық қатынастарда белсенді рөл атқаруға тырысатын ритмикалық дипломатия». Бұл «барлық халықаралық ұйымдардағы барлық жаһандық және халықаралық мәселелерге белсенді қатысуға» сәйкес келеді, бұл Түркияның ғаламдық көзқарасымен үйлесімді. Давутоғлу бұл мәлімдемені растайды: «Түркияның мақсаты – халықаралық платформалар арқылы жаһандық проблемаларға дәйекті араласып, Түркияны орталық мемлекеттен жаһандық билікке айналдыру».

Түркия Давутоғлу дипломатия саласында тұрақты жұмыс істеуге тырысып, халықаралық ұйымдарда белсенді рөл атқаруға тырысып, түрік байланыстарының бұрынғыдай шектелмеген жаңа бағыттарын ашуға тырысып, «ырғақты дипломатия» деп атаған әрекетте әрекет жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Davutoğlu A. *Stratejik Derinlik, Türkiye'nin Uluslararası Konumu. İstanbul, Küre Yayınları, 2001. P. 20.*
- 2 Bulent Gokay *Reflections on the foreign policy of Turkey under Davutoglu: from the status quo to the "new" great strategy? // Journal of Global Faultlines Vol. 2, No. 2 (January 2015), pp. 44-49*
- 3 Бахревский Е. *Политика «нового османизма» Турции и постсоветское пространство. URL: <http://www.regnum.ru/news/1467970.html#ixzz1dxtHQJS6> (дата обращения: 28.01.2019).*
- 4 Danforth, Nicholas. 2008. "Ideology and Pragmatism in Turkish Foreign Policy: From Atatürk to the AKP," *Turkish Policy Quarterly* 7(3): 83-95.
- 5 Маврина Ю.В. *Концепция внешней политики Турции Ахмета Давутоғлу // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: История. Международные отношения. 2014. Т. 14. Вып. 1. – С. 69-75.*
- 6 Logan D. *Turkey and its Middle Eastern Neighbours: Threat or Opportunity for the European Union? Asian Affairs. Vol. XL. No. 1. March 2009. P. 34-43.*

А.М. Исалиева¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,
Астана қаласы, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ СИПАТЫ МЕН ҚАРҚЫНЫ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасындағы Парсы шығанағы елдерінің қайырымдылық қорларының қызметі мен қарқынына талдау жасалады. Мақала мазмұнына отандық және араб ақпарат көздерінің мәліметтері топтастырылып енгізілді. Сонымен қатар, статистикалық зерттеу әдісі, дискурс анализі қолданылды. Зерттеу барысында қарастырылған негізгі сауалдар: Қазақстандағы араб қайырымдылық қорлар қызметінің қарқыны қандай? Еліміздің көпұлтты, көпконфессиялы құрамы және исламдық құндылықтарға негізделген араб мемлекеттерімен орнатылған гуманитарлы саладағы ынтымақтастық өзара қалай үйлеседі? Аталмыш ынтымақтастықтан туындайтын нәтижелер мен мәселелер қандай?

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, Парсы шығанағы елдері, ислам, қайырымдылық, гуманитарлы ынтымақтастық.

Исалиева А.М.

*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан*

ХАРАКТЕР И ДИНАМИКА ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И СТРАНАМИ ПЕРСИДСКОГО ЗАЛИВА

Аннотация

В данной статье анализируется деятельность и динамика благотворительных фондов стран Персидского залива в Республике Казахстан. В содержание статьи внесены данные из отечественных и арабских источников. Также, использовались статистические методы исследования, дискурс-анализ. Ключевые вопросы, поднятые в ходе исследования: какова динамика арабских благотворительных фондов в Казахстане? Как совпадают многонациональная, многоконфессиональная структура Казахстана и сотрудничество с арабскими странами Персидского залива в гуманитарной сфере основанное на исламских ценностях? Каковы результаты и проблемы, возникающие в результате этого сотрудничества?

Ключевые слова: Республика Казахстан, страны Персидского залива, ислам, благотворительность, гуманитарное сотрудничество.

Issaliyeva A.M.¹

*¹PhD student of the L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan*

CHARACTERISTIC FEATURES AND DYNAMICS OF HUMANITARIAN COOPERATION BETWEEN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE PERSIAN GULF COUNTRIES

Annotation

This article analyzes the activities and dynamics of charitable foundations of the Persian Gulf countries in the Republic of Kazakhstan. The article contains data from domestic and Arabic sources. Also, used statistical methods of research, discourse analysis. Key questions raised during the study: What is the dynamics of Arab charitable foundations in Kazakhstan? How does the multinational, multi-religious structure of Kazakhstan and cooperation with the Arab countries of the Persian Gulf in the humanitarian

sphere which based on Islamic values are combining? What are the results and challenges arising from this collaboration?

Keywords: the Republic of Kazakhstan, the Gulf countries, Islam, charity, humanitarian cooperation.

Қарқынды даму жолына түскен сауда-экономикалық және дипломатиялық қатынастардың легі Қазақстан мен Парсы шығанағы елдері арасындағы гуманитарлы ынтымақтастықтың ілгерілуіне де қолайлы жағдай туғызды. Сол себепті, Парсы шығанағы елдері тарапынан еліміздегі мемлекеттік, жеке меншік қайырымдылық қорларының қызметі белсенді түрде кеңейді. Дәл осы мәдени, рухани ынтымақтастықтың мәні екі тарап үшін де маңыздылығы жоғары болды.

Оған дәлел ретінде, Парсы шығанағы елдеріне ҚР Президентінің немесе басқа да ресми делегациялар сапарлары барысында халықаралық исламдық ұйымдар мен қайырымдылық қорлардың өкілдерімен ұйымдастырылатын кездесулерді айтуға болады. Мысалы, 1997 жылы Н.Назарбаевтың Кувейтке жасаған іс-сапары барысында Бүкіләлемдік исламдық қайырымдылық ұйымының (ал-хайа ал-хейтия ал-исламия ал-аламия) бас хатшысы Юсеф аль-Хаджимен кездесті. Келіссөздің басты тақырыбы Қазақстан территориясында қайырымдылық әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың мүмкіндіктерін қарастырылды. Соның ішінде, мешіттердің, жетімдер үйлерінің құрылысы, емханаларды заманауи құрылғылармен жабдықтау мәселелеріне аса көп көңіл бөлінді. Кувейт көсемі Джабер шейхтың ұсынысымен елдер арасындағы мәдениет пен білім салаларындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық келісімге қол қоюды ұсынды [1]. Аталмыш келіссөздер нәтижесінде, мұсылман елдері арасындағы сауда-саттық жобаларды қаржыландырумен айналысатын, Кувейт қаржы үйінің басшылығы ресми түрде мәдениет пен білім беру саласындағы объектілерді қаржыландыруға көмегін, әрі араб мемлекеттеріндегі қазақстандық студенттерге стипендия беруді ұсынды [2].

1999 жылдың шілде айында доктор Адель Аль-Фаллах Алматыдағы Орталық мешіт ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Министрлігінің атынан ол Қазақстанның алғашқы муфтиі Ратпек Нысанбайұлына қосқан үлесі ретінде 30 мың АҚШ долларды табыстады [3].

Тәрбие, білім беру және мәдениет саласындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Катар арасындағы өзара қатынастар аясында дамыды. 2000 жылы 5-7 шілдеде Доха қаласында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлы ынтымақтастық мәселелері жөнінде алғашқы Қазақстан мен Катардың Үкімет аралық отырысы өтті. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі мен Катар мемлекетінің тәрбие, ағарту және жоғарғы білім беру министрі арасында аталмыш саладағы өзара ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа қол қойылды. Осы келісім негізінде 2002 жылы наурызда Доха қаласында Қазақстан мәдениетінің күндері аталып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – Катар халқына қазақстандық мәдениет пен өнері жөнінде толық ақпарат беру болды. Парсы шығанағы аймағында алғаш рет ұйымдастырылған бұл іс-шара араб бұқаралық ақпараттар арасындағы ең танымалы «Аль-Джазира» арнасында хабарланған болатын [4]. Жалпы, күні бүгінге дейін осы арна Парсы шығанағынағы елдері үшін Қазақстанның белсенді, әрі мүмкіндігі жоғары аймақтық серіктестерінің бірі ретіндегі имиджінің қалыптасуына зор үлес қосуда. Дәл сол жылдан бастап, Катардың қайтарымсыз гранты есебінен салынған 5000 адам сиятын Астанадағы Исламдық мәдени орталық пен негізгі мешіттің құрылысы басталды. Бұл жобаның жалпы құны 6,5 млн.АҚШ долларды қамтыды [5].

2005 жылы бұл мешіттің салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Президенті қатысып, 1994 жылғы Сауд Арабиясына жасаған ресми сапары кезінде Фахд Королі оған сыйға тартқан Меккедегі басылымнан шыққан Қасиетті Құран кітабы мен *кисваның* бір бөлігін (Қасиетті Қағба жамылғысы) табыстады. Осы рәсімнен соң, Ислам орталығы Нұр-Астана Орталық Мешіті деген ат берілді. Қазақстан руханияттары бұл ғимаратты ислам ағарту ісінің орталығы деп қарастырады. Бүгінгі таңда бұл мешіт қабырғасында діни білім беру мен Маулид, Ораза Айт, Құрбан Айт, Қадір түні сияқты діни салтанатты іс-шаралар өтуде.

Келесі бір мемлекет аралық ынтымақтастықтың қатысушысы – БАӘ сыртқы істер министрі Шейх Хамдан бен Зайед аль-Нахайан басқаратын, Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) Қызыл Жарты ай қайырымдылық ұйымы. Бұл ұйым 1983 жылы «ұлттық, гуманитарлы, ерікті орган» ретінде Әмірліктердің алғашқы беткеуістар қайырымдылық қорларының бірі болып құрылды. Қызметінің негізгі стратегиясы «ұлттына, нәсіліне, жынысына, діни, саяси, идеологиялық ұстанымдарына қарамастан көмекке мұқтаждардың бәріне жәрдемдесу» [6]. Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай Халықаралық федерациялардың мүшесі бола тұра бұл ұйым өз қызметі барысында халықаралық

гуманитарлы құқықты басшылыққа алады. Атқаратын іс-шараларына әртүрлі апаттар мен әскери әрекеттерден жапа шеккен аймақтарға азық-түлікпен, медициналық, материалды жәрдеммен қамсыздандыру кіреді. Сонымен қатар, исламдық әлемнің негізгі объектісі ретінде, дәстүрлі түрде кедей отбасыларға көмек, жетімдер үйлерін, мешіттерді, Құранды оқыту орталықтарын салу және оларды қаржыландыру, әрі Рамадан, қажылықты ұйымдастыруға байланысты іс-шараларды да атқарады.

90-жылдардың басында БАӘ-ң Қызыл Жарты айы Қазақстанда өзінің қызметін атқаруды бастады. Екіжақты келісімшартқа сәйкес оның қызметінің негізгі объектілері жоғарыда аталғандармен бірге, ауыз су құбырлары және тағы басқа әлеуметтік маңызы бар мәселелер қарастырылды. 1998 жылдан бастап, Қазақстан аталмыш ұйымға мүше болып кіргелі 12 білім беру, медициналық, әлеуметтік ғимараттар салынды. Сонымен қатар, жетімдер үйлерін қаржыландыруға 1998 ж. – 19 600 дирхам, су тасқыны кезіндегі көмекке 2000 ж. – 22 400 дирхам, 2001 жылы – 18 400 дирхам жұмсалды [7].

Қызыл Жарты айдың қайырымдылық бағдарламаларында *Абу-Даби аль-хейрийа* жеке меншік ұйымы зор үлесін қосты. 2003 жылы бұл ұйым Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасымен мешіттерді салу жөніндегі келісімшартқа қол қойды. Осының нәтижесінде, елімізде 30-дан астам мешіттер тұрғызылды. Ең ірілері Алматыдағы орталық мешіт пен Алматы ықшам аудандарда салынғандарды айтуға болады. Бұл мешіттерде діни сауаттылықты ашумен қатар, тігін курстар мен компьютерлік сыныптар қызмет етуде. Тура осы сипатта осы ұйым есебінен салынған/жөнделген қалған мешіттер де жұмыс істеуде.

Қызыл Жарты айы ұйымының қызметі аясында Алматы облысындағы: Қаскелеңдегі қыздарға арналған жетімдер үйі және Қапшағайдағы ер балалардың жетімдер үйі толығымен қаржыландырылады. Әрқайсысында 100-ден астам балалар тұрады. Назар аударарлық жәйт: аталмыш үйлердің бастапқы қызметі кезінде қазақстандық волонтерлармен қатар арабтар да жұмыс істеді. Ал, қазіргі күні қызметкерлер қатары тек жергілікті мамандардан тұрады. Балалар зайырлы мектептерде сабақ оқиды, бірақ діни мерекелер мұнда үнемі атап өтіледі, әрі мектептен тыс уақыт кезінде діни ағартушылық жұмыстар да өткізіледі. Аталмыш қор қамқорында кедей отбасынан шыққан, көбінесе әкелері жоқ 1000 жуық балаларға да көмек көрсетіледі. Олар 18 жасқа дейін толғанша айына 50 АҚШ доллары көлемінде ақшалай жәрдем көрсетіледі. Демеушілер – араб елдерінің анонимді меценаттары.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы гуманитарлы ынтымақтастық 1994 жылы тараптар арасында жасасқан Сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдени салалардағы Үкіметаралық Бас келісімшартқа негізделіп жүзеге асырылуда. Келісімшарттың 6-бабында ғылыми-мәдени ынтымақтастықтың бағыты нақтыланып, оның мазмұнына жастармен жұмыс жүргізу, білім беру саласында ынталандыру, сонымен қатар араб тілін оқытуды дамыту әрекеттері кірді [8].

1997 жылы желтоқсан айында ҚР Білім және ғылым министрі К.Кушербаев Эр-Риядқа бірінші ресми іс-сапарын жасады. Кездесуге Сауд Арабияның ислам және вакуфтер істері жөніндегі министрі, кейін Ислам әлемі лигасының Бас хатшысы лауазымын атқарған, Абдалла бен Абдель Мухсин ат-Турки қатысты. К.Кушербаев екі жақты ынтымақтастықтың әлеуетін аса жоғары деп бағалаған болатын. Оның айтуынша, Қазақстан үшін Сауд Арабия тарапынан тек экономикалық емес, сонымен қатар рухани қолдаушылық та маңызды. Әсіресе, мешіттерді салу, дінтану мамандарын оқытып даярлау, қазақ тілінде ислам бойынша кітаптарды шығару қажеттілігі басым [9].

ҚР Білім және ғылым министрі және Сауд Арабияның Халид аль-Ансари жоғарғы білім министрі арасындағы болған кездесу барысында келесі мақсаттар талқыланды: тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес университеттер, білім беру және зерттеу орталықтары арасында ынтымақтастықты орнату; тіл мен әдебиетті дамыту саласында өзара қолдаушылық пен ынтымақтастықты дамыту; біріккен конференцияларды, Мәдениет күндері мен көрмелерді өткізу. Сауд Арабия министрлігі ҚР-да араб тілін оқыту мен дамыту үшін жағдай жасап, материалды көмек көрсетуге дейін даярлығын білдірді. Өз алдына ҚР тарапынан орыс тілі мұғалімдерін Сауд Арабияның университеттеріне жолдау ниеті айтылды.

Аталмыш келісімшарт негізінде 2001 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті (қазіргі ҚазақҰПУ) тұсында Сауд Арабиясы Ислам зерттеу орталығын ашуды жоспарланған. ҚР-ң Сауд Арабиядағы қазіргі елшісі Қайрат Лама Шарифтің белсенді атсалысуымен Эр-Риядтағы Сауд патшасы атындағы және қазақстандық университеттер арасындағы байланыс орнатылды. Аталмыш қатынастарды қарқындату мақсатында 2006 жылы Қазақ Ұлттық Университетінің ректоры бастаған

делегация Сауд Арабияға ресми сапармен келді. Кездесу нәтижесінде ынтымақтастық жөнідегі келісімшартқа қол қойылды. Соған сәйкес, 2007-2008 жылдар аралығында Сауд Арабиясына он студент пен төрт оқытушы тілдік тағылымдаманы өткеру жоспарланды. Осы кездесулер барысында қазақстандық делегация тарапынан мектептерімізге демеушілік көрсету өтініші айтылып, елімізде 50-100 араб тілі кабинеттерін ашу ұсынылды.

Қазақстан территориясындағы Сауд Арабияның гуманитарлы миссиясының ресми өкілдері ретінде Ислам Ынтымақтастық Ұйымы тұсындағы Исламдық білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі комитеті (ISESCO) мен Ислам әлемі лигасы тұсындағы Бүкіләлемдік исламдық жастар ассоциациясы (WAMY) қызмет атқарды.

Бұл ұйымдардың қызметі алдында аталып кеткендерге ұқсайды. Бірақ, та ислам әлеміндегі бұлардың ерекшелігі мен маңыздылығын атап кеткенді жөн санаймыз. Сонымен, Исламдық білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі комитет (ISESCO) 1982 жылы құрылды, штаб-пәтері Рабат қаласында орналасқан. Ұйым қызметінің негізгі мақсаты білім беру, ғылым, мәдениет саласында исламдық күштерді біріктіріп, заман талаптарына сай дәрежеге көтерілу. Демек, «Ислам әлемінің мәдени стратегиясына» сәйкес бұл ұйым қызметінде ислам әлемі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы қамтылады. Жүзеге асырылатын іс-шаралары ислам жамағатының өркениеттік жаңғыруына және осы саладағы әртүрлі институттар арасындағы байланысты бақылап қарқындатуға бағытталған [10]. Күні бүгінге дейін Қазақстанда қызмет атқаруда.

Ислам әлемі лигасы тұсындағы Бүкіләлемдік ислам жастары дүниежүзілік ассамблеясы (WAMY) 1972 жылы құрылды, штаб-пәтері Эр-Риядта. Әлемде 34 өкілеттіктері бар, ислам әлемінде зор беделге ие ұйым. Жарғысына сәйкес бұл ассоциация өзін «мұсылман жастарының игілігі үшін қызмет етіп, қолдаушылық көрсететін халықаралық исламдық тәуелсіз қайырымдылық ұйымы» деп атайды. Негізгі мақсаты – жастар арасындағы исламға баулу, ислам жөніндегі білімді тереңдету, ислам қоғамы мен оның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми инфрақұрылымын құру кезіндегі мұсылман жастарының миссиясын түсіндіру [11]. Сәйкесінше, бұл ұйымның негізгі қызметі мұсылман жастарына қамқоршылық көрсетумен, яғни білім беру ағартушылық сипатқа ие. Осы қызметі аясында тәрбиелеу-білім беру лагерьлері, семинар, конференцияларды өткізу, Құранды жаттау үйірмелері, ислам ақпараттық орталықтары, әлем тілдерінде діни әдебиет басылымы, студенттерге стипендия бөлу, жетімдерге қамқорлық, исламдық жастар ұйымына қаржылай және моральді көмек көрсету жұмыстары атқарылады. Қазақстанда бұл ұйымның қызметі 2018 жылы тоқтатылды. Себебі, ҚР Үкіметінің 09.04.2018 [№ 177](#) қаулысының тізіміне енгізілмеді [12].

2010 жылдың 30-маусым күні Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Шейх Халиф бен Заид Әл Нахаян қорының гранты есебінен Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында перзентхана және бас мешіт салу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге тараптар қол қойды. Оған сәйкес, халықтар арасындағы өзара түсіністікті тереңдетудің, сондай-ақ сауда-экономикалық, мәдени және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты алға жылжытудың маңыздылығын ескере отырып, Қазақстанға аталмыш қор есебінен 33 530 000 (отыз үш миллион бес жүз отыз мың) АҚШ доллары мөлшерінде грант бөлінді. Бұл ақша Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында 25530000 (жиырма бес миллион бес жүз отыз мың) АҚШ доллары сомасына 120 орындық перзентхананы салуға 8000000 (сегіз миллион) АҚШ доллары сомасына Шейх Халиф бен Заид Әл Нахаян атындағы 3000 орындық бас мешітті салуға жұмсалды [13].

2014 жылы 19-қаңтарда жек дуадақтарды қорғау халықаралық қоры, Абу Даби, Біріккен Араб Әмірліктері ("International Fund for Houbara Conservation – Kazakhstan" корпоративтік қоры) және Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжаттың негізгі мазмұны - Қазақстандағы жоғалу қаупі бар және сирек кездесетін дуадақта түрлерін сақтауға, сондай-ақ оны қорғау мен қалпына келтіру іс-шараларына арналды [14].

Бұл ұйымдардың барлығы да, атап айтсақ, ISESCO, WAMY, Біріккен Араб Әмірліктерінің Қызыл Жарты айы, Заид бен Сұлтан Әл Нахаян атындағы қайырымдылық-ізгілік ұйымы, Шейх Халиф Бен Заид Әл Нахаян қоры, "International Fund for Houbara Conservation – Kazakhstan" корпоративтік қоры елімізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларында бекітілетін гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізбесі негізінде ресми түрде қызмет етеді. Сол себепті, олардың қызметінің заңды күзіреттілігінде еш күмән жоқ.

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабия арасындағы гуманитарлы ынтымақтастық жөнінде сараптама жасағанда, әрине біріншіден қажылықты ұйымдастыру тақырыбы алға шығады. 1998 жылы Фахд бен Абдель Азиз королі жеке қоры есебінен Қазақстаннан қажылыққа баратын 200 адамның шығындарын өтеді. Қазақстан азаматтары тарапынан жыл сайын қажылық жасаймын деушілердің саны артатындықтан, екі ел арасындағы өзара ынтымақтастықты орнату қажеттілігі аса жоғары болды. Қажылықты ұйымдастыру мәселелері Сауд Арабия үкіметі атынан қажылық істері жөніндегі министрлік пен басқа мұсылман мемлекеттеріндегі осыған сәйкес билік органы арасында қарастырылады. Қажылық кезеңінің басталуынан бірнеше ай бұрын Сауд Арабия өз тарапынан шетелдік делегациялармен келіссөз жүргізіп, қажылықты ұйымдастырудың мән-жайын талқылайды.

Қазақстанға келетін болсақ, Дина Вильковскидің дипломаттар, қажылар арасында жүргізген сұхбаттары нәтижесінде айқындалғаны, бұл мәселенің шиеленісі Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының (ҚМДБ) бірінші Жоғарғы муфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлының қажылықты ұйымдастырудың қалыптасқан ережелерін ескермейтіні себеп болды. ҚМДБ-ң алғашқы басшылығы не Сауд Арабия, не Қазақстандағы олардың елшілігінің талаптарын ескермей өз еркінше адамдарды қажылыққа аттандырған болатын. Сәйкесінше, көптеген наразылықтар орын алды. Нәтижесінде, Сауд Арабия патшалығындағы Қазақстанның имиджіне нұқсан келтірілені жөнінде Дина Вильковски өзінің монографиясында ой қозғайды [15].

Аталмыш мәселенің шешуші сәті 2002 жылы ҚР ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрі М.Құл-Мұхаммед пен жаңа муфтиіміз Ә.Дербісәлінің Сауд Арабиясына жасаған ресми сапары кезінде туындады. Тараптар өзара қажылықты ұйымдастыру барысын келісіп бекітті. Соған сәйкес, енді қажылық ҚР ҚМДБ-сы және Сауд Арабияның қажылыққа жауапты министрі арасында қол қойылған хаттамаға сәйкес өткізіледі. 2007 жылы Меккеде тараптар арасында кезекті келісімшартқа қол қойылып, мұсылмандардың қажылыққа бару тәртібі мен елімізге бөлінетін квота жөнінде келіссөздер өтті. Нәтижесінде, 2007 жылдың желтоқсан айында 4500 адам қажылыққа бара алды, бұл көрсеткіш 2006 жылға қарағанда екі есе көп [16]. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың қарқындауына Парсы шығанағы елдері тарапынан Қазақстанның ірі қалаларында мешіттерді салуды қаржыландыру ниетін жүзеге асырып жатқан жеке тұлғалар мен меценаттар қызметі зор үлесін қосуда. Олардың қомақты көмегімен Алматыдағы орталық мешіт (200 мың АҚШ доллар) салынуы аяқталды, Астанадағы ескі мешіт реконструкцияланды (50 мың АҚШ доллар). 2004 жылы Сұлтан Бен Абдель Азиз өзінің қорынан Петропавлдағы мешіттің салынуына 2 млн АҚШ долларды бөлді. Қазақстандағы қайырымдылық қорлар мен Азия мұсылмандары комитетінің негізгі демеушісі ретінде Кувейт кәсіпкерін Абдулазиз С. Аль-Бабтинді атап өткеніміз жөн. Оның Бейт аль-Бабтин қоры есебінен ондаған қазақстандық студенттер аль-Азхар және тағы басқа араб университеттерінде діни білімдерін игеруде. 2002 жылы оның шақыруымен Қазақстаннан ақпарат пен мәдениет министрі К.Көшербаев пен муфтиі Ә.Дербісәлі Кувейттегі араб елдерінің мәдениет саласындағы қайраткерлерді марапаттау салтанатты рәсіміне қатысты. Қарастырылған қайырымдылық және діни қорлардың қызметі еліміздің территориясында Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңына сәйкес жүзеге асырылады [17].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы мемлекеттік және жеке тұлғалардың исламдық қайырымдылық бағдарламаларды жүзеге асыру қарқыны жоғары деп тұжырымдауға болады. Әрине, әрбір араб қайырымдылық қорының өз алдына қойған мақсат-мүдделері – исламдық құндылықтарды тарату мен ықпалын кеңейтуге ұмтылған. Осыны есекере отырып, Қазақстан Республикасы және Парсы шығанағының араб елдері арасында жүргізілген келіссөздер нәтижесінде, гуманитарлы ынтымақтастық бағытын реттейтін бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Arab News. Kuwait Times, 1.September 1997.*
2. *Амреев Багдат, 2004: Аравийские монархии и их место во внешнеполитических приоритетах Казахстана, Астана. – С.53.*
3. *Багдат, 2004: Аравийские монархии и их место во внешнеполитических приоритетах Казахстана, Астана. С.64.*
4. <https://www.aljazeera.net/portal>
5. *Занкоев Калижан. Nur-Astana Mosque. Almaty, 2006, 40.*
6. *UAE Red Crescent: <http://www.uaerc.org.ae>*

7. Вильковски Дина, 2014: Арабо-исламские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение, Астана-Алматы. – С.102-103.
8. Амреев Багдат, 2003. Казахстан и Саудовская Аравия. Астана. – С. 257-261.
9. Biyumi, Mahmud, 1998: al-alam al-islami, 21-27 September.
10. ISESCO: <http://www.isesco.org.ma>
11. World Assembly of Muslim Youth: <http://www.wamy.org>
12. https://kaz.tengrinews.kz/zakon/kazakhstan_respublikasyinyin_ukmet_kazakhstan_respublikasyinyin_premier_ministr/karjyi/id-P1800000177/#z8
13. <http://kazakhstan.ae/kz/%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B9-%D0%B4%D0%BE%D0%BC-%D0%B8-%D0%BC%D0%B5%D1%87%D0%B5%D1%82%D1%8C-%D0%B2-%D1%87%D0%B8%D0%BC%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B5-%D0%BE%D1%82-30-06-2010-2/>
14. <http://kazakhstan.ae/kz/%D0%BC%D0%BE%D1%81%D0%B2%D1%80-%D0%B8-%D1%84%D0%BE%D0%BD%D0%B4-%D0%B4%D1%80%D0%BE%D1%84%D1%8B-2/>.
15. Вильковски Дина, 2014: Арабо-исламские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение, Астана-Алматы. – С.108.
16. Наш мир (Алматы), 15июнь 2007.
17. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>

УДК 94(574)
МРНТИ 03.20

А.Ж. Токмурзаева¹

*¹Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ докторанты,
Мамандығы «6D020200 – Халықаралық қатынастар» Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ БИЛЕРІНІҢ БЕЙБІТШІЛІК КОНЦЕПЦИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада біз ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығы билерінің хандық мемлекетінің сыртқы саясатындағы бейбітшілік парадигмасын ғылыми стратегиялық тұрғыдан сарапқа салуға қадам жасаймыз. Өйткені Қазақ хандығы мемлекеті тарихында хандарды қоршаған батырлармен бірге атақты жыраулар, әйгілі билер заман ағымына қарай салмақты сөз айтып, саналы пікір қосып, арналы ой айтып, дұрыс саясат құруға бағыт бағдар беріп, қазақ елінің бейбіт өмір сүруіне ат салысқандардың бірегейі.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, би-шешендер, мемлекет, бейбітшілік.

А.Ж. Токмурзаева¹

*Докторант КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Специальность «6D020200 – Международные отношения», Алматы, Казахстан*

КОНЦЕПЦИЯ МИРА БИЕВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Аннотация

В этой статье мы делаем подход к научно-стратегическому анализу парадигмы мира во внешней политике Ханского государства биев Казахского ханства с XVII-XVIII веков. В связи с тем, что в истории государства Казахского ханства, наряду с героями, окружающими ханов, знаменитые жырау, прославленные бии внесли весомый вклад в эпоху времени, высказывали свое мнение, ориентировали на формирование правильной политики, приняли участие в мирной жизни казахского народа.

Ключевые слова: внешняя политика, бии-ораторы, государство, мир.

Tokmurzayeva Akbota¹

*PhD student in International Relations Kazakh Ablai khan University of
International Relations and World Languages Kazakhstan, Almaty*

THE CONCEPT OF PEACE BIYS OF KAZAKH KHANATE

Abstract

In this article we make an approach to the scientific and strategic analysis of the paradigm of peace in the foreign policy Of the Khan's state of biys of the Kazakh khanate from the XVII-XVIII centuries. Due to the fact that in the history of the state of the Kazakh khanate, along with the heroes surrounding the khans, famous Zhyrau, famous biys made a significant contribution to the era of time, expressed their opinion, focused on the formation of the correct policy, took part in the peaceful life of the Kazakh people.

Keywords: foreign policy, biy-speakers, state, world.

Бұл мақалада біз ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығы билерінің хандық мемлекетінің сыртқы саясатындағы бейбітшілік парадигмасын ғылыми стратегиялық тұрғыдан сарапқа салуға қадам жасаймыз. Өйткені Қазақ хандығы мемлекеті тарихында хандарды қоршаған батырлармен бірге атақты жыраулар, әйгілі билер заман ағымына қарай салмақты сөз айтып, саналы пікір қосып, арналы ой айтып, дұрыс саясат құруға бағыт бағдар беріп, қазақ елінің бейбіт өмір сүруіне ат салысқандардың бірегейі. Олар соңына ерген қалың елін іргесі бекіген бейбіт мемлекет етуді армандаған. Бұхар бидің: «Көрпелестер би болып, көпке кеңес айтқан жұрт» [1, 28б.], -дегені сондықтан болар. Бұл жыр жолдары бүгінгі біздерге игілігіңе ие бол, біз қосқан үлесті кемітіп алмай бейбіт өмірді сақтаңдар деп тұрғандай болады. Демек, біз зерттеу нысанына алып отырған билер сол кездегі халықтың бейбіт тіршілігінің аңсаған да, соған ат салысқан – жорға бесігі, соны жебеген де демеген – өмір арнасы болған деуге әбден негіз бар.

Жалпы теориялық жағынан алғанда «өмір сүру әлемнің фоны» [2,324б.] дегенге сенетін болсақ, адамзат тарихы «соғыс пен бейбітшілік» дилемасы арасында қозғалу заңдылығына куә боламыз. Осы бір объективті заңдылықтың метатеориялық ұсқынын Қазақ хандығы билерінің де мойындағанын аңғару қиын емес. Мәселен, оны «Бас кесе де басылмай, ақ ісімді жасырмай, атқа мінген ер едік» (Жиёмбет би), «Ерлігімді елдігіме тапсырдым...» (Шоған би) [3,94,99бб.], – деген шешендік толғауларынан көруге болады. Олай болса, ХҮІІ ғасыр басындағы қазақ ханы Есімнің, «Есікке жұртым бекем бол, дұшпаның көп, оң мен сол. ...Өр жағың – қалмақ, қытай, бұяғы – орыс. ...Алдымнан жүріп оңалсам, артқы жағым қараңғы. Бұяғын бассам қолыммен, бұяғынан ұрады. Бүреуінен құтылсам, бүреуі даяр тұрады. ...Қори алмай қор болдым, қазағым, сені қайтемін?..» [4,164,184бб.], – деген, дала биі Төленің, «жар астында тұрғанда, жасырынып жауымыз» [3,109б.], – дейтін адамзат ғұмырында соғыстың болу жағдайын жаудың болу ақиқатымен дөп басып айтқан сол кездегі халықаралық қатынастағы мегатрендтік саясат конфронтациясының метағылыми формасы осындай еді. Ал оның зайырлы ғылым тұрғысындағы растығын А.Шопенгауэрдің: «өмір дегеніміз толқу мен тыныштану тарихы» [5,292б.], – деген жалпытеориялық тұжырымынан да көруге болады. Бұл тұжырымнан біз «соғыс пен бейбітшілік» феномені әрі өзекті, әрі концептуалды егіз құбылыс болатынын байқаймыз. Осы ойдың нақтырақ көрінісін Ницшеден табуға болады, ол: «соғыстан бас тарту ұлы өмірден бас тартуды білдіреді», – десе, Энтони Кенни: «соғыс дегеніміз – еркіндікте тәрбиелену, ал еркіндік ...жеңіске шаттанатын адами түйсіктерді білдіреді» [5,302б.], –деген пікірде болады. Бұл тезистерден байқайтынымыз «соғыс» категориясы қоғамдық-мемлекеттік тіршілік тарихының континуумдық құрылысы дейтін онтогенездік түйін. Демек ейкумен кеңістігі болған жерде «соғыс» ұғымы – архаизм бола алмайтын адамзат болмысының константты сипаты. Олай болса «соғыс» ұғымының антонимі ретінде «бейбітшілік» ұғымының да өмір сүруі объективті құбылыс.

Сол себепті «соғыс пен бейбітшілік» сөз тіркестері бүгін де халықаралық саяси сахна күн тәртібінен түспей тұрған мәселенің ең күрделісінің бірі болып қалып отыр. Мәселен, Н.Ә. Назарбаев қазіргі әлемдік өркениеттегі кереғар құбылыстардға шолу жасай отырып: «...жалғызкіндікті әлем бақылаудан шығып барады» [6,24б.], – дей келіп, «дүние созылмалы жанжалдармен қатар, қауіпсіздікке төнетін қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр» [6,15б.], бүгінде «Таяу Шығысты үлкен соғыс елесі кезіп жүр» [7,3б.], оның ақыры «әлемдік державалар арасындағы әскери қақтығысқа ұласуы әбден мүмкін» [8,10б.], -деген қорытындыға

келеді. Бұл ретте Елбасы елдің бүтіндігі мен тыныштығы, яғни бейбіт өмір мәселесі өзекті болып тұрғанын әрі оның өзін мазалайтынын да жасырмайды. Президент: «...көпұлтты Қазақстанның бірлігі мен тыныштығы жатсам-тұрсам көкейімнен кетпейтінін ...айтқым келеді» [6,27б.], -деп толғанады. «...Тұрақты әрі қауіпсіз әлем – азаматтарымыз бен келешек ұрпақтарымыз үшін аса қажетті қасиетті құндылық» [6,15б.], -деген ой түйіндейді Н.Ә. Назарбаев.

Осы бір ұлы құндылық бейбітшілдік мұратпен келетін ұлы іс. ҚР Президенті «Астана Клубы» отырысының жабылуындағы сөйлеген сөзінде Қазақстан астанасын әлемдік теке-тірестерді шешудің жаһандық алаңына айналдыру мақсаты – әлемдік тұрақтылықты көздейтін қауіпсіздіктің жаһандық институттарын бейбітшілікке шақыру идеясы өзінің маңыздылығымен ерекшеленбек. Сонымен бірге, Елбасының: «Қазіргі рухты сөз – ұлттың танымын да, тарихын да толғайтын сөз «Мәңгілік Ел» болуы керек» [6,39б.], – деп айтқан стратегиялық бағдардың астарында бейбітшілік идеологияның тұрғаны анық. Сондықтан, бейбітшілдік арман жетелеген бейбітшілік универсумы қазақ халқының қоғамдық тарихымен бірге келе жатқан априори-құбылыс деп айта аламыз. Бейбітшілік мәселесі Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ билерінің өзегін жарған феномендік парадигмалардың бірінен табылуы объективті заңдылық болған деп айтуға толық негіз бар. Елбасының 2018 жылғы халыққа Жолдауында елдің сыртқы саясатына тоқтала келіп: «Біздің бейбітсүйгіш бағытымыз бен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттарымыз өзін-өзі толық ақтап отыр» [9,15б.], – деуі де сондықтан болар. Олай болса, бейбітшілікті аңсау, оған ұмтылысты Мартин Хайдеггер айтқандай «өмірдің өрбуі ретінде» [5,114б.] мойындауымыз керек. Демек, адамзат өмірі «о бастан мәдени және тарихи контекстке тасталғандық» [5,114б.]. Одан басқаша өмір адам затына берілмейтін аксиома.

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы қоғамдық өмірінің ерекшелігіне жалпы шолу жасайтын болсақ, оның аталмыш уақыт шегінде тарихи дамуының аса күрделі, шиеленісті кезеңді бастан кешкені белгілі. Қазақ жеріне солтүстік батыстан қалмақтар тынымсыз шапқыншылық жасаумен болды. Солтүстігінде башқұрттармен, Жайық және Сібір казактарымен жиі қарулы көтерілістер болып тұрды. Шығыс және оңтүстік шығыстан өте қуатты жоңғар ордасы қысым көрсетті. Мәселен тарихи жырларда қазақ халқының жоңғарларға қарсы үш ғасырға созылған күресінің тарихы расталады [4,164б.]. Күшейе түскен сыртқы қауіптің ықпалымен және күші басым жаңа жауларға соққы беру үшін жалпы күшті біріктіру қажеттігін сезінуге байланысты қазақ жүздерінде орталықтану бағыты белең алып, хан өкіметін нығайту қажеттігі басым болды.

Тарихшы-ғалымдардың айтуынша, 1223 жылғы «Отырар ойранынан» бастап, 1723 жылғы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аралығындағы бес ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ елі орта есеппен 10-14 жылдан артық уақыт бейбіт өмір сүре алмаған [10,11-12бб.]. Ал сол кездегі қазақтың саяси-психологиялық жай-күйі де еліміздің ауызәдебиетінде назардан тыс қалмаған. Мысалы, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында: «Шыңдарын Алатаудың бұлт басты, кез болып қысаңшылық қазақ састы; жау қалмақ шегірткеше қаптап кетіп, қайран ел есі шығып көше қашты; қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр» [11,39б.], – деген жолдармен баяндалуы соның кепілі. Жиёмбет бидің сөзімен айтқанда, «тоқтамай соққан толағай, толастар мезгіл жеткей-дүр» [11,38б.], дейтін бейбіт заманды аңсағаны анық.

Because. And the child begins to argue with himself - because there is no money, because I get sick? And looks at his mother in anticipation of an explanation of his monologue. To which his mother once again, without looking up from his cell phone, responds - Because. So how can a child learn about the world, how can a child be brought up? But it is precisely this area of human life that becomes important and necessary: communication at home and outside the home, in the family, joint dreams and readings, discussion of books is what children and adults need in the era of technological change. And here a lot of questions arise related to the ability to listen, the ability to communicate in different social groups, in a situation: the child-parents-grandparents. A person is becoming increasingly confined to his world and social autism is becoming an urgent problem of the new informational century.

Therefore, based on the pedagogical achievements of scientists, we draw attention to the fact that today's young parents need to know and remember the dangers of smartphones, gadgets when raising children, and of course, overuse of children and teenagers with information technology. Especially for older children, the fascination with the "charms of computers, mobile phones" and, with their help, the opportunity to enter the world wide web. This can lead to mental disorder, negative impact on the normal physiological development of children and adolescents, inability to withstand difficult situations, frequent stressful experiences, and thus provocation for similar actions. It is important to pay attention to the following: does the child receive answers in his family, what words does he use in everyday life, how long does technology take in his life, have you taught him in his family to use educational and research resources, does he receive in the family answers to your questions, attention, sympathy, elements of joy, and whether you can arrange a disgraceful Day at home and let your child do what he wants, and whether you use the game Hugs or the rules are being imposed all the time.

In today's globalization, and at the same time, the crisis time goes down in history, unfortunately, the institute of grandparents, who was engaged in raising grandchildren, and this was a great support for a young family, and most importantly - practical round-the-clock learning how to raise a child It is important to pay attention to the child, answer his many questions and grow with him.

So, scientists and teachers, kindergarten teachers pay much attention in their educational lectures and trainings and come to the conclusion that those children (according to the survey of parents) who have been reading with their parents since childhood at home are included in the family process of reading and dreams, better concentrated and more attentive to the actions of elders. Held by a group of academic university lecturers (N.Zh.Shaymeredenova, MA Buribaeva, D. B. Amanzholova, Z.D. Malikova), the seminars on the project "Read, draw and dream together" [7] allows you to focus on the traditional books, children's literature and on the correct use of IT-technologies in the selection of educational, intellectual and cultural resources for their children. At these seminars and trainings, attention is paid to the fact that children (instead of endless educational conversations) need joint reading and reasoning, and it is necessary, playfully, to dream, to allow one to play around and be naughty. After all, it is this (from the memories of the parents) that makes up the attributes of a happy and happy childhood, especially now, in the period of the intensification of social and media aggression.

Theoretical and practical studies of the above scientists, teachers, as well as practice-oriented classes and trainings conducted in the cities of Astana, Almaty, Kokshetau show that modern children living in the era of the new technologies, the multicultural and multilingual continuum, bear a great deal load and a kind of "pressure" from the latest technologies. Appeal to the origins of the Kazakh wisdom will allow a lot to make a family relationship. The head of state in the article "The Seven Facets of the Great Steppe" raised important questions of historical memory and traditions [8]. The family could read this article together with the children, talking about the bright heroes of Kazakhstan, about the difficult years of development of the state, about the beauties of our land and it will be an interesting plein air in the family, which will undoubtedly have a role in updating the consciousness of adults and children.

Conclusion

Overall, it is very important in the family as a social institution of the state to develop the ability, first of all of parents, to hear and hear a child, read and dream together with children, establish harmonious relationships with it, and also need parents together with kindergarten teachers, professional teachers schools and universities to teach children to communicate effectively, to use the newest technologies in their daily lives in a moderate and harmless manner, which will change the trajectory of the younger generation in the right direction.

The young generation of Kazakhstan people today receives in advance the opportunities that will allow them to start a family, raise children and pass on their traditions and their world view to another generation; without this, no state can successfully develop.

References:

1. *Materialy nauchno-prakticheskoy konferencii "YAZYK. Obshchestvo. Vremya", posvyashchennoj 90-letiyu gosudarstvennogo i obshchestvennogo deyatelya Respubliki Kazahstan Zh.Sh. Shajmerdenova. Shymkent, 4-6 oktyabrya, 2018. – 432s.*
2. *Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana «Rost blagosostoyaniya kazahstancsev: povyshenie dohodov i kachestva zhizni». 5 oktyabrya 2018 g. Oficial'nyj sajt Prezidenta Respubliki Kazahstan. Ehlektronnyj resurs [Rezhim dostupa]: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g.*
3. *Zhan-Zhak Russo. Ehlektronnyj resurs [Rezhim dostupa]: <http://www.orator.ru/russo.html>.*
4. *Barkan A.I. Ul'trasovremennyy rebenok. – M.: Drofa-Plyus, 2007. – 704 s.; Ehlektronnyj resurs [Rezhim dostupa]: www.abarkan.ucoz.com*
5. *Mezhdunarodnyj kruglyj stol «Russkoyazychnye deti 21 veka. Osobennosti obrazovaniya i vospitaniya v usloviyah immigracii». Mal'ta, 2014. Ehlektronnyj resurs [Rezhim dostupa]: <http://planetaznaniybcn.ru/tretij-mezhdunarodnyj-kruglyj-stol-na-temu-russkoyazychnye-deti-21-veka-osobennosti-obrazovaniya-i-vospitaniya-v-usloviyah-immigracii-soxranenie-russkogo-yazyka-i-kultury-dvuyazychie-i-mnogoyazychi/>*
6. *Chernozemova E.N. Slovo kak sredstvo vozdejstviya i sposob raboty nad soboj /Materialy 2-go mezhdunarodnogo kongressa «Russkij yazyk kak yazyk mezhkul'turnogo i delovogo sotrudnichestva v polilingval'nom kontekste Evrazii» / Otv.red. N.Zh. Shajmerdenova. – Astana: ID «Sary-Arka», 2009. – S. 262–266.*
7. *Knigi unosyat v mechtu; N.Shajmerdenova: model' obshchestvennogo soglasiya i nacional'nogo edinstva – ehto edinstvenno vernyy put' k razvitiyu gosudarstva; V gostyah u skazki; 100 novyh lic. Ehlektronnyj resurs [Rezhim dostupa]: <http://inkaraganda.kz/articles/147722>; <https://assembly.kz/ru/nursulu-shajmerdenova-model-obshchestvennogo-soglasiya-i-nacionalnogo-edinstva-eto-edinstvenno>; <http://egi.kz/ru/v-gostyah-u-skazki>; http://100esim.el.kz/ru/bio/amanzholova_dzhemma.*
8. *N.Nazarbaev "Sem' granej Velikoj Stepi" // Kazahstanskaya pravda, 20.11. 2018.*

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

УДК 794-21
ГРНТИ 03.01.45

З.Б. Мырзатаева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а., т.ғ.к., Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: zabyra73@mail.ru

ТҮРКІСТАН ӨңІРІ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ПОЛЯКТАР КӨЗІМЕН

Аңдатпа

«Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы «Польша республикасының Клодзкая Быстшица қаласындағы репрессия құрбандары мен жер аударылған поляк азаматтарын еске алу Қоғамының» еріктілері Тадеуш Исанскиймен, Януш Кобрыймен өзара байланыс орнатқан. Есімі аталған азаматтар электронды почта арқылы 1940-жылдарда Түркістан өңіріне жер аударылған заман куәгерлерінің естелік материалдарын жинауға көмектесті.

Автор мақалада, «тарихи жад» және архив материалдарының негізінде Түркістан және Созак аудандарына қарасты елді-мекен тұрғындарының күнделікті өмір тарихын талдауға алады, яғни, тылдағы ауыр да, азапты өмір, поляк-қазақ қарым-қатынастары, қоңсылас қонған шетелдік азаматтардың жаңа ортаға бейімделуі ж.б. мәселелер туралы жазады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде поляктар көзқарасындағы қазақтар бейнесі сомдалады.

Кілт сөздер: Түркістан, поляк балалары, депортация, эвакуация, тыл, естелік, тарихи жад, бірегейлік, қазақтар бейнесі.

З.Мырзатаева¹

¹к.и.н., и.о. ассоциированного профессора кафедры истории Казахстана Казахского
национального педагогического университета имени Абая, город Алматы, Казахстан.

ТУРКЕСТАНСКИЙ РЕГИОН ГЛАЗАМИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ ПОЛЯКОВ

Аннотация

Центр «Айтылған Тарих» сотрудничает с членами «Общества Союза Сибиряков» в городе Быстрица-Клодзкой (Польша, Нижнесилезское воеводство) Янушем Кобрый и Тадеуш Исанским, которые помогают со сбором воспоминаний бывших жителей-очевидцев Туркестанского региона. А также в воспоминаниях обсуждаются постановления советского государства связанные с депортацией детей, и трудности с которыми дети столкнулись в Южном Казахстане. Также в воспоминаниях можно увидеть, как спецпереселение отразилось на жизни, менталитете и взглядах этих детей и подростков.

Мемуарные источники и фотографии высланные ими помогает реконструировать прошлое, идентичность местных и жителей депортированных социокультурном пространстве Туркестан (и ее окрестности: Чулаккорган, Созак, Миргалимсай, Хантаги и т.д.)

Ключевые слова: Туркестан-Ащысай, дети-поляки, депортация, эвакуация, тыл, воспоминание, историческая память, идентичность, образ казахов.

Myrzatayeva Z.¹

¹Senior lecturer of Department of History, Institute of History and Law. Abay Kazakh National Pedagogical University . Republic of Kazakhstan, Almaty.

TURKESTAN REGION BY EYES OF DEPORTED POLAND

Abstract

Center "Aytilgan Tarikh" in the framework of this project collaborates with members of the "Society of the Union of Siberians" in the city Bystrisa klodzka (Poland, lower Silesian vovodstvo) Yanush of Kobryn and Tadeush Isaan, which helped with collecting the memories of former residents-witnesses of the **Turkestan region**. The decisions of the Soviet state associated with the deportation of children, and the difficulties faced by children in southern Kazakhstan are discussed in these memories. Also you can notice how the special settlement affected the life, mentality and views of these children and adolescents.

Memoir sources and photos which were sent by them help to reconstruct the identity of the local residents and deported socio-cultural space **Turkestan** (and its surroundings: Chulakkurgan, Sozak, Mirgalimsay, Hantagi, etc).

Keywords: **Turkestan-Ashchysay**, Polish children, deportation, evacuation, the home front, memory, historical memory, identity, the image of the Kazakhs.

Советтік биліктің құрсауынан шыққан мемлекеттер бүгінде жаңа қоғам құру, ұлттық бірегейлікті сақтау ісіне ерекше мән беруде. Бұл тұрғыда «тарихи жад» қызметінің алар орны зор. Өйткені «тарихи жад» ұлттың өз-өзін тануға, тамырын сақтауға жол ашады және өткенін келер ұрпаққа жеткізеді. Бұл - қазақ қоғамында ежелден келе жатқан бар дәстүр. XIX ғ. II жартысы – XX ғ.б. ел ішіндегі айтылған тарих негізімен көлемді еңбек жазған (20 жылға жуық) Құрбанғали Халидтің: «... осынша нәрсені жазудағы мақсатымыз – сол заманның әдет-ғұрыптарымен кейінгі буынды таныстыру, хабардар ету. Олар тұрмақ кешегі болғанның бүгін ұмытылып тұрғанын біз де көріп отырмыз» [1], – дегенін еске алсақ жеткілікті. Ұрпақаралық сабақтастықты қалыптастыру - мемлекеттік бірегейлікке жол ашады. Сол себепті «тарихи жад» және «бірегейлік» - егіз ұғымдар.

Қазір Қазақстанда «Айтылған тарих» □ ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Әзірге ол - еліміздегі жалғыз орталық. Орталық «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Ащысай және оның төңірегіндегі ауыл, оның тұрғындарының бірегейлік тарихын зерттеу үстінде. Советтік Ащысайдың куәгерлері - оның жергілікті тұрғындарынан ғана емес, мұнда еріксіз көшірілген поляк, грек, неміс, әзірбайжан, орыс ж.б ұлт өкілдерінен тұрады. Қазіргі технология құралдары шалғайдағы елдермен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Ресей, Қазақстан кинорежиссеры, сценарист Роза Орынбасарова интернет желісіне Ащысайдың 80-жылдардағы тарихи бейнефильмін енгізген болатын. Бұл біздің поляк азаматтарымен байланыс орнатуымызға себепкер болды. Фильмге пікір білдірушілердің дені – Ащысайдың сол кезеңдегі тұрғындары: арнайы жер аударылғандар, соғыс жылдарында эвакуацияланғандар ж.б. Соған орай «Польша республикасының Клодская Быстшица қаласындағы репрессия құрбандары мен жер аударған поляк азаматтарын еске алу Қоғамының» еріктілері Тадеуш Исанский, Януш Кобрын Түркістанның бұрынғы тұрғындарынан (поляк азаматтарынан) естеліктер жинауға көмектесті. Әсіресе, Тадеуш Исанский жолдаған көп естеліктердің ішіндегі – анасы Ванда Исанскаяның қалың естелік қолжазбасында советтік өмірдің барлық ақиқаты бүкпесіз баяндалады.

Бүгінде депортация тақырыбы бойынша мамандардың жазған еңбектері аз емес. Түрлі ғылыми жобалар жүргізілуде, нәтижесінде еріксіз жер аударылған азаматтардың ауыр тағдыры туралы кең ауқымды халықаралық мемориал сайттары да (визуалды мұражайлар мен мұрағат форматында) ашылған, одан түрлі зерттеу еңбектерінің электронды нұсқаларын, куәгерлердің бейнесұхбат материалдарын, оның мәтіндік нұсқаларын да көруге болады. Алайда қолдағы бар материалдар Ащысай өңірінің тарихын жаңа көзқараста тануға жол ашады. Мақалада 2018 жылдың жазында жүргізілген Кентау, Созақ, Шолаққорған, Хантағы ж.б өңірлеріне бағытталған экспедиция (көне қазақ кеншілерімен жүргізген тарихи сұхбат) материалдары, Ресей мемлекеттік экономика архивінің,

Ресей Мемлекеттік саяси әлеуметтік тарих архивінің, Кентау, Шымкент өңірлік архивінің деректік құжаттары және Ресей мемлекеттік кітапхана материалдары пайдаланылды.

Ғылыми жұмыстың жүргізілуі Қазақстан – Польша ынтымақтастығын нығайтуға ықпалын тигізеді деген ойдамыз. Әрине ең бастысы, мұндай

□ *Айтылған тарих ғылыми зерттеу орталығы акад.М.Қойгелдиевтің басшылығымен Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жанынан 2012 ж. ашылған. Орталық ҚР ОМА-да арнайы ашылған «Айтылған тарих» қорына аудио-видео нұсқадағы тарихи сұхбат материалдарын үздіксіз өткізуде. 2014-2016 жж «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында бірнеше ғылыми жобаларды орындап, ғылыми монографиялық еңбектер, құжаттық жинақтар, оқу құралдарын, оқу және құжаттық фильмдер даярлады.*

зерттеулер тарихтағы қателіктердің қайталануына жол берілмеуі үшін де маңызды.

Түркістан ауданы – оның төлқұжаты (1940 ж.29.VIII.) негізімен [2]. Сонымен мәселені тура түсіну үшін алдымен өңірдің географиялық аумағы, шаруашылығы экономикалық ерекшелігімен танысқан жөн. 1940 жылғы Түркістан ауданының паспортында көрсетілгендей, өңірдің қалалық орталығы - Түркістан, ол Борисовка, Хантағы, Ащысай поселогынан және Жүйнек, Ораңғай, Құшата, Атабай, Чигин, Кіші-Иқан, Үлкен-Иқан, Ұйық селоларынан құралған. Борисовка (23117 халқы бар), Хантағы (3337 халқы бар) және Ащысай поселоктары өнеркәсіптік маңызы зор орындар. Онда темір жолдар салынған, телефон байланысы орнатылған. Ауданда 71003 тұрғын өмір сүрген. Оның ішінде қазақ ұлтынан басқа өзбектер, орыстар, поляктар және басқа ұлт өкілдері өмір сүрді [2, 8]. Түркістан ауданында 39 колхоз: Ортақ, Бірлік, Голощекин, Сталин, Иштыхат, Ерназаров, Лениногор, Калинин, Ынтымақ 7, Ынтымақ 8, Еңбекші дихан, Кем-Қорған, Бостандық, Қызыл-Орақ, Чапаев, Голощекин-Чаго, Ынтымақ-Шаға, К-Маркс, Ленин Сталин, Калинин 12, Ынтымақ, Интернационал, Ақтөбе, Шоқтас, Лениншіл, Тельман, Молотов, Шаш-төбе, Коммуна, Байкал-минаш, Пушкин, Қызыл-Ту Ұйық, Байылдыр, Красный Шорнақ, Алмалы, Қызыл-Қорған, Қызыл-Ту (Атабай, Қаратау, Еңбекші) [2, 9] бар. Аудан территориясындағы 672 га жер егістік, 19300 га шабындық, 326500 га мал жайылымына қолайлы орындар болды. Совхоздарда 9955 га дәнді дақылдар, 4150 га мақта, 419 га жер каучук ж.б. егістік орындары болған [2, 11]. Ауыл шаруашылығына жайлы болуымен қатар өңір, әсіресе жер қойнауындағы кенге бай өлке еді. Мысалы Қаратау жоталарынан: қорғасын, цинк, алебастр, глина, известняк, көмір, охра, гижбор ж.б өндірілді. Аталған мерзімде Ащысай комбинаты, нан зауыты, Алебастр зауыты, бор өндіретін орындар да жұмыс істеп тұрды.

Аудандағы жұмысшылар саны 8925, оның ішінде өнеркәсіпте істейтіндері 4920, транспортта 2372, совхозда 356, МТС 92, ж.б ұйымдарда 1264 адам. Ауданда 796 балаға арналған 3 балалар үйі, 6 балалар бақшасы (191 бала) болған. Ауданда жалпы мектеп саны 39, ал 11146 оқушы мектертерде білім алды. Оның ішінде бастауыш мектептерінің саны - 21, орта бастуыш мектептері - 10, орта білім беру мектебі - 8, жұмысшы саяси ағарту мектебі - 1, педучилище - 1, ФЗУ - 1 болды.

Түркістан ауданының ерекшелігі 1940 - жылдарда мұнда қорғасын ж.б түрлі-түсті металл өндіретін және өңдейтін Ащысай, Мырғалымсай, Хантағы, Таскөмірсай, Қарасай, Қаракенсай аталатын бес рудник, алпауыт Ащысай комбинатын құрайды. Мұнан алынған шикізат Шымкент қорғасын заводында әрі қарай өңделіп, соғыс қажеттіліктерін өтеді. Сондықтан Түркістан ауданы Қазақстандағы экономикалық тиімділігі жағынан ең маңызды орын ретінде совет үкіметінің назарынан басты орын алды.

Аудандық «Қызыл-Түркістан», «Горняк-Каратау» (4000 экз) орыс тілінде, Қаратау кеншілері (600 экз) атты газеттер шығып тұрды. Мұнда 7 клуб, 5 кинотеатр, 2 жылжымалы кинотеатр, 7 оқу залы, 3 аурухана (91 кереуеті бар), 4 перзентхана (4), 8 медпункт болса, 4 радиотолқындары, 796 радионүктелері, 46 эфир радионүктелері бар-тын.

Сонымен, бұл мәліметтер оқырманды өңірдің жалпы келбетімен ғана таныстыра алады. Советтік тарихнамада өндірістік ерекшелігі бар орта тарихы осындай ақпараттарды берумен шектелген болатын, ал аудан тұрғындарының әлеуметтік тарихы: баспана, денсаулық, тамақтану, еңбек айлығы мәселесі сөз етілген емес еді. Мысалы, архив құжаттарының бірінде: «... бұл өңір жарықпен, жылумен қамтамасыз етілмеген, соған сәйкес тұрғындардың басым көпшілігі қысқы уақытта жаппай суықтап ауырады, туберкулезбен ауыратындар өте көп, үйлері лай-саздан тұрғызылған, шатыры қара қағаздармен жабылған сондықтан қатты жел тұрғанда, жаңбыр, қар жауғанда оп-оңай бүліншілікке ұшырайды» [3, 28], - делінді. Микротарихи зерттеулер ресмиленген тарихқа жаңа реңк пен сипат беруде. Соған орай өңірдің шын мәніндегі тіршілік тынысын тану үшін оның тұрғындарының көрсетулерінің маңызы зор. Мысалы, Ащысай және оның төңірегіндегі қазақ ауылдарына жер

аударылып келген поляк азаматтары өз естеліктерінде өңір тұрғындарының өмір сүру жағдайын, билік пен қарапайым халықтың арақатынасын ресми тарихтан мүлдем өзгеше мазмұнда баяндайды ...

Поляк азаматтарының депортацияға ұшырауы. Сонымен Кеңес Одағы Германиямен өзара келісуі бойынша 1939 жылдың қыркүйегі және 1940 жылдың маусым аралығында соғысқа дейінгі Польша мемлекетінің шығысы жағындағы жерлерін басып алады. Бұл территориялар Беларуссияның (Вилейский, Барановичский, Белостокский, Брестский және Пинский) және Украинаның (Волинский, Ровенский, Львовский, Дрогобычский, Станиславский и Тернопольский) батыс облыстарына қаратылып, кейбір бөліктері Литва ССР-не өтеді. 1940 - 1941 жж. совет үкіметі аталған өңірдің тұрғындарының басым бөлігін КСРО-ның ішкі аймақтарына қауіпті ұлт ретінде күшпен көшіре бастайды. Жаппай күшпен көшіру 1940 жылдың 10 ақпаны, 13 сәуірі және 29 маусымында іске асырылды. 1941 жылдың мамыры мен маусымында күштеп көшірудің төртінші дүркін толқыны жүріп өтті. Әр мерзімдегі көшіру бір-ақ күннің ішінде орындалуы тиіс болды. 1940-1941 жылдардағы депортацияға ұшыраған поляк азаматтарына түрлі саяси категориялар таңылды:

– 1940 жылдың ақпанында көшірілгендерге – «арнайы жер аударылғандар-орманшылар» (немесе «осадники и лесники»);

– 1940 жылдың сәуіріндегілер – «әкімшілік-жер аударылғандар» (репрессияға ұшыраған поляк офицерлерінің, полицейлердің, жандармдардың, түрме тұтқындарының, мемлекеттік қызметкерлердің, помещиктердің отбасы мүшелері, фабриканттар және контрреволюциялық ұйым мүшелері);

– 1940 жылдың маусымының аяғы – шілденің басындағылар – «арнайы көшірілген-қашқындар» (УССР мен БССР-ға немістер басып алған территориялардан жансауғалап келгендер);

– 1941 жылдың мамыр-маусымында – «жер аударылғандар» (ссылные поселенцы) (әскери лагерьлер мен еңбекпен түзету лагерьлеріне жіберілгендер) [4]. Сонымен 1936 жылдың 28 сәуірінде КСРО СНК Қаулысының № 776 – 120 баптары негізінде халықтарды жаппай еріксіз көшіруге бұйрық шығады.

Сергелдеңге түскен тағдырлар. Алдымен 1940 жылы 45 градус аязда Архангельскіге, сосын 1941 жылдың ыстық тамызында Ащысайға жер аударылған Станислав Галка (1928 ж.т.) Украинадағы Волинь облысы, Костюшково деревнясында дүниеге келген. Ол 1940 жылы ақпанның 10-нан 11-не қараған түнінде (сағат екілер шамасында) келген төрт қарулы НКВД қызметкерлерінің озбырлық әрекеттерін былайша әңгімелейді: «...кішкентай інілерім шошып оянып жылай бастады. Есікті ашқан әкем мен үлкен ағама мылтығын кезеп, орыс жігіті екі қолдарын көтеріп, бұрышқа барып отыруын бұйырды. Ал анам мен әпкем Зофияға қажет заттарды тез жинап, жолға даярлануға бұйрық берді. Ал мен болсам інілеріме қарап отырдым. Бізде артық нан да жоқ болатын. Бәрінен де қиыны үйде егіз сәбилер бар еді. Ал далада отыз градус аяз...». Естеліктердің барлығы осы мазмұнда басталады [5].

Ал Батыс Украинадағы, Станиславский облысы, Игриско-Глумачский ауданының тұрғыны Колт Ян (1927 ж.т.) алдымен Кылтово, сосын Веткадағы арнайы белгіленген поселокқа, сосын Қазақстанға 1942 жылы жер аударылғанын жазады. Ол да өз әңгімесін: «Түнде үйімізге екі орыс, үш украиндық жігіттері баса көктеп кіріп келіп, «Жиналындар!» деп бұйырды. Анам әкемді әкетуге келгендер екен деп, «кім жиналу қажет» деп сұрайды орыстан. Ол «Бәрің де жиналындар!», – деді. Үйден ешкімді шығармай ұстап тұрды. Сырттағылары әкемнің жылқысын бағындыра алмай әлек болған соң әкеме оны ерттеуге көмектесуін бұйырды. Біздер ілби басып, іштей мүжіліп тұрғанымызда, олар «егер өз еріктеріңмен жиналмасаңдар шанаға отырғызып, байлап тастаймыз! – деді, – ал малдарыңды (6 сиыр) уайымдамай-ақ қойыңдар ол жақта мал бұдан да көп болады» [6], – деді. Сол сияқты Мензылес деревнясының тұрғыны (1939 - Белорусская ССР) **Ольчик** (Красускада туылған) **Ванда** (1927 – 2002ж.өмір сүрген) 1940 жылы Қазақстанға Ақтөбеге жер аударылғанын жазады. Ол да өз естелігінде 1940 жылдың 12-13 ақпанында, түн ортасында советтік бұйрықты раймен басталатын «Аш есікті, бұл жерге Совет билігі келіп тұр!» делінген дауысты естігенін және бұл дауыстың жадынан кетпейтінін жазады. Ольчик сонымен қатар мал таситын жүк вагонына күшпен итеріп кіргізген НКВД қызметкерлерінің мынадай дәрекілігін жазады: «...Все были озадачены, что их насильственно депортируют с родных мест. Вдруг открыли дверь вагона и втокнули женщину с ребёнком на руках. Потом втокнули багаж. Через несколько минут женщина начала кричать – Где моя Янэчка, где моя Янэчка? Через несколько минут энкавудист (НКВД) открыл дверь и крикнул - На тебе, твоего щенка! ...в вагоне было нас выше 70- ти. Только женщины с детьми. В пути на остановках прицепляли ещё вагоны с людьми. В вагоне было темно, окошечко было маленькое. Люди молились тихо, был слышан стон и тихий плач. Один раз в сутки меняли локомотив. На стоянках энкавудист открывал дверь и писал фамилии, спрашивал - Мёртвые есть?» (перевод Ежи Кобрынь)» [7].

Расында бірнеше айлар бойы жүріп өткен жолда тамақты бір-ақ мезгіл, ал ыстық суды екі күнде бір-ақ рет беру - белгіленген норма болатын [8]. Адам баласы төзгісіз мұндай қатыгездіктерден вагондардағы кісілер жиі жан тәсілім етіп жатты. Мысалы, адам өлімінің сұмдық жағдайларының куәсі болған, шешен ұлтының өкілі Абдул-Вачит Дадаев (1936 ж.т.) былай жазады: «...Позор был великолепен. У 15-летней девочки лопнул мочевоy пузырь, и она умерла. Пожилая женщина тоже умерла. Была лопата, но кто стыдился, тот умер. Женщина умерла, и ее ребенок сосал ее грудь после ее смерти» [9].

Ресейден эвакуацияланған Лев Дмитриев (1933ж.т.): «Қазақстанға эвакуацияланып пойызбен жүріп келе жатқанымызда Ташкент түбіндегі жол бойынан аштан қаптап қырылып жатқан поляктардың мүрделерін көрдім, сол көрініс әлі күнге көз алдымнан кетпейді... біз бір ай жол жүрдік. Қалай тірі қалғанымызды мен білмеймін. Бізді Түркістаннан тар табанды пойызбен Ащысайға әкелді. Барлығымызды пойыздан түскен соң, қоржын тамдарға кіргізді, сонда қаз-қатар жата қалып, сұлап түстік» [10], - делінген естелігі советтік қаталдықтың сырын аша түседі.

Міне осылайша ауыр жолдан аман қалған поляк азаматтары Торлан кеңістігінің бір мүшесіне айнала бастады.

Сонымен Қазақстанның Оңтүстік өңіріне көшіруге жоспарланған поляктар саны архивтік құжаттарда былайша көрсетіледі.

Поляк азаматтары және олар орналастырылған Оңтүстік Қазақстандағы аудандар тізімі [11]

№	Аудан және ауылдар атауы	Эвакуацияланғандар		Арнайы жер аударылған немістер		Поляктар азаматтары	
		Жоспар	келгендері	Жоспар	келгендері	жоспар	келгендері
1	Шымкент қ.	5000	7507				
2	Шымкент	3500	3100	-			
3	Сайрам	5000	5061	-			
4	Ленгер	5500	5870	-			
5	Түркістан	5000	3815	-			
6	Арыс	3100	2431	5000			
7	Сары-Ағаш	4500	3344	-			
8	Түлкібас	5000	5119	1000	2300		
9	Пахта-Арал	4000	2895	4000	5000		
10	Жуалы	4590	4525	2500	2500		
11	Келес	1000	740	3500	2000		
12	Бостандық	4100	3727	-	-		
13	Қаратас	2000	66	2000	2300	3000	2650
14	Шәуілдір	13000	488	2000	-	2000	2121
15	Фрунзе	2000	271	1500	-	3000	3200
6	Шаян	2000	65	1500	-	4000	3200
17	Созақ	-	-	1500	-	3000	3200
18	Қызыл-Күм	-	-	1000	-	3000	-
19	Киров	-	-	13000	-	-	-
	Одан басқа, балалар саны	1200	2544	2544			
	Барлығы	58700	51108	36000	22800	18000	15931

Бұл кестеде 1941 жылғы эвакуацияланғандар мен арнайы жер аударылған азаматтардың сандық кестесі берілген. Көріп отырғанымыздай кенге бай Ащысай кеңістігі тұтқындар мекеніне айнала бастады. Өйткені түрлі ұлт өкілдерінен тұратын (әзірбайжан, грек, неміс, шешен ж.б.) жер аударылушылар, Ресейден эвакуацияланғандар, жапон әскери тұтқындары да (1945ж) тұрды. Сондықтан бұл сандық мәліметтерді жазаланушы халықтардың соңғы санағы деп қабылдауға болмайды. Өйткені жыл ағымында республиканың түрлі өңірлерінен ауысып келгендер де болды. Ал енді бұрын-соңды көзі көрмеген қазақ жері, оның тұрғындары және совет үкіметі жөнінде европалық қонақтар не дейді?

Қаратау поляк қызының суреттеуінде. Ванда Исанская (1926 ж.т.) Волинь облысындағы Хорохув ауданы, Скобэлка болысы, Божув дейтін жерде туып өскен. Оның отбасы - әкесі Ян Глуховский, анасы Розалья Глуховская, әжесі Фрацишка Потацкая, әпкесі Эугена, сіңлісі Дануся депортацияға 1940 жылдың 10 ақпанында ұшырайды. Шолаққорғанда бұл отбасында Халинка есімді сәби сіңлісі өмірге келеді, алайда ауыр тұрмыстың салдарынан 1943 жылдың 12 қыркүйегінде Халинка опат болады.

Ванда қарт Қаратауды былайша сипаттайды: «Өмірімде мен алғаш рет тауды көруім. Бұрын тек мектеп оқулықтарынан ғана көретінмін. Бірақ мына таулар оған мүлдем ұқсамайды. Жол бойы бізге серік болған биік таулар әдемі, сонымен бірге қатал, сұсты болып көрінді. Оның артынан шыққан күн сәулесі бұл көріністі тіпті сұлуландырып жіберді. Қатпар-қатпар, тастың түсі қап-қара, бетінде бір өсімдік атауы жоқ... Мұнда орнығып, есімізді жиған соң оның Қаратау аталатынын білдік және ол дәл қойылған атау екен» [12]. Осылайша сипаттай келе Ащысай атауына байланысты өз пікірін былайша білдіреді.

Ванда «Ащысай» атауы жөнінде. Ащысай орыс тілінде ащы деген сөзді білдіреді. Адамдар ежелден оны осылай атап келеді екен. Поляк балалары да бұл ащы дәмді сезінді-ау! Өйткені мұндағы жер асты жұмыстарынан, шахталарда көз жұмғандар есепсіз болатын. Міне солар үшін расында бұл ащы сай еді. Жергілікті тұрғындар: «Егер тозақ жер астында болса, ол Ащысайдың астында, ал егер тозақ жердің үстінде болса, ол Ащысайдың үстінде» дейді екен. Үстінде дегені ол күннің аптап ыстығынан болу керек шамасы, күн тауды тіпті қап-қара етіп күйдіріп жіберген, ал жер астында деуі ол - жер астындағы ауыр жұмыстарына байланысты болса керек. Жер үстінде су тым тапшы болса, ал жер астында, шахталарда керісінше, су мол болды, ол кеншілер үшін қауіпті нәрсе еді» [12], - деп өз ойларын жазады.

Хэлена Басак Шолаққорғанның табиғаты жөнінде жазады: «Мұнда қыс тіпті де болмайды. Ал көктем ерте шығады. Аз уақыттың ішінде бау бақша жасарып шыға келеді. Кең дала көк кілемге оранғандай түр береді. Бір күні шелегімді алып бұлақ көзінен су алуға кетіп бара жаттым. Үйден отыз км жерде. Күн сәулесін төгіп тұрды, құстар сайрап, шырылдаған-құрылдаған дауыстар естіліп тұрды. Табиғаттың әдемі көрініске есім кетіп, тамашалап тұрғанымда, бұл әдеміліктің бәрі менікі емес қой деген ой сарт ете қалды. Өзімнің дәл осындай әдемі отаным есіме оралып, көзіме жас тығылды. Бұл жерден сол еліме қатты қайтқым келді. Шелегіме суды толтырып алып (мұздай, мөп-мөлдір, тәп-тәтті су), үйге ілби басып кете бардым» [13], - делінген көңілсіз естелік жазады.

Аққызғалдақты Ақжар. Осындай әдемі көріністі **Станислав Стыковский (1934 ж.т.)** де жазады: «1946-ң көктемінде қар еріп кеткенде Ақжар жаққа қарайтын тауға шықтым. Көктемде қызғалдақтар шыққанда жердің түсі қызарып кететін. Ақжарда мектептің артында тік қабырға сияқты тау болатын. Онда қып-қызыл қызғалдақтар өсіп тұрды, бір күні оның жанындағы арықтың бойы аппақ түске боялыпты. Ойладым – қар еріп кеткен сияқты еді ғой, мынау не екен деп. Ертеңіне таңертеңмен тұрып сол жерге бардым. Аппақ қызғалдақтар өсіп тұр! Мен бұрын-соңды көрмеген ақ қызғалдақтар!» [14].

Қазақ жерінің әсемдігін поляк жасөспірімдерінің (сол уақытта жас балалар-авт) жадында сақталған бұл суреттеулері, кезінде қазақ жерлеріне арнайы келген орыс зерттеушілерінің жазбаларындағы: «қазақ даласының құсы сайрап, шегірткесі шырылдаған, құрбақасы құрылдап, оған судың сылдырлаған дауысы қосылғанда көк майса шөптің аңқыған жазғы кешқұрым сәті бейне бір әдемі симфония әуені құшағына еніп кеткендей!», – делінетін теңеуге қатты ұқсайды. Алайда бұл әсем орта тұрғындарының өмірі, тұрмысы өкінішке орай жайлы болмады.

Ванда Ольчик қазақтар туралы: «алдымыздан кретон матадан штан, үстіне жейде киген, көздері кішкентай, ұзын шаштарының ұштары баумен қоса өрілген бұрымды, жалаңаяқ қазақ келіншектері жүгіріп шықты. Ал ер азаматтары мақталы штан киген, басында шашы жоқ, ешкінікіндей сақалды болады екен. Олардан қорыққан кішкентайларымыз шулап жылай бастады.

Олар бізге түсініксіз тілде сөйлеп жатты. Шамасы қайдан келдіңдер деген болуы керек», - дейді. Сосын жергілікті өкілдер оларды мал қораларға жайғастырғанын, алғашқы күндері қазақтардан қатты қорыққандарын жазады. Қазақтардан қорыққандарынан ұйықтар уақытта кезек-кезек күзет қойған болса керек. Сонда ұйымдастырушыларының бірі «ұйықтаңдар, қазақтар қазір адам жемейді» деген сөзін естіп, «демек олар қазір адам жемесе, бұрын жеген екен ғой», деген оймен одан сайын бойларын үрей билегенін айтады. Ертесіне оны НКВД қызметкерлеріне айтып, шағымданады. Ал олар болса, тыныштанып колхоз председателінің айтқанын істендер, оған «Басқарма» дегенді көп айтыңдар, ол бұл сөзді жақсы көреді деп басу айтқанын еске алады.

Ия, расында күні кеше 32-33 - тің аштығын, сосын 37-38-дің саяси қуғын-сүргінінен аман шыққан қазақтардың бейнесі расыоспаннда осындай, «қорқынышты» жағдайда еді. Аяқ киімі түгел отбасы кем-де, кем болатын. Бұл жөнінде өзімнің әжелерім Ділдәш және Сұлушаш Мырзатайқызы (Ащысайдың төңірегіндегі Байылдыр ауылының тұрғындары) өз тарихи сұхбаттарында кеңінен сыр шерткен болатын. Бұл әңгімеден бір-ақ мысал келтіргім келеді: «Сұлушаш кішкентай ғой, мектептен қайтқанда күздің суық ызғары түсіп қалған мезгіл, оны арқалап аламын, шаршасам жерге түсіремін, ол жылайды аяғым ауырды дейді, сосын аяқ киімді шешіп, соның аяғына кигіземін, ал жер тастай суық... Әй ол кезде ешкімде аяқ киім жоқ қой. Далада жалаң аяқ жүре береміз. Сосын алдымыздан өзеннің суынан өтуіміз керек болады. Кейде су деңгейі көтерілсе өте алмай жылап тұрамыз. Содан қайдан оқыған, тастадық қой мектепті. Оқығанымыз жоқ» [15], - деген еді марқұм Ділдәш әжем...

Айтылған тарих деректерінің шынайылығы архивтік құжаттармен сәйкес келеді. Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих мұрағатында балалардың аяқ киімдері жөнінде мынадай жазбалар сақталған: «Положение с одеждой и обувью. В Южно-Казахстанской области около 5000 детей школьного возраста из-за раздетости прекратили посещение школ. Аналогичные факты имеют место и по другим областям республики» [16]. Аяқ киімге жергілікті тұрғындар жарымай жатқанда поляк балаларында қайдан болсын. Жоғарыда көрсетілген құжатта жер аударғандағы қатысты айтылатын мынадай жолдар бар: «Вопрос об обеспечении с спецпереселенцев, одеждой, обувью и нательным бельем до сего времени из-за отсутствия соответствующих ресурсов - не разрешен. Особенно в тяжелом положении находятся дети с п/п. Имеются отдельные семьи, где дети в возрасте до 10 лет, зимой вынуждены все время находиться в помещении» [16]. Осыған байланысты Станислав Галканың былай дегені бар: «Замерзание было причиной смерти многих людей. В начале 1941 года был недостаток, еды, одежды и обуви. Туземцы и энкавудисты ходили в теплых валенках, а поляки в изношенных кожаных сапогах или ботинках. Чтобы не отморозить ног обматывали дырявую обувь тряпками, поливали водой, тряпки замерзали и ногам было теплее. Таким способом хранили ноги от отморожения» [5]. Бұл жерде Станислав Галка біріншіден жасөспірім болды, жат жерде оң мен солын ажыратуға шамасы келген жоқ. Туземцы деп отырғаны белсенділер болуы әбден мүмкін, өйткені ол уақытта тек активистердің жағдайы дұрыстау болатын. Көріп отырғанымыздай, шахта жұмысына жегілген адамдардың өзі жалаңаяқ болды. Халық жансақтау үшін «түрлі жаңалықтар» ашуына тура келді.

Қазақтар бейнесі: «Аллаға сиыну!» Ал төрт жасар **Казимеж Крупиньски** (1937 г.р. Марьяновка, район Луцк) Қазақстанға отбасымен 1941 жылы күзде жеткен. Ол қазақтар жөнінде: «бізді оңтүстік Қазақстанның Құрсай деген колхозына орналастырды... Қазақтар біз байқағанымыздай совет үкіметін соншалықты жақсы көрген жоқ. Өйткені олар бұрын еркін көшіп қонған, қой, жылқы, түйе баққан ел болған екен. Олар үшін бір жерге байлап отырғызып қою - тұтқындағы өмірмен тең еді, - дей келе мынадай маңызды ақпарат береді: «есімде бір күні таңертең колхоз председателі көршіміз қазақтың киіз үйіне ашуланып кіріп барды. Ал қожайын болса исламның шарияты бойынша намазын бұзбай оқи берді. Анаған тіпті де назар аударған жоқ. Председатель болса бар дауысымен айқайлап әлек болды. Бұл маған қызық көрініс еді. Баламын ғой көргенімді, яғни, дізерлеп отыра қалып, Аллаға сиыну бейнесін жасап бердім үйдегілерге. Ата-анам мұным үшін сазайымды берді...» [17]. **Құрсай колхозындағы Абадай.** Казимеж Крупинский сонымен қатар Абадай деген көршісі туралы жақсы естеліктер жазады. «Ол кісі мені (ол уақытта жасы 4-5 шамасында) қатты жақсы көретін, ата-анамнан сұрап алып, өзінің үйіне жиі алып кететін. Мен оның мылтық тазалағанына қызығып қарап отыратынмын. Абадайдың бірнеше есектері болатын. Маған есекте тік отыруды, арқамды тік ұстауды үйрететін. Ата-анам мені жібермей қойған кезде, ол қатты ренжіп қалатын. Алайда Абадаймен кездесуім оның жап-жас қызға үйленуімен аяқталды. Оның алғашқы түсі суық әйелі сұлу жас келіншекке қатты ұрсып, тіпті қол жұмсап жататын. Мен сосын ол жаққа баруға қорқатынмын...

Жалпы қазақтар ақ пейілді халық. Біз олардың бұрынғы тарихын, салт-дәстүрін мүлдем білмедік. Кейін елге оралған соң да білген емеспіз. Тек қана совет үкіметінің тең құқықтық қоғам құру делінген даурықпа ұрандарын естідік...» [17], – деп, әрі қарай, қазақтардың қой сойып тамаққа жиі шақыратынын жазады. Ол тағамның дәмді болатынын жаза келе, эстетикалық жағына келгенде европа салты мен дәстүріне келе бермейтін тұстарын да ашық көрсетеді. Мысалы, бесбармақпен тамақ жеу дәстүрі, ыдыстардың жетімсіздігінен үй ішіндегілердің оны кезекпен ортақ пайдалануы ж.б.

Қазақтар бейнесі: «мен оларды тамаша жандар деген болар едім!» Колт Ян: «қазақтар бізге тілектестік қатынаста болды. Мен оларды тамаша жандар деген болар едім. Мен өз басым олардан көп жақысылық көрдім...» [6], – дейді де, ол да қазақтардың қонақ десе ас-ауқатымен бөлісу дәстүрін жоғары бағалайды. Қазақтар біздің қыздарды силады. Біздің көптеген қыздарымыз бойжетіп қалғандар еді. Қыз балаға олар зор құрметпен қарады дейді.

Қазақтар бейнесі: Бұл көрсетілген пікірді **Ольчик Ванда (1927 ж.т)** мынадай естеліктерімен нақтылай түседі. «...жолдан келген сәтіміз еді, қайдан келдіңдер деген ишаратты түсінген соң, біз Лехистаннан дедік! Сосын олар бастарын шайқап, таң қалысты. Бізге нан, сүт әкеліп берді. Энкавудист үйлерге бөле бастады. Біз барған үй қоржын там екен. Бірінші мал қорадан өтесің, онда сиыр, ешкі, есек тұрды. Әрі қарай үйдің ішінде қазан ошақ, төсек сәкіден басқа ештеңе жоқ екен. Үй жиһаздары жоқ. Сәкіде сандық, самауырын, ескі төсек тұрды. Қазақ қай сәкіні алатынымзды сұрады. Біз сәкінің бір жартысын 10 адам, үш отбасына алдық. Біз алғашқы күні олардан қорқып, түнімен кезекпен ұйықтап, бір-бірімізді күзетіп шықтық» [6], – дейді.

6 жаннан тұратын отбасының бөлмесі 20 кв.метр еді. Стыковский Станислав (1934 ж.т) Нұрлыбаев деген колхоз председателінің (жолдасы Күләнда) үйіне түскенін жазады. «Қоржын там ішінде екі бөлме және ауыз үй болды. Оң жағында үйдің қожайындары, ал сол жағында біздер тұрдық. Бөлмеде қазан ошақ тұрды. Бұл жер көп болса, жиырма отыз ғана кв.метр еді. Пол ағаштан емес, саз балшықтан жасалынған. Сонда тақыр жерде ұйықтадық. Пештен қабырғаға дейін әрең сиятынбыз. Әкем қабырға жақтан, сосын Пётрусь, әпкем Юзя, Яня, анам мен пешке жақын жерде мен жаттым» [14], - дейді.

«Жылама кызым-ка, егер балалар жыласа алла да жылайды!», - деді қазақ. Естелік жазушы Ольчик Ванда бұл уақытта 13 жастағы жасөспірім. Өзінің еңбек жолындағы ауыр күндерінде тракторшы қазақ кісінің қамқорлығы туралы үлкен ризашылықпен жазады. Қазақ трактор соқасымен жер жыртатын. Ал мен оның артынан тіркеуші болатынымын, тырмалары шығып кетпеуі үшін трактордың артынан бақылап жүретінмін. Ал трактор тұқым сепкішінде бидай төгіліп түсіп жататын. Бұл жұмысқа менің күшім жетпейтін. Күн ыстық. Шелекпен бидайды құйып үлгермейтінмін. Сол кезде тракторын тоқтатып бидай толған қабымды алып, өзі сеялқаға төңкеріп беретін. Қарным ашқанда маған қуырылған бидайынан беретін. Күннің ыстығынан шаршап жылағанымда ол: **«жылыма кызым-ка, егер балалар жыласа, Алла жылайды»,** – деп, отыр, демал, мен қазір трактор ауырып қалды деймін, дейді де трактордың астына кіріп бұзылған сынай таныта салатын. Сосын біраз уақыттан соң, - «Эй, кызымка, иди, уже баскарма едет» дейді, сол кезде расында бригадир келе жататын, трактордың астында жатып, жерге құлағын тосып, ат тұяғынын дауысынан біліп қоятын [7], - дейді.

Беласар. Бабай. Егістік басында таңнан кешке дейін жұмыс істейміз. Үйге аптасына бір-ақ рет жібереді. Сонда түнейміз. Беласар кешке қарай «Кызымка ұйықта! Тракторды қасқыр жеп қойды, дейді де қапқа бірдеңелерді салып алып, атқа мініп, колхозға кететін. Біздер, қыздар ол уақытта масақ теріп жүреміз. Беласар жаңа қаптар әкелетін. Бірақ ол демде жоқ болып кететін. Сөйтсек ол қаптан өзіне шалбар тігіп алады екен. Бірақ тракторға отырғанда ол тез жырттылып қалатын. Түнде, ұрлыққа шығатын. Тауықтың жұмыртқасын әкелетін. Оның қабығын бірде бригадир көріп қалып, бұл не дегенде, бүркіттің жұмыртқасының қабығы ғой дей салатын. Бүркіттің жұмыртқасын жеуге болмай ма, ол колхоздыкі емес, Алланыкі, – дейді.

- Қайдағыны айтпа, бүркіт тек көктемде жұмыртқа салады, – десе анау,
- Бүркіт те шатасуы мүмкін!
- Жынды! – деп кетіп қалды бригадир.

Егістік басында сушы: «Девчата, идите воду пить, вода сильна, мельницу крутит», «Девчата, ешь вода, пей вода, срать не будешь никогда!», – деп өлеңдетіп жүретін. Бір күні Беласар Бабайдан бізді бай халық деп естіген сыңайлы, соның анық қанығын білгісі келіп менен:

- Қанша жылқыларың бар еді ол жақта? – деп сұрады.
- Бізде жылқы болмаған, – дедім.
- Ал сиыр, қой, есектерің қанша? – деді.
- Ол да жоқ, – дедім.

Бабай анама «мен революцияға дейін бай едім. Өр қызыма 100 қой алар едім, ал мынау аппақ қызды мен 150 қойға сатып алар едім», – ал қазір мен қартайдым, малым жоқ, келіншек сатып алуға болмайды», - депті.

Бұл естеліктер қазақтар мен поляктар арасындағы өзара үйлесімділік, ұлттар арасындағы бірегейліктің қалыптасқанын аңғартады. Тіршілік үшін күрес жағдайында бірі жер аударғандардың, ал екіншісі өз жерінде жүріп жазаланған қазақ тұрмысының айырмашылығы көп емес еді.

Шолаққорғандағы Нұрғожаев Тәжі ата поляктар жөнінде. Сонымен қазақтармен қоңсылас қонған европалық көршілердің қазақтар жөніндегі пікірлері басым жағдайда оң. Алайда екі халық арасына ала мысық жіберу советтердің назарынан тыс қалмаған-тын. Мысалы, Созақ ауданының тұрғыны Тәжі ата өз сұхбатында активтер бізге олармен сөйлеспендер, жақындамаңдар деп айтатын. Ал жалпы олар жаман халық емес еді. Өздері әдемі келеді. Олар диванда ұйықтайды. Тіс жуатын порошоктары болатын деп күлді. Ал оны қайдан алады деп сұрағанымызда «оларға арнайы әкеліп беретін» [18], – дейді. Польшаның жергілікті елшілігі поляктарға азық түлікпен көмек беріп тұратын. Бірақ куәгерлердің айтуынша ол көмек паектер толығымен таратылып берілмейтін көрінеді. Оларды жергілікті активтер бөлісіп, одан қалғанына қолың жетсе аздап аласың, жетпесе ол да жоқ дейді. Алайда диван, тіс жуғыш ж.б. заттар қазақ ауылдарында қолжетімсіз заттар болғандықтан поляктар жағдайы дұрыстау сияқты болып көрінді.

Қазақтар бейнесі: «олар бізбен сыпайы болды». Владыслава Ковалик (Верницка) (1909 ж.т.) Қазақстанның, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шолаққорған ауылына 1942 жылы келді. «Қазақтардың басым көпшілігі бізбен сыпайы болатын. Ал НКВД-да жұмыс істейтіндер ондай болған жоқ. Ер азаматтары әкеммен сөйлесіп, темекі шегіп кететін. Әйелдері олармен бірге ешқашан келмейтін. Әкеммен араласқан қазақтар егер қойын сойса бізді міндетті түрде тамаққа шақыратын. Ондай асқа әкем сөзсіз баратын. Оған ұнайтын. Тамақтың артынан қымыз беретін, сосын ең соңынан әйелдер мен балалар тамақтанатын. Қазақ әйелдері ер адамдарынан өздерін бір саты төмен ұстайтын» [19], - деп, әрі қарай ол – **Қазақ жігіті мен поляк қызының бас қосуы туралы жазады.** Бір қазақ жігіті поляк қызын сүйді. Поляк қызы да жақсы көрген сыңайлы. Олардың балалары болды. Біз елге кетерде ол келіншегін Ащысайдан 40 км алыс ауылға алып кетті. Бізбен бірге кетіп қалады деп қорыққан болу керек.

Балдысуда қалуға үгіттеу. Есімде қазақтар мен орыстар біздің кетпеуімізді үгіттеді. Польшада аштық болып жатыр, ал бұл жақта сендерге пәтер береміз қалыңдар деді. Аға буын тез арада отанымызға кету қажет екенін ескерткен болатын. Біз қайтамыз дедік.

Бригадирдің қатыгездігі. Балдысуда біз арық қаздық. Бірақ не үшін қажет екенін түсінбедік. Бір поляк жігіті, мұны біздің мүрдеміз үшін қазып жатыр деді. Негізінде су тасқынына байланысты қорған болу керек. Қазу жұмысы кезінде бригадир мен бір поляк жігіті сөзге кеп қалды. Таяқпен омыртқасынан ұрып, полякты өлтіріп қойды.

Халықтың жадында бригадирлер қызметі қаталдығымен жақсы сақталған. Олардан қазақ шаруа адамдары да қатты қорықты. Тыл ардагерлері тарихи сұхбаттарында расында «ат ойнатып есігімнің алдына дейін келіп алатын. Жұмысқа шық, шығыныңды төле!» делінетін естеік айтса, енді бірде «бригадирлер қамшыларымен әйелдерді салып қалатын кездері де болды», «бригадир басымдағы әдемі де жылы бас киімді алып, сен өлмейсің, майданға жібереміз деп алып қойды, жәе бала күнгі реніш қой, бәрінің жағдайы осылай болған» [20], - делінетін әңгімелер де бар.

Сонымен мақалада мәжбүрлікпен көшірілген поляк азаматтарының Түркістан өңіріндегі тылдағы өмірі қарастырылды. Олардың қазақ жері, қазақ халқы, билік пен халық арасындағы қатынасы ж.б. жөніндегі көзқарастары талданды. Нәтижесінде олардың қазақ елін «қонақжай», «иманды», «көнбіс» делінетін ұғымдармен танитыны анықталды.

Сондай-ақ, поляк қызының жадында сақталған: «Жылама кызым-қа, бала жыласа, Алла жылайды. Отыр, демал, - сказал казах» делінетін естелік жолдары қазақ адамының толыққанды бейнесін танытып тұрғандай еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Халид Қ. Тауарих хамса. Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 бет.
2. Шымкент мемлекеттік өңірлік архиві Ф. 8., 1-тізбе, 330-іс, 8 П.
3. Ресей мемлекеттік экономика архиві Ф.8034, 1-тізбе, 1023-іс, 28 П.
4. Гурьянов А.Э. Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг. – С. 114-137. //Репрессии против поляков и польских граждан / Сост. А.Э. Гурьянов // Исторический сборник «Мемориала». Вып. 1. – М.: Звенья, 1997. – С.256.
5. Станислав Галка (1928 ж.т.) Украинадағы Волын облысы, Костюшково деревнясында дүниеге келген // http://sybiracy.bystrzyca.pl/materialy_ru/galka.html (Аударма: Ежъ Кобрынъ)
6. Колт Ян (1927 ж.т.). Батыс Украинадағы, Станиславский облысы, Игриско-Тлумачский ауданының тұрғыны алдымен Қылтово, сосын Веткадағы арнайы белгіленген поселокқа, сосын Қазақстанға 1942 жылы жер аударылған. (аударма авт: Ежъ Кобрынъ)
7. Ольчик Ванда (1927 – 2002 жж). Мензылес деревнясының тұрғыны (1939 - Белорусская ССР) 1940 жылы Қазақстанға Ақтөбеге жер аударылған. (аударма авт: Ежъ Кобрынъ)
8. Приказ ОГПУ № 44/21 «О ликвидации кулака как класса». <http://stalinism.ru/kollektivizatsiya-1930-1932/prikaz-ogpu-44-21-o-likvidatsii-kulaka-kak-klassa.html> <http://www.1917-1991.org/m/drehbuch/abdul-wachit-dadajew-erinnert-sich/>.
9. Лев Дмитриев (1933 ж.т.). Москва. электронды почтамен хат арқылы байланыс орнатқан Қойгелдиев М.Қ., Мырзатаева З.Б. 21.05.2015 ж.
10. ШМӨА Ф. 40, 1-тізбе, 133-іс. 71 П. Докладные записки о размещении эвакуированного с прифронтовой полосы населения, 1941 год.
11. Ванда Исанская (1926 ж.т.) Волын облысындағы Хорохув ауданы, Скобэлка болысы, Божув дейтін жерде туып өскен. 1946 жылға дейін Шолаққорған, Ащысайда тұрған. (Естелік материалдарын ұлы Тадеуш Исанский жолдады).
12. Хьэлена Басак (1923 ж.т.), 1940 жылы Хорохув ауданында туған, Шолаққорғанда тұрған. 1946 жылы Польшаға қайтты. Сұхбат паспорты: 09.02.2018 ж.
13. Станислав Стыковский (1934 ж.т.) Сұхбат паспорты: 20.04.2018 ж.
14. Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы, Байылдыр ауылының тұрғыны Мырзатайқызы Ділдәшпен (1929 ж.т.) және Созақ ауданы, Сызған ауылының тұрғыны Мырзатайқызы Сұлушаипен (1931) сұхбатты жүргізген Мырзатаева З.Б. 16.09.2015.
15. Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архиві (РГАСПИ) Ф.17, 88 тізбе, 396-іс, 331 П.
16. Казимежъ Крупиньски (1937 г.р. Марянувка, район Луцк) Қазақстанға отбасымен 1941 жылы күзде жеткен. Оңтүстік Қазақстанда «Құрсай» колхозында тұрған. Сұхбат паспорты: 07.07.2016 ж.
17. Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылының тұрғыны Т.Нұрғожаевпен (1924 г.р.) сұхбат, ҰОС ардагері. Сұхбатты жүргізген Мырзатаева З.Б. 6.07.2018 ж.
18. Владыслава Ковалик (Верницка) (1909 ж.т.) Қазақстанның, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шолаққорған ауылына 1942 жылы келді. Домашкув 2002 ж. Аударма авт: Ежъ Кобрынъ.
20. Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Ғылыми-көпшілік басылым /Қойгелдиев М.Қ. ж.б. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 584 бет+8 бет жапсырма. (36,5 б.т.)

УДК 930 «19» (470)
ГРНТИ 03.01.09

Григоркевич А.А.¹

*¹докторант исторических наук, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, г.Караганда
e-mail: GrigorkevichA@mail.ru*

Сактаганова З.Г.²

*²доктор исторических наук, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, г.Караганда
e-mail: zauresh63@mail.ru*

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ НА СТРАНИЦАХ ПРАВОВЫХ ДОКУМЕНТОВ XX В.

Аннотация

Исторические события 1917 г. создали новые социально-экономические, идейно-политические и духовные условия для ускоренного стабильного развития и качественного изменения системы физического воспитания в СССР. Появляется нормативно-правовая база в области физической культуры и спорта. Многочисленные постановления решают судьбу массовости этого вида культуры. Меняется система государственного управления. В статье сделана попытка представить в целостном виде процесс эволюции системы советской физической культуры и спорта по страницам правовых документов, возникавших по указу советского правительства. Обратясь к истории становления советского государства, проанализируем первые декреты партии касательно физического воспитания.

Ключевые слова: физическая культура, спорт, Советский Союз, постановления, правовые документы, Всеобуч, становление советской науки о физкультуре, ВЦИК

Grigorkevich A.A.¹

¹ doctoral student of historical sciences, Karaganda State University named after Academician Ye.A. Buketova

Saktaganova Z.G.²

² Doctor of Historical Sciences, Karaganda State University named after Academician Ye.A. Buketova,

THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF THE SOVIET SYSTEM OF PHYSICAL EDUCATION IN THE PAGES OF THE LEGAL DOCUMENTS OF THE XX CENTURY

Annotation

Historical events of 1917 created new socio-economic, ideological, political and spiritual conditions for accelerated stable development and qualitative changes in the system of physical education in the USSR. There is a regulatory framework in the field of physical culture and sports. Numerous decisions decide the fate of the mass of this type of culture. The system of public administration is changing. The article attempts to present in a holistic form the process of evolution of the Soviet physical culture and sports on the pages of legal documents arising under the decree of the Soviet government. Turning to the history of the Soviet state, we will analyze the first decrees of the party on physical education.

Keywords: physical education, sport, Soviet Union, decrees, legal documents, universal education, the formation of the Soviet science of physical culture, the All-Russian Central Executive Committee

А.А. Григоркевич¹

¹ докторант, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ

З.Г. Сактаганова²

Keywords: history of the Caspian Sea, Caspian Sea, historical and geographical sources, historical maps

Кіріспе

Қазіргі Каспий теңізі туралы деректер ежелгі дүние кезеңінен бері көптеген саяхатшылар мен зерттеушілердің жазған еңбектерінде кездескенімен, олардың әрқайсысы теңіздің атауы мен оған құятын су көздері, айналасын мекен еткен халықтар туралы мәліметтерді әртүрлі жазып қалдырған. Бұл мәселе осы кезге дейін ішінара қарастырылғанымен, тәуелсіз Қазақстан тарихы ғылымында арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған тың тақырып. Оның бірқатар себептері бар: Каспий теңізінің атауына қатысты деректер мен еңбектердің дерекнамасы мен тарихнамасының толық қалыптаспағандығы, тарихи деректерде берілетін мәліметтердің қарама-қайшылығы және т.б. жатқызуға болады.

Мәселенің тағы бір ерекшелігі – тарихтың әр кезеңдері мен соған сәйкес қалыптасқан дерек көздерінде Каспий теңізі атауының өзгеріп отыруы. Жалпы тарихи-географиялық деректерге қарағанда, теңіз атауына қатысты мәліметтер әрқилы (Хвалын, Хорезм, Хазар, Ақ теңіз, Каспи және

т.б.). Бұл Каспий теңізінің атауы бойынша һәм дала өркениетіндегі орны мен рөлі хақында арнайы кешенді зерттеуді қажет ететінін көрсетеді.

Каспий теңізі атауы жөнінде

Жалпы, Еуропа мен Азияның түйісер шегінде орналасқан әрі өзіндік ерекшеліктеріне ие суқойма болып табылатын Каспий теңізі ерте заманнан-ақ саяхатшылар мен зерттеушілердің, алыс-жақын елдердің қызығушылығын туғызып отырған.

Жалпы, Каспий атауының шығуы ежелгі замандағы теңіз жағасын мекендеген каспи (каспилер) тайпасымен байланыстырады. Мәселен, 2006 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы» анықтамалығында берілген түсіндірмеде: «Каспилер – Каспий теңізі жағалауын қоныстанған ежелгі сақ тайпаларының бірі. «Каспий» атауы алғаш Геродоттың «Тарих» аталатын шығармасында кездеседі (б.з.б. 5 ғ.)... Кейін (б.з.б. 1 ғасырға дейін) Каспилер мидия, албан, ғұн, түркі т.б. тайпалармен араласып кеткен. Каспийлердің атынан Каспий теңізінің, Кавказ (Қапқас) тауының және ежелгі Әзірбайжанның Каспиана облысының атауы шыққан. Ежелгі дәуір авторларының (Геродот, Страбон, Клавдий, Птолемей) деректері бойынша, Каспилер б.з.б. I мыңжылдықтың соңына дейін қазіргі Каспий теңізінің оңтүстік-батыс және батыс жағалауын қоныстанған», - деп көрсетілген [1].

Дегенмен, Каспий теңізі туралы алғашқы мағлұматтардың бірі көнеирандық қасиетті кітап – «Авестада» көрсетілгендігі белгілі. Онда, осыдан үш мың жыл бұрынғы Каспий теңізіне Ворукаш (мағ. «шығанағы кең теңіз») деген атау берілген. Алайда ақпараттың толық болмауы аталған гидронимді Каспийге сенімді түрде қолдануымызға мүмкіндік бермейді. Кейбір тұспалдаулар бойынша, Ворукаш атауы Арал теңізі немесе Балхаш көлінің де атауы болуы мүмкін делінгенімен [2], Каспий теңізінің Иранға жақын орналасуы мен оның жағалауында Қарабұғаз, Маңғыстау секілді ауқымы жағынан үлкен түбектердің болуы бір жағынан Ворукаш атауының Каспийге байланысты айтылғандығына дәлел болады.

Ежелгі Қытайдағы Үлкен Хань династиясы кезеңінде, б.з.д. 2100 жылдар шамасында Каспийді «Солтүстік теңізі» деп атау тән болды [3].

Каспий теңізі туралы мәліметтер ежелгі грек және римдік жазба деректерінде кездеседі. Ақын Гомер (б.з.д. XII-VII ғғ. аралығы) жерді «тыныш ағатын, терең, әлемдік Мұхиттық өзен» шайып жатқан дөңгелек қалқан түрінде елестетті. Гомер әлемдік дөңгелек қалқанның батысында Геркулес бағаналары болса, шығысы – Колхида, одан әрі «Күн тоғанымен», яғни Каспий теңізімен аяқталады деп топшылады. Басқаша айтқанда, Гомердің пікірінше жер батыста Атлант теңізіне дейінгі аумақты қамтыса, Шығыста тек Каспий теңізімен немесе Гомерше айтқанда «Күн тоғанымен» шектелді.

Б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген грек оқымыстысы, парсы патшасы I Дарийдің замандасы Гекатей Милетскийдің «Өмірбаян» («Жизнеописание») еңбегінде әлем жан-жағын Жерорта теңізі қоршаған екі аралдан тұратын дискі түрінде болады деп қарастырылған. Аталған еңбекте Гекатей Қара теңізден шығысқа қарайғы жердегі «Күн тоғаны» (Каспий теңізі-авт.) сөзін «Гиркания» облысының қасында орналасқан «Гиркан теңізі» ұғымымен ауыстырады [4]. Ежелгі дүниенің географы Милетский теңізді Солтүстік теңіз бұғазы деп көрсеткен [3].

Жоғарыда атап көрсетілгендей, Каспий теңізіне сипаттама Геродот (б.з.д. V ғ.) еңбегінде беріледі. Геродоттың «Тарих» еңбегіндегі Парсы елінің әкімшілік бөлінісі туралы (сатрапиялар-авт.) баяндалар тұсында ғалым теңіздің батыс жағалауын мекендеген ежелгі халықтар каспилер туралы айта келіп [3], «Каспий теңізі басқа теңіздерге қосылмайтын жеке теңіз. Оны ұзындығынан 15 күн (1600 шақырым), енінен бастап 8 күнде (900 шақырым) жүзіп өтуге болады. Аталған теңіздің батыс жағалауын бойлай көлемі және ауқымы бойынша үлкен Кавказ таулары орналасқан» деп жазады. Осылайша Геродот Каспийдің мұхиттардан оқшау орналасқандығына ерекше назар аударған [5].

Аристотель осы жерде екі теңіз бар деп тұспалдап, Каспийге Гиркан және Каспийсуим деген екі атау берсе, б.з.б. II ғасырда өмір сүрген Клавдий Птолемейдің жасаған картасында Каспийге Гиркан атауы беріліп [6], оны ешқандай мұхитпен жалғаспайтын тұйық су алабы ретінде көрсетеді [7].



1-сурет. Птолемейдің географиялық картасы [6, с. 148]

Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің «Работы по исторической географии» еңбегіндегі «Бахр-ал-хазар» атты Каспий теңізі туралы төмендегідей мағлұматтар берілген: «Көптеген араб географтары Каспий теңізін VI/X ғасырларда осы теңіздің солтүстік жағалауындағы Итиль (Еділ өзеніне таяу жердегі) деп аталатын маңызды сауда қаласы бар аймақты жайлаған хазар халқының атауымен «Бахр-ал-Хазар» (Хазар теңізі) (парсыша – Дарйа-и хазаран) деп атайды. Бұл атаумен кейде Хазарлардың билігі Қырым жарты аралының бір бөлігіне де таралғандықтан Қара теңіз және Меотиды да белгіленеді (Ибн-Хордадбек). Алайда мұсылман әлемінен тысқары жерлерде бұл атау қолданылмаған; Каспий теңізіне байланысты қолданылған славяндық – «Хвалым» (Хвалыс, Хвалын нұсқалары да бар) атауы арабтар мен парсылардың «Хорезм теңізі» деп тек Арал теңізін атағандығына қарамастан, Хорезм елі атауымен байланысты екендігі шүбә тудырмайды.


Бұдан басқа, мұсылман әдебиеттерінде «Каспий» атауы теңіз жағалауындағы облыстармен байланыстырылып «Джурджан теңізі» (ежелгі «Гиркан теңізіне» сәйкес), «Абескун теңізі» (Гюрген сағасындағы портты қала), «Табаристан теңізі» (немесе «Мазандеран»), «Дейлем теңізі», «Гилян теңізі», кейіннен (монғол үстемдігінен бастап) «Ширван теңізі» мен «Баку теңізі» (осы соңғы атау, осымен қоса «Сарай теңізі» орта ғасырлық еуропалық деректерде де кездеседі) деген атаулармен ұшырасады; Қызыл теңізге байланысты кездесетін «Бахр ал-Кульзум» атауы да Каспий теңізіне байланысты жиі қолданылады. Осымен қоса түрік әдебиеттерінде Каспийді белгілі көшпелі тайпа, түркмендер мен османдардың ата-бабаларына байланысты (оғыздар-авт.) «Бахр-и гузз» немесе көбінесе Жерорта теңізіне байланысты қолданылатын «Ақ теңіз» атауларымен жазу да ұшырасады» деп, атап көрсетеді [8].

XV ғасырдағы орыс саяхатшысы А.Никитин теңізге Дербент атауын берсе, осы тұста түркмендер Каспийді Кеккюз деп атаған. Аталған кезеңде, Орталық Азияда Каспийді «Айдархан теңізі» (Астрахань теңізі) немесе «Құзғын теңіз» («қарға» сөзімен байланысты) деп атау қабылданған. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати (XVI ғ.) өз еңбегінде Каспийді «Кулзум» теңізі деген атаумен жазады [9].

XVI ғасырдағы И.Грозныйдың патшалығы кезінде Мәскеу мемлекеті мен оған шекаралас мемлекеттердің «Үлкен сызба» деп аталатын картасы жасалды. Біздің заманымызға осы кітаптың «Үлкен сызба кітабы» деп аталған жазбаша сипаттамасы жетті. Аталған кітапта Каспий мен Арал теңіздері туралы мәліметтер ғана емес, екі теңіздің арасындағы ара қашықтық та нақты көрсетіледі. Атап айтсақ: «Хвалым теңізінен Көк теңізге дейінгі аралық шығысқа қарай тікелей 250 шақырым» деп жазылған.

Кейінірек дайындалған карталарда теңізге «Каспий» атауы қолданылып, «Гиркан» атауы ығыстырыла бастайды. Орта ғасырлық Батыс Еуропа карталарында теңіз негізінен Каспий атауымен танылды.

Ресейде Каспий атауы I Петр кезеңінде карталарға толықтай енгізілді. 1715-1720 жылдары I Петрдің бұйрығымен барлық теңіз және оның жағалаулары қағазға сурет түрінде түсіріліп, 1720 жылы тасқа бейнеленген теңіздің алғашқы жеке картасы шығарылды. I Петрдің Париж ғылым академиясына жіберілген осы картасы француз ғалымдары тарапынан жоғары ғылыми баға алды. Аталған картада теңізге байланысты Каспий атауы нақты көрсетіліп, осы атау кейіннен барлық орыс карталарынан Хвалын теңізі атауын ығыстырып шығарады (2-суретті қараңыз).



2-сурет. Ресей мемлекетіндегі Каспий теңізіне арналған алғашқы ресми карта. Каспий теңізінің осы бас картасы император І-Петрдің жеке тапсырмасымен 1719-1720 жылдардағы Карл ван Верденнің арнайы ізденістерінің нәтижесінде жасалған [10]. Картада сол тұстағы «шығыс жағалаудағы қалың тұманға байланысты» Қарабұғаз-көлі көрсетілмей қалған. Картаның батысындағы төменгі тұсында Кура мен Аракс өзендерінің, шығысында Оксиус (Амудария-авт.) өзендерінің сағалары көрінеді.

Теңіздің тарихи-географиялық ерекшелігі хақында

Каспий теңізі туралы білімдер мен мәліметтер уақыт өткен сайын толығып, жазба деректері мен картографиялық материалдар арқылы нақтылана түскені байқалады.

Мәселен, б.з. I ғасырында римдіктерге бағынышты болған Кавказдың бір бөлігіне Сармат тайпалары бақылау жасап отырған Каспий теңізі арқылы Египет тауарлары жеткізіліп отырған. Солтүстік Кавказдағы сармат кезеңі қорымдарынан Египет және Римнен шығарылған көптеген заттардың табылуы кездейсоқтық емес. Бұл туралы Страбонның (б.з. I ғ.) "География" кітабында сармат тайпаларының бірі – аорстар Каспий теңізі бойымен өтетін жолдарды бақылайтындығы және түйелермен керуен саудасын жүргізіп, үнді, вавилон тауарларын армяндар мен мидяндардың тауарларына айырбас жасайтындығы туралы қызықты мәліметтер келтірілген. Аталған грек ғалымы Каспий теңізін Үндістан және Қытаймен байланыстырып отырған су жолы бар екендігін алғаш рет қағазға түсірген тарихшылардың бірі. Страбон мәліметтерінде ежелгі кезеңдегі Қытай, Үндістан арасында антикалық әлеммен жасалған сауда бағыттарының бірі - қазіргі Әмудария өзенінің құрғап қалған тармағы Узбой (түркішеден аударғанда – Өзен бойы-авт.) арнасы арқылы Каспийдің шығыс жағалауына дейін жеткен тауарлар теңіз арқылы Кавказға асып түсіп, Кура өзені ағысымен Қара теңізге дейін барған деп айтылады [11]. Алайда бұл сауда жолының қалай жұмыс жасағандығы

туралы әлі күнге дейін көптеген нақтылаулар қажет. Осындай белгісіз мәліметтердің қатарына Каспий арқылы жүзуді кімдер қамтамасыз еткендігі және қай елдің кемелерімен жүзгендігі зерттеуді қажет етеді. Егер де осындай теңіз жолының болғандығы анық болса, ежелгі дүниедегі теңіз жүзушілері - Қара теңіз жағалауларын игерген гректердің Каспий теңізімен де жүзуі мүмкін деуге болады.

Страбон Каспий теңізі жағалауында болмағанымен, оның осы теңізде болған немесе Каспий теңізі тұрасында хабары бар адамдардың мәліметтерін пайдаланғандығы анық. Страбон өз еңбегінде «Гирканияның Окс өзені теңізге құяды және онда кеме жүзетін болғандықтан» «көптеген үнді тауарларын төмен қарай, Гиркан теңізіне әкеледі» деп жазылған. Осы жерде қосымша үнді тауарларының Бактрия өзенінен Окс өзеніне, одан әрі Окс арқылы Каспийге баратындығы туралы мәліметті Үлкен Плиний де айтады [12].

Страбонның мәліметтерінен тауарлар теңізге Окс деп аталатын су жолы арқылы жеткізілгендігін анық көреміз.

Б. Вайнбергтің пікірі бойынша, тарихта бұл жолдың дамуы тұрақты сипат алмаған. Осы теңіз жолының даму сипаты Әмудария өзенінің Сарықамыс көліне құйылуымен және одан әрі Узбой өзені арнасы арқылы Каспий мен Қара теңізге құйылып, кемелердің одан әрі батысқа беттеуімен байланыстырылды.

В.Бартольд, А.Кесь, С.П. Толстов және Я.Гулямовтың зерттеулерінде Узбой өзенінің қызметі Әмудария өзені суының Сарықамыс қазаншұңқырына түсу көлеміне толықтай тәуелді болды деп айтылады. Сарықамыс қазаншұңқыры суға толғаннан кейін Узбой өзенінің арнасын толтыратын болған. Сондықтан да Узбой өзенін Әмударияның жалғасы деп емес, жеке өзен ретінде Сарықамыс көлінен бастау алады деп айтуымызға болады [13].



3-сурет. Бекович-Черкасскийдің экспедициясы кезінде (1717 ж.) жасалған осы картада бір кездері Әмударияның Каспийге құйған, сол кезеңде-ақ арнасы құрғап қалған Узбой өзенінің орны көрсетіледі [14].

Зерттеуші В.В. Бартольдтің еңбектерінде Каспий теңізінің шығысында да теңізге құятын өзендердің болғандығы туралы мағлұматтар беріледі. Атап айтсақ, ғалымның көптомдық «Шығармалар жинағының» III-томында Каспий теңізіне құятын Узбой өзені туралы ежелгі және ортағасырлық саяхатшылар мен ғалымдардың еңбектері сарапталып, осы мәселе туралы арнайы ғылыми түйін жасалады. Еңбекте А.Македонскийдің бастамасымен қолға алынған және кейіннен Селевкилер әулеті (б.з.д. 312-280 жж.) тұсында жүзеге асырылған Патроклдің саяхаты (б.з.д. 285-282 жж.) нәтижесінде «Окс пен Яксарт өзендерінің Каспийге құятындығы және Каспийдің солтүстіктегі мұхитпен байланысатындығы, Азияның солтүстігі мен Қытай, Үндістанның арасында теңіз жолы бар екендігі» туралы мәліметтер көңіл аудартарлық. Нейманн секілді кейінгі зерттеушілер Патроклдің өзен деп Қара-бұғазды жазуы мүмкін деп күмән келтіргеніне қарсы В.В. Бартольд Патроклдің өзенді бұғазбен шатастыруы мүмкін еместігін айтады [8, с. 29.].

X ғасырда араб саяхатшысы Макдиси Узбой өзенінің құрғап қалғандығы туралы: «ежелде Шығыстың патшасы қарамағындағы адамдарға ашуланып, 400 адамды елсіз жерге канал қазуға жібереді... Бір уақыттары канал қазушыларға келген қала басшысы жұмысшылармен каналды егер ұтылған жағдайда бір түн ішінде Хорезмге бұратындығы жөнінде бәстесіп, ұтылып қалғаннан кейін, өзен арнасы Хорезм қаласы түбімен ағатын болды» деген қызықты мәлімет береді [8, с. 45.].

Бұдан кейінгі кезеңде, XIII ғасырда (1221ж. моңғол шапқыншылығынан кейін), атап айтсақ 1246 жылы осы жерлерге саяхатшы Пано Карпини келіп кеткенімен, Каспийге құятын өзен сағалары туралы мәліметтер кездеспейді. Аталған кезеңде тек 1310 жылы дүниеден өткен астроном Кутб ад-Дин ғана Амудария өзенінің арнасының ауыса беруін жергілікті ортаның құмды болуымен байланыстырады. Онда: «Хорезм Джейханы құмды өңірде орналасқандықтан әрқашанда бір бағытта болмай, түрлі бағыттарда ағып отырады; сондықтан да, ол бірде Абескун (Каспий) теңізіне, бірде Хорезм (Арал-авт.) көліне құяды», - делінген [8, с. 51.].


Осы жерде айта кетер мәселе, ондаған жылдар өтсе де В.В. Бартольдтің Каспий теңізі, оған құйған Амудария өзенінің төменгі сағасы - Узбой өзеніне байланысты жасаған тұжырымдары көптеген археологиялық, геологиялық зерттеулерге қарамастан өзгерістерге ұшырамады.

Өз зерттеулерін негізге ала отырып В.В. Бартольд төмендегідей қорытындыға келеді: барлық неолит кезеңі бойына Амудария өзенінен аққан су Сарықамыс көлі арқылы Каспий теңізіне құйылды; алайда б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Амудария суы солтүстікте Ақшадария арқылы Арал теңізіне қарай бағыт алып, Сарықамыс көліне судың түсуі азая бастайды және б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан бастап Узбой өзені түбегейлі құрғайды. Бұған аталған уақытта ирригациялық жүйелердің кең көлемде салынуы өз әсерін тигізді.

Моңғол шапқыншылығынан кейінгі Хорезмнің ирригациялық жүйесінің бұзылуы салдарынан Амудария өзенінің бір бөлігінің қайтадан Сарықамыс көліне қарай ағуынан көл деңгейі теңіз деңгейінен 50 м. биіктікке көтерілгенімен, судың бұл көлемі Узбой өзені арнасын толтыруға және онда бұрынғы кезеңдегідей ағыс қалыптастыруға жеткіліксіз болды. Бұдан кейінгі уақытта Сарықамыс көлінің деңгейі біршама төмендегенімен, XIV ғасыр аяғындағы Әмір Темірдің Хорезмге жасаған шапқыншылығынан кейін, Амудариядан тағы да су тасып, Сарықамыс көлінің су деңгейі осы тарихи кезеңде теңіз деңгейінен 53-54 метр биіктікке көтеріледі. Сарықамыс көлі деңгейінің ең бір көтерілген кездерінде су Узбойға құйылғанымен ол аз көлемде еді және қысқа мерзімде болды.

Амудария өзенінің Сарықамыс көліне құйылуы Арал теңізі деңгейінің төмендеп, теңіз суының тұздануынан байқалды. XV ғасырдағы Сарықамыс көлі деңгейінің төмендеуі XVI ғасырдың басында шамалы тоқтағанымен, XVI-XVII ғасырлар шегінде аталған көлге Амудария өзені суының түсуі түпкілікті тоқтайды. Әбілғазының Амудария суының Арал теңізіне қарай бұрылып кеткендігі туралы хабарламасы да осы уақытқа сай келді (3-суретті қараңыз).

Жалпы алғанда, В.В.Бартольдтың Каспий теңізіне құйған Узбой өзені туралы жазбаша мәліметтеріне сүйеніп жазған ғылыми еңбегінің құндылығы әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Аталған кезеңдегі ғалымның Узбой өзенінің Каспийге құйғандығын дәлелдеу мақсатында жасаған зерттеулері қазіргі заманғы ғарыштан түсірген суреттер арқылы да дәлелденіп отыр (4-сурет).



4-сурет. Каспий теңізінің ғарыштан түсірілген суреті [15] // <http://gingertea.ru/uzboy/>

Келесі кезекте, Каспий теңізін солтүстік пен батыс аймақтарды байланыстыратын су жолдары туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ тарихы және географиясы деректері» деген еңбегінде: «Қапқаз таулары Каспий теңізі мен Қара теңіздің арасында болып, Орал таулары сияқты ұзын болмаса да, биіктігі көп артық... Каспий (Кеспе) теңізі, Ақ теңіз, Балти теңізі – бір-бірлеріне һәм Балти теңізі мен Қара теңіз бір-бірлеріне қосылады. Каспий теңізінен Балти теңізіне шығатын үш жол бар. Уебашыны, Болутскей, Тысбинскей, Марьянский, Ойшыны, Болтский жолы» деген мәлімет береді [16].

Зерттеушілер Б.Е. Көмеков пен З.С. Ильясованың еңбегінде [17] Каспий теңізі ортағасырлық араб және парсы тарихшы-географтарының өз еңбектерінде соқпай кетпейтін маңызды жағрафиялық нысан болғаны туралы ерекше атап өтеді.

Теңіз туралы мәліметтерді қарастыра отырып, оның төңірегін мекендеген халықтардың тарихына қатысты көптеген дәйектерді кездестіреміз. Каспий теңізі де әртүрлі хронологиялық кезеңдерде теңіз төңірегін мекендеген елдердің, халықтардың, жағалауында орналасқан қалалардың және оған құйған өзендердің атымен аталған. Бұл тұста зерттеушілер Каспий теңізі жайлы ортағасырлық шығыс жазба деректеріне жан-жақты талдау жасаған [17].

Ортағасырлық араб тарихшысы Йақұттың Қазақстан тарихына қатысты деректерінің тарихи құндылығы тұрғысынан «Бахр әл-хазар» еңбегінің алар орнына тоқтала отырып, Каспий теңізі мен оның төңірегіндегі елді-мекендер мен халықтар туралы мағлұматтарға кеңінен талдау жасайды.

Зерттеу авторлары «Бахр әл-хазар» еңбегінде Йақұт өз заманына дейінгі Каспий теңізінің бірқатар атауларын атап көрсеткеніне назар аудартады: «Ол Табаристан, Журжан және Абаскун теңізі. Олардың барлығы бір. Ол өте үлкен теңіз, оның басқа теңіздермен байланысы жоқ, сондай-ақ ол: әл-Хорасани және әл-Жили деп те аталады». Йақұт теңіздің сол кезеңде жиі қолданылған атауларын атаған. Зерттеу авторларының мәліметі бойынша, «Абаскун – (хазар) теңіз жағалауындағы шағын қала, Хазар теңізі саудамен айналысатын әлемнің барлық саудагерлері (кездесетін) тұрғылықты жер. Ол жерден шегірен былғары және түрлі балықтар сыртқа шығарылады». Теңіз саудасында осындай маңызды рөл атқарған Абескун қаласы атауының теңізге көшуін осылайша түсінуге болады дейді [17].

Жоғарыда аталған еңбек авторларының мәліметі бойынша, «Худуд-әл-әлам» еңбегінде Каспийдің шекараларын мекендеген халықтар және елдерге байланысты: «теңіздің шығыс жағы – оғыздармен және Хорезммен шектесіп жатқан шөл, солтүстік жағы оғыздармен, ал кейбір бөлігі

хазарлармен шектеседі, батысы хазарлардың қалалары және Әзірбайжанмен; солтүстігі Гилян, Дейлем, Табаристан, Горган қалаларымен шектеседі» деген деректер береді деп атап көрсетеді [17].

Каспий теңізінің тарихи географиясы туралы Л.Н. Гумилев зерттеулері де белгілі. Ол Каспий теңізінің оңтүстік жағалауы Парсы елінен ерекшеленіп тұрады. Парсы елінде құрғақ ауа райы болса, Иран тауларынан Эльбрус жотасы арқылы оқшауланып тұрған Гилян мен Мазандеран ылғалдылығымен ерекшеленеді. Таудан аққан бұлақ суы арықтарға түсіп, теңіз суынан өзгешеленеді. Бұл жерлердегі сулар мұхитқа түспегендіктен бірте-бірте иістенеді, деп жазған [18].

Каспий теңізінің оңтүстік жағалауынан гөрі теңіздің солтүстік жағалауы нақты географиялық шекараларға ие емес. Терең ағысы бар Еділ (Волга) өзені батысында тегіс әрі құнарсыз, құрғақ даламен, шығысында жыл сайын жел орындарын ауыстырып отыратын биік барқын құмдармен қоршалған. Еділдің оңтүстігі, қазіргі Каспий теңізінің батыс бөлігі сулары ащы әрі тұзды болып келетін көлдер мекені немесе «далалық ильмендер» деп аталған. Сондықтан да аталған аумақты халық аз қоныстанған. Осы алқаптан оңтүстікке қарай қыста топырақ аралас жұқа қар жабатын «Қара жер» деп аталған жазық дала оңтүстіктен ең төменгі ағысының өзі қорқыныш қана емес, құрмет тұтуға да мәжбүрлейтін Терек өзенімен қоршалған. Хазарлардың ата-бабалары осы жерлерде өмір сүрген.

Каспий теңізіне құятын өзен сағалары қалың орманмен, өзен кеңістігімен әсемделген әдемі даламен көмкерілген. Өзен мен оның жағалаулары балыққа бай. Шүйгін даланың биік болып өсетін шөптері мал табындарын асырап, жыл бойы көшіп жүруден бас тартып, отырықшы мал шаруашылығына мүмкіндік берді. Осылайша хазарлар бұрыннан балық аулау, жүзім өсірумен шұғылданып, өздерін қоршаған далалықтармен достық қатынас ұстанбаған отырықшы ел ретінде қалыптасқан [18].

Алайда, Каспий теңізін игеруге байланысты көптеген зерттеушілік мақсаттағы экспедициялардың жүргізілгендігіне қарамастан, әлі күнге дейін теңіздің жағалаулары, оны мекендеген халықтар, теңізге құятын өзен салалары мен айналасындағы бұғаздар туралы таласты пікірлер мен қайшылықты көзқарастардың көптігі осы тақырыпқа көңіл бөлу, оның ішінде әсіресе мына сұрақтардың ғылыми негізде қарастырылу қажеттілігін көрсетеді:

– Дала өркениетінің қалыптасып, дамуы барысында Каспий теңізінің алатын орны қандай болған?

– Амудария өзені қазіргідей тек қана Арал теңізіне ғана құйған ба немесе тарихи бір кезеңдерде Каспий теңізіне де су жеткізіп отырды ма?

– Қазіргі ғылыми еңбектерде атауы айтылмайтын Узбой өзені болған ба және болса оның тартылып, құрғап қалуына қандай себептер бар?

Бұл сұрақтарға жауап іздеу үшін тарихи-географиялық деректерді терең зерттеуді қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Каспий теңізі жағалауында бір-бірін ауыстырып отырған, әртүрлі дінді ұстанған, түрлі тілдегі халықтардың болуы аталған теңіздің атауының өзгеріп тұруына әсер етті. Теңіз Каспий жағалауында орналасқан мемлекеттер, князьдықтар, хандықтар мен қалалардың атауларын өзіне «мұраға» алып қалып отырды. Кейде дұрыс айтылмаған немесе бұрынғы атаулардың дұрыс жазылмауынан да көптеген жеке атаулар пайда болғандықтан, тарихи дерек көздерінде қайшылықты мәліметтер кездесіп отырады.

Жалпы осы тақырыпты қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға негіз бар:

Біріншіден, «Каспий» теңіздің бастапқы атауы емес және көбінесе теңіз атауы әр тарихи кезеңдерде сол заманда теңізге жақын орналасып, саяси-экономикалық дамуын теңізбен байланыстырған халықтардың, қалалардың, мемлекеттердің атауымен немесе сол халық өкілдерінің айтуынша жазылған. Бұған мысал теңізге байланысты жоғарыда айтып кеткен «Хазар» (ортағасырлық мемлекет пен халықтың атауы), «Абаскун», «Баку» (қала атауы), «Хвалын» (славяндардың қойған атауы), «Бахр-и-гузз» (оғыз тайпасына байланысты) және т.б. атаулар.

Екіншіден, тарихи-географиялық жазбалардан ежелгі грек зерттеушілерінен бастап орта ғасырлық араб саяхатшыларының мәліметтерінің негізгі бөлігі Каспийдің оңтүстік, батыс, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс жағалауларын мекендеген халықтарға қатысты деректердің негізінде сипатталғандығы көрінеді;

Үшіншіден, Каспий теңізі бойынша жаңа заман кезеңінің деректері ресейлік жазба мәліметтері мен картографиялық материалдарда нақтылана түседі;

Төртіншіден, Каспий теңізінің шығыс және солтүстік-шығыс жағаларын мекендеген халықтар, яғни далалық халықтар мен мемлекеттік бірлестіктердің тарихында теңіздің алатын орны туралы деректер мен мәліметтерді арнайы зерттеудің қажеттілігі айқын.

Сондықтан алдағы зерттеулердің міндеті – Каспий теңізінің дала өркениеті мен қазақ халқының тарихында алған орны мен рөлі қандай еді? деген мәселені бүгінгі замандағы тәуелсіз Қазақстан үшін маңызымен сабақтастыра отырып ғылыми тұрғыда зерделеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. – 314 б.
2. Авеста. Избранные гимны; Из Видевдата. Пер. с авест., предисл., примеч. и словарь И.М.Стеблин-Каменского. М.: Дружба народов; КРАМДС – Ахмед Ясави., 1993. С. 200.
3. Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана /Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы, 2014. – С. 251.
4. Мирзоев М.А. Имена на картах Каспия (из истории изучения и освоения). – 2-е изд., перераб. И доп. – СПб.: Недра, 1992. – С. 5-6.
5. Геродот. История. Перевод и примечания Г.А. Стратановского. – М., «Аст-Москва», 2006. С. 99.
6. Бронштэн В.А. Клавдий Птолемей: II век н.э. М.: Наука, 1988. – С. 148.
7. Бирмагамбетов А. Тайны географических названий. Астана: «Арман-ПВ», 2010. – С. 50.
8. Бартольд В.В. Работы по исторической географии / В.В.Бартольд; [Подгот. к изд. О.Г.Большаковым; отв.ред. А.М.Беленицкий]. – [Перепеч. с изд. 1965г.]. Т. 3. – М.: Вост.лит., 2002. – С. 367.
9. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. 558 б.
10. <http://www.parusakaspia.kz/2016/03/04/starinnye-karty-kaspijskogomorya/>.
11. Асадов Ф. (Азербайджан). Хазария, Византия и арабский халифат в борьбе за контроль над торговыми путями Евразии в IX-X веках // Кавказ и глобализация. 2012. Вып. 4. Том 6. – С. 169.
12. Наджафова И. О роли Каспия в международной торговле (по Страбону) //«Дорога Страбона» как часть Великого Шелкового пути: Материалы Международной конференции (Баку, 28-29 ноября 2008 г.). – Самарканд-Ташкент: МИЦАЙ, SMI-ASIA, 2009. – С. 81-82.
13. Алимова Д., Ртвеладзе Э., Абдурасулов У. Средняя Азия – Закавказье – Рим: о значении водного пути по Амударье через Каспийское море в Закавказье. //«Дорога Страбона» как часть Великого Шелкового пути: Материалы Международной конференции (Баку, 28-29 ноября 2008 г.). – Самарканд-Ташкент: МИЦАЙ, SMI-ASIA, 2009. – С. 10.
14. Разбор карты из сборника "Атлас Всероссийской империи И. К. Кириллова. 1722-1737"// <https://rodline.livejournal.com/52847.html>
15. <http://gingerte.ru/uzboy>.
16. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. Т.9. – Павлодар, 2006 ж. 230-233 бб.
17. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Иақұттың «Муқджем әл-булдан» (XIIIғ.) жағрафиялық жинағы – Қазақстанның ортағасырлар тарихының дерегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 178-183 бб.
18. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. М., 1993.– С. 75-76.

ӘОЖ: 9.433

ГРНТИ 03.81.37

З.С. Ильясова¹, Х. Тұрсун²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Шығыстану кафедрасының профессор м.а. Астана қаласы., Қазақстан

²Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Түркістан қаласы., Қазақстан

- АША ФИ СИНА‘ТИ ӘЛ-ИНША» ЕҢБЕГІНІҢ ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада XIV-XV ғасырлардағы араб

- аша фи сина‘ти әл-инша» («Жазу өнеріндегі соқырдың көзін ашу») атты еңбегінің жазылу себебі, жалпы сипаттамасы, ғылыми маңызы жайлы қысқаша мәлімет беріледі. Сондай-ақ аталған еңбек деректерінің Отан тарихы үшін деректік құндылығы айқындалады. Еңбектегі қазақ тарихына қатысты деректерінің үзінділері қазақ тіліне аударылып, түсіндірмесімен айналымға ұсынылады.

Кілтті сөздер: Дешті Қыпшақ, Мәмлүк дәуірі, энциклопедия, компиляция, кеңсе катибтері, рухани жаңғыру.

Ильясова З.С.¹

¹к.и.н. ассоц. профессор кафедры востоковедения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Турсун Х.²

²д.и.н., профессор университета Ахмеда Ясауи

- АША ФИ СИНА‘ТИ АЛ-ИНША» КАК ИСТОЧНИК ПО ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

Аннотация

В статье представлен материал о жизни и творчестве арабского энциклопедиста XV века ал-Калкашанди, о причинах написания, содержания и научной ценности его труда - аша фи сина‘ти әл-инша» («Заря для подслеповатого в искусстве писания»). Также определена ценность данного труда для истории Казахстана. Отрывки источника, где представлены данные касательно истории казахского народа были переведены на казахский язык и предложены ввести в научный оборот.

Ключевые слова: Дешт-и-Кипчак, Мамлюкская эпоха, энциклопедия, компиляция, катибы канцелярии, духовное возрождение.

¹Z.S. Ilyassova

¹Associate Professor, Doctor of Historical Sciences
Eurasian National University named after L.N.Gumilyov

K.Tursun¹

²Prof. Dr., International Kazakh-Turkish University named
after Khoja Ahmed Yasawi

THE ENCYCLOPEDIA OF THE MAMLUK EPOCH AL-KALKASHANDI "SUBH - АША ФИ СИНА‘ТИ АЛ-ИНША" AS A SOURCE ON THE NATIONAL HISTORY

Abstract

This article presents the material about the life and professional activity of the 15th century Arab encyclopedist al- Kashkandi. It also explores the reasons behind writing “The Dawn of the Weak-sighted in the Art of Writing” including its content and scientific value. Moreover, this article defined the value of this work for the history of Kazakhstan. Furthermore, some excerpts of his work related to the history of Kazakh people were translated into Kazakh language and introduced into the scientific usage.

Keywords: Desht-i-Qipchaq, Mamluk epoch, encyclopedia, compilation, katib of chancellery, Spiritual Regeneration (Ruhani Janqyru).

Тарих ғылымының ғылыми, тәрбиелік, танымдық, болжалдық, әлеуметтік жад деген өзіндік функциялары бар. Олардың қоғамға қызмет етуі үшін теориялық, методологиялық және идеологиялық өзегі болуы тиіс. Осы тұрғыдан алып қарағанда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарих ғылымына жаңа міндеттер жүктелді. Тарих ғылымы үшін бұл мақаланың методологиялық маңызы ерекше екендігін атап айтуымыз керек. Көбіне мемлекеттік тапсырыс, ұлттық мүддеден туындаған сұрыныстар тарих ғылымының дамуына елеулі деңгейде ықпал жасайтыны белгілі. Осы жолы да солай болып отыр, тарихи зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашылды. Ұлттық идеяға айналған Қазақстанның үшінші жаңғыруындағы адам факторы шешуші маңызға ие болғандықтан да ұлттың рухани жаңғыруы болашақ дамудың бағдарын айқындайтын мәнге ие болды.

Қазақ халқы дәстүрлі қоғамда Ұлы Даланың демократиялық құндылықтарымен өмір сүрді. Өзіндік көшпелі өмір салтының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негізделген билік институттары қалыптасты. Қазақ хандығы тұсында халқымыздың қазіргі заманғы болмысын айқындаған ұлттық рухы шыңдалды. Мәдениеті мен өнері, шаруашылығы мен менталитеті, психологиялық тұрпатының нобайы бой көтерді.

Қазақ мемлекеттілігі тарихында Дешті Қыпшақ дәуірінің алар өз орны бар. Қыпшақтардың түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының мәдени, шаруашылық тұрпатының қалыптасу үдерісіне жасаған ықпалы зор. Тарихи деректерден бұндай ықпалды Русь, Византия, Венгрия, Египет пен Қытай тарихынан да аңғарамыз. Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің қазақ жеріндегі мемлекеттік құрылымдар екендігін ескерер болсақ, онда осы мемлекеттердің тарихын Қазақстанның қазіргі заманғы тарихымен сабақтастыра қарастыруымыз керек.

Араб-ислам тарихында Мәмлүк дәуірі (1250-1517 жж.) әртүрлі ғылым салаларының, соның ішінде әсіресе географиялық әдебиеттің гүлденген кезеңі болуымен ерекшеленеді. Мәмлүк мемлекеті шенеуніктері мен ғалымдары құрастырған энциклопедия деп аталатын жанр осы кезде пайда болды. Бұл энциклопедиялар IX-X ғасырларда қалыптасқан дәстүрге сай компиляциялық сипаттан арыла қоймағанымен олар тек катибтерге ғана емес, сонымен бірге білімді бұқара қауымға арналуымен ерекшеленеді. Энциклопедия авторлары материалды құрғақ баяндаумен шектелмей, барынша әдеби түрде дайындауға ықыласты болды. Ол авторларды суреттеп отырған мемлекеттің құрылымы, жол қатынастары, сауда мен қол өнері қызықтырды. Содан да Мәмлүк дәуірінің энциклопедиялары географиялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге тарих пен мәдениет үшін де маңызды деректер береді. Аса көлемді энциклопедиялардың ан-Нувайри, ал-‘Умари, ал-Калкашанди, Ибн Халдун, Ибн Баттута және т.б. көптеген авторлар кәсіби тарихшы, географ, саяхатшы болғандықтан да сондарына отан тарихының өткен шағын ғылыми қалпына келтіруге ықпал жасайтын құнды мәліметтер қалдырды.

XIV ғасырда Мысырдағы Мәмлүк мемлекетінде әкімшілік қажеттілікке орай құрастылған, көлемді энциклопедиялық еңбектер пайда болды. Бұл кезең ислам тарихындағы басқа кезеңдермен салыстырғанда авторлардың көптігі, тақырыптарының кеңдігі және өзіндік жаңа жанрларының дүниеге келуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл кезеңге жататын өзіндік ерекшеліктерінің бірі ретінде көптеген шығармалардың авторлары Мәмлүк мемлекетінде жоғары мансаптарда және сұлтан сарайына жақын болуы, мемлекеттік істерге тікелей араласуының нәтижесінде олардың еңбектерінің мағлұматтары өте құнды дерек көздеріне айналды. Олардың ішінде, сұлтан кеңсесінде жауапты қызметтер атқарған әл-Омари (XIV ғ.), ан-Нуайри (XIV ғ.) және Қалшашандидің (XV ғ.) аттарын ерекше атауға болады. Олар тек мәмлүк кезеңіне ғана тән шығармашылықтың жаңа жанрына жататын энциклопедиялық шығармалардың авторлары. Ол өзіндік мектеп ретінде қалыптаса бастады. Сондай тарихи-мәдени мектеп өкілдерінің бірі – ортағасырлық мысырлық ғалым, Мәмлүк дәуірінің

соңғы энциклопедиясының авторы Шихаб ад-Дин Әбу әл-Аббас Ахмад ибн Әли әл-Қалқашанди (1355-1418) ғасырлар бойы мұсылман әлемінде белгілі болды [1].

Ибн Халдунның замандасы әл-Қалқашандидың бірнеше томнан тұратын шығармасы шенеуніктерді қызметке тағайындау құжаттарының үлгілерін және үкіметтік, дипломатиялық құжаттардың көшірмелерін жинақтаған [1, 411-415].

Еуропалық ғалымдар оның ең басты еңбектерімен ХІХ ғасырдан бастап жақын таныса бастады. Неміс арабтанушысы Г.Ф. Вюстенфельд 1879 жылы оның энциклопедиясының мазмұнына сипаттама жасаған болатын. 1884 жылы орыс шығыстанушысы В.Г. Тизенгаузен әл-Қалқашанди энциклопедиясының Алтын Ордаға байланысты үзінділерін орыс тіліне аударып жариялады. 2005 жылы «История Казахстана в арабских источниках IX-XVI вв.» атты 3 томдық басылым жарық көрді. Басылымның І томында Алтын Орда тарихына қатысты В.Г. Тизенгаузеннің материалдар жинағын Б.Е. Көмеков пен Ә.Қ. Муминов қайта өңдеп, толықтырулар мен түсіндірмелер жасады [2].

1913-1919 жылдары Мысыр ғалымы Ахмет Зекидің қолдауымен Каирде әл-Қалқашандидің энциклопедиясы "Субх әл-аша фи синаат әл-инша" деген атаумен 14 том етіп жарияланды. Швед арабтанушысының В. Бьёркмананың әл-Қалқашандидің еңбегі туралы монографиясы (1928) жарыққа шықты. Бұл еңбек энциклопедия туралы ғылыми сипаттама, талдау, тұжырым жасаумен бірге, Ахмет Зекидің жарияламаған мәліметтерін де қосымша етіп таныстырған еді. Орыс шығыстанушысы И.Ю. Крачковский да «Араб географиялық әдебиеті» атты іргелі еңбегінде әл-Қалқашандидің энциклопедиясына жан-жақты сипаттама жасады [1, 411-415; 3, 167-172].

Академик Б.Е. Көмеков «ХІV ғасырда Мәмлүк мемлекетінде әкімшілік қажеттіліктер үшін құрастырылған көлемді энциклопедиялар жасалынды. Сондай тарихи-мәдени мектептің жарқын өкілдері ан-Нууайри, әл-Омари, Ибн әл-Фурат, әл-Қалқашанди, Ибн Тағриберди. Олардың маңызды еңбектерінде Дешті Қыпшақтың рухани мәдениеті, тарихи-географиясы, этникалық және саяси тарихы мен Мәмлүк мемлекетімен жан-жақты достық байланыстары туралы өте маңызды мағлұматтар бар» [4, 15] деген құнды пікір берді.

Әл-Қалқашанди 1355 жылы Александрияға жақын Қалйубийа деген елді мекенде дүниеге келеді. Каир мен Александрия қалаларында өз заманының ең үлкен ғұламаларының қолында оқып, әдебиет, ислам заңдары, тіл білімі, шығармашылық сияқты пәндерді жетік меңгереді. Кейін сұлтан сарайында қызмет етіп, мәмлүк сұлтаны аз-Захир Барқұқтың (1382-1389) билігі кезінде мемлекеттік жоғары мансаптағы қызметтер атқарады [5, 48].

Әл-Қалқашандидің ауқымды энциклопедиясы кеңсе катибтері үшін нұсқаулық қызметін атқарған. Катибтер – ортағасырлық араб елдеріндегі кеңсе хатшылары. Автор катибтің игеруі міндетті барлық істер туралы, сия жөніндегі техникалық нұсқаулық, қалам, қағаз және каллиграфиядан бастап, география, тарих, әдебиет, стилистикаға дейінгі жан-жақты мәліметтер береді. Ол Мысыр мен Сирия провинцияларын және Мысырмен қандай да қарым-қатынаста болған мемлекеттерді, әсіресе, олардың саяси және әкімшілік құрылымын, тұрғындардың өзара қарым-қатынастарының іскерлік әдістерін сипаттайды. Құрылымы жағынан энциклопедия біркелкі емес және томдарға бөлу бойынша сәйкес келмейтін он үлкен бөлімге бөлінеді. Әл-Қалқашандидің еңбегін 1389 жылы бастап, 14-ші томды 1412 жылы аяқтады. Еңбекке басқа толықтыруларды өмірінің соңына дейін енгізіп отырған.

Әл-Қалқашандидің еңбегі компиляциялық еңбек болғанымен И.Ю. Крачковскийдің айтуынша: «ерекше құрметке лайық, мұндай деректерді беретін жалғыз, әрі ерекше компиляция» деген. Компиляция (латын тілінде-compilatio) иемдену арқылы құрастырылған өзіндік қорытындылауы немесе пайымдауы жоқ еңбек, дербестігі жоқ шығарма деген ұғымда қолданылады. Ал ортағасырлық араб жазба әдебиетінде бұл мағынадағы компиляция деген ұғым болған жоқ. Түрлі авторлар жазған еңбектерде жинақталған барлық ғылым салаларының жетістіктері мұсылман қауымына ортақ дүние болып саналды. Білімге құштар әрбір пенде ол ортақ игіліктен қалағанынша алып пайдаланады. Оған ешқандай шек қойылмады. Ғылым мен білімді жинақтаған жазба әдебиеттің бір саласында түсіндірме тәсілі кеңінен қолданылса, тарихи, биографиялық, жағрафиялық еңбектерді жазуда компиляция тәсілі жиі қолданылды. Ал авторлық жұмыс істеу тәсілі көбіне еңбектің құндылығын таныта бермейтін. Содан да түсіндірме жанрында терең мазмұнды еңбектер жазылса, көптеген компиляциялық шығармалар нағыз өнер туындысына айналды [6, 100 б.].

Алтын Орда аумағының сипаттамасын жазғанда әл-Қалқашанди он төртінші ғасырдағы белгілі ғалымдардың еңбектерін пайдаланған. Олардың қатарында, бірінші кезекте, ал-Омари еңбектерін

атап өткен жөн. Оның отыз екі томдық "Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар" энциклопедиясы және "Ат-Та'риф фи-л-мусталах аш-шариф" шығармасы әл-Калқашанди еңбегінің негізі болды.

Еуропада Абу-л-Фида (1273-1331) атымен танымал болған Исмаил ибн Али әл-Айубидің "Такуим ал-булдан" еңбегін әл-Калқашанди елді мекендердің арабша атауларын және олардың географиялық координаттарын анықтауда қолданған. Аталған автор сириялық Хама қаласының әмірі болған. Ол Шығыста әл-Муайяд атымен немесе Имад ад-Дин лақап атымен танылған. Бұл екі есімді де әл-Калқашанди Абу-л-Фиданың «ат-Тарих» атты еңбегіне сүйенгенде қолданады.

Ертедегі авторлардан әл-Калқашанди әл-Химяридің (XIII ғ. соңы) "Ар-Рауд ал-митар фи хабар ал-актар" және Ибн Сайдтың (1214-1274 не 1286) "Китаб жуғрафия фи-л-акалим ас-саба" шығармаларынан деректер келтірген. Ал Йақұт еңбектерінен (1179-1229) «Китаб ал-муштарик вадан уа-л-муфтарик су-кан» атты географиялық омонимдер сөздігін қажетке жаратқан. Сондай ақ Ибн ал-Асирдің (1160-1234) "әл-Камил фи-т-тарих" еңбегін, ас-Саманидың (1113-1167) "Китаб ал-ансаб", әл-Бирунидің (973-1048) "әл-Канун әл-Масуди фи-л-хайа уа-н-нуджум" шығармасын, әл-Масудидің (X ғ.) "Мурудж аз-захаб уа мадин әл-жауахир" еңбегін түпнасқадан емес, әл-Омаридың "Масалик ал-абсар" еңбегі арқылы пайдаланған [3, 167-172].

Түрлі географиялық мәліметтерді әл-Калқашандидің барлық еңбегінен табуға болады. Еңбегінің екінші бөлімі, яғни 3-5 томдар, тек географиялық мәліметтерді қамтиды. Ал онда басты назар мәмлүктік Мысыр жайында жазады. Мәмлүктерге бағынбаған елдердің бірінші тобына «Шыңғысхан жерлері», моңғол иеліктері яғни Иран және Тұран деп бөледі. Екінші топты автор үш бөлімге бөліп, біріншісі Мәуереннахр мен Түркістан, екіншісі Хорезм мен Қыпшақ, үшіншісі Ұлы моңғол ханының иеліктері деп, ал Тұранның екінші бөлімін әл-Калқашанди Хорезм мен Қыпшақ деп атайды. Нақ осы бөлімі, қазіргі ғылымда Алтын Орда деп аталатын мемлекетті географиялық тұрғыда сипаттайды. Әл-Калқашандидің еңбегінен қазақ тарихына қатысты мынадай мәліметтерді назарларыңызға ұсынамыз.

Сегізінші бөлім. (Тұран, Хорезм, Қыпшақ елдерінен). «Мәсәлик әл-абсар»⁴ кітабында былай деді: Маған Нажмуддин ибн аш-Шаххам әл-Мосули шейх былай деді: Бұл ел ұзындығы жағынан да, ені жағынан да үлкен. Кең дала. Қалалары аз. Ұшы-қиыры жоқ үлкен бір әлем, тек олардың қару-жарақтарының аздығы мен аттарының шабандығының кесірінен көп зиян шегеді. Жері жазық, ұсақ тасты болып келеді. Сол жерде өскен ат, ол жерде жүруге жарамайды, сондықтан олардың соғыстан [табатын] олжасы аздау болады. «Та'рифте» былай дейді: Бұл ел көне заманда, халифалар заманында және одан бұрын тақтың иесі арқылы танылған. «Руд әл-му'тарда» айтады: Ол тақ алтыннан жасалған, онда патшалары отыратын болған, ал оларға оны парсы патшалары жіберген. «Та'рифте» айтады: Иесі Насир⁵ заманында [яғни ибн Қалауын] Өзбек хан болған. Тағы айтады: Сұлтан оны қызымен атастырып, оған жақындасу үшін үйлендіреді. Сондай-ақ былай дейді: Бейбарыс билігі уақытынан бастап соңғы кезге дейін әлі де бұл ел мен біздің патшалар арасында ертедегі одақтастық, шынайы достық жалғасып келеді.

Көзделген мақсат 8 тарауда беріледі:

Бірінші тарау. (Елдің шекарасы мен аумағы туралы). Алауад-Дин ибн Нұғман ибн әл-Хорезмиден алып, «Мәсәлик әл-абсар» кітабында бұл елдің ұзындығы Стамбұл теңізінен Арис (Ертіс) өзеніне дейін алты ай, ені бұлғарлар жерінен Темір қақпаға дейін шамамен 4 айлық жол екендігі айтылған. Ол туралы тағы былай делінеді: Бұл ел шығысында Хорезмнен башқұрт жеріне дейін, ал ені Хорезмнен Сир еліне дейін жалғасып жатыр, ол солтүстіктегі ең шеткі елді мекен. Бұдан өзге ибн Нұғман бұл елдің ені Александр тұрғызған, темір қақпасы бар Дирфу қаласынан Боғра еліне дейінгі, ал ұзындығы әл-Хита елінен бастау алатын, Мысырдағы Ніл өзенінен де үлкен Арис өзенінен Стамбұлға, яғни, Константинопольге дейінгі аумақты алып жатыр дегені айтылады. Бұл ұзындық Рус пен франктердің ортасында орналасқан Кемех (Немче) елінің шекарасынан біраз асады. Сондай-ақ Хорезм Хорасан мен Мәуереннахрдан бөлек белдеу, жан-жағының бәрі жазық, шығыс пен оңтүстік шекарасы Жейхун өзенінің екі жағасынан да Ғазнамен (оғыздар) шектеледі. Ибн Хаукал былай деген: Хорезм елі ең суық елдердің қатарынан. Жейхун өзенін мұз басады. «Әл-Азизиде» айтқан: Хорезм елінің шығысы мен батысы Хорезм көлінен алғанда 6 мархала. «Мәсәлик әл-абсарда» айтқан:

⁴ Шихаб а -

-Омарид ад-Димашки (1301-1349) — араб ғалымы, географ,

тарихшы, [энциклопедист](#).

⁵ Насир ад-Дин Муххамед (1294-1295, 1299-1309, 1309-1340) – мәмлүк сұлтаны.

Хорезмнің шекарасы аз-Захирия аталатын қаладан басталады, артынша Амул, бұл қала Жейхун өзенінің екі жағасында созылып жатыр.

Жолаушы саудагер Хасан ар-Румидің оның ұзындығы туралы Темір қақпа атауымен белгілі Баку қаласынан ал-Хита еліне дейін, керуен жолымен жүрсе 5 айлық жол, ал ені Жейхун өзенінен Еділ өзеніне дейін дегенін айтқан. «Мәсәлик әл-абсарда»: Бұл ел солтүстік шығыста орналасқан, шығысында Қытаймен, солтүстігінде славяндармен, оңтүстігінде Хорасанмен және батысында Рум теңізінің (Жерорта теңізі) түбегімен шектеседі делінген.

Екінші тарау. Бірінші белдеу (Хорезм). «Тақуим әл-булданда» былай деген: Хорасан мен Мәуереннахрдан бөлек белдеу, жан-жағының бәрі жазық. Батысының біраз жері Түркі елімен шектеседі, оңтүстік жағында Хорасан, ал шығысында Мәуереннахр, солтүстігінде тағы да Түркі елі. Былай дейді: Хорезм белдеуі Жейхунның бас жағында және одан кейін Жейхун Хорезм көліне құйғанша жағасында басқа қала жоқ, өзі Жейхунның екі жағасында тұр. Ибн Хауқал айтқан: Хорезм елі ең суық елдердің қатарынан. Жейхун өзенінің Хорезмге ағатын жағын мұз басады. Әл-Мухаллаби айтқан: Хорезм елі Хорезм көлінің оңтүстік және шығыс жағында жатыр, Амулге дейін 12 мархалы, Хорезмнен Хорезм көліне дейін 6 мархалы. «Мәсәлик әл-абсарда»: Хорезмде тау бар, оны Жақсылық тауы дейді, онда белгілі бұлақ бар. Созылмалы ауруға шалдыққандар жазылып кету үшін оның басында 10 күн тұрады, таң атып, күн батқанда жуынады, әр жуынған сайын суын ішеді, сөйтіп сауығады. Тағы да айтқан: Хорезм Жейхун бойында, екіге бөлініп кетеді. Былай деген: Хорезмге Қышлағ⁶ деп аталатын дөңгелек жер жалғасып жатыр, ұзындығы 5 ай, ені болса барлығы шөлді жерлер, ол жерде буржандар мекендейді. Жейхун өзені екеуінің арасын Хорасанның солтүстігіндегі Уилхан тауы бөліп жатыр. Онда екі база бар.

Екінші белдеу (Деһми). Солтүстік жақтағы жазық дала – қыпшақтарға қарайды. Олар осы даланы мекендейтін түркі ұлтының бір тармағы, көшпенді халық. Онда Сарай деген қала бар. Ол жеті белдеудің жетіншісінде орналасқан. «Тақуим әл-булданда» былай деген: Ол Еділ өзенінің солтүстік батыс бойында орналасқан үлкен қала. Батысы мен солтүстігінде Хазар теңізі, оған дейін екі күндік жол. Еділ өзені солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Хазар теңізіне құйғанша ағады. Ол саудагерлер мен түркілердің құл саудасына өте ыңғайлы. «Мәсәлик әл-абсарда» Абдрахман әл-Хорезми әт-Тарджуман туралы былай айтылған: Бұл қаланы Шыңғысханның ұлы Жошының ұлы Беркехан тұрғызған. Ол биік жерде орналасқан, қоршаусыз. Патшаның ордасы алып сарай, ең үстінде Мысыр құрылысшысының қолымен соғылған алтын жарты ай қойылған. Сарай дауалмен қоршалған, мұнаралар бар. Онда әмірлер отырады. Осы сарайда қыстайды. Сарай базарлары мен моншалары бар үлкен қала. Қаланың ортасында арық бар, оған өзеннен таза су келіп жатады, пайдалануға жарамды. Ал ішетін суды ағынды өзеннен қыш ыдыспен тасиды. Оны арбаларға салып, саудагерлер қалаға әкеп сатады. Айтады: Хорезмнен қашықтығы бір жарым айлық жол. «Тақуим әл-булданда» айтады: Оны Өзбек хан білім ордасы қылып тұрғызған. «Мәсәлик әл-абсарда» айтады: Олар қиын өмірден арылуға талпынады. Өйткені, олар отырықшы халық емес. Күннің аяздығының кесірінен үй жануарлары қырылады. Егер біреуінде ет болса, оны қайнатады. Ет піспей тұрып сорпасын ішеді. Сосын етті тағы жеуге қалдырады. Сосын сүйектерді жинап қайнатады да, тағы сорпасын ішеді. Осылайша өмірлерін өткізеді. Саудагер Жамаладдин Абдуллах әл-Хоснидің былай дегені жеткізіледі: Олардың көбі тері киеді, ол мейлі сойылғандікі немесе өлексесі болсын, өңделген немесе өңделмеген болсын, тазартылған немесе тазартылмаған болсын, халал менен харамды ажыратпайды. Олар тұратын жердің тарлығынан балаларын жеке шығарып жібереді. Айтады: дегенмен олардың дінге қатысы жоқ және ақыл-естері түзу. Сонымен қатар былай деген: Олар түркілердің ең жақсысы, жаужүрек, сатқындықтан аулақ. Тағы былай деген: Мысыр әскерінің қатарындағы патшалар, әмірлер, сарбаздардың көпшілігі осылар. Өйткені, Салих сұлтан (Нәжмуддин Айуб)⁷ солардан болған мәмлүктерді сатып алғанды қалады. Сөйтіп мәмлүктер сұлтандарға айналып, бір ұлттан басқа ұлтқа араласты, ал сұлтан олардың санын арттыра бергісі келді, ақыры Мысыр жан-жағы қорғалған, көрікті жерлердің тұрғындарына айналды. Мысалы, шерулердің алдын бермеді, отырыстардың сәнін келтірді, әскердің басшылары, елдің басқарушыларына айналды. Дінді қорғап, исламды әспеттеді. Алла жолында күресті. Айтады: Мысырдың билеушісі Құтұз Музаффар патшаның 658 жылы Айн Джалут түбінде басқа елдердің әскері төтеп бере алмаған, Жалаладдин Мұхаммад ибн Хорезм шахтың әскерін талқандап жеткен Хулагу әскерін алғаш жеңгенін айтудың өзі жеткілікті. Жалаладдиннің әскерінің қасында Мысыр әскері шеңбердің бір нүктесі, теңіздің бір тамшысындай ғана. Бірақ Алла жеңісті кімге қаласа, соған береді.

⁶ Бұл жерде Манкышлақ жайлы айтылған.

⁷ Салих Надж ад-Дин Айуб (1239, 1245-1249) – Айубилік сұлтан

Ал біздің кезімізде аз-Захир Барқұж сұлтаннан бастап, шеркес ұлтты мәмлүктері биледі. Сұлтан мәмлүктердің өз ұлтынан болғанын қалады. Шеркес мәмлүктерінің көбі әмірлер мен сарбаздарға айналды. Ал түркі мәмлүктерінің саны Мысырда азайып қалды. Олардың қалғандары немесе балалары ғана бар.

Үшінші жинақ. (Осы елдегі үлкен өзендер мен көлдер туралы баяндалады). Өзендерге келсек, «Мәсәлик әл-абсарда» бұл елде Сейхун және Жейхун деген өзен бар екендігі жазылған, олар туралы алдыңғы Мәуереннахр елі туралы бөлімде айтылды. Өйткені олар осы елден ана елге дейін созылып жатыр. Олар екі елдің де территориясына да кіріп жатыр.

Сосын осы елдің танымал 5 өзені туралы айтылады: Еділ өзені, ол алдында айтылған Балжар қаласы. Бұл өзен осы елдегі ең үлкен және ең атақты өзен. «Мәсәлик әл-абсарда» Фазыл Шужағуддин Абдрахман әл-Хорезми ат-Тарджуманның бұл өзен Нілден үш немесе одан көп есе үлкен екенін айтады. Ол славяндар жерінен ағып келеді. «Тақуим әл-булданда» айтқан: Ол солтүстік шығыстан бастау алады, онда ешқандай қала жоқ. Булар қаласының жанынан ағып өтеді. Булар дегеніміз бұлғарлар. Ол өзеннің солтүстігі мен батысын орап жатыр. Одан шығып, жағалаудағы Укак қалашығынан асып, Балжаман аталатын ауылдан өтеді де, оңтүстік батысқа бұрылады, сөйтіп Сарай қаласының батысы мен оңтүстігінен ағып өтеді. Сарай қаласынан шыққанда мың бір сағаға бөлініп кетеді. Барлығы дерлік Хазар теңізіне барып құяды. «Мәсәлик әл-абсарда» бұл өзенде алып кемелер жүзген, онда жолаушылар Русь пен славяндарға сапар шегетін болған [7, 451-468]. Әйгілі энциклопедиядан алынған осы қысқа үзінділердің өзі көне дәуір тарихи оқиғаларынан мол ақпарат береді.

Елбасы Н.Назарбаевтың «...ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [8] деген тұжырымы рухани жаңғырудың бізге не үшін керек екендігіне жөн сілтейді. Соның ішінде рухани жаңғыру алғашқы кезекте бізге ұлттық құндылықтарды орнықтыру үшін керек. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі – тарихи сана қалыптастыру дейтін болсақ, тарих ғылымы қызметінің бірі – әлеуметтік жад әрбір ғылыми деректің ұсынатын объективті ақпаратына бей-жай қарамайды. Ортағасырлық араб энциклопедисі әл-Қалқашандидің деректері осы тұрғыдан құнды.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі:

1 Крачковский И.Ю. *Арабская географическая литература // Избранные сочинения.* –Т. 4. – М.–Л.: Издательство АН СССР, 1957. – С.912 .

2 *История Казахстана в арабских источниках. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузеном.* –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –Т. 1. – С. 711.

3

4 Кумеков Б.Е. *Арабские источники как ценный информационный фонд историко-востоковедческих исследований Казахстана //Сборник международной научно-практической конференции «Востоковедческая наука в XXI веке: Проблемы и перспективы развития».* –Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. С.10-15

5 Батырша-ұлы Б. *Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешти-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.: зерттеу.* – Алматы: Экономика, 2005.– 351 с.

6 Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. *Йақұттың «Муқджем әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі.* -Алматы: Қазақ университеті, 2011. –245 б.

7

8 Нұрсұлтан Назарбаев. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан 15 сәуір 2018 ж.*

УДК 194-11
ГРНТИ 03.81.37

Е.Н. Ермұқанов¹

¹ *т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті*

This article is devoted to the work of Utemis Hadji "Chingiz-nama". This book was translated into Russian by V. Yudin, and as the author-researcher gave valuable information about the medieval Kazakh history. For example, the socio-political situation in the country, the influence of the Mongolian conquest on the Kazakh steppe were described in detail. Genghis Khan's status was not only fixed, but legal messages were summarized as follows: "The political consequences of the Mongol conquest are usually studied, but many problems still require additional research, and some problems have not even been resolved. We should say the same about learning spiritual change. Here you can not count on the number of poorly studied, not even scratched, but unresolved issues. Meanwhile, the worship of Genghis Khan or the "golden" breed Shingis is much better.

Keywords: Chinggis-nam, Türks, Mongol, source study, genealogy, tribe.

Тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін, халқымыздың тарихы, оның ақтаңдақ беттері жүйеленді. Бұрын сонды белгісіз яки қасақана жасырын күйде қалып келген оқиғалар мен құбылыстар тарихи аренаға шықты. Ұлттық тарихты, мәдени құбылыстарды бір жүйеге келтіру уақыт еншісінде екені айғақтала бастады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, отандық тарих соны бір кезеңге қадам жасады. Осындай төл тарихымызға қатысты келелі құбылыстардың бірі – «Қазақстан тарихына қатысты түрік деректемелері» деген атпен топтама ретінде баспадан шыққан еңбектер болды. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, 2005-2011 жылдар аралығында 5-томдық кітаптар жарық көрді. Мәселен, кітаптың алғашқы томы – Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты еңбегіне (факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалары, түсіндірмелері мен көрсеткіштері) арналған. Кітапта ««Шыңғыс-наме» В.П. Юдиннің Деректанулық ізденісінде дамыған орта ғасырлық қыпшақ даласының саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихы, оның көшпелі тұрғындарының әскери ісін, тұрмысын, мәдениетін, идеологиясын және тілін сенімді де анық көрсететін дереккөз ретінде ерекше орын алды» деген баға берілді. Сонымен қатар ««Шыңғыс-намені» аудару жөніндегі жұмысты В.П. Юдин сөздік жасаумен ұштастырып, онда әр сөздің барлық грамматикалық байланыстарда қолданылу жағдайларының бәрін анықтап отырды. Бұл мәліметтер қазақ тілінің тарихын зерттеушілер үшін ден қоярлық екені күмәнсіз.

«Шыңғыс-намені» зерттеу теориялық деректану тұрғысынан нәтижелі болды. В.П. Юдин «Қазақ хандығының тарихы бойынша материалдарды» дайындау жұмысында жүргенде-ақ қазақ халқының тарихы бойынша парсы-түрік тілінде баяндалатын дереккөздерді жинақтап, жіктеп, өңдеп қойған

болатын. Енді ол «Шыңғыс-наменің» және өзіне бұрыннан белгілі басқа кейбір шығармалардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихы бойынша шығыстың жазбаша дереккөздерінен Дешті Қыпшақ көшпелілерінің ауызша тарихи білімін жинақтап, бізге жеткізген ерекше классификациялық тобын саралауға болатындығы туралы маңызды тұжырым жасайды. В.П. Юдин алғашқыда оны «даланың ауызша тарихнамасы» деп атады, ал кейін ауызша дәстүр терминіне қатысты сыпайырақ болады деген оймен, «даланың ауызша тарихнамасы» деп атап көрсетті.

Дешті Қыпшақтың ХІҮ ғасырдағы саяси және этностың тарихы, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, мәдениеті, идеологиясы жөнінде «Шыңғыс-наме» хабарларын түсіндіру және шығарманың жіктелік ерекшеліктеріне, Қазақ тарихы жөніндегі жазбаша дереккөздер жүйесіндегі оның орнына қатысты тұжырымдар осы басылымда ұсынылып отырған төрт зерттеуде баяндалған» деген құнды мәліметтер келтірілген.

«Шыңғыс-наме» қазақ халқының тарихы бойынша дереккөзі ретінде атты тарауда аталмыш еңбекті орыс тіліне аударып, оның жарыққа шығуына сүбелі үлес қосқан В. Юдиннің еңбекпен алғаш танысуы жөнінде мәліметтер келтірілген. Мәселен, «В.П. Юдин Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты шығармасымен 1967 жылдың аяғында Ташкентте Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының шығыс қолжазбалары жинағындағы қазақ халқының тарихы бойынша мәліметтері бар дереккөздерді анықтау кезінде танысты. Бұл туындының авторы Хиуа тарихшыларының тамаша шоғырының құрамына енеді» – деген ақпараттар келтіріліп отыр жұмыс істегендігін анық байқауға болады. Әрине, бұл ғылыми жұмыстың құндылығын жоғарылататындығы еш шүбәсіз.

Сондай-ақ медиевистикалық кезеңнің құнды дереккөздерінің бірі «Шыңғыс-намені» зерттеушілер туралы да топтамада мәліметтер жоқ емес: «Төңкеріске дейін «Шыңғыс-наме» Е. Кальдің белгілі каталогінде аталады. В.В. Бартольд 1902 жылы Түркістан көпшілік кітапханасының қолжазбаларымен танысу барысында бұл шығармаға назар аударып, ол туралы мәліметті 1904 жылы жарық көрген «Түркістанға іс-сапары туралы есебіне» қосты. 1915 жылы А.З. Валидовтың «Ферғана облысындағы шығыс қолжазбалары» атты мақаласы жарық көрді. Онда ол 1913 жылы Орынборда «Шыңғыс-наменің» көшірмесін алғанын, оның «ташкенттік нұсқадан әлдеқайда толық» екенін жазады», – дей келе аталмыш еңбектің баламалы нұсқаларының болғандығына көз жеткізуге болады. Ал шығыстанушы, ғалым В.П. Юдин өз кезегінде «Шыңғыс-наме» еңбегіне жүйелі талдау жасап, онда бейнеленген тарихи құбылыстар мен оқиғаларға деректанулық талдау жасағаннан кейін ғана бірнеше мақалаларды жарыққа шығарған, кейіннен көлемді кітапты да баспадан өткізген. Бұл жөнінде топтамада мынадай ақпараттар айтылған: «Өтеміс қажының еңбегі В.П. Юдиннің Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Түркістан тарихы бойынша парсы және түркі тілдеріндегі шығармалардың біразымен мұқият жұмыс істеп, талдау жасап болған кезінде ғана барып, зерттеу объектісіне айналды. Нәтижесінде бірнеше деректанулық мақалалары жазылды» Демек, түп нұсқалық дерекке кешенді зерттеулер жүргізген ғалымның еңбегі отандық тарих үшін өте құнды болатындығы дау туғызбайды.

Кез келген ғылыми жұмыс талдауды, қайта қарауды, жүйелеуді, әдістер мен тәсілдерді шебер пайдалануды қажет ететіндігі белгілі. Осынау еңбек те мұндай құнды зерттеулердің санатына жататындығына мына мәліметтер айқын дәлел: «... 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдар: (Парсы және түркі шығармаларынан үзінділер)» атты ұжымдық үлкен еңбекті аяқтады. Қазақстандық шығыстанушылар С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин жазған және олардың Санкт-Петербургтік әріптестері О.Ф. Акимов мен М.А. Салахетдинова белгілі бір дәрежеде қатысқан көпжылдық еңбек шығыстанушы ғалымдар тарапынан лайықты бағаға ие болды. Осы еңбектің аяқталар кезеңінде жұмысқа басшылық еткен В.П. Юдин еңбегі зерттеудің ғылыми деңгейінің жоғары болуына үлкен үлес болып қосылды десек, артық айтқандық болмайды». Яғни бірқатар белгілі ғалымдардың бірлескен зерттеулері орта ғасырлық тарихымыздың қайта түлеуіне оңтайлы ықпалын тигізген.

Дерек – бұл шикізат, деректану – бұл қоспасынан ажыратылған, өңделген материал демекші еңбекте автор деректанудың элементтерін орынды, әрі шебер пайдаланған. Мәселен, «В.П. Юдин сонымен қатар орта ғасырлық Қазақстанның тарихы бойынша материалдардың келесі, жаңа томына үзінділер алып кіргізуге болатындай дереккөздерін анықтап, іріктеумен айналысты. Мысалы, ол өзінің «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ халқының тарихы бойынша парсы және түркі дереккөздері» атты мақаласында былай деп жазды: «Қазіргі уақытта бізге қазақтың кейінгі орта ғасырлық тарихын зерттеу үшін әр түрлі шамада пайдалануға болатын парсы және түркі тілдеріндегі тағы да бірнеше

шығарма белгілі болды. Солардың арасында аты белгісіз автордың «Тарих-и Шайбаниі», Өтеміс Қажының «Шыңғыс-намесі», Сухайланың «Имамқұлы-намесі», Мукимидің «Зафар-намесі», Бадр ад-Дин Кашмиридің «Зафар-намесі» секілді және т.б. дүнияуи тауарихтар мен поэмалар бар. Осы тізбеден көрінетіндей, пайдаланылмай жатқан шығармалар біршама көп. Олардан алынған үзінділер жинақтың екінші томын құрай алар еді».

Еңбекте мемлекет атауының баламалары көрсетілген. Мәселен, «Еуразия даласы мен оған шектесіп жатқан моңғол дәуірінен кейінгі аймақтар тарихында атауларының құрамына «Орда» сөзі кіретін көшпелілер бірлестіктері кеңінен таныс. Олардың кейбірі, мысалы, Алтын Орда тіпті «әлемдік» держава дәрежесін иеленуге де ұмтылды. Алтын Ордадан басқа Ақ, Көк, Боз, Ала, мамай, Мұрат, Ахмет, Еділ бойы, Перекоп, Жайықтың ақрғы жағы, Қырым, белгород, Залесск, Городецк, Ұлы, Орта, Кіші, Жүздік-Орда, Ноғай, Қазақ, Қарақалпақ, Қалмақ т.б. ордалар болды», - деген түрлі санаттағы эквиваленттер көрсетілді. Демек, көшпелілік салтын бекем ұстанған халықтарда «Орда» мемлекеттік дәрежеге жеткен елдердің мәртебесін беріп қана қоймай, азат, еркіндік, мықты, алып сөздерінің де жалпылама ортақ атауын ұғындырып отыр. Яғни Еуразия даласында бізге белгілі болып келген Алтын Орда мен Ақ Ордадан да өзге көптеген ірілі-ұсақты елдердің өмір сүргендігін анық байқай аламыз.

Қазақтың кең сахарасында моңғолдық кезеңнен кейін де ордалардың болғандығын анықтайтын мәліметтер бар. Мәселен, «Осы ордалардың көпшілігі Қазақстанда және басқа да далалы, таулы аудандарда ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда және одан кейін де болды. Сонымен бірге осы уақытта далаларда неғұрлым ертеректе болған ордалар туралы естеліктер сақталып келді. Бірақ бұл жай ғана естеліктер емес еді. Шыңғыс ордасы мен оның ең жақын мұрагерлерінің ордалары туралы дәріпті ұғымдарды әуел бастан-ақ көшпелілердің билеуші топтары құқықтық нормалар ретінде ұғынды. Бұл нормалар Моңғол империясының қалған бөліктерінде құрылған көшпелі және отырықшы бірлестіктер мен мемлекеттер арасындағы сыртқы және ішкі қатынастарды реттейтін маңызды құқық көзі ретінде қызмет етті», – дей келе орданың құқықтық негіздегі баламасының да бар екенін түсінуге болады.

Шыңғыс ханның мәртебесін көтеріп қана қоймай, оны заңды түрде белгілейтін хабарлар мынадай мәліметтер негізінде белгіленді: «Моңғолдардың жаулап алуларының саяси салдары жалпы алғанда біршама зерттелген, дегенмен көптеген проблемалар әлі де қосымша зерттеулерді қажет етеді, ал бірқатар мәселелер тіпті қойылған да жоқ. Рухани өзгерістерді зерттеу жайында да осыны айту керек. Мұнда нашар зерттелген ғана емес, тіпті қозғалмаған, әлі қойылмаған проблемалардың саны есептеуге келмейді. Бұл арада Шыңғыс ханның жеке басына немесе Шыңғыстың «алтын» тұқымына табыну біршама жақсы көрсетілген. Сондай-ақ бұл орайда моңғолдар орнатқан «жаңа әлемдік» рухани тәртіптің басқа кейбір қырларын да атауға болады».

Моңғолдық империяның пайда болу тарихы мен оның өміршеңдігі туралы автор шебер мәліметтер келтірген: «Әлі толық зерттелмеген, бірақ маңыздылығы өте зор кейбір мәселелерді атап өтейік. Мысалы, Шыңғыс ханның өзінің тірісінде ұлдары мен немерелеріне Моңғол империясын бөліп беруі көптеген халықтар үшін құқық көзі ретінде қызмет етіп, кейбір аймақтарда ХХ ғасырға дейін қолданылды».

Шыңғыс ханның генезисін мифтендіруге бағытталған ақпараттар кеңінен қолданылған. Мысалы, «Шыңғыс ханның, оның руы мен ата-бабаларының шыққан тегі туралы аңыздар, мысалы, адамзаттың шығу тегі туралы мұсылмандық түсініктерге және осы арқылы мұсылмандық әлем бейнесіне енгізілді. Мұсылмандардың тарихи шығармаларындағы адамзат баласының пайда болу тарихы, әдетте, адамның жаратылуы мен пайғамбарлардың тарихынан басталып, Оғыз туралы аңыздар циклімен, түрік-моңғол тайпаларының шежіресімен, Шыңғыс хан тұқымының шежіресімен және көшпелі әлемнің халық, тайпа, руларының одан әрі тармақтануларымен толықтырылды. Мысалы. Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» және тағы басқа мұсылмандық тарихи еңбектер осындай».

«Осы жағдайда жаңа діннің қалыптасуы туралы айтуға толық негіздеме бар деп ойлаймыз. Бұл дін татар-моңғол жаулап алуларынан туындаған дүниетаным мен идеологияның құрамдас бөлігі болды. Осы дүниетанымдық және идеологиялық түсініктердің жаңа кешенін біз шыңғысизм деп атадық. Шыңғысизм терминін оның тар мағынасында біз жаңа дінге қатысты да және төменде нақтырақ айтылатын осы құбылыстың басқа аспектілеріне қатысты да қолданамыз».

«... Шыңғысизм Шыңғыс хан ұрпағының жоғарғы билікке ие болу құқығын дәріптеді. Соның ішінде бұл «хан» атағы тек Шыңғыс хан ұрпақтарының шексіз құқығында болуынан көрінді. Шыңғыс тұқымы еместердің хан атағын иеленуге әрекеттенулері түрік-моңғол және басқа да халықтардың санасында құқыққа қарсы, тіпті бейәдеп қылық болып саналды. Қарадан шығып хан

болу осыдан бастап тоқтатылсын! Осындай ұранмен өзі де жалған Шыңғыс ұрпағы болған Алтын Орда ханы болған Өзбектің жақтастары қият исатай мен сыжүг Алатай хан билігін «озбырлықпен алмақшы» болған оның қарсыласы, Шыңғыс ұрпағы емес Тоқ-Бұғаны өлтіреді. Сондықтан тарихи дамудың табиғи барысы Шыңғыс ұрпақтарын жоғарғы биліктен ығыстыруға алып келген жағдайларда тарихи тәжірибе жоғарғы биліктің тек Шыңғыс тұқымына ғана тиістілігі туралы постулатты айналып өту жолдарының бірнеше тәсілін қалыптастырды», - деген тұжырым жасалды .

Сонымен қатар Шыңғысизм идеологиясының жекелеген қолбасшылар мен ақылгөй даналардың билікке ұмтылуына өзіндік ықпалын тигізді. Мәселен, алтын ұрық атанып кеткен ақсүйектер ұрпағынан тарамаған тұлғалардың легитимді түрде билікті өз уыстарына шоғырландыруға мүмкіндік болмады. Бұл жөнінде аталмыш еңбекте мынадай мәселелер қарастырылған: «Нақты билікті иеленіп келген Шыңғыс тұқымы еместер, мысалы, Әмір Темір, Едіге және басқалар Шыңғыс тұқымынан шыққан, қолдан қойылған хандардың атынан билік жүргізуге мәжбүр болды». Қуыршақ, марионетка секілді ұсақ хандарды қолшоқпар ретінде пайдаланып келген қолбасшылар мен олардың асатаяғының арасында билікке талас-тартыс, өзара сенімсіздік секілді оқиғалардың орын алғандығына тарих куә. Мысалы, Мәуеренахрдың көсемі, түркіленген барласа руының өкілі Әмір Темірдің әлсіреп-қалжырап кеткен Ақ Орда мен Алтын Ордадағы билікті тәжірибесі аз, қабілеті төмен Тоқтамыс арқылы басқару ойы жүзеге аспай, екі тараптың арасында кескілескен ұрыстардың болғандығы белгілі. Тіпті, Тоқтамыстың Мәскеуді өртеуі мен Әмір Темірдің кек алу мақсатында үздіксіз жасаған шабуылынан алғашқы кезекте қалың бұқара зардап шеккендігі анық.

Әмір Темір секілді қарасүйектен тараған тұлғалар Шыңғыстық заңнан жалтарудың жолдарын іздеп, легитимді түрде билікке келуге ұмтылды. Мұндай жолдардың бірі жалған аңыз құрастырып, шежіреге өзгерістер енгізу еді. Мәселен: «Басқалай жағдайларда мұндай билеушілер өздерінің Шыңғыс хан немесе оның ата-бабалары не ұрпақтарының бірінен шыққаны туралы аңыздар құрастырған. Осындай аңыздарды алтынордалық хандар Өзбек, жалған-Келдібек, моғолстандық хандар Тұғылық-Темір мен Хызыр-Қожа, Әмір Темір (алайда ол хандық атағын алға батпады), қоқандық хандар және басқалары қолданды». Демек, аталмыш идеологияға қарсы бағытталған шаралар жекелеген жерлерде өзіндік нәтижелерін берді.

«Шыңғыснама» - өзіндік бір ерекше тарихи еңбек қана емес, шайбанилық үлгідегі «Шыңғысшылдық» идеологияның ескерткіші болып табылады, сонысымен де ол біз үшін құнды. «Шыңғыснама» мәліметтері Ақ, Көк және Алтын Орда тарихына байланысты мәселелерді шешуде де ерекше орынға ие болады. В.П. Юдин оның маңызы туралы: «Дәл осындай әлі күнге қолданылмай жүрген Ақ, Көк және Алтын Ордалар тарихы бойынша дерек –«Шыңғыснама», Хорезмде Өтеміс қажы ибн Маулан Мұхаммед Дост ХҮІ ғасырда жазылған түркі тіліндегі тарихи шығармасы болып табылады» дегенмен, Өтеміс қажының Ақ, Көк және Боз (сұр) Ордасы туралы кезінде В.В. Бартольд атай кеткенімен, бірақ ол оны Ақ және Көк Орда мәселелерімен байланыстырмады және талдаған жоқ. Ол тіпті Боз ордаға еш мән де берген емес. Бұл мәліметтер кейінгі зерттеушілердің де назарынан тыс қалып, зерттеулерде пайдаланылмай келеді.

Сөзімізді дәйектейтін болсақ, В.П. Юдин аталмыш еңбектің өзіндік ерекшеліктерін бірден бағалап, өзге шығармалар арасындағы айрықша орнын көрсетті. «Шыңғыс-намені» зерттеу арқылы ол тарихи мәліметтердің жаңа тың қабатын ашты. Оқиғалы тарихтың, хронлогияның, қазақтардың шежіретануы мен мәдениетінің зерттелмеген мәселелерін көтерді. Өтеміс қажының «Шыңғыс-намені» түпнұсқа мәтінін, оның транскрипциясы мен аудармасын, оған арналған мақалаларын жариялауы В.П. Юдиннің Қазақстанның орта ғасырлар тарихы деректануына қосқан ірі үлесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан тарихы бойынша түркі деректемелері. 1 том. Алматы., Дайк-Пресс, 2005., 400 б.*
2. *Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан (летом 1902) // Соч. – М., 1973. Т.8. – С. 164-169.*
3. *Валидов А. З. Восточные рукописи в Ферганской области. ЗВО РАО, т. XXII, вып. III—IV. Петроград, 1915.*
4. *Қ. М. Атабаев, Н. А. Тасилова, А. Ф. Толамисов. Деректану пәнін оқыту методикасы. — 2011, Алматы, «Қазақ университеті», 301б.*
5. *<http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/168>*

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

ӘӨЖ: 903.18 (574.52)

МРНТИ 03.41.91.

Е.Ш. Ақымбек¹

¹PhD докторы, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан
eraly_a@mail.ru

М.С. Шағирбаев²

² Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының кіші ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан
mambet_87@mail.ru

2018 ЖЫЛЫ ШУ ӨңІРІНДЕГІ ҚОСҚУДЫҚ ТӨРТКҮЛІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада Шу өңіріндегі ортағасырлық Қосқудық төрткүліне жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары қарастырылады. Шуға Қарақатты (Қорағаты) өзенінің құяр тұсындағы құмды жерде орналасқан Қосқудық төрткүлінің топографиялық ерекшеліктері, сақталу жағдайы, үстінен жинап алынған металл және қыш бұйымдарының сынықтары, монета, сонымен қатар төрткүлге салынған шурфтан шыққан қыш бұйымдар, қожтемір қалдықтары мен остеологиялық материалдарға ғылыми сипаттама жасалады. Шағын ғана шурфтан көп мөлшерде қожтемірлердің шығуына қарап, мұнда темір кенін өндіргендігін көреміз. Табылған монета және керамика материалдары негізінде Қосқудық төрткүлі X–XI ғ.ғ. мерзімделеді. Остеологиялық материалдарға жүргізілген морфометриялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде, төрткүл тұрғындары пайдаланған үй жануарларының түрі, тағамдық рационының ерекшелігі және сүйектердің индивидуальды-анатомиялық сипаттамасы жасалады.

Тірек сөздер: Шу өңірі, Қосқудық төрткүлі, топография, монета, қожтемір, жануар сүйектері.

Ақымбек Е.Ш.¹

*¹PhD доктор, ВНС, Институт археологии им А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан*

Шағирбаев М.С.²

*МНС, Институт археологии им А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан*

**ИТОГИ ИССЛЕДОВАНИИ ТОРТКУЛЯ КОСКУДЫК В ЧУЙКОЙ
ДОЛИНЫ 2018 ГОДУ**

Аннотация

В статье рассматриваются археологические исследовательские работы на средневековый торткуль Коскудык в Чуйской долине. Были сделаны научные описания на топографическое состояние памятника, особенности подемного материала, а также керамические изделия, остатки крицы и остеологические материалы из заложенного шурфа торткуля Коскудык, которая находится на песчаном месте где вливает река Карақатты (Қорағаты) в Чу. Исходя из того что из маленьких

шурфов вышли много количество криц, можно сказать что здесь занимались железорудной промышленностью. На основе найденных монет и керамических изделий торткуль Коскудык датируется X-XI в.в. На основе морфологических исследовательских работ на остеологические материалы, были описаны видовой состав домашних животных, особенность рациона питания и индивидуально-анатомическая характеристика костей которыми пользовались жильцы торткуля.

Ключевые слова: Чуйская долина, Коскудык, торткуль, топография, монета, крица, кости животных.

Akymbek Y.Sh.¹

¹Doctor, Leading Researcher Researcher Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan

Shagyrbaev M.S.²

²Junior Researcher Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan

RESULTS OF THE RESEARCH OF THE TORTCUL KOSUDYK IN THE CHUI VALLEY 2018

Abstract

The article is being examined archeological researchs work on Koskudyk tortkul in the terrynory Chu in the medieval time. We were made scientific discriptions to the topographic state, preservation, collecting ceramic products from wurf on the tortkul, remains of crits and osteological matericals of Koskudyk tortkul where located in the Sandy place which Karakatty(Koragatty) river pours in Chu. Based on that from the small wurf has gone out a lot of crits we can say that there engage metallurgy. Koskudyk tortkul is dating X-XI c.c. based of finding from the coins and ceramic products. Were described the type of domestic animals,specialty of meal and indinidual-anatomic characteristics of bones which used the tenants of tortkul.

Keywords: Chuy valley, Koskudyk, tortkul, topography, coin, shrimp, animal bones.

Шу өзенінің бойы ежелгі дәуірден-ақ адамдардың құтты мекеніне айналған өңір. Мұны ежелгі дәуір мен орта ғасырларда өмір сүрген халықтардың тіршілігі барысында қалған археологиялық ескерткіштері дәлелдейді. Тарихи-мәдени ескерткіштер шаруашылықтың, кәсіптің түріне қарай жер жағдайын тандап орналасқанға ұқсайды. Дегенмен, табиғи ортасы күнделікті тіршілікке қолайсыздау жерлерге орналасқан ескерткіштер де баршылық. Сондай ескерткіштің бірі – Қосқұдық төрткүлі.

Қосқұдық төрткүлі Шу өзенінің сол жағалауында, Шуға Қорағаты (Қаракатты) өзенінің құяру тұсына жақын, өзен арнасынан 4,4 км шығыста, қазіргі Ақтөбе ауылынан солтүстікте 17 км жерде орналасқан [1, с. 321]. Құмды жер болғандықтан, ескерткіштің батыс жағына сексеуіл қалың өскен. Географиялық координаттары: N. 43°59'50.0", E. 73°27'50.7", т.д.б. 412 м.

Қосқұдық деген атау кеңестік уақытта құмға салынған мал қораның маңайынан қазылған екі құдықпен байланысты. Бұл құдықтардың қалдықтары бүгінгі күнде де бар.

Қосқұдық төрткүлін ең алғаш 1987 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетінің 3 курс студенті Жұмағұлов Серік тауып хабарлаған [2, с. 21-22].

1988 ж. аталған университеттің археологиялық экспедициясының (УАЭ) барлау тобы (М. Елеуов) Шу өңіріндегі ескерткіштерге жүргізген зерттеу жұмыстары кезінде Қосқұдық төрткүліне де жеке тоқталған. М. Елеуов төрткүлдің пішіні, өлшемдері, фортификациялық ерекшеліктері мен керамикасын сипаттай келе, ескерткішті VIII–XII ғ.ғ. жатқызады. Сонымен бірге Қосқұдық төрткүлінен 4-5 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауындағы Бірлік төрткүлімен типологиялық және жоспарлануы жағынан қатты ұқсас екендігіне назар аударады [2, с. 21-22].

Қосқұдық төрткүлі туралы аз-кем мәліметтер Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштері жинағында кездеседі. Онда Е.М. Елеуовтың зерттеулеріне сілтеме беріліп, ескерткіштің көлемі, өлшемдері және мерзімделуі туралы деректер келтірілген [1, с. 321].

2018 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы (Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шағырбаев) Қосқұдық төрткүліне зерттеу жүргізіп, ескерткіштің қазіргі жағдайы, өлшемдері,

бетіндегі қыш ыдыс сынықтары мен металл бұйымдардың қалдықтарын жинастырып, төрткүлдің шығыс бұрышына таман шурф-қазба салады (Сурет 1).

Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағыттала орналасқан төрткүлдің пішіні тік төртбұрышты, көлемі 200x200 м, ауданы 3,6 га, қабырғаларының периметрі 768 м. Сыртын айнала болмашы келген, шамасы бір кездері ор болған сай қоршап жатыр. Қабырғаларының биіктігі сайдың табынан есептегенде 1-1,5 м аралығында ауытқиды. Ескерткішке кіретін қақпа солтүстік-шығыс жағында болған болуы мүмкін. Себебі оның орта тұсы болмашы сай болып келген. Төрткүлдің солтүстік-шығыс жағынан басталған білінер-білінбес келген сай ескерткіштің ортасынан оңтүстік-батыс қабырғасы бағытында қиып өткен. Бұл бұрынғы жолдың орны болуы ықтимал. Сай шығысқа қарай біраз жерге дейін кеткенімен, ауыл шаруашылық жұмыстары барысында қатты бұзылған. Осы сай кеткен бағытта, яғни Қосқұдықтан шығыста 5,5 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында Бірлік төрткүлі орналасқан. Қосқұдық пен Бірлік төрткүлінің арасында саяси-экономикалық байланыс болуы мүмкін екендігін М. Елеуов өз зерттеулерінде атап өтеді [2, с. 21-22].

Төрткүлдің солтүстік-шығыс жағы барлық жағынан биік жатыр. Ескерткіш бетінің көпшілік бөлігіне өсімдіктер өскенімен, шығыс жағының біршама жері жалаңаштанып келген. Ғарыштан түсірілген суретке қарап төрткүлдің ортасы ойыстау, ал сыртқы қабырғасының ішін айнала құрылыс орындары болғанын көре аламыз. Жайылған қабырғаларының ені 26-29 м аралығында. Бұрыштары мен қабырғаларының бойынан мұнара іздері байқалады. Аймақтағы егін шаруашылығына байланысты төрткүлдің оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларын қиып өтетін ені 2,3 м болатын терең арық салынған. Осы арықтың бойы техника күшімен сүріліп биіктетілген. Ескерткіштің бетінен керамика сынықтары, металдан жасалған бұйымдар мен қожтемірдің қалдықтары кездеседі.

Қосқұдық төрткүліне салынған шурф-қазба жұмысы. Қазба жұмыстары ескерткіштің шығыс бұрышына жақын жерде жүргізілді. Зерттеу жүргізілген жердің географиялық координаттары: N 42°56'48.5", E 75°01'22.1".

Көлемі 1x1 м шурф 1,35 м тереңдікке, табиғи жерге дейін қазылды. Қалыңдығы 1,35 м болатын мәдени қабатынан бір ғана құрылыс горизонты байқалады. Шурфтың шығыс бұрышының түбінде көкшіл тартқан саз (қалыңдығы 10 см) материктің үстінде жатыр.

Жалпы қалыңдығы 1,35 м тіршілік қалдықтарының барлығы біртекті қатпарлы топырақ қабатынан тұрғанымен, араларынан тапталған қара және сұр түсті күл қабаттары кездеседі. Сонымен қатар, құрылыстың құланды пақса мен кірпіш қалдықтары әртүрлі биіктікте жатыр (Сурет 2-3).

Шурфты қазу барысында барлық деңгейден IX–XII ғ.ғ. жататын керамика сынықтары, темірдің қалдықтары мен жануарлардың сүйегі, табылды.

Қыш материалдар. Табылған керамика сынықтарының басым бөлігін ыдыстың түп және бүйір сынықтарын құрайды. Олардың көбі ыдыстардың майда бүйір сынықтары. Ұсақ бөлшектердің қалыңдықтары да әртүрлі. Ішінде қазан, құмыра және құмшаның бөлшектері бар. Бір бөлшектің сыртында бірнеше қатар сызықтары бар болса, келесі бірқатар ыдыстардың бүйір сынықтарының сыртында күйе іздері сақталған.

Табылған кейбір керамикалар ыдыс пішінін нобайлап беретін сынықтардан тұрады.

Қазан ернеуі. Ернеу бөлшегі сақталған ыдыс сынығына қарағанда пішіндерінде эллипс тәрізді келген. Ернеуінің диаметрі 21 см, қабырғасының қалыңдығы 0,6-0,9 см. Құрылымында ыдыстың ернеуі қимасы бойынша жоғары қарай сәл иіліп барып, біршама үшкірленіп келіп, қимасында дөңгеленіп аяқталған. Көзелік саздары жақсы иленген әрі тығыз. Ыдыс шарық арқылы жасалынған. Күйдірілу температурасы бірқалыпты, ашық қоңыр қызыл.

Үлкен ыдыстардың түптері (4). Түп сынықтарына қарағанда үлкен құмыралар мен құмшаның бөлшектері болса керек. Түптерінің диаметрі: құмыралардікі – 12-15 см, құмшалардікі – 27-32 см, қабырғаларының қалыңдығы 0,7-1,8 см. Көзелік саздары жақсы иленген әрі тығыз. Ыдыстардың үшеуі шарық арқылы жасалынса, біреуі (құмша) қолмен жапсырылып жасалынған. Күйдірілу температурасы бойынша үшеуі бірқалыпты күйдірілген, түстері ашық қоңыр қызыл. Біреуінің қимасынан күйдірілуінде ауытқушылықтар байқалады, түсінде ішкі жағы қара, сырты сұрғылт қоңыр.

Шурф қазбаның төменгі жағынан табылған ыдыс сынығына қарағанда пішіні бойынша бүйірі жұмыртқа секілді үлкен құмыраға жатады. Бүйір үстінде тұтқасының төменгі ұшының түбі сақталған. Ыдыс шарықта жасалынып, пішінделіп, тұтқасы қолмен жапсырылып бекітілген. Күйдірілуі бірқалыпты емес, қимасында қабырғасының ішкі жағы қара, сырты ашық қоңыр.

Қожтемір (крица) және қож (шлак). Зерттеу барысында қазбаның барлық деңгейінен металдың қатты тотыққан қалдықтары табылды (Сурет 4). Ұсақ бөлшектерінен бастап көлемі 7-8 см болатын түрлері де кездеседі. Олардың ешқайсысы да белгілі бір пішін бермейді. Металдың мұндай қалдықтары көрші жатқан Бірлік төрткүлінде көп ұшырасады.

1948 ж. Ә.Х. Марғұлан Бірлік ауылы маңындағы төрткүлге зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қождың көп екендігіне назар аударған. Қождың көп болуын мұнда темір кенін өндірумен байланыстырып, темір кендерін Бетпақдаладан алып келген деп қорытындылайды [3, с. 8-11].

Сүйек материалдарды зерттеуде қолданылған әдістер. Қосқұдық төрткүлінен табылған сүйек материалдар коллекциясын зерттеу барысында В. Громова [4], В.И.Цалкин [5], Е.Е. Антипына [6], және П.А. Косинцевтің [7] зерттеу тәсілдері басшылыққа алынды. Уақ малдардың сүйектері – асық, ауыз омыртқа (атлант), жіліктерін ажыратуда В. Громованың зерттеулері негізге алынса, ірі қара және жылқы сүйектерін анықтау, биометриялық өлшемдерін жасау және бөлшектену индекстерін анықтауда В.И. Цалкин, Е.Е. Антипына және П.А. Косинцевтің зерттеулері басшылыққа алынды.

Сүйек материалдардың морфологиялық құрамы. Қосқұдық төрткүліне салынған шурфтан жалпы саны – 71 дана сүйек табылды. Оның ішінде ірі қара сүйектері – 13, қой сүйегі – 37, жылқы сүйегі – 11 және анықталуы мүмкін емес жануар сүйектері – 10.

	Сүйек түрлері	Атаулары	Ірі қара	Жылқы	Қой
	Бас сүйек	cranium	2		1
	Жоғарғы жақ сүйек	maxilla	1		
	Азу тіс	dentes molares		2	1
	Төменгі жақ сүйек	mandibular	2		2
	Атлант	atlas			1
	Омыртқа	vertebra	1	1	4
	Жауырын	scapula	2		
	Токпан жілік	humerus			1
	Кәрі жілік	radius			2
0	Метаподия	ossa metacarpi	1	2	3
1	Қабырға	costa	3	1	8
2	Жамбас	os coxae			2
3	Орган жілік	femur		1	4
4	Асықты жілік	tibia		1	5
5	Асық	talus	1		2
6	Білезік, толарсақ сүйегі	ossa (carpi- tarsi)			1
7	Белгісіз сүйек сынығы			3	10
8	Сүйектердің жалпы саны		13	11	47
9	Жануар саны		4	2	8
0	Барлық жануар саны		14		
1	Барлық сүйектер саны		71		

Кесте 1. Сүйектердің морфологиялық құрамы

Ірі қара сүйектері. Бас сүйектер екі малға тиесілі. Екі сүйектің де тек оң жақ шекесі сақталған. Бірінші оң жақ бас сүйек сынығында шеке сүйегі (os frontale), көз үсті тесігі (foramen supraorbitale), көз үсті науасы (sulcus supraorbitalis), еңбек сүйегі (os parietale), маңдайлық қыр (protuberantia intercornualis), мүйіздің ернеуі (corona cornus), мүйіз өсіндісінің денесі (corpus processus cornus), қаракүс (occipitalis) секілді бөліктері сақталған. Мүйіздің түбінен алғандағы ұзындығы 5,4 см, түбінің диаметрі 3,9 см құрайды. Мүйіздің аса үлкен болмауы өз кезегінде ірі қараның жасы аса үлкен еместігін көрсетеді (Сурет 5).

Екінші бас сүйектің тек оң жақ шекесі – шеке сүйегі (os frontale), көз үсті тесігі (foramen supraorbitale), көз үсті науасы (sulcus supraorbitalis) ғана сақталған. Екінші бас сүйек сынығының көлемі мен пішініне қарап, бірінші бас сүйектен үлкен екендігін көреміз.

Жоғарғы жақ сүйектің P^1 , P^2 , P^3 , M^5 , M^6 тістері сақталған.

Төменгі жақ сүйекте P_3 , M_1 тістері сақталса, M_2 және M_3 тістері әлі толық жетілмеген.

Жауырынның біреуінде буын ойысы, акрамионы және жауырын осі сақталған. Шеміршекті бөлігі сынып жоғалған. Екінші жауырында тек жауырын осі мен акрамионы ғана сақталған.

Метаподияның (жылқының алдыңғы сирағы) жалпы ұзындығы 177 мм, проксимальды эпифизінің қалыңдығы 50 мм, ені 29 мм. Дистальды эпифизінің қалыңдығы 48 мм, ені 45 мм, диафиздің орташа диаметрі 26 мм, диафиздің жалпы дөңгелек өлшемі 87 мм құрайды.

Қабырғалардың омыртқаға жалғасатын бөліктері (қабырға науасы, қабырға басы, қабырға мойны, қабырға дөнесі) және қабырғаның орталық денесі ғана сақталған.

Асық (talus) сиырдың сол жақ зейгоподиясына тиесілі. Асықтың проксимальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 39 мм, дистальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 37 см. Жалпы проксимальды-дистальды ұзындығы 61 мм. Сиыр омыртқасы нашар сақталған. Сүйектердің морфологиялық құрылымын талдау барысында жалпы 4 бас сиырға тиесілі екендігі анықталды.

Жылқы сүйектері. Жоғарғы азу тіс немесе P^3 жақсы сақталған. Ұзындығы 75 мм, беткі қаптамасының көлемі 29x29 мм. Шеткі күрек тісінің жалпы ұзындығы 65 мм, беткі қаптамасының көлемі 16x15 мм (Сурет 6).

Қабырғалардың барлығы да сынып сақталған. Ортан жілік немесе стилоподияның дистальды эпифизи қолмен сындырған күйі сақталған. Ортан жіліктің пішіні мен құрылымына қарап, жылқының оң жамбасына тиесілі екендігі анықталды. Асықты жіліктің дистальды эпифизінің басы сынып, екіге бөлініп сақталған. Омыртқа және түтікшелі сүйектер сынып, ұсақ болып сақталғандықтан, ешқандай биометриялық талдау жасалмады. Сүйектердің морфологиялық құрылымын талдау барысында жалпы 2 бас жылқыға тиесілі екендігі анықталды.

Қой сүйектері. Бас сүйектің тек маңдай және төбе бөліктері ғана табылды. Төменгі жақ сүйектердің біреуі сынып сақталса, екіншісі жартылай жеткен. Жартылай сақталған төменгі жақ сүйегінің тістері толық. Кіші азу тістер $M_{1,2,3}$ және $P_{1,2,3}$ тістердің сақталуы жақсы. Тістің түбінен беткі қаптамаға дейінгі ұзындықтары: M_1 – 6 мм, M_2 – 10 мм, M_3 – 10 мм, P_1 – 14 мм, P_2 – 17 мм, P_3 – 24 мм. Алдыңғы күрек тістер сақталмаған.

Атлант немесе ауыз омыртқа жақсы сақталған. Атлант қанаттарының екі шетінен алғандағы ұзындығы 80 мм, каудальды және краниальды бөліктерінен алғандағы ұзындығы 65 мм, вентральды доғасының арасы 44 мм болады.

Омыртқалар саны 4 дана. Оның ішінде мойын омыртқасы – 1, бел омыртқасы – 1, кеуде омыртқасы – 2. Омыртқалардың көлемінің кіші болуына қарап, жас қойға тиесілі екендігін көре аламыз.

Тоқпан жіліктің тек дистальды эпифизи ғана сақталған. Зерттеу барысында, сүйектердің ішінде бір кәрі жіліктің шынтақ бөлігі осы тоқпан жіліктің жалғасы болып шықты (Сурет 6). Кәрі жіліктердің басы проксимальды эпифиздері 2 дана. Кәрі жіліктің диафизі мен дистальды эпифиздері сынып жоғалған. Метаподия саны 3 дана. Оның ішінде 2 дана метаподияның проксимальды эпифиздері және 1 дана дистальды эпифизи сақталған. Жамбас сүйегі (2), ортан жілік (1) және асықты жіліктер (5) әдейі тағамдық мақсатта сындырылған күйі сақталған.

Асықтар саны 2 дана. Екі асық та қойдың оң жамбас бөлігіне тиесілі. Бірінші асықтың проксимальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 23 мм, дистальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 22 см. Жалпы проксимальды-дистальды ұзындығы 32 мм. Екінші асықтың проксимальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 19 мм, дистальды блогының медиальды-латеральды ұзындығы 19 см. Жалпы проксимальды-дистальды ұзындығы 28 мм. Бірінші асықтың

пішіні мен көлемінің үлкендігіне қарап, ірі қойға тиесілі, ал екінші асықтың параметрлерінің ерекшеліктеріне қарап, қозы немесе тоқты асығы деп тұжырымдаймыз. Сүйектердің морфологиялық құрылымын талдау барысында жалпы 8 бас қойға тиесілі екендігі анықталды.

Сүйектердің сақталу жағдайы және бөлшектену индексі (Е.Е. Антыпина тәсілі бойынша).

Сиыр сүйектерінің жалпы саны 13 дана болса, соның 12-сі қолмен бөлшектеніп, тағамдық мақсатта қолданған. Оның негізгі белгілерін бас сүйектердің шеке бойынша бөлінуі, қабырға, жауырын және жақ сүйектерінің екіге ажыратылып немесе шеміршекті бөліктерінен ажырап қалуынан көре аламыз.

Жылқы сүйектерінің жалпы саны 11 дана болса, соның барлығы дерлік тағам рационасына пайдалану үшін қолмен сындырылып, бөлшектенген. Сүйектердің қолмен бөлшектенуінің негізгі белгілерін жақ сүйектен ажырап қалған тістер, ортасынан күшпен сындырылған ортан және асықты жілік, ортасынан бөлінген қабырғалар, және жұлын бөлігінен ажыратылған омыртқалар дәлелдейді. Сүйектерді қатты ұрып сындырған іздерін қабырға, түтікшелі жіліктер және ортан жіліктен байқауға болады.

Қой сүйектерінің жалпы саны 47 дана, оның ішінде барлығы да бөлшектеніп сындырылған. Бүтін күйінде тек ауыз омыртқа (атлант) және асықтар ғана. Басқа жамбас, тоқпан жілік, асықты жіліктер, ортан жілік, қабырғалардың барлығы да ортасынан бөлшектенген.

Сүйектің сақталуы жақсы, археозоологиядағы 5 баллдық шкалаға (Е.Е. Антыпина бойынша) сәйкес – 4 балмен сипаттаймыз. Сүйектерде ешқандай патологиялық ауытқулар байқалмайды. Сүйектерді ыдысқа сиымды болу үшін әдейі сындырған. Бөлшектену индексінің көлемі 1-1,5 дм³ құрайды.

Барлау материалдары. Барлау жұмыстары барысында ескерткіштің үстінен бірқатар қыш ыдыс сынықтары жиналып алынды.

Қыш бұйымдардың басым бөлігін ыдыстардың ернеу, бүйір және түп сынықтары құрайды.

Ернеу бөліктері негізінен қазандарға тиесілі. Санаулы ғана сынық көзелектікі болуы мүмкін. Ернеулердің диаметрі шамамен 17-25 см аралығында ауытқиды, қабырғаларының қалыңдығы 0,7-1 см. Бірқатарының ернеуі, қабырғасы тік барып қимасында дөңгеленіп аяқталса, келесі бір тобының қабырғасы сыртқа сәл ғана қайтарылып, қимасында үшбұрыштанып не тікбұрыштанып аяқталған. Барлығы шарықта жасалып пішінделсе, тек біреуі ғана қолмен жапсыру арқылы орындалған. Күйдірілулері бірқалыпты. Біреуінің ернеу астында қатты затпен сызылып түсірілген толқынды сызықтары бар (Сурет 7).

Көзелектердің майда сынықтарының арасындағы бірінің ернеу бөлігі біршама көлемде сақталған. Оның ернеуінің диаметрі 8 см, қабырғасының қалыңдығы 0,6-0,8 см. Болмашы ғана томпайған бүйір қабырғасы тік көтеріліп келіп ернеуленген. Қолмен жапсыру арқылы орындалып, бірқалыпты күйдірілген, түсі сұрғылт ашық қоңыр.

Бүйір сынықтары асханалық су құюға арналған құмыра ыдыстарының, бірлі-жарымы қазанның бөлшектері. Ыдыстардың қабырға сынықтарынан тек иық бөлшектері ғана жиналды. Себебі олардың барлығының сыртында қатты затпен толқынды не айнала бірнеше сызықтар батырылып сызылған. Барлығы шарықта жасалып, бірқалыпты күйдірілген (Сурет 8).

Түп сынықтары үлкен және шағын ыдыстардың бөлшектері. Үлкен ыдыстардың түптерінің диаметрі 22-28 см, шығын ыдыстардікі – 8-12 см. барлығы да шарықта жасалып, бірқалыпты күйдірілген.

Сырлы ыдыстың бір ғана түп сынығының кішкентай бөлшегі табылды. түбінің диаметрі 7 см. Ішкі бетіне ақ түсті сыр жағылып, қою жасыл түсті сырмен өрнектегенге ұқсайды. Жақсы иленген саздан шарықта жасалып, бірқалыпты күйдірілген.

Монета. Қоладан соғылған. Пішіні дөңгелек, ортасында шаршы тәріздес тесігі бар. Гурттың (неміс. Gurt — қыры, ені, жиегі) жиегі тегіс, жиегінде ешқандай бедерлі іздер байқалмайды. Диаметрі 25 мм, гурт – 1,5 мм, кант (кант – монетаның аверс, реверсінің жиегінде болатын ені 1-4 мм шамасындағы дөңісті сызықша) – 3 мм, тік төртбұрышты тесігінің өлшемі 6x6 мм. Салмағы – 3,83 гр. Сақталуы (Шелдон шкаласы бойынша) – F12. Аверсіне қытайша төрт символ жазылған. Символдар вертикаль бағытында түскен. Үстіңгі символдан бастап сағат тілінің бағытымен шеңбер бойынша оқылады. Аверсіндегі жазулардың оқылуы Чжи-Дао-Юань-Бао (Zhi-Dao-Yuan-Bao) 至道元寶. Монетадағы жазу «өсімдік» стилінде соғылған. Монета Солтүстік Сун (960–1127 ж.ж.) династиясында, Тай цзун император (976–997 ж.ж.) тұсында 995 жылдан 997 жылға дейінгі аралықта шекілген [8]. Реверсіне ешқандай символ түспеген. Тек шеткі жиегінде және ортасындағы тесікте

кант бедері байқалады. Реверсіндегі тік төртбұрышты тесіктің канты – 2,5 мм, жиегіндегі канттың ені – 3-4,5 мм (Сурет 9).

Тоға. Тоға қоладан жасалған. Пішіні ұзынша келген. Тоғаның сыртқы тотығын тазаланғаннан кейін негізгі бетінің дөңес келген бөлігінде, басында тесігі бар екендігі белгілі болды. Екінші бөлігі, материалға бекітілетін жағы тік бұрыш болып келген. Оның артқы бетінде материалға бекітетін бір-біріне айқасқан шағын сым бар. Тоғаның ұзындығы сыртынан есептегенде 5,1 см, ені сыртынан есептегенде 1,5-1,6 см. Ішінен есептегенде 4,1x0,6 см. Қалыңдығы 0,3-0,5 см аралығында ауытқиды. Қырынан қарағанда тоғаның екі сатыдан тұратыны байқалады. Тұрмыста пайдаланылғанын тоғаның жиіктері мен ілмектерінің желінуінен көре аламыз. Тоғаның сақталу жағдайы жақсы (Сурет 10).

Тізбе бау (цепочка). Баудағы кішкентай сақиналардың жалпы саны – 8, кимасында дөңгелек келген сымнан жасалған. Дөңгелек сымдардың диаметрлері 1x1,1 см аралығында ауытқиды. Әрбір дөңгелек сымды анықтап қарау барысында, нақты дөңгелек емес, алты қырлы етіп жасалғандары да бар екендігі анықталды. Дөңгелек сымдардың бір-біріне байланыстырылуы келесідей: 1+2+1+1+3, яғни біреуіне екеуі, тіпті үшеуі ілінген. Дөңгелек сақиналарды бір-біріне қыздырып немесе еріту арқылы біріктіріп жіберген. Сақталу жағдайы орташа (Сурет 10).

Тойтарма (бекіткіш ілмек). Тойтарма саны 2 дана. Металдан (қола?) бір затты екіншісіне бекіту үшін пайдаланылған. Тойтарманың бір беті қақпақ тұтқасы секілді түтікше түрінде шығарылып қайтарылса, екінші шеті жалпақ болып қайтарылған. Тойтарма бірнеше қабат жалпақ қаңылтыр тәріздес металдан тұрады. Тойтарманың шеті сынып, біршама бүлінген. Жалпы көлемі 2x1,4x1 см және 1,3x1,1x0,9 см болады (Сурет 10).

Қорытынды

Төрткүл типіндегі ескерткіштердің атқарған қызметі, мерзімделуі және тағы да басқа өзекті мәселелері отандық археологияда ішінара немесе жанама түрде ғана көрініс тауып келеді. Бұл төрткүлдер мәселесінің көне тарихымызда бізге белгісіз қатпарлы қыртыстарының көптігінен хабар береді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, төрткүлдердің ең жиі орналасқан аймағының бірі әрі бірегейі деуге болатын Шу өңіріндегі төрткүлдерді ғылыми тұрғыдан зерттеу, отандық археология ғылымында өте маңызды болып табылады.

Қосқұдық төрткүліне жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында алынған мәліметтер Қазақстан археологиясының төрткүлдер мәселесінде мәліметтер базасын толықтыра түседі деп айта аламыз. Төрткүлдің өмір сүрген уақыты ескерткіштің бетінен табылған монета және барлау мен қазба жұмыстарының барысында табылған қыш бұйымдар негізінде X–XI ғ.ғ. мерзімделеді.

Төрткүлдің бетінен және шурфтан қожтемірлердің көп табылуы, орта ғасырларда ескерткіштің метал кенін өндіру ісімен байланысты болғандығын көрсетеді. Себебі, кен қорытуда жоғарғы температура алуға мүмкіндік туғызатын сексеуіл ескерткіш орналасқан аумақта өте көп өскен. Металлургиямен айналысуы мүмкін деген пікірді Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде жақын жатқан Бірлік ауылы маңындағы төрткүлге қатысты жазғанын жоғарыда атап өттік.

Қосқұдық төрткүлі Бірлік төрткүлімен өзара тығыз байланыста болғандығын, ескерткіштің топографиялық ерекшеліктері және екі ескерткіштің де бетінен қожтемір және қождың өте көп кездесуінен көре аламыз. Оның үстіне, Қосқұдық төрткүліндегі бір кездері жолдың орны болуы мүмкін сай осы Бірлік төрткүліне қарай бағыттталып кеткен.

Ескерткіш бетінен табылған X–XI ғ.ғ. тән монетаның табылуы, төрткүлдің қызмет аясында халықаралық сауданың да өзіндік алатын орны бар екендігін жоққа шығармайды.

Шурф-қазбадан табылған сүйек материалдар төрткүл тұрғындарының өндірістік кәсіппен қатар, мал шаруашылығымен де жақсы айналысқанын көрсетіп отыр. Остеологиялық материалдарға морфометриялық талдау жасауда, ірі қара мен жылқы малының саны жағынан бірдей, ал уақ мал санының көптігіне қарап, Шу өңіріндегі орта ғасырлардағы тұрғындар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан деп айтуға болады. Сонымен қатар, сүйектердің барлығы да қолмен бөлшектенгені және сүйектердің 90%-нан көбі жас малға тиесілі болуы ежелгі тұрғындардың тағамдық рациондында жас және орта жастағы мал етінің көп болғандығынан хабар береді.

Қосқұдық төрткүлі топографиялық орналасуында ерекше, металлургия ісімен байланысы бар, керуен жолының бойында халықаралық сауда айналымынан тыс қалмаған, маңайындағы төрткүлдермен кәсіптік мақсатта және сауда қатынасында да тығыз байланыстағы ескерткіш болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Елеуов М.Е. *Городище Косқұдық //Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – С.350.*

2 Елеуов М.Е. Паспортизация средневековых памятников Меркенского, Чуйского районов Джамбулской области. Отчет. Археологическое исследование Чуйской долины (1988). – Алма-Ата, 1989. – С. 21-22.

3 Маргулан А.Х. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Известия АН КазССР. Серия археологическая. – Вып. 3. – С. 3-53.

4 Громова В. Osteологические отличия родов Capra (Козлы) и Ovis (Бараны). //Труды комиссии по изучению четвертичного периода. Выпуск 1. Т. X. Изд. АН СССР. – Москва: 1953. – С.125 .


5 Цалкин В. И. Древнейшие домашние животные Восточной Европы. – Москва: Наука, 1970. – С.280.

6 Антипина Е.Е. Современная археозоология: задачи и методы исследования. //Междисциплинарная интеграция в археологии. ИА РАН. – Москва: 2016. – С. 96-118.


7 Косинцев П.А., Кисагулов А.В. Костные остатки тура и крупного рогатого скота из голоценовых местонахождений Южного Зауралья // Вестник ОГПУ. – Оренбург: 2018. № 1(25). – С. 44-55

8 Китай. Северная Сун. Чжу Дао Юань Бао // <https://krsk.au.ru/10918832/>

ҚОСЫМША




Сурет – 1. 1-Қосқұдық төрткүлінің ғарыштан түсірілген суреті; 2-Қосқұдық төрткүлі М.Е. Елеуов сызбасы бойынша; 3-Қосқұдық төрткүлі. Схемалық сызбасы




Сурет – 2. Қосқұдық төрткүлі. Шурф. Сызба




Сурет – 3. Қосқұдық төрткүлі. Шурф. Оңтүстік-шығыстан көрінісі



Сурет – 4. Қосқудық төрткүлінен шыққан қожтемір (крица)



Сурет – 5. Шурфтан табылған ірі қараның бас сүйегі



Сурет – 6. 1-сүйекті сындырудан қалған іздер; 2-жылқы тісі; 3-шурфтан табылған уақ малға тиесілі сүйектер жиынтығы



Сурет – 7. Қосқұдық төрткүлі. Үстінен жинап алынған қыш ыдыс ернеулері



Сурет – 8. Қосқұдық төрткүлі. Үстінен жинап алынған қыш ыдыстардың өрнекті қабырға сынықтары



Сурет – 9. 1-Қосқұдық төрткүлінен табылған монета; 2 және 3 - РФ, Хабаровск өлкесі, Нанай ауданынан табылған монеталар



Сурет – 10. Қосқұдық төрткүліне жүргізілген барлау жұмыстары барысында табылған металл бұйымдар коллекциясы

УДК 940.5 (574.5):316.42 (574.5) (045)
ГРНТИ 03.81.91

Алтыспаева Г.А.¹
¹д.и.н., доцент

Жуман Г.²
²к.и.н., старший преподаватель,

Саяхимова Ш.Н.³
³к.и.н., старший преподаватель Казахского агротехнического университета
им. С.Сейфуллина, г. Астана, Казахстан

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В XIX – НАЧ. XX ВВ. (НА ПРИМЕРЕ АУЛИЕ-АТИНСКОГО УЕЗДА)

Аннотация

В статье на основе малоизвестных исторических материалов, авторы рассматривают процесс модернизации торгово-экономической жизни Аулие-Атинского уезда в XIX – нач. XX вв., который изменил и определил новый мультикультурный и полиэтничный состав города и уезда в целом.

Делается заключение о том, что происходившие в данном регионе демографические процессы, обусловленные колониальной переселенческой политикой Российской империи, повлияли на трансформацию казахского кочевого хозяйства, социальную и хозяйственную жизнь региона.

Ключевые слова: Аулие-Ата, Коканд, Россия, торговля, экономика, колонизация, товарно-денежные отношения, предпринимательство.

G.A. Alpyspaeva¹

¹Doktor of Historical Sciences, associate professor,

G. Zhuman²

²candidate of Historical Sciences, senior lecturer

Sh. N. Sayakhimova³

*³candidate of Historical Sciences, senior lecturer Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University
Astana, Kazakhstan*

TRANSFORMATION OF TRADE-ECONOMIC LIFE IN SOUTH KAZAKHSTAN IN XIX - EARLY XX CENTURIES (ON EXAMPLE OF AULIA-ATA REGION)

Abstract

In article on the basis of insufficiently known historical materials, the author tried to trace the process of modernization of the trade and economic life of Aulie-Ata region in the 19th - early 20th centuries. XX centuries, which changed and defined the new multicultural and poly-ethnic composition of the city and the district as a whole.

It is concluded that the demographic processes taking place in the given region, connected with the colonial immigration policy of the Russian Empire, influenced the transformation of the Kazakh nomadic economy, social and economic life of the region.

Keywords: Aulie-Ata, Kokand, Russia, trade, economy, colonization, commodity-money relations, entrepreneurship.

Г.А. Алпыспаева¹

¹ т.ғ.д., доцент

Г. Жұман²

² т.ғ.к., аға оқытушы

Ш.Н. Саяхимова³

*³ т.ғ.к., аға оқытушы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Астана қ., Қазақстан*

ОҢТИСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ХІХ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ӨЗГЕРУІ (ӘУЛИЕ-АТА УЕЗІНІҢ МЫСЫЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Бұл мақалада автор ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Әулие-Ата уезінің сауда-экономикалық өмірін жаңғырту үдерісін, танымал тарихи материалдар негізінде қарастырады. Сонымен қатар, қаланың және тұтастай уезінің, көпмәдениетті және көпұлтты құрамын өзгертіп анықтау туралы айтылады.

Ресей империясының қоныс аудару саясатына байланысты, аймақтағы демографиялық процестердің және қазақтардың көшіп қонуына, аймақтардың әлеуметтік-экономикасына әсер етті.

Түйінді сөздер: Әулие-Ата, Қоқан, Ресей, сауда, экономика, отарландыру, тауар-ақша қатынастар, кәсіпкерлік.

Изучение истории трансформации торгово-экономических отношений в регионах Южного Казахстана в ХІХ – начале ХХ столетий под воздействием политических изменений является актуальной задачей для исследователей в смысле постановки проблематики. Особенно это касается городов данного региона, вовлеченных в сферу влияния процессов социально-экономической и политической модернизации. В число таких городов входила Аулие-Ата, история которого в

обозначенный период связана с колониальным господством Коканда и Российской империи в регионе.

Известно, что город-крепость Аулие-Ата была основана на левом берегу р. Талас, на развалинах древнего города Тараз в 1826-1827 гг. Город имел важное стратегическое значение на путях, по которым осуществлялись торговые связи Средней Азии с Кашгарией и Китаем.

До 1864 г. население города Аулие-Ата, в основном, состояло из узбекских переселенцев из Намангана, давших одно из названий крепости – Наманган-Коче. По сведениям французских исследователей в городе насчитывалось 3 200 жителей, в основном, сартов и казахов. Согласно историческим сведениям И.А. Бардышева, население города составляли «торговцы, пахари и рабочий свободный класс сартов» [1, с. 342]. В окрестностях города жили сарты (общее наименование части населения Средней Азии в XV-XIX вв.) – 1800 человек, казахи – 73 000 и киргизы – 28 000 [2, с. 171].

Торговля играла важную роль в повседневной жизни населения города и уезда в целом. Первоначально торговые отношения основывались на обмене (меновая торговля). Купцы Аулие-Атинского уезда снабжали казахов, кочевавших вблизи города вдоль рек Чу и Талас и севернее Боролдая, изделиями из кожи, шелковых и хлопчатобумажных тканей [3, Л. 19]. Свой товар они обменивали у казахов на огромные стада баранов, которые затем перегоняли во внутренние владения Коканда, в Бухарский эмират, а также продавали в Петропавловске приезжим российским торговцам.

Обращает на себя внимание тот факт, что именно в результате развития тесного торгово-экономического сотрудничества с оседлыми узбеками в жизни казахов региона важную значимость приобретают овцы. Уже в 40-50-е гг. XIX века по своему количеству и значению овцеводство занимало первое место в скотоводческом хозяйстве казахов [4, с. 135]. Известно, что на рынках Аулие-Аты и Туркестана шерсть прессовали в тюки и отправляли на верблюдах в г. Самарканд [5, л. 135 об.].

Мотыга (2 шт). Мелкозернистой структуры, массивной текстур. Поверхность орудий плоская обработан методом обивки на орудии фиксируется одна перехват в одной гл- 2,3 см, на второй -0,7 см. Орудия слегка скошена в одну сторону. Одна боковая грань под прямоугольной, вторая боковая грань выпуклая. Рабочая часть округлой формы. На торцах с внешней стороны имеет следы интенсивной сработанности в виде сильной заглаженности и заполированности, следы с глубокими нарезками расположенными перпендикулярно. Рабочий край заходят на плоскости орудия до 1,5 см. Орудия интенсивно использовалось для дробления твердых включения, на орудии произошли крупные заломы, Лезвия ассиметрично по ширине перехвата. Длина- 15-18 см, ширина – 8-10 см, толщина – 3-3,2 см.

Тесло для твердых пород среднезернистой пористой структуры, массивной текстур. Левия ассиметрично. Под трапедциевидной формы. Обработано методом обивки для придания формы. Со следами использованного рабочего края на котором видны следы мелкой фасетки. На поверхности видны микро и макро следы поперек. Рабочая части лезвия скошено в одну сторону. Верхняя часть орудий сломано. Длина 9см., ширина - 6,7 см., толщина -3,3 см

Наковальни (4 шт). Из мелкозернистой структуры, массивной текстур. Одна площадочный, рабочая поверхность зашлифованы. Боковые грани обработаны методом обивки, углы шлифованы, округлый формы. Основания ровные, видны следы утилизации в виде выбоины и царапины в центральной части. Вероятно, орудия использовалась как наковальни и зажималось в калениях. Длина -8-10,3 см., высота - 3,8-5 см.

Класс металлообрабатывающих орудий составляют абразивы и литейная форма. Абразивы для обработки металлических изделий – 7 экз. (рис. ...). Они подразделяются на орудия с одной или двумя боковыми рабочими поверхностями. Исходными заготовками для них служили плитки, близкие по форме к прямоугольнику, размерами – 8,1×5,1×1,7 см, 7,2×7×2,4 см, 10×7×1,1 см, 11,3×9,6×2,3 см. Под микроскопом на всех рабочих поверхностях фиксируются глубокие и частые царапинки, расположенные перпендикулярно длинной оси камня. Один из предметов также использовался в качестве наковальни, о чем свидетельствуют выбоинки и редкие, глубокие царапины вокруг них.

С поселения Мыржык найдены литейные формы в культурных слоях, относящихся к эпохе поздней бронзы. Все 8 экземпляров изготовлены из сланца и мелкозернистого песчаника. Хорошо сохранилась только одна, выполненная на прямоугольном бруске. На основной рабочей поверхности вырезаны формы пяти взаимосоединяющихся полусферических бляшек. В двух противоположных углах по диагонали имеются узкие круглые ямки для соединительных штифтов. На обратной стороне бруска вырезана форма для орудия типа стамески. На остальных, сильно фрагментированных камнях частично сохранились формы для нескольких изделий: кольца с конической втулкой, округлого в сечении орудия, треугольной узкой пластинки, плоского ножа с обособленной рукоятью [Кадырбаев, Курманкулов, 1992 с. 147].

Шлифованная плита (2 шт) из мелкого песчаника. На поверхности следы зашлифованность и царапины от удара при изготовлении. Торцовые части обработан техникой пикетажа. Углы зашлифованы. По краям выделано выемки для рук. Длина – 8×7,5×7,3 см, толщина – 2 см. На одной из плоскостей видны следы шлифованности. Отдельные участки поверхности имеют следы заполированности с нитевидными микроследами.

Ступка (4 шт). Полусферический, мелкозернистой структуры, массивной текстуры. Края орудия оббиты для придания формы. Выделена донная часть, рабочая площадка. Местами сломано, сохранившей части видны следы затертости, сильно заполирован, в середине углубление в виде ямок гл. 1-2 см царапин, забитости вероятно использовано для растирания мягких фракции. Длина – 9-11 см толщина – 4-5,8 см. растирали руд и шлаков.

Осенок (4 шт). Подпрямоугольной формы, Мелкозернистой слоистой структуры, массивной текстуры. Углы заглажены нижней и верхней части имеется излом. Обработано техникой пикетажа. В верхней части имеется желобок гл 0,2 см, шириной 0,2 см по всей поверхности, вероятно, для привязки к ремню. На поверхности видны нитиевидные микроследы в доль и поперек, края сильно притуплены, вся поверхность использовалась для заточки металлических изделий. В одном месте имеется патина. Длина 8-9,5 см., ширина – 3-3,5 см., толщина – 1,5 см.

Осенок (1 шт). Под прямоугольной формы, Мелкозернистой слоистой структуры, массивной текстуры. Оба поверхности для заточки ножи, одна из боковых граней использовано как осенок для подправки рабочих поверхностей вероятно долота и топоров. Длина – 7,2 см, ширина – 4,6 см толщина – 0,8 см.

Из сказанного выше следует, что из отраслей хозяйства, определенных на основании трасологического анализа орудий труда с поселения Мыржык, самыми представительными оказались металлопроизводство, обработка кожи, прядение и ткачество. Для дробления и растирания руды и последующего изготовления и обработки металлических изделий использовались песты и рудотерки, абразивы для подточки металлических лезвий. Орудия кожевенного производства представлены ложилами. С прядением и ткачеством связаны керамические прясла. Для дробления и растирания краски использовались песты и краскотерки. С остальными отраслями хозяйства связаны единичные экземпляры орудий, использовавшихся в них. Так, гончарное производство представлено ложилком по керамике, изготовленным из гальки. Орудия из кости обрабатывались абразивами. Косвенно, о камнеобработке и горном деле свидетельствуют находки каменных орудий и кусочков руды. Количественное преобладание свидетельств металлургии над другими предметами, а также наличие в коллекции памятника орудий, связанных с металлопроизводством, и самих металлических изделий указывает на высокий уровень развития металлургического и металлообрабатывающего производства, функционировавшего на поселении Мыржык. Несмотря на ведущую роль металлообработки, наряду с ней существовали и другие отрасли хозяйства – кожевенное и гончарное дело, а также прядение и ткачество.

Трасологический анализ каменных и костяных изделий поселения показал, что, несмотря на их малочисленность, характер и состав их четко отражает металлургическую и скотоводческую направленность комплексного хозяйства. Находки в виде кайла, мотыги, терочной плиты, песты прямо или косвенно указывает на функционирование металлургической отрасли. С кожевенным производством были связаны ложила, изготовленные из галек с помощью абразивной техники. Рабочие поверхности расположены на плоской стороне, которая в ходе срабатывания приобрела жирный блеск, осветленный оттенок и тончайшие линейные следы, пересекающие истертую площадку. Оба торца орудия залощены от трения о руки. Это значит, что ложила были двуручными. Они использовались для заглаживания, лощения кожи и придания ей водонепроницаемости. Для сгонки шерсти употреблялись двуручные струги, выполненные из лопаток и ребер крупных животных без какой-либо специальной обработки. Рабочий край их сильно изношен, кромка скруглена, осветлена, сохранила жирный блеск и поперечные царапинки от скользящей функции и кинематической направленности. Выделанные шкуры и кожи широко применялись при оформлении деталей и интерьера жилищ, изготовлении одеял, подстилок.

Список использованной литературы:

1. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. *Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. Алма-Ата, 1992. – С.247.*
2. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж., Загородний А.С., Кулик Г.И. *Отчет по разделу «Памятники эпохи бронзы верховой реки Атасу» подтемы 2 «Памятники эпохи первобытнообщинного строя и его разложения за 1976–1980 гг.». Алма-Ата, 1980, – С. 240. //Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана МОН РК, оп. 2, д. 1785.*
3. Зданович С.Я., Коробкова Г.Ф. *Новые данные о хозяйственной деятельности населения эпохи бронзы (по данным трасологического изучения орудий труда с пос. Петровка II) //Проблемы археологии Урало-Казахстанских степей. - Челябинск, 1988. – С. 60-79.*
4. Ержанова А.Е. *Каменные песты с поселения Талдысай (по результатам трасологического анализа) //Современные решения актуальных проблем евразийской археологии: сб. научн. статей,*

посвящ. 25-летию кафедры археологии, этнографии и музеологии Алтайского государственного университета. Барнаул, 2013. – С. 59-60.

5. Горащук И.В., Колев Ю.И. Каменные и костяные орудия с рудника бронзового века Михайло-Овсянка в Самарской области //Вопросы археологии Урала и Поволжья: сб. научн. тр. Самара, 2004. Вып. 2. – С. 89- 104.

ӘОЖ 94 (574)
ГРНТИ 03.81.41

Ә.А. Өскембай¹

*¹ т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.*

ҚОҢЫР ӘУЛИЕ ҮҢГІРІНІҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада Шығыс Қазақстанның киелі жерлерінің бірі «Қоңыр әулие» мекені туралы қарастырылған. Мақалада киелі орынның пайда болу тарихы жан-жақты зерттеліп, талданып бір жүйеге келтірілген. Қоңыр әулие үңгірінің басында қонақ қабылдайтын үй, асхана бар болғанымен, оны әлі заманауи талапқа сай келетін кешен деп айтуға еш келмейді. Өзіміздің елден және басқа мемлекеттерден келіп жатқан адамдарға қызмет көрсету түрлерін әліде жақсартқан дұрыс деп ойлаймыз. Сол жерлерде қазіргі заманға сай қонақ үйлер салынса. Сонымен қатар, келушілерді Қоңыр әулиенің өмірі мен емдік қасиеттерімен, азаматтық құндылықтарымен таныстыратын арнайы адамдарды дайындаса нұр үстіне нұр болар еді.

Кілт сөздер. Киелі, әулие, ескерткіштер, кесене, аңыздар.

Оскембай А.А.¹

*¹ к.и.н., доцент кафедрасы Истории Казахстана ВКГУ им.С.Аманжолова,
Республика Казахстан, г.Усть- Каменогорск*

ИСТОРИЯ ПЕЩЕРЫ КОНУР АУЛИЕ

Аннотация

В статье рассматривается одно из священных мест Восточного Казахстана – «Конур аулие». В статье была тщательно изучена, проанализирована и систематизирована история святыни. В главе коричневой пещеры есть гостиная, столовая, но это все же комплекс современных удобств. Мы считаем, что все еще важно улучшить качество услуг, предоставляемых людям из нашей страны и других стран. В этом районе есть современные отели. Также было бы неплохо, если бы посетители подготовили специальных людей, которые познакомились бы с жизнью, целебными свойствами и гражданскими ценностями суннитской нити.

Ключевые слова. святой, памятники, мавзолей, легенды.

Oskembay A.A.¹

¹ candidate of Historical

Sciences, East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan, Oskemensity.

THE HISTORY OF THE CAVE KONUR AULIE

Annotation

The article discusses one of the sacred sites of Eastern Kazakhstan - "KonurAuliye". The article thoroughly studied, analyzed and systematized the history of the sanctuary. At the head of the brown cave there is a living room, a dining room, but this is still a complex of modern amenities. We believe that it is still important to improve the quality of services provided to people from our country and other countries. There are modern hotels in this area. It would also be nice if visitors prepared special people who would get acquainted with the life, healing properties and civil values of the Sunni aunt.

Keywords. holy, monuments, mausoleum, legends.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бойынша тарихи ғылымның орны ерекше бағаланған. Отандық тарихшы ғалымдарымыз «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің мұрағаттарынан төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, әкеліп, зерттеп шықты. Осы тарихи құжаттардың негізінде бізге беймәлім болып келген тарихымыздың ақтаңдақтары ашылады.

Сонымен қатар, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Елбасы төл тарихымыз бен ұлттық санаға байланысты тарихшыларға үлкен міндет жүктеп отыр. Тарихты зерттеу өз өлкеңнің тарихын зерттеумен басталады. Шығыс Қазақстан жері тарихи мұраларға бай жер. Әсіресе киелі орындарға бай өлке. Біз киелі өңір деп оңтүстіктегі киелі орындарды ғана айтып үйренгенбіз. Негізіне келесек, өлкемізде ондай орындар жетерлік. Оны тарихшыларымыз, өлкетанушыларымыз зерттеп, бір жүйеге келтіруі қажет. Солардың бірі де бірегейі «Қоңыр әулие» мекені. Бұл киелі үңгірдің пайда болуы бір деректер бойынша б.з.ҮІІ-ҮІІІ ғасырларға жатқызылса, кейбір мәліметтерге байданысты ХҮІІІ ғасырға жатады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша қазақ-жоңғар соғысы кезінде жараланған жауынгерлер осы үңгірдің суымен емделген көрінеді. Бір қарағанда жақпар тасты осынау бір таудың қуысында үңгір бар, ол үңгірдің астында көздің тамшысындай мөлдір көл бар деп еш ойламайсыз. Осы көлдің емдік қасиетін жергілікті халық ертеден-ақ білген екен. Көбінесе бір перзентке зар болған жандардың Қоңыр әулие үңгіріне ағылуының себебі де осында көрінеді. Қаншама жүздеген, тіпті мыңдаған адамдар осынау көлден дертіне дауа, еміне шипа да тауыпты. Оны үңгірдің аузында жатқан балдақтар да растайды. Ең бастысы, сенсеңіз болды. Қоңыр әулие үңгірінің шырақшысы Жанысбек есімді азамат та осыны айтады: «Бұл жерге келгеннен соң, ақ ниет, ізгі оймен келу керек. Тіпті, үңгірдің ішіндегі көлдің суына түспей-ақ, жанында отырып ауруынан айығып кеткен адамдар бар», - дейді ол бізбен әңгімесінде[1, 2б.].

Оның айтуынша, мұндағы көлдің суы өте шипалы. Әсіресе, аяқ-қолы тартылып, сал болып қалғандар мен көзі ауыратын жандар үшін таптырмайтын ем екен. Жалпы, Қоңыр әулие үңгірі туралы халық аузында аңыз да, әңгіме де өте көп. Оның ішінде ауыз әдебиетінде сақталған деректердің дені жоңғар шапқыншылығымен байланысты. Қоңыр әулие үңгірі атауы «Қабанбай батыр» мен Шәкер Әбенөвтің «Тоқтамыс батыр» дастандарында да кездеседі. Сонау 1750-ші жылдардың ортасында болған Шаған соғысы кезіндегі бір шайқаста қазақ жасақтарының саны айтарлықтай ойсырап қалады. Сонда Абылай хан: «Енді жауға өктеп шабуға болмайды. Қарамыздың аз екенін жоңғарлар байқап қалды. Қаша ұрыс саламыз» - дейді. Осы кезде топ ішіндегі жас батыр Тоқтамыс суырылып шығып, ханның алдына келіп дат сұрайды: «Жау беті қайтып тұрғанда санымыз аз деп жасқанып қалғанымыз жарамас. Аттың құйрығына қараған, шеңгел, бұта байлап жауға қарсы ұран сап шапсақ, қалың шаңнан жоңғарлар қолдың санын байқай алмайды», - дейді. Сонда Абылай: «Япыр-ай, мынау Қозыке баланың сөзінің жаны бар екен. Нар тәуекел, аттың құйрығына байлайтын шеңгел, қараған, бұта шауып әкеліндер», - деп бұйырады. Айтқандай-ақ, осы шайқаста жау жағы қалың шаңнан қазақ қолының аздығын білмей дүркірей қашады. Сол қашқаннан Шаған тауының бір тас үңгіріне барып тығылса керек. Сол үңгір – Қоңыр әулие үңгірі екен. Ал бұл шайқас кейіннен «Шанды жорық» деген атпен тарихта қалыпты[2, 2б.].

Шынында да қазақ, қалмақ кезек паналаған үңгір маңында зираттар да көп кездеседі. Тіпті, олардың бірінің басы көтеріліп, ескерткіш тақта да қойылыпты.

Сонау 1892 жылы «Витебские губернские ведомости» газетінің №63 санында Қоңыр әулие үңгірі жайында мақала жарық көріпті. Онда бұл үңгір жайында: «Қоңыр әулие – қазақтардың Семей маңындағы әулие үңгірі, онда адам бойындай әйелдің мүсініне тәу етуге көптеген адамдар келіп жатады. Оның айналасында тастан жасалған ұсақ заттар, моншақ және қола мүсіншелер шашылып жатады. Әулие маңында құрбандық шалынады, індет болған жағдайда ауырған малдар да осы жерге әкелінеді» деп жазылған. Кейіннен «Семипалатинские вести» басылымында Семей өлкесін зерттеуші Виктор Брюхановтың Қоңыр әулиеге жасаған сапары туралы жазбасы жарияланады[3, 4б.]. 1897 жылдан Семей қаласында тұрған ол Семейдегі қалалық училищенің 5-класын бітіріп, 1900-1904 жылдары Семей облыстық статистика комитетінде жұмыс істепті. 1904 жылы шаруалар бастығының іс-қағаздарын жүргізуші қызметін атқарған В. Брюханов Абаймен бірнеше рет жүздесіп, ақынның балалары, туған-туыстарымен, әсіресе, Тұрағұл, Шәкеріммен араласып тұрған көрінеді.

Жалпы, Қоңыр әулие үңгіріне қатысты деректерде, осы үңгір қабырғаларының бірінде Ұлы Абайдың арабша жазылған қолтаңбасы бар екендігі де айтылады. Бірақ келушілер үңгір ішіне шырақтармен кіргендіктен, ол жазуларды ыс басып қалған. Қазіргі кезде үңгірдің ішіне жарық тартылған.

Үлкен адамдар бұрын осы үңгірде шалқалай жатқан әйелдің тастан қашалған мүсіндері мен 15 шақты балбал тастардың, кіреберісте «лотос» тұрпатында тұғырда отырған адамның тас мүсіні болғанын да айтады. Бірақ уақыт өте келе ол мүсіндер ұрланған көрінеді. Немесе ол мүсіндердің осы маңда қырық жыл бойы болған ядролық сынақтың нәтижесінде үңгірдің төбесінен опырылып жерге құлаған алып тастардың астында қалып қоюы да мүмкін.

Үңгірдің ішіндегі су шіліңгір ыстықта да өте суық. Келген адамдар үңгірдегі суға шомылып, ерекше бір жадырап қалады. Көктемде, тіпті қыста да келіп емделіп жатқандардың қарасы көп. Тіпті біз басына барған кезде Ресейдің бір клиникасынан дәрігер емделушілерді әкеліп, шомылдырып жатқанына куә болдық. Ол кісінің айтуынша келушілердің көбі суға шомылғаннан кейін арақтарын, темекілерін қойып кетеді екен. Үңгір ішіндегі көлдің ұзындығы 25 метр, ені 10, тереңдігі 1,8 метр дегенмен, оның көлемі жерасты суының деңгейіне байланысты өзгеріп те отырады. Суы тұщы әрі көптеген ауруларға ем. Шынында да көл суының емдік қасиеті бар екені еш күмән туғызбайды. Өйткені, үңгір орналасқан Ақтастың бетінде ертеден-ақ арша қалың өсіпті. Арша өскен жерде тас майы да көптеп кездеседі. Кейбір басылымдарда үңгір түбінде көлемі 35x5 метр болатын тағы бір көлдің бар екендігі де айтылып жүр. Үңгірдің ішінде тастан қашалған саты бар. Сол саты арқылы үңгірдің түбіне түссең, айнадай суға тап боласың. Көктем, қыс кезінде де шипалы суға келушілердің қарасы азаймайды. Еліміздің еңбек сіңірген туризм қызметкері С. Кистанов, туризм және спорт ғылыми-зерттеу лабораториясының меңгерушісі К.Миляев және «Тұран» университетінің доценті В.Волошин бастаған топ Қоңыр әулие үңгіріндегі көлдің түбіне сүңгіп, зерттеу жұмыстарын да жүргізіпті. Нәтижесінде көл суының астында көлемі 10x10 болатын қара қуыстың бар екені, оның арғы жағының тұңғыық теңіз екені анықталыпты. Жергілікті халықтың айтуынша, Кейбір аңыздарға сүйенсек, жараланған Қоңыр әулиенің өзі осы үңгірге келіп паналап, сүйегі осы үңгірдің ішінде қалуы мүмкін деген болжамдар бар.

Үңгір біршама уақыт белгісіз болып келген. Кейіннен ашылған үңгірдің іші тазаланып, келушілерге жағдайлар жасалған. Жолдың алыстығы мен нашарлығына қарамай осынша адам келіп жатса, бұл нысан ауданда тарихи-танымдық туризмді дамытуға сұранып-ақ тұр. Тіпті, мүмкіндік болса осы жерден арнайы шипажай ашса да артық болмас еді. Қоңыр әулие үңгірінің басында қонақ қабылдайтын үй, асхана бар болғанымен, оны әлі заманауи талапқа сай келетін кешен деп айтуға еш келмейді. Өзіміздің елден және басқа мемлекеттерден келіп жатқан адамдарға қызмет көрсету түрлерін әліде жақсартқан дұрыс деп ойлаймыз. Сол жерлерде қазіргі заманға сай қонақ үйлер салынса. Сонымен қатар, келушілерді Қоңыр әулиенің өмірі мен емдік қасиеттерімен, азаматтық құндылықтарымен таныстыратын арнайы адамдарды дайындаса нұр үстіне нұр болар еді. Тіпті, арнайы мұражай ашылса артық болмас еді. Өлкеміздегі көпке белгісіз қасиетті орындарды зерттеп, тарихи айналымға енгізу тарихшылардың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары (тарих, мәдениет, білім), Өскемен, ШҚМУ, 2006.
2. Мейрамтай Иманғали, Қоңыр әулие үңгірі жайлы аңыз бен ақиқат, Дидар газеті, 2016
3. Брюханов В.Н. Конур аулие // Записки Семипалатинского подотдела Русского географического общества. Вып. VI. Семипалатинск, 1912.
4. Каробаев Б.Х. Сакральные истины топонимики Чингистау. Семей: 2004.
5. Коншин Н. Памятники старины в Семипалатинской области // Записки Русского географического общества, 1903.

ӘӨЖ 185-09

FTAMP 13.01.11

*Н.Т. Әтейбекова*¹

¹магистр, аға оқытушы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, e-mail: nurzuya@mail.ru,

*Р.К. Садықова*²

²филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан, e-mail: roza.sadikova@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ИРАН ЭЛЕМЕНТТЕРІ (ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ)

Аңдатпа

Мәдениет – бүкіл адамзаттың тарихында жасалған материалдық және рухани байлықтың негізі. Мәдениет термині әлеуметтік жағынан ұрпақтан-ұрпаққа маңызды рәміздер, идеялар, құндылықтар, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, салт-дәстүрлер мен адамдардың өмір сүруі нормалары мен ережелеріне байланысты белгілі бір жиынтық. Мәдениет сананың, білім мен тәрбиенің, қоғамның жаңашыл даму кезеңіндегі дәрежесін көрсетеді.

Аталмыш мақалада қазақ және иран халықтарының тұрмыс тіршілігінде кездесетін элементтер соның ішінде, үйлену тойы жайында жазылған. Мақалада екі туыстас халықтың салтында маңызды саналатын үйлену тойының ерекшеліктері, ұқсастықтары және өзіндік ұлттық нақышта тойлануы жайында мәліметтер берілген. Қазақ мәдениетінде кездесетін иран элементтерінің болуы – діні мен мәдениеті бір екі елдің ұзақ жылдар бойы байланыстың айғағы.

Түйін сөздер: мәдениет, үйлену тойы, ұқсастықтар, рухани, иран элементтері, салт-дәстүр

Ateibekova N.¹

¹senior teacher of Persian language of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and Word Languages, Almaty city, Kazakhstan

Sadykova R.²

²candidate of Philology, Science Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty city, Kazakhstan

IRANIAN ELEMENTS IN THE KAZAKH CULTURE (WEDDING)

Annotation

Culture is the basis of the material and spiritual wealth created in the history of mankind. The term culture refers to a specific set of socially acquired and transmitted from generation to generation meaningful symbols, ideas, values, customs, beliefs, traditions, norms and rules of behavior by which people organize their livelihoods. Culture reflects the degree of consciousness, education and upbringing, as well as the stage of development of society.

This article explores the similarities of the Kazakh customs and Iranian peoples, namely the wedding. The article describes the features of the wedding in detail. Iranian elements in the Kazakh culture testify to the long-standing relations of culture and religion of two countries.

Keywords: culture, wedding, similarities, spirituality, Iranian elements, tradition

Әтейбекова Н.Т.¹

¹магистр, ст. преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, e-mail: nurzua@mail.ru

Садыкова Р.К.²

²кандидат филологических наук, Казахский государственный женский педагогический университет, roza.sadikova@mail.ru

ИРАНСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ (СВАДЬБА)

Аннотация

Культура – это основа материального и духовного богатства, созданного в истории человечества. Термином культура обозначается определенная совокупность социально приобретенных и транслируемых из поколения в поколение значимых символов, идей, ценностей, обычаев, верований, традиций, норм и правил поведения, посредством которых люди организуют свою жизнедеятельность. Культура отражает степень сознания, образования и воспитания, а также стадию развития общества.

В данной статье рассматриваются сходства обычаев казахского и иранского народов, а именно о свадьбе. В статье подробно рассказывается об особенностях свадьбы. Иранские элементы в казахской культуре свидетельствуют о давних связях культуры и религии двух стран.

Ключевые слова: культура, свадьба, сходства, духовность, иранские элементы, традиция

Иран өркениеті мен мәдениеті ерте заманнан осы кезеңге дейін өзінің құндылығын жоғалтпады. Исламияттан бұрынғы дәуірлерден келе жатқан Иран мәдениетінің ықпалдары, Иран жері мұсылман өркениетінің белді орталықтарының біріне айналған соң да жалғасқан.

Әдет-ғұрыптары ежелгі зороастрлар заманынан сыр шертіп, Зороастрлар ежелгі Иран жерінде қоныс тапқан дін өкілдері және қасиетті кітап «Авестада» айтылады.

Авеста – Иранның өте ертедегі маңызды ескерткіші. Ол біздің кезімізге дейін қасиетті зороастризм діні мәтіндері арқылы жетті. Араб шапқыншылығына дейін (VII ғ.) зороастризм Иран өкіметінің діні болған. Парсылар ертедегі дін-сенімімен бірге қасиетті жазба Авестаны ұмытпай

сақтап келеді. Ертедегі араб, грек, сирия, армян елдерінің авторлардың жинақтарының ішінен Иранда қасиетті Авеста кітабының болғаны жайында мәліметтер бар. Иран тілдес халықтар арасында ұлы ақын Фирдоусидің әдеби өңдеуімен (X-XII ғғ.) жазылған эпопеясында да Авеста туралы жазылған. Көне Иран дәстүрлері кейін келе наным-сенімдерінің пішіні өзгеріп, исламдық сипат алды.

Әр халықтың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы, салт-санасы болады. Қоғамдық өмірдің экономикалық өсуіне орай, халықтың әл ауқатының жақсаруына байланысты, халықтың әдет-ғұрпы, салты барынша жаңашаланып өзгеріп отырады.

Қазақ мәдениетінің рәміздерге толы бір саласы адамның өмірінің биік белесі – үйлену тойы. Қазақ халқының үйлену тойы туралы айта отырып, кейбір салт-дәстүрлер ұмытылып бара жатқандығында айтып өтпеске болмайды, есекте кейбір дәстүрлерлі дін өз орнын жоғалтқан жоқ. Біздің қазақ халқында үйлену тойына байланысты тамаша салт-дәстүрлеріміз бар, дегенмен кейбір салт-дәстүрлер қазақтың әр тойында қолданады. Айтар болсақ: құда түсу, қоржын апару, той мал беру, құйрық бауыр жегізу, өлі тірі беру, жасау әкелу, бет ашар, той бастар, бата беру, қыз алып қашу, арқан керу, табақ тарту

Жалпы әдет-ғұрыптар өмірдің қай саласында болса да, орындалу жағына орай бірнеше топқа бөлінеді. Соның ішінде ең үлкені: шаруашылыққа байланысты ғұрыптар, үй-тұрмысына байланысты ғұрыптар, қоғамдық-әлеуметтік ғұрыптар. Шаруашылыққа байланысты әдет-ғұрыптары өз кезегінде – егіншілікке, малшылыққа, әртүрлі кәсіптерге байланысты болып бөлінеді. Үй тұрмысына байланысты ғұрыптар, отбасылық ғұрыптар, үй шаруашылығына байланысты ғұрыптар және т.б. болып бөлінеді.

Соның ішінде ішінде «отбасылық» ғұрыптар деп аталатын бөлігі, әдетте «Отбасын құруға байланысты ғұрыптар», «Бала туып оны өсіруге байланысты ғұрып-ырымдар», «Өлген адамды жерлеуге байланысты ғұрыптар» деп үш топқа бөлінеді. Жалпы отбасы ғұрыптары әдет-ғұрыптардың ішіндегі ең толымдысы, құрамы жағынан ең күрделісі болып есептеледі.

Құда түсу, қыз айттыру – халқымыздың ежелден келе жатқан салтының бірі. Жігіт жағы қалыңдық үйіне жаушы жіберіп, ата-анасының ризашылығын алған соң құда түсуге барады. Құда түсу барысында той өткізу уақыты, қалың мал көлемі және т.б. белгіленеді. Алдағы тойдың осындай ресми жағы аяқталған соң, әртүрлі ойын-сауық түрлері өткізіледі. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің құпия қойнауларына терең үңілсек ондағы әрбір әрекеттің дүниетанымдық мәні, кез-келген іс-қимылдың рәміздік сипаты бар екенін көреміз. Құда күту барысында құдалардың үстіне су құюы немесе өзен суына шомылдыру сияқты рәміздердің орын алғандығын Ә.Т. Төлеубаев өз еңбегінде атап көрсетеді [1, 117б].

Аталған рәміздің магиялық мәні бар екендігі күмән тұғызбайды. Бұл рәсім көне дүниетаным, наным-сенім жаңғырығы және ислам идеологиясы үстемдік еткен дәуірде ол ойындық мәдениет элементі ретінде сақталған. Ал оның түп-тамыры, терең зороастризм идеологиясымен байланысты. Суға шайыну-зороастризмдегі басты діни рәсімдердің бірі. Суға шайыну рухани тазарудың рәмізі. Исламдағы дәрет алу да осы зороастризмдік рәсіммен үндес болып келеді.

Зороастризм діни адамдарды пәктікке, шыншылдыққа, тырысуға және жамандықтан арылуға шақырды. Ұзақ өткен ғасырларда Заратуштраның өмірі белгісіз болды. Кейбір тарихшылардың пікірінше, оны Рей немесе Азербайжанның адамы деп білген.

Иран әдебиеті мен тарихын зерттеуші И.С. Брагинский парсы елінің көне әдебиеті мен олардың алғашқы діни кітаптарын талдайды. [2, 42 б.].

«Авестада» табиғат көріністері зор шеберлікпен бейнелгенін кезінде И.С. Брагинский ерекше атап көрсеткен. Табиғатқа табыну культі, соның ішінде Айға, Күнге тағзым ету, Отқа табыну көріністері көркемдік тұрғыдан мейлінше ұтымды шыққан [2, 80 б.].

Әдет-ғұрыптардың ішінде егер екі жақ келісім беріп жатқанда, жігіт жағы қалыңдықтың туыстарына «өлі-тірісін» береді. Өлтіріге берген мал бата жасалып, құрбандыққа шалынады. Бата жасау рәсімі сонау зороастризмдік дәстүрден бастау алады. М. Бойс зороастриліктердің дұға оқымай малды ешқашан құрбандыққа шалмайтындығын айтады [3, 11б].

Және де жігіт пен қалыңдық ата-аналарының босағасын алғаш рет аттағанда ошақтағы отқа май құяды. Бұл өте көне дәстүр, ол зороастризмнен бұрын пайда болған және ата-текке табынумен байланысты. Сондай-ақ үйлену кезінде неке суын ішу рәсімі де бар. Бұл рәсімді де зороастризм нышандарынан да көруге болады. Алайда, бұл дәстүрдің қайдан тамыр алатынын дәл айту мүмкін емес. Е.Т. Кагоровтың айтуынша, бұл рәсім мұсылман халықтарынан басқа халықтар арасында да кең тараған. Бұл рәсімнің рәміздік мәнін түсіндіруде қалыптасқан бір ортақ пікір жоқ. Біреулер ол

жас жұбайларға тату-тәтті өмірді қамтамасыз етеді десе, басқалары неке суы неке адалдығын бұзған адамды жазалайды деп түсіндіреді. Алайда қазақ халқына бұл рәсімде зороастризмдік түсінік жақын болып келеді.

Су зороастризмде өзінің маңызы жағынан отқа жақын тұрған стихия, ол құдіретті. Сумен емдеу, ұшықтау, үшкіру сияқты халықтық медицина тәсілдері су құдіретін, киелі табиғатын мойындауға негізделген. Бұл барлық халықтарға тән нәрсе. Мысалы, христиан дініндегі суда шоқыну т.б. келтіруге болады. Осы архаикалық түсінікке сәйкес неке суын ішу жас жұбайларды және олардың ұрпақтарын жамандықтан, ауру-сырқаудан сақтасын дегенді білдіреді. Екіншіден, неке суына салынған қант пен тұз болмыстағы дуалистік бастауларды, жарық пен түнекті, ыстық пен суықты, күн мен түнді, аталық пен аналық бастауларды рәміздейді. Неке суы болмыс бірлігінің тұтастығының рәмізі. Үшіншіден, қант пен тұз жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғыны білдіріп, екі жастың өмірдің ыстығы мен суығын бірге көріп, ауыртпалығын бірге көтеріп, қуанышта да бірге болуының кепілі болып табылады.

Зороастризм дінін біздің мәдениетімізбен байланыстылығы жайлы мәліметтер көп-ақ. Ұлы ойшыл Ш. Құдайберген Түрік-Қырғыз-Қазақ хандар шежіресі кітабында былай деген:

«Түріктер ескі заманда будда, христиан, зәрдәшт діні сияқты әр түрлі дінге кірсе де, онан бұрын өздерінің бір түрлі діні болған, оның анығы білінбесе де, ескі замандағы қытайлар сықылданып, жер, ағаш, темір, от, су бес нәрсені құрметтеген екен».

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде кездесетін отқа табынудың кейбір түрлері бар болып, оны олар қадір тұтады. Яғни олар: «Қалас-қалас бар пәледен алас» деп айтып жаман қасиеттерден жұрдай болып, пәктік, тазалық әкелсін деп тілейді». Қарап тұрсаң, мұның бәрі ежелден келе жатқан зороастризмнің отқа табынушылық белгілері ретінде бізге келіп жетеді.

Сондай-ақ зороастрилік жазбаларға сүйенер болсақ, дүниеге жаңадан келген сәбидің үйінде күні-түні от жанып тұратын, ал от ұдайы жақсылықтың белгісі ретінде көрсетілген, сәби туылған кезде от бірқалыппен тік жануы керек және оттың өшпеуін отбасы мүшелері мұқият қадағалап отыратын. Яғни бұл нанымды былай түсіндірген: сәби дүние есігін ашқанда жамандықтан қорғану мақсатында отты бірқалыпты жанатындай етіп қою керек болған.

Иран мәдениеті мен қазақ мәдениетінен көрінетін ұқсас элементтің бірі – жастардың 13 жаста тұрмыс құруы. Бала ер жетіп, қыз балиғатқа толған шақта әрбір ата-ана «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруы» парыз. Қазақта «балиғат» деп 13-ке толған қыз баланың жасын атайды. Бұл парсы сөзі «балеғ» яғни «ер жету, белгілі бір жасқа келу» деген мағынаны білдіреді. Парсы және қазақ тілінде де бұл сөз осындай мағынада қолданылады. Ал, осы жастағы ұл баланы «ер жетті» деп атайды. Қазіргі кезде қазақ тілінде «балиғат» сөзі «кәмелетке толуды» деп қолданылады. Халық түсінігі бойынша жастарды неғұрлым ерте үйлендірсе, жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпағы көп, дені сау, мықты болып қалыптасады деген. 13 жастан асқан соң, исламның шарифат ережелері бойынша адам пенделік істерге барып, күнәһарлық жасай бастайды деп танылады. Сондықтан, қыз баланы 13-14 жасында, ұл баланы 14-15 жасында үйлендіретін болған. Үйлену салтының осы аталған дәстүрлі бітімі негізінен XX ғасырдың орта шеніне дейін Қазақстанның әр жерінде және шет елде тұратын қазақтар арасында некен-саяқ сақталып келді. Бұл дәстүр парсылар арасында әлі де болса сақталған. Мысалы, Йазд қаласында ер балалар 17 жаста, ал қыз балалар 14 жасында тұрмыс құрады. Ал, Керманда жас қыздар 13 жастан бастап тұрмыс құруға ұмтылады екен [4, 40-41бб.]. Ілкі замандардан бері қазақтар, бергісі ауыл-аймақ шет-шекарасының тыныштығы, арғысы хандық немесе мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көрші ру-тайпалар немесе мемлекеттермен туыстық, меймандостық қатынас орнатуға талпынған. Ондайда, «үйірі басқаны нөқта қосады, атасы басқаны неке қосады» және «ұлыңды ұрымға, қызыңды қырымға» деп қыз алып, қыз берісуді жөн санаған.

Үйлену салты туралы сөз қозғағанда «қалыңмал беру» рәсіміне ерекше мән беріледі. Бұл рәсімді екі ел мәдениетінен де көруге болады. Қалыңмал беру қазақ халқы арасында да және парсы мәдениетінде де байырғы заманнан келе жатқан салт. Бұрынғы кездері қазақтар қалыңмалды ірі қарамен белгілеген, ал қазіргі таңда қыздың жасауына кіретін түрлі жиһаздар, ыдыстар, төсек-орын, кілем, әшекейлер және т.б. әртүрлі бағалы дүниелер беріледі. Иран мәдениетінде байырғы заманнан қазірге дейін қалыңмалға жиһаздар, тұрмыстық техникалық құрылғылар беріліп келеді.

Осы орайда ирандықтардың неке кию әдет ғұрыптарына тоқталатын болсақ, ирандық жастар бір-бірін ұнатып жатса, үйленудің қамына кірісе бастайды. Бұл жайт біздің дәстүріміз де кездеседі [5]. Қуанышқа орай, жігіт болашақ жарының ата-анасының алдынан өтеді, егер ата-аналары батасын берсе, келешек жарының қалың малы туралы айтылады. Жалпы алғанда, қыздың «қалың малы» деп

шаңырақ көтеретін жастарға қажетті барлық заттардан тұрады. Мысалы: жиһаз, кілем және т.б. тұрмысқа қажетті барлық техникалық жабдықтар [6].

Иран мәдениеті мен қазақ мәдениетіндегі ұқсас элементтердің бірі –қыздың тұрмыс құрар алдында әке батасын алуы. Бұрынғы кездері иран мәдениетінде қыздың туыстары қызды болашақ күйеуінің үйіне атпен шығарып салған. Қыз болашақ үйіне міндетті түрде әкесінің батасын алып қана кететін болған. Қазақ мәдениетінен де бұл элементті көруге болады. Қыз ұзату кезінде қызға бата беру арқылы қызға рухани күш жігер беріп, бақыт тілеген. Қазақ халқының ұлттық мәдениетінде батаның орны ерекше.

Иран мәдениетінен де қазақ мәдениетінен де жастарға арнап қой сойылып, жастарға бата беру элементін көруге де болады. «Қыз әкесі келіссе, қой сойылып, бата оқылады. Содан кейін құда түсер тойы басталады. Тойдың ауқымы қыз жағының әл-ауқатына байланысты, ол бір күнде бітуі немесе бірнеше күнге созылуы мүмкін» деп жазады қазақ әдет құқығын жинап, зерделеген П. Маковецкий салт-дәстүр жөніндегі жазбаларында. [7, 86].

«Қызың жақсы болса – өрісті болар тұрағы» деп қазақ халқы бұрынғы заманнан қыз тәрбиесіне аса мән берген. Қызды жат жұрттық деп тәрбиелеген қазақ халқының мәдениеті және иран мәдениетінен де қыз тәрбиесіне ерекше мән бергендігін көруге болады.

Үйлену салты негізінен құдалық, үйленуге дайындықтар, той және тойдан кейінгі әдет-ғұрыптардан құралады. Екі жастың бас қосып, отбасын құруы ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша құдаласудан басталады. Қазақтар, әдетте, «тең-теңімен, тезек қабымен» деген қағида бойынша ежелден сыйласатын, аралас-біліс, әлеуметтік деңгейі өзімен шамалас адамдармен құдаласатын болған. Қазақта құда болудың бірнеше түрі болған. Осындай т.б. жағдайларға байланысты құдалықтың «бел құда», «бесік құда» және «қарсы құда» деген негізгі түрлері қалыптасқан.

Бел құда. Өзара таныс-біліс, дос-жаран адамдардың әйелдері бірдей құрсақ көтеріп жүрген болса, ондай адамдар алдын-ала уағдаласатын болған. Яғни, бірінен ұл, бірінен қыз туса достар бел құда атанатын болған. Ал, бірыңғай қыз немесе ұл туса, әке-шешелерінің достығын жалғастырып, жолын бөлісетін болған. Мұны қазақтар «қарғыбау» дейді.

Бесік құда. Балалары бесікте жатқанда кейбір ниеттес адамдардың құдаласуын «бесік құда» деп атайды. Бұлайша құдаласу орташа дәулетті адамдар арасында болып, берілетін қалыңмал мөлшері әдеттегіден едәуір төмен және қалыңмалды ерте бастан-ақ, ақырындап төлеп отырған. Құдаласудың бұл түрі күні бүгінге дейін сақталған деуге боларлық.

Қарсы құда. Бір-бірімен өзара қыз алысып, қыз беріскен қат-қабат құдаларды атаса, қарсы құдалықтың тағы бір түрі – қыз алған жақ қыздың қалыңмалын төлеуге шамасы келмесе, қалыңмал орнына өз жағынан бір қыз берген.

Бұл салттарды иран мәдениетінен де көруге болады. Иран халқы да әлі дүние есігін ашпаған сәбилерді атастырып қоятын болған және әлі кәмелет жасқа толмаған екі сәбидің атастырылуын көруге болады. Яғни қазақтар арасындағы «бел құда» мен «қарсы құда» түрін иран мәдениетінен де көруге болады.

Иран мәдениеті мен қазақ мәдениетіндегі үйлену, некелесу кезінде кездесетін (құдаласу кезінде, қызды ұзату, молдаға некесін қидыру, некелесу кезіндегі отқа май құю және т.б.) элементтердің болуы екі ел мәдениетіндегі салт-дәстүрлердің ұқсастықтарын білдіреді.

Жалпы, құда түсу салтынан екі мәдениетке ортақ, ұқсас элементтерді көруге болады. Ирандық салт-дәстүрлерді ең алғаш зерттеушілер Мери Бойс, Куруш, Киюмарс Фалахи, Жамал Ансари, Ричард Фрай және т.б. ирандық салт-дәстүрлерге көп зерттеулер жасаған.

Зерттеу барысында анықталғанындай, парсыларда үлкен тойдың алдында күйеу келгенде қыз жағы оған тиыннан шашу шашқан. Яғни, «шашу» ырымын қазақ мәдениетінен де көруге болады. Сондай-ақ жас келіннің аяғының астына ақ бұл төсеп, артынан одан жыртас жасап жастар жұғысты болсын деп бөліп алатын заң, жастарды арнайы шөптердің түтінімен аластау, жастардың бірге айнаға қарауы, бір-бірінің ерніне бал жағуы, келіннің жігіт үйіне барар шеруінде алдыда от ұстап жүрушілердің болуы – осылардың бәрі де парсылық дәстүрлер [, 406]. Ал, осы дәстүрлер ішінен қазақ халқы арасында орындалатыны жас келіннің аяғының астына ақ бұл төсеп шығарып салуы. Қазіргі таңда қазақтар арасында «қыз ұзату» тойынан бұл дәстүрдің кең етек алғанын көруге болады. Ирандық салт-дәстүрлерден бастау алатын зороастрлық элементтер қазақ мәдениетінде кездеседі. Ал қазақ-парсы әйелдерінің салт-дәстүр ұстанудағы ұқсастықтары мұсылмандық немесе ислам дінінің нышаны болып табылады.

Үйлену салты екі ел мәдениетінде де негізінен құдалық, үйленуге дайындықтар, той және тойдан кейінгі әдет-ғұрыптар сияқты бөліктерден тұрады. Жалпы алғанда, қазақ мәдениеті мен иран мәдениетіндегі үйлену салтында жекелеген детальдардың өзгерістерге ұшырауын есептемегенде, үйлену салтының сыртқы, дәстүрлі бітімі сақталған деуге болады. Шейіттер заңы бойынша некелесетін иран халқының мәдениеті мен қазақ мәдениетінен ұқсас мәдени элементтердің кездесуінің өз себептері бар. Себептің мәні тарих қойнауында жатыр. Егер біз тарихқа терең үгілсек оның дәлелін таба аламыз.

Қазіргі таңда иран және қазақ мәдениетіндегі ұқсастықтарды осы тақырыпта жазылған мақалалар, кітаптардан тыс түрлі фильмдерден де көруге болады. Мысалы ретінде Қазақ және Иран мәдениетіндегі ұқсас элементтерді 1996 жылы жарық көрген Иранның атақты кино түсірушісі Мохсен Махмалбафтың «Габбех» киносынан да анық көруге болатынын айтуға болады. Аталмыш кинодан екі мәдениетке ұқсас мәдени элементтерді байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Жәнібеков Ө.Ж. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері. – Алматы: 2002ж. – 117б.*
2. *Брагинский И. С. Иранское литературное наследие. – Москва. 1984. – С.42.*
3. *Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. Москва: Наука, 1985ж. – 11 б.*
4. – -
5. - -
6. -
7. *Маковецкий П. Қазақтардың заң орына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 8 б.*

ӘОЖ 314.011 (574)

Қанат Алексейұл Еңсенов¹

*¹ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты
Email: kanat-02-79@mail.ru*

ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯ-МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада тарих ғылымының тарихи-демография бағытындағы зерттеулер туралы мәселелер баяндалған. Тарихи-демография бағыты Кеңес Одағы кезеңінде өз алдына жеке дами алмады. Халықтың санын, ұлттық құрамын ашып зерттейтін сала әдейі шектеулі болды. Өйткені, Кеңес Одағының халқына идеологиялық қысым жасалды. Қоғамдағы адамдардың санасын қалыптастыру және қоғам өміріне бақылау жасауды тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйе жүзеге асырып отырды. Егер, халықтың кеңестік кезеңдегі ашаршылық, репрессия және соғыс зардаптарын ашып зерттесе, сол уақыттағы жүйе басшыларының қылмысы ашылып қалатын еді. Оның айқын бір дәлелі, 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағына қатысқан санақшылардың басшыларын И.В. Сталин тапсырмасымен аттырды.

Сондықтан, тарихи-демография саласы республикалардың тәуелсіздік алғаннан кейін ғана еркін дами бастады. Ресей ғалымдарының көптеген еңбектері жарыққа шықты. Қазақстан Республикасында алғашқы еңбектерді М.Б. Тәгімов, М.Х. Асылбеков және Н.В. Алексеенколар шығарды. Яғни, біртіндеп тарихи-демография саласына қатысты еңбектер жазыла бастады. Жекелеген облыстар бойынша және жалпы республика көлеміндегі әлеуметтік-демографиялық процесстерге арналған кандидаттық және докторлық еңбектер қорғала бастады.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Ұлт, Этнос, Демография, Диаспора, Этнодемография, Этнос, Оралмандар, Этномәдени орталықтар, Миграция.

*Енсенов Канат Алексеевич*¹

¹*Ведущий научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, кандидат исторических наук, г. Астана E-mail: kanat-02-79@mail.ru*

ИСТОРИЧЕСКАЯ ДЕМОГРАФИЯ: ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация.

В данной статье рассматриваются вопросы историко-демографического исследования в области исторической науки. Данное направление не было самостоятельно развитой при Советском Союзе. Сфера, изучающая численность, этнический состав населения, была намеренно ограничена. Потому что на советский народ оказывалось идеологическое давление. Тоталитарная командно-административная система следила за формированием сознания людей в обществе, контролировала общественную жизнь. Публичное изучение последствий голода, репрессий и войны в советские годы обнажило бы преступления лидеров той системы. Так, к примеру, по поручению И.В.Сталина были расстреляны руководители Всесоюзной народной переписи 1937 года.

Историко-демографическое направление исторической науки открыто начала развиваться только после провозглашения суверенитета бывшими союзными республиками. Были изданы множество трудов российских ученых. Первыми в Республике Казахстан были опубликованы труды М.Б. Татимова, М.Х. Асылбекова и В.Н. Алексеенко. Постепенно начали издаваться книги по историко-демографической проблеме, по республике и отдельным регионам защищаться кандидатские и докторские диссертации, посвященные социально-демографическим процессам.

Ключевые слова: Республика Казахстан, нация, этнос, демография, диаспора, этнодемография, репатрианты, этнокультурные центры, миграция.

*Kanat Alexeiuly Yensenov*¹

¹*Major scientific researcher of Committee of State History Institute of Ministry of Education and Science of Republic of Kazakhstan
Candidate in historical sciences
E-mail: kanat-02-79@mail.ru*

HISTORICAL DEMOGRAPHY: THEORY METHODOLOGY OF RESEARCH

Abstract.

This article outlines the issues on historical and demography research in the field of historical science. The historical and demographic direction could not develop independently in the Soviet Union. The sphere, which could study the number and composition of the population, was deliberately limited. It is because the ideological pressure on the people of the Soviet Union was made. Formation of the consciousness of the population and control of the life of the society was realized by a totalitarian command-administrative system. If one investigates the consequences of famine, repression, and war in the Soviet era, then the crime of system leaders of that time will be exposed. Its clear evidence is that the leaders of counters, who participated in the All-Union census in 1937, were killed by Stalin's request. Therefore, the historical-demographics area began to develop freely only after independence of the republic. Many works of Russian scientists have been published. M.B. Tatimov, M.H. Asylbekov and V.N. Alexeyenko released the first works in the Republic of Kazakhstan. That is, the works on the historical-demographic area began gradually. Candidate and doctoral dissertations on social and demographic processes in some areas and across the country have been defended.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Nation, Ethnos, Demography, Diaspora, Ethno-demography, Ethnos, Repatriates, Ethnic and Cultural Centers, Migration

Еліміз болашақта әлемдік қауымдастықтағы өркениетті елдердің қатарынан қалмай нық және мығым тұруы үшін халқымыздың саны өсуі керек. Қазіргі жаһандық үдерістер жүріп жатқан өркениетті әлемдік қауымдастықта еліміз өз орнын иеленіп, өзге елдермен терезесін теңестіре бастады. Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бергі ғасырға татырлық үлкен табыстарға қол жеткізіп, іргелі елдердің көшіне ілесе алды. Біздің мемлекетіміздің әлі де нығайтуына қатысты бар аса маңызды мәселелердің бірі – ол демографиялық ахуал жағдайы. Осыған орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауында бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып өтті.

Тарихи демографияның зерттеуге алатын бағыты халықтың демографиялық даму тарихы болып табылады. Ал пәндік мақсаты тарих ғылымындағы мерзімдік межелермен сипатталады. Тарихи демография демографиялық процестерді тарихи тұрғыдан өзіндік принциптерге сүйене отырып қарастырады. Бұл сала кең шеңберде зерттеуді жаратылыстану және қоғамдық ғылымдармен бірлесе отырып, халықтанудың түрлі қырларына зерттеу жүргізеді [2].

Демографиялық зерттеулер Кеңес Одағында ұзақ жылдар бойы шетке ығыстырылып келгені мәлім. Басқа ғылымдардағы сияқты өзіне тән объектісі, бағыт-бағдары, мазмұнын-мақсаты және сол мақсатқа жету жолында қолданатын әдіс-тәсілдері бар. Оларға тоқталмас бұрын «демография» деген терминнің этимологиясын, шығу тегін түсіну керек. «Демография» деген термин гректің «демос» - халық және «графия» - жазу немесе сипаттау деген екі сөзінен құралған. Демек, «демография» халықты зерттеу, яғни халықтар туралы ғылым деген ұғымды білдіреді. Қазақша дәлірек айтқанда демография – халықтану ғылымы.

Табиғаттағы бүкіл тіршілік дүниесі сияқты адам қауымының да ең басты табиғи міндеті өсіп-өну, өмірді жалғастыра беру екені белгілі. Бірақ, демография өзінің зерттеу объектісі – халықты адамдардың жай арифметикалық саны деп қарамай, оның сақталуын, өсуі мен өріс алуын қамтамасыз ететін адамдардың күрделі әлеуметтік және биологиялық жиынтығы деп қарайды. Сөйтіп, демография нақтылы тарихи әлеуметтік жағдайда халықты, халықтың өсу заңдылықтарын зерттейтін ғылым болып табылады [3].

Жобаны жүзеге асыру үшін тарих ғылымы бойынша бірқатар ғылыми әдістер қолданылады. Методологиялық ұстаным бойынша тарихшылық және кешенді зерттеу, деректерді объективті түрде таңдау, оларға тарихи жағдайға қатысты сараптама жасау, оқиғалар мен құбылыстарға баға беру. Методологиялық тұрғыдан мұрағат деректерін ғылыми айналымға енгізіп, республика өміріндегі жалпыұлттық келісім мәселесін зерделеу.

Зерттеуді жүзеге асыру тәртібі бойынша, аталынған жұмысты жүзеге асыру үшін теориялық даярлықтан өткен, қазақ және өзге де этнодемография жөнінде білімі бар, шетелдік ғалымдар алдында пайымын жеткізе алатын, жан-жақты кәсіби зерттеушілерден құралған ғылыми топ құрылып отыр.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жазып, мақсатқа жету жолында тарихи тұрғыдан этнодемографиялық мәселесін жан-жақты қарастырып, республика халқының қоғамдық өмірдегі бейбітшілігі мен татулығын айқындай түсу қажет. Ол үшін шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне сараптамалық талдау жасай отырып, мұрағаттардан алынатын тың деректерді қорыту керек. Сонда ғылыми жұмыстың мақсаты айқындалып, тақырып ашылады.

Осы ғылыми-зерттеу жобасының өзіндік негіздемесі бар екендігі анық. Мәселен, тарих ғылымы саласы бойынша Қазақстан Республикасындағы этнодемография және жалпыұлттық келісім мәселесіне ғылыми талдаулар жасау аса қажет. Өйткені, еліміздің ширек ғасырдан астам уақыттағы дамуы мен жетістіктері және ондағы бейбітшілік, саяси тұрақтылықты қарастырудың өзі өте өзекті.

Әр тақырыптың зерттеу методологиясы болады. Біз зерттеу нысанына алып отырған тарихи демография саласы кеңестік кезеңде дұрыс дамып алмай, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жақсы жазыла бастаған бағыт.

Демографияға қатысты зерттеу жасаған ресейлік ғалым В.А. Борисов «Демография» атты еңбегінде осы салаға қысқаша шолу жасай отырып, оның бастауы 1662 жылдан басталатындығын атаған. Автор бұл еңбегінде халықтың табиғи өсімін зерттеудің әдіс-тәсілдерін, демографияның пән ретінде мәнін және зерттеу методтарына тоқталған. Сонымен қатар, демография саласының ішінде арнайы бағыттар бойынша мамандар жұмыстар атқаратындығын да атаған [4].

Жалпы, тарихқа назар аударсақ, «демография» терминін француз энциклопедиясына 1887 жылы алғаш айналымға кіргізген П. Ларусса болатын. Ол ең алғаш рет «Демография» деп аталатын мақала жариялады. Ал, Ресейде осындай мазмұндағы еңбек 1893 жылы қолданысқа енді. Бұл сала ғылым

ретінде ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Осы уақыттан бастап демография ерекше пән ретінде қалыптаса бастады. Яғни, 1967 жылы Ресейде «Демография курсы» деп аталатын оқу құралы пайдалана бастады. Бұл пәннің пайда болуында өзіндік қажеттіліктер болды. Ол зерттеуге байланысты және пәннің міндеттерінен туындады [5].

«Демографиялық тарих» термині орыс тілді ортада қолданылса, батыс зерттеушілері мынадай бірқатар терминдерді қолданады: «тұрғындарды зерттеу», «тарихи демография», «тұрғындар тарихы». Бірақ, бұл проблемада міндеттерді шешу, зерттеуге қолданылатын методтардың принциптеріне негізделеді. Оған әр түрлі жауаптар беріледі. Мысалы, Д.С. Смит: «демографияның методологиялық стилі процестерді, тарихи мәліметтерді бағалауда пайдалы, әрі қоғамның демографиялық құрылымының дамуын зерттейді және демография ғылым» [6], – деп баға берген.

Қазақстан тарихи демографиясы – тарих ғылымының жас, бірақ болашағы да, маңызы да күшті әсіресе Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында «халықтану» жолында күрт дамыған өскелең саласы. Әрине, бұл салаға байланысты революцияға дейінгі және кеңес заманындағы тарихшы ғалымдар бірқатар еңбектер жазды.

Дегенмен Кеңес дәуірінде жалпы демография, оның ішінде тарих саласы кем дамығаны белгілі. Бұның әртүрлі саяси-деректік себептері бар. Бірақ, әсіресе саясаттандырылған қоғамдық ғылымдар ішінде тарихи демографияға көп зардаптар келтірілді. Елдегі халық саны жоспарланған деңгейден кем шықты. 1937 жылғы халық санағы нәтижелері қате деп табылып, жариялауға тиым салынды. Демографиялық апаттардың келтірген зияны жөніндегі мәліметтер «құпия» болып, пайдалануға берілмеді. Ұлттық ерекшеліктері бар екені мойындалғанымен, Кеңес Одағы республикаларының халықтары саны мен құрамындағы өзгерістерді зерттеу «ұлтшылдық» деп саналды. Себебі: бұл ерекшеліктер уақытша нәрсе, кеңес халқы қалыптасқан тарихи ұауымдық, бірлестік – ол біртұтас және мәңгі ажырамас сипатты, Кеңес азаматтары экономикалық, саяси, әлеуметтік даму нәтижесінде бұл бірлестік күшейе түседі, – деген қағида үстем болды.

Егемендік жағдайында Қазақстан тарихи демографиясын мұндай шектен тыс идеологияландыру, саясаттандыру жолынан шынайы ғылыми жолға ауыстыру, оның өзекті проблемаларын жаңа тұрғыдан, концепциялық жаңа көзқараспен зерттеу мәселесі негізгі міндетке айналды. Қазақстан тарихи демографиясы өзекті проблемалары концептуалдық түрде қайта зерттеу тарих ғылымының белгілі методологиялық принциптері мен әдіс-тәсілдеріне негізделіп жүргізілгенін ерекше баса айту керек. Себебі, кейінгі кезде бұрын ғылыми-тарихи сыннан өткен методологиялық принциптер мен әдістерді басқа, «жаңа» түрлеріне ауыстыруға ұмтылыс бар, бірақ нақтылы нәтиже мынадай деп көрсеткен ешнәрсе жоқ. Кейбір жаңа көзқарасты методологиялық принципке айналдыруға тырысу да кездеседі.

Қазақстан тарихи демографиясының өзекті мәселелерін қайта қарауда біз тарихшылдық, объективтілік, жан-жақтылық және басқа методологиялық ғылыми принциптерге сүйенеміз. Бұл принциптерге қоса демографияның ерекшелігі-жан-жақты, жүйелі демографиялық талдауды негізге аламыз. Тарихи салыстырмалық, диалектикалық, статистикалық және басқа тарих ғылымының әдістерімен қатар, тарихи демографияның өзіне тән әдіс-тәсілдерін кеңінен қолданамыз. Олар: демографиялық статистика, көлденең және тікелей талдау, топқа бөлу, демографиялық кестелер құру және тағы басқа методтар пайдаланылады. Міне, осындай методологиялық принциптер мен әдістер арқылы кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында демография саласы жақсы дамып, тыйым салынған, құпияға жататын тақырыптар зерттелді, көптеген ақтандақтың беті ашылды, концепциялық қайта қарауға мүмкіндік туды.

Қазақстанның ұлттық құрамы тарихи демографияда көбірек көңіл бөлінген тақырып болғанымен, бұл мәселеде де жаңа көзқарас әлі де жеткіліксіз. Кеңестік дәуірде «Қазақстан – халықтар достығының лабораториясы» [7], – деп мақтанышпен айтылып келді.

Демографиялық процестерге арналған келесі бір еңбекті жарыққа шығарған В.И. Бутов болатын. Автордың бұл зерттеуінде демографияның пәні және оның қоғамдық ғылымдармен байланысты атқаратын жұмыстары, мақсаттары мен міндеттері демографиялық статистика, тарихи-демография және экономикалық демография, методологиялық аспект және халықтың ішкі және сыртқы көші қоны қарастырылған [8].

Демография саласы бойынша жоғары оқу орындарына арналған В.М. Медковтың оқулығы елеулі еңбек. Автор бұл еңбегінде демографияның пәні мен зерттеу объектісі, тұрғындар, демографиялық құрылым және процесстер мәселесі кеңінен түсінікті жазылған. Яғни, демография саласы бойынша зерттеулер жүргізу мен оны оқытуға негізделген аса жоғары деңгейдегі басылым екендігі анық [9].

Ресейлік ғалым Л.П. Харченко «Демография» атты еңбегінде этнодемография мәселелерін қарастырған. Автор бұл зерттеуінде демографиялық зерделеуге қатысты: отбасы, этнос, мемлекеттегі этностардың аймақтық орналасуы, ұлттық құрамы және олардың әлеуметтік дамуы барлығы этнодемографиялық процестерге кіретіндігін атаған. Сондай-ақ, осы еңбекте демографияның зерттеу методтарына байланысты – демографиялық анализ жасау, статистикалық мәліметтерді сараптамадан өткізу, сандық көрсеткіштерді есептеу және тағы басқа маңызды мәселелерді ескеру қажеттігін айтқан [10].

Тарихи-демография саласы бойынша жүзеге асырылатын зерттеуде теория-методологиялық әдебиеттер пайдаланылып, статистикалық деректер де қолданылады. Соның нәтижесінде 1989, 1999 және 2009 жылдар аралығындағы республика халқының саны, ұлттық құрамы анықтала түседі. Жалпы, республика тұрғындарын зерттеу нысаны етіп алу, осы тақырыпта зерттеу жасаудың стратегиялық маңызы бар. Сондықтан, 1989-2019 жылдар аралығындағы әлеуметтік-демографиялық дамуды зерделеу аса өзекті және қажет мәселе.

Осы демография саласының өзінде қарастыратын бағыттары мен салалары бар. Соларды бірі – «миграция» - көші-қон мәселесі. Көші-қон (миграция) сөзі латын тілінен *migratio*, яғни *migro* – қоныс аударамын, қоныстанамын деген сөздерінен шыққан. Осы көші-қонның негізгі мынандай түрлері бар: 1) континентаралық және мемлекетаралық; 2) ішкі көші-қон; 3) қала мен ауыл арасындағы көші-қон қозғалысы [11]. Демек, көші-қон қозғалысының өзіндік ерекшелігі мен ауқымы бар.

Енді, осы көші-қон анықтамаларына нақты тоқтала кетсек. Көші-қон – бұл кеңістіктегі әртүрлі мекен-жай ауыстырулары. Басқаша айтқанда, тұрғындардың бір-бірімен әртүрлі араласқан кеңістіктегі қозғалысы. Бұл тұрғыдан қарағанда адамдардың күнделікті қала өміріндегі және жұмыс бабындағы бір жерден келіп, екінші жерге кері қайтуы немесе маусымдық демалыстарға бір-бірімен араласуы да көші-қон қозғалысына қатысы бар. Алайда кең ауқымда қарастырғанда, көші-қон мәселесі жер шарында өмір сүретін халықтардың халықаралық, мемлекетаралық, облысаралық, ауданаралық немесе ішкі, сыртқы болып бөлінеді. Бұрынғы Кеңес Одағы тұсында көші-қон мәселесін зерттеуге 30 жылдары тыйым салынған еді [12]. Бірақ, қандай жүйе немесе өкімет кедергі жасағанымен уақыттың қоятын талабына байланысты зерттеуді қажет ететін мәселелер жарыққа шықпай қоймайды.

Этнодемография – этникалық топтардың табиғи көбею ерекшеліктерін және олардың санының динамикасын зерттейтін этнография (этнология) және демография секцияларындағы ғылыми пән. Этнодемографияның зерттеуінде этникалық статистика, этносты, этнографиялық, социологиялық, әлеуметтік-психологиялық және басқа да этникалық топтардың демографиялық мінез-құлқын түсіндіретін басқа материалдарды ескеретін жаппай сауалнама мен санақтарды пайдаланады. Бұл неке және отбасы қатынастарға, некеге тұруға және оның міндеттеріне, отбасының түрлері мен формаларын қарастырады.

Өлім-жітімді зерттегенде этнодемография халықтың этникалық сипаттамаларын, соның ішінде этникалық аумақтың табиғи жағдайларын және өмір сүрудің дәстүрлі әдістерін ескереді. Ұлт мәселесін зерттеу кезінде этнодемографиялық міндеттерге балалардың тууы, өлім-жітім, этникалық аспектілерін зерттеу. Этникалық топтардың санының динамикасын зерттеу барысында этникалық процестерге, әсіресе ассимиляцияға әсері ескеріледі [13].

Қазақстан Республикасында тарихи-демография саласы бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Облыстар бойынша әлеуметтік-демографиялық үдерістер туралы әртүрлі кезеңдерден кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Бірқатар еңбектер жарыққа шықты. Мысалы, атап көрсетсек, төмендегідей: М.Б. Тәтімұлының еңбектерінде отандық тарихи демографияның өзекті мәселелері зерттеліп, халық саны, көші-қон мәселелері, оралмандардың орналасуы талданып, халқымыздың өсіп-өну, даму кезеңдері туралы нақты деректер келтіріліп, болжамдар жасалынған [14].

Халқымыздың тарихындағы осындай келелі мәселені көптеген қазақстандық ғалымдар ұзақ жылдар бойы жүйелі де жоспарлы тұрғыда зерттеп келеді. Мысалы, тарихшы-демограф М.Б. Тәтімұлының «Елбасы және ел саны» еңбегінде отандық тарихи демографияның өзекті мәселелерін зерттеп, халық саны, көші-қон мәселелері, репатрианттардың орналасуы талданып, халқымыздың өсіп-өну, даму кезеңдері туралы нақты деректер келтіріліп, болжамдар жасаған. Автор осы зерттеуінде репатрианттар мәселесіне байланысты: «Алыс-жақын шетелдерде тұрып жатқан отандастарымыздың барлығын ғылым тілімен диаспоралар десек те, солардың 90%-ы өзінің атамкенінде бұрыннан тұрып келе жатқан, бірақ та өзінің ұлттық мемлекеті Қазақстаннан шекара

арқылы бөлініп қалған «ирриденттерміз». Олар қайтып жатса, неге «оралмандар» («репатрианттар») деп айтпасақ? Кезінде осы ұғымды ғылыми айналымға өзіміз енгізген болатынбыз» [15], – деп жазды.

Қазақстандық келесі ғалым, шетелдегі қазақ диаспорасының тарихын зерттеуші Г.М. Мендикулова өзінің «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» деп аталатын еңбегінде: «Қазақстан Республикасынан бөлек, шетелдерде 4 млн. 500 мың қазақ диаспорасы өмір сүруде, олар бұрынғы Кеңес Одағының 14 мемлекетінде және 25 әлемнің басқа мемлекеттерінде тұрады. Олардың 800 мыңы қазақ диаспорасы, ал қалған 3 млн. 700 мыңы қазақ ирриденттері. Бұлар Қазақстанмен көршілес Ресей, Қытай, Өзбекстан жерлеріне түрлі тарихи кезеңдерде жерімен халқы қосылып кеткендер» [16], – деген тұжырым жасаған.

Қазақстандық зерттеушілер Қ.И. Қобландин мен Г.М. Меңдіқұлованың бірлесіп дайындаған «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы» атты ғылыми еңбегінде Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және қазіргі кездегі дамуына талдау берілген. Авторлар осы еңбегінде: «Өзбекстан қазақтары ТМД мемлекеттері ішінде ең ірі этностардың бірі болып табылады, олардың саны 800 мыңнан 1,5 млн. адамға дейін жетеді», – деген мәліметтер келтірген [17].

Қазақстандағы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі демографиялық құбылыстарға арналған ғылыми зерттеулердің көпшілігінде репатриация мәселелері жеткілікті тұрғыда қарастырылған. Мысалы, М.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалидың Қазақстандағы кеңес дәуіріндегі демографиялық ахуалға талдау жасаған [18] монографиялық зерттеулерінде ХХ ғасыр көлеміндегі Қазақстандағы орын алған демографиялық мәселелерге тарихнамалық талдау беріліп, көші-қон, репатриация процесі нақты деректермен сипатталған.

Моңғолиядан Қазақстанға қайтып оралған тарихшы-ғалым Зардыхан Қинаятұлының өзінің «Көшпенділік ғұмыр» атты эссесінде: «1991-1992 жылдары атажұртқа оралған қазақ көші құлтты қайта құру жолындағы ренесанстық құбылыс, тәуекелге бел байлаған қадам болатын. Көш адамдардың тағдырын өзгерткен елеулі оқиға болды. Моңғолия Парламентінің алғашқы сайлауы 1991 жылы атажұртқа бет бұрған қазақ көшімен қатар басталды. Мен бір жағынан Моңғолиядағы демократиялық қозғалысты, екінші жағынан қазақ көшін қолдай жүріп, Уланбатырдың №14 округынан депутаттыққа түстім», – дейді. Демек, Моңғолиядағы қазақ диаспорасының Қазақстанға оралуына ең алғашқы ұйымдастырушы болған. З. Қинаятұлы 1991-1994 жылдары Моңғолия Республикасының Үкіметі мен Парламенті төрағаларының орынбасары және кеңесшісі қызметін атқарған [19]. Кейін өзі де 1996 жылы тарихи Отаны Қазақстан Республикасына көшіп келген.

Қазақстан халқының демографиялық жағдайы және репатрианттар туралы М.Х. Асылбековтың В.В. Козинамен бірлесіп дайындаған «Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета» атты ғылыми еңбегінде халқық саны, ұлттық құрамы, ішкі, сыртқы көші-қон және репатрианттар мәселесі қарастырылған [20]. Авторлар «Қазақстан Республикасына тәуелсіздік алған уақыттан бері Қытайдан, Ресейден, Моңғолиядан, Өзбекстаннан, Ираннан, Европамемлекеттерінен 1 млн. репатриант қазақ оралды», - деген мәлімет келтірген.

Қорытындылай айтқанда, әр мемлекеттің ұлттық мәселесін зерттеу, халық саны, ұлттық құрамын анықтау аса маңызды мәселе. Қазақстанда 140 этностардың өкілдері өмір сүреді. Олар этносаралық келісім мен татулықта өмір сүруде. Еліміздің этносаралық келісім моделі әлем мемлекеттеріне үлгі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ассамблеясы халқының қызметі және оның татулық пен бейбітшілікті дамыта түсті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012. – 1-5-бб.
2. Садықов Т.С., Такижбаева Н.З. Введение в историческую демографию. – Алматы: АГУ им. Абая, 1998. – С. 11.
3. Тәтімов М.Б. Демография – халықтану. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. - 9-10-бб.
4. Борисов В.А. Демография. Учебник для вузов. – М.: Нота Бене Медиа Трейд Компания, 2003. – 344 с.
5. Смоленский Н.И. Теория и методология истории: учеб. Пособие для студентов выс. Учеб. Заведений / Н.И. Смоленский. – 2-е изд. М.: Издательский центр «Академия», 2008. - 133 с.
6. Методологические проблемы истории: учеб. пособие. / В.Н. Сидарцов и др.; под общ. ред. В.Н. Сидарцова. – Мн.: Тетра Системс, 2006. – С.265.

7. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан тарихи демографиясының өзекті мәселелерін жаңаша концептуалық пайымдау: Қазақстанның тарих ғылымындағы методологиялық және теориялық өзгерістері мен оларды игеру мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары //Отан тарихы. – 2003. – №1. – 25-30-бб.
8. Бутов В.И. Демография: Учебное пособие. Под ред. В.Г. Игнатьева. Второе изд., перераб. и доп. – М.: ИКЦ «МарТ»; Ростов/Д: Издательский центр «МарТ», 2005. – С.576.
9. Медков В.М. Демография: учебник. – М.: ИНФРА. – 2005. – С.576.
10. Харченко Л.П. Демография: учеб. Пособие /Л.П. Харченко. – Москва: Омега-Л, 2006. – С.350.
11. Брук С.И. Миграция населения //Большая Советская Энциклопедия. - М.: Советская Энциклопедия, 1974. – Т. 16. – С.
12. Переведенцев В.И. Методы изучения миграции населения. – Москва: «Наука», 1975. – С. 9-10.
13. Казьмина О. Е., Пучков П.И. Основы этнодемографии: Учеб. пособие / Институт «Открытое о-во». — М.: Наука, 1994. С. 57.
14. Тәтімов М.Б. Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша. – Алматы: Атамұра, 1993. – 105 б.; Елбасы және ел саны. – Алматы: Арыс. – 2009. – 224 б.
15. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.
16. Қобландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және қазіргі кездегі дамуы. – Алматы: ДҚК, 2009. – 296 б.
17. Меңдіқұлова Г.М. Қазақстандағы оралмандардың бейімделуінің кейбір мәселелері // Отан тарихы. - 2004. №, 2. – 3-14 бб.
18. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 252 с.
19. Қиянатұлы З. Монголиядағы қазақтар. – Алматы: ДҚК, 2001. – 320 б.; Қиянатұлы З. Монголиядағы қазақтар. – Алматы: ДҚК, 2007. 2-кітап. – 256 б.
20. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Өркениет, 2001. – 112 с.

ӘОЖ. 930.221 (574)
МРНТИ 03.81.37

А.Е. Хакім

Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан
khakimaigerim@mail.ru

ТАРИХ-И РАШИДИ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАТЫСТЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Аңдатпа

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасы қазақ халқының тарихына қатысты құнды мәлімет беретін дереккөз болып табылады. Шығармада Әмір Темір мен оның ұрпақтарының билік еткен кезеңдері, жерлері туралы сипатталады. Дереккөзді зерттеумен және аударумен бірнеше шетелдік, кеңестік, отандық ғалымдар айналысқан. Мақалада «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі Қазақ хандығының құрылу тарихы және ортағасырлық қазақтардың жер-су атаулары жайлы маңызды мәліметтер келтіріледі.

Кілт сөздер: Қазақстан, жер-су атаулары, дереккөз, Әмір Темір және оның ұрпақтары, Моғолстан, ғалымдар, Қазақ хандығы, қазақ, қала, өзен-су, тау.

Хаким А.Е.

Магистр гуманитарных наук, КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан

khakimaigerim@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ И ТОПОНИМЫ КАЗАХСТАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАРИХ-И РАШИДИ»

Аннотация

«Тарих-и Рашиди» труд Мухаммеда Хайдара Дулати является ценным источником по истории казахского народа. В источнике описывается правление и территория Амира Тимура и его потомков. Многие зарубежные, советские и отечественные ученые занимались исследованием и переводом источника. В статье даются важные сведения об истории образования Казахского ханства и топонимы средневековых казахов в «Тарих-и Рашиди».

Ключевые слова: Казахстан, топонимы, источник, Амир Тимур и его потомки, Моғулистан, ученые, Казахское ханство, казах, город, река и озеро, гор.

A.E. Khakim

Magistr of Humanity Scientist, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

khakimaigerim@mail.ru

RESEARCHING AND TOPONYMS OF KAZAKHSTAN IN THE SOURCE OF “TARIKH-I RASHIDI”

Abstract

"Tarikh-i Rashidi" work of Mohammed Haidar Dulati is a valuable source on the history of the Kazakh people. The source describes the rule and territory of Amir Timur and his generation. Many foreign, Soviet and domestic scientist translated and researched of source. The article provides important information about the history of Kazakh Khanate's formation and the medieval Kazakhs' toponyms in "Tarih-i Rashidi".

Keywords: Kazakhstan, toponyms, source, Amir Timur and his generation, Moghulistan, scientists, Kazakh Khanate, the Kazakh, city, river and lake, mountain.

Жалпы тарих бойынша моңғолдар билігінен кейін Қазақстан мен Орталық Азия аумағында Әмір Темір мен оның ұрпақтары Моғолстан жеріне дейінгі аймақта билік еткен. Әмір Темір мен оның ұрпақтары туралы бірнеше тарихи еңбектер жазылған. Олардың ішінде парсы тілінде жазылғаны да түркі тілінде жазылғаны да кездеседі. Темірлер билігі туралы жазылған алғашқы әрі нақты шығарма «Зафарнаме» дереккөзі. «Зафарнаме» деген тақырыппен парсытілді екі автордың шығармасы бар. Бірінші «Зафарнаме» шығармасының авторы Низам ад-Дин Шаһи 806/1404 жылы Әмір Темір мен оның немересіне арнап жазса [1, 789], екінші «Зафарнаме» шығармасының авторы Шараф ад-Дин Али Йазди 828/1424-25 жылы Әмір Темір мен Халил-Сұлтанның тарихы туралы жазады [1, 798]. Осы кезеңде шағатайлық біршама дереккөздер жазылады. Шағатайлық дереккөздердің ішіндегі ең танымалы «Тарих-и Рашиди» шығармасы. «Тарих-и Рашиди» шығармасының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати шығарманы екі кітап (дәптер) етіп жазады.

«Тарих-и Рашиди» шығармасын Мырза Хайдар Дулати 1542-1546 жж. шамасында Кашмирде «екі дәптер» көлемінде парсы тілінде жазып шығарған. Бірінші дәптерінде, яки кітабында «Зафарнаме» еңбегінен үзінділерін және Мәуераннахрдағы Шағатай әулеті құрған мемлекеттің XIV ғасыр ортасында біржола екіге бөлініп, Моғолстан деген атпен белгілі болған шығыс бөлігіне дулаттар күшімен дербес мемлекет құрылғаны жайлы айтылады [2, 10 б.]. Екінші кітабын ғалымдар арасында «тарихи-мемуарлық» шығарма деп атауда [3, 14 б.]. Бұл еңбекте автордың өмірбаянымен қатар, өз көзімен көрген оқиғалар жазылған.

«Тарих-и Рашиди» шығармасын зерттеумен батыста көптеген ғалымдар айналысқан. Бұл туындыны ағылшын тіліне 1895 жылы Д. Росс (Denison Ross) пен Н. Илайес (N. Elias) аударса [4], қытай тіліне 1985 жылы СУАА қоғамдық-ғылым Академиясындағы халықтарды зерттеу Институтының қызметкерлері аударған [5, 98].

Бірнеше тілдерге аударылып, зерттеліп, ғылыми айналымға енген парсы дереккөзі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасы. Ол ағылшын, орыс, қазақ, қытай және т.б. тілдерге аударылған. Парсы тіліндегі мәтінінің текстологиялық басылымы Иранда 2003 жылы алғаш рет жарық көреді [6]. Бұл парсы тілінде жазылған шығарманы орыс тіліне бірнеше ғалымдар, атап айтқанда В.В. Вельяминов-Зерновтан басқа, А. Урунбаев, Р.П. Жалилова, Л.М. Епифановалар аударған. Өзбекстанда «Тарих-и Рашиди» шығармасының орыс тіліндегі толық аудармасы 1996 жылы басылып шығып, кеңестік зерттеушілерге Орталық Азия тарихы туралы ақпаратты білуге үлкен мүмкіндік ашты [7]. «Тарих-и Рашиди» шығармасының Ташкентте орыс тіліне аударылған нұсқасын, 1999 жылы толықтырып Алматыда қайта басып шығады [8]. «Тарих-и Рашиди» шығармасын өз еңбектерінде Н.Н. Туманович пен Т.Т. Машрапов, С.Ж. Асфендиаров пен П.А. Кунте, В.П. Юдин, Н.Н. Мингулов пен К.А. Пищулина және т.б. ғалымдар пайдаланған. Қазақ шығыстанушыларына, тарихшыларына қазақ елінің тарихын зерттеуге парсытілді дереккөздерді зерттеген кеңес ғалымдарының еңбектері зор көмегін тигізіп келеді.

«Тарих-и Рашиди» шығармасын зерттеумен шетелдік ғалымдармен қатар, кеңестік кезеңдегі басқа ұлт ғалымдары да, отандық ғалымдар да айналысқан. Шығыс дереккөздерінен қазақ халқының тарихын ХІХ ғасырдан зерттеген орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зернов (1830-1904 жж.) болатын. В.В. Вельяминов-Зернов Қазақстанда тұрып, сирек қорлардағы шығыс тілдеріндегі қолжазбаларды зерттеп, өзінің туған жерінің тарихы туралы деректерді зерттеумен бірнеше жылдар бойы айналысады. Нәтижесінде, біздің елдің тарихын зерделеуге аса қажетті құнды еңбектерді жазып кетеді. Ғалым өзінің зерттеулерінде көптеген дереккөздерден, соның ішінде парсы дереккөздерінен қазақ тарихы туралы мәліметтерді зерттеген. Ең алғаш «Тарих-и Рашидидің» қазақ хандары туралы мәліметтерін 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов «Исследование о Касымовских царях и царевичах» атты еңбегінің екінші бөлімінде жариялаған [9]. В.В. Вельяминов-Зернов парсы дереккөздерінің көбісін аударуға тырысып, қазақ халқының тарихын зерттеуге бүкіл өмірін арнаған бірегей ғалымдардың қатарына жатады.

ҚазКСР-дың тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау Ұйымы 1981-1987 жылдары В.П. Юдиннің бастауымен шығыстанушылық археографиялық экспедиция жасалып, әр түрлі қолжазбалар қорына барып, мәліметтер жинастырылған. Осы экспедиция тек шығыстанушы ғалымға емес қазақ халқының бұрынғы тарихы үшін маңызды болатын. Осы жиналған қолжазбаларды зерттеп, библиографиялық көрсеткіштерді жасап, нәтижесінде үлкен еңбектің жазылуына мүмкіндік берді. Сонымен В.П. Юдин басшылығымен, С.К. Ибрагимовтың жасаған еңбектерін пайдалана отырып, К.А. Пищулина, Н.Н. Мингуловтарды тынымсыз атқарған жұмыстарымен қатар, ресейлік әріптестері О.Ф. Акимовский мен М.А. Салахетдиновалармен бірігіп 1969 жылы Алматыда «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты библиографиялық кітап жарыққа шығады. Бұл кітапта қазақ халқының тарихы мен Қазақстанға қатысты 17 түрік және парсы дереккөздерінің үзінділері мен 4 вакуфты құжаттар енген. Соның ішінде «Тарих-и Рашиди» дереккөзінің бірінші дәптерінен 15 үзінді және екінші дәптерінен 7 үзінді аударылған [10].

1999 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидың 500 жылдығына байланысты Алматыдағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология Институтында «Тарих-и Рашиди» шығармасының А. Урунбаев, Р.П. Жалилова пен Л.М. Епифановалардың Ташкент тізімінің аудармасын және біраз толықтырулармен К.К. Қозыбаев пен К.А. Пищулина қайта басып шығарады. Кітап «Мирза Мухаммед Хайдар о казахах и казахской государственности» деген атпен жарық көрген [5, 100]. Бұл кітапқа авторлар алғысөздер жазып, біраз мәліметтермен толықтырады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасын парсы тілінен қазақ тіліне алғаш рет 2003 жылы Ислам Жеменей аударды. Бұл еңбекті басып шығаруға басшылық еткен, атақты шығыстанушы-ғалым Ә.Дербісәлі болатын [11]. «Тарихи Рашиди» шығармасы толық қазақ тіліне аударылған алғашқы парсы тіліндегі дереккөз болып табылады. Алайда бұл жасалған жұмысты ғылыми басылым ретінде әлі де толықтыруларды қажет етеді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың туындысы қазақ тілінде қайта 2015 жылы толықтырулар мен жөндеулермен дулатитанушы Мұхтар Қазыбек пен ф.ғ.д. Әбсаттар Нұралиевтің аудармасымен Алматы қаласында басылып шығады [12]. Бұл аударма М. Қазыбектің алғысөзі мен ескертпелері, есімдер көрсеткіші, географиялық және топографиялық атаулар көрсеткіші, тайпалар атауы көрсеткіштерімен толықтырылған.

«Тарих-и Рашиди» шығармасында Қазақстан жеріне қатысты көптеген жер-су атаулары, қазақ хандығының құрылуы мен қазақ хандарының ерліктері жайлы маңызды мәліметтер кездеседі.

Еңбекте бүгінде білетін, естіген, бірақ жоғалып кеткен, қазірде үлкен қала, сол кезде кішігірім халқы бар мекен атауларын, арнасы үлкен өзен-сулармен қатар, биік таулардың ерекшеліктерін байқаймыз.

Жоғарыда айтқанымыздай Шағатайдың жерлері бөліске салынғанда, одан бөлінген халық Моғолстан мемлекетін Қазақстанның Шығыс аймақтарында құрып, билік етеді. Моғолстан мемлекетін құрған Әмір Болатшының жүрген жерлері туралы «Тарих-и Рашиди» шығармасында мынадай дерек келтіріледі. Солардың ішінде Ақсудан () шыққан Әмір Болажидың () атасы Ортөбеге () күн батыстағы Меңглай Суиені (), шығысында Кусан () мен Тар бугурды (), батысында Самаз () бен Ферғана () уәлаятының шеті саналатын Жағшәманды (), солтүстігінде Ыстықкөл () мен оңтүстігінде Жаржан () мен Сариф Ұйғырмен () шектесетін жерді береді [13, 16-17]. Бұл жерде Моғолстан жерінің басты қалаларының бірі **Ақсу қаласы** болған. Бұл қаламен қоса, Кусан, Тар бугур, Самаз, Ферғана, Жағшәман, Ыстықкөл, Жаржан, Сариф Ұйғыр деген жер-су аттары аталады. Сонымен қатар, «Тарих-и Рашиди» дереккөзінде Шығыс Түркістанда тағы да мынадай қалалар бар деп көрсетеді: **Қашқар** (), **Хотан** (), **Үзкенд** (), **Касан** (), **Ахсикет** (), **Әндіжан** (), **Ақсу** (), **Атбаши** (), [13, 17] және де Тұрфан () мен Хотан () аралығында **Луб Катак қаласы** () [13, 18]. Бүгінгі күнде бұл қалалардың кейбіреуі сол қала ретінде қалса, кейбіреуі әр түрлі қақтығыстарға байланысты жоғалып кеткен. Ал Ақсу қаласы Әмір Болджидың ордасы болғандықтан, XIV ғасырда қамалы берік, сауда орталығы дамыған қала болуы мүмкін. Қазірде Ақсу тек жүздеген ауылы бар бір аудан орталығы.

Табиғаты ғажап, жері құнарлы, сулы-нулы жер Дешті Қыпшақта барлық патшалықтар билік еткісі келетін. Осы жерде бірнеше патшалар билік еткен. Оған мына дерек дәлел болады. () Әбілқайыр ханның бүкіл **Дешті Қыпшаққа** (Дешті Қичак) билігі жүріп тұрған еді [13, 108]. **Дешті Қыпшақта** Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, Йадгар хан билік жүргізген. Бұл туралы Фатх-наме-ий Шахидің еңбегінде алғаш дерек келтіріледі [5, 46]. Сонымен қатар Темірлер билігі тұсында жазылған «Тарих-и Рашиди» шығармасында қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мынадай құнды мәлімет беріледі.

Аудармасы: Барлығы Керей хан мен Жәнібек ханға кетіп қалады. Олардың саны көбейіп, екі жүз мың адамға жетіп, өзбек-қазақ деп өздерін атайды. Қазақ мемлекетінің басталуы сегіз жүз жетпісінші жылдан, [Алла жақсы біледі] тоғыз жүз қырықыншы жылға дейін құрылды. Қазақ толық ықпалға ие бола бастады. Өзбекстанның көп бөлігінде Керей хан, Бұрындық хан болды, одан кейін ұлы Жәнібек хан, Қасым хан болды. Ол барлық **Дешті Қыпшақты** жаулап алды және оның әскері мыңнан көп болды. Одан кейін ұлы Мамаш хан болды [13, 109].

Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстан сарайында қызмет етіп жүріп, әр түрлі жерге елші қызметімен барып жүргенде қазақ мемлекетінің құрылғаны туралы естіп, еңбегінде жазған. Алайда қазақ хандығы қай уақытта құрылғаны жайлы нақты айта алмаса да, шамамен хиджри жыл санауымен мерзімін көрсеткен. Яғни григориан жыл санауына ауыстырсақ 870/1465-66 – 940/1533-34 жылдары қазақ хандығы құрылған деп есептейміз. Осы мәліметті тек «Тарих-и Рашиди» шығармасынан ғана табамыз. Сол себепті Дешті Қыпшақта Керей хан мен Жәнібек хан барлық өздерінің артынан ерген халықпен қазақ хандығының негізін қалайды. Дешті Қыпшақ қазақ халқының шыққан мекені. Бұл жерде бірнеше түрік тайпалары мекендеп, кейін әр түрлі саяси, көшу-қону жағдайларына байланысты Орталық Азияда өздерінің мемлекеттіктерін құрып, сол жерлерде мекендеп қалған. Қыпшақ даласы Қазақстанның барлық аумағын алып жатқандықтан, біз сол жер-су аттарына әр тақырыпта жеке тоқталатын боламыз.

«Тарих-и Рашиди» шығармасында Қазақ хандығының 1465 жылы құрылғаны туралы алғашқы дерек келтірілсе, XV ғасырда Алматы қаласының аты айтылады. Бұл алма шаһары туралы мынадай дерек келтіріледі:

Әмір Қамараддин билікке қол жеткізгеннен кейін оған әмірлердің арасынан қарсылық көрсеткендер бар екені жайлы Әмір Темір естіп, әмір жалайыр Баһрам (), Хетай баһадүр () және Шейх Әлі баһадүрлерді () жіберді. Олар **Алмату** () маңына жетіп, **Айша хатун өзенінің** () жағалауында керейіт () тайпасының адамдарымен соғысқаннан кейін, ақырында олармен бітім жасасып, кері қайтады [13, 57]. Осы жазылып отырған

Алмату қаласы қазіргі өзі аттас қаланың орнында болған. Оған «Тарих-и Рашиди» шығармасынан мынадай дерек келтіруге болады.

Аудармасы: «Бұл мекен **Іле өзенінің** () батыс арнасында орналасқан. Әдетте оның аты Алматы деп жазылады. Қазірде орыстар осы қамал мен қаланы тура осылай (**Алматы** ()) деп атайды. Бұл қала 1854 жылы **Қырғыз** () деген кішкентай өзеннің жағалауында салынған. Шавиел мырзаның айтуынша, бұл мекенде көп алма өсетіндіктен атауы түрікше «алма» дегенді білдіреді [13, 718].

Алмату (Алматы) қаласында тағы да мынадай оқиға болған: «Моғолстанның әйгілі мекендерінің бірі **Алматуда** Мансұр хан бастап, Сұлтан Саид хан және Сұлтан Халел бауырларына қарсы шабуылға шығады. Шайбани ханның ағасы Саид хан талқандалып Алматудан қашып жанында елу шақты адам мен қажетіне жарайтын малмен керуенге орташа жүріспен он бес күндік жол болатын жердегі **Дуланға** () келіп байыз табады» [13, 278-279]. Осы парсы дереккөзінде Алматы қаласының Моғолстан мемлекетінде үлкен рөл ойнағандығы, әрі басшылардың бас қосып, кеңес құратын жерлері екендігін айта келе, жанында өзен-судың болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар ортағасырдың өзінде осы жерде алма жемісінің көптігі де айтылып отыр. Алайда қазіргі күнде бұл алма ағаштары Алматы қаласында азайып қалған.

Алмату қаласы туралы Темірлер дәуірінде жазылған басқа дереккөздерде кездеспейді. Сондықтан «Тарих-и Рашиди» шығармасы жазылмағанда, біз қазақ хандығының қашан құрылғандығынан, өз жерімізде осындай әсем елді-мекендердің болғанынан хабарсыз болатын едік.

XIII ғасырда жазылған дереккөздерде кездескен Сайрам қаласы Темірлер дәуіріндегі дереккөздерде де айтылады. Шығармаларда жазылғандай, әскерлер Сайрам қаласы арқылы Моғолстан жеріне баратын болған. Соған қарағанда Сайрам қаласы Моғолстан мен Дешті Қыпшақты байланыстырып тұрған көпір секілді. Осыған орай мынадай деректер кездеседі: «Хазірет Сахибқыранның, яғни Әмір Темірдің әскері керейіт тайпасымен соғысқа разы болмай қайта жолға аттанғанда, **Сайрам** () мен **Йангиден** () өтіп, шабуыл жасап, қалың қолмен **Сангер Йағаж** () деген жерге келеді [13, 57]. 776/1375 жылы Хазірет Сахибқыран Моғолстан жерін жаулауға жолға шығады. Оның әскерлері Сайрамнан өтіп Жарун () маңына жеткенде жете адамдарының бірін ұстап, Сахибқыранның алдына әкеледі. Ол: «Қамараддин өз әскерлерін жинап Көктөбе () маңында Қажы бекті () күтіп отырғанын айта келе, сіздің әскеріңіздің мұнда келгенінен ол мүлде хабарсыз» - дейді» [6, 60-61]. Бұл жерде Сайрам қаласымен қатар Йанги қаласының да аты аталады.

Аудармасы: «**Йанги** Тараздың басқа атауы. Басқа жазушылар да осы пікірде. Менің ойымша бұл жерде біздің Йанги деп аламыз, тек а әріпінің түсіп қалғаны ғана бір қате» [13, 215]. Йанги Тараз қаласының ортағасырлық атауы, Оны моңғолша Мелкат ата () деп айтады [13, 90]. Сонымен қатар еңбекте Отырар қаласын да Йанги деп айтылған деп жазады [13, 219].

Сайрам қаласының жағдайы туралы мынадай мәлімет жазылады: «Есенбұға хан істеген қылықтарына өкініп, адамдармен жақсы мәміле жасасты. Алғаш рет **Сайрам** мен **Түркістанға** және Ташкентке күтпеген жерден жорық жасап, қатты ойрандады. Бұл шабуылдар 855/1451-52 жылдан бұрынырақ болды» [13, 107]. Бұл жерде Сайрам қаласы тағы қатты соққы көргені жайлы мәлімет беріліп тұр.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінде **Аржашлар** () деген мекен туралы былай сипатталады: «
» Не қол, не аяқ жетпейтін жер. Бұл жер өте терең үш шатқалы бар мекен еді, оның етегінен үш үлкен өзен ағып жататын [13, 61-62]. Бұл мекен Алатаудың мұздарынан аққан Шарын өзені бойында орналасқан болатын. Қазіргі күнде мұндай мекен кездеспейді. Аржашлар дереккөзде бір ғажайып мекен ретінде сипатталады. Ортағасырда жаудан қашқан әскер көбінесе шатқалдарға, ормандарға, аралдарға жасырынатын болған. Аржашлар да сондай мекендердің бірі деп саналған.

Тұрфан () мен Хотан () аралығында жатқан белгілі қалалардың бірі **Луб Катак** () қаласы туралы «Тарих-и Рашиди» дереккөзінде бір муаззин (азаншы) мен шейхтың оқиғасында

айтылады: «Жұма күні шейх пен муаззин екеуі қаладан шығып кетеді. Олар қаладан үш фарсах жерге жеткенде, азаншы бір жұмысын бітіру үшін қалаға қайта барып келеді. Жолдан жұма мешітін көріп, құптан намазының азанын айтайын деп мешіттің мұнарасына көтеріліп, азан шақырып жатқанда, аспаннан қар секілді, бірақ құрғақ бірдене жауа бастайды. Азаншы намазын оқып болған соң, төменге түсіп, есікті ашайын десе, ашылмайды. Содан кейін қайта мұнараға көтеріліп, қараса, жауып тұрған құм екен. Құм бүкіл шаһарды басып қалыпты, тіпті мұнараға дейін жақындап қалыпты, ол сол арадан қашып кетеді. Бүгінде бұл қала құм астында көміліп жатыр. Кейде қатты жел соқса, мұнараның басы, кейде күмбездің төбесі көрініп қалады. Егер боран соғатын болса, үйлердің төбелері ашылып, ішіндегі заттар сол қалпында тұр, әрі қаңыраған аппақ адамдардың сүйектері көрінеді. Сосын Шейх Ақсу жақтағы Ай гулге () келеді [13, 19]. Катак қаласы туралы басқа парсы дереккөздерінде кездеспейді, сондықтан бұл қаланың орнын тек ауа-райына байланысты көруге болады деген болжам жасай аламыз. Бұл жерде екі жолаушы негізі Ақсу қаласы, яғни Тоғылық Темірдің еліне бара жатқанын түсінуге болады. Сонымен қоса, Ақсу қаласының маңында Айгүл (Айгул) деген мекеннің аты айтылады. Шығармада Айгулді Айкөл немесе Байкөл болуы мүмкін деп ескертпе жасайды. Бірақ бұл жердегі Байкөлді Ресейдегі көлмен шатастыруға болмайды. Себебі, Айгул Ақсудың айналасындағы мекеннің атауы болған.

Әмір Темірдің билігі мен мекендеген жерлері туралы жазылған шығармада оның бір тойды өткізу үшін бірнеше жерге барғанын айтады. «Әмір Темір Самарқандтан шығып, **Атбашыға** () барып, демалып, ол жерден **Арта Бари даласына** () келіп, ол онда үйленіп, бірнеше күн бойы той жасайды. Ол бұл арадан шығып, **Йассы асуын** () кесіп өтіп, **Үзкендке** () біразға орнығады. Сосын Үзкендтен аттанып, **Ходжентке** барып тоқтады. Бұл жерде жалайыр Баһрамның ұлы Әділшаһ () қызмет көрсетіп, той жасайды» [13, 63-65]. Бұл жерде Атбашы деген жер Түркістан даласында орналасқан болуы мүмкін, себебі Әмір Темір Самарқандтан шығып Йассы асуына барған, бұл Түркістанның астанасы Йасы қаласының асуы болса, онда Атбасы да сол мекенге жақын деп болжаймыз. Сонымен қатар, Үзкенд, Ходжент Сырдария өзені бойындағы қалалар екенін жоғарыда көрсеткенбіз.

Моңғолдар билігі тұсындағы қатты зардап шеккен қала Отырар қаласы болатын. Отырар қаласы Темірлер дәуірінде қайта қала мәртебесін алған. Оған дәлел «Тарих-и Рашиди» шығармасында осы қала туралы екі жерде кездеседі. Біріншісі Әмір Темір Әділшаһды ұстауға әскерін жібергенде, әскер Самарқандтан шығып, **Отырарға** жеткенде, екіге бөлінеді деп айтылса [14, 76], екіншісінде **Отырарда** Әмір Темір дүние салады [13, 82] – деп жазады.

Ортағасырда соғыстардың себебінің көбісі жерге талас, келіспеушілік, сатқындық болатын. Соғыстардың нәтижесінде біреулері жеңсе, кейбіреуі жеңіліс тауып жатады, тіпті тарих сахнасынан жоғалып кетеді. Сондай оқиғаның бірі қалмақтармен болған соғыста Жүніс хан Іле өзенінің () маңында жеңіледі. Моғол әмірлерінің көбісі бұл соғыста қаза табады. Осы себепті, моғолдар түгелдей **Түркістан** жағына қашып, сол жерде тұрақтанады. Олар Түркістан өңірінде **Сейхун өзенінің** жағалауында **Қаратоғай** деген жерде қыстап шығады [13, 119]. Бұл жерде бірнеше жер-су атауымен қатар, Моғолстан жерінің Түркістан аймағына ауысқаны жайлы дерек келтіреді.

Батыс Қазақстандағы қалалар Сарай немесе Сарайшық туралы «Тарих-и Рашиди» шығармасында мынадай мәлімет береді:

Аудармасы: **Сарайжук**, Сарайчиқ және тағы да басқа деп аталатын қала **Йайек (Жайық)** немесе **Орал** өзенінің жанында **Әхир** есімді бір қала, **Хазар** теңізінің солтүстік жағалауына жақын орналасқан және шамамен тура сол жер айтылып тұрған болуы керек» – деп көрсетеді [13, 736]. Сарайчиқ, яғни Сарайшық қаласы моңғолдардың билік құрған кезінде құрылған қала. Сол уақыттан бері Сарайшық қаласы көркейіп, гүлдеп, сауда-саттық орталықтарының біріне айналған. Осы шығармада () Бұрындық хан Сарай және Сарайшық (қаласында) болды - деп жазады [13, 405].

Қазақстанның батыс бөлігіндегі топонимдер туралы Темірлер дәуірінде жазылған еңбектерде жазылған. Еділ өзенінің атауы «Тарих-и Рашиди» шығармасында жазылады. Еділ өзенімен қатар қазақ жерінде бірнеше өзен-сулардың да атауын көрсетеді.

Аудармасы: Моғолстанда Жейхун секілді көп өзендер бар. Олар Іле, Еміл, Ертіс, Жублак және Нарын өзендері. Олар көлемі жағынан Жейхун мен Сейхуннан еш кем емес және бұл өзендердің көбісі Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп жатқан Көкчеге (Көкше) барып құяды. Оның ұзындығы сегіз айлық жол және кейбіреуінің көлемі отыз фарсах болады. Қыста Көкшеде мұз қатқанда өзбек Моғолстанға екі-үш күнде тез мұздың үстімен жүріп баратын. Қайтқан кезде қыстың аяғында осылай тез қайтады. Бірақ қыстың аяғында қауіпті болады. Көбінесе мұз жарылғанда шамамен жүз-екі жүз отбасы суға түсіп кетеді. Оның суы тұщы және оған өзен құйылады, бірақ одан тармақ бөлінбейді. Оған Өзбекстаннан келіп құятын сулардың бірі **Етіл** (Еділ) деп аталады және ол Кулзамға құяды [13, 525-526]. Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашиди» шығармасын «Тарих-и жахангушай» дереккөзіне сілтеме жасай отырып, жазған. Осы мәлімет те Жувейнидің шығармасынан алынған. Яғни Еділ өзені тек Каспий теңізіне ғана емес, сонымен қатар Көкше көліне де құятына куә боламыз. Сонымен қатар Моғолстан оңтүстік аумағында бірнеше үлкен өзендердің аттары аталады. Біз әлі де сол өзендерге байланысты деректерге тоқталамыз. Мұндағы Көкше теңіз қазіргі Балқаш көлінің ортағасырлық атауы.

Қазақстанның батысында Қаратау деген үлкен тау бар. Қаратау тауын «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Қарашық тауы () деп жазады. () Қарашық тауының басына қарауыл жан-жақты бақылау үшін Ақсума () салынған еді, сол жерден Әмір Темір Дешті Қыпшақ даласын бақылап отыратын. Бұл тау Қыпшақ даласынан жоғарырақ орналасқан [13, 76-]. Қаратау негізінде еліміздің батысы мен орталығында да орналасқан. Қаратаулардың басына қар жаумайды, әрі оңтүстік-шығыстағы таулардан аласа болады. Қаратаудың басында қазақ халқы қоныстанған, әрі үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешіргендері туралы қазақ тарихынан білеміз.

Қорыта келгенде, XVI ғасырда жазылған «Тарих-и Рашиди» шығармасы Әмір Темір мен оның ұрпақтарының тарихы жайлы жазылған парсы тіліндегі құнды дереккөз болып табылады. «Тарих-и Рашиди» дереккөзінің авторы Кашмирде екі дәптер, яғни кітап етіп жазып шығады. Бұл шығармада XIV ғасырда билік еткен Моғолстан патшалығы мен Әмір Темірдің билігі заманындағы Қазақстан мен Орталық Азия халықтары, мәдениеті, шаруашылығы, жерлері мен өзен-сулары жайлы маңызды деректер жазылады. Сол себепті «Тарих-и Рашиди» шығармасы ағылшын, орыс, қазақ, қытай және т.б. тілдерге аударылып, ғылыми айналымға енгізілген. В.В. Вельяминов-Зернов, В.П. Юдин, А. Урунбаев, Р.П. Жалилова, Л.М. Епифанова, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина және т.б. сынды кеңестік замандағы ғалымдар парсы тілді шығарманы аударумен қатар, Қазақстан мен Орталық Азияның тарихына қатысты құнды деректерді зерттеген. Шығарма Моғолстан патшалығы туралы көптеген мәлімет бергендіктен, сол мекендегі жер-су атаулары жайлы да маңызды мәліметтер жазылады. Дереккөзде Әмір Темір мен ұрпақтарының билік еткен Қазақстанның Шығыс-Оңтүстік, Батыс және Оңтүстік аумағындағы Ақсу, Ахсикет, Луб Катак, Алматы, Сайрам, Йанги, Түркістан, Үзгенд, Ходжент, Отырар, Қараторғай, Сарайжұқ, Орал, және т.б. қалалары, Іле өзені, Сейхун өзені, Йайық өзені, Етіл өзендері және Қаратау, Қарашық тауы және басқа да жерлер жайлы сипатталады. «Тарих-и Рашиди» шығармасының қазақ тарихы үшін ең маңыздысы, Қазақ хандығының құрылуы жайлы маңызды дерек айтылады. Шығарма әлемнің бірнеше тіліне аударылып, зерттелсе де, дереккөзде кездесетін Қазақстанға қатысты жер-су атаулары әлі де ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Стори Ч.А. Персидская литература. (био-библиографический обзор) / в 3 т. пер. с англ. перер. и доп. Брегель Ю.Э., отв. ред. Борщевский Ю.Е. – М.: Главная Редакция Восточной Литературы, 1972.*
2. *Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. - Алматы: М.Қ. Дулати қоғамдық қоры, 1999. - 160 бет.*
3. *История Казахстана в персидских источниках./ в 5 Т. «Культурное наследие». – Алматы: Дайк-Пресс, 2005, 2006, 2007.*
4. *The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar, Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. / an English Version. Ed. with Commentary, Notes and Map by Elias N. The Translation by Denison Ross E. – London: Sampson Low, Marston & Co., 1895.*

5. Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г. *Письменные источники о истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
6. Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфাহани. *Записки Бухарского гостя.*
<http://www.vostlit.info/Texts/rus7/Isfahani/framepred.htm>
7. Мирза Мухаммад Хайдар. *Тарих-и Рашиди.* / Введ., пер. с перс. Урунбаева А., Жалиловой Р.П. и Епифановой Л.М.; примеч. и указат. Жалиловой Р.П. и Епифановой Л.М. – Ташкент: Фан, 1996. – 727 с.
8. Мухаммед Хайдар Дулати. *Тарих-и Рашиди.* / пер. с перс. яз. Урунбаева А., Джалиловой Р.П., Епифановой Л.М., 2-е издание дополненное. – Алматы: Санат, 1999. – 656 с.
9. Атыгаев Н.Ә. «Тарих-и Рашиди»: Жаңа басылым ескі кемшілік <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/424>
10. *Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений)* / Сост.: Ибрагимов С.К., Мингулов Н.Н., Пищулина К.А., Юдин В.П. – Алма-Ата, 1969. – 651 с.
11. Мұхаммед Хайдар Дулати. *Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы).* – Алматы: М.Х. Дулати қозғамдық қоры, 2003. – 616 б.
12. *Тарих-и-Рашиди: әдеби-мемуарлық шығарма / ауд. Қазыбек М., Нұралиев Ә.* – Алматы: Мирас, 2015. – 768 б.
- 13.
14. –

УДК 903/904 (574.3)638
ГРНТИ 03.41.01

Мусаева Р.С.¹

¹Научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана,
argin_rr@mail.ru, kaznu.kz

СТОЯНКИ СРУБНОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье приводятся сведения о 15 дюнных стоянках срубной культуры, обнаруженных на территории Западного Казахстана. Все памятники открыты и исследованы специалистами археологических экспедиций РФСР. Местонахождение дюнных стоянок на территории Рын-песков и Камыш-Самарских разливов подводит к вопросу о наличии подвижного типа хозяйства у срубных племен, населявших данную территорию.

Ключевые слова: археология, эпоха бронзы, срубная культура, дюнные стоянки, Западный Казахстан, Северный Прикаспий.

Р.С. Мусаева¹

¹Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері, argin_rr@mail.ru,
www.kaznu.kz

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚИМА МӘДЕНИЕТІНІҢ ТҰРАҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстанның аумағында табылған 15 дюнных тұрақтар туралы мәліметтер келтіріледі. Барлық ескерткіштер РКФСР археологиялық экспедицияларының мамандарымен ашылып зерттелген. Рын-құмда және Қамыс-Самар жайылмасына орналасқан тұрақтар негізінде қима тайпалардың жылжымалы үлгідегі шаруашылық бар екендігі туралы мәселе пайда болады.

Кілт сөздер: археология, қола дәуірі, қима мәдениеті, тұрақтар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Каспий.

Mussayeva R.S.¹

¹*Researcher of A.Kh. Margulan Institute of Archeology, argin_rr@mil.ru, kaznu.kz*

THE SETTLEMENT'S OF TIMBER-GRAVE CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN

Annotation

The article provides information on the 15 settlement's of the timber-grave culture found in the territory of Western Kazakhstan. All the monuments are open and researched by specialists of archaeological expeditions of the RSFSR. The location of the dune sites on the territory of the Ryn-Sands and Kamysh-Samara spills leads to the question of the presence of a mobile type of economy among the timber-grave tribes inhabiting this territory.

Key words: archeology, Bronze Age, timber-grave culture, dune sites, Western Kazakhstan, Northern Caspian.

Большинство срубных памятников на территории Западного Казахстана открыто и изучено при исследовании памятников иных археологических культур [2, с.5]. В рамках настоящей статьи собраны и систематизированы сведения о 15 дюнных стоянках срубной культуры, обнаруженных на территории современных Западно-Казахстанской и Атырауской областей. Необходимо оговорить, что особенностью истории изучения дюнных стоянок является тот факт, что все они открыты и исследованы специалистами археологических экспедиций РСФСР, обозначенные в работе хронологически.

В период 1948-1950, 1952 гг. И.В. Сеницыным были открыты и исследованы ряд дюнных стоянок вдоль берегов рек Большой и Малый Узень (ныне Караозен и Сарыозен) до впадения их в систему Камыш-Самарских озер, близ с. Джангала и озера Сорайдын (Жанакалинский район Западно-Казахстанской области). Все исследованные им стоянки располагались по восточному склону песчаных дюн близ неглубоких копаней, содержащих, как отмечает И.В. Сеницын, хорошую питьевую воду, используемую жителями с. Джангала [9]. В частности им были открыты и исследованы дюнные стоянки *Джангала*, *Новая Казанка*, *Сор-Айдын-1*, *Сор-Айдын-2*, *Сор-Айдын-3*. Как и другие памятники, содержащие срубные элементы, стоянки также содержали разнокультурные материалы, принадлежащие неолитическим, энеолитическим племенам и ямной культуре.

Отдельные фрагменты керамики стоянок, исследованных И.В. Сеницыным, характеризуется им как типично срубные. К таковым отнесены плоскодонные сосуды баночных форм с прямыми или слегка выпуклыми стенками, имеющими прямую или несколько отогнутую шейку и утолщенный край. Значительная часть сосудов имеет крупные размеры: до 28-30 см в высоту, до 15-18 см диаметр дна. Орнамент в таком случае нанесен мелкозубчатым штампом, располагаясь по всей поверхности верхней части сосуда [11, 10, 9].

Также встречаются горшки средних размеров, до 15-18 см в высоту, и 10-12 см диаметр дна, орнаментированные по плечикам. Кроме того были обнаружены сосуды с зональным расположением орнамента.

В большинстве сосуды украшены несложным орнаментом в виде параллельных или горизонтальных линий, зигзага, треугольников, елочного орнамента, выполненных оттиском гребенчатого штампа. Также были найдены фрагменты, украшенные мелкими или крупными вдавлениями, нанесенными концом круглой или плоской палочки на сырую глину [11, 9].

Среди находок на поселениях близ озера Сорайдын необходимо отметить глиняные пряслица цилиндрической формы, пряслице, изготовленное из головки бедренной кости животного, а также два глиняных обломка от плоских кружков (крышки для горшков). Находки немногочисленных осколков каменных предметов небольшого размера, выполненных из плит песчаника, вероятно, являлись точильными или шлифованными предметами. И.В. Сеницын также отмечает, что некоторые из них использовались в качестве зернотерок. Однако утверждать, что они принадлежали населению срубной культуры однозначно нельзя, учитывая разнокультурность памятника.

В низовьях р. Кушум, по правому ее берегу среди дюн была обнаружена дюнная стоянка *Джангала*. Фрагменты керамики относятся к баночным и слабо-профилированным сосудам.

Элементы орнамента: прочерченные и гребенчатые линии, линзовидные, овальные, зерновидные, подтреугольные оттиски. Сюжеты орнамента: хаотичные скопления элементов, горизонтальные опоясывающие ряды, зигзаги обычные и штрихованные, «елочка» [6, с.85].

И.В. Синицыным также была открыта дюнная стоянка *Урда*, расположенная в песках Прикаспийской низменности, западнее всех остальных стоянок (Бокейордынский район). Как и другие дюнные поселения, культурного слоя на памятнике выявлено не было. Поселение разновременное, керамический материал, по сведению автора раскопок, был схож с керамикой срубной культуры, однако подробного описания в публикациях выявить не удалось [12, с. 147].

В 1957 году В.Д. Белецким, руководителем Нижне-Волжской экспедиции Государственного Эрмитажа, была открыта дюнная стоянка *Исекей*, расположенная в местности Рын-Пески, в районе с. Исатай Исатайского района Атырауской области. Керамика представлена фрагментами баночных и слабопрофилированных форм. Орнамент: прочерченные линии, ногтевые оттиски и пальцевые защипы. Особо укажем венчик сосуда с глубокими округлыми вдавлениями изнутри, образующими на внешней поверхности выпуклины-«жемчужины» [6, с. 86].

Исследование срубных памятников вновь продолжилось в 1967-1968, 1972 гг. А.Н. Мелентьевым, возглавившим Заволжский отряд Астраханской экспедицией Ленинградского отделения института археологии СССР.

Исследователем были изучены многочисленные памятники археологии, в том числе и группа дюнных стоянок срубной культуры. Как отмечает А.Н.Мелентьев, стоянки, как правило, разнотипные, расположены в районах «изобилующих «сорами» (солеными озерами)», в непосредственной близости к озерам. К таковым отнесены практически все исследованные им места – урочища Истай-бабай, Кок-Мурун, Конур-Кудук, Сазды, Асай-бей, зим. Кара-Узак и др. Также он отмечает отсутствие древних памятников в зоне максимума Новокаспийской (Позднехвалынской) трансгрессии [4].

По предположению автора, система соленых озер-соров в древности соединялась русловыми протоками в единую крупную сеть водоемов и являлась пресноводной, так на некоторых стоянках обнаружены остатки пресноводной фауны – раковины *Unio*.

В частности А.Н. Мелентьевым были открыты и исследованы дюнные стоянки *Джамбул*, *Сазды*, *Конур-Кудук 1*, *Кошелак* и *Тау-Тюбе*.

К примеру, в песках Джамбул, расположенных к востоку от бархана Исатай-бабай на расстоянии свыше 7 км, с западной стороны расположено большое соленое озеро «сор», вытянутое по линии В-З. Рядом с ним обнаружена разнотипная стоянка *Джамбул*. К срубной культуре отнесены два горшка и фрагмент острореберного сосуда с прочерченным орнаментом в виде штрихованного зигзага [4].

Первый горшок имеет вогнуто-коническую шейку, венчик подчеркнут выступающим наружу небольшим бортиком. Плечики высокие, образующие ребро при переходе к тулову. По шейке нанесен тонкими резными линиями круговой фриз из смежных заштрихованных треугольников, ограниченных двумя параллельными линиями. Цвет снаружи красновато-кирпичный. Второй сосуд имеет более прямую шейку и высокие выступающие плечики, круто изогнутые при переходе в ребро. Аналогичный орнамент исполнен с помощью гребенчатого штампа с округлыми с боков зубьями (гусеница). Цвет в изломе черный, снаружи и изнутри серовато-грязный [4; 6, с.85].

В статье автор затрагивает роль народной педагогики в формировании нравственной культуры учащихся в образовании страны, особенно в начальной школе. Также были подняты вопросы использования национальных ценностей нашего народа в формировании нравственной культуры младших школьников, определены пути нравственного воспитания, выработаны конкретные выводы и рекомендации.

Ключевые слова: национальная идеология, начальный класс, народная педагогика, духовное возрождение, общечеловеческая культура, воспитание и знание, национальные ценности.

K.U. Karabaeva¹

¹*c.a.s., assistant professor International university of humanities and technology,
Shymkent, Kazakhstan*

A.T. Utebaeva²

²*c.p.s., assistant professor International university of humanities and technology,
Shymkent, Kazakhstan*

E. Nurlihankyzy³

³*senior lecturer International university of humanities and technology,
Shymkent, Kazakhstan*

THE ROLE OF FOLK PEDAGOGY IN SHAPING HUMAN CULTURE AMONG THE STUDENTS OF PRIMARY CLASS

Annotation

Effective influence on the formation of moral culture of younger students - pedagogical culture of the kazakh people. It is known that the kazakh ethnopedagogics is a part of ancient national culture. Advanced examples of traditions and customs of the people, passed down from generation to generation, contribute to the comprehensive development of the child's personality. One of these needs is the ability to effectively use the elements of kazakh folk pedagogy in the education of moral culture of primary school students. The effectiveness of moral education of students through the means of kazakh folk pedagogy requires elements of national pedagogical culture of use in the educational process on a scientific basis.

In the article the author touches upon the role of folk pedagogy in the formation of moral culture of students in the education of the country, especially in primary school. The issues of using the national values of our people in the formation of the moral culture of younger students were also raised, the ways of moral education were determined, specific conclusions and recommendations were developed.

Keywords: national ideology, folk pedagogy, spiritual revival, universal culture, education and knowledge, national value

Ұлттың рухани қуатын сақтау – аса маңызды міндет. Өйткені рухани қуатын сарқып алмаған, өркениет көшінен кейін қалып қоймауға ерте қам жасаған елдің ертеңі жарқын болмақ. Сол себепті дебүгінгі ұлтты рухани жаңғырту үдерісінде жас буынды адами асыл қасиеттерді қастерлеуге тәрбиелеу, бүгінгі ұрпақтың тапқаны мен жоғалтқанын терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді. Мемлекет басшысының «Өткенге тағзым етіп, бабаларымызды еске алып, екі білегімізді сыбанып, алға қадам басып, жастарымызды тәрбиелеп, еңбекқор, елді сүйетін, жерді сүйетін патриот халық болып өсе берейік» деген ұрпақ камын, ұлт болашағын әріден ойлаудан туған тың бастамаларын, арман-аңсарын жемісті жүзеге асыруда біз де аянып қалмауымыз керек. Тіпті күні кеше ғана баспа бетін көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Елбасымыз Тәуелсіздік жылдарында қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасының өскелең ұрпаққа берері аз болмағанын айта келе, жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту арқылы да біз оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттырып қана қоймай, ұлттық рухани құндылықтарымызды, имандылық, қарапайымдылық, адамгершілік, кеңпейілділік секілді ұлт қанына сіңген ең ізгі қасиеттерімізді де мейлінше дәріптеп және сол арқылы ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде елеулі жетісіктерге иекарта алатынымызды айтқан болатын [1].

Елбасымыз айтқандай, рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтай отырып, өскелең ұрпақ бойына жалпыұлттық құндылықтар ұғымын сіңіру, бәсекеге барынша қабілетті зияткер жастарды қалыптастырудың маңыздылығын ұғындыру болып табылады. Өйткені еліміздің білім беру саласын жаңа әлемдегі дамыған елдермен тең ету – бәріміздің де ең басты борышымыз. Жарқын болашағымыздың негізін қалайтын Елбасы Жолдауларының да көздегені осы. Бұл саладағы алда орындалуы тиіс міндет-мақсаттар да онда айқын көрсетілген. Мәселен, бүгінгі бар игілік пен қамқорлық атаулының отандастарымыздың өмірін жақсартуға бағытталып отырғаны да, балабақшадан басталып, ЖОО-ны бітірген жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесіне дейін ойысқаны да көпті қуантады. Себебі білім негізінің балабақшадан басталып, бастауышта қаланатыны

баршаға аян. Дана бабаларымыздың да «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген тамаша тәмсілі бар. Демек бұлжымас құндылық-білімге ұмтылудың, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсартудың, біліктілік талаптарын жаңарта отырып, креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытудың табысты болатыны даусыз.

Халық даналығында айтылғандай, ұстаз талантты болмай, шәкірт талапты болмайды. Қалай дегенде де мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңіне аяқ басып тұрған тұста мұндай олқылықтардың орнын толтырып, баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеуге баса мән берген жөн.

Ал біз зерттеу нысанына айналдырып отырған адамгершілік мәдениетінің жеке тұлғаны жан-жақты дамыту жүйесінің бастаушы құрамдас бөлігі екендігі белгілі. Қоғамының пайда болуымен бірге өзектілігін жоймаған бұл тәрбие мәселесі қазақ ағартушылары тарапынан да аз зерттелген жоқ. Бұл бағытта Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Алаш зиялыларынан А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов т.б. өнімді еңбек етіп, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен тәлімдік мұраларын жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесінде тиімді пайдалану жолдарын көрсетіп, тура жолға түсуде бағыт-бағдар берсе, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері Е.Д. Бондаревская, А.В. Иващенко, С.В. Мягченко, Н.И. Манахов, Н.И. Балдырев, Л.Ю. Гордин, И.Ф. Харламов, Н.Е. Щурковалардың еңбектерінде де көрініс тапты. К.К. Жанпейісова, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, Б.И. Мұқанова, Г.К. Нұрғалиева, С.А. Ұзақбаева, А.А. Калюжный, Н.Н. Ханның ғылыми еңбектерінде адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық мәселелері қарастырылған болса, жас ұрпақ тәрбиесінде халық педагогикасын пайдалану мәселелері бойынша Ж.С. Хасанова, Э.А. Урунбасарова, С.Ә. Әмірова, Р.К. Төлеубекова, Ү.О. Асанова, Ж.Б. Садирмековалардың біршама зерттеулер жүргізгенін білеміз.

Бұл мәселелерге тоқталмас бұрын алдымен бастауыш мектеп оқушыларының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне, оқу тапсырмаларына да аз-кем тоқтала кеткенді жөн санап отырмыз. Кезінде В.В. Давыдов бастаған кеңес психологтарының беріліп жүрген оқу тапсырмаларының оқушылар үшін жеткіліксіздігін алға тартып, олардың мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырманы одан әрі қиындату қажеттігін ұсынғаны есімізде. Дегенмен негізгі әрекеті ойын болып келетін баланың психикалық дамуын ірі өзгерістерге ұшырататын оқу талабының күрделендірілуі қоғамнан толық қолдау табу үстінде деп, әрине, біз айта алмаймыз. Өйткені бүгінгі кей реформалардың саланы сауықтыруға, білім сапасын арттыруға септесіп отырмағаны айдан анық. Бір ғана үштұғырлы тіл бағдарламасының өзіне қарсы пікір айтушылар да, қолдаушылар да аз болған жоқ. Айталық қаламгер М. Кенжебай: «...үштілділік – қазақ ұлтының қамын ойлағандықтан ойлап табылған ақыл емес, өйткені көзін ашқаннан ағылшынша, орысша араластырып сөйлейтін бала ертең өз ұлтының азаматы болайын десе де бола алмайды», - [2] өз қаупін білдірсе, Елбасымыз да өз Жолдауларының бірінде біздегі оқу жүктемесінің ТМД көлеміндегі ең ауыры екенін ескертіп, осы кемшіліктерді түзеп, ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ санасына сіңіре отырып, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуды ұсынған еді. Шындығында бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда, жалпы оқыту мен тәрбелеу үдерісінде халық шығармашылын пайдалану арқылы балаларды ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге үйретуге, сол арқылы адамгершілік қасиеттердің берік орнығуына қол жеткізуге әбден-ақ болады деп ойлаймыз. Ағартушының өз сөзімен айтқанда, қазақ баласы мақалдарды, ертегілерді, жұмбақтарды, ойындарды, адамгершілік үйретулерді тез қабылдап, естеріне сақтауға бейім [3]. Дегенмен біз бастауыш мектеп оқушыларының негізгі таным үдерістерінің (қабылдау, зейін, жатпен, қиял, ойлану) мектепке кіргеннен кейін недәуір өзгерістерге ұшырайтындығын да қаперде ұстауымыз керек. Демек, қазіргі заманғы тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеті жас ұрпақты мәдениетке қосудың, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынастардың ұлттық жүйесін меңгеру жолдарын іздеу, зерттеу болып саналады. Құрамдас бөліктері ретінде, бір жағынан, отбасы тәрбиесі, өзін-өзі тәрбиелеу, жеке тұлғаның дамитын жеке-дара ерекшеліктері, ал екінші жағынан, оқушылардың белгілі білім, білік, дағдылардың бірыңғай жиынтығын меңгеруге, өзін ұстау түрлерін игеруге, болашақ маманның кәсіптік дамуына бағытталған оқу мекемелеріндегі тәрбие мен оқыту үдерісін анықтауға болады.

Ал адамгершілік мәдениеттің құрылымы қандай деген сауалдың төңірегінде ой өрбітер болсақ, біздіңше ол біріншіден, адамгершілік сананың дамуындағы жақсылық, намысқойлық туралы т.б. адамгершілікті насихаттайтын білімдерден; екіншіден, адамгершілік дүниетанымының дамуындағы адамгершілік мұраттар, нормалар мен қағидалар, адамгершілік бағыттар мен қызығушылықтар

секілді сенімдер мен нанымдардан тұрады да, ал сол қасиеттердің жетілгендігі адамсүйгіштік, адамдарға деген құрметтік қатынас, мейірімділік, шыншылдық, ожданлық, адалдық, абыройлылық, борышты сезіну, жауапкершілік және т.б. қасиеттер арқылы көрінеді. Байыппен үңілсеңіз, бұл байламның халықтық педагогикамен үндесетін, тіпті біте қайнасатын тұстары көп. Өйткені халықтық тәрбие, тұрмыстық педагогикалық мәдениет кез келген халықтың, елдің тарихи тұлға ретінде сақталуының басты шарты саналады. Міне, сол себепті де біз үшін бүгінгі күнде, қазіргі заманауи оқыту үдерісінде халықтық педагогика құралдарын пайдалану, үйрену, зерттеу, сақтау аса маңызды.

Бұл құралдардың күні бүгінге дейін де ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданылғанын, қазақ ағартушылары мен қаламгерлерінің шығармаларының басты темірқазығы да ұлттық тәрбие беру мен ел рухын көтеру, қай заманда болмасын ұлттық болмысын сақтап қалу болғанын білеміз. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, оның адамгершілік түсініктерін үйренуге А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Диваев т.б. елеулі үлес қосқан [4]. Мәселен, Абайдың философиясында «адам бол» қағидасымен жастарды адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу арқылы «толық адам» деңгейіне дейін қалыптасып, өсу көзделсе, Шәкәрімнің сенім ақиқаты, ғылым ақиқаты, жүрек ақиқатын қоса тануды ұсынуын жас ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің әдіснамалық негізі ретінде алуға болады [5].

Ал ғылыми әдебиеттерде, ғалымдардың зерттеулерінде қазақ халқының адамгершілік мәдениеті туралы этнографиялық, этнопедагогикалық құнды материалдар жеткілікті десек те, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының мәдениетін қалыптастыру мәселесі, оның жүйесі, қағидалары мен тәсілдері тереңірек зерттеуді, кеңінен қарастыруды қажет етіп отыр.

Жалпы қандай қоғамда болмасын тәрбие жұмысы, жас ұрпақ тәрбиесі маңызды педагогикалық құбылыс болып қала береді. Себебі, адамның болашақтағы барлық саналы өмірі оның бала күнінде алған тәрбиесіне байланысты, яғни, Аристотель айтқандай, «баланы жөргегінен бастап барлық асыл қасиеттерге баулуға болады» [6]. Ал баланы тәрбиелегенде әрбір тәрбиешінің ең алдымен қолданатыны өз тәжірибесі, екінші қолданатын жолы ұлт тәрбиесі екенін М.Жұмабаев баса айтқан болса [7], кеменгер Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [8], - деген орнықты пікірінің мәні жоғалмағанын мойындау керекпіз.

Жалпы кеңестік оқу үдерісінде болсын, бүгінгі жанартылған білім бағдарламасында болсын, өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Десе де кейде «адамгершіліктің элементтерін» қолдану немесе «адамгершілік мәдениеті» барлық сабақ тақырыбына сай келе бермейді» деген сыңаржақ пікірлер де айтылып қалады. Бұл-түбірімен қате тұжырым. Олай дейтініміз, адамгершілік құндылықтар да, ұлттық құндылықтар да үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынасы кезінде бала бойына кішкене кезінендариды. Яғни бала бойында ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, ұлттық болмыстың іргетасы да сол кезде қаланып, қалыптасады, балталаса да бұзылмайды. Біздің ата-бабамыздың көшпелі тұрмысында бала тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі мен тәсілдерінің де сан ғасырлық тарихы бар. Ал баланың өрелі де ұжданды болып өсуіне халқымыздың дәстүрлі ән-күйлері мен ауыз әдебиеті үлгілері – мақал-мәтелдер, айтыстар, шешендік сөздер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар балаларға арналған ұлттық ойындардың әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрлеріміздің, жөн-жоралғыларымыздың қалпы аса зор болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұдан шықты ұлттық идеологияның да ұлттық тамырынан қол үзбеген елде кеңінен тарайтыны, іркіліссіз жүретіні анық. Соңғы жылдарда «Бізде ұлттық идеология бар ма?» деген сауалдың кесе-көлденең шыға беруі де байыппен үңілген адамға көп жайтты аңғартады. Яғни, Х.Әбжановша айтсақ, мемлекеттік биліктің ашық та жария қолдауынсыз ұлттық идея табылмайды, табылған күнде де тамырына қан жүгірмейді [9]. Сондықтан да бабаларымыздың арман-аңсары болған «Мәңгілік ел» идеясын баянды ете отырып, ұлттың рухани жаңғыру үдерісін жеделдетуге сүбелі үлес қосу - баршамызға ортақ міндет саналады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халқымыз да «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсын» деп бекер айтпаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік дәнін егіп, құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие- екі жақты үдеріс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға

белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан, белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдауы керек.

Атақты педагог В.А.Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие - бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақты-лығының қалыптасуы. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Оны «Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң - қа-ларсың ұятқа», «Жаман дос, жолдасын жауғақалдырар» деген мақалдардан да айқын көруге болады.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік- әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Тағы да көрнекті педагог В.А.Сухомлинскийге жүгінер болсақ, «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады». Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертенгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Біз сөз етіп отырған халықтық педагогиканың ең басты мақсаты да жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу.

Басқасын айтпағанда, дана халқымыз баласына жақсы мен жаманның аражігін ажыратуда дағибратқа толы мәйекті мақалдар қалдырған.

«Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей», «Жақсы туса елдің ырысы», «Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші»деп жақсы адамнан көпшіл, халық қамын ойлайтын абзал азамат шығатынын үміт артқан перзентіне тұспалдап ұқтырса, қара басының қамын халық қамынан жоғары қоятын өзімшіл, алдампаз, опасыз жандарды «Жаман қорыққаннан сыйлайды», «Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас», «Бір құмалақ бір қарын майды шірітер» деп ұнамсыз қасиетін әшкерелеп, жастарды олардан сақ жүруге шақырып отырған.

Ал жоғарыда аталған қасиетке қайта оралар болсақ, бірінші сыныпта бала адамдардың адамгершілік қасиеттерін негізінен оқытушының бағалауына сай бағаласа, III-IV сыныптарда адамдардың жеке қасиеттерін және мінез - құлық түрлерін тәуелсіз бағалау белгілері пайда болады [10]. Жалпы бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік мәдениеті арқылы бүкіл қоғамның адамгершілік мәдениетін мінездеуге де болатынын айта кетейік.

Дегенмен біз осынау зерттеуімізде оқыту үдерісінде қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру жолдарын, көп қырлы тұстарын түбегейлі шештік, әрі жан-жақты қарастырдық деп айта алмаймыз. Ал ойымыздың түйінін тарқата кетсек, кез-келген мемлекеттік білім беру мен тәрбиелеу жүйесі этноұлттық педагогиканың озық үлгілері негізінде құрылуы тиіс. Алайда, болашақта халық педагогикасы құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде баланың жеке тұлғасын қалыптастыруды комплексті қатынас тұрғысынан зерттеу; оқыту үдерісінде оқушыларды халық педагогикасы құралдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу және т.б. мәселелер дербес қарастыруды қажет етеді. Ал ол алдағы уақыттың еншісіндегі міндет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21 қараша, 2018 жыл.
2. Кенжебай М. Ұлтшылдықты орыстан үйрен // Қазақстан-Заман. 21 тамыз, 2014 ж.
3. Бегалинова К, Қасымбаева Г. Қазақстандық білім беру және тәрбиелеу жүйесінің рухани және этномәдени аспектілері // Ақиқат, №12, 2014 ж.
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының даму тарихынан. - Алматы: Қазақ университеті, 1998.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Рауан, 1998. - 128 б.
6. Аристотель. Этика. Политика. Поэтика // Собр.соч.: В 4-х т. – М., 1984. - Т.4. – 128 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
8. Аль - Фараби. Избранные трактаты. //Пер. с арабского. - Алматы: Ғылым, 1994, 337 б.
9. Әбжанов Х. Ұлттық идея- кемел келешектің кілті // Ақиқат, №4, 2014 ж.
10. Немов Р.С. Психология В 2-3 книжке. Психология образования 3-е изд. -М.: Гум. Изд. Центр ВЛАДОС, 1998г. - 608 с.

УДК 378(574)
ГРНТ И 03.81.37

Колдыбаева С.С.¹

кандидат исторических наук, доцент Костанайского государственного университета

ТЕОРИЯ ИСТОРИИ КАК МЕТОДОЛОГИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА

Аннотация

Статья посвящена обоснованию теории истории как методологии исторического процесса. Приводится классификация теории исторического процесса выступающих методологией познания истории. В статье рассматриваются вопросы о смысловом содержании понятий методология и теория истории, проблема основания определения теории истории в качестве методологии, различия методологии и методов исторического познания.

Ключевые слова: Методология, теория истории, историософия, философия истории, формационный и цивилизационный теории

С.С. Қолдыбаева¹

¹А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тарих ғылымдарының кандидаты, доценті

ТАРИХИ ТЕОРИЯ ТАРИХИ ПРОЦЕСТІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақала тарихи теорияның тарихи үрдісіндегі әдістік негізін көрсетеді. Тарихи теорияның жіктелуі тарихи танымның әдістемесіне жүгінеді. Мақалада тарихи теория мен әдіс ұғымына түсінік туралы сұрақтар, тарихи танымдағы әдістер, түрлі әдістер мен тарихи теорияны әдістеме ретінде караудағы мәселелер қарастырылады.

Кілт сөзі: Әдістеме, тарихи теория, тарих философиясы, формациялық және өркениет танымдық теория.

Koldybaeva S.S.¹

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Kostanay State University

THEORY OF HISTORY AS A METHODOLOGY OF THE HISTORICAL PROCESS

Annotation

The article deals with the substantiation of the theory of history as a methodology of the historical process. It gives a classification of the historical process theory as a methodology of understanding history. The article considers the issues of the semantic content of the concepts of the methodology and theory of history, the problem of the basis of the defining the theory of history as a methodology, the differences in methodology and methods of historical cognition.

Keywords: Methodology, theory of history, historiography, philosophy of history, formational and civilizational theories

В научной литературе широко распространено мнение о том, что методология истории есть не что иное, как совокупность методов, применяемых в процессе исторического познания. Но, тождественность этих понятий, представляется не совсем приемлемой.

Есть исходная позиция для определения смыслового содержания методологии истории как понятия. И этим фундаментом является сама логика исторического познания, которая, собственно, и является выражением реализации механизма проявления методологии истории.

Как известно, всякий процесс исторического познания происходит, прежде всего, с определения теоретического видения исследуемой исторической проблемы. Нередко это видение выражается не всегда осознанно, а порой саморефлексивно, фрагментарно. Но в любом случае теоретическое видение исторического познания предстает как первичное, исходное. Оно включает в себя общее представление об исследуемом историческом процессе, его месте в общей динамике развития истории, возможных механизмах его развития, роли и пр. Теоретическое видение выступает условием выдвижения исследователем исторической гипотезы, возможного механизма исследования темы. Теория определяет идею исследователя-историка, его замысел логического исследования, а также принципы подхода к исследованию исторической проблемы. Именно теория выступает исходным толчком идей историка в исследовании темы, она позволяет выдвинуть определенную парадигму в исследовании исторической проблемы. «Теория, - по мнению французского историка Анри Марру, - это позиция, сознательная или несознательная, которую историк занимает в отношении прошлого, - выбор и поворот темы, постановка вопросов, используемые понятия и особенно типы связей, системы интерпретации, относительная ценность, признаваемая за каждой из них» [1].

Здесь проявляется определенная закономерность проявления принципа исторического и логического, характерная для всякого научного познания. Исследователь-историк в качестве первичного шага познания начинает с определения общих принципов подхода к исследованию темы. Теоретическая ретроспектива исследуемой проблемы выступает начальным звеном исторического познания. Именно она определяет логику подхода познания и объяснения исследуемой исторической проблемы. Первичным оказывается мыслительная схема, которая по природе являясь логической, предвдвряет собственно сам ход реализации исторического познания, включающий уже применение методов и методики исследования истории.

Наличие предварительного логического обоснования в виде теоретического видения является аксиоматическим фундаментом всякого научного познания истории. Иначе говоря, теория истории и есть собственно методология истории, ибо она составляет главное, основное содержание этого понятия. При этом подобную методологическую нагрузку несут в себе любые теоретические системы, так или иначе применяемые в историческом познании.

Что является основанием для определения теории истории в качестве методологии? Исходным здесь выступают те органические преимущества, которые присущи теории как таковой. Теория, как известно, это некая система представлений в данной области знания, которая дает целостное представление о существующих закономерностях, связанных с действительностью. Существует и более сложное определение. Теория – это комплекс идей, замкнутых относительно рационального следования. Именно такое, абстрактное определение термина «теория», дает логика. С позиций этой науки теорией можно назвать любую идею.

Руководствуясь таким пониманием к нашему вопросу можно сказать, что теория позволяет исследователю – историку видеть исследуемую проблему под определенным общим углом, с указанием некоего его места в данной теоретической парадигме исторического процесса. Тем самым определяются подходы к изучению исследуемой проблемы с позиции данной теории истории. А это и есть собственно проявление к исследованию механизма методологии истории.

Нельзя не заметить, что в среде историков существует традиционно довольно прохладное отношение к теории исторического процесса. Это, в частности выражается и в среде отечественных исследователей-историков. Приоритет фактологического описания истории при игнорировании теории, явно преобладает в исторической науке. Причины такой ситуации в значительной мере связаны с предыдущим состоянием исторической науки советского времени и они связаны с разными обстоятельствами. В частности, с тем в это время единолично господствовала для историков исследователей только одна теория – марксистско-ленинская в его советско выраженном варианте. Знакомство, а тем более руководство в исследованиях с иной теорией истории не поощрялось... Более того, «творческое» с позволения сказать применение даже официального методологического инструментария к исследованию истории жестко пресекалось. Достаточно для этого вспомнить печальную судьбу, как личности, так и работ известного в 50-60 годах XX в. казахстанского историка Е. Бекмаханова который дал в своей монографии несколько иную, чем официально принято интерпретацию процесса присоединения Казахстана к России. Понятно, что подобная обстановка работы исследователя-историка заставляла его больше склоняться к описательному исследованию исторического процесса, нежели к каким то обобщениям, к теоретическим выводам. Как следствие, в среде советских историков все более утверждалось мнение, что историческая наука есть дисциплина фактологическая, что в принципе главной отсюда для исследователя становится введение в рабочий оборот новых источниковедческих данных.

Такой подход способствовал утверждению в среде историков-исследователей некой разграниченности в своих рядах. Значительная, если не сказать большая часть историков была занята фактологическим описанием событий, которые интерпретировались в духе советской теории исторического процесса. В то же время, меньшая часть исследователей была занята «творческой» разработкой теории истории, но то же марксистско-ленинской. Считалось, что общие теоретико-методологические вопросы исторической науки, в принципе созданы уже в середине XIX века и поэтому его основные каркасы не могут быть подвергнуты коренному пересмотру. Задача историка-исследователя состояла лишь в том, чтобы, руководствуясь общими положениями советского марксизма, умело и правильно применять их к исследованию исторической реальности.

При этом положение складывалось так, что вопросы теории и методологии истории разрабатывались главным образом в центрах страны, Москве и Ленинграде. Это приводило к тому, что при общей научной тенденции разработки теории истории в целом, региональные исследователи-историки недостаточно привлекались к разработке методологических аспектов исторической науки

Аксиоматично в науке, что теория представляет собой более глубинное, сущностное познание объекта реальности, нежели его эмпирическое, фактологическое описание. Многие современные недостатки исторической науки коренятся не в избытке, а в недостатке теории. Это преимущество теории обеспечивается тем, что она оперирует в процессе своего познания и объяснения понятийно-категориальным аппаратом, общими принципами, законами.

В оценках теории истории, а их множество необходимо руководствоваться принципами единичного, особенного и общего. Так, вопреки некоторым взглядам встречающимся на уровне массового сознания нет теории истории одной конкретной страны, со своим специфическим категориальным аппаратом одной, предназначенной только для изучения прошлого региона этой страны методологией. Всякая теория истории, какого масштаба она не была, отражает общие тенденции присущие определенной совокупности прошлого стран, или всему историческому процессу. Поэтому, такие понятия, которые встречаются в обиходе – «теория истории Казахстана» или «теория истории России» и пр. имеют тот реальный смысл, что они специфически выражают историю одной страны применительно к общей теории исторического процесса в целом. И здесь следует напомнить, что в качестве основных в зависимости от широты и масштаба охвата истории представляется необходимым выделить следующие разновидности теории исторического процесса.

Первую группу составляют метатеории исторического процесса развития, т.е. философию истории. В понимании предмета философии истории существуют разные толкования. Однако в любом случае философия истории, в сущности, представляет собой исследование имманентной

логики развития исторического прошлого человеческого общества. Одни исследователи эту логику видят в теоретической реконструкции прошлого, в определении общих законов развития общества. Это научные концепции К.Маркса, О. Шпенглера, А.Тойнби и др. Усилия такого толкования философии истории направлены на онтологию исторического процесса, основное внимание обращено на исследование материального бытия исторического процесса, на интерпретацию социально-политических процессов, которые в свою очередь в их конструкциях выступают основополагающими принципами развития.

Есть и другое выражение философии истории, в виде историософии, когда логика исторического процесса развития исследуется с позиции осмысления ее конкретным народом не только в специальных философских трактатах, но и своеобразно в былинах, поэзии, устном творчестве, или личностью, с позиции национальной идеи, или того или иного учения. Историософия, в любом случае – это философское исследование своего национально-этнического «Я» в мировой истории.

Для отечественной исторической науки, находящейся в процессе своего внутреннего реформирования, потребность в философской рефлексии истории в немалой степени диктуется качественными изменениями в современном казахстанском обществе. Сегодня, когда Республика Казахстан прошла 27-летний исторический период своего независимого развития возникает острая потребность осмысления всей истории страны как с позиции историософии, так и философии истории.

Именно подобную философско-мировоззренческую потребность в знании собственной национальной истории ощущает в полной мере после 1991-го года народ Казахстана и прежде всего казахи. Перед Казахстаном, недавно получившим политическую независимость, история поставила поистине судьбоносные вопросы дальнейшего исторического развития. Но эффективное движение вперед возможно тогда, когда теоретически, философски осмыслена отечественная история Казахстана. Само нынешнее время и современная историческая ситуация Казахстана властно ставит вопрос философско-исторического осмысления судеб Казахстана. Решение этой исследовательской задачи, рассчитанной на усилия многих ученых, является условием не только национального самоуважения, но и авторитета Казахстана на международной арене, определяет во многом будущее страны, казахского народа.

В годы независимости РК интерес к философии истории и теории в целом истории Казахстана значительно вырос. Заметим, в основном на уровне конкретной истории, публицистики и культурологии, в меньшей степени в философии истории. При этом не обошлось без крайностей. В некоторых работах происходила чрезмерная идеализация исторического прошлого Казахстана, излишняя героизация, лакировка роли отдельных ханов, исторических деятелей прошлого, что, безусловно, не могло способствовать объективному трезвому анализу разработки философии истории Казахстана. В известной мере это объяснимо. Это, скорее всего - обратная реакция пробужденного независимостью национального самосознания народа на идеологическую недооценку дооктябрьского периода истории Казахстана.

Для нынешнего состояния философско-исторического знания Казахстана актуальными являются следующие проблемы философии истории: критика несостоятельности западных концепции в оценке казахского кочевого периода развития; оценка историософских идей отечественных мыслителей; обоснование необходимости периодизации казахстанской истории с позиции формационной и цивилизационной подходов; проблемы методологии персонификации личности в истории Казахстана и др.

Безусловно, исследуемыми этими направлениями проблематика философии отечественной истории отнюдь не исчерпывается. При выборе данных проблем философии истории мы в большей степени исходили из их малой научной разработанности, теоретической и практической на сегодня актуальности.

Столь же актуальными сегодня представляются вопросы истории Казахстана в контексте мета теоретических теории исторического процесса. Как известно сюда традиционно включают формационную теорию, согласно которо развитие общества есть история смен общественно-экономических формации, а также – цивилизационную концепцию, считающую, что в истории существуют и сменяют друг друга в круговороте цивилизации, проходящие стадии зарождения, становления, расцвета, упадка и гибели. Несмотря на критику в последние десятилетия формационной теории, в среде исследователей утверждается мнение, что потенциал этой теории еще далеко не исчерпан, что позволяет ей сохранять и ныне статус методологии истории. Кстати,

заметим, в начале XXI в. и в практике исторических исследований формационный подход все еще остается значительно популярным. Этого не скажешь о цивилизационной концепции, использование которой в качестве методологического инструментария исследования истории, особенно применительно к Казахстану все еще является скромным. Подтверждение тому в частности, довольно малое количество монографических исторических исследований, в которых исследовалась бы история Казахстана в контексте цивилизационной теории.

Заметим, в среде современных историков все более утверждается мнение о том, что формационная теория как теория плодотворна при исследовании капиталистического и посткапиталистического периода развития. В то же время, исходя из оценки А. Тойнби, О. Шпенглера и др. классиков цивилизма исследователи приходят к выводу, что цивилизационная концепция в большей степени выступает методологическим инструментарием исследования древней и средневековой истории.

Вторую разновидность теории, способных выступать в роли методологии истории составляют социально-гуманитарные теоретические парадигмы. Здесь стоит напомнить о теории В. Дильтея, А. Виндельбанда, Рикерта и др. Эти по сути философские теории довольно оригинально раскрывают специфику гуманитарного познания в основном и главном на примере исторической реальности. Исходные их идеи о роли объяснения и особенно понимания выступают определенным руководством для исторического познания, что к сожалению, не находит должного применения в практических исследованиях истории, особенно в отечественной исторической науке.

Как нам представляется, социально-историческая теория реально пока не находит методологического применения в отечественной исторической науке. Между тем, сторонники Баденской школы, которым принадлежит приоритет в разработке этой теории, обращали внимание на его плодотворность в исследовании личностного фактора истории, что является сегодня традиционным пробелом в изучении отечественной истории. Исследователи истории Казахстана традиционно привержены объяснительному механизму исследования известных личностей отечественной истории, что объективно ведет к оценке их ролей с позиции современного времени. Между тем, нельзя полно и адекватно исторической реальности объяснить роль к примеру ханов Тауке, Абулхаира, Кенесары и др. более поздних личностей – Голощекина, А. Иманова и т.д. не применяя к исследованию их поступков и действию метода понимания, столь блестяще обоснованного как инструментария исследования истории В. Дильтеем.

Третью разновидность теории составляют собственно специфические для истории теоретические системы, выраженные в различных историографических направлениях, школах и пр. Здесь следует отметить, что историография в целом органично связана с методологией истории, хотя и не покрывает всего его содержания. Историографию характеризуют исторически и логически связанные специфические теоретические системы об определенных временных отрезках и проблемах истории. Идеи, хотя и отраженные в различных порой противоположных историографических направлениях, школах способны, тем не менее, так же выступать отправной методологической основой исследования и познания конкретных исторических проблем. При этом, на наш взгляд, в качестве методологии истории выражаются именно определенные исторические школы, но не идеи отдельных ученых, пусть даже выдающихся, но все же показавших свой талант исследователя в рамках господствующей исторической парадигмы. Другой вопрос, исторические теории отдельных исследователей – историков, например Л. Гумилева, которые действительно оригинальны и составляют своеобразную методологию истории, отличную от официально-господствующей.

Таким образом, подытоживая можно сделать два вывода. Во-первых, вопрос под какой исходной теоретической основой исследуется та или иная историческая тема зависит исключительно от методологической (теоретической) позиции самого исследователя-историка. «Именно личная философия историка – отмечает уже упомянутый А. Марру, – диктует ему выбор системы мышления, в соответствии с которой он будет воссоздавать и, как он полагает, объяснять прошлое»[2]. Во-вторых, отсюда вытекает, что при всех своих содержательных различиях теории имеющие отношение к истории выступают тем, что мы называем методологией истории.

Использованная литература:

- 1 Анри Марру Об историческом познании. М., 1954, с. 34*
- 2 Там же*

ӘОЖ 378.147: 908
ГРНТИ 03.01.79

Д.С. Кадырбекова¹

¹ магистр, аға оқытушы, 6537275@mail.ru
Қазақ спорт және туризм академиясы. Алматы қаласы

Т.В. Имангулова²

² доцент, п.ғ.к., tanya_geo@mail.ru
Қазақ спорт және туризм академиясы. Алматы қаласы

Қ.М. Омаров³

³ доцент м.а., п.ғ.к., kairat62@bk.ru,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА «ЖЕТІСУ ӨЛКЕТАНУЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада еңбек нарығында қазіргі заманғы сұранысқа ие туризм саласындағы білікті маманды дайындау туралы сипаттама берілген. Қазақ спорт және туризм академиясы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде туған өлкені зерттеу мақсатында «Жетісу өлкетануы» пәні оқу үрдісіне енгізілді. «Жетісу өлкетануы» оқу бағдарламасы терең білім мен практикалық дағдыларды алуға, осы пән аясында студенттерге сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Өлкетану, туризм, экскурсия, рекреация, гид, имидж, брент, фестиваль.

Кадырбекова Д.С. ¹

¹ магистр, старший преподаватель, 6537275@mail.ru
Казахская академия спорта и туризма. г.Алматы

Имангулова Т.В. ²

² к.п.н., доцент, tanya_geo@mail.ru
Казахская академия спорта и туризма. г.Алматы

Омаров К.М. ³

³ к.п.н., и.о.доцент, Каз НПУ им. Абая, город Алматы,
kairat62@bk.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «КРАЕВЕДЕНИЕ ЖЕТЫСУ» ПРИ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ СФЕРЕ ТУРИЗМА

Аннотация

В статье дается характеристика о подготовке квалифицированного специалиста в области туризма, являющегося спросом современности на рынке труда. Казахская академия спорта и туризма на основе программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в целях изучения родного края была введена в учебный процесс дисциплина «Краеведение Жетысу». Учебная программа «Краеведение Жетысу» дает возможность приобрести глубокие знания и практических умения, развивать навыки критического мышления у студентов в рамках данной дисциплины.

Ключевые слова: Краеведение, туризм, экскурсия, рекреация, гид, имидж, брент, фестиваль.

D.C Kadyrbekova¹

¹ *Master in Education, Senior lecturer, 6537275@mail.ru
of the Kazakh academy sport and tourism*

T.V. Imangulova²

² *c.p.s., assistant professor, tanya_geo@mail.ru
of the Kazakh academy sport and tourism*

K.M. Omarov³

³ *c.p.s., KazNPU named Abai, city Almaty, kairat62@bk.ru.*

THE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING THE DISCIPLINE OF «ZHETYSU STUDY» IN PREPARING SPECIALISTS IN THE SPHERE OF TOURISM

Abstract

The article is about the training of a qualified specialist in the field of tourism, who is the demand of the modern times in the labor market. The Kazakh Academy of Sports and Tourism on the basis of the program «Bolashakka Bagdar: Ruhani Zhandyru» in order to study the native land, the discipline «Local History of Zhetysu» was introduced into the educational process. The study program of «Regional studies Zhetysu» provides an opportunity to acquire deep knowledge and practical skills, develop critical thinking skills of students within the framework of this discipline.

Keywords: Local studies, tourism, excursion, recreation, guide, image, brand, festival.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық Жолдауында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, 2000 жылдың 30 қыркүйегінде қабылданған «Білім» мемлекеттік бағдарламасы мен «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілгендей қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерлеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағды алу, ақыл-ой қорын жинақтау сияқты мақсаттарды көздейді.

Туризм - Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйым анықтаған ең негізгі кәсіби білімнің бірі. Сондықтан туризм бүгінде әлем бойынша бітіруші түлектер арасында кең танылып келе жатқан мамандық. «Қазақстан - 2050» стратегиясындағы 30 елдің қатарына кіру жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары, Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Қазақстан - алма мен қызғалдақтың отаны асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденгені отандық туризмді дамытудың қозғаушы күші. Шетелдік туристерді тарту үшін ЕХРО, 21-шы Орта Азиялық халықаралық көрмесі WorldFOOD, халықаралық туристік форумы Zhetysu Travel - 2018, Азия ойындары сияқты халықаралық спорт додалары, әлеуметтік, экономикалық, мәдени жиындар жиі өткізіледі. Халықаралық жиындар өткізудегі түпкі мақсат – елді таныту, түптеп келгенде, туризмді өркендету. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, мамандардың бәсекелік қабілетімен айқындалады [1].

Мамандар даярлаудың қазіргі заманғы жүйесі кәсіби құзыреттілікті теориялық меңгерумен қатар, оларды оқыту кезеңінде практикалық қызметте қолдана білуі. Осы қағиданы әлемнің жетекші елдері басшылыққа алады, дәл осы қағида туризм мамандарын қалыптастыру негізінде жетекші орын алады. Осы негізде жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша Туристік компаниялар, ұлттық табиғи парктермен Қазақстан туристік қауымдастығы мен бірлесе отырып, жыл басында 2018-2019 оқу жылында сұранысқа сай мамандықтардың оқу жұмыс жоспары жасалды. Жұмыс берушілердің де талап-тілектеріне сай жаңа пәндер, әдістер оқу бағдарламасына енгізілді. Қазақ спорт және туризм академиясы, туризм және сервис кафедрасында 5В090200-«Туризм» мамандығын дайындауда «Жетісу өлкетануы» деген пән таңдау компаненті ретінде енгізіліп, студенттерге арналған оқу жұмыс жоспары жасалды. Жетісу – өлкесінде туристерді таңғалдыратын тылсым табиғат, тарихи жерлер жетерлік сол себепті, «Жетісу өлкетануы» пәні ішкі және кіру туризмінің субъектілеріне туристік - экскурсиялық қызметті ұйымдастырумен айналысады, мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Жетісу өлкетануы кешенді ғылымдар түріне жатады. Ол табиғаттану, өнертану, әдебиет, тарих, этнография, топонимика, география мен байланысты. Жетісу өлкетануы өзінің түрі бойынша географияға жақын. Бірақ географияның Жетісу өлкетанудан ерекшелігі танымал адамдарға, ғылым тарихына жеке мән бермейді. Жетісу өлкетануы жекелеген тұлғаларды зерттеуге географияға қарағанда тарих ғылымына да жақын. Жетісу өлкетануының маңыздылығы да ерекшелігі де осында. Жетісу өлкетану зерттелетін аумақтың өткен тарихи оқиғаларының маңызын, осы өлкемен байланысты адамдардың, сәулеттік және археологиялық ескерткіштердің құндылығын, табиғаттың әсемдігін, сиректігін, маңыздылығын бағалайды. Жетісу өлкетанудың тәрбиелік ролі өте үлкен, географияда өлкетану ғылым ретінде неғұрлым тәрбиелеуші студент, тек қана өз өлкесін сүйе ғана емес, өз өлкесі туралы білімді сүйе үйретеді. Жетісу өлкетанумен шұғылдану тек қана тарих, әдебиеттану, табиғаттануды білу ғана емес, сонымен қатар өзінің мәдени деңгейін жоғарлатуға, мұражайлық және архивтік сақталымдарды көбейтуге, мамандармен байланысуға, ғылыми әдебиетті оқуға бағытталады.

Пәннің мақсаты – студенттерге ішкі және кіру туризмін дамыту үшін Жетісудың туристік-рекреациялық (облыстың, аудан, қала, ауылдың мәдениеті, тарихи-мәдени объектілерді, археологияны, топонимиканы, табиғаты, халқымен шаруашылығының мәнін ашатын) ресурстарын зерттеу жұмысын жүргізе алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған маман дайындау.

Студенттерді оқытуда пәннің міндеттері:

➤ Жетісу өлкетануының ғылыми және практикалық негіздерімен, оның мәнімен, міндеттерімен, түрлерімен, туристік-экскурсиялық қызмет көрсету үшін мамандарды дайындау жүйесіндегі орнымен таныстыру, белгілі бір аймақта жұмыс істеу үшін ғылыми зерттеулер ұйымдастыру принциптерін зерттеу.

➤ Туристік экскурсиялық бағдарламаларды жасау үшін Жетісу өлкетануы ақпаратының негізгі көздері туралы білім жетілдіру, студенттерді Жетісу өлкесіндегі экскурсия жүргізуші және гид мамандығының негізін құрайтын дағдыларға үйрету.

➤ Туристік бизнесте пайдалану мақсатында Жетісу өлкетану білімдерін жүйелеу және ақпарат іздеу бойынша студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

➤ туризм индустриясының жоғары білікті маманы тұлғасын дамыту үшін қажетті сапаны қалыптастыру.

Жетісу өлкетануы пәнін оқытуда студент білуі керек:

➤ Жетісу өлкесінің физикалық-географиялық сипаттамасын білуі;

➤ Жетісу өлкесі тарихи дамуының негізгі кезеңдерін білуі;

➤ Жетісу өлкесіндегі қалалық мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктерін білуі;

➤ Алматы қаласының урбанизация кезеңдерін білуі.

Студент орындай алуы керек:

➤ Елдің жалпы тарихының контекстінде белгілі бір аймақты зерттеуді ұйымдастыруды;

➤ Жетісу өлкесінің оң имиджін қалыптастыруды;

➤ Бірегей өнім жасау үшін көптеген әдебиет көздерімен жұмыс жасауды.

Студенттің тәжірибелік дағдылары: Жетісу өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруды реттейтін технологиялық құжаттармен жұмыс істей алуын қалыптастырады, жетісу өлкесі бойынша экскурсиялық маршрут құру .

Күтілетін нәтиже: Студент пәнді оқығаннан кейін білімі мен қабілетін болашақ Жетісу өлкетануын кәсіби мамандығында сәтті пайдалана алады.

Негізгі құзыреттілігі - Кәсіби іс-әрекетте жаратылыстану пәндерінің заңдылықтарының негізіне сүйене отырып, қоршаған ортаға көзқарас, әлеуметтік және жеке маңызды мәселелерді сараптау және түсіну.

Пәндік құзыреттілігі - Жетісу өлкесінің географиялық, тарихи, этнографиялық, мәдени, табиғатын, халқын, туристік - рекреациялық объектілерін, шаруашылығын меңгереді.

Арнайы құзыреттілігі -Жетісу өлкесінің туристік өнімнің ақпаратты технологияларды тәжірибеде қолдану.

«Жетісу өлкетануы» пәні бойынша барлық мақсаттар мен міндеттер қазіргі уақытта табысты іске асырылуда. Сонымен, пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес, студенттер Жетісу өлкетануы материалдарын іздеу, жүйелеу, түсіндіру және таныстыру бойынша ауқымды зерттеулер жүргізеді.

Жетісу өлкетануы пәнін студенттерге оқытуда келесідей аудиториялық сабақ түрлері дәріс курсына бірінші модуль Өлкетанулық аспектідегі Жетісу тарихы бойынша: Пәнге кіріспе, пән бойынша түсінік беретін аппарат, пән бойынша әдебиеттер тізімі жайында; Жетісудың физикалық-географиялық сипаттамалары; Қола дәуірінен ХХ ғасырға дейінгі Жетісу территориясындағы өлкенің тарихы; Жетісу аумағындағы ежелгі қалалар; Ұлы Жібек жолы - өркениеттер арасындағы көпір; Алматы: урбанизация кезеңдері.

Ал екінші модуль Жетісудың ірі зерттеушілері мен ұйымдастырушылары: 1856-1857 жылдары Верный қаласындағы П.П.Семенов; Ш.Уалихановтің Жетісумен байланысты өмірі; Г.А. Колпаковский – «Жетісудың білгірі»; Сәулетшілер Зенковтың дәуірі; Верный сәулетшісі П.Гурде; Жетісудағы И. Мушкетов, Н. Пржевальский, П. Краснов. қарастырылады дәріс курсына осы жоғарыда аталған тақырыптар бойынша жалпы ақпарат беріледі [2].

Ал практикалық сабақта: Жетісу өлкесінің физикалық-географиялық орналасуының ерекшелігі; Жетісу қоладан ХХ ғасырға дейін әлеуеті; Ежелгі қалалардың қазіргі жағдайы, қазба жұмыстары, зерттеу, консервациялау; Ұлы Жібек жолының Жетісу қаласының мәдениетіне әсері; Алматы тарих толқынында; Жамбыл Жабаяев-Жетісудың ақын жыршысы музейі жайында ақпарат беру, Мұқағали Мақатаев Жетісудың мұзбалақ ақыны музейі жайында ақпарат беру, Сүйінбай Аронұлы Жетісудың ақын жыршысы ретінде танылуы музейі жайында ақпарат беру, Ақсу ауданы мен Алакөл ауданы, Қаратал ауданы мен Балқаш ауданы, Сарқан ауданы мен Көксу ауданы, Кербұлақ ауданы мен Панфилов ауданы, Ескелді ауданы мен Іле ауданы, Жамбыл ауданы мен Қарасай ауданы, Талғар ауданы мен Еңбекшіқазақ ауданы, Ұйғыр ауданы, Райымбек ауданы, Кеген ауданы жайында туристік-рекреациялық ақпарат жинау арқылы студенттер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді [3].

Жетісу өлкетануы пәнін студенттерге теориялық және практикалық сабақтарды оқыту барысында сын тұрғысынан ойлану технологиясы қолданылады, студенттің тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін INSEPT – оқыту стратегиясын пайдалану бастапқыда және қортындылауда өте тиімді нәтиже береді [4].


«V» - білемін;

«->» - білмеймін;

«+» - мен үшін жаңа ақпарат;

«?» - мені таң қалдырды белгілерін қоя отырып оқу тапсырылады.


INSEPT – оқығанын түсінуге, өз ойын басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал.Бұл әдістер арқылы студенттерді Жетісу өлкетануы пәнін оқытуда жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құрауға дағдыландыру (1 - сурет).



1-сурет Студенттердің бұрынғы білетін білім мен жаңа ақпарат арасындағы байланыс [4].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде студент «Жетісу өлкетануы» пәнінен не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

«Жетісу өлкетануы» пәні бойынша жаңа материалды меңгеру барысында, әр студент немесе бірнеше топ өздеріне берілген бейнебаян, ақпарат негізінде «Фишбоун» стратегиясы бойынша сұрақтарға жауап іздеу арқылы жаңа материалды өз беттерімен меңгереді (2 – сурет).



Сұрақтар:

1. Жетісудағы алғашқы елді мекендер қашан құрылды?
2. Жетісудағы Қорған мәдениетінің ерекшеліктері?
3. Жетісу аймағындағы қола дәуірінің қандай ескерткіштері сақталған?

2 - сурет Студенттердің «Фишбоун» стратегиясы бойынша сұрақтарға жауап іздеу арқылы жаңа материалды өз беттерімен меңгерту [5].

Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді.

Қазақ спорт және туризм академиясы туристік кадрлар дайындап шығаратын жоғары оқу орындарының бірі, осыған байланысты академия студенттеріне жыл сайын Жетісу өлкесінде тәжірибелік сабақтар өткізеді, яғни, «Жетісудың алтын шеңбері» туристік бағыты бойынша студенттер ұлттық парктердің туристік нысандарымен танысады. 1480 шақырымды құрайтын бағытта 15 табиғи нысан мен 3 музейді танып біледі. Бұндай ауқымды тәжірибелік сабақты студенттерге өткізу мамандардың болашақ жұмысында пайдалануы өте маңызды болып табылады (3 – сурет).



3-сурет. Қазақ спорт және туризм академиясы студенттерінің «Жетісудың алтын шеңбері» туристік саяхат бағыты бойынша тәжірибелік сабақтары.

Қорытынды. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, студенттің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, студент өзінің академия қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктеріне қолдана білуі. Рухани жаңғыруға байланысты өлкені тану бағдарламасы бойынша жаңа пәндердің пайда болуы бұл бүгінгі күннің өзектілігіде осында жастарымыздың болашағы үшін

іске асырылуда. Осының негізде Жетісу - өлкесінде туристерді таңғалдыратын тылсым табиғат, тарихи жерлер жетерлік. Жетісу өлкесінің көптеген ерекше нысандарын, тарихи ескерткіштерін, мәдениеті мен табиғатын жоғарғы сапада көрсетуге, туристік фестивальдарды жоғары деңгейде ұйымдастыруға, бренд ретінде қалыптастыруға, сол өлке жайында туризм саласының мамандарына ақпараттануы бойынша толықтай зерттеу, теория мен практиканың байланыс принципі тұрғысынан Жетісу өлкесі жайлы материалдарды терең меңгерумен қатар игерген білім, дағды мен біліктерін маман ретінде орынды пайдалануы қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. [Электрондық ресурс] кіру режимі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. Әуезов Е.К., Лютерович О.Г., Оразымбетова Б.К., Құлбашиева С.Қ. Алматы жолсерігі 2009. 18-232б.
3. Туристік Атлас Алматы облысы, 2018.
4. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері: жоғарғы оқу орны білімгерлеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім 2009. 305б.
5. A'disteme.kz Әнесов Ғани Әбдіхамитұлы, Педагогикалық әдіс-тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы.

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY**

ӘӨЖ930.1
ГРНТИ 03.01.09

Е.Қ. Күлдібаев.¹

*¹т.ғ.к., Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы қ,*

**АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ**

Аңдатпа

Академик М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми ұстанымдары мен танымал еңбектері қоғамда өзіндік орын алады. Кеңес өкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесінің шарықтап тұрған кезіне қарамастан қазақстан тарихы ғылымының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан тарихшы ғалым ретінде бағалаймыз.

Академик М.Қ. Қозыбаев «Қазақ халқы босағасы берік, шаңырағы биік мемлекет болған екен, ендеше, оған өзіне лайық тарихы да жазылуы қажет» деп өз бағасын бере келе төл тарихымыздың, жас ұрпақтың тарихи санасын көтеруде аянбай еңбек еткен ғалымның қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліске баға береді.

Түйін сөздер: тарих, қозғалыс, батыр, отаршылық, хан, көтеріліс

Кулдибаев Е.К.¹

*¹к.и.н., доцент, Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова,
г. Алматы*

**ИСТОРИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ
В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА**

Аннотация

Научные изыскания и признанные труды в общественной сфере академика М.К. Козыбаева имеют огромное значение. Даже при совпадении научно-организаторской и общественной деятельности ученого-историка в условиях патернализма КПСС с периодом расцвета командно-административной системы, он внес своеобразный вклад в становление и развитие казахстанской исторической науки.

В научной статье рассматриваются научные взгляды и оценки и методологические подходы исследования Восстание под предводительством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова национально освободительного движения казахского народа 1837–1847 гг. под предводительством Кенесары Касымова, Национально-освободительное движение 1916 г.,

. Ключевые слова: история, движение, батыр, колониальная, хан, восстание

Kuldybaev E.K.¹

¹ Candidate of Historical Sciences Kazakh National Academy of Arts named after TK Zhurgenov, Almaty city

THE HISTORY OF THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT IN THE WORKS OF ACADEMICIAN M.K KOZYBAEV

Annotation

Scientific researches and recognised works in public sphere of academician M.K.Kozybaeva have huge value. Even at coincidence scientifically-organising and public work of the scientist-historian in the conditions of a paternalism of the CPSU with the blossoming period it is command-management system, it has brought original the contribution to formation and development of the Kazakhstan historical science.

Scientific article considers scientific vzlyady and assessments and methodological approaches to the investigation. The rebellion led by Isatay Taimanov and Makhambet Utemisov of the national liberation movement of the Kazakh people 1837-1847. under the leadership of Kenesary Kasymov, the National Liberation Movement of 1916,

Keywords: history, movement, hero, colonial, khan, insurrection

Қазақстан Республикасы – қазақ халқының тәуелсіз ұлттық мемлекеті. Осы тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуында қазақ халқының талай ғасырларға созылған сыртқы жауларға қарсы ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазақ даласындағы осынау ұлт-азаттық көтерілістердің еліміздің ұлт боп ұйысып, мемлекет болып қалыптасудағы маңызы зор болғанын атап өтуіміз қажет. Елінің болашағы мен жерінің егемендігін аңсаған, сол үшін аянбай күрес жүргізген батырларымыз бен зиялы қауымның ерліктерін де бей-жай қалдыра алмаймыз. Кеңес кезеңінде айтылмай қалған тарихи ақтандақтарымыз еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңаша көзқараста тарих беттерінде шыға бастады. Халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды. Ел тарихының айтылмай қалған сырларын жарыққа шағаруда тарихшы ағаларымыз мықтап қолға ала бастады. Көптеген тың тарихи еңбектер жарыққа шыға бастады. Солардың бірі академик М.Қ. Қозыбаев. Оның тікелей ұйытқысымен тарихи зерттеулер методологиясының мәселесі, жинақталған тарихи білімдерді қайта пайымдап, Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық даму тарихын, жақын, алыс шетелдермен қарым-қатынасына байланысты мәселелерді отандық тарих ғылымының өзекті бағыттарына айналдырды. Атап XX ғасыр басындағы ұлт интеллигенциясының қалыптасу үрдісі, ұлт-азаттық қозғалыстар тақырыбы бойынша зерделеуде зерттеудің концептуалдық тұжырымдамаларын жасады.

Тарихқа көз жүгірсек XX ғасырдың басында Қазақстан, Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы отарлық өлкесі болды. Қазақ халқының басым көпшілігі, бір жағынан, патша үкіметінің отарлау саясатының қасіретін, екінші жағынан, ауылдағы бай-шонжарлардың езгісінің ауыртпалығын көтерді. Сонымен қатар қазақ жерінің шұрайлы жерлері мен табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады. Осындай қазақ халқының басына түскен ауыртпалық күн санап күшейе берді. Патша үкіметінің отарлау саясаты өзінің шырқау шегіне жетіп күшейген сайын халықтың қарсыласу қозғалыстары да арта түскені белгілі.

Ғалымдар арасында “Тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды” деген сөз бар. Манаш Қабашұлы Қозыбаев біраз жылдар бойы негізгі тарихтың салалы мәселелерімен шұғылданып, көптеген шешімін таппаған күрделі мәселелерді шешуге, оның астарына үңілуге тырысты. Бұл жайында академик Кенжеғали Сағадиев: “Кеңес заманасы дәуірлеп тұрған кездің өзінде-ақ М. Қозыбаев Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ тарихшыларының басын қосып, Ресейдің отаршылдық саясатын талдап, ұлт-азаттық қозғалысының ортақ заңдылықтарын ашты. Оларды әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігінде қарауды ұсынды

М. Қозыбаев қазақ халқының тарихын жазу барысында бұрындары зерттелінбей немесе зерттелуге тиым салынған, яғни “ақтандақтар” аталынған мәселелерді көтеруді ұсынды. Ол Қазақстан тарихындағы ақтандақ беттеріне қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының көршілес шығыс халықтарымен тарихи байланысы, Қазақстандағы мемлекеттердің пайда болу тарихы, патша өкіметінің отарлау саясаты, Ресейдің аз халықтарының тағдырына деген көзқарасы, капитализм және

империализм дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалысының ғылыми концепциясы, Ресейдегі үш революция, азамат соғысы кезеңіндегі саяси-қоғамдық ағым, партиялардың тарихи сырын ашу, қазақ халқының феодалдық-патриархалдық қарым-қатынас, рулық идеология және отарлық режим үстем кезінде қалыптасқан интеллигенцияның тарихы, ислам дінінің қазақ сахарасында таралу тарихын жатқызды [1, 41-42-б.].

М. Қозыбаев ұлт-азаттық қозғалыстың сатыларын, белестерін, асуларын саралап ашып көрсетуге тырысты. Ол ұлт-азаттық қозғалыс барысын 7 кезеңге бөледі. 1-ші кезеңге қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысын жатқызды. Бұл кезеңді айқындауда ғалым Г.К. Катанаевтың, Р.Г. Кузеевтің, А.П. Дульсиннің, Н. Карамзиннің еңбектерін қолданады. Бұл кезеңде Сібір халқының шапқыншыларға қарсы 1590-1617 жылдар аралығында 30-дан астам қарсылық көрсеткендігін, Көшім хан мен оның балалары Ешім, Абылай, Дәулеткерей орыс мемлекетінің шапқыншыларымен ұзақ жылдар арпалысқа түскендігін келтіреді. 2-ші кезеңде қазақ елінің Жетісу, Сыр бойы жоңғарларға, Қоқан-Хиуа хандықтарына тәуелді болып, жоңғарларға қарсы Отан соғысы болғандығын, бұл кезеңде үш жүздің басы одан әрі бірігіп, ұлттық дәрежеге көтерілгендігін айтса, ал 3-ші кезеңде қазақ халқының Ресейге бодан болуға қарсылық білдіру барысын ашады.

Ұлт-азаттықтың 4-ші кезеңіне патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы көтерілген Сырым Датов, Исатай Тайманов көтерілісін жатқызады. “Саяси дағдарыс, қазақ мемлекеттігінің соңғы атрибуттарының жойылуы, халықтың тұтастығы ыдырап, Ресей әкімшілік жүйесіне енді, шаруалардың жерсізденіп, құм шөл, шөлейт далаға ысырылуы – осының бәрі халық басына күн тудырды. Сырым Датов, Исатай Тайманов көтерілістері міне осындай сәтте шықты”, – деп келтіреді.

Ал 5-ші кезең барысына Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісті жатқызады. “... хан Кене бастаған көтеріліс ұзақ жылдарға созылған, патша өкіметімен дала мемлекеттігінің мұрагерінің айқасы серпінді, Европаға даңқы жеткен ең ірі қозғалыстардың бірі еді”, – дейді.

М. Қозыбаев 6-шы кезеңге ХХ ғасыр басында қалыптасқан зиялы қауым өкілдерінің патша саясатына мерзімді баспасөз арқылы қарсы шығуы мен патша жарлығына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ұласуы барысын, ал 7-ші кезеңге 1917 жылғы Ақпан мен Қазан революциясын жатқызады [2, 22-28-б.].

М. Қозыбаев ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда ұлт-азаттық қозғалысы тарихының алар орны мен ерекшелігін жоғары бағалаған. Ол ХVIII-XIX ғасырларда болған ұлт-азаттық қозғалыс тарихы мәселесіне де тоқталып, Қазақстан тарихнамасында бұл тақырып қалай бағаланғандығын ашып көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, ұлт-азаттық қозғалыс империя тұрғысынан және аталмыш ғасырлар аралығындағы көтерілістер бір-бірінен бөлшектеніп қаралған. ХVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін 300-ге жуық көтерілістің болғандығын, бір ғана Кенесарының көтерілісі емес, Сырым, Исатай, Махамбет көтерілістерінің әрқайсысы ғасырларға созылған осы ұлт-азаттық көтерілістің бөлігі екендігін айтады. Ұлт-азаттық көтерілістерді әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының тұғырымен теңдестіру керек дейді [2, 102-б.].

Ғалымның методологиялық пікірлерді айта отырып, осы уақытқа дейін жеке-жеке қарап келген ұлт-азаттық көтерілістерді тұтас алып қарастырады. Бұл методологиялық көзқарастың күштілігі ұлтты, оның отаршылдықпен күресін біртұтас етіп қана емес, бір сипатты, бір мақсатты екендігін көрсете білді.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың қолбасшылығымен болған көтеріліс маңызды орын алады. Өйткені, бұл көтеріліс хан төңірегіндегілердің қанаушылығына қарсы, патшалық Ресейдің Кіші жүздегі отаршылдық саясатына қарсы болған күрес еді. Манаш Қабашұлы ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі Исатай Таймановтың туғанына 200 толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзінде Исатай мен Махамбет бастаған 1836-38 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысын қазақ халқы тарихының келелі бір кезеңіне жатқызады. Ол көтерілістің шығу себептеріне тоқталады. Оның бір себебіне патша үкіметінің қолдауына сүйене отырып, феодал, бай-шонжарлардың жерді, тіпті ішер суды иеленуін, екіншісіне халыққа көрсеткен шектен тыс озбырлығын, үшіншісіне, барлық биліктің бүкіл бір орталыққа шоғырландырылуын жатқызады. Осы жәйттер ғасырлар бойы ең даланы жайлап, өзен бойын бойлап, еркіндік аңсаған қазақты бір сәтте бас бостандығынан айырды. Қарапайым қара шаруа қолында жері, суы, билігі бар адамдарға тәуелді болып қалды. Оның үстіне патша реформасының қызығын ауқатты адамдар ғана көрген еді.

Ғалым таптар арасындағы теңсіздік, төрелердің өктемдігі Исатай мен Махамбеттің көтерілісіне алып келді дейді. Көтеріліс барысына тоқталғанда Исатай мен Махамбеттің есімдерінің қатар болуын әділдікке санайды. Ол Исатайды көтерілістің сардары, көсемі, қол бастар батырына, ал Махамбетті ел-жұртты дабылдатып, көтеріліс рухына көтерген батыр жырау, көтеріліс жыршысына жатқызады. Тоқ етері, Исатай мен Махамбетті ғажайып бірлікті, ерлікті, елдікті білдіретін біртұтас тарихи тұлғалар, бірінсіз екіншісі жоқ, күш пен рухтың символы, деп бағалайды.

М. Қозыбаев Исатай батырдың сом тұлғасын даралап алып қарау, оның парасатын, тектілігін, батырлығын, аңғалдығын, халықпен біте қайнаған бірлігін, Махамбетпен достығын таразылауды ұсынады [2, 115-120-б.].

Махамбет турасында жазған еңбегінде ғалым оны көп батырлардан артық көретіндігін айтады. Оның артықтығы батырлығы ғана емес, ақындығы, дауылпаздылығы, батылдылығы, ақылдылығы болса керек. Автор Махамбетті дауылпаз ақын, батыр ғана емес, ұлт-азаттық қозғалысының тарихында бұрын-сонды көрмеген трибун, жыршы ақынға теңейді. Оның жырларын атақты Ақтамберді жыраудың жырларымен салыстырады, теңестіреді.

Махамбеттің көтеріліс барысында жырымен сарбаздарға рух беруін оның бойындағы басты ерекшелікке, ал батылдығын бірбеткейлікке жатқызады. Баймағамбет сұлтанға тайсалмай оның зұлымдығын бетіне басуын екінің бірінің қолынан келмейтін іске теңейді. Исатай қолбасшы болса, рухты, аруакты ту ұстар жолбасшысы, серігі Махамбет екендігін асқақтата айтады.

Исатай мен Махамбеттің есімдерінің қатар айтылуын табиғи құбылыс дей отырып, Исатай қолбасшы болған қозғалыс Махамбетсіз дәл сол дәрежеге көтерілмейтінін тұжырымдайды. Сөйтіп, Махамбеттің феномендігін шаруалар көтерілісінің рухани көсемі, жолбасшысы болуынан дейді.

Манаш Қабашұлы Махамбет шығармашылығының басты өзгешелігі, оның трибундығы көтеріліс мүддесінен туындағандығынан, өмірдің талабына тікелей бағындырылғандығынан деп санайды. Оның бір өлеңі қозғалыстың негізгі мақсатын бағдарласа, ал екіншісі отаршылдарды, олармен ауыз жаласқан хан Жәңгірді, сұлтан Баймағамбетті әшкерелеп, былайша айтқанда қозғалыстың кімдерге қарсы бағытталғандығын ашып көрсетеді дейді.

“Махамбет – ақын – дабылды жырдың атасы, ол ғажайып трибун ақын. Оның жырлары жалаулы найзадай алыстан көрініп, қоңыраулы найзадай жер астынан естіледі. Ақын өлген жанды тірілтіп, шала-жансар жаралы жанды атқа мінгізіп, жорыққа аттандырады.

Махамбет жыры – тарихи негізге сүйенген. Оның әрбір өлеңі тарихи болған оқиғаның куәсі. Махамбет жырларының осы бір құжаттық құдіретін тарихшы қауым толық аңғара алмай келеміз.

Махамбет жырлары – тарих куәсі, замана сыры, замана үні. Махамбет жыршының, көтерілістің рухани көсемінің, қазақ поэзиясының алыптарының бірі, шын мәнінде дауылпаз ақынның тағы бір құпиясы осында қадырменді тарихшы қауым! Ақтамберді – Бұқардан – Махамбетке, Махамбеттен – Абайға, Абайдан – Мағжан – Қасымға тартылған поэзия керуенінде Махамбет жыры дабылдық үнімен, тарихи сырымен ерекше орны алары хақ”, – деп, ақынның қас батырлығы мен қайсарлығын, досқа адалдығы мен сертке беріктігін дәріптейді. Оның жырындағы тарихилықтың молдығын аса маңызды құжаттармен теңестіреді [2, 121-125-б.].

Ұлы державалық шовнизмге, отаршылдық саясатына қарсы күрескен халық қаһармандарының бірі – Кенесары Қасымұлы. XIX ғасырдың 30-40 жылдарында болған Кене хан бастаған азаттық қозғалыс “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан” кейін, араға бір ғасыр салып елдің елдігін көрсеткен ұлы оқиға болды. Ұлт азаттық қозғалыс мәселесін қараған М. Қозыбаев қайсар тұлғаның ұлттық тарихымызда алатын орнын айқындап көрсетуге тырысты. “Абылай хан – Кенесары” жинағына енген “Хан Кене” деп аталған еңбегінде Кенесары хан хандық билікті қалпына келтіремін деп күрес бастаған атасы Абылай мен әкесі Қасымның жолын қуғандығын, оның көтерілісі қазақ халқының егемендігі үшін болған көтеріліс екендігін дәлелдейді. Ғалымның пайымдауынша, Кенесары күресі біріншіден, дала демократиясына негізделген сипаты бар күрес, екіншіден, патша үкіметіне жағымпазданған сұлтандарға, билерге, батырларға қарсы күрес.

Автор Кенесары хан көтерілісін 1785-1797 жылдары болған Сырым Датұлының көтерілісімен үндестіреді. Бұл екі көтерілістің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстырады. Сырымның да, хан Кененің де қозғаушы күштері қара шаруа екендігін, ал ерекшеліктеріне Сырым батырдың бастаған қозғалыстың реформаторлық қасиетінің жоғарылығын, ал хан Кене бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың отаршылдыққа қарсы елдің егемендігін, мемлекеттігін негізгі күрес мотиві етіп, күн тәртібіне қойғандығын жатқызады. Бұл екі қозғалыстың көптеген әлеуметтік, таптық, топтық наразылықтардан шоқтығы биік деп тұжырымдайды.

Манаш Қабашұлы кеңес тарихнамасынағы Кенесары Қасымов көтерілісі жайында жазылған тұжырымдарға келіспейді. Кенесарыны казактардың жерін тартып алушы есебінде ғана көрсетілуі дұрыс болғанымен, жеткіліксіз екендігін баса айтады. Керісінше, ғалым орыс мемлекетінің казак жеріндегі ең құнарлы, өзен жағалауындағы жерлерді осы казактарға беруі мен ірі әскери қорғандардың салуын отаршылдықтың көрінісі екендігін көрсетеді. Сондықтан хан Кене тек жер үшін ғана емес, бүкіл бір өркениетті қорғаушы санатынан табылу керектігін айтады.

Хан Кененің бейнесі әдебиетте, тарихта дұрыс суреттелмей жүргендігі ғалымды аса қынжылтты. Ол Кенесарының хандық билік үшін таласқан, арпалысқан, өте қатал, сұм тиран санатында емес, отаршылдыққа қарсы күрескер жан ретінде бағалау керек дейді.

Кеңес тарихнамасында “баукеспе”, “қарақшы” бейнесінде сомдалуы, тарихи тұлғаның аяққа тапталуы, қадір-қасиетін жете түсінбеуінен деп көрсетеді. Ол казак жерін аралаған шетелдіктердің жазбаларында Кенесарының қасиеттерінің шынай суреттелуін мақтаныш тұтады. Әсіресе казак сахарасында жеті жыл өмірін өткізген, ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның Кенесарыға берген портретін болашақ тарихшылар есепке алса деген пікірде болды.

М. Қозыбаев Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысты патша саясатына қарсы бүкіл казак даласын толықтай қамтыған қозғалысқа жатқызады. Хан Кененің дипломаттық ерекшеліктерін көтере отырып: “Міне, осылай Кенесары казак халқының біртұтастығын Ресей империясының қарамағында егеменді ел дәрежесінде сақталуын көкседі. Ол онда ақ патшаны, Ресейді бейбіт өмір сүруге шақырды”, - деп түйіндейді [3, 77-89-б.].

Ғасыр басындағы казак ұлт-азаттық күресінің көш бастаушылары тәуелсіздікке қол жеткізуде реформалық жолды таңдады. Екі ғасырдың түйіскен шенінде ұлт-азаттық бағыт шешуші роль атқарды. М. Қозыбаев ұлт-азаттық қозғалысты жете қарау мәселесін ұсынады. Бұл ретте мұсылмандардың саяси қызметі мен олардың азаттық жолындағы қозғалысына мән бере зерттеу қажеттігін де баса көрсетеді.

Ғалым 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын Қазақстан тарихының келелі мәселелерінің біріне жатқызады. 1905-1906 жылдарда болған бүкілресейлік мұсылмандардың съездері, Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы туралы, казак халқының атынан депутат болып сайланған азаматтардың қызмет барысын, олардың казак мәселесі туралы сөйлеген сөздері мен істерін нақтылауда дәлелді фактілер келтіре отырып, мәнін аша түсуге тырысады.

“XX ғасырдың тарихын айтқанда, ұлт тағдыры сөз болары хақ”, – дей отырып, казак халқының ұлт болып қалыптасуының ел басына күн туған кезде барлық тайпалар бір тудың астында біріккендігін, Ресей империясының қол астында қалған заманда бірнеше губернияға бөлінсе де казак өзінің біртұтастығынан айырылмағандығын, ұлттымыздың ұлттық қасиетінен айыруға қауіп төндірген кездерде төтеп беріп, ұлттық мүддені бақталастықтан жоғары қоюды түсінгендігін көрсетеді [4, 8-10-б.].

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мәселесін көтергенде ғалым біріншіден, осы тақырыпқа жазылған еңбектермен, ғылыми материалдарға сүйенеді. Бұл 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Отан тарихында көп жазылғандығын, алайда бұл еңбектерде Торғай орталығына аса зор көңіл бөлініп, Ә. Жанкелдин саяси ықпал жасаушы, А. Иманов кедей, жарлы-жақыбайларды бастаушы, ал бай-молдалар, алаш зиялылары сатқын есебінде көрсетіліп келгендігін баса көрсетеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс большевизм ықпалында болмағандығын, бұл патша өкіметіне қарсы наразылық жалпыхалықтық сипат алғандығына тоқтала отырып, осы көтерілістің ең негізгі үш ошағын атайды. Оларға: Торғай ошағын, Жетісу ошағын, Шу-Талас ошағын жатқызады. Осы ошақтардың ішіндегі Шу-Талас ошағын казак сахарасындағы көтерілісті Орта Азияға ұштастырған алтын көпір деген тұжырым айтады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың көздеген мақсаты ұлт бостандығы, отаршылдық саясатқа қарсылық екендігін көрсетеді. Бұл көтеріліс басында ел сайлаған хандар, сардарбектер болып, халықты еркіндікке, тәуелсіздік үшін күресуге алып шыққандығын, сондай-ақ көтерілісшілер ортасында казактың зиялы қауым өкілдері мен басқа ұлт өкілдерінің (қырғыз, дұнған, ұйғыр, орыс) болғандығын да атап өтеді [5, 21-25-б.].

2001 жылдың жаз айында “Ақкөз батырға” арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жасаған “1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың Ыстықкөл-Шу ошағы” атты баяндамасында осы Ыстықкөл-Шудағы көтерілісіне М. Тынышпаев 1916 жылдың өзінде баға бергендігін, осы өңірдегі көтеріліске қатысқан батырлар мен Ақкөз батырды патша үкіметінің соттау

процесі Т. Рысқұловтың еңбегінде жан-жақты түрде жазылғандығын келтіреді. Ақкөз батыр бастаған Шу жеріндегі көтеріліс барысын айқындайды [6, с. 14-28].

“Тағы да Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы” еңбегінде: “Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс осы ұлан-ғайыр өлкені мекендеуші халықтар өміріндегі айтулы кезең болды. Қозғалыстың жаппай бұқаралық сипат алуы, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қамтуы, қозғалыс барысында жалпы ұлттық ұрандардың көтерілуі және жергілікті халық мүдделерінің ортақтығы елде революциялық дағдарыстың онан әрі өрлеуіне, халық бұқарасының патша өкіметін қыспаққа алуын күшейтуге әкеліп соқты”, - деп жаза отырып, осы 1916 жылғы қозғалыстың мақсаттарын, сипатын және қозғаушы күштерін айқындап береді [2,125-126-б.].

Ғалым “Алаш зиялылары 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысын сатты ма?” деген сауал төңірегінде өз ойын өрбітуге тырысады. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс төңірегіндегі айтқандарын таразыға салып, талдауға тырысады. А. Байтұрсыновтың “Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз. ...бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артында қалған әкешесін, қатын-баласын шулатқан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер ешнәрсе жоқ” деуінің, сондай-ақ Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың қол қойған үндеулеріндегі “Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік...”, “Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар” деген екі альтернативаның астарында қазақтың этникалық тұтастығын, оның болымысын сақтауды көздеуі жатқандығын ашып көрсетеді [7, 39-40-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы “Қазақ университеті”, 1992.
2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994.
3. Қозыбаев М. Хан Кене // Абылай хан – Кенесары. – Алматы, 1993.
4. Қозыбаев М. Аласұрған XX ғасыр // Қазақстан в начале XX в. – Алматы, 1993.
5. Қозыбаев М. Қазақстанның XX ғ. тарихын зерделеу проблемалары // Отан тарихы. – 1999. – №4.
6. Козыбаев М. Иссюкульско-Чуский очаг национально-освободительного движения 1916 года // Ақкөз батыр (1916 жылғы көтеріліс). – Алматы: Қазақпарат, 2001.
7. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001.

УДК 94(574) (075.8)

МРНТИ 03.03.20.

ПУТЬ МУХАМЕДЖАНА ТЫНЫШПАЕВА К НАУЧНОМУ И ТВОРЧЕСКОМУ НАСЛЕДИЮ

Тулбасиева С.К.¹

¹к.и.н., Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

Аннотация

У казахской интеллигенции 20-30 годов XX века сочетались блестящая образованность, утонченная культура, природное свободомыслие, глубокий, не показной патриотизм, редкие таланты и неистощимый дух исследователя. Эти люди были разных профессии: учителя, инженеры, юристы, экономисты, врачи. Они знали не только турецкий и славянские языки, но и хорошо владели араб-персидским, английским, немецким, французским языками. В числе казахской интеллигенции были разносторонне талантливые люди. Одним из представителей и был первый казахский инженер-историк Мухаметжан Тынышбаев. Статья анализируется изучения истории становления Мухамеджана Тынышбаева как ученого и его научного наследия.

М.Тынышбаев-(1879-1938гг.) – один из ярчайших представителей казахской демократической интеллигенции, сформировавшейся в начале XX века, видный общественно-политический деятель, один из первых казахов, получивший высшее инженерное образование. Вместе с тем он был большим знатоком истории, культуры, быта казахов, оставивший после себя интересные исследования по истории родного народа и ряд работ по краеведению.

Ключевые слова: М.Тынышбаев, история, культура, казахский народ, просвещение, интеллигенция, казах, генеалогия, культура, инженер-историк.

С.К. Тулбасиева¹

¹т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

МҰХАМЕТЖАН ТЫНЫШБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫ

Аңдатпа

XX-ғасырдың 20-30 жж. қазақ халқы тарихының қалыптасып, ғылым ретінде дамуына ат салысқан ғалымдар шоғыры өздерінің білімділігімен, қажырлы еңбектерімен, табиғат берген таланттарымен отан тарихын зерттеу ісімен ғана емес, ел мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосты. Сондықтанда олардың қоғамда алар орны тарихи, әлеуметтік ұғымдармен ұштасып жатыр. Отан тарихы бойынша терең зерттеулер жүргізіп, келелі ой-тұжырымдар айтқан тарихшылар зиялылар қауымында ауқымды орын алатыны белгілі.

Мақалада сондай зиялық қауым өкілдерінің бірі қазақтан шыққан тұңғыш инженер, әрі тарихшы Мұхаметжан Тынышбаевтың ғылыми және шығармашылық қызметінің қалыптасу жолына талдау жасалады.

Мұхаметжан Тынышбаев тарихшы ғалым ретінде қазақ халқының арғы-бергі тарихының жекелеген мәселелерін үлкен сүйінішпен және барынша ыждақаттылықпен зерттеген. Олардың қатарында халқымыздың ауызша айтылған және қағаз бетіне түскен (жазбаша) шежіресі, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда яғни қазақ-жоңғар соғысының тарихы әсіресе оның халқымызды «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан қасіретке толы кезеңі, Өз-Тәуке сияқты мемлекет қайраткерлерінің тағдыры, өлкетану мәселелеріне арналған зерттеулері мен ой-толғамдары бар еңбектеріне талдаулар жасалынады.

Кілт сөздер: Тынышбаев М., тарих, мәдениет, қазақ халқы, білім, интеллигенция, қазақ, генеалогия, мәдениет, инженер-тарихшы.

THE WAY OF MUHAMEDJAN TYNHPAYEV TO SCIENTIFIC AND CREATIVE HERITAGE

Tulbasieva S.K.¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Annotation

The Kazakh intelligence of the 20-30s of the 20th century combined brilliant erudition, refined culture, inborn freethinking, deep, not ostentatious patriotism, rare talents, and an inexhaustible researcher spirit. These people were different professions: teachers, engineers, lawyers, economists, doctors. They knew not only Turkish and Slavic languages, but also were fluent in Arabic-Persian, English, German, French. Among the Kazakh intelligentsia were diversified talented people. One of the representatives was the first Kazakh historical engineer Mukhametzhan Tynyshbaev. The article analyzes the history of the formation of Mukhamedzhan Tynyshbaev as a scientist and his scientific heritage.

M. Tynyshbaev – (1879-1938) - one of the brightest representatives of the Kazakh democratic intelligentsia, formed at the beginning of the twentieth century, a prominent socio-political figure, one of the first Kazakhs who received a higher engineering education. At the same time, he was a great connoisseur of

history, culture, and life of the Kazakhs, who left behind him interesting research on the history of a happy people and a number of works on local history.

Keywords: M. Tynyshbaev, history, culture, Kazakh people, education, intelligentsia, Kazakh, genealogy, culture, engineer - historian.

М.Тынышпаев – один из ярчайших представителей казахской демократической интеллигенции, сформировавшейся в начале XX века, видный общественно-политический деятель, один из первых казахов получивший высшее инженерное образование. Вместе с тем он был большим знатоком истории, культуры, быта казахов, оставивший после себя интересные исследования по истории родного народа, генеалогии казахских родов и племен, ряд работ по краеведению.

Мухамеджан Тынышпаев родился 12 мая 1879 года в горах Жиланды Маканчи-Садровской волости Лепсинского уезда. Отец его, Тынышпай, происходит из знатного рода, занимался скотоводством, содержал огромные стада овец, коров и лошадей. Его угодья находились в предгорьях Джунгарского Алатау, вниз по реке Лепсы. Успешно окончив двухгодичный подготовительный класс в г. Верном, Мухамеджан поступил в гимназию [1].

После окончания гимназии Мухамеджан Тынышпаев поступает в Санкт-Петербургский институт имени Александра I-го, на специальность -Инженера путей сообщения [2]. Институт славился тем, что в нем обучались «сливки» гимназических выпускников. Он готовил энциклопедический образованных, прогрессивных и мыслящих специалистов. Многие десятилетия в этом престижном заведении могли обучаться только дворянские отпрыски. Лишь после в Императорском институте могли обучаться и простые талантливые юноши. По словам преподавателей, Мухамеджан Тынышпаев обладал блестящими способностями к изучению математики, древних языков, литературы и искусства. Лекцию читали необыкновенно одаренные профессора-создатели фундаментальных курсов. Один из сподвижников Мухамеджана то же петербургский студент, а в будущем лидер алашского движения Халел Досмухамедов, в своих показаниях следователю ОГПУ в сентябре 1931 года писал об этом периоде так: «В Петербург попал накануне первой революции, когда демократия и студенчество часто роптали. Попал в студенческий водоворот, жадно взялся за свое политико-просветительское образование, знакомился с программами различных политической партий. Ни в одна из программ не удовлетворила меня, а также других казахов-студентов. Социал-демократы говорили только о рабочих, социалисты-революционеры о крестьянстве, кадеты - о величии русского народа, а правые только травили инородцев» [3,27].

Примерно то же говорил и студент Мухамеджан Тынышпаев на съезде автономистов, где он выступил с докладом «Казахи и общественные движение» [4]. Однако молодой политик пошел дальше Халеля Досмухамедова, напоминая властям метрополии о том, что пора подумать об устаревшей с точки зрения демократии системе управления Казахским землям и другими колониальными окраинами, о земельных притеснениях казахов. Таким образом, голоса Халеля Досмухамедова и Мухамеджан Тынышпаева перекликались так называемой Каркаралинской петицией осенью 1905 года, авторами которой были Алихан Букейханов, Жакып Акпаев, Ахмет Байтусынов, Темиргали Нурекенов и другие будущие члены партии «Алаш» и правительства Алаш-Орды. Ценность этих чудом дошедших до нас документов определяется, помимо всего прочего, тем что, они помогают нам понять истоки взглядов единомышленников Мухамеджан Тынышпаева, получивших образование в Казани, Петербурге, Москве, Томске, Омске, Уфе, Ташкенте и других городах царской России людей, которые, выступив реформаторами, создали алашское движение. Критически оценивания сложившуюся ситуацию и исходя из опыта создания политических партий и движений России, они определяли пути и принципы своей, казахской партии. В результате в качестве образца в основу ее была взята программа партии конституционных демократов, то есть кадетов, находившихся в оппозиции имперскому правительству. Таким образом, в конце 1905 года в Уральске состоялся так называемый съезд представителей пяти областей, участники которого А. Букейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б. Каратаев, М. Тынышпаев и Б.Сыртанов предприняли попытку организации «Казахской конституционно-демократической партии» [5,13]. Но руководителям демократической интеллигенции Казахстана понадобилось еще больше десяти лет борьбы и тревог для создания общенациональной партии в июле 1917 года определения ее стратегических тактических задач. На этом пути Мухамеджан Тынышпаев и его политические союзники набирались опыта общественно-политических деятелей. Особенно ярко это появилось на выборах в первую и во вторую Государственную Думу. Если первую из них от Семипалатинской области баллотировался и с

большими трудностями прошел Алихан Букейханов, то во вторую уже без особых затруднений от различных областей Казахстана был избран ряд казахских деятелей, в том числе Мухамеджан Тынышпаев от Смеречинской области [6,98-99]. Выдвижение и выбор Мухамеджан Тынышпаева свидетельствует о высоком авторитете этого 28-летнего политика и дипломированного инженера, о доверии к нему со стороны народа. И хотя вторая Госдума просуществовало не долго (она была распущена 3 июня 1905 года), с ее трибуны успели прозвучать речи казахских депутатов с критикой аграрной политики царского правительства. Но не только высокая государственная трибуна служила средством утверждения и пропаганды своих взглядов. С 1913 года и до закрытия ее советской властью в марте 1918 года в Оренбурге выходила газета «Казах». Выпуском ее занимались А. Байтурсынов, А. Букейханов и М. Дулатов. И одним из самых активных ее авторов был Мухамеджан Тынышпаев. Многие статьи свои он подписывал псевдонимом «казахский инженер». Газета это сыграла значительную роль политическом воспитании народа и конечно же, в создании общенациональной казахской партии. После Февральской революции 1917 года Мухамеджан Тынышпаев полностью переключился на политическую деятельность. Он принимал участие в организации уездных и областных казахских комитетов, был членом особого Туркестанского комитета Временного правительства. Одновременно Мухамеджан Тынышпаев был назначен комиссаром Временного правительства по Семиречинской области. На этих должностях он проводит многотрудную работу по возвращению из Китая в Семиречье казахов и киргиз, ушедших за кордон во время жестокого подавления царскими карателями национально-освободительного восстания 1916 года.

В условиях стремительно развивающегося политического процесса лидеры по-кадетски настроенных казахских интеллигентов подошли в плотную к созданию своей партии. Провозглашенные буржуазно-демократические свободы способствовали консолидации сил, отражавших интересы различных слоев казахского общества. Воспользовавшись быстро меняющейся ситуацией и ускоренным процессом поляризации политических страстей, они объявляют о созыве Первой все казахском съезде и проводит его июле 1917 года в Оренбурге. Из 14 вопросов повестки дня его главное внимание уделяется проблемам национальной автономии, решению земельного вопроса, подготовке к выборам Учредительного собрания и образованию казахской политической партии. Первый все казахский съезд, по существу, конституировался в политическую партию «Алаш». Мухамеджан Тынышпаев по решению съезда вошел в список из 81 кандидата в депутаты Учредительное собрания от казахских областей Российской империи. Руководителями партии «Алаш» стал Алихан Букейханов и его сподвижники, в том числе Мухамеджан Тынышпаев. Абсолютное большинство членов партии не восприняли социалистическую программу большевистского толка и объединились под лозунгом: «Освобождение казахского народа из-под колониального ига!», а в годы Гражданской войны выступили как союзники антисоветских сил России. Лидеры только что образовавшегося «Алаша» вели пропаганду своих программных взглядов и до Октябрьской революции. Ну а после выстрелы «Авроры» выходящая теперь уже в Петрограде газета «Казах» тут же опубликовала проект программы партии «Алаш», состоявший 10 пунктов и включавший вопросы государственного устройства, местной свободы, основных прав граждан, религии, суда, науки и просвещения, проблемы выработки земельного закона и тому подобное.

Обнародованный проект имел большой успех, что сказалось на выборах в Учредительное собрание. Он объединил представителей различных слоев казахского народа на втором уже все казахском съезде, который был проведен через полгода после первого там же, в Оренбурге. Здесь на этом форуме, было принято решение об образовании казахской автономии и постановление сформировать ее правительство в лице Временного народного совета, дав ему, наименование Алаш-Орды, оно же правительство Алашской автономии. Правительству было поручено немедленно взять в свои руки всю исполнительную власть над казахским населением. Председателем Алаш-Орды был избран Алихан Букейханов, а Мухамеджан Тынышпаев вошел в состав этого правительства из 15 видных казахских деятелей.

Конец лета и начало осени 1917 года стали для Мухамеджана Тынышпаева периодом особо бурной политической активности. Он работал, как говорится, на два фронта. В казахской земле по укреплению только что созданной с его участием партии «Алаш». А в Туркестане вместе с Мустафой Чокаем по подготовке так называемой Туркестанской автономии. Благодаря их стараниям уже в ноябре в Коканде состоялся IV Чрезвычайный съезд мусульман Туркестанского края. На нем и была

провозглашена это первая национально-демократическая республика народов Туркестана. Мухамеджан Тынышпаев был избран ее премьер-министром.

Однако государственное образование это не просуществовало и трех месяцев. Разогнанное большевиками в феврале 1918-го, оно получило в советской историографии искаженное название «Кокандское автономия» по месту проведения съезда. После разгрома Туркестанской автономии большевиками Мухамеджан Тынышпаев целиком переключается на Семиречье. Летом 1918 года, когда здесь началась гражданская война, он на правах комиссара едет на север области и проводит 31 августа в Лепсы второй Семиреченский казахский съезд. 20 дней идет обсуждение дальнейших действий и вырабатывается политический курс этого отделения Алаш-Орды. Внешне он определялся будто бы сочувствием белому движению, хотя, скорее, это нейтралитет. В то же время поддерживались тайные контакты с советскими представителями, предположительно с людьми Ораза Джандосова и Дмитрия Фурманова. Для обеспечения этого курса в 1918-1919 годах, как свидетельствуют обнаруженные уже в наше время в архивных документах, Мухамеджан Тынышпаев тайно ездил в Семипалатинск, где базировалась центральное правительство Алаш-Орды во главе А.Букейхановым, дважды в Уч-Арале и один раз на нейтральной полосе встречался с атаманом Анненковым.

Весной 1919-го торгайская группа Алаш-Орды во главе А.Байтурсиновым вынуждена была перейти на сторону советской власти. Последняя обещала амнистировать участников алашординского движения, и М.Тынышпаев со своими семиреченцами Жумаханом Кудерином, Садыком Аманжоловым, Базарбаем Маметовым, Мырзаханом Толебаевым, Алдабергенем Умбетбаевым, Билялем Сулеевым и другими в конце 1919-го-начале 1920 года последовал его примеру.

Дальше идут пять лет жизни в Ташкенте. Мухамеджан Тынышпаев едет туда по приглашению Фрунзе и председателя ЦИК Туркестанской АКСР Турара Рыскулова. Управлять водным хозяйством в Министерство земледелия, консультирует руководство республики по вопросам строительства. Преподает физику и математику в КИНО (Казахский институт народного образования в Ташкенте), пишет исследования по истории и этнографии казахского народа, которые и сегодня не утратили своей научно-познавательной ценности.

1925-1926 гг. - Мухамеджан Тынышпаев главный инженер по благоустройству новой столицы Казахской Автономии-Кызыл-Орде, а в 1927-1930 годы выполняет ответственные работы по строительству Турксиба. Но какую бы должность ни занимал Мухамеджан Тынышпаев, он все время находится под пристальным наблюдением агентов ОГПУ-НКВД. Слежка, открытая и тайная, усилилась с конца 20-х годов во главе Ж.Аймауытовым, А.Байтурсиновым и т.д. Мухамеджан Тынышпаев лишь десять лет после гражданской войны занимался активной творческой деятельностью и частично по своей специальности инженера-строителя железных дорог.

Мухамеджан Тынышпаев при жизни кроме своей деятельности связывая свою специальность написал много научных работ и статьи. Эти его работы были разработаны полностью, научно доказанными, анализированными, и со своими логическими смысленными как его общественные деятельности.

Как историк-ученный его научный интерес сводился для интереса и для изучения прошлого и будущего своего народа. Его членство Туркестанском отделе Географического общества (ТОРГО) способствовал для возложенности осуществлений этих мыслей. На каждом заседании общества Мухамеджан Тынышпаев не только сыграл роль аналитика, а как ученый выносил свои доклады [7].

В результате долгих исследовательских работ инженер-историк внес неоценимый вклад в историческую науку.

В начале XX века в условиях политического переворота Мухамеджан Тынышпаев не переставал работать над научными исследовательскими работами. 1920 году вышел журнал «Сана». Мухамеджан Тынышпаев был один из организатора этого журнала, как исследователь казахского края. На страницах этого журнала были напечатаны творческие работы казахской интеллигенции. Как и другие в 1923 году на первом номере журнала вышла статья Мухамеджан Тынышпаев «История тюрк-монголов» [8]. В статье были изложены географическое расположение, состав и общественно-культурное развития казахских племен до монгольского вторжения в XV веке.

С 1925 года Мухамеджан Тынышпаев находился в Ташкенте управляя водным хозяйством Министерства земледелия был членом Русского Географического общества и не пестовал исследовательскую работу по этнографическому краеведению. В результате этой деятельности

вышли его ценные работы, такие как «Материалы к истории киргиз-казахов», «Куксуйская развалина и город Койлык», «Краснореченском развалина и город Баласагун» [7].

1925-1926 гг. вышел труд Чулошников «Очерки истории казах-киргизов», который вслед было написано критики и замечания Мухамеджана Тынышпаева на эту работу. Мухамеджан Тынышпаев твердо утверждал главные недостатки автора в разбирательстве истории казахского народа, неверные представления автора о происхождении киргиз-казахов, о родовых делениях, о взаимоотношениях друг другу, о языке народа [9,11].

А также научных исследовательских работах Мухамеджана Тынышпаева изучены средневековые города такие как Койлык, Баласагун, Иланбалык, подвергавшиеся монголо-джунгарскому нашествию которые занимали важное место в истории казахского народа, а также о великих мыслителях о великих мыслителях средних веков культурного центра в краях Семиречья, такие как Юсуф Баласагун, которые стали известными всему миру. Вся научно-просветительская деятельность Мухаметжана Тынышпаева, как и вех алашордынской интеллигенции в начале XX века, как уже сказано, была полностью созвучна с идеями и мыслями их великих предшественников. В условиях тотальной колонизации края в историческом контексте конца XIX века, когда полным ходом осуществлялась набиравшая обороты переселенческая политика, подавлялись мельчайшие проявления недовольства, первые очаги национально-освободительного движения и шло укрепление колониальной администрации края, усиление всех вертикалей власти, еще только нарождавшаяся алашордынская интеллигенция вместе с прогрессивно настроенными представителями русской интеллигенции, искренне сочувствовавшими демократическим ценностям казахского народа, принимали деятельное участие в работе научных обществ, внося свой посильный вклад в развитие культуры и образования Степи. Они занимались наукой, литературным творчеством и вели активную общественно-политическую жизнь. Полноправно участвуя в государственных и общественно-политических структурах Российской империи, которая, безусловно, нуждалась на тот момент в особо одаренных и высокообразованных этноинтеллектуалах, их знаниях и эрудиции.

Использованная литература:

1. ГФРК 94-ф., 1-том, 133, 146, 152, 159-дело. 1-123 с.
2. Ламин В.А., Шиловский М.В. «Сибирские автономисты (областники) и деятели «Алаш-Орды» // Материалы международной научно-практической конференции «Влияние идей движения «Алаш» на Евразийском пространстве: история и современность». – С.27.
3. «Казах». 1917. -24-июнь. -N 236, 237, 238, 243, 254. 130с
4. Галиев В.З. Общественная деятельность политических ссыльных в Северо-Восточном Казахстане (1890-1904). – Алматы, 2004. – 216 с.
4. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи. - Алматы, 1995. – с. 128.
5. Аманжолова Д.А. Алаш как этнополитический феномен: опыт исторической и историографической рефлексии // Материалы международной научно-практической конференции «Влияние идей движения «Алаш» на Евразийском пространстве: история и современность». – С.13.
6. Тынышбаев М. История Казахского народа. Алматы: Санат, 1998. -С 98-99.
7. ГФРК 795-ф., 1-том, 56-57 дело.
8. Такенов А. Инженер и историк М.Тынышпаев. /История Казахского народа. Алматы: Қазақ университеті, 1998. -С11; Тынышпаев М. Великие бедствия. Алматы: Жалын, 1992. -С.116.
9. Сатов А. Обращаюсь к вам, как и знатоку края. (о письме Николая Вавилова Мухамеджану Тынышбаеву) //Казахстанская правда, 1997-11-июнь.

ӘӨЖ 968 (511)
FTAMP 09.01.21

Жораева Гулжамал Тулегеновна¹

*¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Түркістан, Қазақстан; e-mail: guljamal-77@mail.ru*

О.ЖАНДОСОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ жерінде жалпы сауаттандыруды бастағандардың бірі Ораз Жандосов екендігі және тұлғаның ағарту саласындағы қызметі қарастырылады. О.Жандосовты орыс мектептерінің өзінде қазақ тілін оқыту мәселесін көтергендердің алғашқы қатарына жатқызуға болады. Кеңестік идеология билеген кезеңде күрмеленген ана тіліміз тұрмыстық тілге айналып, еліміз егемендігін алғаннан бері қайта өз маңыздылығына ие болды. Әр мемлекет өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет болуы үшін ең бірінші тіл мәселесін шешеді. Олай болса О.Жандосовтың 20-шы жылдары қазақ тілінің мәселесін шешуді ұсынуы қазақ елінің азаттығы үшін күрестің айғағы. 1928 жылы Қазақ Республикасының Халық ағарту Комитетінің төрағалық қызметіне ауыстырылған О.Жандосов Кеңес өкіметінің сонау алғашқы жылдарында-ақ, Жетісу өңіріндегі ауылдарда тұңғыш қазақ мектептерін ашқан қоғам қайраткері. Осы қызметін атқарған кезде, ол 1928 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетін ашуға атсалысса, 1929 жылы Ауыл Шаруашылық Институтының ашылуына және 1930 жылы Мал-дәрігерлік институтының ашылу кезеңінде көптеген жұмыстарды атқарып, қазақ халқының білім алуына жағдайлар жасады.

Тірек сөздер: О.Жандосов, Қазақстандағы халық ағарту ісі, мәдениет, мектептер, сауаттандыру, ұлт зиялылары

Жораева Гулжамал Тулегеновна¹

*¹Международный казахско-турецкий университет им .Х.А. Ясауи, кандидат исторических наук
Туркестан, Казахстан; e-mail: guljamal-77@mail.ru*

О.ДЖАНДОСОВ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматривается Ораз Джандосов, один из общеобразовательных работников на казахской земле, и о его личной воспитаний. О.Джандосов одним из первых в российских школах поднял вопрос изучения казахского языка. В период советской идеологии наш родной язык стал повседневным языком и приобрел свое значение с тех пор, как стала независимой. Каждая независимое государство в первую очередь решает проблему языка. Таким образом предложение О.Джандосова решить проблему казахского языка в XX – ом веке является свидетельством борьбы за казахское гражданство. В 1928 году О.Джандосов, переведенный на должность председателя Народного Комитета по образованию Республики Казахстан, работал в первые годы в советской власти, в 1928 году участвовал в открытии Казахского Государственного университета, также создал условия для обучения, много трудился во время открытия Сельскохозяйственного института в 1929 году и Ветеринарского института в 1930 году.

Ключевые слова: О.Джандосов, деятельность народного образования, культура, школы, грамотность, национальная интеллигенция.

Zhorayeva Gulzhamal Tulegenovna¹

*¹Candidate of historical sciences, the Khoja Ahmed Yassawi International Kazakh-Turkish University
Turkistan, Kazakhstan; e-mail: guljamal-77@mail.ru*

O.JANDOSOV AND THE ACTIVITIES OF PUBLIC EDUCATION AND CULTURE OF KAZAKHSTAN

Annotation

The article deals with Oraz Dzhandosov, one of the general education workers in the Kazakh land, and about his personal upbringing. O.Jandosov, one of the first in Russian schools, raised the issue of learning the Kazakh language. During the period of Soviet ideology, our native language became an everyday language and has acquired its meaning since it became independent. Each independent state first solves the problem of language. Thus, the proposal of O. Dzhandosov to solve the problem of the Kazakh language in the 20th century is evidence of the struggle for Kazakh citizenship. In 1928, O. Dzhandosov, transferred to the post of chairman of the National Committee on Education of the Republic of Kazakhstan, worked in the early years of Soviet power, in 1928 participated in the opening of the Kazakh State University, also created conditions for training, worked hard during the opening of the Agricultural Institute in 1929 and the Veterinary Institute in 1930.

Keywords: O.Jandosov, public education, culture, schools, literacy, national intelligentsia.

Қазақ жерінде жалпы сауаттандыруды бастағандардың бірі Ораз Жандосов еді. Мамандығы ауыл шаруашылығы болса да, ол білім мен мәдениетке көп көңіл бөлген. Қазіргі «Ұлттық кітапхана», Қазақ драма театры, қазақ музыкалық театрларының ұйымдасып, тұрақтануы Ораз Жандосовтың қолдауымен басталған ізгі шаралар. О.Жандосов өнерге жақын адам еді. Ол сурет салып, ән айтқан. Ол айтып берген ән Е.Брусилковский жазған «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларына енді. А.Затаевич құрастырған «1000 песен казахского народа» жинағында Оразбен оның зайыбы Фатима айтқан әуендер жарияланған. О.Жандосов осы бір қиын-қыстау заманның өзінде өткен тарихты келер ұрпаққа жеткізуді, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыруды шынайы көздеген. Осы тұста бабасы Қазыбек бек жазбаларын көшіртіп, баспаға дайындаған. Басқа да қолжазбаларды жинастырып, топтап, мемлекеттік мұрағат ісін ұйымдастыруды бастаған. Ораз Жандосов – ХҮІІІ ғасырда ғұмыр кешкен Шапырашты Қазыбек бектің алтыншы ұрпағы. Қазыбектің ортаншы ұлы Қозыбайдан Жандос, одан Қиқым, одан Ораз болып тарайды. Ақын Жамбыл Жабаевтың О.Жандосовқа арнап шығарған өлеңінде, осы арғы тегі жайлы айтылған [1].

Қазақ ғылымы мен мәдениетін дамытуға және ұлттық руханият бағдарламасын жасауға О.Жандосов тікелей атсалысты. Ораз Қиқымұлы үгіт-насихат бөлімін басқарып тұрған кезде Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, М.Әуезовтің, Х.Досмұхамедовтың, Т.Шонановтың, Е.Омаровтың, М.Тынышпаевтың кітаптары жаппай жарияланды. Алаш ардагерлерін дерліктей оқытушылық іске тартты. М.Тынышпаев тергеушіге берген жауабында: «ҚазМУ-дің ректоры С.Асфендияров пен оның орынбасары О.Жандосов бізбен жақсы араласып тұрды және бізге сенді. Сондықтан да олар біздің ұлтшылдық пиғылымызды аңғарған жоқ», – деп жауап беруінің өзі де талай нәрсені байқатады [2]. М.Әуезов түрмеден шыққаннан кейін оны қызметке алған да Ораз Жандосов. Мұндағы автордың ой-түйіндері: Қазақстандағы жер мәселесіндегі ауыл шаруашылығы өндірісімен ғана байланысты қаралмау керек, ол ұлт мәселесімен де, партияның жалпы саясатымен сабақтас екендігін есте шығармауды ұсынды.

Осы кезде Орталық Комитеттің ақпараттық бөліміне жергілікті партиялық ұйымдардан келіп түсіп жатқан ұсыныстар ақпараттық бөлімінің жұмыстарында ғана емес, Орталық Комитеттің басқа да қоғамдық ұйымдарының шығармашылығында қолданылды. Ондағы мақсат, Орталық Комитеттің партия жұмыстарын күнделікті өмір тәжірибесінде әрі қарай дамыту болды. Орталық Комитет өз шығармашылық жұмыстарын баспасөз орындары және жергілікті партиялық ұйымдар арқылы халыққа насихаттады. Сондай-ақ, партиялық басқару орындары мен басқару ісіндегі жауапкершілікті нығайтуда ұйымдастырушы бөлімдердің хабар бөлімдерінің жұмыстарын қадағалап отыруды қолға алды [3].

1928 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарының алғаш ашылуы кезінде О.Жандосов республикалық газет редакторының бірі болды. Журналистік қызметінің төртінші кезеңін бастан

өткерді. О.Жандосов «Еңбекші қазақ» газетінде «Ауылдағы таптар туралы», «Жұмысшы, қара шаруа әліпбиі», «Қазақ атты дивизионы», «Бірнеше ұсыныс», «Аймағыңды таны», «Қазақстанның зерттеу қоғамы» деген мақалаларын жариялады [3, 456]. Қажырлы қайраткер бұдан кейін де кеңес партиясының қызметтерін жауапкершілікпен атқарды. Қайда жүрсе де ел игілігі үшін еңбек етуден жалықпады.

Жоғарыда аталған ВЛКСМ мүшелері болған жастарға арналған «Советская степь» газеті 1925 жылдың желтоқсан айынан бастап 6-форматты параққа, аптасына үш рет шығарылды. Сонымен қатар «Еңбекші қазақ» газеті де 6 форматта көлемі 30x20 кв. аптасына төрт рет шығарылатын болған. Осы кезде «Жас қайрат» газеті де өз шығармашылығын бастаған еді. Бұл кездері елімізде газет тапшы болды. Жалпы осы бағыттағы газеттердің соңында кітапханалық тізім көрсеткіштерімен (оның ішінде балаларға, көркем-суретке, ауыл шаруашылығына арналған тақырыптар және т.б.) және әдеби шығармалар, әзіл-ысқақ журналдар қазақ тілінде ай сайын шығарылып тұрған. Осы 1925 жылдың желтоқсан айында баспасөздегі орыс тіліндегі журналдар қазақ тілінде де басылсын – деген нұсқау қабылданған.

1925 жылдың 2 қарашасындағы кезекті Казкрайкомның отырысында О.Жандосов Тәшкендегі «Түрікпечати» акционерлік қоғамымен Қазақстанның жұмыс жасауы өзара сауда байланысы үшін де қажет екендігін айтты. Сондай-ақ, О.Жандосов Орынбордағы кеңестік партия мектебінің қазақтардың екінші астанасы болған Қызыл-Орда қаласына көшірілуіне себепкер болды [4].

Осы кезде еліміздегі сауатсыздықты жою мақсатында бірнеше мектептер оқулықтармен жабдықталды.

Орталық комитеттің келешектегі идеологиялық жұмыстарын халыққа насихаттау мен дамытуда оның тәжірибесін, қабылдаған шешімдерін, партияның жұмыстарын күнделікті баспасөз беттерінде жариялау қолға алынып, ол жергілікті комитеттермен қадағаланды. Мұрағат құжаттарына талдау жасағанда Ораз Жандосов берілген тапсырманың орындаушыға тез жетуіне ерекше көңіл аударған. Ол көбіне қатынас, жеделхат жазып, уақыт алдырудан гөрі жалпы бұқараға түсінікті, қарапайым тілмен тапсырмаларын, қаулыларын мен шешімдерін «плакат» арқылы көпшілікке жеткізуді кең қолданған. Бұл ұйымдастыру жұмысының төте әрі тиімді жолы екендігін өмір тәжірибесінен айқын білген. Сол кезде мұндай тәсіл көптеген басшылар тарапынан жүзеге аспаған тың іс болды.

Егер кез келген халықтың, ұлттың тағдыры мен болашағы, белгілі дәрежеде, оның отаншыл, биік өрелі перзенттерінің саны мен сапасына тәуелді десек, онда ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ елінің жұлдызы шынымен де оңынан туған еді. Бұл қысқа тарихи мезгілде халқымыздың бақытты тағдырына орай ондаған, жүздеген талантты азаматтары өмірге келіп, қоғамдық тіршіліктің барлық саласына белсене араласып, өз елінің өмірін қайта жаңғыртуға даяр екендігін айқын таныта білді. Бірақ, өкінішке орай, осы жұмбақ ұрпақты өмірге әкелген шындық. Дегенменде орта оларға тағдырдың өзі артқан қасиетті тарихи міндетті толық, аяғына шейін орындап кетуге мүмкіндік бермеді.

Ораз Жандосовтың қазақ шәкірттеріне өнегелік сипаты бар іс-әрекеттерінің көптігі елдің бұл күндері емін-еркін дамып отырған мәдениеті үшін пайдалы болғаны айдан-анық. Баспасөздің соңы.

Ораз Жандосовтың Казкрайкомда (Қазақ өлкелік комитетінде) атқарған қызметі мен алған орны жеткілікті зерттеу елегінен өткізіліп, жоғары деңгейде өз бағасын алмаған. О.Жандосов партия қатарына өткенінде Жетісудағы саяси жағдай қиын да, күрделі болатын.

1926 жылы 23 маусымда Қазақ өлкелік комитетінің мүшесі болған О.Жандосовтың қатысуымен өткізілген кезекті отырысы болды. Онда денсаулық сақтау комитетінің 1926-1927 жылдарға арналған жоспары қаралды. Ауруханаларды қалпына келтіруге, жөндеуге, оларды жабдықтауға, дәрі-дәрмек алуға, дәрігерлердің жалақысын көтеру, ауылды жерлерде көлікпен қамтамасыз ету қиындық тудыратындығы басты мәселелер болды. Сонымен қатар дәрігер мамандарын дайындау үшін жергілікті халық арасында акушерлік техникумдарды, арнайы курстар ашып орта білімді дәрігер қызметкерлерін дайындау алға мақсат етіп қойылды [5]. Қазақ жастарын мамандандыруда жоғары оқу орындарын ашу көзделді. Елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайды шешудің бірден-бір жолы білім арқылы келетіндігі сөзсіз. 1926 жылдың 18 қазанында О.Жандосов Қазақ өлкелік комитеті ВКП(б) атынан «Общества Изучения Казахстана» қоғамына жедел хат жолдайды. Ол қоғамнан АПО кітапханасының қажеттігіне сіздердің Қазақстанды меңгеру туралы еңбектеріңіздің толық кітап жинақтарын жіберулеріңізді сұрайды – деп жазды [6]. Сонымен қатар қазақ жастары мен мектеп оқушыларын қоғамдық жұмысқа араластыруда, оларға тәрбиелік маңызы бар бағыт-бағдар беру үшін, коммунистік жоғары оқу орнын бітірген оқытушыларды жіберу туралы өтініш

жасағандардың бірі Ораз Жандосов еді. Осыған байланысты Зиновьевский жоғары оқу орнын бітірген Ярмахамедов, Нұрмұхамедов, Смотряева, Плоткина және Тетерятниковтар Қызыл-Орда қаласына алғашқылар болып келген еді [7,44 б.].

Осы 1925-1927 жылдары Ораз Жандосов Халық Ағарту Комиссариатын басқарған жылдары халыққа білім беру ісін өрге бастырып, республикада сауатсыздықты жою, мектептер мен интернаттар жүйесін ұлғайту науқанын бастады. Ол сонымен бірге қазақ мектептерінің қаулап өсуіне, жоғары оқу орындарының көптеп құрылуына ұйтқы болды. Мемлекеттік көпшілік кітапханасының басшысы да Ораз Жандосов болғанын бүгінде екіншісі біле бермес. Елдегі сауатсыздықты жою мәселесі ескеріле отырып, Қазақ өлкелік комитетінің отырысында қала, ауыл жастары мен қазақ коммунистері арасынан партия мектептерін ұйымдастыру керектігі қаралды.

Ораз Жандосов көшпенді мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда тұратын қазақтар арасында съездік курстар өткізуді ұсынды. Көшпенді ауылдық жерлердегі қазақтар арасында бұл съезд қыс уақыттарында өткізілетін болды [8]. Бұндай сауатсыздықты жою жолындағы күрестің ең тиімді жолдарының бірі болып табылды. Бұл күрес жолында О.Жандосов Өлкелік комитеттердің барлығына 1925-1927 жылдардағы өткізіліп жатқан курстар бойынша жұмысшыларды дайындауды хабарлап, олардан дайындықтың есебін сұратты [8,48 б.]. Ондағы мақсат оларды тізімге алу емес, қаншалықты осы шараның нәтижелі екендігін анықтау еді.

Осы кезеңде рабфакқа оқуға келгендердің бірі – К.Ахметжановтың естелігінде: «... 1927 жыл. Турксиб темір жолының Семей қаласынан басталып, түстікке қарай созылған бөлегі салынып жатқан кез. Сол уақыттағы Аякөз аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы У.Тегінбаев аудан жастарының арасынан тілек білдірген он – он бес комсомол мүшесіне жолдама беріп, теміржол құрылысын салуға жіберді. Бұлардың ішінде мен де бармын. Осы теміржол құрылысын көруге Мәскеуден арнайы комиссия жіберіліпті. Комиссияның бастығы Т.Рысқұлов екен. «Ол бізден оқығыларың келе ме?» – деп сұрады. Біз өзіміздің арабша аздап жазып, оқи алатынымызды айттық. Түсетін мектеп болса, сауатымызды ашатын адам болса оқитынымызды білдірдік. Бұл сөзімізді естісімен Т.Рысқұлов мына комсомол жұмысшылардың есеп қисаптарын үш күн ішінде жасап бітіріңдер, – деді ол құрылыс басшыларына. Тиісті ақшаларын, мінездемелерін қолдарына беріп, бұларды Алматыға оқуға жіберу керек.

Т.Рысқұлов соны айтып, арнайы тапсырма берді де, бізді вагон ішіне кіруге шақырып, өзі үлкен былғары сары портфелінен қағаз алып, аты-жөнімізді жаза бастады. Сөйтіп Алматыға Наркомпрос басшыларының атына жазылған жолдама қағазды қолымызға ұстатты.

– Ал, жас жұмысшылар, Алматыға барыңдар, сауат ашыңдар! Жаксы оқып білім алып, азамат болып шығыңдар, – қош айтысып, вагоннан шығарып салды.

Көп кешікпей біздер, үш-төрт жұмысшы жастар Алматыға келдік. Наркомпрос кеңсесін тауып, ондағы бір кабинеттің маңдайшасына жазылған «Ораз Жандосов» деген жазуды оқып, іздеп келген адамымызды бірден тауып алғанымызға қатты қуандық. Кабинетке кіріп Ораз Жандосов ағайға сәлем беріп, Т.Рысқұловтан алған жолдама қағазымызды көрсеттік.

Ораз Жандосов біздің жолдама қағазымызды асықпай, байыппен оқып шықты да, оған бұрыштама жазып өзімізге қайтып берді. Мына мекенжаймен мен көрсеткен рабфакты табасыздар, – деп біз баратын оқу орнын, көшенің атын айтып жөнелтті.

Сыртқа шыққан соң жолдама қағазымыздың бұрышына жазылған «Жұмысшылар үшін ашылған рабфактың даярлық бөліміне алынсын» – деген сөздерді оқыдық. Оның соңынан қол қойылып, айы, күні көрсетілген. Бұл құжат біз сияқты жетімдік пен жоқшылық тақсіретін меңзеген киелі қағаз екенін көп жылдар өткеннен кейін мархабатпен еске алып, ардақты ағалар рухына бас игенімізді айтқанды ләзім көреміз. Осы адамдардың қамқорлық жасауының арқасында біздің бәріміз де рабфакты бітіріп, орта дәрежелі білім алып шықтық, болашақ жарқын өмірімізге сеніммен қадам бастық» – деп жазылған [9]. Бұдан Ораз Жандосовтың ағарту саласындағы қызметін кеңірек зерттеу, қазақ халқының ғылым жолының дамуының тарихи тәжірибелерін қорытудағы сіңірген еңбегінің зор екендігін көреміз.

Ораз Жандосовтың педагогикалық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі де айрықша. Ол Қазақ мемлекеттік университетін құру жөніндегі бюросын басқарды. Қазақ Ауыл шаруашылық институтының негізін салушылардың бірі және оның тұңғыш директоры болған.

Осы 1928 жылдың күзінде Оқу – ағарту Халық Комиссары Ораз Жандосовтың шақыруымен Қазақ Мемлекеттік университетінің ашылу салтанатына халқымыздың тағы бір ұлы азаматы Ахмет Байтұрсынов қатысып арнайы сөз сөйледі. Осы сөзінде ол: «Біздің заманымызда жоғары мәдениет

аса терең өмірлік қажеттілік болып отыр. Жоғары мәдениетке сүйенбеген өмір күтпеген кездейсоқтықтарға ұшырап отырады... Ал, Қазақстанның мәдениеті мен экономикасы үшін Университеттің ашылуының қаншалықты зор маңызы бар екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас» – деп көрсеткен еді [10]. Халық ағарту комитетінің төрағасы О.Жандосовтың 1928 жылы КазГУ-тің ашуды ұйымдастыру жұмыстары туралы берген баяндамасында Аймақтық ВК(б)П комитеті қаулысымен 1928 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетін ашудағы ұйымдастыру жұмыстарының барысы және оның құрамындағы «рабфактың» жағдайы жөніндегі мыналарды атап өтті.

1. Қазақ Мемлекеттік Университетінің ректоры С.Асфендияров Ташкентке жіберілген телеграмма негізінде Алматыға С.Асфендияров 1 қазанда шығатындығы жөнінде баяндайды. С.Асфендияровтың айтуы бойынша, Мәскеуден Алматыға 12 ғылыми қызметкерлер келеді. Бұл ғылыми қызметкерлер қыркүйек айының соңында келеді деп жоспарланды. Алайда бұл ғылыми қызметкерлер уақытында келмеді. Оқу орнында Досмұхамедов, Ермеков, рабфактың меңгерушісі Шейнесон. А.Байтұрсынов Қызылордадан Алматыға қарай қыркүйек айының басында келмекші болған еді. Өйткені ол да оқытушылардың құрамында болған.

2. Осы жылы КазГУ-ге студент ретінде қабылдану үшін емтихан тапсыруға 100 адамға рұқсат бергендігін баяндай келе О.Жандосов олардың ішінде 39 қазақ оқуға қабылданып, 70 адам сынақ тапсыруға келгендігін атап өтті. Оның ішінде Ташкент педагогикалық жоғарғы оқу орнынан 8 адам келген. Сынаққа қабылдау мерзімі 29 қыркүйектен 3 қазан аралығында өткізілді. 1928 жылы Рабфакқа мандаттық комиссия арқылы 60 адам құжат өткізсе, оның 31-і қазақ болды. Қабылдау сынағынан 40 адам өткізілу керек болатын. Рабфак барлық жағынан жабдықталынды. Қазақ Мемлекеттік Университетіндегі қазақ азаматтарының қабылдануына шаралар қолдану керек болды. Мысалға, қазақ ұлтынан студенттерді қосымша қабылдау сияқты.

3. Қазақ Мемлекеттік Университетінің аппараттық ұйымдастыру комиссиясы бөлімі екі мүшеден тұрды. Олар: Мен және Досмұхамедов. Сонымен қатар, іс жүргізуші завхоз, хатшы, еден жуушы сияқты жұмыскерлер бар.

Қазақ Мемлекеттік Университетінің 1928-1929 жылдардағы штаттық және сметалық жоспары әлі күнге дейін анықталған жоқ. Рабфак бойынша рабфактың меңгерушісі және оның әкімшілік шаруашылық бөлімінің төрағасы Қазақ Мемлекеттік Университетінің жалпы кеңсесін құрады. Қазақ Мемлекеттік Университетінің ұйымдастыру жұмыстарының іске асырылуына 2500 сом, рабфак бойынша 1000 сом шығын белгіленді. Осыдан қалған қор Қазақ Мемлекеттік Университеті бойынша 1350 сом, рабфак бойынша 3000 сом. Рабфак бойынша негізгі қаржы студенттердің жатақханасын жабдықтауға жұмсалды.

Рабфак қаражатының бір бөлігін тығырықтан шығу үшін студенттерге жатақханадан бөлек жерлерде тұрақтану үшін берілген мекемелерде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

5. Университеттің бас ғимаратындағы жөндеу жұмыстары аяқталғанымен, ғимарат университет пайдалануына берілген жоқ.

6. Қазақ Мемлекеттік Университеті жиһаздармен және кабинеттерді керекті құралдармен жабдықтау үшін Ташкенттен 3000 сом көлеміндегі қаражыға аталған заттар жіберілуі тиіс еді.

Фрунзеден университеттің жабдықталуына алты вагон жүк жіберілді. Оның ішінде 198 орындық және тағы басқа оқу орнына қажетті құрал-жабдықтар болды. Аталған 198 орындықтың 74-і ғана қоймаға тапсырылған, ал қалған бөлігі 30 қыркүйекте Ташкент арқылы жіберіледі деп хабарланды. Ал шетелдерден келетін 6000 сомдық жабдық жөнінде хабар жоқ. Қазақ Мемлекеттік Университетінің кітапханасын жабдықтау үшін 10000 сом бөлінуі тиіс еді. Сонымен қатар, бұл оқу орнының лабораторияларын жабдықтау Мәскеу мен Ленинград қалаларының басшылығына тапсырылған еді. Мәскеу мен Ленинград арқылы лабораторияларды жабдықтау Слонин мырзаға тапсырылды. Бұл мәселенің орындалуы жөнінде Слониннің мәліметі әлі тапсырылған жоқ.

7. Осындай келеңсіздіктерді алға қоя отырып, біріншіден, 1928-1929 жылдардың жоспарында университетті жабдықтауға қаржы бөлуді, оны толықтыруға баса назар аударылса деген ұсыныс білдіре отырып, осы жабдықтарды Ташкенттен жоспарға сай жеткізілсе дұрыс болар еді – деген ұсыныс орынды болды.

8. Қазақ Мемлекеттік Университетінің ғылыми қызметкерлеріне арналып босатылуы тиіс, 17 пәтер белгіленген еді. Пәтерлерді босату жұмыстары Алматы колхозына жоспарланған еді. Оның екі үйі ғана босатылған. Ауыл Халық Комитетінің (СНК) бастамасымен Қазақ Мемлекеттік Университетінің ғылыми қызметкерлеріне Жетісу қонақ үйінен пәтер дайын болғанға дейін

орналастыру ұсынылды. Алайда «КоммуналТрест» бұл мәселеге қарсы тұрды. Халық Комитетінің басшылығының табандылығының арқасында бес айға бөлме алуға қол жеткізілді. Бұл іске асырылса, қызметкерлердің материалдық жағдайы шешілер еді. Осы мәселелерді шешкеннен кейін, университеттің қоғамдық жұмыстардың ұйымдастыру мәселесімен айналысуға жол ашылар еді. Соңында ҚазССР-нің Халық ағарту комитетінің және Қазақ Мемлекеттік Университетінің ұйымдастыру комиссиясының төрағасы О.Жандосов деп қол қойылған [11].

1928 жылы қаңтарда Ораз Қикымұлының Халық ағарту комиссары қызметіне бекуінің орасан зор ұйымдастырушы күш-жігерінің Қазақстанның рухани өмірін байыта түсу ісіне қызмет етуіне жол ашты. Ол республикада тұңғыш рет жеті жылдық білім беру жүйесіне көшуге мұрындық болып, осы бағытта жемісті еңбек етті. Араб харпінен латын жазуына көшу тәрізді күрделі реформаның жүргізілуі де оның есімімен тығыз байланысты. О.Жандосов осы жұмысты жүргізетін мемлекеттік комитетті басқарды. Оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға байланысты үлкен қамқорлықта Оразға тән болды. Ол А.Байтұрсыновтың оқулықтарын, І.Жансүгіровтың «Малта», Ж.Аймауытовтың «Кемпір мен шал», «Көк өгіз» кітаптарын Қазақ мемлекеттік баспасынан басып шығару ісін өзі тікелей қадағалағаны белгілі. Оның М.Тынышпаевтың «Қазақ тарихы» кітабын редакциялауға ықпал жасауға әрекеттенгені, қуғындалып жүрген М.Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», Т. Шонановтың 1916 жылғы естеліктер жинағын жарыққа шығаруға күш салғаны мәлім [11]. Бүгін міне, XX ғасырдың соңында өз тәуелсіздігін қолына алып, беделді мемлекеттермен бірге бой көтеріп келе жатқан Қазақстанның мемлекеттілігінің ірге тасын қалауда Ораз Жандосовтың еңбегі зор деп айта аламыз. Есік қаласының екінші Көктөбесіндегі О.Жандосовтың атындағы мектепте Ораз Жандосовтың 100 жылдығына арналған облыстық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Салтанатты жиынды мектеп директоры Бағила Әбікенқызы Есіркепова ашты. Мектеп директорының сөзінен аңғарылғанындай 1960 жылы жер жағдайына байланысты сегіз жылдық мектептен бөлініп, бастауыш мектеп ретінде өз алдына отау тіккен күннен бастап Ораз Жандосов атын меншіктеген екен. Мектепте Ораз Жандосовтың мұражайы, этнографиялық және ардагерлер мұражайлары, экологиялық бұрыш, Абай бөлмелері жұмыс істейді екен.

Бұл мектеп өткен «қуғын-сүргін құрбандарын еске түсіру жылында да» О.Жандосов ұрпақтарымен кездесу өткізсе, міне, енді 1999 жылы «Халық бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы» жылында да бірінші болып Ораз Жандосовтың 100 жылдығына арнап облыстық ғылыми-теориялық конференция өткізіп, оған О.Жандосов ұрпақтарымен қоса облыстағы О.Жандосов атындағы мектептердің өкілдерін түгел шақырды [12]. Егер кез келген халықтың, ұлттың тағдыры мен болашағы, белгілі дәрежеде, оның отаншыл, биік өрелі перзенттерінің саны мен сапасына тәуелді десек, онда XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ елінің жұлдызы шынымен де оңынан туған еді. Бұл қысқа тарихи мезгілде халқымыздың бақытты тағдырына орай ондаған, жүздеген талантты азаматтары өмірге келіп, қоғамдық тіршіліктің барлық саласына белсене араласып, өз елінің өмірін қайта жаңғыртуға даяр екендігін айқын таныта білді. Бірақ, өкінішке орай, осы жұмбақ ұрпақты өмірге әкелген шындық. Дегенменде орта оларға тағдырдың өзі артқан қасиетті тарихи міндетті толық, аяғына шейін орындап кетуге мүмкіндік бермеді. Соның ішінде О.Жандосов отаршылдық-жазалау мен ұлттық езгінің қалдығын жою және саяси-әлеуметтік, ұлттық теңдік, ұлттық мемлекеттік саясат мәселесін көздеді десек артық болмас. Ол 1928 жылы Қазақ Республикасының Халық ағарту наркомы қызметіне ауыстырылады. Бұл салада оның жинақтаған іс-тәжірибесі аз емес-ті. О.Жандосов Кеңес өкіметінің сонау алғашқы жылдарында-ақ Жетісу өңірінде тұңғыш ауыл мектептерін ашқан қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Санжар Аспандиярұлы және т.б. алаш зиялыларына оқулықтар жазуға кезінде көп көмек көрсетіп, ұлы істерге ұйтқы болған еңбегін қазақ баласы қай заманда болмасын ұмытпайды деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдырбек Қ. *Бабасына ұқсап батыр туған.* //Алматы Ақшамы. 1999. 13 қазан
2. Жұртбай Т. *Алаш идеясы және О.Жандосов.* //Саясат. 1999.–қазан. 87б.
3. ҚРПМ 141-қор, 1-тізбе, 126-іс, 76,77,92-парақ
4. ҚРПМ 141-қор, 1-тізбе, 491-іс, 8 парақ
5. ҚР ПМ қор 141, тізбе 1, іс 178, парақ 333, 220
6. ҚР ПМ қор 141, тізбе 1, іс 127, парақ 34
7. ҚР ПМ қор 141, тізбе 1, іс 234, парақ 15-16,48

8. Ахметжанов К. //Мәдениет және тұрмыс. 1985. № 7–
9. Белғара Б. О.Жандосов есімі ортамызға оралсын. //Түркістан. 1999. 7 шілде. 2 бет
10. ҚРПМ қор 2, тізбе 1, іс 73, парақ 1,9
11. Омарбеков Т. Сборник документов научной конференции посвященной 100-летию О.К.Жандосова. А., 1999.– С.15-16
12. Оразақын А. Халқын сүйген азамат. //Қазақстан мұғалімі. 1999.–13 қазан, 3 бет.)

ӘӨЖ 198-11
ГРНТИ 03.01.09

У.М. Джолдыбаева¹
¹ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, т.ғ.к.

Б.Р. БЕРІКБОЛОВ – ҚАЗАҚСТАН АТОМ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ

Аңдатпа

Мақалада КСРО және Қазақстанның жер қойнауын барлау үздігі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Қазақстанның құрметті жер қойнауын барлаушы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Бақытжан Рахметұлы Берікболовтың елімізге сіңірген қызметі жөнінде баяндалады. Халқымыздың игілігі үшін аянбай еңбек еткен азамат «Қазатоменеркәсіп» ҰАК АҚ құрылғанына 10 жыл» (2007), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) медальдарымен; 1-ші дәрежелі «Қазақстан Республикасы атом өнеркәсібінің Еңбек сіңірген қызметкері» Алтын белгісімен (2007); «ҚР инженерлік ісін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2002); «Жер қойнауын барлау үздігі» белгілерімен (1987,1991); Халықаралық инженерлік академиясының дипломымен (2001) марапатталған. КСРО өнеркәсібіне Еңбек сіңірген қызметкері (1988). «КСРО жер қойнауының Құрметті барлаушысы», «ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы» марапаттауларына ие болған.

Тірек сөздер: қызметі, жер қойнауы,барлаушы, геология-минерология ғылымы, ғалым, атом өнеркәсібі

Джолдыбаева У.М.¹
¹кандидат исторических наук, доцент КазНПУ имени аль-Фараби

Б.Р. БЕРИКБОЛОВ – ИЗВЕСТНЫЙ УЧЕННЫЙ В АТОМНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье раскрывается роль известного ученого, выдающегося инженера-геолога, доктора геолого-минерологических наук, профессора, академика Инженерной академии Республики Казахстан, академика Международной инженерной академии, Бахытжана Рахметовича Берикболова. После окончания института Б.Р. Берикболов работал инженером-геологом Джунгарской экспедиции, главным геологом Саякской геолого-разведочной партии, в 1968-1971 гг. аспирант КазПТИ, а в 1971-1979 гг. является старшим инженером, руководителем отдела геологии меди КазИМСа. В 1979-1982 гг. инструктор отдела тяжелой промышленности ЦК Компартии Казахстана, 1982-1987 гг. является заместителем министра геологии КазССР. В 1987-1988 гг. - заместитель генерального директора ГПО «Казгеология», в 1988-1993 гг. - ректор Института повышения квалификации работников и специалистов геологической отрасли Казахстана. С 1993 года работал на должности генерального

директора ОАО «Волковгеология». Под его руководством и непосредственном участии составлена карта размещения меденосных формаций и основных промышленных месторождений меди на территории Казахстана. В течение всей научно-производственной деятельности Б.Берикболов проводил научные исследования в области металлогении меди, благородных и редких металлов, урана, а также в радиозкологии. Им опубликовано более 100 научных статей и 6 монографий. За большой вклад в развитие минерально-сырьевой базы Казахстана и активную общественную деятельность Б.Берикболову присвоено почетное звание «Заслуженный работник промышленности Казахстана», награжден почетным знаком Министерства геологии СССР. Отличник разведки недр СССР и РК, первооткрыватель месторождений.

Ключевые слова: жизнь, деятельность, полезные ископаемые, геолог, геолого-минерологическая наука, ученый, атомная промышленность.

*U.M.Dzholdybaeva*¹

¹ *candidate of historical sciences, associate professor of KazNPU named after al-Farabi*

B.R. BERIKBOLOV FAMOUS SCIENTIST IN THE NUCLEAR INDUSTRY OF KAZAKHSTAN

Summary

This article explores the role of the famous scientist, a prominent engineer geologist, doctor of geological-mineralogical sciences, professor, academician of the Engineering Academy of the Republic of Kazakhstan, academician of the International Academy of Engineering, Bakhytzhan Rahmetuly Berikbolova. After graduation, BR Berikbolov worked as an engineer-geologist Junggar expedition, chief geologist Sayak prospecting party, in 1968-1971 gg. KazPTI graduate student, and in the 1971-1979 biennium. is a senior engineer and head of the Department of Geology copper KazIMSa. In 1979-1982 gg. instructor of the heavy industry of the Communist Party of Kazakhstan, 1982-1987 gg. is the Deputy Minister of Geology of the Kazakh SSR. In 1987-1988. – Deputy General Director of PA "Kazgeologiya" in 1988-1993 gg. - Rector of the Institute for Advanced Training of specialists and geological industry of Kazakhstan. Since 1993, he worked as General Director of "Volkovgeologiya." Under his leadership and direct participation of a map placement copper-bearing formations and major industrial copper deposits in Kazakhstan. Throughout the research and production activities B.Berikbolov conducted research in the field of metallogeny of copper, precious and rare metals, uranium, as well as in radioecology. He has published more than 100 scientific papers and 6 monographs. For his great contribution to the development of mineral resources base of Kazakhstan and public activities B.Berikbolovu awarded the honorary title "Honored Worker of Industry of Kazakhstan", was awarded a medal of the Ministry of Geology of the USSR. Excellence in prospecting for mineral resources of the USSR and the Republic of Kazakhstan, the discoverer of the deposits.

Keywords: life, work, minerals, geology, geological-mineralogical sciences,

Геология саласы, яғни жер қойнауы пайдалы қазба байлықтарын зерттеу ісі елімізде ертеден дамығаны белгілі. Аса күрделі әрі қиын саланы белгілі қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш Президенті, Қазақ КСР Академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды ғұлама ғалымдар шыңына дейін көтергені ақиқат. Кеңестер Одағы тұсында геология саласы қарыштап дамып, мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болғаны баршаға мәлім. Сол кезеңдегі республика басшысы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың тікелей араласуымен Қазақ КСР-нің өнеркәсібі, атап айтқанда түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-нан астамы, мырыштың 40%-нан астамы қазақ жерінде өндірілді. Атап айтсақ: Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш тау-кен, металлургия комбинаттары, Ермаков, Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты. Кеңестік кезеңде Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, т.б. облыстарында тау-кен ғылыми-зерттеу мекемелері, институттары жұмыс істеді. Қазақстанның қойнауы да сол жылдары барынша зерттеліп, барлау жұмыстары да жүзеге асырылды. Қазақстан

бойынша жүздеген кен орындары ашылып, республикамыздың әлеуметтік-экономикалық өмірінде біраз кен орындарына бүтіндей жаңа өндірістік баға беріліп сол кездегі ғалымдардың геология саласындағы ашып жатқан жаңалықтары да аз емес еді. Сол ғалымдардың ішіндегі бірі, әрі бірегейі - Қазақстанның геология-минерология ғылымы саласындағы ядролық энергетика көздерін ашу ісіне зор үлес қосып аянбай еңбек еткен, бүкіл саналы ғұмырын уран өндірісі саласына арнаған Бақытжан Рахметұлы Берікболов 1940 жылы 26 қаңтарда Шымкент қаласында туған. Шымкент қаласында М.Ю.Лермонтов атындағы №17 орта мектебінде оқып білім алғаннан кейін 1964 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының геологиялық-барлау факультетін бітірген. 1971 жылы аталған институттың аспирантурасында оқып, 1964-1968 жылдары Қарағанды облысы Балқаш ауданы Саяқ кен барлау экспедициясында аға геолог, бас геолог қызметтерін атқарған. 1968 жылдан В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының аспиранты. 1971 жылдан ҚазҒЗИ минералды шикізаттар бөлімінде аға инженер, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1971-1979 жылдары ҚазММИ мыс геологиясы бөлімінің жетекшісі, 1979-1980 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы, 1980 жылы Новосибирск қаласындағы әскери академиясын, 1985 жылы КСРО Халық шаруашылығы академиясын бітірген. 1982-1987 жылдары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы геология министрінің орынбасары, 1987-1988 жылдары «Қазгеология» Мемлекеттік Өндірістік Бірлестігі бас директорының орынбасары, 1988 жылдан КСРО Геология министрлігінің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін жетілдіру институтының ректоры. Ал 1993 жылдан Қазақстан мемлекеттік геологиялық «Волковгеология» кәсіпорынының («Волковгеология» АҚ) бас директоры қызметін атқарған. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының дамыған ең ірі өндірістік саласы болып табылатын «Волковгеология» Акционерлік қоғамының іргетасы 1948 жылы қаланған. Бұл мекеме уран кенішін барлау саласына маманданғандықтан, кез-келген күрделі әрі қиын жағдайларда жұмыс істеу мұнда шоғырланған геологиялық барлаушыларға тән құбылыс екені және олардың жұмысының ажырамас бір бөлігі болып табылатыны баршаға мәлім. Ал өткен ғасырдың 90-жылдарында Кеңестер Одағы ыдыраған шақта экономика тұралап, елімізді дағдарыс шарпыған сәтте де қиыншылық геология саласын да айналып өтпеді. Кеңес Одағында қалыптасқан геология ғылымының үлкен мектебі осы жылдары біраз уақытқа тежелді, яғни геология саласы құлдырап кетті. Бірнеше жыл қатарынан қауқарсыз еңбек еткен сала жойылудың аз-ақ алдында тұрды. Жылдар бойы мемлекетімізге Одақ көлемінде мол табыс әкелген геология мекемелері мен ұжымдары жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай қиын-қыстау кезенді басынан кешірген мемлекеттік мекемелердің көпшілігі жекешелендіруге бет бұрған кезде, «Волковгеология» АҚ мекемесі аман қалды. Кеңес Одағы ыдыраған тұста да «Волковгеология» кәсіпорны жаңа кен орындарын іздеу, барлау және игеру ісімен бірегей саланы сақтап қалып қана қоймай, оны сәтті жалғастырып келе жатқан посткеңестік кеңістіктегі санаулы құрылымның бірі болып саналады. Сондықтан да, қазіргі таңда уран өндірісінде республикамызды әлемдік көшбасшылыққа шығаратын жоспарларды жүзеге асыруда бұл бірегей кәсіпорынға үлкен міндет жүктеліп отырғаны мәлім. Ең алғаш уранның қайнар көзін Қордайдан тапқан геологтар жылдар бойы бағалы металлды өндіруде аянбай еңбек етті. Аталған кен орнынан бастау алған қайнар бұлақ кейіннен Оңтүстік Қазақстан, Сырдария аймақтарынан да табылып, өз жұмысын сәтті жалғастыруда. Бір жағынан мамандардың кәсіби біліктілігі болар, екінші жағынан басшылардың бірауыздылығы болар, бұл мекеме КСРО ыдыраған тұста таратылған жоқ. Мемлекетімізге ең ауыр соққан 1990 жылдары мекемедегі құрал-жабдықтар мен жылдар бойы іске қосылып тұрған технологияны әлсіретпей ұстап қалуда көреген басшы, ірі геолог- ғалым Берікболов Бақытжан Рахметұлының ерен еңбегінің нәтижесі деп бағалауға болады. Қазір ойлап қарасақ, ол тек «Волковгеология» мекемесін ғана емес, бүкіл қазақстандық геология саласын тығырықтан аман алып шыққан тау тұлғалы азамат екендігіне тағы да көз жеткізе аламыз. Кеңестер Одағында қызметі адамдарға беймәлім, жабық әрі құпия болып келген бұл мекеме Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап «Акционерлік қоғам» атауына ие болды. Кеңес Одағы тұсында бұл мекеменің қандай қызметпен айналысатынын қарапайым халық та ажыратып жатпағаны баршаға аян. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы қай жерде өнім өндіріп жатқан болса, сол кеніштердің барлығын кезінде «Волковгеология» мекемесі ашқанын әркім білуі тиіс. Кеңестер Одағы кезінен еліміздің экономикасына қомақты пайда әкелген «Волковгеология» бүгінде өз орнын нықтап алған кәсіпорындар қатарында. Ертеректе уран шикізатына күмәнмен қарайтын мемлекеттер еліміздің оны өндірудегі тың қадамдарға қызығушылықпен қарай бастағаны белгілі. Жалпы «Волковгеология» АҚ-ның тарихына зер салсақ: 1948 жылғы қаңтар айында «Волков» экспедициясы КСРО Геология министрлігі жанынан қорғаныс кешенінің минералды-шикізаттық қажеттіліктерін өтеу үшін Қазақстан аумағында уран кеніштерін іздеп табу және барлау мақсатында құрылған болатын. Кәсіпорын 1948-1953 жылдары Қазақстандағы

алғашқы өнеркәсіптік гидротермальды кен орны саналатын Қордай кен орнын анықтау, шұғыл барлау және қолданысқа енгізу жұмыстарымен және түрлі пайдалы қазбалардың белгілі кен орындарын тексеру жұмыстарымен айналысқан. Ал 1953-1957 жылдары аэромобильді кен іздестіру арқылы Солтүстік Қазақстанда гидротермальды кен орындарын ашумен, Оңтүстік Қазақстанда Ботабұрым кен орнын ашу және барлаумен; 1957-1968 жылдары Оңтүстік Қазақстанның Іле, Шу-Сарысу және Сырдария ойпатындағы кен орындарының топырақ қабатын анықтау мен бағалау жұмыстарымен шұғылданғаны мәлім. Сонымен қатар 1968-1986 жылдары депрессиялық құрылымдарды іздеу және барлау бұрғылауларының көлемі аса жылдамдықпен жүргізіліп, 1979 жылы өндірістік бірлестік дәрежесіне ауыстырылғаннан кейін кәсіпорын атауы «Волковгеология» болып өзгертілді. Кеңестік кезеңде «Волковгеология» жетістіктері геология саласында, әсіресе, бұрғылау ісінде рекордтық нәтижелерге қол жеткізді. Алайда, 1987-1997 жылдары Чернобыль АЭС-ғы алапат жарылыстан кейін Одақ көлемінде атом энергетикасын дамыту жұмыстарының бәсеңдеуі және орталықтан тапсырыстың азаюы салдарынан уран өндірісінің көлемі күрт төмендеп, геолог мамандардың тарап кетуіне әкелгені де шындық. 1992 жылдан «КАТЭП» Атом энергетикасы және өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясы құрамындағы ашық Акционерлік қоғамның, 2003 жылдан «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК құрамына енді. Ал 1997 жылы «КАТЭП» таратылғаннан кейін «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясы құрылып, еліміздің төрт уран өндіруші аймақтарында тоқтап қалған өндірістің жанданып, оның технологиясы жетілдіріліп, сатып алудың тендерлік механизмінің іске қосылып, желілік жоспарлау және басқару жүйесінің енгізілуі шығындарды азайтуға қол жеткізілген болатын. Аталған шаралардың орындалуы нәтижесінде 1999 жылы өндірістің құлдырауы тоқтатылады. Сондықтан да кен өндіру және барлау қызметкерлері егеменді еліміздің мықты шикізат қорын жасай алды әрі уранды геологиялық барлау мен бұрғылау жұмысы саласында зор нәтижелерге қол жеткізді. 1974 жылдан геология-минералогия ғылымдарының кандидаты болып келген Б.Р.Берікболов «Қазақстанның мыс кендері кезеңдерінің минералдық-шикізаттық әлеуеті» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Өз ісінің майталман маманы, ізденімпаздық қабілеті аса жоғары геолог-ғалым 1999 жылы Саяқ-IV мыс кенішін, 2006 жылы Ақдала, 2007 жылы Оңтүстік Қарамұрын уран кен орындарын, 2008 жылы Мойынқұм кен орнындағы Төртқұдық учаскесін тұңғыш ашушылардың бірі. Сонымен қатар 1984жылы өткізілген Мәскеу қаласында, 2000 жылы Бразилияда, 2004 жылы Италияда, 2008 жылы Норвегияда өткен Дүниежүзілік, Халықаралық геологиялық Конгрестердің белсенді қатысушысы. 1999 жылдан ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, 2000 жылдан Халықаралық инженерлік академияның академигі. 2003 жылдан Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Құрметті профессоры. Б.Р.Берікболов жеті монографияның, қатты пайдалы қазбалар жөніндегі 200-ден аса жарияланымдарының авторы. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қазақстан аумағында мыстекті кезеңдер мен негізгі өнеркәсіптік мыс кеніштерінің орналасу карталары және 1:1500000 ауқымындағы ҚР уранының металдық генді болжау картасы құрастырылды. Ол Қазақстан Республикасы аумағындағы радиациялық ахуалды зерттеу, тұрғындардың сәулелену дозаларын мүмкін шамаларымен аймаққа бөлу және мейлінше жіктелімді зерттеулер жөніндегі ұсынымдарды жетілдіру, халықты нормативтен артық радиациялық әсерге ұшырауынан қорғау шаралары мен мониторингі бойынша жұмыстарды жүргізуде аса қажырлылық танытқан. Сондай-ақ, мемлекетіміздің геология-минерология саласындағы экономикалық тиімді рационализаторлық ұсыныстар қатарын иеленген өнертапқыш. Спасск аймағының мыс байлығын зерттеу саласындағы белгілі ғалым. Бүкіл ғылыми-өндірістік қызметі барысында Б.Берікболов мыстың металдық гені, бағалы және сирек кездесетін металдар, уран саласында, сондай-ақ радиоэкология саласында ғылыми зерттеулер жүргізген. Қазақстанның минералдық шикізат базасын өркендетудегі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Б.Берікболовқа «Қазақстанның өнеркәсібіне еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілген. Сонымен қатар Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, КСРО және Қазақстанның жер қойнауын барлау үздігі, Қазақстанның құрметті жер қойнауын барлаушы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Б.Берікболовтың марапаттаулары: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ құрылғанына 10 жыл» (2007), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) медальдарымен; 1-ші дәрежелі «Қазақстан Республикасы атом өнеркәсібінің Еңбек сіңірген қызметкері» (2007) Алтын белгісімен; «ҚР инженерлік ісін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2002); «Жер қойнауын барлау үздігі» (1987,1991) белгілерімен; Халықаралық инженерлік академиясының дипломымен (2001) марапатталған. КСРО өнеркәсібіне Еңбек сіңірген қызметкері (1988). 2005 жылдан «Волковгеология» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Б.Р. Берікболов «КСРО жер қойнауының Құрметті барлаушысы» және «ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы» атақтарын иеленген. «Қазақтың нағыз бренді – атом өнеркәсібі» – деген бір сөзінде туған халқының

жер қойнауынан шығатын қазба байлықтардың әлі де адамзатқа әкелетін орасан зор пайдасын жоғары бағалаған академик. Қазақстан бүгінгі таңда уран қоры бойынша Австралиядан кейінгі екінші орын алады. Ал уран өндірісінде дүние жүзі бойынша бірінші орында. Бүкіл әлем бойынша алынатын уранның 40 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі. Қазақстан осы саланың көшбасшысы болғандықтан, біздің осы жылдарда уран өндіру, экспорттаудағы жинаған тәжірибеміз, кадрларымыз бен технологияларымызды басқа елдер мойындаған. Қазірде «ҚазАтомөнеркәсіп» АҚ Қытай, Жапония, Франция сияқты бірқатар елдердің мамандарымен бірлескен кәсіпорындары бар. Бүгінде «Волковгеология» кәсіпорнында үш мыңдай адам еңбек етеді. Өтпелі кезеңнің қиын шағында кәсіпорын басшылығы еңбек ұжымын сақтап қала алды және өзінің алпыс жылдық тарихында еліміздің аймақтарында 40-тан астам кен орындары ашылып, 1,5 млн. тоннаны құрайтын уран қорына ие әлемдегі алып шикізат базасын жасап қана қоймай, бұл кәсіпорын жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен игеруге жарамды 19 алып уран кен орындарын ашты. Соңғы үш жылда №5, №7, №23 геологиялық экспедиция тобы бұрғылау жұмыстары көлемін үш есеге ұлғайтып, үстіміздегі жылы «Волковгеология» 1 млн. 700 мың метр тереңдікте бұрғылау болжануда. Қазіргі кезде еліміздің тау-кен өндірісі саласында жұмыс істеуге деген жастардың құлшынысы да күннен-күнге артып келеді. Қазақ халқының «Ғалымның хаты өлмейді, Жақсының аты өлмейді» деген даналық сөзі бар. 2013 жылы 26 қаңтарда Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде аса дарынды геолог, ғалым, қайраткер Б.Берікболовқа арналған мемориалдық тақта орнатылып, аталған университеттің «Б.Р.Берікболов дәрісханасы» ашылды. Бұл дәрісхананың ашылуы мемлекет және университет тарапынан салтанатты жағдайда өткізіліп, оған қоса Университетте Б.Берікболов атындағы арнайы шәкіртақы тағайындалып, ол алғашқы иегерлеріне табыс етілді. Ол жайында пікір айтқан ҚазҰТУ-нің геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау кафедрасының меңгерушісі, профессор А.Жүнісов: «Бұл біздің кафедрадағы үшінші шәкіртақы болайын деп отыр. Бұған дейін Шахмардан Есенов пен Қаратай Тұрысов атындағы шәкіртақылар бар еді. Енді оның қатарын Бақытжан Берікболов атындағы шәкіртақы толықтырып отыр. Қазір бұл мамандықтың болашағы зор екенін жастар жақсы түсінгендіктен, ол үлкен байқаулар өткізу арқылы тағайындалады», – деді. Оның айтуынша, бұл атаулы шәкіртақы Б.Берікболовтың геологияға сіңірген еңбегін әрі қарай жетілдіру үшін Бақытжан Рахметұлының отбасы мен «Волковгеология» АҚ-ның атынан үздік 2 студентке берілетін болады. Оның алғашқы иегерлері университеттің ең үздік оқитын студенттері және университеттің қоғамдық жұмысына белсенді қатысушылар екені сөзсіз. Геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Инженерлік академиясының академигі, Б.Берікболовтың замандасы Г.Жолтаев: «Бақытжан Рахметұлымен бірге 1957 жылы студент болып қабылданған едік. Екі жыл бойы жатақханада бір бөлмеде тұрып, курстас, дос болдық. Одан кейін Б.Берікболов өндірісте қызмет етті. Министрдің орынбасары және «Волковгеология» АҚ-ның басшысы болды. Бұл мекемеде көп жылдар бойы жұмыс істеген Бақытжан Берікболовтың Қазақстанға сіңірген еңбегі өте зор», - деді ол өз сөзінде. «КСРО Мұнай өндіру ісі үздігі Б.Берікболов Қазақстанның уран қоры бойынша әлемде екінші орында тұруына орасан зор еңбек сіңірді. Сондықтан бұл дәрісхана Бақытжанның ескерткіші ғана емес, оның болашақ жастарға қалдырған ізі. Онда білім алған әрбір студент: «Мен Б.Берікболов атындағы дәрісханада дәріс алдым!» деген сөзді әрдайым мақтанышпен айтатын болады». Бүгінгі таңда егемен еліміздің ғалымдары да болашақ үшін бұл саланы жан-жақты зерттеп-зерделеуде. Олардың ерен еңбегі арқасында геология саласы жақсы дамуда. Елімізде осындай белгілі тұлғалардың есімін насихаттау қажеттілігі жылдан-жылға артуда. Себебі, бейбіт өмірде де еліміздің әр саласында ерлік көрсетіп жүрген жандар аз емес. Олардың ғибратқа толы мазмұнды ғұмыры мен өнегелі өмірі бүгінгі саналы ұрпаққа баға жетпес байлық. Б.Берікболов - профессор, академик, жалпы алғанда барлық құрметке лайық жан. Биылғы туған күнінде, яғни 2019 жылы 26-қаңтарда (өмірде болса, 79 жасқа толар еді) Алматы қаласының Әкімдігінің шешімімен өзі тұрған үйінің қабырғасына (Қабанбай батыр көшесі 111 үй) есімі қашалып жазылған мемориалдық ескерткіш-тақта орнатылды. Халқына қалтқысыз қызмет еткен біртуар ғалым Б.Берікболовтың өз халқына қалдырған мол мұрасы сан ғасырлар бойы жас ұрпақтың жадында қалатынына сенім мол.

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

ӘӘЖ 184.11
ГРНТИ 03.01.06

Д.Мукатова
тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., e-mail: dana.nazar-06@mail.ru

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛ»
ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа

Мақалда Елбасының «Жаһан жүзіндегі «Қазақстандық жол» кітабы туралы баяндалады. Еңбек Ел тәуелсіздігінің 15 жылдығына 2006 жылы желтоқсанның басында жарыққа шықты, 369 беттен, 9 тараудан тұрады. Бөлімдер «Тәуелсіздік стратегиясы», «1995 жылғы Конституциясы», «Каспий үшін шайқас және мұнай үшін арпалыс», «Теңге-біздің тәуелсіздігіміздің символы», «Мемлекеттік меншіктен- жеке меншікке», «Ұлттық қаржылық жүйе», «Жер мәселесінің эволюциясы», «Қазақстан-жұлдыздарға жол», «Жаңа дәуірдің жаңа астанасы» деген атаулармен бөлінген. Кітаптың әрбір тарауы еліміз өткен он бес жылдық тарихымыздың айшықты беттері сараланған

Тірек сөздер. «Қазақстандық жол» еңбегі, тарих, кітап, тарауы

Мукатова Д.
доктор исторических наук, КазНПУ имени Абая
e-mail: dana.nazar-06@mail.ru

**ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ РАБОТЫ Н.А. НАЗАРБАЕВА
«КАЗАХСТАНСКАЯ ПУТЬ» И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ**

Книга автора вышел на публику в декабре 2006 года, накануне 15 летиее независимости. Книга состоит из 369 страниц, 10 глав. Каждая глава говорит о «Стратегия Независимости», «Конституция 1995 года», «война за Каспий и за невь», «Теңге-символ нашей Независимости», «От государственной собственности до частной собственности», «Национальная финансовая система», «Эволюция земельной проблемы», «Казахстан-путь к звездам», «Новая столица новой эры». Каждая часть работы-колыбель нашей 15-летней истории.

В начале 1990-х годов Советский союз распался. До середины 90-х годов страна находилась в сложной ситуации, с некоторыми трудностями, некоторые деревни и города оставались без электричества. Колхозы и совхозы в результате ошибок, допущенных в процессе приватизации, привели жителей деревни в отчаяние и были поражены отсутствием знаний. Массовая безработица в стране выросла. В статье были рассмотрены исторические последствия развития суверенного Казахстана и сделаны выводы из книги Н. Назарбаева «Казахстанский путь».

Ключевые слова: Книга "Путь Казахстана", история, книга, раздел

THE HISTORICAL ROLE OF THE WORK OF N.A. NAZARBAYEV " KAZAKHSTAN'S WAY" AND ITS SIGNIFICANCE

D.Mukatova¹

¹*Doctor of History, KazNPU named after Abai*

Annotation

The author's book came out to the public in December 2006, on the eve of the 15th anniversary of independence. The book consists of 369 pages, 10 chapters. Each chapter talks about the Strategy of Independence, the 1995 Constitution, the War for the Caspian Sea and Nevt, the Tenge -the symbol of our Independence ", " From state property to private property ", " National financial system ", " The evolution of the land problem ", " Kazakhstan - the path to the stars ", " New capital of the new era. "Each part of the work is our 15th cradle summer history. In the early 1990s, the Soviet Union collapsed. Until the mid-1990s, the country was in a difficult situation, with some difficulties, some villages and cities were left without electricity. despair and were amazed at the lack of knowledge. Mass unemployment in the country increased.

Historical consequences and the development of sovereign Kazakhstan were considered in this article and were made a conclusion from the book of N. Nazarbayev «The Puth of Kazakhstan».

Keywords: Book "Path of Kazakhstan", history, book, section

Автордың бұл кітабы Ел тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында, яғни 2006 жылы желтоқсанның басында жарыққа шықты, 369 беттен, 9 тараудан тұрады. Тараулар «Тәуелсіздік стратегиясы», «1995 жылғы Конституциясы», «Каспий үшін шайқас және мұнай үшін арпалыс», «Теңге-біздің тәуелсіздігіміздің символы», «Мемлекеттік меншіктен- жеке меншікке», «Ұлттық қаржылық жүйе», «Жер мәселесінің эволюциясы», «Қазақстан-жұлдыздарға жол», «Жаңа дәуірдің жаңа астанасы» деп аталады. Еңбектің әрбір тарауы еліміз өткен он бес жылдық тарихымыздың айшықты беттері.

XX ғасырдың 90-шы жылдардың басында Кеңес одағы ыдырады. Тоқсаныншы жылдардың ортасына дейін елдің жағдайы қиындап, кейбір ауылдар мен қалалар жарықсыз, жылусыз қалды. Колхоздар-совхоздар тарап, жекешелендірудің кезінде жіберілген қателіктердің салдарынан ауыл адамдары үмітсіздікке бой алдырып, қайда барарларын білмей шарасыздыққа ұшырады. Елде жаппай жұмыссыздық белең алды. Күн көрудің амалымен ауыл адамдары қалаға қарай ағылды. Бір кездері қуатты державаның мақтанышы болған ірі-ірі кәсіпорындар мен өндіріс ошақтары тұралап қалды, өндірген өнімдері ешкімге керек болмады. Қазақстан үлкен дағдарысқа кез болды. Уақыт ырғалып-жырғалуды көтермеді. Дәл сол сәтте шұғыл әрі дұрыс шешім қабылданбаса, Қазақстанның құрдымға кететіні анық еді. Ел басына күн туған осынау сын сағатта Президент Н. Назарбаев оның командасының иығына жауапты да тағдыршешті міндет - өзімен тең, тіпті зор елдердің мүдделеріне бағынбай, ұлттық мүддені жоғары қоя отырып саяси стратегиясын айқындау міндеті жүктелді. Ол ең алдымен бұған дейін өткен тарихи тұлғалардың өмірі мен тәжірибесіне ден қойды. Сингапурды 30 жылдан астам басқарған билікті басшы Ли Куан Ю өз мемлекетін нағыз өркениет өрісіне көтеріп, халқын бақытқа бөлеген адам. Сондай-ақ, ол Маргарет Тэтчер, Франсуа Миттеранның және т.б-да мемлекет басқарудағы қалтарыс-бұлтарыстарын қалт жібермей қадағалап, дұрыс та ұтымды жақтарынан сабақ алуға тырысты. Ақырында бір нәрсеге көзі жетті, ол - өтпелі кезеңдегі саяси-экономикалық жағдайды жолға қою үшін мықты президенттік басқару тетігінің керектігі. Сонда ғана әкімшіл-әміршіл жүйеге негізделген жоспарлы экономикадан құтылып, демократияны мұрат тұтқан нарықты экономика тұрғысында дамитын жаңа мемлекет құруға болатындығына сенді. Сондықтан болар Президент Н. Назарбаев бүкіл әлемге Қазақстанның жалпыға ұғынықты демократиялық қағидаттарды басшылыққа ала отырып, ұлттың тарихи және саяси ерекшеліктері ескерілетін демократиялық жүйе құратынын ашық айтты. Аталған тұжырымдаманың мәні, содан бері 15 жылдан астам уақыт өтсе де, Ресейдің ішінде де, сыртында да кескілескен пікірталас жүріп жатқан сол «егеменді демократия» болып табылады. Егеменді демократия – бұл қуатты әрі қандай қызметке де қабілетті зор президенттік билік болып табылады. Ресейлік Саясаттанушылар «Егеменді демократия» деген сөздің мағынасын былай деп түсіндіреді: бұл айрықша демократияның бір көрінісі, өйткені жалпы демократияға ортақ әмбебап институттар мен құндылықтар бар, оларды аттап өтуге болмайды. Шын мәнінде, демократ болу осы жалпыға ортақ демократияның алғышарттары мен

нормаларын мойындай, қабылдау деген сөз - дейді. Мұндай демократияны қабылдамайтындарда аз болған жоқ.

Егеменді демократия дегеніміз мемлекет егемендігінің нақты өлшемі. Әр мемлекет сырттан қозғау салусыз, өз жолымен, өз дәстүрімен, өз менталитетімен, өз бағытымен даму керек. Егеменді демократия идеясы бүкіл әлемнен оқшаулануын көздемейтінін жете ұғынған жөн. Керісінше, ол ұлттық мүдделерімізді қолдай отырып, әлемдік өркениеттің үздік үлгілерінен оқып-үйренуді, өзара ықпалдасуды басшылыққа алады. Батыс пен Шығыс екі дүние, бұл екеуі ешбір қабыспайды, деген жалған пікірдің ықпалынына түспеуіміз керек.

Егеменді демократия еліміздің тәуелсіздігін бекіте түсуге қызмет етуге тиіс. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздігі оның саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, рухани дербестігіне тікелей байланысты. Осыған орай демократия да егеменді, өз елінің тарихи дәстүріне, менталитетіне, ұлттық ерекшеліктеріне бейімделген, соны жан-жақты ескеретін демократия болуы керек. Біз қоғамның дамуында осыны әрдайым басшылыққа алғанымыз абзал.

Н.Назарбаев саяси, әкімшілік және көп жағдайда жеке экономикалық басқару тетігін бір қолға жинақтай отырып, қоғамды кезең-кезеңімен демократияландыру және ырықтандыру арқылы елді түбегейлі дағдарыс жағдайынан алып шықты. Посткеңестік кеңістіктегі 20 жылдан астам уақытқа созылған саяси реформалардың тәжірибесі тек күшті президенттік институт қана тоталитаризмнен демократияға өту үшін қажетті алаң болып табылатынын көрсете білді. Осы президенттік институттың арқасында Қазақстан өзге бірқатар посткеңестік республикаларға қарағанда, ешқашан өзінің субъектілігін, жұмылдырушы күшін жоғалтқан жоқ. Қазақ елі көрші елдерден көш бойы озық тұруының сыры неде? Оның басты себебі – Қазақстанда байлықтың молшылығы. Жер байлығы да, ел байлығы да бар. Сол байлықты төкпей-шашпай халықтың игілігіне жарату, мемлекеттік саясатты жан-жақты ойлай отырып, дұрыс жол таңдай білу сол мемлекеттің даму негізін қалаушы тұлғаларға байланысты.

Қазақстан мемлекеттік қадағалауды қатаң сақтай отырып нарықтық қатынастарды дамыту әдісін қолға алды. Соның нәтижесінде бұрынғы кеңестер елдері арасынан суырыла алға шықты әрі тура жолдан таймады. Кітаптың «Тәуелсіздік стратегиясы» деп аталатын бірінші тарауында осы жағдайлар мен қосы «Қазақстанның егеменді ел ретінде дамуы мен қалыптасу стратегиясы» (1992 ж.), «Президент Меморандумы» (1994 ж.), «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы» (1997 ж.) деп аталатын үш құжаттың қалай дайындалып, қалай дүниеге келгендігі жайында баяндалады. Президенттік алғашқы құжатқа сол кездегі Жоғарғы Кеңесте, халық та үрке қараған. Қатаң бәсекелестікте құрылған әлеуметтік-нарықтық қатынас заңын бірден қабылдау оңай болмады. Алайда осы құжат арқылы қазақ ұлтының өзін өзі тануы, тұтас территориясы бар бөлінбейтін мемлекет екендігін айғақтайтын идеологиясы қалыптаса бастады.

Жоғарыда көрсетілген екінші құжатты («Президент Меморандумы») Президенттің үндеуі десе де болады. Бұл құжатта алда тұрған басты міндет – ауыздыққа бас бермей бара жатқан ақша құнсыздануын тоқтату, ол үшін банк құрылымдарын қайта жасақтап, ақша-несие реформасын шұғыл түрде асыру қажеттігін көрсетті. Ол үшін қоғамда тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты, азаматтық келісімді көздің қарашығындай сақтау керектігіне баса көңіл аударды.

Осы құжаттардың ең салмақтысы – «Қазақстан - 2030» даму стратегиясының бағдарламасы еді. Уақыт талабынан туындаған осынау бірігей құжатты дүниеге әкелу жолында біздің мамандар топ-тобымен Бостон, Гарвард университеттерінде, Корей, Сингапур, Малайзия елдерінде болып, олардың озық үлгілерін зерттеді. «Боинг», «Дженерал Электрик», «Бритиш Петролеум» сияқты алып компаниялардың бизнес-жоспарларымен танысты. Осы бағдарламаны дайындау барысында әлемге аты әйгілі сарапшылар – Х.Берсток, К.Грей, В.Худжонг т.б. адамдар ат салысқандығын атап өткен жөн. «Қазақстан - 2030» Даму стратегиясы өз өміршеңдігін жылдан жылға өсе түскен табыстарымен, халықаралық қауымдастықтың алдындағы абырой-беделіміздің артуымен дәлелденген. Бұл стратегиясының «негізіндегі қағидаттар біздің алдағы жоспарларымыздың ұдайы бағдарын анықтайды және өзінің көкейкестілігін жоғалтпайды»- дейді Н. Назарбаев.

Кітаптың екінші тарауында 1995 жылы күдікшілер мен консерваторлардың қарсылығына қарамастан қазіргі Конституциямыздың қалай қабылданғандығы баяндалған. Бұл тұста да Еуропа, Азия, Солтүстік және Латын Америкасының тәжірибелері сүзгіден өткен. Президент Н. Назарбаев тікелей өзі жиырмадан астам елдің конституциясын оқып шығып, олардың қажет жерлерін қағазға түсірген. Алдыңғы Ата Заң президенттік билік әлі толық күшіне еңбеген «қызыл» Жоғарғы Кеңестің кезінде дүниеге келген. Соның салдарынан мемлекеттік, қоғамдық реформалардың біразы жүзеге

аспай қалды. Президенттің белсенді түрде атсалысуымен дайындалған ҚР Конституциясы еліміздің дамуы үшін аса қажетті көптеген мәселелерді шешуге арналған заңдар дайындауға мүмкіндік берді. Елімізде нағыз демократиялық реформалар жаңа Конституция қабылданған сәттен бастап қолға алынды. Мемлекеттік тіл- қазақ тілі болып жарияланды, орыс тіліне ресми тіл деген мәртебе берілді. Жаңа Конституцияға барлық жиыны 1100 өзгеріс енгізілді. Қазіргі кезде еліміздің экономикалық және рухани-мәдени қарқынды дамуы оның мазмұнында қамтылған тұжырымдардың жемісі болып табылады.

Келесі тарауда – Каспийді бөлісу кезіндегі жанталас пен мұнайға қатысты айтыс-тартыстар келтірілген. Қазақ – мұнайлы ел. Мұнай – тәуелсіздігіміздің бірден-бір кепілі және экономиканың күре тамыры болып табылады. Қазақстан тарихында қара алтын ерекше рөл атқарады. Сондықтан да Елбасы мұнай байлығы Қазақстан экономикасының іргетасы болу керек екендігін айқын сезініп, сырғымалы сынап тәрізді капиталдың қай елде қоғамдық-саяси жағдай тұрақты болса, сонда барып құйылатынын терең түсінгендіктен де осы мәселеге үлкен қажыр-қайрат жұмсады. Қазақстан мұнайы әлемдік рынокқа экспортқа шықты. «Ғасыр шарты» деп аталатын Қазақ елінің дүние жүзінің атақты мұнай өндіру компанияларымен арада болған келісім-шарты жасалды. Осы мұнайдың арқасында ғана елімізге инвестиция құйыла бастағандығын автор жан-жақты баяндайды. Және де Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындаудағы саяси күрестің үлкен саяси ерік-жігерді қажет ететін арпалыстың түйіні – Қазақстанның әлемнің мұнай картасында алатын орнымен айқындалады.

«Теңге-тәуелсіздігіміздің символы» атты келесі тарауда 1992-1993 жылдар аралығындағы еліміз бастан кешкен ауыртпалықтар шынайы ашық жазылған. КСРО ыдырағанымен Қазақстан «рубль» аймағында қала тұруға тырысқаны рас. Бұл бұрынғы экономикалық байланыстардың бірден үзілуіне жол бермеудің бірден-бір амалы еді. Шекараны бекітіп, ұлттар арасында алауыздық туып кетпеуіне де мұның көп көмегі болғанын мойындауымыз керек. Өз аяғымыздан тік тұрғанша тәуелсіз еліміздің шаңырағын шайқалтпаудың барлық амалдары жасалынды. Қарбалас үстінде ұлттық теңгемізді енгізу жөнінде құпия комиссия жұмыс жасап жатты. Ақыры теңгеміз Англияның «Харрисон и сыновья» және «Томас де ля Ру» деп аталатын екі ірі компаниясында басылып шықты. 1993 жылдың 12 қарашасында Президент «Қазақстанның ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылып, 13 қарашада жарияланды. Теңге – тәуелсіздігіміздің ең басты кепілдерінің бірі деп бағаланады. Жаңа теңгенің шығуымен қатар еліміздің қаржы құрылымдарына да өзгерістер кірді. Салық, Кеден комитеттері құрылды. Ұлттық Банк өз жұмысын бастады. Тәуелсіз Қазақстан аяғынан нық тұрды.

Бұдан кейінгі ең бір ауыр жағдайда жүзеге асқан реформаның бірі – жаппай жекешелендіру жұмыстары болды. Кітаптың келесі тарауы түгелдей осы тақырыпқа арналған. Бұл істе көп қателіктердің кеткендігін автор көрсеткен. Жекешелендіру қорлары үмітті ақтамады. Байлар, кедейлер деген жаңа категориялар пайда болды. Дегенмен жекешелендіру – орта таптың қалыптасуына жол ашты. Ал орта тап – мемлекеттің іргетасы екендігі айтпаса да түсінікті.

Құнды қағаздар мен банк құрылымдары, қазақстандық қор биржасы жайында кітаптың келесі тарауы қамтыған. Ұлттық Банкінің төрағасы Г. Марченконың халықтың артық ақшаларын банктің жинақтау қорына тартуы басқа да атқарған іс-әрекеті кітапта жақсы суреттелген.

Қазақстанның экономикасы алға басып, ел еңсесі көтерілгенімен ауылшаруашылығында ілгерілеушілік байқалмады. Жылдар бойы мемлекетке алақан жайып, көмек күтіп үйренген ауыл адамдарының сылбырлығы баяғы қалпында қала берді. Олардың санасы мен мінезіне өзгеріс енгізу қажеттілігі туды. Оны іске асыру үшін жерді жекеменшікке беру қажет болды. Осы жөнінде Парламент пен Үкімет арасында текетіреті жағдай туындады. Себебі, жерді жекеменшікке беру жөнінде әлі қоғамдық көзқарас қалыптаспаған еді. Қарапайым халықтың көбісі бұл бастаманы қолдамады. Соған қарамастан 2003 жылдың 20 шілдесінде ауылшаруашылығына қажетті жерлерді ғана жекеменшікке беру жөніндегі Жер кодексіне Президент қол қойды. Бұл заңдағы ең басты ерекшелік – ауылшаруашылық жерлеріне жеке меншік институтының енгізілуі еді. Қазақстан нарықтық қарым-қатынастарға қадам басып отырғандықтан, уақыт өткізбей, өндірістік салалармен бірген жеке меншік енгізу қажет болған. Мұны шешпейінше, ауыл-селодағы құрылымдардың нарыққа көшуі екіталай еді. Жүргізілген реформаның нәтижесі де аталмыш кітапта жан-жақтылы зерделенген.

Келесі тарау түгелдей ғарыш мәселесіне арналған. Қазақстанның нағыз ғарыштық мемлекетке айналу жолында жасалынған жұмыстар ұшан-теңіз екенін бүгінде екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Жер кіндігі деп аталатын Байқоңырдың мол мүмкіндігін адамзат игілігіне жұмсау үшін Қазақстан бар

күшін сарқа пайдалана отырып, оны одан ары игеру үшін Ресей сияқты алып елді де өз қатарына тарта білді.

Тұңғыш қазақ ғарыш Тоқтар Әубәкіровтың қазақ тілінде Елбасына берген рапорты, одан кейін ғарышты үш рет шарлап қайтқан Талғат Мұсабаевтың көк аспан төрінде тұрып шырқаған қазақша әні әлі есімізде. Байқаңырды Ресейге жалға берудегі мақсат-мүдде де бүгінде орындала бастады. Соның нақты дәлелі – «Бәйтерек» ғарыштық зымырандар құрылыс кешенінің нәтижелі жұмыстары.

Соңғы тарау «Жаңа заманның жаңа астанасы» деп аталған. Мұнда автор өзінің көптен көкейінде жүрген ізгі армандарының бірін қалай жүзеге асырғаны жөнінде шабыттана жазады. Бүгінде Астана қаласы еліміздің экономикалық, саяси шешімдер қабылдайтын әкімшілік орталығы ғана емес, Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан, әсемдігімен әлем назарын өзіне аударған өркениет пен руханият орталығына айналып келеді. Астана қаласы – тәуелсіз еліміздің тұңғыш рет арғы-бергі тарихында өз таңдауымен елордасы деп танылған шаһар.

Н. Назарбаевтың кітабында басты орындардың бірін әлеуметтік-саяси тұрақтылық мәселесі алады. Оның негізінде этносаралық және конфессияаралық түсіністік пен келісім жатқаны да нақтылана түскен. Өзінің президенттігінің ең бастапқы кезеңінен бастап Н.Назарбаев аталған мәселені бірінші кезектегі маңызды мемлекеттік идеология деңгейіне көтерді. Оның тарихи тұрғыдан дұрыстығын әлемде күнде дерлік түрлі ұлттық-діни мәдениеттердің қарсы тұрулары салдарынан болып жатқан қантөгістер мен жанжалдар айғақтап отыр. Қазақстан түрлі діндер мен сенім-нанымдардың ұғыныстық жағдайында бейбіт қатар өмір сүріп қана қоймай, дами да алатынын тәжірибе жүзінде көрсетіп отыр. Әлемдегі рухани пастырлардың бірінші және екінші съездерін Қазақстанда өткізу туралы шешім қабылдаулары да осының дәлелі болмақ.

Президент Н.Назарбаевтың жаңа туындысы бүкіл қазастандықтарды, әсіресе жастарды Отанын сүйуге, оның тәуелсіздік жылдарында жүріп өткен соқтықпалы соқпақсыз жолдарын жаңа қырынан танып білуге үйрететін пайымы мол танымдық шығарма. «Қазақстан жолы» - еліміздің бүгінгі биігіне атқан оқтай тұзу, төселген тақтайдай тегіс жолмен зырлап келе қалмағанын көрсететін кітап. Қазіргі қарышты қадамымыздың қайнар көзін ашып көрсететін кітап. Ең бастысы, ол тарихқа көз тастай отырып, болашаққа бағдар жасататын кітап. Бұл кітаптың бәрінен бұрын ең алдымен жастарға арналғандығы сондықтан. «Сендер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақсындар дегенді айтудан танбаймын. Сендер тәуелсіз Қазақстанда туып, ер жетіп келесіндер. Сендердің жастық шақтарың – біздің еліміздің бой тіктеу, өрлеу кезеңі. Сендер жетістіктер мен табысқа ұмтылудың осы рухын бойларыңа сіңіріп өстіңдер. Сендердің тағдырларың біздің еліміздің тағдырын айқындайды» - деп атап көрсеткен автор.

Бұл еңбекте баса назар аударатын тағы бір жәйт, ол білім беру ісіне қатысты түйінді мәселелер. Мемлекет дамуының барлық кезеңінде басты міндеттердің бірі - әрбір азаматтың толыққанды және сапалы білім алуына мүмкіндік жасау. Елбасының бастамаларының бірі – «Болашақ» бағдарламасын қолға алуы. Нәтижесінде, дарынды қазақтың ұлдары мен қыздары оқуларын одан әрі жалғастыру үшін әлемнің ең таңдаулы университеттерінде оқуда. Елбасы жаһандану заманында және өркениеттілік үрдісінде ғылым мен білімді интеграциялау арқылы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әрдайым ерекше назар аударуда. Оның ішінде мынадай екі бірдей маңызды міндетті атауға болады: біріншіден, білім беру елжанды азамат тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс. Екіншіден, білім беру бәсекеге қабілетті және ұдайы ізденісте болатын адамды тәрбиелеуге ықпал етуі керек.

Бүгінде өркениетті негіздегі әлем тәжірибесін игеру – отандық білім саясатының басым бағыты болып қала бермек. Бұл мәселе Президентіміздің соңғы Жолдауында да айтылды.

Қорыта айтқанда, Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабының қазіргі қоғамымыздағы алатын орны ерекше. Өйткені, мұнда соңғы жылдардағы қол жеткізген табыстарымыздың негізі мен мән-мағынасын орнықты түсіндіріп беретіндігінде. Еңбекте тәуелсіздіктің тарихи орны, заңдық-құқықтық іргетастың қалыптасуы, экономикалық жетістіктердің жүйелілігі, әлемдік бәсекедегі Қазақстан жолы жан-жақты байыпталған. Қазақстандық жол – бүгінде экономикалық, саяси тұғырықтар мен әлеуметтік қиыншылықтардан кейін дүр сілкініп қайта жаңғырған, тұрақты даму даңғылына түскен, бірлік пен ынтымағы жараса гүлденіп келе жатқан жас Тәуелсіз мемлекет жолы, сондай-ақ, өз елін сүйетін, өз Отанын қастерлейтін, өз халқын мақтан ететін әрбір қазақстандықтың жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Н. Назарбаев. Қазақстан жолы. 2006 ж. 369 б.*

2. О.Әбдікәрімов. Отанды қастерлеудің озық үлгісі //Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан 2006 ж.
3. Д. Исабеков. Жас ұрпақ, саған айтам... // Егемен Қазақстан. 28 желтоқсан 2006 ж.
4. С. Оразбаев. Елдікті еңселентер еңбек // Егемен Қазақстан. 27 желтоқсан 2006 ж.
5. Т. Қожамқұлов. Ректор лекциясы // Егемен Қазақстан. 29 желтоқсан 2006 ж.
6. С. Әбдіманапов. Мемлекетіміздің жаңа белестегі айқын тұжырымы // Егемен Қазақстан. 21 желтоқсан 2006 ж.
7. Жастарға арналған кітап – жастар көзімен // Егемен Қазақстан. 21 желтоқсан 2006 ж.
8. Ж. Сааданбеков. Қазақ бауырларымыздың бағы зор! // Егемен Қазақстан. 9 ақпан 2007 ж.
9. Ә. Нысанбаев. Жаһан жүзіндегі «Қазақстандық жол» //Президент және халық. 26 қаңтар 2007 ж.
10. Ә. Тарази. Терең талдау, тағылымды түйін // Егемен Қазақстан. 16 желтоқсан 2006 ж.
11. Ә. Қалмырзаев. Ой шайқасы немесе егеменді демократия дегеніміз не? // Егемен Қазақстан. 27 қыркүйек 2006 ж.

ӘОЖ 94(574) «20»
ҒТАХР 03.20

Амандосова Мадина Иргашовна¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
«Тарих» кафедрасының оқытушысы

ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЖҰМЫС БАҒЫТЫ

Аңдатпа

Мақалада Кеңес үкіметінің идеологиялық үстемдікке жету жолында білім беру орындарын өзіндік құралға айналдырғаны жайлы, сонымен бірге, партиялық көзқараста қызметкерлерді тәрбиелеу үшін құрылған жоғары партиялық мектеп немесе коммунистік университет жайлы баяндалады. Сондай оқу орындарының бірі, Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университеті Орта Азия, Қиыр Шығыс және Солтүстік Кавказ территориясының сұранысына сай партиялық қызметкерлерді даярлаумен айналысты. Осы оқу орынанан білім алып шыққан азаматтар жаңа пролетарлық интеллигенцияның негізін қалаушылар болды. Сондықтан да осы аталмыш оқу орынының тарихы және оның жұмыс бағыты зерттеу объектісіне айналып отыр.

Түйін сөздер: шығыс, еңбекшілер, кадр, партиялық, қызметкер, партиялық мектеп, коммунистік университет.

Амандосова Мадина Иргашовна¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет,
преподаватель кафедры «История»

СТРУКТУРА И НАПРАВЛЕНИЕ РАБОТЫ КОММУНИСТИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТЕ ТРУДЯЩИХСЯ ВОСТОКА

Аннотация

В данной статье описаны действия Своей власти в борьбе за идеологическое превосходство по всей территории страны, так же использования образовательных учреждений как инструмент пропаганды Советской власти, таких как, высшие партийные школы или коммунистический университет. Один из таких учебных заведений является Коммунистический Университет трудящихся Востока. Здесь шла подготовка партийных кадров для Средней Азии, Дальнего Востока и Северного Кавказа и т.д. Выпускники данного ВУЗа стали основой новой пролетарской интеллигенции в своих старнах. Поэтому история становления университета и его направления в работе стали объектом исследования.

Ключевые слова: восток, рабочий, кадр, партийный, работник, партийные школы, коммунистические университеты.

Amandosova Madina Irgashovna¹

¹*Kazakh State Women's Pedagogical University,
teacher of the department "History"*

THE STRUCTURE AND DIRECTION OF WORK OF THE COMMUNIST UNIVERSITY OF WORKING PEOPLE OF THE EAST

Abstract

This article describes the actions of the Sovetskaya government in the struggle for ideological superiority throughout the country, as well as the use of educational institutions as an instrument of propaganda for the Soviet government, such as higher party schools or a communist university. One of these educational institutions is the Communist University of Working People of the East. There was a training of party personnel for Central Asia, the Far East and the North Caucasus, etc. Graduates of this university became the basis of the new proletarian intelligentsia in their old days. Therefore, the history of the university and its directions in the work have become the object of study.

Keywords: east, worker, cadre, party, worker, party schools, communist universities.

Қазан төңкерісінен кейін Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің халық ағарту саласындағы бағыты 1919 жылы өткен РК(б)П-ның 8 съезінде қабылданған Партия бағдарламасында бекітілген болатын, мұнда, жаңа социалистік халық ағарту жүйесін құру, мектептер мен оқу орындарын қоғамды коммунистік қайта құру құралына айналдыру керектігіне баса мән беріледі. «Білім беру, оқуды ұйымдастыру және жастарды тәрбиелеу саласын түпкілікті өзгерту арқылы біз ескіге ұқсамайтын, яғни коммунистік қоғам құра аламыз» деді [1].

1920 жылы «Үгіт-насихат бөлімі (Агитпроп отдел)» құрылды. 1921 жылға дейін бөлім қалыптасу кезеңінен өтіп, Орталық Комитет құрамында өз орнын нық алды, сол жылы осы бөлімнің жетекшісі болып И.В.Сталин бекітілді. 1921 жылдың 18 қарашасынан бастап И.В. Сталин бөлімнің коллегиясын басқарды. Үгіт-насихат жұмысын Сталин басқарған кезден бастап, бөлімде көптеген өзгерістер орын алды. Сталиннің қатысуымен 1921 жылы 12 қарашада Үгіт-насихат жұмысы жайлы жоба бекітілді. Оған қосымша ретінде Үгіт-насихат бөлімшесінің меңгерушісі В.И. Хотимский «Үгіт-насихат жұмысының ағымдық міндеттері» атты жоба ұсынды, жоба бойынша: «партия ішіндегі үгіт-насихаттың әдіс-тәсілі марксистік білім беру», – болып анықталды. Яғни, үгіт-насихат бөлімі бастауыш білім беру мекемесінен жоғары коммунистік мектептерге жетекші болып бекітілді. Сауат ашу мектептерінен бастап, партиялық білім беруші оқу орындарының барлығы марксистік идеологияны таратушы орталыққа айналды [2].

Сондай оқу орындар қатарына «Коммунистік университеттер» жатты. Қазақ Совет энциклопедиясында «Коммунистік университет – партия, совет және кәсіподақ қызметкерлерінің маман кадрларын даярлаған жоғары оқу орындары» – деп анықтама беріледі. Яғни, мектептер, жұмысшылар факультеттері, университеттерден білім алып шыққан азаматтар Кеңестік идеология тұрғысында білім алып, қоғам ішінде сол көзқараспен өмір сүретіндей болып шықса, Коммунистік Университеттер және оған дейінгі тізбектегі «Кеңестік партиялық мектептер» кеңестік идеологияны теориялық және іс-тәжірибе жүзінде таратушы мамандар мен қызметкерлерді даярлау үшін қызмет еткен оқу орындары болып табылады.

Алғашқы коммунистік университет 1919 жылы Мәскеуде БОАК жанындағы үгіт-насихат жүргізушілер мен нұсқаушыларды даярлайтын курстың негізінде құрылған болатын. Алғашында Кеңестік және Партиялық жұмыстың Орталық мектебі, кейін Я.М. Свердлов атындағы Коммунистік Университет деп аталды. Алғашында ұлттық кадрлар осы аталған Университет қабырғасынан даярлықтан өтті. Осы мақсат үшін Украина, Белорусия, Кавказ халықтары, Түркістан, Қазақстан, Қырғыз, Башқұрт елдерінің партиялық ұйымдарынан оқуға өкілдер жіберілді. 1920 жылдардың соңында ұлттық республикалар мен облыстарға қызметкерлер даярлау үшін 3 айлық курстар ұйымдастырылды. Алайда мұндай шара Шығыс халықтары үшін кадр мәселесін толық шешіп бере алмады, өйткені Свердлов Университетінде орталық аймақтар қызметкерлер даярлау жақсы жолға қойылған болатын және оқу орыс тілінде жүгізілетін. Сондықтан да Орта Азия мен Солтүстік Кавказ

және Қиыр Шығыс елдерін қажеттілігіне сай келетіндей кадрларды даярлай алмады. Азамат соғысы жылдары кезінде азшыл ұлттар үшін қысқа мерзімді партиялық мектептер және курстар ұйымдастырла бастады. Бірақ бұл оқу орындары тұрақсыз еді [3].

Мәскеуде ұлттық аймақтарға арнап партиялық мектеп ұйымдастыру РК(б)П ОК және Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариатында партияның X съезіне дейін талқыланған мәселе еді. Алғаш рет бұл мәселені 1920 жылы Бакуде Шығыс халықтарының I съезінде Коминтерннің атқару комитетінің төрағасы Г.Е.Зиновьев көтерді, ол: «Шығыс қызметкерлері үшін әлеуметтік ғылымдар университетін» ИККИ жанында құрылған Шығыс халықтарының әрекет және насихат кеңесіне ұйымдастыруды ұсынды [4]. Біршама уақыт өткен соң 1921 жылдың 21 қаңтарында РК(б)П ОК-нің қаулысымен Мәскеуде Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариаты жанында «Шығыс курстары» ұйымдастырылды, сол жылдың 9 ақпанында курс «Университет» атағын алды [5]. Алайда Университеттің ресми құрылған күні 1921 жыл 21 сәуір деп саналады, өйткені осы күні БОАК «Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университеті» құрылғандығы жайлы қаулы жариялайды, онда:

«1. Для подготовки политических работников из среды трудящихся восточных договорных и автономных Республик, автономных областей, трудовых коммун и национальных меньшинств, учреждается в Москве при Народоном Комиссариате по делам Национальностей Универсиет Трудящихся Востока.

2. В целях предоставления возможности получать политическую подготовку широким массам трудящихся, не владеющим русским языком, преподавание в Университете Трудящихся Востока ведется на родных языках.

3. В отношениях всех видов довольствия студентов, сотрудников и преподавателей, а равно и оплаты труда последних, Университет Трудящихся Востока приравнивается к высшим учебно-военным заведениям» [6].

Кейініректе университет атына «Коммунистік» сөзі қосылады. Университет тікелей РКФСР Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариатына (Наркомнац) бағынды, 1921 жылдың 26 мамырында аталған ұйымға Кеңестік Ресей аумағында ұлттық кадрларды даярлау және орыс емес халықтарды толықтай зерттеу үшін партиялық және кеңестік оқу орындар торабын және ғылыми қоғамдарды ұйымдастыру міндеттелді [7]. Барлық жоғары оқу орындары құрылымы мен сипаты жөнінен Я.М. Свердлов атындағы Коммунистік Университетке ұқсас болуы керек. Жаңа партиялық мектептердің ерекшелігі, мұнда оқу азшыл ұлттардың ана тілінде жүргізіледі деп жоспарланды [7].

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Универсиетін ұйымдастыру жұмыстары Ұлттық істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары, осы оқу орнының ректоры болып тағайындалған Г.И. Бройдоның мойынына жүктелді. Григорий Исакович Бройдо (1883-1956) Шығыс елдерінің маманы болатын, ол ұзақ уақыт бойы Ташкентте өмір сүрген, тіпті 1917 жылы қала Кеңесін басқарған болатын [8].

1923 жылы университетке И.В. Сталиннің аты беріледі, бұл орынды жағдай еді, өйткені ШЕКУ-дің негізі қаланған Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариатын ұзақ жылдар бойы Сталин басқарған болатын. Сонымен қатар, Шығысқа үлкен мән берген партия басшыларының бірі еді. 1918 жылы Мәскеуде өткен I Бүкілресейлік коммунист-мұсылмандардың съезінде сөйлеген сөзінде Сталин: «перекинуть мост между народами Запада и Востока и, создав единый фронт революции, провать окружающее нас кольцо империализма», – деген еді [9]. Осы съезде Сталиннің тікелей ықпалымен Шығыс елдерінде үгіт-насихат жұмыстарын күшейтіп, оларды әлемдік революцияға тарту туралы резолюция қабылданған болатын. Кейінде Ұлттық істер жөніндегі халық комиссариатының басылымы «Жизнь национальностей» газетінде: «Немалую поддержку окажут делу революционизированная Востока сами империалисты с их новыми аннексиями, втягивающие в борьбу с империализмом новые страны и расширяющими базу мировой революции.

Задача коммунистов – вмешаться в дело парастающего стихийного движения на Востоке и развить его дальше, до сознательной борьбы с империализмом.

В этом смысле резолюция недавно состоявшейся конференции мусульман-коммунистов ... имеет, несомненно, глубокое революционное значение» [10].

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінің бағыты жайлы және алдына қойған мақсаттарын 1925 жылы 18 мамырды И.В. Сталиннің айтқан сөзінде толық ашылған. Студенттерге арнаған сөзінде Сталин университет жұмысының екі бағытын айқындайды: «Біріншісі – Кеңестік Шығыс елдерінің қажеттілігіне сай келетін, шығыс халықтарына қызмет ете алатын жаңа кадрларды даярлау, екіншісі – отарлықта және тәуелділікте қалған Шығыс халықтарын революциялық

қажеттіліктеріне қызмет ете алатын кадрларды даярлау» [11]. Кеңестік Шығыс елдеріне кадр даярлау барысын үшін Сталин нақты 5 міндет айқындады: «1. Кеңестік Шығыс елдерде өндіріс ошақтарын құру; 2. Ауылшаруашылығын көтеру, әсересе суару жолдарын; 3. Кеңестік Шығыс елдерінде кеңестік шаурашылық жүйесін құрудың ең дұрыс жолы ретінде, шаруалар мен майда өнеркәсіпшілерді қолдау көрсетіп дамыту; 4. Кеңестерді бұқара халыққа жақындата түсу, олардың құрамын ұлттық етіп құрау және орындарға өз ұлт өкілінен шыққан азаматтарды отырғызу; 5. Кеңестік-партиялық және кәсіби-шаруашылық кардларды жергілік өкілердерден даярлау үшін ұлттық мәдениетті дамыту қажет және ана тілге жалпы білім беретін және кәсіби техникалық сипаттағы мектептер мн курстардың кең етек жаюына жағдай жасау қажет.» [11].

Ал шетелден келген студенттерді даярлауда «сол елдердің революциялық даму ерекшелігін ескеру қажет және кадрларды түрлі мақсаттарды орындауда қызмет ете алатындай етіп даярлау қажет», – деп айта кетеді.

ШЕКУ-дің алғашқы Жарғысы 1922 жылы РКФСР БОАК-мен бекітілген. Жарғыға сәйкес, «ШЕКУ РК(б)П ОК-нің ықпалды идеологиялық басқаруымен коммунизм теориясы мен тәжірибесі саласында жұмыс үшін өзара келісімді шығыс елдерінен, одақтық және автономды кеңестік республикалардан, автономды облыстардан, еңбек коммуналары мен азшыл ұлттардан шыққан еңбекшілерді даярлайды», – деп айтылған [12, 1-п.]. Оқу барысы ана тілінде жүргізіледі деп күтілді, егерде ондай мүмкіншілік болмаса студенттерге белгілі басқа тілде (мысалы, шығыс, орыс немесе батысеуропалық) болады деп жоспарланды.

1923 жылға дейін ШЕКУ Ұлттық істеп жөніндегі комиссариатың қарамағында болады, кейін РКФСР БОАК-нің (1924 жылдан бастап КСРО ОАК) басқаруына өтті. Шетелдік бөлім ИККИ-дің Шығыс секретариатының бақылауында болады. Жыл сайын ШЕКУ КСРО ОАК-нің алдында есеп берді.

Университеттің басқару құрамында «Үлкен кеңес», «Кіші кеңес», университет хатшылығы, «Ғылыми-педагогикалық бөлім», «Шет аймақтар бөлімі», «Әкімшілік-шаруашылық бөлімі», «Университеттік жолдастық сот», «Бақылау-шаруашылық комиссиясы» енді [12, 1-п.].

«Үлкен кеңес» Университет ректорының төрағалығымен, ректордың көмекшісі, Университет бөлімінің меңгерушілері: оқу-көмекші, ғылыми педагогикалық және Университет хатшылғы, пәндік комиссия және әр факультет студенттерінің өкілдерінен құрылған. «Үлкен кеңес» отырысында Университеттің бағыты анықталады және жылдық жоспар, есеп, оқу және шаруашылық жоспары, бағдарламалары, әдістер мен жұмыс тәсілі қарастырылады. Сонымен қатар, факультеттер мен курстардың ашылу уақыты, әр оқу жылына студенттерің саны және оларды қабылдау талаптары бектіледі.

«Кіші кеңес» отырысында жалпы ережелер, бөлімдер бойынша нұсқаулар, оқу және шаруашылық жоспарлары талқыланды және жауапты қызметкерлер мен оқытушыларды жұмысқа қабылдау бектіліні, факультет меңгерушілері тағайындалу жүргізілді. Кіші кеңес құрамына ректор төрағалығымен ректор көмекшісі, Университет бөлімінің және курстарының меңгерушілері, Университет хатшылығы, Бақылаушы шаруашылық комитеттерінің өкілдері және «Үлкен кеңестің» отырысына енген студент өкілдері де кірді [12, 2-3 пп.].

Ғылыми-педагогикалық бөлімде ғылыми, оқу-педагогикалық және саяси-ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Ғылыми педагогикалық бөлім құрамына пәндік комиссия, оқу-тәрбие және саяси-ағарту бөлімшелері енді. Барлық факультеттер мен курстар үшін ғылыми зерттеу жұмыстары, оқу бағдарламаларын, жоспарларын және әдістерін құру Университет бөлімдері, көмекші оқу ұйымдары және педагогикалық іс-тәжірибе басқармасы Пәндік комиссияларды ұйымдастырады. Әрбір Пәндік комиссия құрамында үш топ жұмысшалыр қызмет жасайды: жетекші, курсқа жауапты профессорлар, жауапты жетекшінің нұсқауымен жетекші педагог-қызметкерлер және ғылыми қызметкерлер.

Шет аймақтар бөлімінде жергілікті аймақтардағы ШЕКУ бөлімдерінің басшылығы шоғырланған. Ал әкімшілік-шаруашылық бөлімінде азық-түлік бөлімі, материалды қамтамасыз ету, қаржы-есептік, медициналық-санитарлық, үйлерді басқару бөлімшелері қызмет жасады. Университеттік жолдастық сот студенттер арасындағы қарма-қайшылықтарды шешу үшін және Университет ережесін бұзу жағдайына қызмет жасады. Ал, бақылау-шаруашылық комиссиясы Университет аппаратының бар құрылымын бақылау қызметін атқарды [12, 3-4 пп.].

ШЕКУ оқуды ұйымдастыру құрылымы күрделі және тұрақсы болды. Қызмет еткен кезеңінде университеттің оқу бөлімінің ұйымдастыру құрылымы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1921 жылы Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде студенттерді даярлауда алдын-ала даярланған

концепция және жоспары болмады. Тек бастапқы мақсат түрлі шеткі аймақтардың ұлт өкілдерінен шыққан студенттерді жинау және солардың қатарынан ана тілінде сабақ жүргізе алатын мамандарды өздеріне даярлап қалдыру болды. Мұны біз ШЕКУ-дің 1921 жылғы студенттерді жинауға байанысты бөлген орындарынан (разверстка мест) байқаймыз. Мысалы, 1921 жылы сәуір айында құрылған оқу орны 20 мамырға қарай келер оқу жылына мынадай орындар бөледі: «2 маусымға дейін лекторлық топқа 400 адам, Қиыр Шығыс секторына – 75 адам; 20 маусымға дейін Таулы Дагестан секторына – 300 адам, Біріккен ағылшын секторына – 75 адам; 15 шілдеге дейін Біріккен орыс секторына – 375 адам, Армян секторына – 75 адам; 10 тамызға дейін Тюркский (түркі) секторға – 675 адам, грузин секторына – 75, ал парсы секторына – 100 адам жинау көзделген» [13, 7-п.]. Мұнда біз байқағандай, ұлттық секторларға аса көңіл бөлініп тұр, алайда 1921/1922 оқу жылына байланысты Университет ректоры берген есебінде «Оқу бөліміне негізгі, тілдік, лекторлық, нұсқаушылық және ғылыми жаратылыстану курстары енді» [14], - деп айтылады, яғни Университет құрылмы ұлттық секторлар бағытынан сабақ жүргізу әдісіне қарай студенттерді топтастыруды ұйғарғандығын көреміз. Бірақ, алғашқы оқу жылында қызмет еткен курстардың тізімінде де қарама-қайшылықтар, мысалы, 1924 жылы ШЕКУ жайлы жарық көрген очеркта жоғарыда көрсетілген 5 курспен қатар тағы бір семинарлық курсты атап өтеді, оларға мынадай сипаттама беріледі: «Первоначальные еще не совершенные организационные формы были следующие: сама значительная масса студентов, владеющая только родными языками, составила *Отдел Языковых Секторов (ОЯЗ)* и там преподавание велось на родных языках студентов. Все же владеющие русским языком были разбиты по степени подготовки на отдельные группы, при чем в каждой группе были поставлены совершенно определенные задачи. *Основная* – ставила задачей – подготовку политически вполне грамотных работников; *инструкторская* – подготовку практических работников и различных отраслях советской работы; *лекторская* – лекторов для партшкол и восточных советских республиках; *семинарская* – научных сотрудников КУТВа. Кроме того, уже в феврале 22 года организованы *естественно-научные курсы* с целью подготовки преподавателей естествознания для восточных республик, которые вели бы преподавание на родных языках». Бірінші оқу жылында барлық курстардың оқу ұзақтығы 3 айдан – 8 айға дейін болды.

1922 жылға арналған ұйымдастыру схемасында да оқу мерзімі 3 айдан 8 айға дейін болады деп жоспарланады. ШЕКУ құрамында бірнеше факультеттер ұйымдастырылады: жұмысшылар факультеті, саяси-даярлық, партиялық, кеңестік және шетелдік бөлім. Саяси даярлық факультетінде орыс және студенттердің ана тілінде секторлар ұйымдастырылады және оқу мерзімі 5 ай болады делінді. Кеңестік факультетте Ұлттық істер комиссариаты, Халық шаруашылығы, Әкімшілік құқық, Жұмысшы-шаруа инспекциясы және т.б. жұмыстарға уездік деңгейде мамандандырып даярлау көзделді. Партиялық факультетте партиялық және ағартушылық жұмыс қызметкерлерін, лекторлық және ғылыми қызмет жүргізушілерді даярлайды деп дспарланды. Шетелдік факультет жоғарыда айтқандай Кеңестік идеологиямен таныстыру мақсатын іске асырса, Жұмысшылар факультеті шығыс елдерінен шыққан азаматтарды Мемлекеттік Университеттерге түсуге даярлайды деп күтті [13, 11-п.]. Алайда 1922-1923 оқу жылына оқуға қабылдау талаптарында «қысқамерзімді (1 жылдық) және негізгі (2 жылдық) курсқа қабылдау жүргізіледі» деп жазылды [15]. Яғни, жоғарыда айтқанымыздай ШЕКУ құрылым әрдайым өзгеріс үстінде болды. 1922 жылы құрылған «Саяси-даярлық факультеті» 1925 жылға дейін «Даярлық бөлімі» ретінде қызметін жалғастырады, өйткені шет аймақтан келуші студенттердің білім деңгейінің өте төмен болды, сондықтан оларды негізгі бөлімде берлетін теориялық білімге арнайы даярлау қолға алынды. ШЕКУ-ге жөнелтілген қазақ студенттерінің барлығы дерлік алдымен «Даярлық бөліміне» түсіп кейін негізгі бөлімде оқуын жалғастырған болатын, сондықтан көптеген қазақ білім алушыларның оқу ұзақтығы 5-6 жыл құрап жатты.

Студенттердің қандай талаптарға байланысты арнайы топтарға бөлінгендігі жайлы біз толық ақпарат таба алмадық, алайда негізгі студенттер бөлігі «негізгі бөлімде», ал білім жағынан жетік студенттер «лекторлық» топтарда білім алған. Орыс тіліне білмеген студенттер тілдік секторларға бөлінген, онда оқу үдерісі студенттердің ана тілінде жүргізілетін. Арнайы тіл топтарынан бөлек, аралас топтар болған, ондай топтарда азшыл ұлт өкілдеріне ортақ тілде білім берілетін.

Сонымен, кеңестік бөлімде студенттердің білім деңгейіне және тіл біліміне байланысты арнайы топтар болатын, егер де ана тілінде сабақ жүргізетін мұғалімдеп немесе аудармашылар болмаса, сабақтар бірнеше ұлттарға ортақ бір тілде жүргізілетін, ондай топтар аралаас деп аталатын.

Шетелдік бөлім ұлттық секциялардан құралатын. Мұнда айта кететін жайт, мұрағаттық құжаттарда секцияларды сектор, үйірме, топ және т.б. атаулармен де береді. Яғни, тұрақты белгілі терминология болмаған.

Ұлттық секцияларда оқу тиісті тілдерде жүргізілген. 1922-1923 жылғы есепке сүйенсек, сол оқу жылында 6 секция құрылған болатын, олар: орыс, француз, ағылшын, қытай және корей, барлығы 69 студент болған [16].

Кеңестік және Шетелдік секторларға мынадай кафедралар қымет еткен: партияның тактикасы мен тарихы және ленинизм кафедрасы, шетелдік Шығыс кафедрасы, тарихи материализм кафедрасы. Сонымен қатар, қосымша пәндер де оқытылған: жаратылыстану, тіл білімі, әскери теория. Бірнеше кафедралар Разрядтарға біріктірілетін (мысалы, Шетелдік Шығыс разряды).

1925-1926 оқу жылына бастап Шетелдік сектор терминінің орнына «Шетелдік топ» немесе (Шет топтар) атауы енеді, ал 1929-1930 оқу жылынан бастап «Арнайы сектор (Спецсектор)» аталады. 1930 жылы Арнайы сектор «А» секторы (үш жылдық арнайы курс) және «В» сектор (қысқа мерзімді 1 жылдық курс) болып бөлінеді. Негізгі сектор құрамына ұлттық үйірмелер және көпұлтты, аралас үйірмелер енеді.

1931-1932 оқу жылында ШЕКУ құрылымы одан әрі күрделене түседі. Жалпы университет құрылымы «А» (шетелдік) және «Б» (кеңестік) болып екіге бөлінеді. «А» секторының құрамына арнайысектор, «В» бөлім және «Г» бөлім (Профинтерн) енеді. Сонымен қатар Хошундық ауданның жұмысшылар курсы немесе моңғол-тувалық екі жылдық курс құрылады. «Б» Кеңестік секторында оқу мерзімі 3 жыл және 3 ай болып бекітіледі. Бұл кезде 1927 жылдан бастап Университет құрамында «Аспирантура» ашылады, мұнда да оқу мерзімі 3 жыл болатын. Сонымен бірге, азшыл ұлттар өкілінен шыққан колхоз басшыларының саяси деңгейін арттыру үшін «Колхоздық курстар» жұмыс жасап жатқан болатын.

Университеттің құрылымына қосымша ұйымдар да енген, олар: зертханалар, қоғамдық ғылымдар және жаратылыстану, техника тарихы кабинеттері және биология бойынша ғылыми зерттеу институты, кітапханалар, клубтар, ғылыми-зерттеу жұмыс ұйымдары, баспахана, студенттердің іс-тәжірибесін басаратын комиссия және студенттер мне қызметкерлер ұйымы. Университет қабырғасында лазарет (емхана) қызмет етті, мұнда студенттер мен оқытушылар ем қабылдайтын [12, 1-п.].

ШЕКУ-дің филиалды құрылымы да кең болатын. Оның құрамына жалпы 17 университет енетін (Ташкентте, Бакуде, Иркутскта және т.б.). Алайда шеткі филиал университеттерде оқу бағдарламасы әлдеқайда жеңіл болатын, өйткені шеткі аймақтардағы университеттердің мақсаты Мәскеудегі негізгі оқу орынына студенттерді даярлау еді.

1921-1938 жылдар аралығында ШЕКУ басшылығы төрт рет ауысады. 1921-1926 жылдар аралығында жоғары оқу орынын Григорий Исаакович Бройдо (Герш Ишков) (1883-1956), 1903 жылы партия мүшесі болған, ұлттық істер жөніндегі комиссардың орынбасары басқарады. 1926-1928 жылдары университет басшылығын Борис Захарович Шумяцкий (1886-1938) өз тізгініне алады, ол 1919-1920 жылдары Сибревком төрағасы және Сиббюро РК(б)П ОК мүшесі болған, 1920 жылы Дальбюро РК(б)П ОК мүшесі және Қырғишығыс республикаларының Министрлер Кеңесінің төрағасы болған. 1921 жылдың 5 қаңтарынан – 1922 жылдың 6 қыркүйегіне дейін РВС 5-армияның мүшесі. 1923-1925 жылдары Иранда КСРО саяси жетекші. 1926 жылдан бастап Ленинградтық Губкомның БК (б) П бюросының мүшесі. 1928-1929 жылдары Университет ректоры шығыстанушы-саясаттанушы Иосиф Лювович Райтер (1893-1940) болып бекітіледі, ол кейін репрессияға ұшырып, ату жазасына кесілген. Одан кейінгі уақытта Университет ректоры Павел Александрович Миф болды, Украинада ол азамат соғысына қатысушы, Коминтерннің Қыр Шығыс секретариатының мүшесі болап табылады[17].

Азаматтық соғыста жеңіске жеткеннен кейін Кеңес үкіметі аймақтарда өзінің билігін нығайту шараларын жүргізе бастады. Коммунистік партия және Кеңес үкіметі Жергілікті кеңестік билік жүргізуші өкілдердің беделін нығайту үшін және олардың құзыреттілік шекарасын кеңейту үшін толық пролетариаттық демократияны іске асыру мақсатында жұмысшы және саяси-шаруашылық қызметтегі азаматтарды өзқатарына тартты.

1919 жылдың 10 шілдесінде В.И. Ленин «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша Революциялық Комитет жайлы» декретке қол қойды. Онда Кир(Қаз)ревком өлкені басқарушы ең жоғарғы әскери-азаматтық ұйым деп айтылады. Декретте ұйымның мақсаты мен міндеттері айқынданды: контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу, өлкеде мемлекеттік, шаруашылық

және мәдени құрылыс жүргізуге жағдай жасау, Қазақстан жерінде Кеңестердің құрылтай съезін өткізге дайындалу. Кир(Қаз)ревком басшылығында, поляк ұлтынан шыққан С. Пестковский тағайындалды. Ревком құрамында В. Лукашев, Ә. Жангелдин, А. Байтұрсынов, М. Тунганчин, С. Меңдешев, Б. Қаралдин, Б. Қаратаев, Т. Седельников болды. Кейін Ревком құрамына А. Авдеев, А. Айтиев, А. Алибеков, С. Арғанчеев, С. Сейфуллин, Х. Габбасов, В.А. Радус-Зенькович және т.б. енді [18]. Кирревоком мүшелігіне енгендердің көпшілігі ұлт зиялылары, бұрынғы «Алаш» партия өкілдері болды. Ұлт зиялыларын большевиктердің билік басына тарту себебі, жергілікті аймақтарда Кеңес билігін нығайту болды.

Алашордалықтар РК(б)П-ның ұлттардың өзін-өзі билеу туралы ресми құжаттарына сүйене отырып, 1920-жылдардың бастапқы кезеңінде Кеңес өкіметі саясатына сенім білдірді, сондықтан да РК(б)П қатарына А. Алибеков, А. Кенжин, Н. Байдильдин, М. Саматов және т.б. қосылды. Х. Габбасов куәлік еткендей, 1920-жылдардың басында алашордалықтар «саяси өмірде белгілі ықпалға ие болу үшін» «БК(б)П партиясы идеясын жақтасын-жақтамасын» партия қатарына бір лекпен қосылуын талқылаған болатын, алайда, соңында «әркім өз еркімен қоюлуы керек» деген тұжырымға келді [19, 92-б.].

Шын мәнісінде, Алашордалықтар Кеңестік авторномды билік кру үшін белсенді атсалысты. А. Ермеков Мәскеуде Қырғыз өлкесі үкіметін басқарды, Х. Габбасов Сібривком жанындағы КирВРК? уәкілеті болды, Б. Сарсенов – Бүкілқазақ съезін ұйымдастырушы өлкелік комиссия қызметкері, А. Таначев – КирВРК?-ның заңнамалық болжау бөлімшесінің меігерушісі, А. Кенжин – КирВРК-ның мектептен тыс бөлімнің меңгерушісі болды. 1920-жылдардың басында кеңестік мекемелерде Б. Қаратаев (ол Алаш партиясының мүшесі болмады), И. Омаров, К. Тәттібаев, И. Терегулов, С. Дошанов, А. Қозбағаров, С. Қадырбаев және Ж. Ақпаев Семей мен Сырдария губернияларында бірқатар заңнамалық мекемелерді басқарды, халыққа білім беру инспекторы болды және этнографиялық жұмыстарға қатысты [20].

Негізгі басқарушы орындарда ұлт зиялыларының болуы Кеңес үкіметіне қазақ даласына терең енуге және билігін үстірт емес, шын мәнісінде жүргізуге мүмкіндік бермеді. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін ұжымдастыру басталғанға дейін большевиктер қазақ жеріне нық аяқ баса алмады. Большевиктер ертелі кеш қазақ халқының билікке мойынсұнатынын білді. Алайда, ол әрекетті іске асыру үшін коммунситерге қатысты кері пікір қалыптастырып отырған дәстүрлі көзқарастағы ұлт элитасының ықпалын жеңу керек болды. Сол үшін ең алдымен қазақ халқына ықпалы күшті топтарды жою керек болды (бастапқыда ауыспалы мағынада, кейін шын мәнісінде). Сондықтан кеңес үкіметінің іс-шаралары тікелей не жанамай қазақ зиялыларына қарсы бағытталып отырды, ондағы мақсат: беткеуістар азаматтарды жою, ал ең бастысы – қалыптасқан әлеуметтік құрылымдардың негізін бұзу. Өзін белгілі бір рулық құрылымның мүшесі ретінде қарастыратын, күрделі құрылысты қоғамда өзгеріс әкелу оңай болмасы сөзсіз, тек сол рулық құрылымды жаңа әлеуметтік құрылым формасымен алмастырған жағдайда ғана халықтың арасында зиялыларда болған бұрынғы беледге жаңа тұлғалар ие бола алар еді.

Бірақ, қазақ зиялыларына қарсы қойылған қарапайым шаруалар мен жұмысшылар партия қатарына енгенімен, пролетариат қозғалысы туралы ешбір түсінігі болмады. Көптеген партия қатарындағы азаматтар большевистік идеология жайлы бұлыңғыр мазмұнды білім болды. Олар тіпті Лениннің есімімен және «Коммунизм әліпбиімен» толық таныс емес еді. Ал «партия дегеніміз не?» деген сұраққа тіпті төменгі қатардағы қызметкер жауап бере амайтын [21].

Өзінің зиялыларының тәрбиелеп өсіру үшін Кеңес өкіеті «Сауатсыздықпен күрес» бағдарламасын енгізді, өзіндік білім беру жүйесін енгізді. Саяси білім беруге өте көп көңіл бөлінді. Мемлекеттің территориясында жұмысшылар факультеті, кеңестік партия мектебі және жоғары партия мектептері секілді саяси-ағарту мекемелері қызмет етті. Соның ішінде кеңестік Шығыс және шет Шығыс елдернен партиялық қызметкерлерді даярлаумен айналысқан Шығыс еңбекшілерінің коммунситік Университеті болды.

ШЕКУ қызмет еткен 1921-1938 жылдар аралығында Қазақстаннан осы оқу орыннан 300-ге жуық азамат білім алып шықты. ШЕКУ түлектері арасында Кабулов Ильяс, Леписов Султан, Кенджибаев Бейсембай, Алтынбеков Емберген, Арыстанов Жусипбек және т.б. Қазақстанның көрнекті саяси қызметкерлері бар. Сонымен қатар, ШЕКУ қабырғасынан жергілікті кеңестік партия мектептерінің леторлары, үгіт-насихат жұмысын жүргізушілер және әйелдер арасындағы қызметкерлер шықты.

Осылайша, ШЕКУ Кеңес өкіметінің қалыптасуына қызмет еткен жаңа кадрларды даярлаудың құралы болған. Қазақстан жерінде қызмет еткен ШЕКУ түлектері жаңа қоғамдық құрылымдар мен

құндылықтардың негізгі құру үшін қолданылды, сонымен бірге, аймақта Кеңестік өкіметтің терең еніп, саясатын іске асыру үшін негізгі тірек күшке айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

13. Ленин В.И., Шығармалар жинағы, т. 41. 301-б
14. Н.Ю.Пивоваров. *Агитпроп ЦК РК(б)П в системе органов власти: положение о работе, структура, руководители в 1920-1924-е годы. В.кн.: Культура и власть в СССР. 1920-1950-е годы: материалы IX международной конференции. Санкт-Петербург, 24-26 октября 2016 г. - М.: Политическая энциклопедия; Президентский центр Б.Н.Ельцина, 2017. - 141 с.*
15. Тимофеева, Наталья Николаевна. *Коммунистический университет трудящихся Востока (КУТВ) - центр идейной подготовки коммунистических и революционных кадров Востока : автореферат дис. ... кандидата исторических наук . - Москва, 1988. - 19 с.;*
16. 1-ый съезд народов Востока. Баку. 1-8 сентября 1920 г. *Стенографические отчеты. Пг.: Изд-во Коммунистического Интернационала, 1920. с. 212*
17. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 17-қор, 112-тізбе, 123-іс, 6-парақ.
18. СУ. 1921, 5 мая, №5, с. 191
19. Макарова Г.П. *Народный комиссариат по делам национальностей РСФСР, 1917-1918 гг. с. 136*
20. О Г.И.Бройдо см.: *Биографическая энциклопедия //biografia.ru*
21. Цит. По: Персиц М.А. *Застенчивая интеграция. О советском вторжении в Иран и Бухару в 1920-1921 гг. М.: «Муравей-Гайд», 1999. с.18*
22. Сталин И.В. *Не забывайте Востока // Сталин И.В. Соч. 4. М.: Госполитиздат, 1949. с. 173.*
23. Сталин И.В. *О политических задачах университета народов Востока: Речь на собрании студентов КУТВ 18 мая 1925 г. // Сталин И.В. Сочинения. т. 7. М., 1925. с. 135; Правда. №115. 22 мая 1925 г.*
24. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қор, 8-тізбе, 8-іс, 1-парақ.
25. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қор, 8-тізбе, 1-іс.
26. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қор, 8-тізбе, 2-іс, 1-парақ.
27. *О приеме в Коммунистический Университет трудящихся Востока при Наркомнаце. // Жизнь национальностей. - 1922. - 31 июля. - №1*
28. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 532-қор, 1-тізбе, 5-іс, 30-парақ.
29. Панин, Евгений Валерьевич. *Создание и функционирование советских высших учебных заведений для национальных меньшинств. 1920-1930-е гг. : автореферат дис. ... кандидата исторических наук : - Москва, 2012. - 28 с.*
30. *Известия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета Советов от 17 июля 1919 года, № 155*
31. *Красный террор: Политическая история Казахстана (сб. документальных материалов политических репрессий 20-50-х годов XX века). Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. 307 с.*
32. *Движение Алаш. Сб. документов. Алматы, 2007. Т.3.Кн.1. 304 с*
33. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты 17-қор, 14-тізбе, 326-іс, 52-па

Н.Берікқызы¹

*¹Тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

Л.М. Хасанаева²

*²т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ МӘСЕЛЕСІ (XXғасырдың 30-шы жылдары)

Аңдатпа

Кеңестік тоталитарлық жүйедегі саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің тағдыры адамгершілікке жатпайтын сынақтарға ұшырады. Еркіндіктен айырылған әйелдер тек сандармен ғана белгіленді және ешқандай құқыққа ие болмады. Кеңестік тоталитарлық жүйе көптеген балаларды ата-анасын «халық жауы» тарапынан көрді. Осы саясаттың арқасында ата-аналарын тастап кеткен көптеген балалар да болды. Осылайша, тоталитарлық қоғам отбасыларды құртып, бір-бірінен жақын туыстарын тартып алуына үлкен маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Кілтті сөздер: гендерлік саясат, репрессия, тоталитарлық жүйе, халық жауы, еңбекпен түзету лагерьлері.

Берікқызы Н.¹

*²магистрант 1-курса факультета истории, археологии и этнологии
Казахского Национального Университета им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

Хасанаева Л.М.²

*²к.и.н., доцент, Казахский Национальный Университет им аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ РЕПРЕССИИ И ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ (30-ые года XX века)

Аннотация

Во времена советского тоталитаризма судьбы женщин подвергшиеся репрессиям были подвергнуты нечеловеческим испытаниям. Женщины, лишившиеся свободы были обозначены лишь номерами, и не имели никаких прав. Советская тоталитарная система множество детей воспитала «врагами» своих родителей. Из-за такой политики было много детей отказавшихся от родителей. Таким образом, тоталитарное общество разрушало семьи, и отнимало близких родственников друг у друга.

Ключевые слова: гендерная политика, репрессия, тоталитарная система, враги народа, исправительно-трудовой лагерь.

N.Berikkyzy¹

¹master of history, archaeology and ethnology, Kazakh National University named al- Farabi, Almaty, Kazakhstan

L.M.Khassanayeva²

*²Kazakh National University named after al - Farabi ,
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor*

PROBLEMS OF REPRESSION AND GENDER POLICY (30th year of the twentieth century)

Annotation

At the time of the Soviet totalitarianism of destiny of women undergone repressions were put on inhuman trials. The women deprived of freedom were designated only by numbers, and had no rights. For accused watched not that as on mothers, didn't even consider them people. The Soviet totalitarian system brought up a great number of children "enemies" of the parents. Because of such policy was many children who refused parents. Thus, totalitarian society destroyed families, and took away close relatives each other.

Keywords: gender policy, repression, totalitarian system, the enemies of the norod, forced labor camp.

Қазақ даласы тоталитарлық жүйе барысында халықтың менталитетіне жат түрмелер, мәжбүрлеп еңбек ету лагерьлерінің ажыратылмас бөлігіне айналады. 1930 жылдың ортасына дейін айыпталған әйелдерге әдейі арналған лагерьлер болмаған. Сол кезде бас бостандығынан айырылған апа-әжелерге «кәсіби қылмыскерше қарап» түрмелерге қамау әдеттегі құбылысқа айнала бастайды.

1937 жылғы 15 тамыздағы ІХК-ның №00486 шұғыл бұйрығынан соң «Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне» арналған арнайы лагерьлерді құру қажеттілігі туындайды. Осындай лагерьлерді құру аймақтары болып Нарым өлкесі мен Қазақстандағы Торғай ауданы белгіленеді. Себебі, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен сотталған әйелдерді өзгелерден бөлек қамау бұйырылған еді [1].

1937-1938 жылдары АЛЖИР, яғни Отанын сатқандардың әйелдерінің айрықша лагерьлері құрылып, 1940 жылдың жазына қарай, көбейе түскен. 1930 жылы Қазақстандағы 23 тұтқындау орындарында да сотталған әйелдер болғанымен, бірақ олардың дәл саны ешқандай құжаттарда жазылмаған.

Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерьлерінде жазықсыз сотталып, жазаларын өтеген апа-әжелеріміздің тағдыры оңайлықпен зерттеліп, жазылатын нәрсе емес. Сол кезеңдегі қылмыстың өте көлемді, әрі жүйелі түрде, жан-жақты болуы қазіргі таңда зерттеудің өте ауқымдылығын әрі жан-жақтылығын талап етеді. Осы тұста түрмелер мен еңбекпен түзету лагерьлеріндегі әйелдер тағдыры сол кезеңде ешкімді де қызықтырмағандығы белгілі.

Сотталған аналар лагерьде өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды да жасатқызады. Түрмелерде тұтқындар санының шектен тыс болуы және аурулардың көптігі туралы деректерді мұрағаттардан жиі көруге болады. 1925-26 жылдардағы қуғын-сүргін саясатының деңгейін тұтқындар санынан көруге болады. Мысалы, Семей түрмесінде 1 адамның орнына 6,4 адам жатса, ал 200 адамға арналған тамақты 634 сотталғандар ішкен. Түрмелерді тексеретін комиссия Қазақстан жеріндегі түрмелердің нашар жағдайын үнемі көрсетіп отырған [2].

Сұлтанбек Қожановтың жұбайы Күләндам апаның естелігінде«... Сұлтанбекті тұтқындап алып кетті, біз бала-шағасы үрпиісіп, бір-бірімізге сүйенісіп, жылап-сықтап қала бердік... Қоярда қоймай сұраулар салу арқылы үш-төрткүн арасында Сұлтекеңнің қайда апарылғанын анықтадық. Оның маңайы толған біз сияқты жоқ іздеген мүсәпірлер. Дайындаған тамақты, кейбір керек-жарақты нәрселерді кішкене қақпадан әрмен жылжытудың сәті түскен күнгі қуанышта шек болмайды екен. Ал оның қабылданбай, кері қайтарылған күнгі тартатын жан азабынды, құдай ешкімге көрсетпесін, сөзбен жеткізу мүмкін емес... Анда-санда айналасы төрт-бес минут шамасы Сұлтекеңмен тілдесіп калып жүрдім. Қанша маған білдірмеуге тырысқанмен, жағдайының төмен екені бесенеден белгілі.

Дене бітімі жұқарып, бет жүзі сарғыштанып барады. Дауысы да өзгерген... Тағдырға не шара... Сұлтекеңнен хат-хабар күтіп жүрген беймаза күндердің бірінде «халық жауының әйелі» ретінде өзім де тұтқындалдым... [3].

Жазықсыз сотталып, «жазаларын» өтеген аналар түрме, еңбекпен түзету лагерьлерінде тек қана күйеулері мен балаларын ойлап, болмашы үмітпен өмір сүрді. Гүлнәр Дулатова апамыз «Тағдырластар немесе 20-30-жылдарда халық жауы» атанып, қуғынға ұшыраған аяулы азаматтардың жарлары мен перзенттері жайлы естелігінде: Мен сол жылдарда қасірет шеккен әйелдерді екіге бөліп қараймын. Алғашқылары күйеулері ұстала салысымен зобалаң өз бастарына туып, түрмеге қамалып, лагерьде жаза-мерзімін өтегендер. Одан кейінгілер: күйеулері заңсыз кесіліп, жер аударылған кезде, үй-күйін тастап, аштық жылдарына қарамастан балаларын шұбыртып, күйеулерінің соңдарынан еріп барғандар...» деп қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдері көрсетеді. Ол кісі қудалау көрген әже-апаларымыздың бастан кешкен жан азабын көзбен көріп білгендердің бірі [4].

Бас бостандығынан айырылған әйелдер (контрреволюциялық іс-әрекеті, пиғылы немесе күйеуінің кеңестерге қарсылығын айтпағаны үшін сотталғандар) нөмерленіп қана белгіленіп, ешқандай құқықтарға ие болмады. Айыпталғандарды түрмеден лагерьге, лагерьден түрмеген немесе лагерьден лагерьге ауыстырған кезде бірқатар құжаттар ізсіз де кеткен. 1931 жылы-ақ түрмедегілер санын нақтылы есептеу мақсатында статистика қызметі ашылып, сотталғандарды түрмеде ұстамай ЕТЛ-ге жіберу мәселесі шұғыл қолға алынғанымен, еш нәтиже шықпаған. Кейінгі жылдары да сотталған әйелдердің аты-жөндері, үкімдері, қылмыстық жауапкершілікке тартылу себептері және өзге де қажетті мәліметтер біркелкі заңдылықпен жазылу жүйесін сақтамайды. 1930 жылдың басынан бастап-ақ сотталғандарды қарцерге қамау секілді жазалау шаралары барлық түрме, лагерьлерде қолданылады. 1924 жылы қабылданған «айыпталғандарға қорлық көрсетпеу туралы» заң жөніне де қалған. ОГПУ-мен сотталған әйелдерге науқас, мүгедек болса да, қатал жаза қолдану үрдісі ешқашан күшін жоймайды [5].

«Отанын сатқандардың Ақмола лагерьі» тарихына тоқталсақ «Алжир»-Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» атанып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шарушылық, партия кеңес басшыларының, сонымен қатар қарапайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазаларын өтеген Ақмола облысындағы лагерь. Ол Қарағанды лагерьінің 26-бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының Оңтүстік-батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекеніне КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937 жылғы 15-тамыздағы № 00486 бұйрығы негізінде құрылған. "Алжир" Карлагтың бір бөлімі ғана. «Саяси сотталғандар» (РСФСР ҚК 58-бабының бөлімдері бойынша) жабық, яғни сыртпен хат-хабар ала алмайтын лагерьлерге қамалды. Осындай лагерьлер КСРО көлемінде 1930 жылдың ортасынан бастап қана белгілі болды. РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 17-тармағы бойынша бас бостандығынан айырылған аналар қамалған Ақмола лагерьі тікелей Карлагқа бағынды. Саяси тұтқындар ең ауыр жұмыстарды атқарып, «қайта тәрбиеленді». Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерьлерінде «тұтқындарға» жанашырлық білдіргендерге «халық жауы» атағы таңылып, алыс аймақтарға жер аудару жазасы қолданылған[6].

Ақмола лагерьі 30 мың га жерді алып жатқан. Онда 3 жылдан 8 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған әйелдер жазаларын өтеді. Олар әр-ұлттың өкілдерінен еді. А.Тасымбековтың «Жан дауысы. Алжир архипелагы» атты еңбегінде жазықсыз сотталған аналардың лагерьдегі өмірінен көптеген мәліметтер жазылған. Айыпталған әйелдер мал бағып, фабрика салып және жер қазып, бау-бақша егіп, сиыр сауып, киім де тіккен. Олар барлық жұмыстарды атқарған. «АЛЖИР»-дегі ауыр жағдай туралы Мария Даниленко: «Біздер 25, 35, 50 градус салқындық пен 50 градус ыстықта да жұмыс жасадық. Бір жаз ішінде әйелдер 18 құрылыс объектілерін салды...»-деп өз естелігінде жазады. Лагерьлер мен түрмелерде надзирательдердің ішетін тамақты жерге қойып, оның ішіне түкіріп, «жрите контрики» деген кездері де өте жиі кездескен [7].

Уэзипа Майжолова-Құленованың естелігінде: «Лагерьде таңғы сағат төрттен кешкі сағат алтыға дейін үзіліссіз жұмыс жасайтынбыз» – деп, өз естелігінде лагерьдегі әйелдердің ауыр жағдайын көрсетеді.

Қазақ көркем әдебиет баспасының жауапты қызметкері Абат Әлібаевтың жұбайы, ҚазОАҚ-нің аппаратында қызмет жасап жүргенде, 1938 жылы 10-сәуірде тұтқынға алынып, «АЛЖИР»-де жазасын өтеген Зағипа Тінәлина өз естелігінде сотталған әйелдердің өмірі туралы төмендегідей баяндайды: «Алматы абақтысынан бізді Қарағанды лагерьінің Ақмола бөлімшесіне айдады. Бірақ ол жерге де діңкелеп жете алмай, Новосибирск мен Челябинск түрмелерінің тұтқындарды жан-жаққа

бөлетін сасық қапасында біздерді айлап ұстаумен болды. Ондағы тартқан азап пен қорлықты айтып жеткізу қиын.

«Кімдер жоқ емес арамызда: партия және мемлекет қайраткерлерінің әйелдерінен от басындағы шаруа әйелдерге дейін. Кешегі революционерлер, қатардағы партия-совет қызметкерлері, атақты артистер, жазушылар, дәрігерлер, мұғалімдер мен инженер-конструкторлар, ұшқыштар, тағы дер кезінде Отанға, елге пайдасы тиетін жоғары білімді мамандар. Қылшылдаған жастан жетпіске таяп, жер таянған кемпірлерге шейін тікенек сымның ар жағында, күндіз-түні қарулы күзетпен тырп еткізбей, малша қара жұмысқа айдап, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша аздырып, ақыл-естен айрылтып, бір жақта қалған бала-шаға, күйеуінен, жора-жолдастардан мүлдем хабарсыз, (хат-хабар жазуға да сәлем-сауқат алуға да рұқсат жоқ), тіршілік атаулыдан күдер үздіре азаптағанда, айтындаршы, жамағат, не жазығы бар еді бұлардың? ...Қандай қылмыс істеп қойып еді? «Тәңір-ау, тым құрыса, айтып, айыбыңды бетіңе бастыра айыптаса ғой?..» – деп жан шырқырай айқайлағың келгенімен, үнің көмейіңде тұншығатынын білесің... Білесің де (жан-жағына үрейлене қарап жүру-әдет), тіліңді қырши тістеп, шыдау үшін ғана тырысып бағасың. Шыдай алмай өліп кеткендер көп: осы маңайда өлгендерді апарып (арбаға өліктерді бөренеше тиеп...), мал құсатып көміп тастайтын орын бар. Жерге тапсырудың хайуаннан айырмашылығы: өлген кісінің башпайына тақтайша байлап, оған нөмірлеп (таңбалап десе де), марқұмның анықтамасы қысқаша жазылады." [8].

1937 жылдан 1954 жылға дейін «Р-17» деп аталатын (ресми түрде) 26-шы түктеде тұтқын әйелдер саны қанша болды деген сұраққа нақтылы жауап беру қиын. Алғашқы жылы-ақ лагерьдегі әйелдер саны 6,5 мыңға жеткен— деген пікір де бар.

Осы тұста зобалаңға ұшыраған Меңтай Дәукенованың естелігіне мән берсек: «...Күйеуім Жұмағалиды 1937-жылы ұстады. Бізді пәтерден қуды. Үш және жеті жастағы балаларыммен көшеде қалдым. Күйеуімді ұстаған соң, екі айдан кейін ПХК қызметкерлері мені балаларыммен қосып Ақтөбе түрмесіне әкелді. Балаларымды менен айырып тартып әкетті». Ол кісі түрме камераларында 100-140 адамнан болғандығын, өзін тергеуге бір мәрте шақырғандығын айтады. Меңтай апаны 8 жылға соттайды.

1937 жылдың ортасында Карлагта жаңа туған бұзаулар мен торайларды бағатын фермалар ұйымдастырылады. Фермаға түнгі бақташы болып орналасқан Құсни апай бұзаулар мен торайларға беретін күнжараны ашыққан әйелдерге тығып таситын болған. Ол кісінің жолдасы Есім Байғаскин (Алматы мал дәрігерлік институтының ректоры болған) де «халық жауы» ретінде ұсталған еді. Әзиза Рысқұлова мал дәрігері, ал Мәриям Қамбарқызы ферма меңгерушісі болғанда, лагерьдің жатын қасапханасынан сойылған малдың майын жасырып, тығып әйелдерге тасыған. Әйелдердің жағдайларының жақсара бастағанын сезіп, күдіктенген түрме қызметкерлері Мәриям апайды түрмеге қайта қамап, кейін «Долинкаға» ауыстырады.

Сол бір тағдыр тауқыметін арқалаған мыңдаған әйелдердің бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Лагерьде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшыларының әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жазаларын өтеді. Ең бірінші елге белгілі аса танымал қайраткерлердің бала-шағалары қуғындалды. Алжирде маршал М.Н. Тухачевскийдің қарындастары Александра және Валентина Тухачевскаялар, С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбаһрам, А.С. Енукидзенің әйелі мен қызы, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләндәм, С.Мендешовтың әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүпнүн, С.А. Асфендиаровтың әйелі Рабиға және Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуқасова, Мария Ескараева, Мариям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Тәшитова, Шәкітай Тәтімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылған), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Зарап Темірбековтың әйелі Сақыпжамал Назарова, Уәзипа Құленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Калменова, Мәдина Оразова, Мариям Есенгельдина, М.И. Ибрагимова, Сұлұхан Бағызбаева, Жанбике Шанина, С.Такенжанова, Р.Мухамеджанова, М.Мамежанова, Рахиль Плисецкая, Шүкре Сүлейменқызы, Галина Серебрякова тағы да басқа көптеген танымал тұлғалардың әйелдері мен қыздары, апа-қарындастары азап шекті. Жазасын өтеп болғаннан кейін де сотталған әйелдерге астаналық ірі қалаларда өмір сүруге тыйым салынды. Оларға сондай қалалардан 101 шақырым қашықтықта ғана қоныстануға рұқсат етілді [9].

Қуғын-сүргін саясатының басында тұрған И.Сталин отбасын ыдырату саясатын шебер ойластырған болатын. Бүгінгі таңда оның себебі де белгілі болып отыр. Репрессияға ұшыраған казакстандық әйелдердің тағдырлары туралы айтатын болсақ.

Нығымет Нұрмақовты Мәскеуде БОАҚ-де 1937 жылы 3-маусымда тұтқынға алғаннан кейін, оның әйелі Зүпнұнды 20-шілдеде түрмеге қамаған. Ол кісі Мәскеудегі Бутырка түрмесіне 4 ай тұтқында болып, 1937 жылы Карелияға лагерьге айдалады. 1941 жылы Зүпнұн апайды Карлагқа, одан кейін Алжирге әкелген. Ал, Нұрмақовтардың қызы Тамара балалар үйінде қайтыс болады.

Қазақ басылымының бөлім меңгерушісі Абат Әлібаев ұсталғанда оның жолдасы Зағипа Садуақасқызы Тінәлина да 1938 жылы «Р-17» Еңбек Түзету жұмысына жіберіледі. Зағипа Тінәлина мен Гүлбаһрам Сейфуллина ғана «халық жауларының әйелдері» арасында күйеулерімен кездесуге рұқсат алған әйелдер болатын.

1937 жылы 13-тамызда Темірбек Жүргенов тұтқындалған соң, оның жұбайы Дәмеш апай да «Алжирге» айдалады. Ол кісі өзін майданға жіберуін сұрап 100 шақты хат жазған. Тұрар Рысқұлов Кисловодскіде демалып жатқан кезде тұтқынға алынады. 1937 жылы 10-маусымда Мәскеуде Әзиза Рысқұлова қамалса, ал Әзизаның анасы Әрипа 1938 жылы 10-сәуірде сотталып, лагерьден шығуға бес-алты күн қалғанда қайтыс болады. Тұрар Рысқұловтың 4 жасар қызы Сәуле Одесск облысындағы Дубчанский балалар үйіне «тәрбиеленуге» жіберіледі. 1938 жылдың 5-мамыры мен 1939 жылдың 26-қарашасына дейінгі уақытта «тәрбиеленіп» болған соң, туыстарына берілген. Тұрар Рысқұловтың екінші баласы Рида Бутыркадағы жеке камерада дүниеге келеді. Әзиза апай кішкене сәбиімен Карлагқа, одан кейін «Алжирге» аударылды [10].

Аргуня Жакыпқызы (Жакып Ақпаевтың қызы) өз бастарынан кешірген зобалаңды «1931-жылы ағамыз Мұратты ұстады. Көп ұзамай шешемді де қамап қойды. Төрт бала, үлкені мен үйде жалғыз қалдық. Бірнеше күн бұрышқа тығылып жылап отырғанымыз есімде. Туысқандар да жоқ емес, бірақ ешкім есік ашпайды. Өйткені халық жауының балаларына камқорлық жасады деген айыптан қорқады... деп өз естелігінде жазады.

Сәкен Сейфуллиннің інісі Мәжиттің қызы Рымжан апай өз естелігінде Сейфуллиндер отбасының қайғысын жазады. Ол кісі, Сәкеннің әкесі Сейфолланы Киров колхозының (Жаңа-Арка ауданы) «Бестоған» жерінде мал бағып жүргенде даладан ұстап әкеткенін, ал інісі Мәлік қудалаумен Түркістанға барып, әйелімен екеуінің аштан өлгендігін, Сәкеннің қалайша ұсталғандығын айтады.

«Сәкеннің ең көз тоқтатып қарағаны - шашылып жатқан кітаптары мен бума-бума папкалары болды. Аяңды қолына алып бетінен сүйді. Бала жылап жабыса берді. Күлбарамға ғана «қош», – деді. Қозғалар алдында бізге қарап:- қорықпандар, мен кешікпей қайтуға тиіспін. Мен өзім қолдан құрысқан өкіметтен мұны күткен жоқ едім. Ақ-қарасын анықтап босататын шығар», – деді. Сөйтіп, көз алдымыздан, тал түсте НКВД-ның төрт адамы қоршап, Сәкенді үйден алып кетті», – деп қайғылы сәтті жеткізеді [11].

Алматыдағы тамақ өндіру мекемесінде экономист болған Фазылағзам Ақтайұлы Әлихановтың әйелі Хабиба Мұрфарқызы да 8 жыл лагерьде отырған. Ал, осы Әлихановтың қарындасы Мариям Әлиханова-Есенгельдина 1942 жылға дейін лагерьде болған. Ол кісінің жолдасы Қалық Есенгельдин 1932-1934 жылдары Мәскеуде Қазақстанның сауда жөніндегі тұрақты уәкілі қызметін атқарып, 1936 жылы Семей қаласына қызмет бабымен ауысады. 1937 жылы ұсталады. Кейін әйелі де түрмеге қамалады. Осы бір отбасын басына түскен зобалаңды алдыңғы бөлімде қысқаша айтып кеткен едік.

Кеңестік тоталитарлық қоғам талай баланы ата-анасына «жау» етіп тәрбиеледі. Сондай саясаттың салдарынан ата-анасынан бас тартқандар да болды. Түрмеде жазасын өтеген, лагерьде дәрігер болған Н.И.Соколоваға ұлы «Сіздер ата-ана емессіздер, сіздер «халық жауысыздар». Сіздерді білгім келмейді, ұмытуға тырысамын», – деп те хат жазған [12].

Балаларының амандығына қуанып, бір көруге зар болған аналардың кейбірі осындай жан түршігерлік жағдайда да тап болған. Тіпті, есейген балалардың туған анасын тонап кеткен жағдайлары да жиі кездескен. Міне, кеңес мемлекетінің «халық жауларының балаларын қайта тәрбиелеу ісінің» жемісі. Баланы ата-анадан тірідей өгейлендіру арқылы ұрпақ арасындағы тәрбие мен текке байланысты жалғасу осылайша үзілген.

Қазақстанның компартиясы орталық комитеті жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшесі, азамат соғысының батыры Мұхамбетқали Тәтімовтың қызы Клара апай анасын АЛЖИР-ге іздеп те барған. Ол кісі өз естелігінде: «Мен қандай жағдай болса да анамды табамын деп ойладым. Анама қалай жетемін? Туыстар мен дос-жарандар сырт айналды. Бізді аяғанмен бізге көмектесе алмайды. Себебі, өздері де «Халық жауы» атануы мүмкін». Сол жылдары «халық жауын» көп ұстаған адам «құрметке» жететін еді. Ондай адамнан жұрттар қорқатын еді. Құқық қоғау орындары неше түрлі заңсыздықтарға барды. Заң мен құқық қорғаушылардың өздері білгендерін істеді. Оның салдары әлі күнге дейін сезілуде. Мен анамды іздеп лагерьге барғанда, ол жүк тасу үшін лагерьдің

сыртына кетіпті. Тек қана алты күннен кейін оралды. Менің келгенімді естіпті. Әлі күнге дейін анамның «Тірісің бе? Айналайын-ай!»- деп жан-құйқанды шырқырататын айқаймен, маған құшағын жая ұмтылғанын ұмыта алмаймын. Анам мені құшақтай сала есінен танып қалды. Осы жағдайдың куәсі болған аналар да көз жастарын тоқтата алмады» - деп жазады.

Л.И. Мирзоянның әйелі Тевосян Юлия Федровна (Тевадросовна) тергеушілердің «күйеуіне қарсы шығуға» үгіттеген, азап-қорлығына шыдамай есінен ауысады. Ю.В.Тевосянның айтуынша, ол кісі Қызылордадағы псих. ауруханада қайтыс болған.

Семейде насихатшылар мектебінде директор қызметін атқарған Зәки Құленовты 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұстаған соң, оның отбасы да қудаланды. «Алжирде» отырып шыққан Уәзипа Майжолова-Құленованың естелігін келтірсек: «... Бес айдан кейін, 1938-жылы он жетінші наурызда мені алып келіп, түрмеге жапты. Қолымыздағы 3 жасар Кларамды балалар үйіне жібереді. [13].

Сондай-ақ, осы тұста Олжас Сүлейменовтың әкесі Омар (офицер) «халық жауы» болып ұсталғандығын, анасы Бәтима және туған-туыстарының қудаланғандығын да айта кету керек. Ол кісінің немере інісі Мәдениет анасының көрген қиыншылықтарын айта келе, «Анамның жиі-жиі айтып отыратын әңгімесінен есімде қалғаны: сонау 30-жылдары тетелес қайнысы, яғни маған көке Омар ұсталып кеткеннен кейін, оның артында қалған әйелі Бәтима мен ұлы Олжас-тын. Қалған ағайындардан көз жазып қалған.» Омар Ташкент қаласында ұсталған. Соңғы рет татар офицерімен түстік тамақ ішуге үйге келген ол із-түссіз кетеді. Бәтиманың апталар бойы әуре-сарсаңынан еш нәтиже шықпайды. Ешкім жөнін айтпайды. Жездесі Қасым мен ағасы Оспанның әрекеттері де нәтижесіз болып, ақыры олар Бәтиманы Алматыға алып қайтады. Олжас ер жетіп, әлемге таныла бастаған кезде ғана, орыстың көрнекті тарихшысы Лев Гумилев өзінің бір кездері түрмеде Омар Сүлейменовпен бірге отырғандығын айтқан» деп өз естелігінде жазады. Ол кісі Олжаспен 1990 жылдың жазында ғана кездеседі.

Қазақ киносы мен театрының анасы атанған Әмина Өмірзақова да 1930 жылдары ағасы Қаптығай «халық жауы» болып, тұтқынға алынғанда, жұмыстан қуылады. Ол кезде Шымкент қаласындағы облыстық драма театрында жұмыс істейтін еді. Әмина апай Алматыға келіп, қалалық, өлкелік ПХК-нің табалдырығын тоздырғанмен еш нәтиже шықпайды. Ленинградта оқыған Әмина апа Мәскеуге барып, Калининнің қабылдауына сұранады. Алайда, кездесудің қиындығына қарамастан, табандылық танытып, ақырында Калининмен кездеседі. Ағасының кінәсіз екендігін дәлелдейтін бірнеше құжаттарды М.И. Калининнің алдына қояды. КСРО Жоғарғы кеңесінің төрағасы «...жұмыс бастан асып жатыр. Бұл мәселенің анық-қанығын анықтайтын ресми орындар бар. Мен соларға тапсырма беремін. Түрмедегілер есігін ашып шығара салатын қорада тұрған мал емес, ақ-қарасын әбден зерттейді. Егер, рас, сіз айтқандай жала жабылып, әділетсіздікпен отырса, онда, сөз жоқ ақталады. Ал, «халық жауы» болса, онда жағдайы қиын», – деп жауап берген. Әмина апай көп ұзамай ағасы Қаптығайдың ақталғандығы туралы ресми қағазды қолын алады. Көп ұзамай түрмеден ағасы да ақталып келеді [14].

Жазықсыз жазалағандардың тағдырын айтып бітіру мүмкін емес, әр түрлі тағдыр болғанымен, барлығының басындағы қайғы ортақ. Себебі, олар халық жауының әйелдері, балалары, туған-туыстары.

Бүгінгі таңда Қазақстан қалыптасу үстінде. Бізге рухани кемелділік қажет. Өткен тарихымызды тарихи танымға сай, ақылға салып, ақиқатымен таразылау ертеңгі барар жолымызды айқын көрсетуге көмектеседі.

Сонымен, кеңестік тоталитарлық қоғам мемлекеттің ең басты капиталы адам екендігін естен шығарып, адамилық мәселесін мемлекеттен кейінгі екінші орынға қалдырды. Сол саясаттың кесірінен аналар адам айтып жеткізе алмас азап шекті.

Саяси репрессия салдарынан талай отбасы жойылып ұрпақ аралық тәрбиеге нұсқан келтірілді. Сол кезеңдегі тоталитарлық жүйе аталған мерзім кезіндегі әйелдер қауымының тартқан азабы, яғни қазіргі тілмен айтқанда кеңестік саясатта гендерлік проблема назардан тыс қалды.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Сәрсенбина Қ.Қ. *Қазақстан әйелдері саяси қуғын-сүргін құрбандары (1925-1938 жж): Тар. ғыл. канд. дис. автореф.* – Алматы, 2004. – 32 б.
2. ҚР ОММ. 1380-қ. 1-т. 69-іс.33п.
3. Қамзабекұлы Д. *Руханият (Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер).* Алматы: Білім, 1997. 272 б.

4. Мусин М. Тұнекте тұншыққандар. - Өскемен, 1997. 296 б.;
5. ҚР ОММ. 1380-қ. 1-т. 69-іс.33п.
6. “Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау” туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. – 1993. – 18 мамыр.
7. Страницы трагических судеб/ Сост. Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева и др. Сборник воспоминаний жертв политических репрессии в 1920-1950гг. Алматы: Жеті Жарғы, 2002
8. Алғашқы қарлығаштар/ Құрастырған Д.Дәуренбекова. Алматы: Қазақстан, 1993
9. Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. - Караганда, 2000. 160 с.
10. Карпыкова С.С. Женщины Казахстана: проблемы историографии (20-80-е гг. XX века). Дисс... на соис.уч.степ.канд.ист.наук. Алматы, 1997
11. ҚР ПМ. 141-қ.1-т.2828-іс. 50-п.
12. Абрамов Д. Места заключения и репрессированные. Алматы: Глобус, 2001
13. Страницы трагических судеб/ Сост. Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева и др. Сборник воспоминаний жертв политических репрессии в 1920-1950гг. Алматы: Жеті Жарғы, 2002
14. Әбішева Ж.Р. 1926-41жылдардағы қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамдық-саяси жұмыс. Тарих ғыл.канд.дисс... авторефераты. Алматы, 2003

УДК 94(574):27-9
ГРНТИ 03.01.07

Бегасилова Ж.А.¹

¹докторант КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ХРИСТИАНСКИЕ КОНФЕССИИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ФОРСИРОВАННОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА КОНЦА 1920 –Х ГГ. XX ВЕКА

Аннотация

В данной статье анализируется наиболее актуальная историографическая и политическая проблема современности - конфессиональная проблематика государства. Автор обращает внимание на то, что необходимо внимательнее относиться к изучению того, что называется историческим опытом. Развитие религиозных организаций и конфессиональной политики в СССР в целом, и в Казахстане в частности, в период 1920 - 1950-х годов, несомненно, составляет важнейшую часть такого опыта. Кроме того, автором дается анализ форм сопротивления антирелигиозной политике советской власти с конца 1920 - х до конца 1930 - х годов. В результате исследования был сделан вывод, что, не смотря на различные формы сопротивления, все они содержали в себе серьезный вызов властям.

Ключевые слова: антирелигиозная политика, сопротивление, христианские конфессии.

Ж.А. Бегасилова¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Қазақстан тарих кафедрасының докторанты, Алматы қ, Қазақстан

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЖ. СОҢЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫ ЖЕДЕЛ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХРИСТИАНДЫҚ КОНФЕССИЯЛАРЫ.

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі уақыттағы тарихтың тарихи және саяси проблемалары - мемлекеттің конфессиялық мәселелері талданады. Автор тарихи тәжірибе деп аталатын тақырыпты зерттеуге көбірек қаралуына назар аударады. 1920-1950 жылдардағы кезеңде КСРО-да діни ұйымдар, әсіресе

Қазақстандағы конфессиялық саясатты дамыту тәжірибенің маңызды бөлігін құрайды. Бұған қоса, автор 1920-шы жылдардың аяғынан бастап 1930-шы жылдардың аяғына дейін Кеңес үкіметі дінге қарсы саясатына қарсылық нысандарын талдайды. Зерттеу барысында қарсылықтың әртүрлі түрлеріне қарамастан, олардың бәрі билікке елеулі қатаң жауап берді деген қорытынды шығарылды.

Кілт сөздер: дінге қарсы саясат, қарсылық, христиандық конфессиялар.

Zh.A. Begassilova¹

¹doctoral student of the History of Kazakhstan KazNPU named after Abay

CHRISTIAN CONFESSIONS OF KAZAKHSTAN UNDER CONDITIONS OF FORCED MODERNIZATION OF THE SOCIETY IN THE LATE 1920S OF THE 20TH CENTURY.

Abstract

This article analyzes the most current historiographic and political problem of our time – the confessional problems of the state. The author pays attention to the fact that it is necessary to pay more attention to the study which is called historical experience. The development of religious organizations and confessional politics in the USSR as a whole, and in Kazakhstan in particular, in the period of the 1920s – 1950s, undoubtedly constitutes the most important part of such experience. In addition, the author analyzes the forms of resistance to the anti-religious policy of the Soviet government from the late 1920s to the late 1930s. The research concluded that, in spite of various forms of resistance, they all contained a serious challenge to the authorities.

Keywords: anti-religious policy, resistance, Christian denominations.

Проблема конфессиональной проблематики государства является одной из наиболее актуальных историографических и политических проблем современности. Практически любое научное обсуждение данной темы исходит из того, «что противоречия и конфликты в этой сфере обусловлены не только текущими условиями и событиями, но в значительной мере историческим наследием». Это заставляет внимательнее относиться к изучению того, что называется историческим опытом. Развитие религиозных организаций и конфессиональной политики в СССР в целом, Казахстане в частности, в период 1920- 1950-х годов, несомненно, составляет важнейшую часть такого опыта. В центре внимания исследователей находятся такие аспекты проблемы как анализ этапов и парадигм конфессиональной политики в центре и на местах, определение места и роли религий и церквей в культуре и повседневности советского общества, определение общего и особенного в период разрушения государственно-церковных отношений, свойственных клерикальному государству, и перехода к светскому государству, анализ моделей государственной политики как отражение переходного этапа от конфессионального к светскому государству в СССР и другое.[1]

Данная статья посвящена анализу государственной политики по отношению к христианским конфессиям (католицизм, протестантизм, православие) в Казахстане в условиях форсированной модернизации общества конца 1920 –х гг. XX века.

Государственная политика по отношению к церкви находилось в прямой привязке к общей ситуации в стране, и зависела от проводимых политических и социально-экономических преобразований. Очередное изменение в конфессиональной политике произошло в конце 1920-х гг., когда руководством Советского государства в целях ускорения «темпов социалистического строительства» был взят курс на развертывание массовых компаний (индустриализация и коллективизация), сопровождавшихся усилением директивного планирования. [2, С. 278].

Начиная с 1927 г. озабоченность ослаблением антирелигиозной борьбы стал выражать и Сталин, привлекая к этому внимание партии - например, во время своего выступления на XV съезде ВКП (б). Принимая в сентябре того же года американскую рабочую делегацию, генеральный секретарь заявил: «Партия не может быть нейтральной в отношении носителей религиозных предрассудков, в отношении реакционного духовенства, отравляющего сознание трудящихся масс. Подавили ли мы реакционное духовенство? Да, подавили. Беда только в том, что оно не вполне еще ликвидировано».[3, С. 74].

На проходившем 23 мая 1929 г. совещании узкого круга членов Антирелигиозной комиссии ЦК ВКП(б) были оглашены цифры, свидетельствующие, что около 80 % советского населения остаются верующими.[4, С. 73].

В этом контексте важным представляется содержание приложения к протоколу заседания политбюро № 116, п. 36 от 5 февраля 1930 г. «О мероприятиях по ликвидации кулацких хозяйств в районах сплошной коллективизации» утверждённое на заседании Политбюро ЦК ВКП(б) 30 января 1930 г. Документ указывал на необходимость «срочно пересмотреть законодательство о религиозных объединениях в духе полного исключения какой бы то ни было возможности превращения руководящих органов этих объединений (церковные советы, сектантские общины и пр.) в опорные пункты кулачества, лишенчества и вообще антисоветских элементов.» Оргбюро ЦК было поручено «дать директиву по вопросу о закрытии церквей, молитвенных домов сектантов и проч. и о борьбе с религиозным и сектантским движением, в целях устранения тормозов в соваппарате, мешающих проведению в жизнь принятых подавляющей массой крестьянства решений о закрытии церквей, молитвенных домов сектантов и т.п. В этой директиве указать также на необходимость особо осторожного проведения этих мероприятий в отсталых национальных районах.» И далее «вытекающие из настоящего постановления законодательные изменения поручить СНК СССР издать в 5-тидневный срок с тем, чтобы они были введены в действие крайисполкомами и правительствами национальных республик в районах сплошной коллективизации немедленно, а в остальных - в зависимости от темпа развития сплошной коллективизации в этих районах.[5, С. 70-76].

«Социалистическое наступление» провозглашенное на всех направлениях включало множество направлений: «антирелигиозный фронт», «фронт индустриализации», «фронт коллективизации», «идеологического фронта», «культурного фронта» и т. д.

Массовая коллективизация шла рука об руку с массовым закрытием церквей. «Строго секретный» и «сов. секретный» циркуляр Политбюро ЦК ВКП(б) от 30 января 1930 г. «О мероприятиях по ликвидации кулацких хозяйств в районах сплошной коллективизации» потребовал «срочно» пересмотреть законодательство о религиозных объединениях с максимальным ужесточением действий в отношении церковных советов и дать директиву о закрытии церквей и борьбе с религиозным движением. Таким образом, с начала 1930 г. ликвидация религиозных объединений приобрела выраженный массово-принудительный характер. В контексте проводимой политики советским органам управления пришлось столкнуться с разными формами сопротивления. По данным ОГПУ, в 1928 г. в стране произошло всего 44 выступления на религиозной почве, то в 1929 г. – почти четверть народных волнений из 1300 случаев была связана с «религиозными мотивами» (притеснения духовенства и верующих, закрытие церквей).[6, С. 281]. Казахстан, в этом смысле не был исключением. Документ с красноречивым названием «Краткий обзор антисоветской деятельности церковников и сектантов в Казахстане» датированный 20 марта 1929 г. зафиксировал реакцию верующего населения. «В связи с массовым закрытием церквей, как в городе так и в деревне по Казахстану, в течении 2-3 последних месяцев, в некоторых местах имели место эксцессы на этой почве. И усилились антисоветские проявления церковников, выразившиеся в организации выступлений толпы, для защиты церквей от изъятия, подстрекательство толпы, антисоветская агитация и т.д.»[7, Л. 34].

Характерно, что так называемые «антисоветские проявления церковников» имели повсеместный характер. Характеризующий ситуацию в Алма-атинском округе документ фиксировал: «За последние 2-3 месяца закрыто две церкви в г. Алма-Ата и несколько церквей в деревнях. Закрытие бывшей архиерейской церкви в г. Алма-Ата прошло сравнительно спокойно. Церковники ограничились лишь посылкой жалобы ОкрИК-у и в центр, но впоследствии жалоба в центр была взята обратно. После этого духовенство и церковный актив, широко распространяли среди верующих даже за пределы города протест против закрытия, называя это незаконным действием местных властей. С апреля месяца распространились и муссировались слухи о том, что в г. Фрунзе при закрытии одной церкви, верующие оказали активное сопротивление. Собравшись громадной толпой у церкви, они не допускали очистить здание от культового имущества и, что при сопротивлении была стрельба по толпе, с жертвами с обеих сторон. Эти слухи в известной степени явились фактором сплочения церковников вокруг вопроса закрытия церквей.»[8, Л. 34]. В документе, главным для нас является признание фактора слухов, как детонатора и отражения пассивного сопротивления верующих.

Наряду с пассивными формами сопротивления, в Казахстане наблюдались и активные формы сопротивления. К активным способам сопротивления верующих в рассматриваемый период можно отнести следующие: выступления верующих против закрытия храмов, коллективные прошения об открытии молитвенных зданий, прошения об освобождении из-под ареста священнослужителей.

Так, 15-го мая [1929 г.] согласно постановления Президиума ОкрИКа, было приступлено через Адмотдел к закрытию бывшей военной церкви, здание которой было предназначено для размещения Краевого музея, Адмотделом Церковному Совету было объявлено о постановлении ОкрИКа и предложено очистить церковь в 3-х дневный срок. В тот же срок было предложено попу выселиться из церкви (поп квартировал в здании церкви). Распоряжение Церковным Советом выполнено не было и со стороны попа и отдельных членов Церк. Совета, были попытки организовать массовое выступление верующих для протеста. Собралась незначительная толпа (около 70 чел.) перед которой поп выступал с доказательством о незаконном действии местной власти. Постановление было вынесено, на основании которого и была закрыта церковь. В конце апреля с. г. в станции Иссык образовался кружок «безбожников». В течении месяца в кружок вступило до 100 чел[ек]., 4-го мая на собрании кружка присутствовало до 200 крестьян. Здесь же было постановлено развернуть работу и добиться передачи местной церкви под школу. 18-го мая решено было организовать второй кружок «безбожников» при РИКе. Кроме того было принято решение вести работу за закрытие церквей в Иссыке, в ст. Талгар и пос. Тургень. Узнав об этом местные церковники, во главе с попом повели агитацию среди населения, призывая оказать сопротивление. Распространялись слухи, что коммунисты считают церковь уже отобранной. Призывали крестьян требовать перед Сельсоветом созыва общего схода, на котором раз и навсегда поставить вопрос о принадлежности церкви религиозному обществу, а не сельсовету и никогда не поднимать вопроса о закрытии церкви. 19-го мая в клубе читалась антирелигиозная лекция. Лектор, бывший поп, ныне служащий РИКа. К собравшимся у здания клуба женщинам, явился поп Марченко и повел агитацию в противовес антирелигиозной лекции. Обращаясь к лектору, он открыто заявлял, что церковь коммунистам не отдадим и т.п.). возбудил толпу против лектора. После этого по дворам стали обходить женщины-церковницы, извещая, что коммунисты отбирают церковь, хотят выбросить иконы и т.д. Толпа двинулась к клубу с криками «все за церковь». Попытались избить председателя Сельсовета, за что один из церковников был арестован. После этого толпа возбужденная попом, требовала освободить арестованного, угрожала разгромить С/Совет и ворвавшись в С/Совет заставила милиционера освободить арестованного. Поп кричал: « жертвую Вам пред. Сельсовета». 20-го мая толпа снова собралась, открыла митинг и вынесла постановление, как бы от имени общего собрания станицы, в котором говорится, что в дальнейшем коммунисты и «безбожники» отказываются выступать против религии и церкви. На другой день это постановление представителями церковников – было предъявлено Райкому ВКП(б), для выполнения.[9, Л. 34об.].

Аналогичные активные формы сопротивления отмечены нами в Каскелене, Узун-агаче и Кастеке. Ситуация была аналогичной. В указанных селениях закрывались местные церкви. Это послужило поводом «выступления церковников и верующих в защиту церкви, но формы массовых выступлений с эксцессами не носили». В большинстве своем «церковники» оперировали перед ВЦИКом, об отмене распоряжения местной власти. В противовес постановлений бедноты и общих собраний, церковники ходили по дворам и собирали подписи против закрытия церкви. Обычно списки церковников количественно превышали число лиц, присутствовавших на собраниях при вынесении постановления о закрытии церкви. В указанных селениях религиозные общины сохранили свою организацию и после закрытия церквей и обращались к местным властям, о разрешении им открыть молитвенные дома, вместо закрытых церквей (Каскелень и Кастек).

Таким образом, мы имеем дело с активной формой сопротивления. Закон «О религиозных объединениях» стал активно использоваться в рамках политики ускоренной коллективизации, когда началось массовое закрытие молитвенных зданий «для культурных нужд» или «под зернохранилища». Верующие остро реагировали даже не на само новое законодательство, а на всяческие «грубейшие ошибки и всяческие перегибы, граничащие иногда с преступностью» Так, как признавалось в документе « в некоторых местах закрывались церкви без ведома и санкции Окрисполкома (Узун-Агач), где не исключена возможность эксцессов на этой почве. В рождественские и пасхальные праздники, в Узун-Агаче хулиганы подкулачники пытались сорвать антирелигиозные вечера. В клуб бросались камни. Имели место случаи проволок, утверждения в ОкрИКе постановления общего собрания о закрытии церкви (Кастек). В Лепсинске Сельсоветом был

передан в распоряжение комсомольцев сад, находящийся при церкви. Комсомольцы устроили в нем спортплощадку, где ежедневно собирались. В начале июня с. г., после проповеди попа, группа верующих напала на играющих комсомольцев и избивала их.»[10, Л.35].

Выступления верующих проходили примерно по одному и тому же сценарию: сначала, без учета мнения верующего населения, членами партийного актива положительно решался вопрос об изъятии местной сельской церкви под склад или клуб. Не дожидаясь официального согласия районного исполнительного комитета (РИК) и оформления соответствующих документов, комсомольцы, или члены местной ячейки «Союза воинствующих безбожников», или члены сельсовета направлялись в церковь, выносили без описи оттуда всю церковную утварь и приказывали либо ссыпать туда зерно, либо начинать переоборудование под клуб. Через некоторое время (чаще всего в тот же день) собиралась толпа с требованиями открыть церковь, вернуть изъятые церковные имущество и выпустить арестованных.[11, С. 185].

Из рассматриваемых документов следует, что лидерами зачастую выступали служители церкви. Так, в селе Верхне-Убинском, Семипалатинского округа поп тихоновец Цибенко открыто вел агитацию среди населения о том, что проводимые хлебозаготовки, самообложение – проводят незаконно и выполнять их не надо. При хождении с молебном по дворам, он предлагал снимать портреты Ленина и др. вождей в тех домах, где они имелись. В селе Кондратьевском, того же округа в последних числах мая, подожжено помещение Сельсовета. В поджоге подозревается местный поп. В селе Скалистом – поп Калтунов во время проповеди агитировал против вступления в комсомол, делегатские организации женщин, колхозы и т.д. Говоря, что тот, кто вступает в эти организации, примыкает к антихристу, что за неверием в бога, постигнет неурожай и т.д. В селе Канонерском, 14 мая по подстрекательству местного попа Крабова и бывшего монаха Климова, было произведено нападение толпы верующих, с нанесением побоев и криками: «убить хоть одного коммуниста» - на секретаря ячейки ВКП(б) Шкепаст. Шкепаст на кладбище прибыл по приглашению одного гражданина для сфотографирования могилы его детей. В это же время намеревался сфотографировать прибывшую туда процессию верующих. В этот момент и было совершено нападение.

В селе Митрофановском, местный поп Перминов, бывший подпоручик царской армии, разъезжая по деревням своего прихода: Митрофановскому, Багратионовскому и Белокаменке - вел систематическую контрреволюционную агитацию о том, что народ стал неузнаваем, на церковь не хочет дать ни одного рубля, зачем же тогда платить Советской власти налоги по 200-300 руб. ... Она де Вас грабит, скоро все у крестьянина отберет, будет проклят тот человек, который церкви ничего не дает, а Советской власти налоги платит и на нее работает, и кроме того Перминов в проповедях внушал верующим мысль неверия в Советскую власть, что человечество сейчас переживает последнее тяжелое время, что скоро Советскую власть сменит новая – лучшая власть и т.д.». В селе Камышинском поп Сычук (обновленец) организовал при церкви сестричество из 32 женщин, с которыми регулярно проводил в помещении церкви беседы, касаясь в них и общественных вопросов села. Так - в мае месяце при созыве С/советом общегражданского собрания, на котором обсуждался вопрос о хлебразверстках и утверждение разверстанной контрольной цифры на злостных держателей излишков хлеба; поп Сычук спровоцировал сестричество на то, что якобы местные коммунисты на данном собрании будут решать вопрос о передаче церкви под клуб, а потому, необходимо всех женщин созвать на собрание. В результате на собрание явилось как никогда, много женщин, в том числе и жен кулацко-зажиточного элемента и вопрос о развествании контрольных цифр на держателей хлеба – сорвали. В ночь с 3-го на 4-ое мая колокольным звоном была устроена тревога под предлогом, что якобы грабят церковь, при этом в сторожку в окно кто-то бросил полено. Среди крестьян-верующих создалось мнение, что это дело рук безбожников-коммунистов. В данном случае также заподозреваем участие попа Сычук.[12, Л. 36].

В селе Бородулихе поп Андреев (тихоновец) сгруппировал вокруг себя кулацкую часть церковного совета и через них, вел злостную контрреволюционную агитацию против хлебозаготовок, самообложения, и т.д., запугивая местных, советских работников тем, что скоро придет то время, когда будут коммунистов вешать на телеграфных столбах.

В июне месяце в с. Большая Буконь (русское казачество) вскрыта кулацкая группировка, руководимая тихоновским попом Ивановым, бывшим попом Антроповым и бывшим станичным атаманом Красулиным. Основная установка группировки – втягивание бедноты под руководством кулачества. Группировка устраивала нелегальные собрания, подбрасывала анонимки, с угрозами

общественным работникам, устроила покушение на уполномоченного по хлебозаготовкам, вредила всем мероприятиям властей.

В марте месяце в селе Верхне-Мяконьяк вскрыта кулацкая группировка. Руководители группировки были: Черемнев Павел Ларионович, старообрядческий поп, кулак б/торговец, лишен права голоса,; Ганновичев Маркел Алексеевич, кулак, б/кр. торговец, при Колчаке Н-к Охранной дружины, лишенец, среди старообрядцев является как бы патриархом; 3) Колмогоров Антим Вахрамеевич, старообрядческий поп, зажиточный, лишенец, 4) Ганновичев Ивойла – сын Ганновичева Маркела и 5) Ганновичев Ив. Ив. мощный средняк, бывший полицейский, лишенец.

Данная группировка, используя религиозное влияние на массы, агитировала за придержку хлеба, вела злостную агитацию против Соввласти и ее мероприятий, проводимых в деревне, уговаривали бедноту не принимать активного участия в общественной работе, в противном случае угрожали отлучением от церкви и т.д.

В селе Белом группа кулаков, руководимая старообрядческим попом Коробейниковым, лишенец, распространяли среди кержаков, так называемое «святое письмо», предсказывающее скорую гибель Соввласти и «божью» расправу с безбожникам-коммунистами; вели агитацию против хлебозаготовок, запугивали местных работников и в завершение – вели подготовку террористического акта по отношению пред. С/совета – предполагалось путем начиненных порохом дров – взорвать во время занятий в сельсовете печь. Дрова эти попали не в С/совет, а в школу (отапливались дровами с одного места), где взрывом был контужен один мальчик-ученик и выбита рама окна.

В деревне Александровке старообрядческий поп Рыльский, будучи замеченным в укрывательстве хлеба и боясь привлечения к ответственности, в защиту себя спровоцировал массу верующих женщин, распространив среди последних слух, что с/совет хочет его арестовать, что пока он свободен - необходимо ребят окрестить. В результате собралось около 200 женщин, каковые вместе с попом Рыльским пошли к С/совету с требованием не арестовывать попа. Со стороны отдельных женщин имели место угрозы и попытки избить камнями Уполномоченного по хлебозаготовкам.

В с. Сосновке руководители старообрядцев братья – Баулины Павел и Иван, во время хлебозаготовок, вели антисоветскую агитацию: «Советская власть грабит население, антихристы – весь мир взяли в свои руки» и т.п. В 1920 году Баулины были организаторами белобанды, поднявшие восстание в Бурсинском районе...

В с. Переменовке руководители лютеран – Бергер и Штрей-Бергер Иван в пьяном виде вломились в квартиру пред. с/х тов. Рыжих чл. ВКП(б) и Добычина секретаря ячейки ВКП(б), с намерениями учинить расправу. Акт расправы не учинен только благодаря вмешательству хозяина квартиры.

12 июля с.г. на праздники «Петра и Павла» в Троицкой церкви в г. Алма-Ата, с проповедью выступил епископ Лев Черепанов (тихоновец). В своей проповеди он говорил так: «братья христовы, нынешний день установлен в честь апостолов Петра и Павла. Забыли мы про них, про этих героев духа. Мы увлеклись другими героями, героями воздухоплавания, героями современности, героями цирка, музыки, героями Льва Толстого, Максима Горького; узнали их отлично, собираемся, рассуждаем, разбираем их по косточкам. Увлеклись учениями Карла Маркса, Энгельса, Ленина и т.д., а героев духа забыли». Далее он говорил о чудесах этих апостолов. Речь епископа произвела такое впечатление, что учение Карла Маркса, Энгельса и Ленина не должны заслуживать внимания и что современная техника и искусство ничто в сравнении с чудесами.[13, Л.37,38].

Таким образом, христианские конфессии Казахстана в условиях форсированной модернизации общества конца 1920–х гг. XX века прибегали к различным формам сопротивления антирелигиозной политике советской власти с конца 1920 - х до конца 1930 - х гг. Обращает на себя внимание схожесть этих форм в рассматриваемый период, как в Казахстане, так и на остальной территории бывшего СССР. Не зависимо от форм сопротивления, активной или пассивной, все они содержали в себе серьезный вызов властям.

Список использованной литературы:

1. *Кашеваров А. Н. Государство и церковь: Из истории взаимоотношений Советской власти и Русской Православной Церкви, 1917-1945 гг. – Санкт-Петербургский государственный технический университет, 1995, Крапивин М. Ю. Противостояние : большевики и Церковь. 1917 – 1941 гг. Волгоград, 1993, Васильева О. Ю. Русская Православная церковь в политике Советского государства*

в 1943– 1948 гг. М., 2001, Бабкин, М.А. Современная российская историография взаимоотношений Русской православной церкви и государства в начале XX в. (досоветский период) / М.А. Бабкин // Отечественная история. – 2006. – № 6. – С. 171–180, Журавский, А.В. Актуальные и перспективные направления изучения русской церковной истории XX века / А.В. Журавский // Исторический вестник [Электронный ресурс]. – 2000. – № 9-10. – Режим доступа: http://www.vob.ru/public/bishop/istor_vest/2000/5-6_9-10/1_36.htm. – Дата доступа: 17.05.2018 и др.

2. Козлов Ф.Н. Государственно-церковные отношения в 1917-начале 1940-х гг. в национальных районах СССР (на примере республик Марий Эл, Мордовии и Чувашии). М., 2017, с. 278.

3. Роккуччи А. Сталин и патриарх: Православная церковь и советская власть, 1917–1958 М., 2016, С.74.

4. Там же, С.73.

5. Политбюро и крестьянство: Высылка, спецпоселение. 1930—1940 гг. Кн. 1, М., 2005 с. 70-76.

6. Козлов Ф.Н. Государственно-церковные отношения в 1917-начале 1940-х гг. в национальных районах СССР (на примере республик Марий Эл, Мордовии и Чувашии), с.281.

7. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 34.

8. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 34.

9. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 34об.

10. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 35.

11. Христианские конфессии Советской Белоруссии в 1929–1939 гг.: активные и пассивные формы сопротивления // Государство, религия, церковь в России и за рубежом №3-4(30), 2012, с. 185.

12. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 36.

13. АП РК, ф.141, оп.1, д. 2807, л. 37,38.

ГРНТИ 03.20

ӘОЖ 94 (574.42)

А.К. Булгынбаева¹

¹С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «6D020300 – Тарих» мамандығының 3 курс докторанты, Өскемен қ., Қазақстан

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СТАТУСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ (XX Ғ. 20-30ЖЖ.)

Аңдатпа

Мақалада кеңестік мемлекеттің XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әлеуметтік белгілері бойынша сайлау құқығынан айыру туралы баяндалады. Бұл құбылыс Қазан төңкерісінен кейін пайда болған әлеуметтік саясаттың маңызды элементі болды. Ол билікке халықтың «пролетарлық емес топтары» өкілдерін тікелей қуғын-сүргінге ұшыратпай, қоғамдық және саяси өмірге белсенді қатыстырудан аластатуға мүмкіндік берген.

Автор нақты материалдарға негіздей отырып, Шығыс Қазақстан өңіріндегі сайлау құқығынан айыру үрдісінің ұйымдастырылуы мен сайлау құқығынан айырылған азаматтардың әлеуметтік және тұрмыстық салаларда шектеулерге тап болуы туралы деректер алынып, үкімет пен сайлау құқығынан айырылған адамдар арасындағы қарым-қатынас проблемаларына айрықша назар аударылған.

Түйін сөздер: Сайлау құқығынан айыру, «айырылғандар», Орталық Сайлау Комиссиясы, КСРО, Халық Комиссарлары Кеңесі, РКФСР, Орталық Атқару Комитеті, Семей губерниясы.

Булғынбаева А.К.¹

*¹докторантка 3 курса по специальности «6ДО20300-История»,
г. Усть-Каменогорск*

ИЗМЕНЕНИЕ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА ЛИШЁННЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ (20-30 ГОД.ХХ.)

Аннотация

В статье описывается лишение прав голоса граждан при Советском государстве по социальным установкам 20-30 веков ХХ века. Это явление стало важным элементом социальной политики, возникшей после Октябрьской революции. Оно давало власти возможность устранять от активного участия в общественной и политической жизни представителей так называемых «непролетарских слоев» населения не прибегая к прямым репрессиям.

Автор, основываясь на фактических материалах, показывает, как было организовано лишение избирательных прав в Восточно-Казахстанской области и об ограничениях в социальной и бытовой сфере граждан, лишенных права голоса и был сделан особый акцент на взаимоотношения между правительством и лицами, лишенными избирательного права.

Ключевые слова: Лишение права голоса, «лишенцы», Центральная Избирательная Комиссия, СССР, Совет Народных Комиссаров, РСФСР, Центральный Исполнительный Комитет, Семипалатинская губерния.

A. K. Bolganbaev¹

*¹The person, 3 course specialty "6DO20300-History",
Ust-Kamenogorsk*

CHANGES OF THE SOCIAL STATUS OF CITIZENS OF THE OVERLOADED ELECTION RIGHTS IN THE EAST KAZAKHSTAN (20-30 YEARS OF THE XXth CENTURE)

Abstract

The article describes the deprivation of voting rights of citizens in the Soviet state by social attitudes of 20-30 centuries of the twentieth century. This phenomenon has become an important element of social policy that emerged after the October Revolution. It gave the authorities the opportunity to eliminate from active participation in public and political life of representatives of the so-called "non-proletarian" layer of the population without resorting to direct repression.

The author, based on factual materials, shows how the deprivation of electoral rights was organized in the East Kazakhstan region and restrictions in the social and domestic sphere of citizens which were deprived of their right to vote. Particular emphasis were given to the relationship between the government and persons who was deprived of electoral rights.

Keywords: The disenfranchisement, the "disfranchised", the Central election Commission of the USSR Council of people's Commissars of the RSFSR, the Central Executive Committee of the Semipalatinsk province.

1920-1930 жылдардағы Кеңестік сайлау жүйесін дамытудың маңызды кезеңі, азаматтардың жекелеген санаттарын сайлауға қатысудан, яғни оларды дауыс беру құқығынан айыру болды. Бұл шара, Кеңес мемлекетінің әлеуметтік саясатының бір бөлігі ретінде, белгілі бір және халықтық топтарға экономикалық, әкімшілік, әлеуметтік және психологиялық қысым көрсетуді көздеді. Соның салдарынан «айырылғандар» деген атау шықты. Осы кезеңде бұл атау репрессияға ұшыраған адамдардың көп топтарының біріне тағайындалды.

Сайлау құқығынан айыру туралы құжат, 1918 жылдың 10 шілдесінде қабылданған РКФСР Конституциясы болды. Ол пассивті және белсенді сайлау құқығынан айырылатын азаматтардың санаттарын анықтады. Мәселен, 65-бапта дауыс беруге және сайлануға құқығы жоқ азаматтардың негізгі санаттарын тізеді: а) пайда табу мақсатында жалданбалы жұмыс күшін пайдаланған адамдар;

б) еңбексіз табыспен өмір сүретін адамдар; мысалы: капиталдан алынатын сыйақы, кәсіпорындардан алынатын табыс, мүліктен алынатын табыс және т.б.; в) жеке саудагерлер, коммерциялық және коммерциялық делдалдар; г) діни ғибадатханалар мен дін қызметкерлері; д) бұрынғы полиция қызметкерлері мен агенттері, жандармдар мен күзет бөлімдерінің арнайы корпусы; сондай-ақ басқарушы үйдің мүшелері; е) белгіленген тәртіппен ақыл естері кем немесе жарымжан деп танылған адамдарды, қамқорлықтағы тұлғалар; ж) қылмыс жасағаны үшін заңмен немесе сот үкімімен белгіленген мерзімде жаза өтеуге сотталған адамдар болды [1].

1918 жылғы Конституцияда, содан кейін РКФСР-ның 1925 жылғы Конституциясының ережелерінде, Кеңестерге сайлау тәртібі туралы түрлі нұсқаулықтарында, дауыс беру құқығынан айырудың тәртібі белгіленді.

Сайлау құқығынан айыруға қатысты заңнамалық актілердің өзгеруі мемлекеттің саяси жағдайын бейнеледі. 1924 жылы кеңесте сайлауға қатысқандар көп болған жоқ. Өкімет қайта сайлауды сайлаушылар саны 35 пайыздан аз болатын сайлау округтерінде өткізу туралы шешім қабылдады. 1924 жылы өткізілген сайлаудың нәтижелеріне қарағанда, 1925 жылы сайлаушылардың әлеуметтік базасы кеңейтіліп, халықтың бірқатар санаттарын қамтиды (ауыл шаруашылығымен айналысатын және жалдамалы еңбек күшін пайдаланатын адамдар, диірмендердің, май зауыттарын, ұстахана кәсіпорындары иелері мен жалдаушылары, мемлекеттік, муниципалдық және кооперативтік несиелердің депозиттері мен облигацияларынан сыйақы алатын тұлғалар; дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың отбасы мүшелері және т.б.).

Қазақстандағы, соның ішінде Шығыс Қазақстандағы сайлау құқығынан айыру мәселесі бойынша арнайы зерттеулер жоқ. Бұл тақырып тың жеке зерттеуді талап ететін мәселелерді қамтиды. 1920-1930 жылдар Қазақстан, оның ішінде Шығыс Қазақстан үшін өте күрделі кезең. Адамдардың материалдық және рухани байлықтарын жасауға, тарихи даму дәрежесінің өсуіне, көптеген кедергілер туындады.

Пролетарлық емес топтардың құқықтық мәртебесін қысқа мерзімді ырықтандыру көрсетілді. 1925 жылғы сайлаудың нәтижесінде, әсіресе ауылдарда, коммунистер өз позицияларын жоғалтып ала жаздады. Бұл елдің партия басшылығына теріс әсерін тигізді. Бұл «айырылғандар» шеңберінде сайлау құқығы нормаларының қатаңдауына алып келді.

1925 жылғы Семей Қалалық Сайлау Комитетінің хаттамасында Конституциясының 69 - бабына және сайлау туралы нұсқауына сәйкес, сайлау және сайлану құқығынан айырылған тұлғалар тізімінде 25 молданың жанұяларымен бірге сайлау құқығынан шеттетілгені көрсетілген. Олардың барлығы діни ғұрыптарды орындағандары үшін сайлау құқығынан айырылды. Сондай-ақ, молдалардың қамқорлығында, яғни оның діни жоралғылардан тапқан табысқа күн көрген отбасы мүшелері: әйелі, бала –шағасы да сайлаудан шет қалды. Дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың тізімі нұсқаулықтарға сәйкес жасалды. Олар материалдарды жергілікті билік органдарына, сондай-ақ полиция, жұмысшылар мен шаруалар мен қаржы инспекторлары, сот мекемелері берген ақпараттан алынды. Тізімдер бірнеше көшірмеде дайындалды: олардың біреуі жергілікті кеңеске, екіншісі жоғары сайлау комиссиясына жіберілді, қалғандары «халықтың ақпаратын жариялауға» ұсынылды.

Кеңес өкіметі 1925-1926 жылдары сайлауларды дайындау кезінде, көмекші дін қызметкерлеріне қатысты тізімді, аймақтық атқару комитетіне неғұрлым мұқият көрсету тапсырылды. Жалпы алғанда, БОАК-тің 1925 жылғы 13-қазандағы нұсқауының негізінде, бұл жұмыс – азаматтың негізгі табыс көзі болып табыла ма, соны анықтауды басшылыққа алды. Сол нұсқаулық бойынша дайындалған тізімнің бірі, 1925 жылғы №238 «Степная правда» басылымының қосымшасында Семей Қалалық Сайлау Комитетінің №5 хаттамасында РКФСР Конституциясының 69-бабына сәйкес, №5-тізім де сайлау құқығынан айырылған дінге табыну және дін қызметкерлеріне арналған. Онда сайлау және сайлану құқығынан айырылған 37 адамның тізімдері берілген [2,41-43 pp].

1925 жылдың 1-7 желтоқсанында өткен РК(б)П-ның Қазақстан Өлкелік V-конференциясында діни топтардың ауыл мен деревняларда ықпалы бар екендігі атап көрсетілді. Конференция Өлкелік Комитетке дінге қарсы насихаттың дұрыс әдістерін талдап, белгілеуді тапсырды. Бірақ, бұл орайда түпкілікті қазақ халқының экономикалық және тұрмыстық ерекшеліктері, сондай-ақ Қазақ АКСР аумағында мекендейтін ұлттардың да ерекшеліктері де ескерілуі талап етілді [3, 270б.].

Жағдайдың шиеленісіп, халықтың тарапынан қарсылықтың күшеюінде Кеңес мемлекетінің дінге қарсы саясаты елеулі рөл атқарды. Сол сияқты, мемлекет азаматтарына ұждан және діни сенім бостандығын салтанатты түрде жариялай отырып, сонымен бірге ымырасыз атеистік саясат жүргізді. Оны дінге қарсы тағылықтың шектен шыққан үлгісіне айналдырды. Мораль мен құқықтың барлық

нормалары ашықтан-ашық аяққа басылды. Мәселен, Шығыс Қазақстанда да қысқа мерзім ішінде 20-дан аса мешіттердің, намаз үйлері мен шіркеулердің көпшілігі қиратылды. Халықтың пікірімен және көңіл-күйімен санаспай, аудандардың селоларында діни үй жайлардың барлығы дерлік құлатылды немесе жабылды. Сонымен, ақ-қараны айырмаған өкіметтің саясатында орын алған өрескел әрекеттердің әсерінен, бұл аумақ көлемінде де көптеген адамдар жазықсыз өздерінің құқықтарынан айрылып, сол кезеңдегі асыра сілтеушіліктің құрбандары болды. Мұндай жайттар аталған өңірдің барлық аймақтарын қамтыды.

Шығыс Қазақстан өңіріндегі жергілікті кеңестердің діни мекемелердің өмір сүруі және жергілікті діни орындары басқа қажеттіліктерге ауыстыру жағдайларының қатар жүргені байқалады. Әйтсе де, Кеңес өкіметінің әкімшіл-әміршіл саясаты, бұл мәселені сырт қалдырмай, адамдардың діни рухани азықтарын жер-жерлерде жалған желеулермен бүркемелеп, ығыстырып отырды. Сайлау құқығынан айыру, автоматты түрде оған экономикалық түрде бағынышты және осы адамның асырауында болған отбасы мүшелеріне де таратылды.

Дауыс беру құқығынан айыру, белгілі бір адамға тек сайлауға қатысуға жол бермеумен шектелмеді. Түпкілікті түрде оның әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны да өзгеріске ұшырады.

Кеңестік кезеңдегі ірі сарапшылардың бірі П. Зайцев: «Атап айтқанда, қандай да бір азаматтың өзінің әлеуметтік жағдайына, іс-әрекеттері мен қызметіне, кәсіпкерлік бағытына және тағы басқа байланысты кеңестік билікке қауіпті элемент болып танылуы, сол азаматтың дауыс беру құқығынан айырылуын анықтайтын негізгі фактісі болып табылады» - деп жазды [4, 84б].

Осы тектес әрекеттердің салдарынан, дауыс беру құқығынан айрылған адам, онымен қоса өзге де азаматтарда пайдаланатын көптеген артықшылықтары мен құқықтарынан айырылған. Азаматтардың қоғамдық өміріне, жұмысына, әскери қызметіне, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерге қатысудан айырылып, адамдар өмірдің барлық салаларынан шектелді [5, 9-22 бб].

Шындығында, 1920 -1930 жылдардың ортасында кеңестік мемлекетте, «екінші сұрыпты», аластатылған адамдар болды. Бұрынғы сайлау құқығынан айырылғандардың қатарында болған азамат Ю. Елагин: «Кеңестік азаматтар арасында «айырылғандар» категориясы – бұл толыққанды емес, төмен санаты азаматтар категориясы» - деп көрсеткен.

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің хатшысы А.С. Киселев дауыс беру құқығынан айырылған азаматтардың тізімдерін жасауға аса назар аудару қажеттілігі туралы пайымдай отырып, «тіпті айырылған жағдайында уақытша болу да, осы жағдайды бастан кешкен адамдар үшін өте ауыр» - деп мойындады [6,76 б].

Сайлау құқығынан айырудың алғашқы нақты белгісі, адамның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуын шектеу болды. Сол кезеңде дауыс құқығын айырылған тұлғаларға Комсомол мен Коммунистік партия құрамына кіруге тыйым салынды. Сонымен қатар, сайлауды өткізу туралы алғашқы нұсқаулар сайлау комиссияларынан дауыс беруден айрылған адамдарға қайта сайлау жиналыстарына қатыспауын қатаң қадағалауды талап етті. Жиналыстарда жергілікті халықтың экономикалық, мәдени және әлеуметтік өміріне қатысты мәселелер жиі талқыланатын болғандықтан, сайлау құқығынан айырылғандар үшін осы форумдарға қатыспау, өзінің ауылының, кәсіпорнының және тағы басқа қоғамдық өмірден шектеу, ауыр соққы болып тиді. Сайлау құқығынан айырылған азаматтардың қайта сайлау жиналыстарына қатысуға тырысу әрекеттері кең тараған құбылыс болды. Оған қарсы күресу үшін 1922 жылдың көктемінде әзірленген РКФСР бірінші Қылмыстық Кодексіне арнайы ереже енгізіліп, оның 104 - бабында: «Кеңестік сайлауға қатысуға заңды құқығы жоқ тұлға, кемінде үш ай мерзімге мәжбүрлі еңбекпен жазаланады» - делінген.

Сонымен қатар, осы тектес әрекеттер «басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға» жатқызылды. Бұл бап, 1930-жылдардың екінші жартысына дейін қабылданған барлық Қылмыстық Кодекстің кейінгі басылымдарында сақталынды. Бірте-бірте 1920 жылдардың басынан бастап, сайлау құқығынан айырылған тұлғаларға тек сайлау жиналыстарына ғана емес, басқа да маңызды қоғамдық шараларға қатысуға тыйым салынды. 1927 жылы сайлау құқығынан айырылған азаматтарға ауыл тұрғындарының жалпы жиналысына қатысуына шектеу қойылды [7,68 б.].

Көптеген дауыс беру құқығынан айырылған азаматтар үшін белсенді қоғамдық өмірден шеттетілу ауыр соққы болып тиді. Сайлау құқықтарын қалпына келтіру туралы көптеген өтініш хаттар мен шағымдардың ортақ уәждердің бірі - азаматтардың сайлау жиналыстарына және басқа да қоғамдық-саяси оқиғаларға толыққанды азаматтармен бірге қатысуына деген ұмтылысы болды. Барлық тыйым салуларға қарамастан, айырылғандар көбінесе сайлауларға және басқа жиналыстарға

қатысуға тырысты. Кеңес билігінің алғашқы жылдарында мұндай әрекеттер жиі күрделі қақтығыстармен аяқталды. Бұған қазақ болыстарындағы таптық күрестің де сайлауға әсері болды.

Қазақ АКСР Сайлау Комитетінің барысы туралы азамат Аралбаевтың баяндамасында: «Таптық күрес өткен жылдардан үдей түсті, оған себеп біріншіден, кеңестік демократияның жариялануы; екіншіден, шаруалардың шаруашылық қуатының нығаюуы, ұйымдастырылған кедейлер бұқарасы орындарының жоқтығы. Осы үш себеп: байлар мен кулактарға өз белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік берді. Олар кедейді қалайда кеңестерге өткізуге тырысты, сол арқылы рулық психология бойынша оған ықпал етіп, сол арқылы кеңестік өкіметтің барлық игіліктерін өздеріне пайдалануға тырысты. Қоғамдық өмірге қатысуға байланысты шектеулер сайлау құқығынан айырылғандар үшін тек жиналысқа қатысуға тыйым салумен тұрақталып қалмады. Сайлау құқығынан айырылған адам, кез - келген қоғамдық ұйымнан шығарылды. Мұндай тұлғаларға кәсіподақтарға мүше болуға тыйым салынды. Бұл жағдай кеңестік биліктің алғашқы айларынан бастап болды. Бірақ 1920 жылдардың соңында түпкілікті түрде тұжырымдалып, нақтыланды. 1929 жылы 14 наурызынан Бүкілодақтық Кәсіподақтар Орталық Кеңесінің осы мәселеге арналған арнайы түсіндірмесінде: «Егер дауыс беру құқығынан айырылған тұлға, сайлау құқығын қалпына келтіру жөнінде өтініш берген жағдайда, құқықтарынан айырылған уақыттан бастап, бір жыл мерзімінде одақтық мүшелігін сақтай алады» - делінген [8, 7 п.].

Сайлау құқығынан айыру, көбінесе кәсіподақтан шығарылумен ғана шектелмей, ерікті өрт сөндіру қоғамдары, спорттық клубтар, аңшылық ұйымдары және тағы басқа кез - келген қоғамдық бірлестіктерге қатысуға нақты тыйым салуға дейін барды.

1920 жылдың екінші жартысына дейін кеңестік заңнама азаматтардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарға мүшелігін сайлау құқығының бар болуымен байланыстырмады. Алғаш рет, бұл уәж 1928 жылдың 5 ақпанында РКФСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі бекіткен «Пайда табу мақсатын көздемейтін ерікті қоғамдар мен кәсіподақтар туралы ережелерде» айтылды. Ереже бойынша тек дауыс беру құқығы бар тұлғалар ғана қоғамдар мен кәсіподақтарда сайлау дәрежелеріне ие бола алды. Бұл ереже, сондай-ақ 1930 жылдың 30 - тамызынан «Ерікті қоғамдастықтар мен кәсіподақтар туралы ережеде» де сақталынды.

1932 жылы 10 шілдеде РКФСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі қатарынан үш рет «Ерікті қоғамдастықтар мен кәсіподақтар туралы ережені» бекітті. Ол бойынша дауыс беру құқығынан айырылған тұлғаларға кез - келген ерікті қоғамдастықтар мен кәсіподақтарға жол жабық болды. Енді, бұл ұйымдарда сайлау құқығына тек басқарушылар ғана емес, қарапайым мүшелер де ие болуы тиіс еді [9,86-93 бб.].

Көптеген адамдар, әсіресе жастар арасында мұндай шектеулер өте қиын, кейде олардың дауыс беру құқығын қалпына келтіру туралы мәлімдемесінде көрініс тапты. Ондай жағдайларды ескеретін өкіметтің қаулысы № 3282 «Новая деревня» басылымында жарияланды. Онда 14-баптың «п» тармағына сәйкес, сайлау құқығынан айырылған төмендегі қызметкерлердің отбасылары, осы баптың «л» тармағына сәйкес, сайлау құқығынан айырылмайды. Нұсқаулықтың 15 - баптың «м» тармағы сайлау құқығынан тек сайлау құқығынан айырылған отбасылардың тек шын мәнінде оларға тәуелді және өзінің өмір сүруі үшін еш кірісі жоқ, өз бетімен қоғамға пайдалы жұмыс істемейтіндерді айыру қарастырылған. Қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысатын және материалдық жағынан тәуелді емес сайлау құқығынан айырылған адамдардың отбасы мүшесін сайлау құқығынан айыруға жатпайды. Кеңестер мен Атқарушы Комитеттердің сайлау туралы нұсқауының түсіндірмесінде: «Дауыс беру құқығынан айырылған адамның отбасы мүшелері қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысса, бұл ісінен өмір сүру қаражатын тауып отырса, бірақ сайлау құқығынан айырылған отағасымен бірге тұрып үй шаруашылығын бірге жүргізгенде, аталған жанұя мүшесі өзінің материалдық жағынан тәуелсіз екенін дәлелдесе, яғни өздерінің қоғамдық пайдалы еңбектен түсетін жеке табыстары бар екендігіне көз жеткізген жағдайда, бұл адамдар материалдық тәуелсіз деп танылып дауыс беру құқығына иелене алады» - делінді. Алайда, ауылды жерлерде жанұялардағы табыс ортақ шаруашылықтан алынатын болғандықтан, сайлау құқығынан айыру кәмілеттік жасқа толғандардың жанұя мүшелеріне бірдей жүрді [10,19п].

Жоғарыда айтылғандай, 1930 жылдардың басына дейін, кейбір сайлау құқығынан айырылғандар түрлі діни бірлестіктерде мүшелік етіп, тіпті кейбірі басшылық лауазымдарды да иеленді. Алайда, «ұлы серпіліс» кезінде билік органдары діни ұйымдар үшін «әлеуметтік тазарту» шараларын қолданды. 1930 жылы 1 ақпанда ОСК мен КСРО ХКК «Діни бірлестіктердің жетекші органдарындағы контрреволюциялық элементтерге қарсы күрес туралы» қаулы қабылдады.

Жергілікті билік органдарына осы қауымдастықты қайта тіркеуді ұйымдастыру тапсырылды. Сонымен қатар, кулактарды, дауыс беру құқығынан айырылған тұлғаларды және «кеңес билігіне қарсы» адамдарды бұл ұйымдардан алып тастау тапсырылды. Егер мұндай адамдар, басқарушы органдарда болса, «діни бірлестіктерді тіркеуден бас тарту ұсынылды» [11,521 б.].

Ауылдық жерлердегі дауыс беру құқығынан айырылған тұлғалар үшін ауылдық орындаушы лауазымын иеленуге тыйым салу қалыпты жағдайдағы шектеу еді.

1924 жылғы 27 наурыздағы РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлары Кеңесінің «азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық бастамаларды жетілдіру және дамыту үшін қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді ауылдық кеңестермен табысты және уақтылы орындау мақсатында» атты қаулысымен ауылдық атқарушылар институты енгізілгені белгілі. Сонымен бірге, ауылдық атқарушылар лауазымына үміткер тұлғалар «РКФСР Конституциясының 65-бабына сәйкес сайлау құқығынан айырылмаған» болуы керек еді. Бұл ереже РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлары Кеңесінің «Ауыл атқарушылары туралы» 1932 жылғы 10 мамырдағы және 1936 жылғы 20 наурыздағы тиісті қаулыларында да дәлелденіп отырды [12, 354-366 бб.].

Семей губерниясының Қарқаралы уезінің тұрғыны Смаков Аубакирдің шағымында: «1927 жылы 23 ақпанда сайлау құқығынан айырылдым. Менің өтініш хатым қанағаттандырусыз қалдырғаннан кейін, Семей губерниясына шағым жазып отырмын. Бірнеше жыл Кеңестік өкіметтің мекемесінде жұмыс істеп келе жатқанымға қарамастан, жазықсыз қара тізімге қосып қойыпты. Осыған дәлел ретінде, өзімнің қысқаша өмірбаянымды жіберемін: «Мен Қарқаралыда 2 сыныптық орыс-қырғыз училищесінде степендият (кедей жанұядан шыққан) ретінде оқыдым және мектепті 1916 жылы аяқтадым. Осы жылы оқуымды жалғастыруға қаражатым болмай, Қарқаралыдағы Көктөре п/т қызметке түстім. Бұл қызметте 1921 жылы жұмыс істедім. 1923 жылы Павлодардағы к/п Көктөреге ауыстырды. Жанұям мен балаларым болғандықтан, Павлодар мен Қарқаралы арасында жүре бере алмай жұмыстан шығып кеттім. Бес айға жуық жұмыссыз жүріп, бір сауда өкілеттікте бір жылға жуық жұмыс істедім. Бір жылдан кейін 1924 жылы қыркүйек айында Өзара көмек комитетінде хатшы болып бес ай жұмыс істедім. Жалақы уақытылы төленбегендіктен, жұмыстан шығып кеттім. Одан кейін Қазкомиссияның кепілдемесімен КарУфода екі жыл жұмыс істедім. Қазір жұмыссызбын, бұл менің байып кеткенімді немесе қылмыс істегенімді білдірмейді. Бұл менің денсаулығымның нашарлауына байланысты. Денсаулығым қалыпқа келгеннен кейін, қайта жұмысқа кіруді ойластырудамын. Мен барлық жұмыста өз міндетімді адал атқардым. Рас бір жыл саудада жұмыс істедім, алайда тек сатушы болдым. Өз қызметімде Кеңес өкіметіне адал қызмет көрсетуге тырыстым. Кеңестерге қарсы реакция кезінде, қауіпті қоршауда болсамда, жұмыста болып, телефондық байланысты қалпына келтіріп отырдым. Бұл менің адалдығымды дәлелдейді. Мен биылға дейін дауыс беру құқығынан айырылған жоқпын. Рулық топтастықтарға кірген жоқпын. 1917 жылдан 1923 жылға дейін кеңестік халықтық байланыс мүшесі болдым. Қазірге дейін №163 - кәсіподақ мүшелігінде тұрамын. Семсайлау Комитетінен сайлау құқығын қалпына келтірулеріңізді сұраймын» - деп уәждерін айтқан [13,56-59 пп].

Ал, Қызыл Әскер құрамында әскери борышты өтеуге тыйым салу - дауыс беру құқығынан айырылғандар үшін ең сорақысы болды. Бұл адамдардың құқықтарына қарама-қайшы әрекет еді. Кеңестік мемлекеттің қарулы күштерін құру кезінде «қанаушы таптардың» өкілдеріне әскери қызметке кіру мәселесі белсенді талқыланды. 1918 жылы 20 шілдеде Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қызыл Әскерге шақырылуға жатпайтын тұлғаларды тыл жасақтарына шақыру туралы» қаулы қабылдады. Қаулыға қосымша ретінде «Халықты тылдық жасақтарға тіркеу ережесі туралы» ереже болды. Әскери қызметті өтеуді жалпы негізде жүзеге асыра алмаған адамдардың тізімі, Конституцияның 65-бабына сәйкес, дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың тізімімен сәйкес келді. Жергілікті Кеңестер тылдық жасаққа шақырылған азаматтардың тізімін құрастырумен айналысты. Жасаққа 18-ден 45 жасқа дейінгі дауыс беру құқығы жоқ тұлғалар шақырылды. Кейін олардан құралған жұмыс күші, шұңқырлар мен окоптар қазу, жолдарды салу және тағы басқа түрлі қара жұмысқа пайдаланылды. «Тылдық жасақ туралы ережеге» сәйкес, жасақтар «барлық командалық лауазымдарға, оның ішінде салалық командирлермен қоса, сондай-ақ комиссарлар мен нұсқаушыларға тағайындала алмады». Бұдан бөлек, тыл жасақтары Қызыл Әскер сарбаздарына қарағанда, алынған азық-түлік пен киім-кешек үшін ақы төлеуге тиіс болды. Алайда, егер әскерге шақырылғандар «ақы төлеу мүмкіндігінен айырылғанын» дәлелдейтін болса, бұл жағдайда жоғарыда айтылғандар оларға тегін берілді [14,78 б].

1928 жылғы 8 тамыздағы «Міндетті әскери қызмет туралы» заңға сәйкес, тылдық жасақтарға шақырылған тұлғалар әдеттегі әскери есепке алу құжаттарының орнына, азаматтың әлеуметтік тиістілігіне байланысты, тек тылдық жасақта қызмет ете алатындығын куәландыратын арнайы ақ түсті бланкіде басылған «ақ билет» деп аталатын анықтаманы алатын болды. Әрбір әскерге шақырылу жасына жеткен ер азамат «арнайы әскери куәлікті» толтыруға міндетті болды. Себебі, оның негізінде сол азаматтың келешектегі әскери қызметін өтеу жері туралы мәселе шешілді. Сонымен қатар, куәлікте «отбасы мүшелерінің немесе туыстарынан қайсысы дауыс беру құқығынан айырылған, қашан және не үшін», сондай-ақ «сайлау құқығынан айырылғандармен қандай байланысы бар» екені көрсетілуі керек еді. Үдемелі индустрияландыру кезеңінде де тылдық жасақ қызметкерлері «тіркелген 2-3 жыл бойы ауыр дене жұмысы үшін белсенді түрде пайдаланылды, содан кейін өздерінің құқықтарын қалпына келтіруге ресми түрде мүмкіндік алып отырды» [15, 56 б.].

Көптеген жастар белсенді әскери борышты өтеуге тыйым салуды, тым асыра сілтеушілік деп санады. Сол себепті, дауыс беру құқығын қалпына келтіру туралы өтініштердің басым көпшілігі бұл жағдаймен байланыстырылды. Бірақ көптеген әрекеттердің феномені де болады. Кейбір азаматтар, керісінше, белсенді әскери қызметке кірмеу үшін өздерінің сайлау құқығынан айыру фактісін құжаттық негізде тіркеуге тырысты. Барлық шектеулерге қарамастан, дауыс беру құқығынан айырылғандардың балалары шығу тегі мен ата-аналарымен байланысын жасыра отырып, әскери борышын өтеуге түсіп кеткен кездері де болған. Мұндай жағдайларды анықтау үшін армияны тұрақты «тазарту» ұйымдастырылып отырды. Осылайша, «1928 жылғы 16 шілдеде КСРО Революциялық Әскери Кеңесі «армиядан бөтен және әлеуметтік қауіпті элементтерді алып тастау» туралы №065652 жасырын басшылық нұсқауын шығарды. Тәркіленуге төмендегілер жатқызылды: қызметінде жағымсыз жағынан көрінгендер, шығу тегі бойынша әлеуметтік-жат, сайлау құқығынан айырылған тұлғалардың балалары.

Бұл кезеңде байлар мен феодалдық топтарды тәркілеу, соттау, сайлау құқығынан айыру үдерістері қатар жүрді. Ауылда бай, болыстардың жанұя мүшелері, отағасының ұшыраған құқығын бірге бастарынан кешіруге мәжбүр болды. Тіпті бай әкесінен бөлек кеткен ұлдар мен қыздарды да бірге жер аудару, тәркілеу, сайлау құқығынан айыру жиі кездесті. Тіпті жаппай жүрген үдеріс деуге болады. Осындай мысалдардың бірі, Мәскеу мемлекеттік университетінде оқып жүрген бай баласының, жергілікті атқару комитетіне жазған өтінішінде, өзін оқуын аяқтағанша жер аудармауын, саяси құқықтарын шектемеуін сұраған, тағы бір осындай өтініштерде мектеп жасындағы бай баласы, өзін оқудан шығармауын, жер аудармауын сұрай отырып, болашақта Кеңес өкіметіне қалтықсыз қызмет ететіндігіне сенімін білдіріп сұранған. Бұлар бірегей мысалдар ғана еді.

Дауыс беру құқығынан айырылған тұлғалардың білім алу мүмкіндіктері де шектеулі еді. Кеңес өкіметі билігінің алғашқы жылдарында дауыс беру құқығынан айырылған адамдарға жоғары оқу орындарына түсулеріне әлі тыйым салынбаған болатын. Тек 1935 жылдың соңында КСРО-ның Орталық Сайлау Комиссиясы «әлеуметтік тегіне байланысты жоғары оқу орындары мен техникалық мектептерге тестілеуге және оқуға түсуге қатысты барлық шектеулерді» алып тастады [12, 98 б.].

Қалалық тұрғынға дауыс беру құқығынан айырылу күнделікті бірқатар шектеулерді тудырды. Ең алдымен, ол тұрғын үй жағдайына қатысты болды. Соғыс коммунизмі дәуірінде «паразиттік және қанаушылық элементтерді», яғни тұрғындарды өздерінің тұрғылықты жерлерінен шығару науқандары үнемі өткізіліп отырды. Бұл ұғым ауқымына, әдетте Конституция бойынша дауыс беру құқығы жоқ буржуазияның өкілдері, бұрынғы лауазымды тұлғалар мен діни қызметкерлер кірді. Дегенмен, адамның дауыс беру құқығының жоқтығы, оның өмір сүру кеңістігін иелену заңдылығына қатысты шешуші фактор болып табылмады. Кеңестік тұрғын үй саясатының негізі 1920 жылдың ортасында қаланды. 1924 жылғы 19 тамыздағы КСРО-ның Орталық Атқару Комитетінің «Тұрғын үй қатынастары туралы» жарлығы бойынша тұрғын үй-жалдау кооперативтерінің, жұмысшылар мен жалпы азаматтық тұрғын үй құрылысы кооперативтерінің мүшелері тек сайлау құқығы бар тұлғалар ғана бола алды. Сонымен қатар, мұндай құқықтарды жоғалту автоматты түрде «серіктестіктен кетуді» білдірді. Жалдау-кооперативтік серіктестікке, ол құрылған шекара аумағында, үйдің бүкіл аумағын пайдалануына құқық берілді. Тұрғын үй құрылысы кооперативтерінің мүшелері сайлау құқығынан айырылған жағдайда, серіктестіктен шығарылғаннан кейін «үй-жайды алу құқықтарын» да жоғалтты. Тұрғын үй-кооперативтердің барлық түрлерін бірыңғай қалалық және губерниялық тұрғын үй кооперативтеріне біріктірілді. Өкілдердің кездесулері кәсіподақтардың басқарушы

органдары болып табылды. Дауыс беру құқығы бар азаматтар ғана, осы лауазымды иелене алды [14, 45-55 бб.].

1920 жылдардағы екінші жартысында сайлау құқығынан айырылған тұлғалардың тұрмыс жағдайына шабуыл жалғаса берді. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің және РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1927 жылғы 1 тамыздағы қаулысымен барлық азаматтар «өзін-өзі қамтамасыз ету» құқығына ие болды. Оған сәйкес, тұрғын үй иелері немесе тұрғындары кез-келген тұлғаны өзінің артық аумағына тұрғызуға құқылы еді. Артық аумақ деп, санитарлық нормалардан асатын - бір адамға 8 шаршы метр аумақ келетіндей саналды. Жалға алушы өзіне тиесілі ауданға құқық алды. Бұл құқықты үш апта ішінде жүзеге асыру керек болды. Содан кейін «өзін-өзі біріктіру» мәселесі үй басқармасының шешіміне берілді. Бұған қоса, ол аудандық кеңестер мен полицияның тұрақты бақылауында болды. 1920-1930 жылдардағы кеңестік тұрғын үй саясатын зерттеген Н.Б. Лебина атап өткендей, «дауыс беру құқығынан айырылғандар» санаты «өзін-өзі біріктіруге» бірінші болып ілінді.

1929 жылы сәуірде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі сайлау құқығынан айырылған тұлғаларға муниципалдық және ұлттандырылған үйде тұруды шектеп, бұрынғы үй иелерін оларды осы үйлерден шығарып тастауы туралы қаулы қабылдады. 1929 жылғы жаздың ортасында «үй басқармасының өкілдері тұрғын үйді босату қажеттілігі туралы ескертпені, шығарылуға келетін адамдарға тапсырды. Қарардан бас тартылған жағдайда, әкімшілік тәртіппен көшіру орын алды».

Көшіруді жүргізу кезінде азаматтың сауда, жалдамалы жұмыс үшін, пайдасыз табыс немесе діни сыныпқа жататындығынан байланысты дауыс беру құқығынан айырылатындығы шешуші фактор болды. 1930 жылғы 22 наурыздағы КСРО ОСК жергілікті билікке, дауыс беру құқығына ие емес азаматтарды тұрғын үйден шығаруды тоқтату туралы қаулысы айырылғандардың белгілі бір үмітін тудырды [16, 96 б].

1930 жылы 10 сәуірде осы тектес қаулыны Орталық Атқару Комитетінің Президиумы да қабылдады.

1930 жылы 24 сәуірде РКФСР Ішкі Істер Халық Комиссариаты «Дауыс беру құқығынан айырылған адамдарға қатысты заңмен қарастырылмаған арнайы шектеулерді белгілеуге жол бермеу туралы» циркуляр шығарды. Онда «РСФСР-нің Ішкі Істер Халық Комиссариаты жергілікті билік органдарының дауыс беру құқығынан айырылған адамдарға және олардың отбасыларына қатысты қолданыстағы заңдарды бұза отырып, шаралар өткізілгені жөнінде ақпарат түскені» туралы айтылды. Атап айтқанда, муниципалды қордың үйлерінен еңбексіз элементтерді шығару туралы қолданыстағы заңнамаға қайшы, белгілі бір кіріс мөлшері бар тұлғалар санатын шығаруға шектеу қойылған, бірақ дауыс беру құқығынан айырылған барлық адамдар шығарылады. Сонымен қатар, дауыс беру құқығынан айырылған тұлғаларды муниципалдық қордың үйлерінен шығару, әкімшілік шығарумен қатар сот тәртібі бойынша жүзеге асырылды. Көптеген жерлерде жергілікті билік өкілдері, сайлау құқығынан айырылғандардың меншігі болып табылатын ғимараттарды муниципализациялау жүзеге асырылғандығы және бұл ғимараттар дауыс беру құқығынан айырылған адамдарға тиесілі болғандықтан ғана жасалып жатқандығы» аталып өтті. Бұдан басқа, «сайлау құқығынан айырылған тұлғалардың меншігі болып табылатын үйлердің сатылуына тыйым салынатындығы орын алды». Циркулярда «жергілікті билік органдарының мұндай әрекеттеріне толықтай жол берілмейтіндігі, өйткені муниципалды қордың үйлерінен сайлау құқығынан айырылған адамдардың шығарылуы, ғимараттардың муниципализациясы және құрылыс келісім-шарттарының тоқтатылуы, тек тиісті заңдарда белгіленген жалпы негіздерде немесе бұзылған жағдайда ғана жасалуы мүмкін» екендігі көрсетілген. «Жергілікті билік органдарымен дауыс беру құқығынан айырылған адамдар үшін қосымша шектеулер белгіленбейтіндігі» ескертіліп айтылған.

«Муниципалдық қордың үйлерінен дауыс беру құқығынан айырылған адамдарды шығарып салу туралы талап-арыздарды жаппай ұсыну» дұрыс емес құбылыс деп танылды. РКФСР Азаматтық Кодексінің 182-бабы бойынша бекітілген шектеулерден бөлек айырылғандардың меншігіне қатысты ешқандай басқа арнайы шектеулер орын алмауы керек екендігі» ерекше аталып өтті.

1930 жылы Ішкі Істер Халық Комиссариаты БОАК Президиумының 1930 жылғы 10 сәуірдегі қаулысына сәйкес, «тек дауыс беру құқығынан айыру негізіндегі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделмеген барлық іс-әрекеттерді тоқтатуға, құрылған шешімдерді, регламенттерді және өкімдерді алып тастауды» ұсынды. Бұл циркулярдың орындалуы «коммуналдық бөлімдер басшыларының (ведомстволарының) жеке жауапкершілігіне» берілді [16, 75б.].

Неке, отбасы және қамқоршылық туралы кодекске сәйкес, сайлау құқығынан айырылған азаматтар заң жүзінде асырап алу мен қамқорлыққа алу құқығынан айырылды.

Төлқұжаттық жүйені енгізу – сайлау құқығынан айырылғандар үшін соңғы ауыр соққылардың бірі болды. 1932 жылғы 27 желтоқсанда ОСК және Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен енгізілген «Төлқұжаттар туралы ережеде» дауыс беру құқығынан айырылған тұлғаларға төлқұжаттың берілмеуі туралы тікелей айтылмады. Алайда, паспорттық жүйе мен тіркеу жүйесіндегі басты мақсат, бесжылдық ірі құрылыстар мен қалаларды «таптық жат және және пролетариат және деклассацияланған адамдар» тазалау болғандықтан, «жергілікті лауазымды тұлғалар, дауыс беру құқығынан айырылғандар мен олардың отбасы мүшелеріне төлқұжат беруден автоматты түрде бас тартатын» болды [16, 78 б.].

Сайлау құқығынан айыру, көбінесе осы азаматқа қатысты репрессиялық әрекеттер үшін негіз болды. Сайлау құқығынан айырылған тұлғаларға қатысты маңызды жазалау науқандары 1929-1930 жылдары «Үлкен серпіліс» кезінде жүзеге асырылды. Әдетте, осындай науқандарды жиі ұйымдастырушылар қатарында жергілікті партиялар мен кеңестік органдар, сондай-ақ Қызыл Әскер бөлімшелерінің командирлері болды. Азаматты дауыс беру құқығынан айыруға итермелейтін мүлікті тәркілеу, мәжбүрлеп жұмысқа жіберу, елді мекеннен тысқары жерлерге, тіпті басқа аумақтарға көшіру әрекеттері сол кезеңнің әдеттегі тәжірибесіне айналған еді.

Жалпы репрессиялар мен сайлау құқығынан айыру шаралары, Кеңестік билік кезеңінде қоғамның негізгі беделді қабатының құраған әлеуметтік топтардың жүйелілігін бұзып, жік түсірді, тұтастық бұзылды.

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі осы жағдайлардың салдары, жабулы, ұмыт қалған көптеген мәселелер ашылып, тарихымыздағы ақтандақтармен жан-жақты танысуға мүмкіндік туып, қаншама тарихи құндылықтар, тұлғалар тарихқа оралып жатыр. Бұл шаралар, бүгінмен тоқтамай болашақта да қалпына келтіріле беретіні сөзсіз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Конституция РСФСР 1918 г. // Декреты Советской власти. – М., 1959. – Т.2.
2. ШҚОҚЗҚО. – 73 қор. -1 тізбек. 482а – іс. - 41-43 – пп
3. Қазақстан Коммунистік париясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-1927)/ ҚК ОК жанындағы Партия тарихы институты – КПСС ОК жанындағы Марксизм – ленинизм институтының филиалы. -т.1-Алматы: Қазақстан, 1987.- 418 б.
4. Зайцев П. Кого и почему Советская власть лишает избирательных прав. М.: «Власть Советов», 1930. С.84
5. Саламатова М.С. Лишенные избирательных прав в г. Новосибирске в 1927-1936 гг. // Корни травы: Сборник статей молодых историков. М.: «Мемориал», 1996. С. 9-22.
6. Киселёв А.С. Задачи кампании перевыборов Советов (1930/31 г.). М.-Л.: «Власть Советов», 1930. С. 76.
7. Крыленко Н.В. Права и обязанности советских граждан. М.: Объединённое государственное издательство, 1936. 68 С.
8. ШҚОҚЗҚО. – 73 қор. -1 тізбек. 337 – іс. - 7п.
9. ШҚОҚЗҚО. – 74 қор. -1 тізбек. 447а – іс. - 81-82-пп.
10. Владимирский М. Организация Советской власти на местах. М.: «Власть Советов», 1921. С. 19.
11. ШҚОҚЗҚО. – 73 қор. -1 тізбек. 393 – іс. – 19 п.
12. Документы свидетельствуют: Из истории деревни накануне и в ходе коллективизации. 1927-1932. Под ред. В.П. Данилова и др. М.: Издательство политической литературы, 1989. С. 502.
13. ШҚОҚЗҚО. – 74 қор. -1 тізбек. 447а – іс. - 56-57-пп.
14. Красильников С.А. На изломах социальной структуры: маргиналы в послереволюционном российском обществе (1917-й конец 1930-х гг.). Новосибирск: Издательство Новосибирского государственного университета, 1998. С.178 .
15. Саламатова М.С. Лишённые избирательных прав в Советской России. 1918-1936 гг.: Итоги изучения. // Маргиналы в советском обществе 1920-1930-х гг. Новосибирск: Издательство Новосибирского государственного университета, 2001. С. 3-37.
16. Валуев Д. В. Лишёнцы в системе социальных отношений (1918-1936 гг) (На материалах Западного региона РСФСР): Дис. ... канд. ист. наук 07.00.02 : Смоленск, 2003.С. 271.

ӘӘЖ 03.01.06
ГРНТИ 03.01.21

А.С. Касенғалиев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Тарих және құқық институтының 2 курс магистранты*

САДРИ МАКСУДИ: АҚПАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІНГІ KEZEҢДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада жарияланған деректер мен материалдар негізінде мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, заңгер, тарихшы Садри Максудидің Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметі қарастырылады. Автор С. Максудидің атқарған қоғамдық-саяси қызметін түркі-мұсылман халықтарының азаттық жолындағы күресі аясында көрсетуге талпыныс жасайды.

Сонымен қатар Садри Максудидің саяси қызметіне Ақпан революциясының әсерін барынша ашып жазады. Татар ойшылдары мен саяси қайраткерлерінің тәуелсіздік үшін күресіндегі дін мен ділдің маңызын ашып көрсетеді. Баспасөздерде жарияланған үндеулердің тарихи маңызы сарапталып, айқын сипатталады. Садри Максудидің автономия құру жолындағы қызметі, тәуелсіз әскер құру мәселесі тарихи құжаттармен дәлелденеді. Мақала тұтастай бір кезеңді қамтып, тарихи фактілермен бекітілген.

Тірек сөздер: Садри Максуди, Ақпан төңкерісі, қоғамдық-саяси қызмет, Мемлекеттік Дума.

Касенғалиев А.С.¹

*¹ магистрант 2-го курса Института истории и права
Казахского национального педагогического университета имени Абая*

САДРИ МАКСУДИ: ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОСЛЕ ФЕВРАЛЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Аннотация

Данные и материалы, опубликованные в статье рассматриваются об общественно—политической деятельности государственного и общественного деятеля, юриста, историка Садри Максуди в период после Февральской революции. Автор хочет показать общественно-политическую деятельность С. Максуди как борьбу тюрко-мусульманских народов в пути к независимости. Также автор пишет о влиянии Февральской революции на политическую карьеру Садри Максуди. Рассматривает роль религии и благочестия в борьбе за независимость татарских мыслителей и политиков. Анализируется и четко описывается историческая значимость опубликованных политических лозунгов того времени. В статье работа Садри Максуди по созданию автономии и независимой армии доказана историческими документами.

Ключевые слова: Садри Максуди, Февральская революция, общественно-политическая деятельность, Государственная Дума.

Kasengaliev A. S.¹

² *2nd year master degree of the Institute of History and Law of the Abai Kazakh National Pedagogical University*

SADRI MAKSUDI: SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITIES AFTER THE FEBRUARY REVOLUTION

Annotation

The data and materials published in the article are considered on the social and political activities of the statesman and public figure, lawyer, historian Sadri Maksudi in the period after the February revolution. The author wants to show the social and political activities of S. Maksudi as a struggle of the Turkic Muslim peoples on the path to independence.

The author also writes about the influence of the February Revolution on the political career of Sadri Maksudi. Examines the role of religion and piety in the struggle for the independence of Tatar thinkers and politicians. The historical significance of the published political slogans of the time is analyzed and clearly described. In the article, the work of Sadri Maksudi on the creation of autonomy and an independent army is proved by historical documents.

Keywords: Sadri Maksudi, February revolution, social and political activity, State Duma.

XIX ғасырдың орта шегінен бастап патшалық Ресейдің отарлау саясаты ішкі ұлттар мен бодан халықтарға күшейе түсті. Патшалық Ресей өкіметі татар, құмық, балқар, башқұрт, қалмақ, авар мен шешен, ноғай мен сақа, хақас сынды ұлттарды тек қана қарумен емес, сондай-ақ идеологиялық, саяси отарлауды қолға алды. Үлкен қысымға татар ұлты да ұшырады. 1552 жылы Қазан хандығын орыс патшасы Иван Грозный басып алған сәттен бастап, отарлаушылардың ішке қарай енуі арта түсті [1, с. 12-13]. XIX ғасырдың орта шегінен бастап отарлаушылар бодан халықтарға дін ұстану, өз тілінде білім алуға тыйым сала бастады. Бұл әрине өз кезегінде түрлі қарсылықтарды туындатты. Қарулы көтерілістер де болып тұрды. Интеллектуалдық күрес те тоқтаған жоқ. Туған халқының азаттық жолындағы күресінен татар ұлтының ұлы қайраткері Садри Мақсуди де шет қалмады.

Садри Мақсуди 1878 жылы 23 шілдеде Қазан губерниясының Қазан уезінде Ташсу ауылының имамы Низамеддиннің отбасында өмірге келді. Ол әке тәлімімен жастайынан діни сауат ашып, Қазан қаласындағы «Алдамие» медресесінде бастауыш білім алады. Кейінірек 1895 жылы Бақшысарай қаласындағы «Зенджерли» медресесінде оқуын жалғастырады, ал 1897 орыс мектебіне ауысады. Сол тұста туған халқының өмірінен сыр шертетін алғашқы еңбегі «Мейшет» атты романын жазып шыққан болатын. 1901-1906 жылдары Парижде, Сарбонна университетінің құқық факультетінде оқып, заңгер мамандығын алып шығады. Университет қабырғасында жүргенде талай оқымыстылармен, саясаткерлермен танысады, жас Садриге ерекше әсер қалдырған жанның бірі осы уақытта Парижде жүрген түрікшіл тұлға Жүсіп Ақшора болатын.

Париждегі оқуын тамамдаған С.Мақсуди 1906 жылы Қазанға оралып, қоғамдық-саяси қызметке араласа бастайды. Бұл кезде патшалық Ресейдің отарлық саясаты күшейе түскен болатын. С.Мақсуди Екінші және Үшінші Мемлекеттік думаға сайланып, дін, діл, ұлт пен ағарту ісі, тәуелсіздік мәселесін биік мінберден көтере білді [2, с. 32-34].

1904-1905 жылғы бірінші орыс революциясы татар ұлтшылдарының бойында ертеңгі күнге деген үміт отын жақты. Алайда одан кейінгі бірнеше Мемлекеттік дума барысында ол үміттердің бірі де ақталмайтыны байқалды. Ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болашаққа деген сенімнің үміт отын жаққандай болды. Садри Мақсудидің ұлттық көзқарасына үлкен әсер еткен осы 1917 жылғы Ақпан төңкерісі еді.

Садри Мақсуди аталмыш тарихи кезеңде «Қазіргі таңдағы саяси жағдайдағы біздің мақсаттарымыз» атты мақала жазып, оны 1917 жылы 4 наурызда Орынбордың «Вақыт» газетіне жариялады. Аталмыш еңбегінде С. Мақсуди өз ұлтының алдына бес түрлі міндетті қойды [3, с. 51-55]. Олар:

1. Салқынқандылық сақтап, нақты талаптар мен міндеттері айқындап, жаңа үкіметке қоя білу. Садри Мақсуди өз ұлтының аталмыш оқиға сәтінде халықтың тәуелсіздік үшін қолға қару алып күресуі қателік, ол жеңіліске ұшырататындығын айтып, эмоцияны басуды сұрады.

2. Мұсылмандардың талаптары мен тілектерін Ресейде тек қана мұсылмандар жүзеге асыра алатындығын жазды. Өйткені біріншіден өзге дінді ұстанушылардың екінші дінді ұстанушылардың мәселесін шешуде аса белсенділік танытпасы анық және тіпті танытқан сәттің өзінде, алға қойған мәселені толық түсінбесін де нақты айтты.

3. Жаңа үкіметтің бастамаларын барынша қолдап, олардың жергілікті органдарында мұсылмандардың көп өкілдерін енгізу керектігін айтты. Осылай еткен сәтте ғана біз жаңа биліктің сеніміне ие болып, алдағы таңда қоян-қолтық қызмет ете аламыз деп сенді.

4. Үкіметке талаптар қоя білу үшін Мемлекеттік дума жанынан фракцияның жиналысын өткізіп, нақты талаптарды зиялылармен біріге отырып жүзеге асыру керектігін мәлімдеді. С.Мақсуди жаңа үкіметке талаптарды қарапайым жандар емес, ұлт атынан сөйлейтін зиялылар жасағанын қалады. Өйткені тек қана сол жағдайда талаптар жан-жақты жетілген, піскен әрі нақты болып шығатын еді.

5. Ресейдегі жиырма бес миллион мұсылманның тілі мен ағымдары, ұлттық ерекшеліктері мен партиялық көзқарастарының алуан түрлілігіне қарамастан, ол ортақ мүдде жолында барлық мұсылмандар бірігуі тиіс деп санады. Өйткені бұған дейінгі барлық бастамалар дәл осы ішкі алауыздық негізінде құлаған болатын.

Мақаласының соңында Садри Мақсуди Алладан мұсылмандардың біргуін сұрап, дұға ететінін көрсетті. 23 наурыз күні ол «Қояш» газетіне «Қалай ұлттық съезді шақырамыз?» атты мақаласын жариялады. Мақалада Уфа қаласында Діни Басқосу негізінде жиналып, оны діни және ұлттық орталыққа айналдыру керектігін тайға таңба басқандай көрсетіп береді. Съезд бүкілресейлік жағдайда өтіп, ондағы көпшілік Ресей мұсылмандары болуға тиіс еді. С. Мақсуди 1906 жылғы III Бүкілресейлік мұсылмандар съезі негізінде өткізу керектігін айтты. Ол Мемлекеттік дума жанындағы мұсылмандар фракциясын айыптап, олардың саяси сахнадағы селқостығына көңілі толмайтынын ашық білдірді. Ал билікке келген жаңа үкімет, аталмыш съезге жас социалистерді көптеп жіберіп, олардың басқосуда орысшыл бағытты насихаттауын қалады. Олар үшін басты қарсылас 37 жасар С. Мақсуди еді.

1917 жылы шілдеде Садри Мақсуди Қазан мен Уфа губерниясындағы ұлттық кеңестің басшылықтарының қарсылығына қарамастан Ішкі Ресей мен Сібірде біртұтас түркі-татар мұсылмандарының ортақ автономиясын құруға қол жеткізді. Мақсуди ұлттық-мәдени автономияны құру әріптестігін басқарды. «Үш жарым ғасыр өткеннен кейін біз саяси және мәдени организм ретінде біртұтас болдық» деп қуанды С. Мақсуди [4, с. 9]. Бұл автономияны барлық татарлар мойындап, тек қана бірнеше большевиктер қарсы болды.

Автономияны енгізудегі әріптестер басқармасына Садри Мақсуди, Ибниамин Ахтямов, Галимджан Шараф, Амина Мухетдинова, Фатих Карими, Камиль Каримов, Наджиб Хальфин және Хади Атласи тағайындалды. Әріптестікке либералдар мен солшыл-социалистер, зайырлылар мен діншілдер жиналды. Негізгі орталыққа Қазан, Уфа, Орынбор қалалары таңдалып алынды. 1917 жылы 20 қарашада Садри Мақсуди Миллет Меджлистің ресми ашылуын бастады. Оның бұл ашылууда оқыған негізгі баяндамасы ұлттық-мәдени автономияны құруға бағытталған қызметтерді айқындау бойынша жасалынды [5, с.76]. Мақсуди съезде негізгі үш міндетті шешу мәселесі көтерілгенін айтып, оларды тізіп берді:

1. Автономияны жүзеге асыру мен оның құрылымдарының қызметін, қаржыландыру мәселесін толық реттеп алу;

2. Халыққа жаппай автономияның жарияланғандығын атап көрсетіп, оның негізгі құндылықтарын сіндіре білу;

3. Халық өмірін басқару мен реттеуге, жақсартуға қатысты Миллет Меджлисті шақыру.

Осы аралықта арнайы «Ұлттық қазына» (Милли Хэзинэ) құрылып, онда миллионнан артық рубль қаражат жатты. Әріптестік мүшелері арнайы Миллет Меджлиске арналған бірнеше заңнаманы жасап шығарды. Арнайы комиссия болса автономияны имамдар арқылы халыққа таратты.

С. Мақсуди Қазан хандығы құлаған кезден кейін, тірі қалғандар өздерінің жеке ұлт ретінде өмір сүргенін тілге тиек етті. «Ендігі таңда түркі-татарлар күллі әлемге өздерінің бар екендігін ашық түрде жария етеді» деп қуанды [6, с.141-149]. Иван Грозныйдың жаулап алуы нағыз тағылық, тарихтағы ең сұмдық жағдайдың бірі деп атады ол. «Бүгінде түркі-татарлар қайта өз аяғынан тұрып жатыр. Бүгін тиран-билеушілер өздерінің үкімдерін көріп отыр. Олар тек қана бізге емес, өздерінің халықтарына да даму жолымен күн көшуге мүмкіндік бермеді. Енді оларды уақыты өтті» деді. Баяндама барысында С. Мақсуди түркі халықтары арасында үлкен рөл ойнаған Шыңғысханның, Әмір Темірдің тарихи маңызын атап өтті. Ол сол сөзі арқылы Еуропадағы «түркі халықтары мен билеушілерінің дәуірі

келмекке кетті» деген пікірмен тайталасқа түсті. Ол түркі бабаларының қателіктерін жасамауға шақырды. Өйткені олар өз жерлерін кеңейте беру жолында әлсіреп, мемлекеттіктен айырылып қалғанын да ескертті. «Мемлекеттік мәселеде тек қана өз ұлтың мен өз күшіңе сенгенің дұрыс» деп көрсетті. [7, с.80-82]. Идель-Урал Штатты шақырған сәтте татар ұлтшылдары орыстармен ашық пікірталасқа дайын екендігін ескертті. С. Мақсуди татарлар Штатты пікірталас үшін емес, орыстармен жауластық үшін не соғыс үшін құрып жатпағандығын айтып, қарсы болды. Садри Мақсуди орыс халқы неміс ұлтынан шыққан билеушілердің қолында болып, бостандықты көрмегенін де меңзеді. Миллет Меджлис жиналысында С.Мақсуди ұлттық үкіметтің басшысы болып тағайындалды. Ол кезде аталмыш титулды министр-президент деп атайтын.

1918 жылы 5 қаңтарда Еділ-Орал ұлттық-мәдени автономияның жоғары органы – Милли идарэ төрағалығына сайлау өтті. Садри Мақсуди төраға болып 45 дауыспен сайланды. 30 адам қарсы дауыс берді. Жиналыс барысында ол автономияны өміршең ету мәселесі халық арасында толықтай қолдауға ие дегенді айтты. Оны өміршең еткендік Конституцияның қабылданғаны екені де айтылды. Ол түркі-татарларды жарқын болашақ күтіп тұр, шамамен 15-20 жылдан кейін татарлар күллі әлемге танымал ұлт болады деп санады. Болашақта барлық саяси мәселе бойынша татарлармен ақылдасу қажет болатындығын да ескертті. 1918 жылы 6 қаңтарда Құрылтай Жиналысын күшпен таратқанға дейін татар радикалдары Миллет Меджлистің өкілеттілігіне қарсы болмады [8, с. 71-80]. Ильяс Алкин, Мулланур Вахитов пен Галимджан Ибрагимов оның депутаттары еді. Бірақ Құрылтай Жиналысын таратқаннан кейін Халықтар Комиссарының Кеңесі өзін тұрақты үкімет деп жариялады. Жаңа жыл мезгілінде Уфадағы Кеңес ІІ Ұлттық полкті қарусыздандыру үшін әрекеттер жасап көрді. Олар үш күн қатарынан қаруланып, қызылдардың шабуылын күтіп отырған болатын. 1918 жылы 10 қаңтарда Милли Идарэ төрағасы болған Садри Мақсуди ұлттық шеруде (парадта) полктың әскери маршын қабылдады. Шерудің негізгі ұраны «Идель-Урал жасасын!» болды. Оған 6000 жасақтың 3000 ғана қатысқан еді [9, с.79-84].

ІІ Бүкілресейлік мұсылмандардың әскери съезінде 1918 жылы 19 ақпанда Садри Мақсуди Уфадан келіп, билік астындағы халық өкілдері билеуші партия тарапынан зардап шегіп отырғандығын айтып, оны құрту жолында халық болып бірігу керектігін меңзеді. С. Мақсуди: «Бізге бұл таптық жауластықты құрту керек. Біз біртұтас ұлт екенімізді ұмытпауға тиіспіз, қарапайым кедей халықты көтеру үшін өздерінің алдындағы ұлы ұлттық міндетін ұмытпауы керек», - деді [10, с.87-96]. Сол кезеңдерде коммунистер халықты екі есе езу тактикасымен жұмыс істеді. Сырттан өздері, ал іштей ұлттық бірлікке сына қақты. Елде азамат соғысы басталып кетті. Нәтижесінде көптеген татар зиялылары Садри Мақсудидің көзқарасының дұрыстығын атап өтті. Азамат соғысының алғашқы құрбаны болып Мулланур Вахитов оққа ұшты. Ол татар мемлекетінің біртұтастығын аңсап өткен Садридің досы болатын.

Миллет Меджлис кеңес билігімен келіссөздер жүргізуден бас тартып, ұлттық-мәдени автономия құруды жалғастыра берді. 1918 жылы 10 қаңтарда Бейбітшілік жөніндегі комиссия атты резолюция қабылдап, онда Миллет Меджлис пен Идель-Уралды мойындап, Ішкі Ресей мен Сібірдегі мұсылмандар құқығының сақталуын халықаралық аренаға шығару керектігі айтылды. Мақсуди 1915 жылғы Ақшораның «Брест бітімгершілігі» үлгісі негізінде халықаралық негізде автономияның статусына гарантия алғысы келді [11, с. 73-75.]. Осы мақсатта ол Мәскеуге аттанады. Алайда Брест келісімі аннексия мен соғыс шығындарын төлету мәселесі негізінде болғанымен, онда адам құқығын қорғау мәселесі көтерілмеген болатын. С. Мақсудидің күтпеген ойы Қазандағы Кеңестерді өзіне қаратты. Татар Слободасы(ауылы) Орталық Ресейдегі ең соңғы азаттықтың нышаны болады. Кадеттер С. Мақсудиге бұғатталып қалған мұсылман одақтарын қаржыландыруға қаражат ұсынғанымен, уақыты өтіп кеткен еді. Өйткені ол сәтте мұсылман бөлімшелерінің көбісі тарап, кейбірі өте ауыр халде болатын.

Татар Слободасын орталық үкімет ұлттық органдарға ашық түрде шабуылға шығады. 1918 жылы 25 сәуірде Кеңес Үкіметінің Милли Идарэні таратып жіберуіне жауап ретінде автономия үкіметі барлық ауыл-аймаққа Милли Идарэнің баяндамасын таратады. Баяндамада Милли Идарэні тарату заңсыз екені айтылды [12, с. 23-29].

Жергілікті Милли Идарэ ендігі таңда діни, ұлттық, мәдени мәселелерді реттеп, ұлттық салықты жинауды атономияның Конституциясына сай жасауға міндеттелді. Кеңестік Мұсылмандық комиссариаттың өкілдері үкіметтік шенеунік деп жарияланды. Оған Садри Мақсуди қол қойды.

Кеңес өкіметі билікке келгеннен кейін С.Мақсуди 1918 жылдан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Усманов М.А. Татарские исторические источники XVH-XVIII вв. - Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1972. -223 с.
2. Мухаметшин Р.М. Татары и ислам в XX веке // Ислам в общественной и политической жизни татар и Татарстана. Казань, 2003.
3. Абдуллин Я. Г. Новое мышление и некоторые проблемы истории татарской общественной мысли народов России конца XIX - начала XX веков. Казань, 1996. С. 27
4. Айда А. Садри Максуди Арал/Пер. с тур. В.Феоновой.-М.Перевод с турецкого биографии общественно-политического деятеля С.Максуди.: Тип. Ш2,1996.-360с.
5. Акчура Й. Переиздание труда Юсуфа Акчуры.Дамелла Галимжан Эл-Баруди.-Казан: "Иман",1997.-76с.
6. Абдуллин Я. Садри Максуди - олугъ галим.Статья посвящена литературной и общественно-политической деятельности Садри Максуди. Автор рассматривает также взгляды С.Максуди на некоторые национальные прооблемы.// Казан утлары.-1996.-Ш.-С.141-149.
7. Беркутов В., Зариф Ф. Гаяз Максудов (1891-1937).Биография ученого-математика, журналиста Гаяза Максуди - журналиста.// Мирас,1995,№5/6,С.80-82.
8. Тагиров И. "Нас не только игнорируют, но и не доверяют нам вовсе", - А.Топчибашев // Гасырлар авазы - Эхо веков.-1997,-Ш/2.-С.71.-80.
9. Арсланов М. Дорогой творческих дерзаний.Статья, посвященная 90-летию татарского театра, освещает историю его зарождения и развития.// Научный Татарстан.-1997.-М.-С.79-84.
10. Максуди С. О панисламизме. Доклад депутата Государственной думы // Идель.-1991.-Ж10/11.-С.87-96.
11. Хабутдинов А. Национальная политика конституционно-демократической партии и татары.Попытка автора ответить на вопрос: почему татарские либеральные круги общества начала XX века были так близки с кадетами?// Идель.-1994.-Ш/2.-С.73-75.
12. Гаффарова Ф. Садри Максуди - милли-мәдәни мөхтәрият рәисе.Статья освещает после октябрьский период жизни Садри Максуди.// Татарстан(тат).-1996.-№10.-С.23-29.

ӘӨЖ 930.005
ГРНТИ 03.09.03

Оспанғалиева Гүлгерім Төленқызы¹

¹2 - курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КЕҢЕС ОДАҒЫНДАҒЫ ИСПАН ЭМИГРАЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Испаназамат соғысында (1936-1939 жж.) жеңіліс тапқан республикашылдар генерал Франконьн өкіметі орнағанан кейін елден кетуге мәжбүр болды. Саяси эмигранттар ретінде Франция, Мексика және Кеңес Одағынан пана тапты. Олардың қатарында «соғыс балалары», қаза тапқан республикашылдардың балалары болды. Кеңес Одағына келген испандық балалар бірден балалар үйлеріне орналастырылып, испан және кеңестік педагогтардан білім алды. Көптеген испандықтар Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында фашизмге қарсы күресті. Кеңес Одағындағы испандықтар Қызыл әскер құрамында Мәскеуді қорғады және партизандық құрам қатарында да ерлікпен көзге түсті.

Түйін сөздер: испан азамат соғысы, республикашылдар, эмиграция, саяси эмигранттар, соғыс балалары, екінші дүниежүзілік соғыс, Қызыл әскер.

Оспангалиева Гульгерим Толеновна¹
¹магистрант 2 - курса, Казахский национальный университет им.
аль-Фараби

ИСТОРИЯ ИСПАНСКОЙ ЭМИГРАЦИИ В СОВЕТСКОМ СОЮЗЕ

Аннотация

Республиканцы проигравшие в испанской гражданской войне (1936-1939 гг.) после установления власти генерала Франко, были вынуждены покинуть страну. В качестве политических эмигрантов нашли убежище из Франции, Мексики и Советского Союза. В их числе были «дети войны», дети погибших республиканцев. Испанские дети, прибывшие в Советский Союз, сразу же помещались в детские дома, учились у испанских и советских педагогов. Многие испанцы во время Второй мировой войны боролись против фашизма. Испанцы Советского Союза защищали Москву в составе Красной Армии и отличились мужеством в составе партизанском отряде.

Ключевые слова: испанская гражданская война, республиканцы, эмиграция, политические эмигранты, дети войны, Вторая мировая война, Красная Армия.

Ospangaliyeva Gulgerim¹
¹undergraduate of the 2nd course, Al-Farabi Kazakh National University

THE HISTORY OF THE SPANISH EMIGRATION IN THE SOVIET UNION

Abstract

Republicans who lost in the Spanish civil war (1936-1939) were forced to leave the country after the establishment of the power of General Franco. As political immigrants found refuge from France, Mexico and the Soviet Union. Among them were «children of war», children of the deceased Republicans. Spanish children who arrived in the Soviet Union, immediately placed in orphanages, studied with Spanish and Soviet teachers. Many Spaniards fought against to fascism during the Second world war. The Spaniards of the Soviet Union defended Moscow as part of the red Army and distinguished themselves by courage in the partisan detachment.

Keywords: Spanish civil war, Republicans, emigration, political emigrants, children of war, the second world war, Red Army.

Соғыс-эр ел, мемлекет, адам үшін қасірет екені айқын. Бірақ та, ерекше ащы қасірет азамат соғысы болып табылады, себебі халықаралық қайшылықтар ерте ме, кеш пе шешіліп, екі жақ бір келісімге келіп, қарсыластар өз отанына қайтып оралады. Ішкі қайшылықтарда көршілер, достар, тіпті туғандар қарсыласуы мүмкін. Соғыстың аяқталуымен «бейбіт» өмір басталып, адамның еркінен тыс, кешіру мүмкін емес өкпе, жек көрініш, ұмытылмас естеліктер қалады [1].

Испаниядағы азамат соғысы (1936-1939 жж.) елдегі екі саяси-әлеуметтік күштердің: бір жағынан демократия мен еркіндік, екінші жағынан фашизм мен диктатураның шиеленісуінің салдары болып табылады [2, 102 б]. Демократия мен еркіндікті қолдап социалистер, коммунистер және солшыл республикашылдар Халықтық майданға бірікті. Оңшыл күштер, монархистер генерал Франсиско Франконың жақтастарына айналды. Республикашылдар Франциядан, ұлтшылдар Германия мен Италиядан көмек алды [3, 41 б]. 1936 жылы тамызда Еуропаның біраз мемлекеті «Испан істеріне араласпау» келісіміне қол қойды. Англияда Испания ісіне араласпау Комитеті құрылып, басшылыққа еуропалық саяси орта арасында беделге ие Плимут келді. Комитет құрамына 27 мемлекеттің өкілдері кірді. Кеңестік өкілретінде Лондондағы КСРО елшісі, тәжірибелі дипломат Иван Михайлович Майский бекітілді [4, 58-61 бб]. Кеңес Одағы ресми түрде келісімге қол қойғанымен, Мексикамен бірігіп республикашылдарды әскери қарым-қатынаста қолдауға шешім қабылдады. Испан республикасы өкіметінің үндеуіне жауап ретінде Кеңес Одағы әскери кеңесшілер мен жауынгерлер, техника мен қару-жарақ жеткізді [5, 5 б]. Испания республикасын қорғауға шетелдерден шамамен 35-40 мың еріктілер келді [6, 163 б]. Жан-жақтан келген көмекке қарамастан 32 айға созылған

соғыста Испан Республикасы жеңіліске ұшырады. 31 наурызда генерал Франко әскері өз мақсаттарына жетті. Пия XII-нің генерал Франкоға жолаған құттықтауында «Құдайға деген құрметімізді білдіре отырып, Жоғарғы Мәртебелімізді Католиктік Испанияның жеңісі үшін шын жүректен құттықтаймыз» делінген. Чиано өз күнделігінде «Мадрид құлады, астанамен қатар қызыл Испанияның қалған қалалары да алынды. Бұл фашизмнің үлкен жеңісі, мүмкін барлық уақытқа тән ең ұлысы» [7, 273 с].

Соғыс 600 000 испандықтардың, көпшілігі еркін кәсіптердің мамандары, білікті жұмысшылар, әскерилердің қуулуына алып келді. Республиканың құлауымен шет елдерде «өзге Испания» пайда болды. Оның мемлекеттік шекарасы, ресми астанасы және азаматтығы болмады, бірақ өз тілі, мәдениеті, экономикалық өмірі болды. Оның халқы жарты миллионнан астам адамды құрады, ал ресми емес астаналары Францияда Тулуза, Батыс жарты шарда – Мехико және Буэнос-Айрес болды. Испандық босқындарды Мексика (150 000 адам), Франция (140 000) және Аргентина (60 000) өз еліне паналатты. Бразилия 30 000 – ға жуық адамды, КСРО 20 000-ға жуық адамды қабылдады. Чили, Уругвай, Куба, Египеттен пана тапқандарда болды [8, 296 б.].

Испан Республикасының жеңілісінен кейін көптеген республикашылдар, интернационалдық бөлім жауынгерлері, Компартия жетекшілері Кеңес Одағынан саяси эмигранттар ретінде пана тапты [5, 146 б]. Испан эмигранттарын КСРО да жылы қарсы алды. Эмигранттар арасында жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция, инженер-техниктер, жас балалар, әйелдер және революциялық күрестің ардагерлері болды [9, 21 б]. Кеңес Одағында саяси эмигранттарды қабылдау мәселесімен Революция күрескерлеріне көмек беретін Халықаралық ұйымның кеңестік секциясы айналысты. Халықаралық ұйым эмигранттарды КСРО территориясына орналастыру, жұмыспен қамту, жергілікті тұру ықтиярхатты рәсімдеу және азаматтық алу мәселелері бойынша жұмыстар атқарды [10, 253 б]. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін КСРО-ға пана іздеп келген испандықтардың саны туралы бірегей және келісілген мәліметтер жоқ. А.В. Елпатьевский «Испанская эмиграция в СССР. Историография и источники, попытка интерпретации» еңбегінде испан эмигранттарына қатысты испан тілді жұмыстардан бірнеше үзінділер келтірген. Х. Рубионың еңбегінде «1939 жылы сәуірде Гаврдан Ленинградқа - «Смольный» мен «Сибирь» кеңестік кемелерімен бірнеше жүз испан босқындары келді; осы жылдың мамырында Гаврдан тағы бір кеңестік кемемен үш жүзге дейін - испан компартиясы басшылары мен интернационалдық бөлім жауынгерлері, соның ішінде осы уақытқа дейін Француз концентрациялық лагерьлерінен босаған испандықтар келді. Олардың жалпы саны бір жарым мың адамнан аспауы тиіс». Өзге бір жұмыста 1939 жылдың басында КСРО-да 4000 испандықтың болғандығын және олардың әр-түрлі жолдармен келгенін жазған. 1939 жылдың соңында КСРО-да испан босқындарының ең көп саны 6000 адам болды, олардың 4000 соғыс кезінде Испаниядан, ал қалғандары 1939 жылы көктем мен жаз айларында Франция және Солтүстік Африкадан келді. Мануэль Туньон де Лараның еңбегінде «Кеңес Одағында босқындар саны Болтия елдеріне қарағанда көбірек болды... Балаларды санамағанда олардың саны төрт мыңға таяу болды. Кеңес Одағында 3500 испан босқындары болды (бес мыңнан астам балаларды санамағанда), 300 мұғалім, соғыс аяқталған кезде курста болған 200 авиатор, портта болған кемелермен ілесіп жүрген 100 теңізшілер және қызметшілер мен Испан компартиясының басшылары, әскери командирлер бәрі өз отбасыларымен бірге болды... » [11, 40-42 бб]. Кеңес Одағына испан эмигранттарының соңғы лебі БКП (б) орталық комитетінің шешімімен келді «1939 жыл 21 маусым «КСРО-на Францияда тұтқындалған испандықтардың кіруі туралы». Құжат бойынша: «1. КСРО-на тұтқындалған испан азаматтары мен интернационалдық бөлім жауынгерлерін кіргізу деректеріне қосымша:

- а) Испандық педагогтар тобы - 30 адам;
- б) Балалары КСРО-на жіберілген немесе КСРО-ға кіруге рұқсат етілген аналар - 100 адам;
- в) Интернационалдық бөлім жауынгерлері мен мүгедектер тобы - 150 адам;
- г) Испандық ұшқыштар мен белсенділер тобы - 39 адам» [5, 151 б].

Аталған жылы Мәскеуге Испан Компартиясының белсенді жетекшілері - Долорес Ибаррури, Висенте Урибе, Энрике Листер, Хуан Модесто, Хесус Эрнандес және т.б. келді. Кеңес Одағында да фашизмге қарсы күресуде белсене көзге түскен испан және халықаралық жұмысшылар қозғалысының қайраткері, Компартия мүшесі «Пассионария» Долорес Ибаррури. Д. Ибаррури Коммунистік Интернационалда оның Атқару Комитетінің мүшелігіне кандидат ретінде жұмыс істеді. Кеңес Одағында Хосе Диаспен бірігіп негізінен Испания мәселелерімен айналысты. Ол испандық-эмигранттардың өмірін қалпына келтіруге, жаңа орынға орналасуға, мамандық бойынша жұмыс алуға немесе қайта мамандануға, оқуға түсуге көмектесті [9, 17-21 бб]. Диктатор Франко 1975 жылы

қайтыс болғаннан кейін Долорес Ибраррури Испанияға қайтып келіп, оның саяси өміріне белсене араласады. Д. Ибраррури «Мен Кеңес Одағының халқына достық үшін, біздің халқымызға және босқындарға көмек көрсеткені үшін алғыс білдірдім. Өйткені өмірдің жартысын мен батыр да батыл, тамаша кеңес халқының арасында өткіздім» [9, 257 б].

Кеңес және испан тарихшыларының есептеулері бойынша, Испаниядағы азамат соғысынан кейін Кеңес Одағына 4,2-тен 6,4 мың испандық келді. Олардың басым бөлігін «соғыс балалары» — кәмелетке толмаған испандықтар құрайды [12]. КСРО-дағы испан балаларын қабылдау туралы мәселе бірден шешілмеді. Оларды тек 1937 жылыдың сәуірінде қабылдай бастады. Бұл туралы А. В. Елпатьевский 1936 жылғы 22 қарашадағы Д. З. Мануильскийдің БКП (б) ОК хатшылары Сталин мен Андреевке жазған хатынан мысал келтіреді: «Мадрид түбіндегі ұрыста қаза тапқан интернационалдық бөлім жауынгерлерінің балаларын КСРО-на жіберу туралы италияндық жолдастар сауал жолдауда» [11, 52 б]. КСРО-дағы испан балаларының саны 3000 ға жуық деген пікірлер көп кездеседі. Қызыл Айдың деректері бойынша КСРО-ға 3 жастан 14 жасқа дейін 2895 бала жіберілді. «Правда» газетіндегі мақалада «Үлкен кеменің ішінен балалардың тек бастары ғана көрінді. Балалар қолдарын бұлғап, жұдырықтарын жоғары көтерген қалыпта. Қызыл жалаушылар қолдарынан көрініп тұр. 23 маусым 1937 жыл»[13]. А.В. Елпатьевскийдің еңбегінен 1940-1941 жылдардағы архив деректерін кездестіруге болады. 1.01.1940 және 1.01.1941 жылдар арасындағы Украина балалар үйіндегі испан балаларының саны 683-ден 704-ді құраса, Ресейдегі балалар үйіндегі балалар саны 2258 пен 2251 аралығында болды [11, 46 б]. Жас испан эмигранттарын асырап алған Батыстағы мемлекеттер балаларды отбасыларға бөліп берсе, Кеңес Одағында Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков, Ростов және Одессадағы балалардың интернат үйлеріне орналастырды. 1937 жылы Кеңес Одағында испан балаларына арналған 18 балалар үйі пайда болды. Кішкене кеңестік жетімдер үйіне қарағанда ол жерлердің жағдайы жоғары деңгейде болды [11]. Киім-кешек, тамақ, қызмет көрсту, транспорт, төсек-орын жабдықтары және басқа да шығындар КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің резервқорыесөбінен төленді [11, 53 б]. Испан балаларына білім беру және тәрбиелеу жұмыстарына кеңестік және испандық оқытушылар теңдей араласты. Өз туған тілдерін меңгерумен қатар орыс тілін үйреніп, жоғарғы оқу орындарында білім алды. Испан тілінде арнайы оқулықтар басылып шығарылды [9, 21 б]. Испан балаларымен бірге КСРО-на келген испан педагогтары, А.В. Елпатьевскийдің еңбегінде «мұғалім» деген шартты белгімен оқытушы, тәрбиеші, медициналық қызметкер, көмекші қызметті атқарған 275 испандықтың аты-жөні берілген [11, 124 б].

Испандық босқындар Екінші дүниежүзілік соғысқа белсене араласты. Франция мен Солтүстік Африкадан Шығыс майданға дейінгі аралықтағы ұрыстарға араласты. Француздардың оңтүстіктегі бөліктегі теке тіресте, Ливия мен Египетте 8-ші британдық әскер құрамында шайқасып, 1944 жылы Парижді босатуға араласты. Майданда 25 000 дай испандықтар қаза тапты [8, 297 б].

Кеңес Одағында 700-дей испан республикашылдары Қызыл әскер құрамында соғысты. Көптеген испандықтар әскер құрамында кіруге тырысқанмен, рұқсат етілмеді [7, 285 б]. Бірақ испандықтар фашистерге қарсы соғыстан шеткері қала алмады. Кеңестік әскер құрамына кірудің әр-түрлі жлдарын іздестіре бастады. Ленинградтағы жасөспірімдер интернатындағы испандықтар, өз қалауларымен партизандық бөлім қатарына, кейбіреулері авиациондық мектептерге түсті [9, 62 б]. Кейбір испандықтар Кеңес астанасын қорғауға арналған, Мәскеуден оңтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым жердегі Быковада орналасқан ПҰК 1-ші ерекше шекаралық авиабригадасы құрамында болды. 700 адам неміс жерінде парашют арқылы түсірілген партизандық отрядтарда болы. Олардың қатарына каталондық Хосе Фусиманы; кеңестік паризан командирлері арасында танылған Медведев басқарған 18 адамнан тұратын отряд жатты. Орыс тіліне жетік испандықтар, кеңес азаматтарымен тең алдыңғы шепте күресті [7, 285-286 бб]. Республикалық әскер қатарында соғысқан бұрынғы жауынгерлер Белорусиядағы партизандар құрамында болды. И. Стариновтың бөлімінде Республика әскерінің 14-ші партизандық корпус құрамында күрескен 300 ден астам бұрынғы партизандар болды. Белорусияға келген бір топты капитан С.И. Казанцев басқарды. Құрамында 20 шақты испандық болды, оладың барлығы партизандық бөлімдерге: Алексей, 1-ші Белорустық, П.К. Пономаренко атындағы 2-ші Белорустық бөлім, 3-ші Белорустық, Стрелков отрядына нұсқаушы ретінде жіберілген. Диверсиялық топтарды Астурияның тумасы Хосе Фернандес Виеска, испан республикалық әскерінің майоры Энрике Гарсия Канель, бұрынғы ұшқыш, Барселонаның тумасы Франсиско Гаспар, Мигель Сантос Баскуньян, Мануэль Руис және Андерс Миль басқарды және олардың барлығы Қызыл Ту және Ленин орденімен марапатталды. [5, 152-153 бб]. Кеңестік әскер

қатарында Берлинге дейін жеткен испандықтар болды. Олар Маргарита Нелькеннің ұлы Сантьяго де Пауль Нелькин, Д. Ибарруридің жиені Альберто Рехас Ибаррури, Маноло Альберди болды [9, 63 б].

Екінші дүниежүзілік соғыста Қызыл әскер құрамында фашистерге қарсы ерекше ерлігімен көзге түскен Долорес Ибарруридің ұлы аға лейтенант Рубен-Руис Ибаррури, 1-ші Мәскеу мотоатқыштар дивизиясы, пулименттер ротасының командирі. Белорус жеріндегі Борисов аумағындағы майданда ротамен бірге 6 сағат Березина арқылы өтетін көпірді ұстап тұрды. Осы ұрыстағы ерлігі үшін Қызыл Белгі орденімен марапатталған. 1941 жылы шілдеде Мәскеудегі антифашистік митингте Р. Ибаррури «... Мен испан республикасының әскерінің қатарында шайқастым... Қазіргі уақытта Қызыл әскер қатарында шайқасудамын... Мен испандықпен, менімен бірге орыс, грузин, белорус, қазақ, украиндық және тәжік иық тіресе күреуде. Өзіне бақыт пен бостандық сыйлағысы келетін жан болса, біздің қатарға қосылсын! »[5, 150 б]. 1942 жылы Р. Ибаррури Сталинград түбіндегі майданға қатысты. Пулиментчиктер ротасын басқарған Р. Ибаррури батальон командирі өлгеннен кейін, шабуылды өз қолына алады. Неміс-фашисттерімен ұрыста испандық қатты жарақаттанып, 1942 жылы 3 қыркүйекте госпитальда қайтыс болды. Р. Ибаррури Волгоград орталығындағы, Қаза тапқан батырларалаңында жерленген. Р. Ибаррури қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кеңес жерінде гитлерлік жаулаушыларға қарсы ұрыста екі жүздей Испан соғысының ардагер-жауынгерлері, олардың ұлдары және жас сарбаздар қаза тапты [9, 64 б]. Испандықтардың КСРО жеріндегі соғыста көрсеткен ерліктері мәңгілік ұмытылмақ емес. Бірақ барлық испандық босқындарға ортақ белгі сұрапыл соғыстың себебіне тастап кеткен, туған жерге деген сағыныш еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Испания: Католичество против Коммунизма // *Вокруг света*. 2006. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.vokrugsveta.ru/vs/article/2731/>
2. Мухамеджанов М.М. *К истории гражданской войны в Испании (1936-1939 гг.)* // Московский Гуманитарный Университет. - 2012. №2. С. 102-108.
3. Наумов А.О. *Международные организации и гражданская война в Испании (1936–1939)*. // Государственное управление. Электронный вестник. – 2016. Выпуск № 56. – С. 40-70.
4. Телицын В.Л. «Пиренеи» в огне. *Гражданская война в Испании и советские «добровольцы»*. – М.: Изд-во Эксмо, 2003. – 384 с.
5. Воронкова, И. Ю. *Беларусь и война в Испании (1936-1939)*. – Минск: Беларуская навука, 2009. – 159 с.
6. Hereros I Agüi S. *The International Brigades in the Spanish War 1936-1939: Flags and Symbols* // *International Congress of Vexillology. XIX Proceedings York*, 2003. P. 141-165.
7. Бивор Э. «Гражданская война в Испании 1936–1939» № М.: КоЛибри, *Азбука-Аттикус*, 2018. – 248 с.
8. Данилов С.Ю. *Гражданская война в Испании (1936-1939)*. – М.: Вече, 2004. – 352 с.
9. Ибаррури Д. *Воспоминания. Борьба и жизнь*. В 2 кн. Кн. 2. *Мне не хватало Испании: Пер. с исп.* – М.: Политиздат, 1988 – 286 с.
10. Арутюнов. А.А. *Советские Институциональные Структуры и их роль в процессе адаптации испанских эмигрантов в СССР* // *Вестник РУДН*. 2017. № 3. С. 252-258.
11. Елпатъевский А.В. *Испанская эмиграция в СССР. Историография и источники, попытка интерпретации*. Тверь: Издательство «ГЕРС». 2002. 290 с.
12. Сыромятников Н. *Сколько испанцев эмигрировало в СССР в 1930-ые*. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://russian7.ru/post/skolko-ispancev-yemigriovalo-v-sssr/>
13. Парасюк И. *Испанские дети войны. Дети «Безоблачного неба»* // *Партнер*. – 2017. № 9. Электронный ресурс. Режим доступа: <https://www.partner-inform.de/partner/detail/2017/9/235/8681/ispanskie-deti-vojny>

ӘӨЖ 794-19
ГРНТИ 03.20.21

*А.Т. Советханқызы*¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Тарих және құқық институтының 2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан;
e-mail: Bayana0101@mail.ru*

АЛМАТЫ МАҚТА-МАТА КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН

Аннотация

Алматы мақта-мата комбинаты – КСРО-дағы ең ірі жеңіл өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі болғаны белгілі. Комбинат кезінде Республика бойынша аталған саланың көшбасшысы болып, 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамти отырып аңызға айналған. Ширек ғасыр дүркіреп тұрған Алматы мақта-мата комбинаты соңғы 15 жылда тоқырау кезеңін бастан кешірді. Жекешелендіру уақытында ат шаптырым аумақ тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткен. Сондықтан, Алматы мақта-мата комбинатының мысалында қоғамдық еңбек тәжірибесін зерттеу отандық тарих ғылымы үшін бүгінгі таңда өзекті деп білеміз.

Кілтті сөздер: комбинат, зауыт, кәсіпорын, мақта-мата, шикізат, фабрика, бригада, жатахана, ұйым, техника.

*Советханқызы А.Т.*¹

*¹Казахский национальный университет им.Абая
Магистрант 2 курса Института истории и права*

ИЗ ИСТОРИИ АЛМАТИНСКОГО ХЛОПЧАТОБУМАЖНОГО КОМБИНАТА

Аннотация

Известно, что алматинский хлопчатобумажный комбинат-одно из крупнейших предприятий легкой промышленности СССР. В свое время Комбинат стал лидером отрасли по Республике и стал легендарным, обеспечивая работой около 10 тысяч человек. За последние 15 лет Алматинский хлопчатобумажный комбинат пережил застойный период. Поэтому изучение общественного трудового опыта на примере Алматинского хлопчатобумажного комбината на сегодняшний день актуально для отечественной исторической науки.

Ключевые слова: комбинат, завод, предприятие, хлопок, сырье, фабрика, бригада, общежитие, организация, техника.

*Sovetkhankyzy A.T.*¹

*¹Abai Kazak National pedagogical university
Master student 2 course of history and law institute*

FROM THE HISTORY OF THE ALMATY COTTON MILL

Abstract

It is known that Almaty cotton plant is one of the largest enterprises of light industry of the USSR. At the time, the Plant became the industry leader in the country and became legendary, providing jobs for about 10 thousand people. Over the past 15 years, the Almaty cotton plant has experienced a stagnant period. Therefore, the study of social work experience on the example of the Almaty cotton plant is currently relevant for the national historical science.

Keywords: combine, factory, company, cotton, raw material, brigade, hostel, organization, equipment.

Бүгінгі таңда отандық тарихнамада әлеуметтік тарих, оның ішінде күнделіктілік тарих, интеллектуалдық тарих бойынша зерттеулер қолға алына бастады және бұл бағыттың болашағы бар екені байқалып отыр. Бұрындары зерттеушілер әлеуметтік, саяси, экономикалық, демографиялық, т.б., ауқымды мәселелерге көңіл бөлсе, қазіргі кезде тарихтағы қарапайым адамдардың өміріне әсерін тигізбей қоймайтын түрлі саяси-экономикалық, әлеуметтік, тарихи факторларды талдауға алу арқылы қоғамдық еңбек тәжірибесін, күнделіктілік мәселесін зерттеу маңызды болып отыр. Аталған бағыттағы зерттеулер шетелдік ғылыми тәжірибеде молынан кездеседі. Сондықтанда, Алматы мақта-мата комбинатының мысалында қоғамдық еңбек тәжірибесін зерттеу отандық тарих ғылымы үшін бүгінгі таңда өзекті деп білеміз.

Алматы мақта-мата комбинаты өз тарихын КСРО Министрлер Кеңесі, содан кейін КОКП Орталық Комитеті Алматыда үлкен тоқыма кәсіпорын құрылысы туралы шешім қабылдаған соң, 1950 жылдардың соңында басталады. Оның Жобасын Мәскеу дизайн институты тарапынан жасалды. Құрылысын салуға бүкіл елден тәжірибелі инженерлер, құрылысшылар және басқа да мамандар қатысты. Ірі комбинаттың құрамына 3 бірдей зауыт кірді және оның, әрқайсының атқаратын арнаулы бағытталған жұмыстары болды. Комбинат құрамындағы №1 зауыт - №1 айналма және тоқыма фабрикасы болып, 1961 жылы салынып дереу жұмысқа кірісті. 1968-ші жылы фабриканың құрылыс өңдеу жұмыстары аяқталды, ал 1970 жылы №2 зауыт - жіп иіру және тоқу фабрикасының жұмыстары аяқталды. Зауыттың алғашқы қызметкерлері құрылыс алаңында жүріп жатқан жұмыстары күрделі күрделі болды, себебі онда үлкен жүк машиналары жүретін еді. Зауыттың қызметкерлері Комбинатқа өздерінің жұмыс орындарында демалыс бөлмелерін өздері безендірді. Иваново, Барнаул, Камышин, Ташкент, Ош қалалары мен басқа да тоқыма орталықтарының тәжірибелі мамандар келіп зауыт жұмысын және мата өндірісін ұйымдастыруға атсалысты. Дегенмен, мамандардан басқа компанияға мыңдаған тігінші, жіп иірушілері мен жұмысшылар қажет болды. Бастапқыда зауытта Алматыдан және Қазақстанның басқа өңірлерінен келген жас қыздар жұмыс істеді. Олар үшін Алматы мақта мата комбинаты тұрғын үй кезегіне тұруға, қалаға уақытша тіркелуге тұруға, тұрақты жалақы алуға, басқа да әлеуметтік кепілдіктер және мансап сатысына көтерілуге мүмкіндік беретін нақты әлеуметтік мекеме болды. 1970 ж. 119 мың ұршығы және 1922 пневмоқылышты тоқу станогы бар 2-иіру-тоқу фабрикасы іске қосылды [1,2п.].

Алматы мақта мата комбинаты тәулік бойы жұмыс істеді, өндіріс процесі ешқашан тоқтамайтын. Комбинаттағы жұмыс күні үш ауысымға бөлінді. Бірінші ауысым таңғы сағат 7-ден түскі сағат 15:20 дейін жұмыс істеді. Екіншісі ауысым түскі сағат 15:20-дан кешкі 23:40-ға дейін болды, ал үшінші ауысымның жұмыс уақыты түнгі сағат 23:40-да басталып, таңғы сағат 7-ге дейін жұмыс істеді. Ауысымдардың белгілі бір кестесі болатын. Комбинаттың құрамына кіретін үш зауыт жылына шамамен 74 млн. метр, тәулігіне 408 мың метр матаны дайындап шығарған. 1981 жылы желтоқсан айында комбинат миллиардқа жуық мата өндірген. Барлығы зауыт 13 түрлі мақта маталарын: оның ішінде мақта, атласты, фланельді, қылшық тәрізді, қысқа шүберек, самал мақта матасын, алматылық шүберек және тағы басқа мата түрлерін өндірді. Мақтаны өндіруге арналған шикізат ретінде Оңтүстік Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбек ССР кен орындарынан мақта қолданылады. Фабрикаларда оны өңдеу үшін 30 мыңнан астам айналдыра шпиндель және 4000 тоқу цилиндрі бар техника пайдаланылды. Заманауи жабдықтардың бір бөлігі Чехословакия, ГДР және Франциядан жеткізілді. Комбинат құрамында үш зауыт жұмыс істеді. Бұл үш зауыт жеке мемлекет сияқты әртүрлі мамандандырылған жабдықтармен жұмыс жасады. 1-ші және 2-ші жіп иіргіш машиналар мен тоқыма өндірісі барлық өндірістік циклдар арқылы өтіп, дайын мата өндірді. Мұның бәрі алдымен мақта талшығымен өңделген цехта басталды. Содан кейін шикізат қалдықтарынан тазартылған картинг машиналарына түсті. Жолақшалар мен цехтардан өтіп болған соң материал қалың бұралған иірілген жіп түрінде өңделді. Машиналардан қалған маталардан күнделікті тұрмыста пайдалануға арналған жіп жасалған. Тоқу цехында иірілген жіптен дайын маталарды жасалатын. Комбинат құрамында екі ірі дүкен болды, және әрбір зауытта дүкендер орналасты [2,14п.]. Фабрикада шамамен 4000 комсомол мүшелері жұмыс істеді, бұл елдегі ең ірі комсомол ұйымы болды, сондықтан көп жұмыс жасалды. 1978 жылдан 1996 жылға дейін зауыттың депутаты, кейін кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Әрбір бригадада нақты жұмыс жоспары болды, бірақ біз олардың арасындағы ынталандыру жарыстарын өткізіп тұрды, бұл жоспар толығымен орындалады, әсіресе айрықша қызметкерлерге айырмашылық белгісі ретінде қызыл орамал тағылды. Олар бұл айырмашылық белгісін дүкенде мақтанышпен киіп жүрді. Түрлі мерейтойлар мен мерекелерге орай - Қазақ КСР-нің 50 жылдығына, Лениннің туғанына 100 жыл мерейтойы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30-

жылдығына - әлеуметтік жарыс өткізіліп тұрды [3,7п.]. Кәсіпорында 10 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Олардың ішінде 48 ұлттың өкілдері болды. Команданың басым бөлігі әйелдер болды. Комбинатта жұмыс істейтін ер адамдар станоктар жұмысының ақауларының жойылуына, сондай-ақ механиктер мен электрик командаларына көмекші шеберлер ретінде жұмыс істеді [4,2п.].

Жұмыскелдердің бәрі комбинат тарапынан әлеуметтік қамтамасыз етуді талап етті. Комбинат жұмысының әлеуметтік бөлімі туралы Алтынай Жампеисовна Байсаринадан артық ешкім айта алмайды. Алтынай Жампеисовна зауыттың кәсіподақ комитетінде ұзақ уақыт бойы басшылық жасаған. Институтты бітіргеннен кейін техникалық факультетінің Иваново тоқыма институтына түскен. Онда ол комсомол жұмысымен белсене айналысады. Университетті бітіргеннен кейін, комбинат жұмысшыларының қатарына енеді. Алғашында №2 зауыттың екінші шеберханасында ауысым бастығы болды. Екі жылдан кейін комбинат комсомол комитетінің хатшысы болып, қоғамдық жұмыстарға көбірек тартыла бастады. Фабрикада шамамен 4000 комсомол мүшелері болды, бұл елдегі ең ірі комсомол ұйымы болды, сондықтан көп жұмыс жасалды. 1978 жылдан 1996 жылға дейін зауыттың депутаты, сосын кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Бұдан басқа, жылына бір рет қызметкерлерді еңбек демалысын өткізу үшін зауыт есебінен санаторийге емделуге жіберді. Санаторийлерде демалуға 70-80 рубль жұмсалды, бірақ көпшілігі кәсіпорын есебінен барса, зауыт қызметкерлері үшін 15 рубльді ғана қажет ететін демалысқа арналған мүмкіндіктер ұсынылды. Бұл заманауи медициналық сақтандыру сияқты қызмет етті. Санаторияда барлық қажетті процедуралар өтті: гидротерапия, массаж, дәрілік терапия, стоматологиялық тексеру және т.б. Шипажай 24 күнге созылды. Санаторий кәсіпорынның маңында орналасқандығына байланысты өндірістен үзіліссіз тынығуға болатын. Таңертеңгі уақытта қызметкер комбинатқа барып, түскі ас кезінде ол қажетті емдік шаралар алып, кешке жұмыс аяқталғаннан кейін санаторийге оралу мүмкіндігі толықтай жасалды [5,2п.]. Әрине, зауыт қызметкерлерінің балаларын ұмытып кету мүмкін емес еді. Зауыт есебінде тоғыз балабақша мен балаларға арналған орталықтар болды. Комбинат қызметкерлері бала туылғаннан кейін орынға ие болу үшін кезекке тұрды, және баласы бір жарым жасқа толғаннан кейін бере алатын үмкіндікке ие болды. Кейбір балабақшаларда тіпті түнгі топтар болды, бұл - түнгі ауысымда жұмыс істейтін ата-аналар үшін өте тиімді болды. Комбинат бұл мектептерге түрлі материалдық көмек көрсетті. Жазда ата-аналар балаларын «Фабричное» ауылында орналасқан «Салют» пионер лагеріне жіберді. Сонымен қатар, комбинат есебінде Қапшағай және Ыстықкөлдегі демалыс аймақтарында да өз орындары болды. Бұл демалу аймақтарында тоназытқыштар мен және ұзақ уақыт бойы тұтынуға қажетті барлық заттармен жабдықталған үйлер болды. Әр демалыс күндері автобустар қызметкерлерді отбасымен бірге қажетті орынға тасмалдайтын. Зауыттың қызметкерлері теңізде, тіпті шетелде де демалуға мүмкіндік алды. Медициналық бағыттар бойынша кезек тәртібінде жұмысшыларға Қырым, Сочи, Кавказ, Одесса және Юрмала шипажайларына рұқсат берілді. Болгарияға, Чехословакияға, Польшаға және басқа да социалистік елдерге ең құнды ваучерлер айрықша ерекшеленетін қызметкерлерге берілген. Қызметкерлер осындай саяхатқа лайықты кім екенін өздері таңдады. Сонымен қатар комбинат кәсіпорын ұжымына көңіл бөліп, бос уақытын қалай өткізуді де ұйымдастыратын. Зауытта көптеген қызметкерлер үйірмелерге қызығушылық топтарын құратын. Жұмысшылар би билеп, ән айту, музыкалық аспаптарда ойнайтын. Ұйымдастырылған әуесқойлық топтар, музыкалық топтар және театрлық топтар болып бөлінді. Әр демалыс күндері би кештері ұйымдастырылатын болған. Жатақханада спорт залдары жұмыс істеп, залда пинг-понг кестелері тұратын. Жеңіл атлетика, волейбол және футбол секциялары таралған.

Зауыт ашылған сәттен дерлік, Мәдениет сарайының құрылысы басталды. Біраз уақыттан бері қаржы жетіспеушілігінен тоқтатылған мәдениет үйі, Д.А. Қонаевтың жеке тапсырысы бойынша құрылыс жалғастырылып, 1980 жылы толығымен аяқталды. Алматы мақта-мата комбинаты Мәдениет сарайының құрылысы қаланың оңтүстік-батысынан орын алып, ыңғайлы жерге салынатын болды. Оның құрылысын бастардан бұрын бірнеше фактор ескерілді: оның біріншісі - Қазақстандағы ең үлкен өндіріс ошағы - 10 мың адам істейтін Алматы мақта-мата комбинаты жақын жерге орналасқан, екіншіден, сол кездегі еліміз астанасының шеткері ауданында 250 мың тұрғын қоныстанғандықтан, осындай Мәдениет сарайы қажет болды. Оның иесі Алматы мақта-мата комбинаты болғанымен, Сарайдың қызметін сол аймақта тұратын халық пайдалануы тиіс болды. Ол аймақтың тұрғындары кино немесе концерт көру үшін қаланың орталығына баруға тура келетін. Бұл жылдары Қазақстанның өндірісі мен экономикасы қарқынды дамып келе жатқан кез еді. Сол заманға сай жаңа технологиялар өндіріске ене бастады. Әрине, оны қазіргі кезбен салыстыруға келмейді. Алматы мақта-мата комбинаты - Қазақстандағы мақта талшықтарынан жіп иіріп, мата тоқитын ірі

кәсіпорын болып қалыптасты. Комбинат 1965 жылдан өнім шығара бастады. Қуаты 123,9 мың шүйке иіретін және 2220 тоқу станогы бар бір фабрика іске қосылды. 1968 жылдан жылына 74,6 мың мақта-мата тоқитын өңдеу фабрикасы жұмыс істей бастады. 1970 жылы 119 мың ұршығы және 1922 пневмоқылышты тоқу станогы бар екі иіру-тоқу фабрикасы іске қосылды. [7,16.]. Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Алматы мақта-мата комбинаты - акционерлік қоғамы болып қайта құрылып, жаңа құрал-жабдықтармен жарактандырылды. Комбинат өнімдері Ресей, Түркіменстан, Украина, Белоруссия республикаларына шығарылады. Комбинат құрамында өндірістік құрылымдармен бірге мәдени-әлеуметтік салалар да қарқынды дамыды. Соның бірі біз әңгімелеп отырған комбинаттың Мәдениет сарайы, еңбек даңқы мұражайы, кітапханалар, кәсіптік-техникалық училище, жастар жатақханалары, санаторий, балалар мекемелері болды. Шындығында да сол кезде өзіміздің елдің өсіріп жатқан мақтасы жетерлік еді. Алматы мақта-мата комбинатының өнімдері Қазақстаннан тыс жерлерге де тарап жатты. Сол кезде қазіргі Төле би көшесінің бойындағы Алматы кілем фабрикасы да қарқынды жұмыс істеп тұрды. Оның өндірісіне қажетті негізгі шикізат Алматы мақта-мата комбинатының дайындаған әртүрлі көлемдегі кілемдердің сапасы жоғары болып, таза өнімнен жасалған кілемдерді халық көп тұтынды. Қазіргі Д.Қонаев көшесінің бойында да «Жетісу» аяқ киім фабрикасының өнімі де жоғары сұранысқа ие болып, талай адамды жұмыспен қамтып, отбасын асыратып жатты. Бас-аяғы 43 айда салынып біткен Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайы қаланың қарқынды дамып келе жатқан ауданның жаңа мәдениет ошағына айналды. Сонымен бірге қала құрылысы ансамблінің композициялық ажарын ашқан ғимарат болды. Оған жақын тоғыз қабатты үйлер салынды, үлкен бассейн, гүлзарлар орын тепті. Шаляпин көшесінен төмен қарай ел жүретін қос бірдей жол салынды. Қазіргі Алтынсарин көшесінің бойымен Абай даңғылына дейін ұзына бойы гүлзар бақ орнады. Ал, Алматы мақта-мата комбинаты Мәдениет сарайының оңтүстік жағынан бөлінген жерде көлемі 16-50 метр үлкен бассейн субұрқағымен салынды. Алматы мақта-мата комбинаты Мәдениет сарайының бас сәулетшісі болып Еңбек Қызыл Ту орденді «Қазқала-құрылысжобалау» институты бекітілді. Бас мердігер - Қазақ КСР Министрлер кеңесінің жанындағы «Басалматықұрылыстың» «Алматымәденитұрмысқұрылыс» тресінің 18 құрылыс-монтаж басқармасы, тапсырыс беруші - Алматы мақта-мата комбинаты болды. Алматы қалалық атқару комитеті ұсынған ғимараттың сәулет-құрылыс жобасын Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс мекемесі бекіткен соң Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жүзеге асырды. Алматы мақта-мата комбинаты Мәдениет сарайы құрылысын жүргізудің өзіне тән ерекшеліктері болды. Сарайдың төменгі қабырғалары мен баспалдақтары, гүл отырғызылған алдыңғы алаңқай мен қоршаулары Қордайдың мәрмәр тасымен өрілді. Мәдениет сарайының ғимараты әртүрлі сатылы биіктіктен тұрды. Оның біреуінде - орталық вестибюль, киім шешетін орын, көрермен залы, фойе, клуб бөлмелері, екіншісінде - әртістердің дайындық залы мен бөлмелері орналасқан. Ғимарат бөлмелері мен қосымша жайларды

еркін пайдалануға болады. Мәдениет сарайы сахнасы 24-24 метр көлемінде. Сахнаны тиімді пайдаланудың жолдары да жан-жақты қарастырылған. Мәдениет сарайының фойесі мен көрермен залының қабырғасы Маңғыстаудың ұлутасымен қапталды. Көрермен залының еденіне Алматы кілем фабрикасының арнайы тапсырыспен дайындаған кілем төселді. Мәдениет сарайының көрермен залында концерт, кинофильм қоюға, көрмелер мен әртүрлі шаралар өткізуге өте қолайлы. Негізгі бөлмелер 4-5 қабаттарға орналасқан. Мәдениет сарайының сәулет-құрылыс жобалық шешімі сол ауданның сейсмикалық жағдайын ескере отырып жасалды. Мәдениет сарайының жалпы құрылыс қаңқасы екі павилонға бөлінген. Құрылыстың жалпы алаңы 58337 шаршы метр жерді алып жатыр. Мәдениет сарайында өтетін шараларға, концерттер мен кинофильмдерге көрермен билет сатып алатын касса жайы жүргінші көп Шаляпин көшесі жағына оқшау орналасты. Мәдениет сарайын сумен, жылумен және электр қуатымен қамту жақын көшелерге тартылған желілер мен құбырлар арқылы іске асырылды. Мәдениет сарайының жалпы құрылысы орталық бөлігіндегі тіреу бекіткішке жалғастырылған. Мәдениет сарайының құрылысы біткен кезде аралап көрген Дінмұхамед Қонаев «Мәскеу Кремліндегі «Грановитая палата» құрылысына ұқсатып салған екенсіңдер» деп жағымды баға берген болатын. Алматы мақта-мата комбинатында еңбек ететін жұмысшы-қызметкерлер: «Біздің Мәдениет сарайымыз кез-келген театрдан кем емес», - деп мақтан ететін. Сан мыңдаған адамды жұмыспен қамтыған, кезінде атағы дүркіреп шығып тұрған Алматы мақта-мата комбинатының қазіргі жай-күйі аянышты. Өндіріс орны тоқтап, үлкен сауда орнына айналып кеткен. Алматы кілем фабрикасының жағдайы да сондай күйде. Оларға басшылық жасап, қамқорлық көрсететін Жеңіл өнеркәсіп министрлігі де жабылып қалған. Дегенмен, Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайы сол қалпында сақталған. Онда Н.Сац атындағы балалар мен жас-

өспірімдер орыс театрының өнер ұжымы жұмыс істеп жатыр. Біраздан бері күрделі жөндеу көрмегендіктен, біраз жерлері тоза бастаған, төмендегі қаптамалары мүжілген. Мәдениет сарайының қасындағы үлкен жабық бассейіннің жағдайы жақсы, біреулер жекешелендіріп алған болу керек, әлі күнге жұмыс істеп тұр. Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайында қазіргі уақытта Н.Сац атындағы жасөспірімдер театры орналасқаны белгілі. Ол зауыттың мәдени өмірінің басты орталығы болды. Мұнда көркемөнерпаздардың концерттері өткізіліп тұрады. Жаңа жыл қарсаңында зауыт қызметкерлерінің балалары үшін жаңа жылдық шырша ұйымдастырылатын. 9 мамыр «Жеңіс күндеріне» арналап әр дүкен өз өнерлерін дайындайтын. Комбинат мұндай шараларға ардагерлерді қонаққа шақырып, комбинат жігіттері Ұлы Отан соғысы туралы қойылымдарды сахналарда көрсетіп, еске алу шараларын өткізетін. Комбинаттың құрамының басым көпшілігі әйел адамдар болғандықтан, «8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесіне» ерекше назар аударылды. Барлық әйелдерге гүлдер мен құнды сыйлықтар берілді, ал кешке Мәдениет сарайында концерт бағдарламалар қойылды. Көптеген бұрынғы зауыт қызметкерлері осындай шараларды жылумен еске алады. Әрбір жылы мамырдың 1-і мен 7-і күні көшелерге мерекелік қолдаушылардың бір бөлігі ретінде қызметкерлер шығатын. Шеруге бірнеше мың адам қатысты. Комбинаттың қызметкерлері ең жақсы көйлектерін киіп, көшелерден мақтана жүріп өтіп, платформаға комбинатымыздың эмблемасымен мақтана жүріп өткен. Мерекелердің жалпы атмосферасында оның саяси мәні тіпті сезілмеді. Керісінше, бұл халықтық фестивальдарға ұқсас болды [2,17п.].

1967 жылы комбинаттың аясында «Текстильщик» газетінің басылымы жарыққа шыға бастады. Ол кәсіпорынның өмірі мен өндіріс жоспарларын, комбинаттың тыныс-тіршілігін жүзеге асырудағы қызметкерлердің жетістіктері туралы жазды. Комбинат әкімшілігі шет мемлекеттердің әріптестерімен тығыз байланыста болды. Әлеуметтік бағдарлама және патронаж аясында Алматы мақта-мата комбинаты балалар үйлеріне белсенді көмек көрсетті. Компания Қытаймен шекарада «Қуркулдектің» шекаралық бекетіне қамқорлық жасады. Фабриканың қызметкерлері шекарашыларға маталар, спорттық тауарларды, жұмыс киімдерімен қамтамасыз етті. Кезінде өнеркәсіп саласының алыбына айналған кәсіпорынның тарихы осылай аяқталғаны аянышты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОМА. 2040-қор, 1-тізбе, 125-іс.
2. ҚР ОМА; 2040-қор, 1- тізбе, 126-іс.
3. ҚР ОМА; 2040-қор, 1-тізбе, 223-іс.
4. М.Мұқашиегі, «Өнеркәсіптің тынысын кеңейтуге көмектесер 10 ұсыныс», «Алматы ақшамы», 2010ж, №2, 2бет
5. М.Мұқашиегі, «Отандық өндіріс: Қиындық пен құлшыныс», «Алматы ақшамы», 2012ж, №5, 2 бет
6. «Вернуть на комбинат профессионалов», «Казахстанская правда» 2009 ж., №11, 4 бет
7. «Vox Populi» ресми сайты. Легендарный АХБК: славная история с печальным концом.

ӘӨЖ 94(560) (092)
ГРНТИ 03.09.21

*Н.Б. Рахимбердиева*¹

¹«6М011400 Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

*Б.С. Жумагулов*²

²Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., профессор

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ҰЛЫ РЕФОРМАТОР- МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК

Аңдатпа

Мұстафа Кемал Ататүрік – бодан халықтың үмітін оятқан, жаулардан елін қорғай білген, елдің еңсесін тіктеудің бағдарын жасаған аса ірі стратег және қоғам қайраткері. Мақалада Мұстафа Кемал

Ататүріктің өмірі мен тұлға ретіндегі қалыптасу жолы қарастырылған. Сондай-ақ, Түрік халқының ұлы саясаткері бола отырып және елдің тұңғыш президенті атанған Мұстафаның жүргізген реформаларына, саясатына талдау жасалған. Сонымен қатар, оның мемлекет пен қоғамды дамытуға қосқан рөлі баяндалған. Мұстафа Кемал Ататүрік туралы Түркияда да, шет елдерде де көп жазылған. Отанында оның есімі бүгінгі күнге дейін үлкен құрметке ие. Түркияда ғылыми зерттеулерді есептемегенде, Ататүрік туралы жазылған естеліктердің, оған арналған өлең-жырлар мен дастандардың өзі том-том. Ол жайында көркем шығармалар, фильмдер, спектакльдер, музыкалық туындылар да жетерлік.

Түйін сөздер: Түркия Республикасы, реформа, Мұстафа Кемал Ататүрік, Осман империясы

Рахимбердиева Н.Б.¹

¹*Магистрант 2 курс специальности «6M011400 История»*

Жумагулов Б.С.²

²*Научный руководитель, к.и.н., профессор*

ВЕЛИКИЙ РЕФОРМАТОР ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКИ – МУСТАФА КЕМАЛЬ АТАТЮРК

Аннотация

Мустафа Кемаль Ататюрк - великий стратег и общественный деятель отчаянной страны, он пробудил надежду народа, смог защитить страну от врагов. В статье рассмотрен образ жизни и личность Мустафы Кемали Ататюрка. Также в статье проанализированы реформы и политика Мустафы как великого политика турецкого народа и первого президента страны. Также описывается его роль в развитии государства и общества. О Мустафе Кемале Ататюрке много пишут как в Турции, так и за рубежом. По сей день на родине его имя вспоминают с большим уважением. В Турции за исключением научных исследований, есть огромный объем воспоминаний и стихов, написанных о нем. Также много произведений искусства, фильмов, спектаклей и музыкальных композиций.

Ключевые слова: Турецкая Республика, Реформа, Мустафа Кемаль Ататюрк, Османская империя

Rakhimberdiyeva N.B.¹

¹*Master student of 2 course specialty «6M011400 History»*

Zhumagulov B.S.²

²*Supervisor, Candidate of History, Professor*

THE GREAT REFORMATOR OF THE REPUBLIC OF TURKEY MUSTAFA KEMAL ATATURK

Abstract

Mustafa Kemal Ataturk – a great strategist and public figure in a desperate country, he awakened the hope of the people, was able to protect the country from enemies. The article describes the lifeway and personality of Mustafa Kemal Ataturk. The article also analyzes the reforms and politics of Mustafa as a great politician of the Turkish nation and as the first president of the country. It also describes his role in the development of the state and society. Much has been written about Mustafa Kemal Ataturk in Turkey and abroad. To this day, in the homeland his name is remembered with great respect. In Turkey, with the exception of scientific research, there is a huge amount of memories and poems written about him. There are also many works of art, films, performances and musical compositions.

Keywords: Republic of Turkey, Reform, Mustafa Kemal Ataturk, Ottoman Empire

XIX ғасырдың соңында ұлы Осман империясы қиын кезеңді басынан өткізіп жатты. Бөлініп, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған ел саясатшы, әскери стратег Мұстафа Кемал Ататүріктің күшімен өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Сол үшін де ұлы саясаткерге «Ататүрік» есімі берілген. Ататүрік сөзінің мағынасы «Түрік халқының атасы» дегенді білдіреді. Расымен де, бұлай атауға тұрарлық тұлға еді.

Тәуелсіз Түркияның бірінші президенті болғаннан кейін, Ататүрік сол кездері маңызды әрі шешуші, батыл реформаларды жүргізді. Ол қуатты түрік армиясын құрды, құқықтарды теңдестірді, әйелдер мен еркектердің теңдік мәселесін шешті, жаңа латын әліпбиін енгізді. Реформатор ретінде ол қашанда біздің жалғыз жолымыз бар, ол - Еуропа деп айтатын. Ататүрік зайырлы, Еуропа іспеттес мемлекет құрса да, халқының өзіндік ерекшелігін сақтап қалды.

Ататүріктің ұстанған саясаты, қабылдаған реформалары әрқашан оң өзгеріс әкелмеді, өйткені, елдегі жасалып жатқан өзгерістер елге кері әсерін тигізеді деген пікірде болған қарсыластары болды. Алайда Ататүрік батыл әрі тәуелсіз қадамдар жасаудан қорықпады.

Түріктің I Петрі саналатын ұлы реформатордың өмір жолы қалай болды екен?

1881 ж Грекия елінің Селаник қаласы, Ходжакасым кварталында Осман империясында Әли Рыза Ефенді және оның әйелі Зубейда ханымның отбасында Мұстафа есімді ұл бала дүниеге келді. Оның әкесі Әли Рыза бей ағаш материалдарынан сатуға көшкен бұрынғы орта деңгейлі кеден шенеунігі, анасы Зүбәйда ханым шаруа әйелі еді. Мақбүпә есімді қарындасы болған. Әкесі ерте қайтыс болып, анасының қолында өседі, анасы ұлының қаһармандыққа толы күрескерлік өмірінің куәсі болды. Мұстафаның нақты туылған күні белгісіз. Бұл ескі григориан күнтізбесінің қабылданбағандығынан жіберліген қате еді. Кейінірек, Осман империясы тұсында Хижра күнтізбесі қолданыла бастады. Мұстафаға анасының көктем мезгілінде туылдың деп айтқан сөзіне қарап, Ататүрік өзінің туылған күні ретінде 19 мамыр Түрік Республикасының тәуелсіздігі үшін күрес басталған күнді таңдайды. Мұстафа Кемал Хафиз Мехмед мектебінде оқи бастайды, кейінірек, әкесінің қалауы бойынша Шемси Ефенді мектебіне ауысады. Көп ұзамай Мұстафа жеті жасқа толған кезде 1888 ж әкесі кенеттен қайтыс болады. Селаник Әскери орта оқуында оқиды. 1893 жылы Әскери оқуға түседі. Математика мұғалімінің де есімі Мұстафа болды, ол өзінің сүйікті шәкіртіне «Кемал» деген қосымша ат береді. 1896-1899 жылдарында Манастырдағы Осман Әскери лицейінде оқиды, кейін Стамбұлдағы Әскери училищесінде түседі, 1902 жылы тәмамдайды. Әскери оқу академияға ұласады кейіннен Бас штабта жалғасады. Осында оқи жүріп, өз жолдастарымен бірге «Ватан» («Отан») ұйымын құрады. Бірақ ұйым мүшелері ойының ортақ болмау салдарынан ол бұл жерден кетіп, жасырын түрде жас түріктердің «Бірлік және прогресс» партиясының құрамына кіреді [1].

1905 жылдың 5 қаңтарында (академияны бітірген, бірақ капитан шенін алмай тұрған кезі) оның бар мақсатын біліп қойған сұлтанның құпия қызметі Мұстафаны абақтыға жаптырады. Арада бірнеше ай өткенде академиядағы ұстаздары одан талантты офицер шығатынын айтып шығарып алады. Бірақ осы оқиғадан кейін ол Осман империясының дамыған еуропалық бөлігінде емес, артта қалған Дамаск қаласына жұмысқа жіберіледі.

Осылайша, Мұстафаның әскери карьерасы басталады. Мұстафа Кемал әскери адамның билік мансабына тез-ақ жеткен. Бұдан арғы Мұстафаның әскери жолы ғасырлар бойы алып империя болған Осман империясының ыдырау кезеңіне тұспа-тұс келді. 1906 жылы Мұстафа Кемал бірнеше сенімді өзі сияқты жас офицер жолдастарымен бірге «Отан және еркіндік» революциялық жасырын қоғамын құрды. Қоғам мүшелеріне Кемал Абдул Хамид II олардың саясатына наразылық білдірді.

Осман империясының 34-ші сұлтаны 1876 жылы конституцияны жариялап, оған қол қою үшін тағайындалған болатын. Алғашында, ол сол қызметін атқарып, өз адамдарының сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болды. Алайда, 1878 жылы сұлтан конституцияны жойып, үкіметтің деспоттық режимін құрды. Осман империясына шетелдіктердің басып кіру қаупі төніп тұрды және барлық салық төлеушілердің ақшасы еуропалық банктерге берешек төлеуге жұмсалды. Бұған олар Абдул Хамид II кінәлады. 1905 ж ол, қиындықпен өлім жазасынан құтылды. «Отан және еркіндік» ұйымы сұлтанның құлатылуын мақсат етіп қойған көптеген революциялық ұйымдардың бірі болатын [2].

Елінде мұндай жағдайлар орын алып жатқан тұста Мұстафа әрекетсіз отыра алмады. Мұстафаның Сириядағы әскери өмірі дәл осы патшалықтың ыдырау үдерісінің шыңына жеткен кезеңімен қатар келді. Оның саяси көзқарасының қалыптасуына басшылардың жағымпаздық және жемқорлық әрекеттері түрткі болды. Бір кезде мақтаныш тұтқан империяның талан-таражға түсе бастағанын көріп, Мұстафаның жаны күйді. Оның досы Али Фетхидің айтуынша, Кемал шын

мәнінде Балқанда қызмет етуге бел буды, ал 1907 жылы әскерде жақсы беделінің арқасында ол өзінің мақсатына жетті. Сол жылы Мұстафа Кемал дәрежесі көтеріліп Манастердегі 3-ші армияға жіберілді.

1907 жылы Сириядан кетіп, өзінің туған жері Селаниктегі 3- армия корпусының штаб бастығы қызметіне тағайындалған соң, 1908 жылы Әнуар- паша мене Мұстафа Кемалдың жетекшілігімен жас түріктер ұйымдастырған төңкеріс басталады. Төңкерісшілер II Абдул - Хамит сұлтанның саяси режимі мен елдегі ол қалыптастырған конституциялық монархияны құлатты[3].

1912 жылдың 9 қазанында Түркияға қарсы Болгария, Сербия, Грекия және Черногория бірінші балқан соғысын бастайды. Бұл бірінші Балқан соғысында Түркия жеңіліске ұшырап, Ыстамбұл мен Шығыс Фракияның шағын бөлшегінен басқа еуропалық жерлерінің бәрінен айырылады. 1913 жылдың 29 маусымында Екінші Балқан соғысы бастау алды. Осы соғысқа қатысқан Мұстафа Кемал Диметокия менің Эдирненін Түркияға қайтарылуына үлкен еңбек етті. Болгарияны жеңген соң, Мұстафа подполковник шенін алып, сол елге әскери атташе қызметіне тағайындалды. Қарамағындағы дайындықсыз, білімсіз, қару-жарағы нашар әскерді басқарғанына қарамастан, бұл соғыстарда Мұстафа Кемал аса дарынды қолбасшысы екенін көрсетті.

1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Оның бір жағында Франция, Ұлыбритания және Ресей тұрса, екінші жағында Германия, Австро – Венгрия және Осман патшалығы тұрды. Мұстафа бұл таңдаулы қателік деп есептеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрқ ете қалған кезде Мұстафа Кемал өзі шайқасқан майдандардың бірінде де сеніп тапсырылған іскерлерге шебер басшылық ете білді. 1915 жылдың сәуірінде Ол Галлиполи түбегінде британ қолын жарты айдан астам уақыт бойы ұстап тұрды, сол шайқастан кейін «Ыстамбұлдың құтқарушысы» деген атқа ие болды. Бұл түрік әскерінің бірінші дүниежүзілік соғыстағы сирек жеңісінің біреуі еді. Бұл соғыстан кейін Мұстафа Кемал дивизия генералы шенін, «Паша» құрметті атағын алады.

1916 жылы ол басқарған әскери бөліктер орыс әскерлерінің Эрзурум түбіндегі шабуылын тойтарған, Сакарья өзені бойындағы жеңістен (1921 жылдың 23 тамызы мен 13 қыркүйегінің арасы) кейін Мұстафа Кемал ұлттық батырға айналды. Ұлы Ұлттық жиналыс оған маршал атағына қоса құрметті «Ғази» (Жеңімпаз) лауазымын берді. Мұстафа Кемал Ататүрік тарапынан құрылған ұлттық қорғану ұйымы түрік халқының ұлт-азаттық күресі тарихында жаңа бір ерлік дәуірін бастады. Алайда ұлтты құтқару күресі сыртқы жауды жеңіп, туған жерін азат етумен ғана шектелмейді. Ұлт күшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ? 1922 жылы түрік әскерлері барлық майданда шабуылға шықты. Басқыншылар туған жерден қуылды. Бейбіт бітім шарты жасалды. 1923 жылдың 24 маусымында Лозанн бейбіт келісімшартына қол қойылады. Бұл шарт Түркияның масқара капитуляция режимі мен халықаралық қаржылық бақылауға түсу кіріптарлығын жойды. Түркия жаңа шекарасын белгіледі. Оған шығыс Фракия, Измир және Севар келісімшарты бойынша бөлініп кеткен басқа да аумақтар қосылды. Осылайша, Түркия тәуелсіз державаға айналды. 1923 жылдың 29 қазанында Ұлы Ұлттық жиналыс Түркия Республикасын жариялады. Түркия Республика болып жарияланғаннан кейін саяси бағытта төмендегідей өзгерістер орын алды. 1922 жылы 1 қараша: Сұлтанаттың жойылуы; 1923 жылы 13 қазан: Анкара Түркия Республикасының астанасы болып жарияланды; 1923 жылы 29 қазан: Түркия Републикасының жариялануы; жаңа Конституцияның қабылдануы; Мұстафа Кемалдың Түркия президенті болуы; 1924 жылы 3 наурыз: халифат жойылуы[4].

Түрік ұлтын, жаңа түрік мемлекетін заманауи өркениет деңгейіне жеткізу жолында Ататүрік жүзеге асырған реформалардың негізі принциптердің жиынтығы «ататүрікшілдік», «кемализм» деп аталады. Бұл-жалаң теория емес, Ататүрік құрған Түркия республикасы мемлекетінің практикалық тұғырдағы тұғырнамасы, идеологиялық арқауы, мыналар:

1. Республикашылдық (мемлекеттің және ұлттың тұрақты түрде республикалық құрылым жолымен басқарылуы;)
2. Халықшылдық (мемлекеттің халық үшін қызмет етуі және оның халық тарапынан басқарылып отыруы;)
3. Ұлтжандылық (ұлтжандылық, түрік ұлтының мүдделері мен мерейінің басты мақсаты болып табылады);
4. Мемлекетшілдік (барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени шаралар Түркия мемлекетінің мәңгі өмір сүруін және нығаюын қамтамасыз етуі керек);
5. Лаицизм (діни емес, зайырлы мемлекет жүйесі);
6. Революцияшылдық (тоқырауға жол бермеу, үнемі даму, жаңару үстінде болу, әлемдік өркениеттен артта қалмау)[5].

Мұстафа Кемал Ататүріктің құрып кеткен осы саясатын, реформаларын ұстанған түрік елінің бүгінде болашағы жарқын деп айтуға болады. Ол ұлттың азат етушісі, құтқарушысы, жауынгері, мемлекеттің ұйыстырушысы, дана әмірші, жарқын болашақ жолындағы күрескер, түріктердің атасы.

1938 жылдың наурыз айында дәрігерлер Мұстафа Кемал Ататүрікке «бауыр циррозы» деген диагноз қояды. 1938 жылдың 10 қарашасында түріктердің атасы Долмабахче сарайында мәңгілікке көз жұмды. Ол өзінің барлық дүние-мүлкін партияға беруді өсиет етті. 1938 жылдың 21 қарашасында оны Анкара этнографиялық мұражайы ғимаратына уақытша жерледі. 1953 жылы 10 қарашада арнайы тұрғызылған «Анытқабір» мұражайына көшіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Burcu Özcan, Basına Göre Şapka ve Kılık Kıyafet İnkılabı, Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, İstanbul 2008*

2. *Fotograflarla Atatürk'un hayatı (Dogumundan olumune kadar) Dogan Kardes Matbaacilik Sanayii A.S.*

3. *Ataturk yolu. Ankara 1995y, Ataturk kultur, dil ve tarihi yuksek kurumu Ataturk.Arastirma Merkezi.*

4. *Ataturk ilkeleri ve inkilap tarihi-I. Yazar: Prof Dr.Ahmet Mumcu. T.C. Anadolu universitesi yayinlari.*

5. *Д.Ф. Қаратаева ВЕСТНИК ЖГУ им. И. Жансугурова № 2-3 / 2012*

ӘӨЖ 11.98-16

ГРНТИ 03.06.09

Р.Р. Оспанова¹

¹*т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ - нің доценті*

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫ МЕН УЕЗІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІС САЛАСЫНЫҢ СИПАТЫ

Зайсанның шаруашылық өмірі Зайсан көлі мен осы көлдегі су жолымен тығыз байланысты. Халық шаруашылығын көтеруде Зайсан көлінің маңызы зор болды. Жылына Зайсан көлінен балық ауланып қайтарымы жоқ байлық Ресейге тасылып жатты. Онымен қатар жергілікті тұрғындардың кедейленген топтары балық шаруашылығын кәсіп ете бастады. XX ғ. басына қарай аймақтағы тау-кен өнеркәсібі дами бастайды. Зайсанда кен орындары кеңейіп, жалдамалы жұмысшылар табы қалыптасты. Қазан революциясына дейін Зайсанда алтын тағы басқа кендер және өндіріс орындары жұмыс істей бастаған. Бұл өндіріс орталығы ретінде дамып келе жатқан қаланың экономикасына өзінің баға жетпес үлесін қосты. Соның бірі 1876 жылы Зайсандағы Т. Курской ашқан “Борисовск” алтын кенін атап өтуге болады.

- XIX ғасырдың аяғында Зайсанда алтын кен орындары ашылғаннан кейін Семей облысындағы алтын өндірісі дами бастады. Егер XIX ғасырдың 60 жылдарында 8 ден 25-ке дейін науқан уақытында кен орны жұмыс істесе, 1886-1899 жылдар аралығында олардың саны 130-ға дейін жетті. Өскемен және Зайсан уездерінде алтын өндірісінің жұмыстары күшейе бастады. 1910 жылы Хатимский мен Мусин атты тау-кен өндірісшілері Зайсан уезінде Марқакөл алтын өндірістік азаматтығын құрды.

Тірек сөздер: Зайсан қаласы, уезі, шаруашылық құрылымы, өндіріс саласының сипаты, кен орындары,

Оспанова Р.Р.¹

¹*к.и.н., доцент КазНПУ имени Абая*

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ СОСТОЯНИЕ ЗАЙСАНА И ОДНОИМЕННОГО УЕЗДА В XX ВЕКА

Аннотация

Хозяйственный жизнь Зайсана было тесно связано с озером Зайсан и водной линией этого озера. Озеро Зайсан сыграла важную роль в подъеме народного хозяйства. Каждый год уловленные рыбы,

богатства Зайсана экспортировались в Россию. Кроме того, более бедные группы населения начали заниматься рыболовством. В начале XX века в регионе начала развиваться горнодобывающая промышленность. В Зайсана начали увеличиваться места руды и появилась группа наемных работников. До Октябрьской революции в Зайсана начали действовать месторождения золота и других руд. И это как производный центр внес свой неоценимый вклад в экономику развивающегося города. Можно отметить «Борисовский» золотой рудник, открытый в 1876 году Т.Курской в Зайсана.

После открытия золоторудных месторождений в Зайсана в конце XX-го века добыча золота в Семипалатинском регионе начала развиваться. Если в 60 годах XIX века месторождения работало в течение 8-25 кампаний, то с 1886 по 1899 год их число достигло 130. Работы по добыче золота в Усть-Каменогорском и Зайсанском округе начали активизироваться. В 1910 году Хатимский и Мусин создали золотой бизнес Маркоколя в Зайсанском уезде.

Ключевые слова: город Зайсан, уезд, структура хозяйства, характер обрабатываемой промышленности, месторождения.

*Ospanov R. R.*¹

*¹ candidate of historical sciences, associate professor
of KazNPU named after Abai*

THE ECONOMIC PRODUCTION STATUS OF ZAISAN AND THE EPONYMOUS COUNTY IN THE TWENTIETH CENTURY

Annotation

The economic life of Zaisan was closely connected with the lake Zaisan and the water line of this lake. Lake Zaisan played an important role in the rise of the national economy. Every year, the caught fish, the wealth of Zaisan was exported to Russia. In addition, poorer groups have begun fishing. At the beginning of the twentieth century, the mining industry began to develop in the region. In Zaisan, ore sites began to increase, and a group of hired workers appeared.

Before the October Revolution gold deposits AND other ores began to operate in Zaisan. And this, as a derivative center, has made its invaluable contribution to the economy of a developing city. It may be noted "Borisov" gold mine, opened in 1876 by T. Kursk in Zaisan.

After the discovery of gold deposits in Zaisan at the end of the twentieth century, gold mining in the Semipalatinsk region began to develop. If in the 60s of the 19th century, the deposits worked during 8–25 campaigns, then from 1886 to 1899 their number reached 130. Gold mining in the Ust-Kamenogorosky and Zaisan district began to intensify. In 1910, Khatimsky and Musin created the gold business of Markokol in Zaisan district.

Keywords: Zaisan city, county, farm structure, nature of the processing industry, deposits.

XX ғасырдың басында Ресейдегі аграрлық мәселе өте шиеленісіп кеткен еді. Әлде болса ірі жер иеленушілік сақталып қалды. Бұл кезде крепостниктік помещиктер қолында 70 млн. ондық жер болды. 1905 –1907 ж. ж. орыс революциясы жеңіліске ұшырады. Сонымен бірге бұл революция патша үкіметіне деревнялардағы ескі жартылай крепостниктік тәртіпті сақтаудың мүмкін еместігін тек айдау, қудалау, жазалау экспедициялар, түрме арқылы жерді помещиктердің қолында сақтап қалудың болмайтындығын көрсетіп берді. Бұл революция патша үкіметінің жалпы алғанда аграрлық мәселесіндегі және соның ішінде қоныс аудару мәселесіндегі тәсілдерін өзгертуге мәжбүр етті. Ол ауыл шарушылығын елдің капиталистік жолмен дамуына бейімдеу бағытын ұстап, қала мен ауыл халқынан тірек іздей бастады. Ресейдегі капитализмнің дамуы да орта ғасырлық жер иеленуді және деревнядағы барлық крепостниктік қалдықтардың жойылу керектігін көрсетіп берді.

XX ғасырдың басындағы ішкі Ресейдегі аграрлық қозғалыстар үкімет органдарында да, помещиктерді де қоныс аудару саясатына жаңа тұрғыдан қарауға мәжбүр етті. Олар Ресей ішіндегі аграрлық шиеленістер мен қоныс аударуды байланыстырып, қоныс аударуға жаңа сипат беруге көшті. Ішкі істер министрілігінің 1884 жылғы 29 шілдедегі жарлығы бойынша Сібір мен дала өлкесіне қоныс аударуға қойылған шектеу жойылып, қоныс аударушыларға ешқандайда кедергісіз

құжаттар беру губернаторларға жүктелді. XX ғасырдың басында Сібір казак әскерлері әкімшілік жағынан үш бөлімге бөлінді. Олардың 1-ші және 2-шісіне Ақмола облысына орналасқан казак поселкелері жатады. Ал 3-ші бөлігі Семей облысында орналасқан. Биск линиясында орналасқан казак әскерилері жатады. Семей облысы бойынша казак поселкелері 64 және Зайсан уезінде 2 хутор бар. Осы 64 поселкінің елу бесі Ертіс маңына орналасқан барлық поселкелер 15 станицияға бөлінген. Мысалы Зайсан уезінде аталған кезеңде 6 поселке болған [1].

Ал 1904 жылы 6 шілдеде қабылданған “село тұрғындары мен мешан егіншілерді өз еркімен көшіру туралы уақытша ережелер” соған дейінгі осы мазмұндағы заңдық актілерді ауыстырды. Оның бірінші бабында диханшылықпен айналысатын және “үгіт қажет деп тапқан” аудандарға барғысы келетін жер тапшы губерниялардан шыққан қоныс аударушыларға бұдан былай үкімет орындарының көмек көрсететіндігі айтылады. Бұл категорияға жататын қоныс аударушылар үкімет тарапынан түрлі артықшылықтармен материалдық көмек алуға құқылы болды.

Ал өз еркімен қоныс аударушыларға үкімет тарапынан ешқандай көмек болмады.

Осымен қатар қоныс аударуды қамтамасыз ете алатын мекемелер құру қолға алынды. 1896 жылы ішкі істер министрлігі жанынан қоныс аудару басқармасы ашылды.

1904-1905 жылдары үкімет орындары Қазақстан аумағын қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары 1904-1905 жылдары бұл аталған облыстардың бәрінде аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды. 1911 ж. қоныс аударушылар Семей облысында 3350 жанұя көшіп келген. Кейінгі екі жылда астық өнімінің азаюына байланысты өнім көлемі төмендеген.

1911 ж Зайсанға 1207 семья және 3411 ер адамдар қоныс аударылып келген.

1911 ж. Зайсан уезі мен қаласындағы халық саны ерлер 75730 әйелдер 54556 барлығы 130286 жанды құраған. Осы жылы қала халқының саны 5416, ал қала сыртындағы казак тұрақтарын қосқанда қала халқының саны 5800 тұрғындар санын құраған [2]. Жасанды табиғи өсімен көрсетілген деректер

Кесте 1

1911 жылғы қала халқының саны

Казактар	3940
Шаруалар	16785
Мешандар	3336
Қазактар	104893
Тағы басқалар	117
барлығы:	129071

Патша өкіметі осы уақытта әр үш жыл сайын санақ өткізіп тұрған Зайсандағы казактардың санын түтін санымен де есептеп отырған Зайсанда 1911-1913 ж.ж. 2396 түтін болған.

1903 жылы Зайсандағы мемлекеттік жүктерді тасымалдайтын Зайсан өзеніндегі Топлево мыс портында телеграфтық станция құру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе 1905 жылы шешімін тауып Топлево мыста телеграф линиясын салуға рұқсат беріледі [3].

Сөйтіп, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың алғашқы жылдары қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелерінің жүйесі пайда болды. Бұл мемлекеттердің негізгі міндеті жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің “артығын” тауып қоныс учаскелер дайындау, осы мақсатта құрылған топтардың қызметін ұйымдастыру тағы басқа болды.

1891-1892 жылдары Ресейде құрғақшылық жайлап егін шықпай қалды да, ашыққан шаруалар толқыны казак өлкесіне ағылды. Үкімет орындары қоныс аударушыларға жер бөліп беріп үлгермеді. 1868 жылғы “Уақытша ереже” бойынша казак қауымына және жеке адамдарға орыс шаруаларына жерді жалға беруге құқық берген болатын. Бірақ 1891 жылғы “Дала ережесі” бұл құқықты жойды. Жеке адамдар жерді жалға беру құқығынан айырылды. Жерді жалға беру болыстық съезд үкімімен барлық қоғам атынан жүргізілді. Жалға беру төлемі қоғамдық мұқтаждыққа түсіп отырды. Мұндай жүйе жағдайы қонысаударушылардың жерді жалға алу мүмкіндігін шектейді және шет аймақтарды ауқатты шаруашылықтардың қалыптасуына себеп болады деп есептеді патша әкімшілігі.

Бұған қарамастан жерді жалға алу кеңінен қолданылды. Қоныс аударушылар бір ондық үшін 7 тиын төледі. Кейбіреулері казактардан жерді жекеменшікке сатып алып отырды. Сонымен қатар шабындықтар мен егістік жерлердің 64 пайызы ақшалай төлеммен берілді. Шабындық бір мерзімге берілді, келісім шөптің өнімділігіне қарай көктемде жасаланды. Егістік жер де бір жылға берілді. Тың

жер бірнеше жылға берілген. 1903 қазақ шаруаларының пайдалануынан 63064 ондық егістік жер тартып алынды. Семей облысына 1900-1914 ж. аралығында 470.470 адам қоныстанған.

Орыстардың қазақ шаруашылығына тигізген әсерінің бірі қой шаруашылығының дамуы болды. Қазақтар ең алдымен тауық содан соң үйрек және қаз өсіре бастады.

XX ғасырдың басында қазақ шаруашылығында кейбір техникалық ірі бұршақты және бақша дақылдары пайда бола бастады. 1900 жылы Семей облысының Зайсан, Өскемен, Семей уездерінде 12 пұт картоп отырғызылды, 1, 5 пұт сора, 5, 7 пұт бұршақ және 0, 85 пұт қарбыз себілген [4]. Сонымен қатар қоныс аударушы орыстар мен жергілікті халықтың арасындағы қарым-қатнастың дамуы осы екі халықтың тұрмыс тіршілігіне бірқатар өзгерістер енгізді. Мысалы: Орыстардың келуінен бастап қазақтар төрт дөңгелекті арбаларды пайдалана бастады. Қысты күні орыстардан жеңіл шаналарды алып отырды. Ауыр жұмыс шаналарын қазақтар өздері жасады. XX ғасырдың басында кейбір жерлерде шөп оратын машиналар мен ат тырмалар тарай бастады. Мұндай машиналарды қолдануды үйренген қазақтар оларды қоныс аударушылардан немесе қоныс аудару басқармасының ауылшарушылық қоймаларынан сатып алып отырды. Мысалы, 1891 жылы тек Өскемен уезінің қазақтарында 95 шөп оратын машина және 92 ат тырмалар, ал Зайсан уезінде – 7 шөп оратын машина мен 6 ат тырмасы есептелген.

Жергілікті халықтың киімінде, ас-дәмінде өзгерістер пайда бола бастады. Мұндай өзгерістер орыстардың шаруашылығы мен тұрмыс тіршілігінде де пайда болды. Отырықшы қазақ қоныстары шаруалар селоларына жақындай түсті. Қысқы тұрғын жайлары кесілген бөренеден, шымнан, не күймеген кірпіштен салынған терезелер, ағаш жақтаулары бар үйлер болды.

Ресей губернияларынан қоныс аударып келген шаруалар өздерімен бірге жерді өңдеудің жаңа түрлерін алып келді. Олардың көздеген мақсаты жерді шамасы келгенше жыртып, тозғанша түсімін жинап, сонан соң оны тастап басқа тың жер іздеу еді. Жерге, сонан соң оның байлығына қоныс аударушылар тарапынан немқұрайлы қарау нәтижесінде XIX ғасырдың соңында-ақ Ақмола, Көкшетау, Өскемен, Зайсан уездеріндегі аса құнды ормандардың біразы талан- таражға түсіп, біржолата жойылып кетті.

“Жоғарғы Ертіс жолдастығы” құрылып осы арқылы жүкті Зайсаннан Семейге, Семейден Омбаға, Тюменге жүк тасмалдаған. Ирбітіден-Тюмень-Омск-Семей-Зайсанға дейін жүк тасылған сонымен қатар осы су жолымен Үрімші, Шәуешек қалаларына да жүк тасылған. Бұл жоғары Ертіс жолдастық параходымен сауда байланысы 1911 ж. Зайсан уезіне Томск губерниясынан 3. 636 ж. әйел ер. Кубань губерниясы (443 жан әйел, ер). Таврически губерниясынан (238 жан әйел, ер) [5].

Кесте 2
Зайсандағы халықтың әлеуметтік құрамы

1910 ж.	Қазақ тұрғындары	Қазақтар	Қалалық	Шаруалар
Зайсан	97. 253	3. 801	6. 555	2. 319

1883 жылы “Восточное обозрение” газетінің тілшісі Зайсанға барып сол кезеңдегі аймақ жөнінде былай дейді: Сібірдің шеткі аймағында тұру, соның ішінде Зайсан секілді бекіністік қалада тұру өте қиын, тамақ өнімдері өте қымбат. Бидай ұнының құны 1 пұты 1 сом, 50 тиын. Қазақстанға банктік капиталдардың келуі және территориямызда несие бөлімдерінің ашылуы XIX ғасырдың аяқ шеңіне келеді. Капиталистік қатнастардың дамып бір жүйеге келуіне жер- жерлерде ашылған банктер үлкен үлес қосты. Зайсанда 1914 жылы қалалық қоғамдық банк ашылды [6].

Зайсанда XIX ғасырда Бекшентаевтар мен Абылхановтар фирмасы болған. Оның сауда айналымы 1 миллион сомды құраған. Жұмысшылары өте төмен еңбек ақы алған [7].

Зайсан бұрын тек шекаралық әкімшілік орталық болса, осы кезеңде үлкен сауда орталығына айналды. Зайсанда мал өнімдерін өңдейтін орталықтардың бірі болды. Оған мысал ретінде 1911 жылы “Ерзин және К” азаматтық бірлестігі осы жылы 155 мың сомның тауарын сатқан. 1910 жылға дейін Монғолиядан әкелінген тауарлар Зайсан бекінісінде тексерілген. Зайсан саудагерлері Монғолиямен сауда байланысына Ертіс су жолын пайдаланған [8].

1894 жылы Қарқаралы және Зайсанда түрме мекемелері салынған [9]. Ал өткен жылы шайдың құны 2 сом, 40 тиынға дейін шыққан. Кірпіш шайының 2 фунты 1 сом 30 тиын, фамильный шайдың 1 фунты, 2 сомға дейін барады. 1883 жылы Зайсанда шарап зауытын ашу ісі қолға алынған [10].

Бақша шаруашылығымен аталған кезеңде қазақтар айтарлықтай айналыспады. Зайсанда уез бойынша 1899 жылғы есеп бойынша 554717 бас мал болған. Оның ішінде түйенің саны 7892, жылқы 82387, сиыр 36831, қой мен ешкі 432608, шошқа 20-ға жуық деп келтірілген (цифрлар шамамен келтірілген).

Зайсан бекінісі маңында қызыл кірпіш өндірілген. Сондай-ақ Қара Ертіс болысында ағаш өңделген. Ағаш өндірушілердің саны 1881 жылы Қара Ертіс болысында 35-ке жеткен [11]. Хабарасуда да ағаш өңдейтін орындар болған.

Зайсанда төрт ұстахана, сонымен қатар 1882 жылы саудагер Абрал Мамиевтің май шам зауыты болған. Жыл сайын мұнда 5000 сом қаржы мөлшерінде май шамды 2 жұмысшы шығарған. Зайсаннан жеті шақырым жерде саудагер Жолдыбаевтың тері зауыты орналасан. Онда он жұмысшы 10.000 сом көлемінде тері өнімін өндірген. Жеменей өзенінің жоғарғы жағында жалпы саны он үш су диірмені осы аталған жылдары орналасқан. Мұнда бір салғанда 100 пұт өнім өндірілген. Алғашында біртіндеп 13 болыста су диірмендері орналасқан [12].

Тұрғындарға кен орындарында жұмыс жасауы үшін т. б. тұрмыстық қажеттіліктерді орындау үшін алғашында темір құралдар тегін таратылған еді [13].

XX ғасырдың басында Зайсанда көмір өндірілген. Бірақ өндірілген көмір тек қазыналық мекемелерді жылумен қамтамасыз етуге ғана жеткен. Шамамен 80 мың пұт алынған. Сондай-ақ көмір Зайсанда Спасск темір рудасында да өндірілген. Ал алтын, күміс, түсті металл, темір, тас көмір кендері Зайсанда орналасқан [14].

Алтын кендерінде қазақ жұмысшылары өте төмен еңбек ақымен жұмыс істеді. Жалпы алғанда Зайсанда кен орындарының саны 25. Ал 1882 жылмен салыстырғанда Зайсанда үн өндірісі – 2,5 есеге ұлғайған. 1899 жылы жалпы диірмендердің саны мұнда 32-ге жеткен [15].

1900-1910 жылдар ішінде қоныстандыру басқармасы Монғолияның батыс бөлігін қамтитын Зайсан уезінің маңызын және мемлекеттік мақсатын ескеріп Ертіс және Зайсан өзендеріндегі Батыс Монғолиямен қатысты мемлекеттік қажеттіліктерді шешу керек болды. Сондықтан көшіқон басқармасы ең алдымен осы аудандарға шаруаларды біріншіден сібірліктерді орналастырды. Суармалы және шабындық жерлердің аздығы және жергілікті жердің орталықтан қалалардан алшақ орналасқандығы және қатынас жолдарының аздығы мемлекетке қажетті ауыл шаруашылығының дамуына кедергі етті. Кейінгі алты жыл ішінде жоспарланған поселкелерде қоныстар қалыптасқаннан бастап тұрып келе жатқан тұрғылықты көрмейсің. Олар бір жерден екінші жерге үнемі көшіп жүрген. Бұндай жерлерде шаруашылықтың қалыптасып дамуы байқалмайды. Алайда осы аймақтың шұрайлы жерлерінде қоныс аударушылар, казактар жайғасқан. Тек қоныстанушыларды бұл жерге орналастыра салысымен бұл жер қорғаныстық дамыған елді мекен бола қалмайды. Онымен қатар бұл жерлерге өндіріс орындарын дамыта отырып, шоғырландыру арқылы қол жеткізуге болады. Қоныстанушыларға үкімет тарапынан қаржылай көмектер берілген. Кейде қоныстанушылар бір жерден көмек алып, екінші жерлерге көшіп, ол жерлерден де қаржылай көмек алып отырған. Көмек босатылмаған жағдайда шаруашылықтарын тастап, келген жақтарына кетіп те жатқан.

Ерте қалыптасқан Монғолияға деген қызығушылық саяси жағынан ғана емес өндірістік қажеттіліктер негізінде туындай бастады. Бұл ел жайында XIX ғасырда шетелдік басылымдардың және соңғы уақыттағы Ресей зерттеушілерінің еңбектері нәтижесінде мәліметтер жинақталып баспа беттерінде жарияланған. Орталық империяның зеттеушілері және саяхатшылары олардың қатарында Карл Струве және Г. Потанин бар. Ол екеуі осы жерлерге XIX ғасырдың 60 жылдарында саяхат жасап табиғи байлықтарының бай екендігін сипаттай келіп, олардың әлі күнге дейін өңделмеген екендігін баяндайды. Тау-кен жұмыстарының кейбір салалары бойынша Монғолдар мен Қытайлар мұнда жұмыс жасаған. Алайда олардың көлемі үлкен емес және олар үшін тиімсіздеу болды. Осындай жұмыстардың көрнісін Зайсаннан да көруге болады. XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін бұл аймақты заңсыз болса да Қытай империясы иеленген. Тек 1866 жылғы Зайсан трактатынан кейін межелеу шектері қайта анықталады. Бұрын осы уезде Қытайлар мен Монғолдар алтын өндеген, тас көмір, металл өнімдерін де өндеген кейбір аудандар болған. Сонымен қорыта келгенде Ресей Зайсанда өндіріс орындарын аша отырып, көршілес Монғолияның да шикізатын тасмалауды және бағалы кен орындарын игеруді алға қойды. XX ғ басында Семей облысы Дала генерал-губернаторлығының құрамында болды. Ал Семей құрамында болған және Зайсан өлкесінде Зайсан өңірінде бал арасы өнімдері алынған. Мысалы: Зайсанның Буконский елді мекенінде ара шаруашылығымен айналысқан. 1881 жылғы есеп бойынша 63 бал арасының тізбесі орналасқан. Осы жылы бұдан 18 пұт 10 фунт бал және 1 пұт 25 фунт омарта өнімі алынған. Осы поселкеде 1881 жылы

225 пұт бидай, арпа өнімдері алынған. Ара шаруашылығы облыста негізінен Зайсан және Өскемен уездерінде дамыды [16].

Кесте 17
1911 ж. Зайсандағы бал өнімінің мөлшері

Зайсан уезі	Қожайындар Саны	Алынған бал		Алынған Омарта (воск)	
		п	ф	п	ф
1911 жыл	55	116	35	2	-

Балық аулау жергілікті тұрғындардың кәсіп түрлерінің біріне айналған. Осы балық шаруашылығының жыл сайынғы есебінен аймақтағы балық шаруашылығының деңгейін, ел экономикасына тигізген әсерін айқындауға болады.

Кесте 18
1904 жылғы Зайсандағы балық шаруашылығының жағдайы

Зайсан	Балықпен айналысатын Семьялар саны	Аулаған Ақ балық		Қызыл балық	
		пұт	құны сом	пұт	құн ы сом
Зайсанға сырттанкелушілер	73	1800	4852	-	-
Барлығы:	1068	1074	245025 0	729	4954
Зайсандық қазақтар аулаған балықтар	277	1462	2774	190	1895
Шаруалар және басқалар аулаған балық	412	8748	13625	383	3812

Зайсанда 38 су диірмені болған 1913 ж. Семейде 1911 ж. (4 жәрмеңке болған). Зайсандағы Никольская жәрмеңкесі 1911жылы 5 май мен 19 май аралығында өткен және оның айналымы 106 мың сом құраған. Өскеменде осы аттас жер бар. Зайсанда осы жылы 1021 пұт шемішке өнімі және тұқымы алынған [16]. 1904 жылы Зайсанға Михаильс барып 3 кітапхананың жағдайын және ондағы жүйелік бөлімдерге бөлу туралы және Семейдің облыстық кітап бөлімінен кітаптар бөлінгендігін айтады және осыған өз алғысын Е.П. Михаэльс А.С. Галкинге телеграмма арқылы білдіреді.

Зайсанда қалыптасқан 1910 жылы мал өнімдерін және азық-түлік сақтайтын қойма қайтадан салынады. Бюджетінен қоғамдық мекемелерге жөндеу жасау үшін қалалық мекемелерден қаржы бөлініп отырған .

1912 жылғы Семей облысының губернаторының есебінде Топливо мыс станциясына телеграф салу туралы мәселе алға қойылады. Бұл сауда-саттық қажеттілігінен туындап отырды . Осы 1911 жылы Семей, Өскемен, Зайсан уездерінде ерте түскен суықтан нан өнімдері, бидайлар үсіп кетеді. Осы аудандарға көмек беріледі.

Ресейде XIX ғасырда капиталистік қатнастардың дамуымен қатар металлға деген қажеттіліктердің негізінде патша үкіметі тау-кен өндірісінің дамуына назар аудара бастады. Жоғарыда келтіргеніміздей зерттеу жұмыстары нәтижесінде кен орындары ашыла бастады. Жалпы XIX ғасырдың аяғына қарай аталған аймақтардағы алтын өндірісінің даму барысы біршама деңгейге жетіп, көптеген жаңа кен орындары ашылып, өз өнімдерін өндіре бастағандығы жайы дәлелдеп берді. Шығыстың шырайын кіргізген Зайсан XIX ғасыр бойында өндіріс орталығы болып, қалыптаса бастаған және кен орындары әр жерлеріде ашылды. Осы өндіріс саласы XX ғасырда қанат жайып кеңейіп, сол кезеңдік экономикаға айтарлықтай үлесін қосты. Сондай-ақ аймақтың шаруашылық құрылымында да бетбұрыстар байқала бастаған. Мысалы шөп шабатын машиналардың шаруашылыққа ене батауы т.б. және қоныс аударушылардың дәстүрлі шаруашылыққа әсері айқын көріне батады. Шұрайлы жерлерінен ығысқан қазақтар, уақыт ағымына сай шаруашылықтарға бейімделді. Сонымен XX ғ. басында ел экономикасында, шаруашылық дамуында біршама жетістіктерге қол жетті.

1. Обзор Семипалатинской области за 1905 г. – Семипалатинск, 1906. – 108 с. (2, 95).
2. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 3541-іс (10).
3. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 3541-іс (20-21).
4. Семипалатинский листок / 1905, № 81 (1).
5. Восточное обозрение Сибири / газ. 1883. – № 10 (8).
6. Фридман Ц.Л. Банк и кредит дореволюционного Казахстана. – Алматы: Наука, 1974. – 210 с. (19).
7. Семипалатинский листок. – 1906, 18 октябрь (1).
8. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 6627-іс (7).
9. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 2734-іс (88-90).
10. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 61-іс (5-8).
11. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 61-іс (15-17).
12. ООММ. 3 қ., 6 т., 9396-іс (1-12).
13. Записка о торгово-экономическом положении приграничной к Китаю Семипалатинской области. – Семипалатинск: Изд-во Биржевого комитета, 1912. – 21 с. (14).
14. Голошубин И. Города, село и станицы» по всем входящим в состав Омский епархии. – Омск, 1917. – 5360 п. (412).
15. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 2676-іс (7-9).
16. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 2676-іс (7-9).

*М.М. Муратказин
т.ғ.к. «Әлем тарихы» кафедрасының аға оқытушысы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ШӘНГЕРЕЙ БӨКЕЕВТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасыр поэзиясы жазба әдебиетінің қалыптасу негізіне үлес қосқан, жазба әдебиет поэзиясында өзіндік орны бар Шангерей Бөкеевтің өмір жолы мен білімінің қалыптасу негізі, шығармашылығы жайында баяндалады.

Сонымен қатар, мақалада ХХ ғасыр поэзиясы жазба әдебиетінің дамыған кезеңдері тұсындағы ақындарының бірі, ХХ ғасырдың белді өкілі, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда қоғамдық-саяси, ағартушылық-педагогикалық ой-пікірдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ поэзиясының өкілі Ш.Бөкеев туралы еңбектерге талдау жасалып, тарихи деректерге сүйене отырып, автор ғалымның жазба әдебиет поэзиясы тақырыбында жазған өлеңдері мен ойлары, тұжырымдары қарастырылады.

Кілтті сөздер: поэзия, ұлт, өкіл, ақын, зиялы.

Муратказин М.М.

*к.и.н., старший преподаватель кафедры «Всемирной истории»
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Қазақстан*

ОБРАЗ ЖИЗНИ И ОСНОВА РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСТВО ШАНКЕРЕЯ БОКЕЯ

Аннотация

В статье описывается творчество Шангирея Бокеева, его жизненный путь и получение образования, которое способствовало формированию основ письменной литературы и поэзии XX века и занимает уникальное место в литературной поэзии.

В статье также проанализированы произведения одного из поэтов XX века, представителя периода письменной литературы и казахской поэзии Ш. Бокеева, внесшего существенный вклад в развитие общественно-политического, образовательного и педагогического сознания в Казахстане до Октябрьской революции. На основании полученных данных автор рассматривает стихи и идеи, написанные ученым в области письменной поэзии.

Ключевые слова: поэзия, национальность, представитель, поэт, интеллектуал.

M.M. Muratkazin

*Candidate of historical sciences, senior Lecturer at the Department of World History
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

LIFESTYLE AND BASIS OF DEVELOPMENT OF CREATIVITY SHANKEREYA BOKEY

Abstract

The article describes the work of Shangeyrei Bokeev, his life and education, which contributed to the formation of the foundations of written literature and poetry of the twentieth century and occupy a unique place in literary poetry.

The article also analyzes the works of one of the poets of the 20th century, a representative of the period of written literature and Kazakh poetry S.Bokeev, who made a significant contribution to the development of socio-political, educational and pedagogical consciousness in Russia. Russia. Kazakhstan. before the October Revolution. Based on the data obtained, the author considers poems and ideas written by a scholar in the field of written poetry.

Keywords: poetry, nationality, representative, poet, intellectual.

Қазақ халқының тарихының қай кезеңінде болмасын ең бір қиын-қыстау замандар мен тығырыққа тірелген күндерде ақындар рухани жағынан тәлім-тәрбие беріп, халықты ұйытып, бүкілхалықтық деңгейге көтеріп, олардың іс-әрекеттері мен қызметтері ел есінде ұмытылмастай сақталып қалса, кейбір тұлғалардың қоғамдық қызметтері аймақтық деңгейде болып, олар сол өңірлердегі халықтың жадында жатталып қалады. Қазақ поэзиясы заман ағымына қарай әрбір кезеңде қоғамдық келелі мәселелерді шешуге негізделіп отырғандығын және осы кезең поэзия өкілдерінің шығармалары арқылы елінің өрістеуіне қызмет етіп отырғанына бізге жеткен әдеби мұралар куә. XX ғасыр поэзиясы жазба әдебиетінің қалыптасу негізінен өріс алып дамыды. Осы кезең ақындарының бірі – тарихтан белгілі, XX ғасырдың белді өкілі, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда қоғамдық-саяси, ағартушылық-педагогикалық ой-пікірдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ поэзиясының өкілі Ш.Бокеев Батыс Қазақстан облысының қазіргі Орда ауданында, Жасқұс құмында – хан Ордасында туылған. Деректерге сүйенсек ол шамамен 1847 жылы тамыз айында туылған. Шәңгерей бес жасында әкесі Сейіткерей мен шешесі Ермек қайтыс болып, болашақ

ақын жетім қалады [1]. Ол Жәңгір ханның немересі хан тұқымы болғандықтан, ауқатты Ордада аса жетімдік көрмей өседі.

Сонымен, Сейіткерей мен Ермектің артында үйелмелі-сүйелмелі екі ұл Шәңгерей мен Мұхаметкерей қалады. Оларға қамқоршы болып Жәңгірдің қос інісі Әділ мен Меңлігерей белгіленді [2]. Алайда көп ұзамай, 1853 жылы Орынбор шекара комиссиясы кіші шешелерінің қолындағы балалардың бұл екі қамқоршысы тарапынан орын алған асыра пайдаланулар жөнінде іс қарайды. Шынында да, қамқоршылардың мекен-жайы мен Сейіткерей тұрағының арасындағы жер шалғайлығы себепті иесіз мал-мүлікке бақылау жасау қиын болғандықтан, кейбір қорлар қолды болып кетуі мүмкін еді. Мұның өзі Бөкейхановтарды Орда билігінен шеттетуде ілік болып жамалса керек.

Бел будым жетімдікке бес жасымда,

Алайда дәулет құсы бар басымда, – деп жазды кейін Шәңгерей [3].

Орынборға келіп орныққан Шәңгерей ағасы Ғұбайдолла көп ұзамай балаларды өз қолына алды. Асылдан қалған қиықтай осы азаматтың үйі сол тұста Жәңгір әулеті бас қосатын қордалы ұяға айналады. Оның тікелей қадағалауымен Шәңгерей тамаша тәрбие алады. Кәмелетке жеткен соң балалар сондағы Неплюев кадет корпусына түсіп оқиды. Ғұбайдолла сол тұста Шәңгерейге тіркеткен Бөкейұлы дейтін фамилия ақынға мәңгілікке есім болып қосылды.

Шәңгерей әке орнына әке болған Ғұбайдолла ағасын өле-өлгенше құрмет сезімімен еске алып өтті. Алғашқы өлеңдерінің бірін Ғұбаш ағасына арнағаны да содан:

Ағасың ақылың артық асқармен тең,

Асылдың арқар ұранды тіреуі сен.

Ала ту Абылайдың ала аттансаң,

Аламан артындағы біреуі мен, –

деп келетін өлең өлкесіндегі алғашқы қарлығашынан оның осы ағасына қандай үміт артқанын аңғаруға болады [4].

Шәңгерей мектеп жасына іліккен 50-жылдардың ортасында мектепте (ресми түрде училище аталған) отыз шақты бала оқыды. 1848 жылға дейін мектеп хандық қаражаты есебінен ұсталды да, кейін жыл сайын халықтан жиналатын 1400-1500 күміс жылу ақшамен қаржылана бастады. Жағдайы жоқтар осы қаржы есебінен интернат жүйесімен мектеп жанында жатып оқыды. Қалғандары үйден қатынады. Оқушылар дәл қай жастан бастап қабылданғаны жөнінде дерек жоқ, бірақ архив құжаттарында «оқушылардың жасы тоғыз бен жиырма екі аралығында болды» деп көрсетілуіне қарағанда, балалар тоғызға іліктіріп барып қабылдана керек. Осы есеппен шығарсақ, Шәңгерей мектепке 1856-1857 жылдар шамасында барған болады. Мектеп алғаш ашылған 1841 жылдан қайта құрылған 1879 жылға дейін төрт жылдық жүйемен оқытқан. Олай деуге себеп, ішінде Мұхаммед-Салық Бабажанов, Мақаш Бекмұхамбетов, Султан Шалабаев, Мырзағали Саңғырықов, Жүсіп Ниязов, Сұлтанмахмұт Жантөрин, Арыстангерей Бөкейханов, Зұлқарнай Нұралыханов бар, 1841 жылы қабылданған оқушылардың алғашқы тобы 1845 жылы Орынбор кадет корпусына түскен. Демек, училище төрт жылдық. Осы ретпен Шәңгерей оны 1860-1861 жылдары, он үш-он төрт жасында тәмамдаған.

Нұғыман Манайұлы Шәңгерейдің Орынбор кадет корпусына түсіп, бірақ оны бітірмей, екі жылдан кейін тастап кеткенін жазады. Осы деректі соңғы зерттеушілер қабылдап, мұнан соңғы мақала-жинақтарға да солай енгізіп келеді. Қажым Жұмалиев Манайұлы деректерін түгел қабылдай отырып, «Шәңгерей Астраханьда реальное училищені бітірген» деп бір-ақ жерде өз тарапынан мәлімет қосқан. Бертінгі зерттеушілерден бұл деректі Нәбиден Әбутәлиев қуаттайды, бірақ оның жазуынша реальдық училище емес, Астрахань гимназиясы. Бұл екі дерек те не архив құжатымен, не ауызша жеткізушінің аты-жөні көрсетіліп бекітілмеген болжамды мәлімет қана. Сонан соң төре тұқымы реальдық училищеде оқымаған. Ұсақ шенеунік даярлайтын бұл жартылай әскери оқу орнына былайғы халықтан тілек білдірушілер түсіп, ал сұлтандар мен шығайларға кадет корпусы лайықталған. Шәңгерей реальдық училищеде оқыды деген пікірді қуаттаған күннің өзінде де мерзім жағынан сәйкес келмейді. Ол кезде реальдық училищелер жеті жылдық жүйемен оқытқан, бұл бірінші басқыш ауыл мектебін қосқандағы қазіргі орта білім беретін мектеп дәрежесіне келеді. Олай болса, реальдық училищеге 13-14 жасында түскен Шәңгерей оны 20-21 жасында бітірген болады. Ал Орынбор кадет корпусы (Неплюев әскери училищесі) бұратана ұлт өкілдерін, дайындық мерзімін қосқанда, өзгелерден ұзағырақ, алты жыл оқытқан. Бұл топтың училищеге түскен кездегі жас шамасы қарайлас. Мысалы, оқуға аттанған жылы Мақаш Бекмұхамбетов он бесте, Мұхамед-Салық

Бабажанов он бірде. Соған қарағанда кадет корпусына шәкірт төрт жылдық Орда мектебін бітірісімен-ақ қабылданған. Осы есеппен келсек, тоғыз жасында мектеп есігін ашқан Шәңгерей оны 13-де аяқтап, одан әрі кадет корпусына түскен.

Бұл - 1860 жылдың шамасы. Ол кезде Ғұбайдолла Орынборда Паж корпусын 1856 жылы корнет шенінде аяқтаған Жәңгірдің бұл кенже баласы Орынборға губернатор жанындағы бұратана ұлттарды қарайтын мекемеге қызметке жіберілген еді. Шолпанай Аманжолова «Сейіткерейдің жетімектерін өзі Орынборға келген соң Ғұбайдолла қолына алып оқытқан» дейді. Ал Нұғыман Манайұлы болса: «Шәңгерейді әкесінің інісі Ыбырайым (Жәңгірдің екінші әйелінен туған бір баласы) Орынбордағы Кадетский корпусында оқуға беріпті», - деп жазады [5]. Бірақ Орынбордағы ақынға қамқорлық жөнінде де бірнеше пікірлер бар. Мысалы: Орынбор кезеңінде болашақ ақынның дүние танымына зор ықпал жасаған екінші адам – кезінде Жәңгір өз әулетіне рухани мүршид болуды табыстаған, түбі бұқаралық, шығыс мәдениетінің білгірі Ибраһим ибн Мұхамедрахим. Осы кісі Шәңгерейдей шығыс мәдениетінің білімпазы нәр алған бұлақ, арқа сүйеген адамы болды.

Орынбор Жәңгірдің өз басы үшін де, ұрпағы үшін де түпкілікті мекен болмаған. Ол таққа отырмастан бұрын да, хан атанған соң да бұл әулеттің дәстүрлі байланысы Орынбордан гөрі Астрахан жақпен үзіліссіз дамыған. Содан ба екен, Ғұбайдолла балаларды Астраханға ауыстырады. Деректерге қарағанда, сондағы гимназияны тәмәмдаған соң Мұхаметкерей елге оралады да, Шәңгерей Самара жақта, біраз уақыт бітімші судья болып қызмет атқарады. Ақынның алғашқы аңсау өлеңдерінің бірі, осында қалада жүрген кезінде жазылса керек.

Кең сарай Сахарада өтті күнім,
Тасболат тар қапуда шықпайды үнім,
Жалғыздық жанға батса шер тарқатқан
Қобыздай күңіренген қайран тілім! – деген ол [6].

Шәңгерейді әкесінің інісі Жәңгірдің екінші әйелінен туған баласы Ыбырайым Орынбордағы Кадет корпусына оқуға береді. Бірақ Шәңгерей екі-ақ жыл оқып оқуын бітірмей елге келген. Елге келген соң ағасы Жәңгірдің кенже баласы Құбаштың бастамасымен Самар губерниясында Бітімші судья болып уақытша қызмет атқарған. Әділдік жолын іздеу, шындықты қорғау жолындағы ой – санасы осы тұста қалыптасады. Шәңгерейдің туып өскен заманы бір-бірімен қарама - қайшы екі заманның түйіскен ортасы еді. Сондықтан ол әкімшіл – төрешіл биліктің зорлық, алдау көріп, бұл жұмыстан аулақ дүниені аңсайды. Екі жыл осында қызмет атқарғаннан кейін, қызметін тастап, еліне келеді. Қазақтың орыс патшалығына бағынған хандық болса да хандығы жойылып, жалпы Ресейдегі феодалдық қалып, оның орнын капитализм жүйесі басып өрлеп келе жатқан, оның шарпуы қазақ даласында жайылып, жаңа салт, жаңа қалыптың жұрнағы туа бастаған заман еді. Хан ордасында туып, сонда ауызданған хан тұқымы төре мырза болып өскен, аз ғана жыл болса да кадет корпусында оқып, сол үлгіде тәрбие алған Шәңгерей заманына ырза болмады. Жаңа заман, жаңа салт Шәңгерейдің жанына азық болып, іздегенін бермейтін болды. Ескі салттың (Шәңгерейше ең ардақты, ең әділ салттың) өшуі, жаңа салттың жайылып өсуі оның жүрегіне жара салды. Ескіні сағынады. Сонда Шәңгерейдің мініп алған шапқан аты қиялы болды, көңілі мен дүниені кезді, аспанға ұшты, тарихты ақтарып, талайлардың сүйегі қазылды... Бұл сапарында оның көңілінде серік болған тілі болды. Көңілі күйі тартып, тілі оны жарыққа шығарып, сөйледі. Бұл қазақтың талай оқыған жігіттерінің құдайдан «екі елі оқа» тілеп жүрген кезі, ал Шәңгерей мәртебелі қызмет, жоғары лауазымға қол жеткізем десе тек те, дәулет те, баршасы да жеткілікті еді. Бірақ мұның бірі де қызықтырмайды, көп кешікпей елге, атадан мұра боп қалған киелі жер – Торғын өзені жағасына, дәлірек айтқанда, Көлборсыға келіп орналасады.

Шәңгерейдің қоғамдық – шығармашылық ойының қалыптасуына оның туыстары арасында көзі ашық, білімділері өзіндік әсер етті. Жәңгірдің Ахметкерей, Ғұбайдолла есімді ұлдары Әміржан Құсайыновтың күш салуымен Петербордағы Императорлық паж корпусына түсіп оқиды. Империядағы барынша беделді бұл оқу орнын Ахметкерей 1852 жылы, Ғұбайдолла содан үш жылдан кейін аяқтайды. Ахметкерейдің бұдан соңғы өмірі туралы мәлімет жоқ. Ал, Шәңгерейге орасан ықпал еткен Ғұбайдолла біраз уақыт Орынбордағы губернатор әкімшілігінде қызмет атқарған. Өткен ғасырда қазақ тарихындағы көрнекті тұлғаның бірі болған ол кезінде орыс-түрік соғысына қатысып, әскери өнері үшін инфантерия генералы дейтін жоғары атаққа ие болады. Инфантерия генералы кейін империяның Телеграф департаментін басқарады. Ғұбайдолла Мемлекеттік Дума ұйымдасқанда сайлау дәрежесін талдап жасауға сарапшы ретінде қатысады. Оның күш салуымен сахараның байырғы тұрғындары келімсек тұрғындарымен сайлау құқы жағынан теңестірілген. Мемлекеттік

Думаға қазақ өлкесінен депутат болып сайланған Әлихан Бөкейхановқа, Ахмет Бірімжановқа, Алпысбай Қалменовке, А.Бородинге әрдайым жәрдем қолын созып отырған. Көлборсыға келісімен Шәңгерей бөренеден қиғзып үлкен үй салғызады. Сол кездің «құлауға қолы тимей» тұратын саман тамы мен жер астынан қарын терезесі сығырайған жартылай жертөлесінің жанында мұның өзі хан сарайындай көрінеді. Қазақ тұрмысында тым таңсық күйсандықты ақын бір сапарында Петербордан әкеледі. Айдаса жүретін, байласа тұратын аяқты мал күтімінің өзі Шәңгерей қорасында өзгеше өң атады. Ақынның шағын жылқы зауыты тұрқы бөлек, асыл тұқымды қылқұйрық шығарудың бірыңғай орнына айналады. Мұнда негізінен желіс аттары ұсталып, халықтық және ғылыми селекциялық ұстаным ұштасады.

Шәңгерей тіршіліктің күнделікті күйбеінен бойын аулақ салып, уақытының бас кезін табиғат аясында, аң аулап, құс салып өткізген адам. Шәңгерей уақытының көбін жеке кітапханасында, өз бетінше білімін толықтырумен өткізген. Төрт құбылада туған әйгілі классикалық шығармаларды айтпағанда, сұлтан шаруашылықты ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып жүргізуге мүмкіндік беретін, мал шаруашылығына, агрономияға қатысты арнаулы әдебиеттерді жаздырып алып отырған. Бұған орыс, қазақ, шетел тілдеріндегі мерзімді басылымдарды қосыңыз (шетел тілдерінен Шәңгерей французшаға жүйрік болған). Соңғы деректерге қарағанда оның ағасы Мұхаметкерейдің немересі Мәдинаның айтуынша, Шәңгерей қазақ арасында бірінші болып фонограф сатып алып, оған үйішінің дауысын, ән-күй, тіпті өзі Лермонтовтан қазақшалаған шығармаларды оқытып, жазып отырған. Қазіргі тілмен айтқанда, дыбыстық материалдардан фонотека жасаған. Ал, ХХ ғасырдың басында ақын фото ісін игереді. «Келген қонақтарды ағайын-туманы объектив алдында біраз уақыт тапжылтпай отырғызып қоятын еді»-дейді [7]. Суретті де өзі арнайы жабдықталған бөлмеде отырып басып шығарған. Бұл өнерге ақынның жақындығы поэзиялық көзқарасының жетілуіне өзінше әсер етті.

Шәңгерей сол кезеңнің «мәдениеттімін» дейтін адамына керек салт-нормаларды толықтай игерген. Оған реальдық училище «бітірткізуде» өзіндік қисын да жоқ емес. Зерттеушілер көңілі «атасы бөлек, енесі бөгде» француз тіліне дейін орғып тұрған білімдарлықты бозбала Орда мектебіндегі төрт-бес, Орынбордағы екі, бас-аяғы жеті жылға созылған мерзімде игерді дегенді негіз тұта алмаған. Шәңгерейдің жеке басының үздік қабілеті Орда оқуының сапасы. Бірақ Шәңгерейдің француз кітаптарын түпнұсқадан еркіндей оқитын дәрежеге жеткеніне қарағанда, тілге жетік, әдістемеге шебер, бағыт беріп отырған. Шәңгерей өмір сүрген ғасырдың ортасында славянофилдер «білегіміз жеңсе де, біліміміз құл қалды» деп оған қарсы әшкере майдан жариялаған. Бірақ мұндай урапатриоттық ұранды түкпірде жатқан Орда қайтеді. Оның үстіне француз тілі Шәңгерей үшін күнкеріс тілі емес, дүниетаным концепциясының ажырағысыз бір бөлігі еді.

Шәңгерей Ордадағы біліммен ғана шектелді десек қателесер едік. Ақын мұнда және Орынборда көп болса білімнің ширегін игерді. Қалған білімді Ордада қалыптасқан дәстүр бойынша өз бетімен толықтырған. Бұған жағдай да бар еді. Әмірінше шұрайлы кітап жиып өткен Жәңгірден қалған мұраның үлкені - ханның жұмыс бөлмесінің төрт қабырғасын сыпай қаланған қалыңдығы жарты сүйем, алты туп фолианттар еді. Түкпірдің түбегінде жатқан бұл кітапхананың байлығына келімді-кетімді шетел, орыс зиялыларының өзі таңдай қаққан.

Ақын жөнінде баспасөз бетіндегі ақынның шөбересінің мына бір естелігінен көп мағлұмат аламыз: «Шәңгерей жөніндегі әңгімесін талай ұйып тыңдағанбыз, сол әңгімелердің бірінде ол «Шәкеңе фотоаппаратты Николай патшаның өзі сыйлаған екен», деген болатын. Болса болар, өйткені ғасыр басында белгілі адамдарда фото ісімен әуестенген үрдіс болған ғой, патшаның да сол қатардан табылғаны мәлім» [8]. Бірақ ақынның балалық шағы жөніндегі фотосуреттер сақталмаған. Ақын бейнесін «Шайыр» жинағында жарияланған фотосуреттен білеміз.

Шәңгерей көпшіл адам болған. Қонақтан арылмаған кең бөлмелерге қонақтар сыймай бара жатса қосымша киіз үйлер тігілген. Қонақ қазақ даласының әр қиырынан жиналған. Мұнда ақынның Жүзім әжесінің Арқадан келген туысқандары да, оқыған зиялылардан Әлмұхамед және Жаһанша Сейдалиндер, Мақаш Бекмұхамедұлы, Салық Бабажанов, Бақытжан Қаратаевтар болған. 1898 жылы Орынбор түбіндегі Бұзылыққа көшіп келген Бірімжановтар Шәңгерей үйінде болған. Шәңгерей үйінде Ғұмар Қараш алғашқы өлеңдерін оқып, қоғамдық ойының қалыптасуына бастама алған. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір деректі келтіреміз: 1912 жылы Шәңгерей өз үйінде өңірдің бір топ қайраткер адамының басы қосылады. Жиналғандардың ішінде Бақытжан Қаратаев, Ғабдулғазиз Мұсағалиев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйран және Х.Сембаев болған. Астраханнан сондағы белгілі әзірбайжан ағартушысы Нариман Наримановпен тығыз байланыста жүрген Мұстафа Көкебаев пен

Сәлімгерей Нұралыханов келеді. Осы отырыста Шәңгерей қазақша газет шығару мәселесін көтереді және бөлігін Шәңгерей бөледі. Ақынның ұсынуы бойынша «Қазақстан» деп аталған газет әуелі Ордада, кейін Оралда, 1911-1913 жыл аралығында табандатқан үш жыл шығып тұрды да, үкімет органдарының қудалауымен кейіннен газет жабылды. Газет «Қазақстан» атын мыңдаған тиражбен еселеп таратып, ұлттық мемлекеттілік идеясын жаңғырта көтерді.

1928 жылы ақын өлеңдерін талдай келіп Әлихан Бөкейханов «Шәңгерейдің мекен-жайы барша қазақ үшін өзінше бір Мекке болды және ол маңызы жағынан Лев Толстойдың Ясная полянасы сияқты еді» [6] -деп жазған. Алаш партиясының жетекшісі 1917 жылы Шәңгерейді партияның тұңғыш құрылтайында қадірлі қонақ болуға арнайы жеделхатпен шақырады. Ақын бұл кезде сырқаттанып, Жайық сыртында Дәулетше Күсепқалиев үйінде жатқан. Ақынның ағайындары – төрелер әулеті, оның өзі көбінесе бір-бірімен ғана қыз алысып, қыз берісіп келгендіктен шырматылып, шатасып жатқан, оңайшылықпен шешілмейтін түйін. Шәңгерей өзінің жары ретінде Хадиша Қасым сұлтаннның туысын алады. Ақын жарына арналған өлеңінде оның қастерлейтіні бет ажары, бой әсемдігі ғана емес, ақыл, адамгершілік қасиеті. Ақын:

Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда ескен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,
Шығармалық мұны естен, —

деп келетін бір шумақ өлеңді ойып жазып, күміс жүргізген әдемі ұршық сыйлайтын аяулы жары – Хадиша. Жары ерте қайтыс болған, артында тұяқ та қалдыра алған жоқ. Көптеген зерттеушілер "Шәңгерей бұдан соң үйленбеген, өзгеге көз де салмай өткен" деген пікірлер келтіреді. Бірақ ақын жөніндегі баспасөз деректеріне сүйенсек кейіннен Қатшекей деген әйелге үйленген.

Шәңгерейдің «қара мұрт» деген қара сөзбен жазған поэмасы болған. Оны уақытында бастыруға бермеген: қол жазба күйінде әр кім ұрлап алып оқып жүріп, аяғында жоғалтқан. «Қара мұртты» қолжазба күйінде ұрлап алып оқушының бірі Абдол Бөкейханұлы. Мұнда Шәңгерейдің 1917 жылғы төңкеріс туралы өзіне өзі сұрау қойып жазған әңгімесі баяндалған.

Қорыта келгенде, Ш.Бөкеевтің қаржылай демеушілігімен 1911-1913 жылдар аралығында «Қазақстан» газеті (Орда-Орал) жарыққа шықты. Басылым – халықтың санасына оқу- білім жарығын түсіруде, жерге ие болып қалу үшін отырықшы болуды насихаттауда ауқымды істер атқарды. «Мұның өзі Шәңгерейдің ұлтжандылық тұлғасын да танытады. Бұл, әсіресе «қырғыз-қайсақ», «маңғұл» деп тұқыртып, ұлттың тарихи атауын шовинистік пиғылмен бұрмалаған отаршылдар өктемдігіне деген ақын наразылығын да көрсетеді.

XX ғасыр поэзиясы жазба әдебиетінің дамыған кезеңдері тұсындағы ақындарының бірі Б.Шәңгерейдің қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бөкеев Шәңгерей Әуезов М. // Әр жылдар ойлары, 1959
- 2 Сейтақов Ф. Ақталған ақын: Шәңгерей Бөкеев // Орал өңірі. 1990. 10 сәуір
- 3 Суретті түсірген Шәңгерей // Жас Алаш. 1999 – 30 желтоқсан
- 4 Фото өреін қазаққа әкелген Ш. Бөкеев. // Жас Алаш 1999. - 6 ақпан
- 5 Сүйіншіәлиев Х. Бөкеев Шәңгерей: (Көрнекті ордалық ақын Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев ХІХ ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі) // Жалын. 1991. 2 – 77-81 б.
- 6 Тәжімұратов М. Шәңгерей. Жасампаздық өмірі. – Алматы: Өлке, 1998. – 336 б.
- 7 Шәңгерей Бөкеев (1847, қазіргі Орал облысы, Жәнібек ауданы – 1920ж. Орал облысы, Жымпиты ауд.) – қазақ ақыны // ҚазССР т.4: қысқаша энциклопедия. – алматы. 1989. – 631 б.
- 8 Шәңгерей Бөкеевке арналды. // Орал өңірі. 1997.1 наурыз.